

84.5K23-11  
с 32

# СЭКЕН СЕЙФУЛЛИН



13



١٩٣٥

٣

باستي  
السيف  
٢٠١٣

# СӘКЕН



КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

# СЕЙФУЛЛИН



13

7.8  
070128/2



УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-4

С 32

*Қазақстан Республикасы*

*Мәдениет және ақпарат министрлігі*

*Ақпарат және мұрагат комитеті*

*«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару»  
багдарламасы бойынша шыгарылды*

Редакция алқасы:

**С.Абдрахманов, Н.Асқарбекова, Р.Асылбекқызы,**

**К.Ахмет, Г.Әбугалиева, А.Кәкен,**

**Т.Кәкішұлы, Т.Көпбаев**

Құрастыруышылар:

**Тұрсынбек Кәкішұлы,**

**Қазақстан Республикасы**

**ғылымына еңбек сінірген қайраткер, профессор.**

**Күләш Садыққызы Ахмет,**

**филология ғылымдарының кандидаты, доцент.**

**Сейфуллин Сәкен:**

**С 32** Көптомдық шығармалар жинағы. Естеліктер, макалалар, құжаттар. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013.

Т. 13. – 384 бет.

ISBN 978-9965-22-452-2

Сәкен Сейфуллиннің көптомдық шығармалар жинағының 13-ші томына оның поэзиялық және прозалық шығармаларында заман шындығының көрініс табуы, таптық әдебиет пен социалистік реализм мәселелерінің ақынның жеке шығармашылығына, тақырыптық ізденістеріне етken ықпалы тұрасындағы зерттеу енбектері іріктеліп енгізілді.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 978-9965-22-452-2 (Т.13)

ISBN 9965-22-000-X

© «Қазығұрт» баспасы», 2013

## СӘКЕН ТАРИХ ТӨРІНДЕ

Тарих әр қайраткерге өз бағасын береді дегенде әр кезеңде айтылған, жазылған ой-пікірлер ескерілетінін сsten шығармайық. Әр пендениң көкейінде әр қылыш пікір болғанымен, айтылар кезі, сәті және айттар адамы болмақ. Сол мемнін деп өрекпү, әрине дұрыс емес, ал менен басқа біреу болуга тиіс дегенге сеніп қалу орынсыз. Хан айтқанды қара да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ демей, отпелі кезендері аумалы-төкпелі көніл күй тұсында ағынан жарылып айтқанның еш әбестігі жоқ.

Қазір Сәкен туралы мұлдем керегар, алып-қашты сөздер жиі айтыла бастады. Қысыр есебі барлар көлгірсі сойлеп, тұқырта беруге ұмтылуда. Өйткені құлаған кенес оқиметінің қайраткері, жыршы-жаршысы болған Сәкен алдымен жауап беріп, «жазасын» тартуға тиіс деген пенділік, жершілдік, бақастық пиғылдар төбе көрсетіп қалуда. Академик М. Қозыбаев: «Биыл – ұлы арыстар жылы. Тойлар дүркіреп өтіп жатыр, күркіреген пікір таластары да баршылық. Бұл заңдылық та, оған таңдануға болмайды», – деп жазды кезінде, ал практикалық істе нақты шешімдер қабылданып, Сәкен өз қатарынан қалып, кем бағаланып жатқаны қалай? Қайраткерлердің сорлысы Сәкен бе? Бұл қадам білместіктің ісі болса бір сәрі, ал саналы әрекеттердің жалғасы болып шықса ше? Сәкен даңқына, атақ-абыройына шабуыл жасалуы бұлғана ма? Өз ұлыстарымыздың айтқан-жазғандарын былай қойғанда, орыс бауырлардың әсіресе Галина Иосифовна Серебрякованың сонау 1964 жылы «Сәкен Сейфуллин – бүкіл совет халқының мақтанышы» дегендегені де көптің көкейінде емес пе?

Қысыр пиғылдың нақты іске айналып, көрініс бере ғистауы қауіпті. Әсіресе ата-бабасы, әке-ағасы «Тар жол,

тайғақ кешуде» аталғандардың өсіп-жетілген, қайсыбірі іс басында отырган үрпағы Сәкеннің атын естісе тыжырынатын қияпет таныта бастаған сыңайлыш. Бұдан да кейін қарап қалмасы белгілі...

Сәкен көзі тірісінде де, акталғаннан кейін де бірыңғай бағаланған қайраткер емес.

Сонымен кеңес өкіметі құлады, партия тарады, коммунистік идеология мансұқталуда. Тарихтағы үлкен бір кезең – кеңес заманының серкесі де, еркесі де, жаршысы да, жыршысы да болған Сәкенге енді берер бағамыз қандай болмақ? Оның тарихта алатын орны қандай? Қай ісін қадірлеп, қай әрекетін мансұқтамақпызы? Тірісінде аты анызға айналып, бір халықтың мақтандыши болған, Сыrbай Мәуленовше айтқанда:

*Өлімге жсан екенсің қия алмайтын,  
Өлеңнің құшагына сия алмайтын.  
Қазақты қөргің келсе, міне, осы деп,  
Көрсете жер жүзіне ұялмайтын, –*

яғни еліміздің елдігінің, ақындығының, ақыл-парасаты мен сұлулығының белгісіндей болған Сәкеннің атына ғайбат сөз айтып, ырду-дырду бола бермекпіз бе, әлде бір тоқтамға келеміз бе? Тарих ондай зорлыққа жол бере алмайды. Әділетін айтатындар қашанда да табылады.

Біз Сәкенді бүгінгі өтпелі кезеңде кеңес өкіметінің жыршысы болған деп бір жақты қарамай, оның қайраткерлік, қаламгерлік қызметіне дәуір аясында алып қарастырғанымыз жөн, сонда ғана оның орнын, азаматтық келбетін тұтас қамти алмақпыз. Сәкенді өз кезеңінен бөліп қарауға болмайды.

Қазір «эмоцияға, қызбалыққа беріледі, қайдағыны өзі ойлап табады» деген жалтарма сөз шықты, кисындыны елемеудің айласы шықты. Осыншама дауылдатып айтқандарымыздың жел сөз еместігіне дәлел келтірейік.

Сәкеннің қоғамдық қөзқарасы, іс-әрекеті жөнінде асыра айтылмаса, кем айтылған жоқ. Оны қазбалап жатпай, мына ой-пікірге зер салайықшы. «Қазақ әдебиеті» газеті 1992 жылы «Қазақта ұлттық әдебиет бар ма? Қазақ совет әдебиеті деп жүргеніміз қандай әдебиет?» деген сауалдарға жауап

ұйымдастырыды. Онда: «Қазақ совет әдебиетінің классиктері қатарында айтылып келген С. Мұқанов, С. Сейфуллин, F. Мұстафин шығармашылығын енді қалай бағалауымыз керек? С. Сейфуллиннің негізгі шығармасы аталаудың «Тар жол, тайғақ кешу» романы таза тарих үшін керек болғанымен, қазақ әдебиетінің илгіліктері қатарына қосыла кояр ма?» деген (11.09.92) күдік туғызып пікір айттылды. 1994 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған бір мақалада: «Ұлттық ақын ұғымын айқындаған, орнықтыру үшін ұлтсыз ақындар – советшіл, одакшыл, партияшыл, батырақтар, көлгір интернационал белсенді ақындар жасаган «қазақ совет әдебиеті» деген қампиган дөкейді қайта сарапка, тарих таразысына тартуға міндеттіміз.

Бүгінге дейін «Алыптар тобын» күрап келген Сәкен, Һейімбет, Ілияс, Сәбит, Ғабит, Ғабиден қатарлы қаламгерлер ретінде өз үлестерінің шама-шарқына қарай тиісті орнын, бағасын ала береді. Бұрынғыдан әспеттеліп «негізін қалаушылар» ретінде окулықтан-окулыққа жөнкіле алмас, ойткені, сол құрғыры «негіз» дегеннің өзі негіzsіз болып шықты» («Жұлдыз», № 5-6, 1994, 187-бет) деп пікір білдіргендердің айтарты айқын ғой. М. Базарбаевтың «Біз Сәкенді қалай түсінеміз?» деген бұланқұйрық ой-пікірлері, әсіресе кеңес заманын «өлтіре даттап», Сәкенге ептең «іші жылуы» бұл алыпқашпа сөзді ушықтыра түспек. Мұндай кереғарлық тарихшылар арасында да бой көтеріп қалуда.

Қазақстанның жақсы болсын, жаман болсын социализм қоғамда жасаганын, ойсыраған олқылықтармен қатар ғамаша жетістіктерге де жеткенін ешкім жоққа шығара шлмайтын болса, онда социалистік реализм рухында жасалған әдебиеттен, оның ірі өкілдерінен де сырт айналып кете шлмайтынымыз ақиқат.

Көзі тірісінде де, ақталғаннан кейін де Сәкен Сейфуллин тоғырғанды кереғар пікір толастаған емес. Бұл оның бақыты да, соры да шығар бәлкім. Бақыты болатыны оның мұрасы, сибіргі архивке тапсырылмай, күні бүгінге дейін көркемдік рухани кәдемізге қызмет етіп келе жатуында, қазақ әдебиеттің өкілдерінің талай буындары одан үйреніп келеді. Сәкен тоғыдай әдеби өмірімізге етене кірген дәстүрлі жаңашыл ақын.

Ал соры болатыны – ылғи қаңқу сөздің ортасында болатындығы. Ол көлденең көк аттының да, азулы арыстаның да, ештеңеден хабары жоқ наданның да, өткендерін ұфатын зиялышының да, тұрақсыз қеудемсөктың да, асқан ғұламаның да аузында бірде мақталып, бірде датталып жатуында. Соған қарағанда Сәбит пен екеуінің «тұзы жеңілдеу» болды ма екен деп те қалғандайсың. Олай дейін десен жасап кеткен істері ірі, ауқымды, кесек. Аузын бағып, аяғын санап баспай, елім, халқым үшін қолымнан келгеннің бәрін ар әмірімен адал орындеймын деп талпынған жанның айбатты келбетін көреміз. Осы жолда ол талай қуанды, шаттанды, қастық көрді, сүрініп құлады, қайта тұрып ілгері жүрді, көпшілікке бақыт сыйламаққа талпынды. Жасап жүргенім біреуге обал, біреуге сауап болады деп ойлаған емес. Еңбекші елдің арманы ғана болды көкейінде. «Дүниенің құлдық шынжырын қиратып, әділдік, тендік ізdegен, еркіндік, кеңдік ізdegен сендерге арналды бұл әндер» деп ұрандатқан Сәкен өзінің құрбы-құрдастарын «Кел, жігіттер, болындар ер» деп жігерлендіріп:

*Азамат, жұнжіме, жүрме бос,  
Кол ұстас, бірігіп тізе қос.  
Ту ұстап дұшпанға барайық,  
Тендіктің ұранын салайық,  
Тізесін батырган залымнан  
Күн туды – біз теңдік алайық! –*

деген ұлы мақсатын ашық айтты, жазды. Біз бұл ұрандарды осы уақытқа дейін біржақты ғана түсіндіріп келдік. Сол түсінік әрбір пенденің көкейінен әлі кете қойған жоқ. Оның негізі – бай мен кедейді атыстыру, шабыстыру, таптық күресті ушықтыру деп қана білдік. Ал осы жолдарға бүгін зер салып бір қарайықшы.

Сәкен десек, ең алдымен «Жас қазак марсельезасы» мен «Тар жол, тайғақ кешу» еске түседі. Бұл шығармалар Қазан төңкерісіне арналған, соның жоғын жоқтап, табысына қуанған дүниелер. Бұл төңкеріс қазақты, әсіресе кедейді жарылқайды деп Сәкеннің имандай сенгені, жанығып еңбек еткені рас. Коммунистік идеология тұсында таптық құреске назарды мықтап аудардық та ұлттық танымды, ұлттық

қажеттілікті елей бермедік. Әйтпесе Сәкеннің ерлікке шақырган жігіттеріне, жұнжімеуге үндеген азаматтарына ең алдымен айтқаны, «Қызыл ту – шылауын» деп түсінідіргені.

*Патшадан әділдік жоқ еди,  
Ұлықтар нарақор тоқ еди.  
Бұқара халықты кем тұмқан,  
Жек көрген, итімен тең тұмқан.  
Қоспаған санына адамдық,  
Айламен ұстаган надан гып, –*

деген әнұранының екінші шумағында қандай мән бар деп ойландық па?! «Өзінен, өнгеден кем халық» деп айтып салғанын түсіндік пе? Біз Сәкенді сол кезде қазақ пен отаршылар арасына жік салайын, ұлттық намысты ту қылып көрейін деп отыр деуден аулақпыз.

Оз елінің езілгенің, қаналғаның, қорлық-зорлық көргенін, тұщы етіне ацық таяқ тигенін ұмыта алмаған жанның Қазан төңкерісі арқылы әділдік, тендік, бостандыққа жетуге талаптанғаны екенін енді аңғармасқа болмайды. Бұл тілекті алашордашылар да айтты, жазды, әрекет жасады.

Қазактың әуелде алашордашыларының да, төңкерісшілерінің де тілегі біреу, бірақ сүйенгендері басқа болды. Ал олар темір жолдың релісіндегі басы қосылмайтын идеологиялар соңында еді. Міне, қазактың оқығандарының мақсаты бір болса да, жүрер жолдары айырым, басқа болуы осыдан. Академик М. Қозыбаевтың тарихи шындықтарға негізделген мына ойын естен шығаруға болмайды.

«Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған прогрессе ұмтылған жалпыхалықтық-демократиялық қозғалыс. Ал «Алаш» партиясының негізін қалаған үркердей топтың, «Алаш орданың» басынан аяғына дейін жүргізген саясаты дұрыс еді. Сәкендердікі кате еді деп айтуға бола ма? Алаш жетекшілерінің 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі позициясын Тұrap, Сәкен т.б. түсінбеді деп кінәлау қыын. Тұrap, Сәкен, Жұсіпбек, Бейімбет дүркірсій көтерілген қалың халықпен болды, оның трагедиясын қозімен көрді. Олар отаршылдыққа қарсы шапқан қалың слімен болды. Ол большевиктік үгіттің нәтижесі емес еді. (О)л атадан мұра болған жол еді. Ал Қазан төңкерісінен

кейін Ресей қоғамы екіге бөлініп, қарама-карсы тұрып, екі үдай атысып, шабысып жатқан уақытта әділдік тек актар жағында болды деп айту қыын. Егер Анненков келіп, орыс-қазағын қырып, әйелін қорлап, қызын зорлап, малын талап, қанжығалап жатса, ал «Алаш» осы Калединмен, Колчакпен бірлесіп жатса, сонда Колчактың ажал вагонында отырған Сәкен «Алашты» қалай аялауы керек» («Егемен Қазақстан» 12.08.94) дегендерді мықтап ойластырған абзал. Құр даурыққаннан ештеңе өнбейді, қайта тарихымыз лайланып булінеді.

Қазақстанда құғын-сұргін басталмай тұрган кезде, 1926 жылы 17 сәуірде соңғы нүктесі қойылып, 1927 жылы кектемде жеке кітап болып шыққан «Тар жол, тайғақ кешуде» талай кісілердің аттары аталады. Мақсат біреудің көтеру, біреуді жамандau емес. Зор қозғалыстың, зор езгерістің әр кезінде әртүрлі пікір, әртүрлі әрекет болған. Ол – тіршіліктің, тарихтың ісі.

Бұл кітапта «Алаш» туралы көп әңгімелер айтылды, тарихи мағлұмат ретінде баспа жүзінде шықсын деген сыймен айтылды. Кітаптың көп жерлері тарихи мағлұмат болуга жарап деп білдім» дегендерді Сәкен жайма-шуақ баяндағанда, алаш қозғалысына қатысқандардың Нәзірден басқа бірде-біреуі қарсы шығып, дау айтпауы, түзету жасамауы қалай, неліктен? Қазақтың сорпа бетінен шыққандарының, әсіресе алаш қозғалысы жетекшілерінің фотосуреттері түгел жарияланғаны, елге таныстырылғаны неліктен? Сәкен соның бәрі, кейін сот құжаты болсын деп күні бүрін әдейі ойлағандықтан ба?

«Тар жол, тайғақ кешудің» көркемдігіне көңілі толмағандар кейінгі кезде де табылған, бірақ оны әдебиет әлемінен аластау керек деген ой еш уақытта айтылған емес.

Өйткені роман-эссеңің өзіндік ерекшелігі бар – ғажайып нәрсе. Мемуар, көркем проза жанрлары араласып келген, сөйте тұра бұл өзі біртұтас дүние.

Екінші бір адам: «Тар жол, тайғақ кешуді» қайта жазып шыға алмайды. Бұл бір дәуірдің таңба басатын жеріне таңба басып, мөр басатын жеріне мөр басқан» шығарма (F. Мұсірепов). Сәкенді құлан таза актаудан аулақпыз. Коммунизм идеяларының жаршысы болғандар халыққа

қастандық жасаушылар емес. Олардың трагедиясы, соры – сол идеяны насихатшылардың қара дүрсін түсіндірмелеріне имандай үйіп, илануы. Сәкеннің бұлқынған сәттері болған, бірақ қылбырау түскенмен кейін тарпандығын тастаған. Оған Сәкеннің табандылығы, құбыла білмейтіндігі, өтірік айтпайтын шыншылдығы, адалдығы сияқты қасиеттері себепші болғандығын айрықша баса айту керек. Кеше ғана кенес деп өзеурегендердің бүгінгі сөз әлpetінен шошып, «мұндаилар қай қоғамда болса да ондырmas» демеске амалың қалмайды.

Сонымен, Сәкен өзінің көзқарасы, іс-әрекеті үшін әркашанда тарих алдында толық жауап бере алатын ұлы тұлға, социалистік деп аталған заманың арадағер азаматы. Ол еңбекші елдің рухани көсемі, жаңа заманың жыршысы, жаршысы ретінде халық құрметіне бөленді.

Қоғам қайраткері болу үшін ешқандай қаулы-карап, бұйрық-жарлық керек емес. Елге деген ақ көnlінді жарқыратта түсетін, халыққа танытатын накты іс-әрекет, парасатты ақыл-ой ғана керек. Және олардың бәрі бақай есептен ада болуға тиіс. Ақын, жазушы, өнерпаз, қоғам қайраткері атану, қолына қалам алғаның бәріне мұндаидай бақыт қона бермейді. Оны Сәкендер өресімен өлшегенде ғана құрмет тұтар ұлың болғаны үшін тәнірге тағым етуге тиісті боласың. Сәкен Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының қызметіне шен-шекпен үшін отырған жан емес. Оның бар арманы жаңадан орнап жатқан қоғамның қай тесігін бітесем, қай жігіне кірпіш болып қалансам, мәдениетті, өркениетті елдің қатарына қазакты қоссам деген мақсат еді. Ол 1922-1925 жылдары үлкен лауазымды қызмет атқарды, ал оның қандай жылдар екенін естен шығармаған абзал. Сәкенді 1928 жылғы кәмпеске-тәркілеуге, онан кейінгі күштеп колективтendіру, 1932-33 жылдардағы ашаршылыққа, 1930, 1937-38 жылдардағы жаппай құғын-сүргін науқандарына араластыра алмаймыз.

Сәкен Қазақстан үкіметін басқарған уақытта бірнеше ігі істерге мұрындық болды. 1923 жылы «Қазақты қазақ дейік, катені түзетейік» деп ең айбатты мақала жазып, орыс тарихында, тілінде қырғыз, киргизия болып келген елдің 1925 жылы «Қазақстан» атын алғаны рас болса, онда

Сәкеннің үлесі жок деп кім айта алады? Тағы сол жылы, қолына билік әбден тиіп, оның күшін мықтап сезген кезде Сәкен қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріп, кенсе істерін қазақ тілінде жүргізу жайында «Еңбекші қазак» газетінде тоғыз мақала жазғанын, Халық, Комиссарлары Кенесінің Төрағасы ретінде талайларға бұйрық бергенін, тиісті қаражат тапқанын, жалтақтап жан-жаққа үрке қарағандармен жұз шайысқанын, КирЦИК-тің шешуші мәжілісінде тізеге салып орындағанын кім жоққа шығарар екен?

«Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреуі қазақ тілі туралы қатты кірісуге біреу «ұлтшыл» деп айтады деп бой тартады. Бірақ, ол – құлық, бұл – коммунистік құлық емес, ол – жарамсақтық, жағымпаздық. Кейбір сасық, жалмауыз демагог өзін «жақсы коммунист екен» деп айтсын деп қазақ тілін кенсеге кіргіземін деп жүрген белсенді адамдарды анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл дер, одан сессенбеу керек» дегенді Сәкеннен басқа кім айтыпты, кім жазыпты?! Сәкеннің ой-пікірі бүгін қажет емес, ескірді деуге кімнің дәті барады? Сәкен ой-пікірінің жанды, тірі екендігі осыдан-ақ көрінеді.

Қазакты өркениетті елдердің қатарына қосуға талаптанғандар, тілегендер өте көп қой. Бірақ «енді бір жыныма жылдың ішінде қазақ өнерлі халықтардың қатарына кіруі керек. Қазаққа оку бұрын бір мәрте керек болса, енді мың мәрте керек. Окусыз қазақтың болашақтағы құні қараңғы... Елдің атқа мінген бастықтары оку ісіне қарамай кетсе, ел балалары окусыз жүрсе, қазақтың келешек жас буынның мың лағынеті айтылады. Ісіңмен, күшіңмен, тіліңмен болса да оку ісіне жәрдем қылмасаң – кейінгі жас буынның қолы жағаңда кетеді», – деген жан сөзін айтқан мемлекет қайраткерлері қазақтың арғы-бергі тарихында көп пе? Сәкеннің тірілігі де осында, ол әлі күрес майданында.

Әрине, бұл ұлт қамындағы мемлекеттік қайраткерлік болса, жалпыға бірдей салада да Сәкен бастаған игі істер толып жатыр. Жұмысшылар жасағын құру үшін өндіріс орындарын, әсірепе Екібастұз сияқты алыптарды көбейту, зауыт-фабрикаға жақындау жайындағы ойын бүгін жатсына қоймасақ

Қазақтың атакәсібі болып табылатын мал шаруашылығын дамыту, мал тұқымын асылдандыру, кооперациялық негізде өркендету жайындағы ойын бүгін жатсына қоймасақ

көрек. Сәкеннің шығармашылығы мен қайраткерлігі бір-бірімен астасып, бірін-бірі толықтырып жатқанына, сөзі мен ісінің арасында алшактық болмағанына тарих күэ. Бұл тұрғыда кеңестік заманда жасаған қайраткерлердің қай-қайсымен болса да иық тірестіріп, қатар тұра алатын, айрықша қадір-құрметке бөлене алатыны даусыз.

Сәкеннің өзі теңдес, әсіресе өзімен құрдас, тұстас замандастарынан бір ерекшелігі – жұрт мойындаған жаңашыл ұлы ақын, ірі реформаторлығында. Өлеңді, қарасөзді, мақаланы қолына қалам ұстаған қазактың көбі жазған, бірақ олардың Сәкендей жарқырап дара көрінгені сирек, аз. Сәкеннің ақындығына, жаңа заманға лайықты жаңашылдығына Тұрар да, Сұлтанбек те, Смағұл да, Ахмет пен Мағжан да шұбә келтірген емес. Олар әртүрлі сын айтқанымен Сәкеннің ірі таланттың жоғары бағалаған. Дарынды тұлғалар туралы пікір айтқан кезде, еңбегіне татыр тенеулерді азаматтық жауапкершілікпен қолданғанымыз орынды.

Сәкеннің ақындығы жөніне келгенде түйіп айттар тұжырым: ұлы ақын, төңкерісшіл, дауылпаз ақын. Қазақтың, жаңа жазба әдебиетіне негіз қалаған Абайдың жаңашылдық рухы, әсіресе Сәкенге жүккән, Сәкенде күшті. Тілейік мейлі, тілемейік мейлі, Сәкен қазақ кеңес әдебиеті деп аталағын бағыттың негізін қалаушы болды, соның ұраншысы, жыршысы болды. Ол қате болған күннің өзінде де тарихи құбылыс екенін қысыр тілеулілердің өзі жокқа шығара алмайды. Диалектика заңын өзгертуге ешкімнің дәрмені жеткен емес, жетпейді де.

Сөзіне жауапты, бағага саран Ғабит Мұсіреповтің «Сәкен жаңа әдебиет, жаңа мәдениет дегеннің бағытын жапа-жалғыз белгілеген адамымыз деуге болады. Сәкенді біз совет әдебиетінің негізін қалаушы деп айтатын болсак, сң алдымен Сәкеннің сол майданды жалғыз басқарып, совет ұранын жалғыз көтергендігін ескеруіміз керек. Сәкен ұлтшылдық ықпалында жүрген адамдарды оңай тәрбиелеп аламын деп ойламаған кісі. Сондықтан әдебиеттегі, мәдениеттегі жаңа беталысты тезірек ұғынып, қолға алып көтетін жастар болуы керек деп үміт артқан сияқты. Сәкен қазақ совет әдебиетінің туын көтеріп шыққанда қасында

болғаны әлгі жастар. Сәкеннің өзі үлкен ақын. Әсіресе жазғанынан гөрі өзінің жаңы үлкен ақын адам болатұғын. Тұла бойы тұнып тұрган ақындық еді, қара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған жан еді. Мен Сәкеннің өлеңдерінен кейде ырғақ жағынан болсын, ой мен түр жағынан болсын кемшілік таба аламын осы кезде, бірақ Сәкеннің кісілік жаратылысында бір кемшілік жоқ деп ойлаймын. Сондықтан мен Сәкенді басқалардан ерекше бағалаймын» («Жалын» № 5, 1988), – дегенін ілтипатқа алу елдіктің де, парасаттылықтың да белгісі болмақ.

Сәкеннің бұдан да басқа өнерпаздығы толып жатыр. Халықтық «Көкшетау» әні, жігіт өлең «Тау ішінде», жан тебірентерлік «Ақсақ киік» сынды әндерді шығарған сазгерлігі, домбырашылдығы, бабына келтіріп ән салатындығы, еш уақытта өтірік айта білмеген шыншылдығы, ешкімнің ала жібін аттамаған адалдығы, айтқан сезіне берік табандылығы, «адам ретінде, мемлекет басшысы ретінде ешкімге жақсылықтан басқа ешнэрсе ойламайтын» (F. Мұсірепов) мәрт мінезі, кеңкөнілдігі сияқты қасиеттерді Сәкеннің өн бойынан да, парасатты қайраткерлігінен де көреміз. «Шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, жалқы елес, тұтас бітімді, жоталы тұлғадан туатын, бүтіндігі бар сезімдер. Оның шыншылдығы қозып-жанып отыратын, буы білініп тұрган барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Ылдиы бар, ері бар шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақындығынан» да (М. Әуезов) көреміз. Сондықтан Сәкеннің казақ халқының тарихындағы, әдебиеті мен мәдениетіндегі ерекше биік орнына дақ түсірмей, қараулық жасамай, адамгершілік, азаматтық өреден көрінуге тиістіміз. Мұны саналы да, салиқалы да, басшы да, қосшы да мықтап ұғып, асылдарымызды орны-жөнімен ардақтап, құрметтей білейік.

31.08.1994.

## ОҚЖЕТПЕС

Сәкеннің мұрасы мен қоғамдық қызметіне біржакты баға беру әділетті болмас еді. Сейфуллинді халықтың мақтанышына айналдырган оның қаламынан туған еңбектері болды. Сәкен ең алдымен өзінің өмір сүрген дәуірін жыrlаған, оны қастерлеудің өр де қын жолдарын таба білген, өз дәуірінің жаңашыл ұлы ақыны. Табиғи дарынын ажарлауға әнші-композиторлығы едәуір демесін жасағаны тағы рас. Бұл оның өнерпаздық тұлғасының бірден көзге үратын үлкен белгілері.

Сәкен Сейфуллин – ірі мемлекет қайраткері. Қазақстан елдік, азаттық алады деп үміттенген шақта Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болғандығынан емес, өзінің халқын өркениетке қалай жеткіземін, басқалармен терезесін қалай тең етемін деп ойлағандықтан дараланбақ. Ол өзінің өлең-жырларында, көркем шығармаларында гана емес, әрбір іс-әрекетінде осы арманын көрсетіп, дәлелдеп отырды. Сәкен Сейфуллиннің публицистикасы осы мақсаттың үдесінен шықты. Сондықтан сөзі мен ісі бір жерден шығып отырған мемлекет қайраткерінің бейнесі біздің көз алдымызда әрқашан өреленіп, қуанышымызға айналды. Революционерлігі осы арманды ажарлап, мәнді құрескерлікке ұласқанда артық-кем сілтеген кезі де болмай қалмады.

Сәкен – ірі қоғам қайраткері. Бұл «лауазымды» үлгі-онегесі бар пенденің іс-әрекетіне қарап ешбір жарлықсыз, мандатсыз халықтың өзі береді. Осының бәрі бір адамның бойынан табылуы тарихтағы өте бір бақытты сэт. Міне, сондықтан Сәкеннің талай асыл қырларымен дараланып, тарих бетінен мейлінше жарқырап көрінетіні осыдан.

Осыншама үлкен парасат, атақ-даңқты өмір өткелдерінде аударып-төңкеріп алмай өтуіне Сәкеннің асыл қасиеттері,

әсіресе өтірік айта білмейтін адалдығы, қандай ауыр күйге түссе де өкінбейтін табандылығы сүйеніш болады.

Сәкеннің жалғыз ғана арманы – қорлық көрген халықтың туын ұстап, әділдік жолын іздеп, бостандық, кендік, байтаққа күн-түн қатып жету еді. Бұл үшін кінәлауға болмас, бірақ большевиктік тоңмойындылықпен жасаған қадамдарының шәлкем-шалыс болғаны өтірік емес. Сәкен өзінің қарақан басының мансабы, бак-дәрежесі үшін емес, елді өркендету қамында жүргенде артық сілтеп алған тұстары бар. Сенгеніне құлай берілу, иман деп тапқанынан табан аудармау, көзжазбау, алданып қалмаймын ба деп бір сәтке ойланбау, көзсіз табандылық. Осы принцип Сәкенді әрқиыл істе бірде сүріндіріп, бірде жарқыратып көрсетіп отырды. Тіпті өзі орнатқан кенес үкіметі 1937 жылы өзіне қатер төндірген уақытта да ешбір шұбәланбай, баяғы сенгенімен кетуі қайран қалатын қасиет. Сенім күшінің бақыт та, сор да болатыны осы екен-ау деп толғанасын.

Дауылды төңкерістің қазақ еліне, кедей-кешікке әкеле жатқан жаңалықтарын Сәкен жатсынып көрген жоқ. Оны өз колымен орындағы және халыққа сор болады деп есептеген емес. Көргенін, білгенін ашық, анық айтып-жазуды парыз санады. Қаншама аяулы, ардакты, құрметті ағалар дегісі келсе де, Сәкен «Тар жол, тайғак кешуде» шындықтан шығандап кете алмады. Қазақтың қаншама зияллылары тарихтың шарайнасынан қалай көрінеріне назар аудармай, көрген-білгенін, естігенін жазды. Олардың ұрпағы өсіп-жетілетінін білмеді емес, білді, бірақ шындық бетіне кірбің түсірмеу қажет деп тапты. Жалған айтпай, шындықпен боламын деген принциптің өзіне әркімнің әртүрлі қарайтын мінезі Сәкенге дарыған емес.

Қазақтың қуанышы қордалана бермей, бірін-бірі ығыстара беретін, яғни «алдыңғы қонақты соғы қонақ қуатын» әдет қашан қаларын құдай білсін. Біле-білген адамға совет өкіметін өз колымен өзі орнатып, соның түрмесіне түсіп, атылып кетуден қасіретті құбылыс бола ма? Советке қарсы болып, айтқанынан қайтпай түрмеге түсу де қасірет, ал жақтас, ниеттес, тілекtes болып жүріп өлу одан да қасіретті екенин Сәкен тағдырынан айқын көремізғой.

Біздің бүгінгі түсінігіміздің абайсыздығына қарамай, біздің ұлы азаматтарымыз бірін-бірі «өкпеге қіғанмен өлімге кимаган». Қазан төңкерісі қазақ зиялышарын екі лагерьге бөлді. Азы – революцияны қолдады, көбі – Қазан төңкерісін ұнатпады, орнап келе жатқан бостандықты зорлықпен тартып алған төңкерістен жақсылық күту қын деп білді. Осы үлкен объективті себеп уақыт өте келе нақты сипат алып, идеологиялық айтысқа ұласты. Алғашқы сәтте төңкерісшіл зиялышар аз ғана болғанмен, Совет өкіметі мен коммунистік партияның тікелей демеу-көмегімен көбейе түсіп, өсіп, жетіле бастады. Газет-журнал беттерінде алашшыл, «ұлттыл-байшылдар» мен төңкерісшіл, тапшыл, кеңесшіл ақын-жазушылардың айтысы 20-жылдары бір то-ластамады. Бірін-бірі мінеу, сынау, ожарлана пікір айтуда ешбір кенделік болған жок. Мұның аяғы Ф. И. Голощекин-нің «теориясына» ұласты. Үкімет төңірегіндегі өзіміздің атқамінерлер мен жандайшаптардың арандатуымен 1928 жылдың екінші жартысынан былай қарай контролреволю-циялық күштерді әшкерелеп, тұтқындау процесі басталды. Ең жетекші, айбынды, талантты зиялышар абақтыға алынды.

1929 жылы ВКП(б) өлкелік комитетінің табанды та-лабымен Ташкентте Қазақ педагогикалық институтында 1927 жылдан бері ректор болып жұмыс істеп жатқан Сәкен Сейфуллин Алматыға қоныс аударды. Әуелінде тиісті жұмыс берілмей, бала-шағасын асырау қамымен досы Хаскей Өтекиннің жәрдемімен Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің әр мекемедегі сауатсыздарды оқытқаны үшін жалақы алып жүрді.

1929 жылы 2 қыркүйекте «Еңбекші қазак» пен «Советская степь» газеттерінде «Мениң қателерім» деген «мойындауын» жариялады. Оған өлкелік комитетте, оның органдары да сенбеді. «Сәкен жолдас жікшілдік қателерін мойнына алуға тырысқан, алайда көп қателерін айтпаған. Коп қателерін мойнына алуудың орнына қателерін актауға тырысқан» деп «құйрық» жалғауда үлкен мән бар еді. 15 қазан күні Сәкен партиялық тазалаудан өтті. Кінәлі етіп, партиядан шығару, ағалары жатқан түрмеге апарып тығу мақсаттарына жете алмады.

0 7 0 1 2 8

1930 жылғы 4 сәуірде ОГПУ коллегиясы А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевты ату жаза-

сына кесіп, «жалына» өтінбекен Жұсіпбек Аймауытовтан басқаларына 10 жылдан айдалу азабымен «женілдік» жасалып жатқанда Сәкеннің Алматыдан ешқайда шығуына құқы болмады. ҚазМУ-дың әдебиет кабинеті менгерушісі болып жүрді.

Пенделік жайға қөбірек тоқтаудың сырты өзінен-өзі аян болса керек, ейткені азаматтығы жетіспегеннің қоғамдық-элеуметтік қайраткерлігі мен ақындығында мардымды береке болмасы айдан-анық. Сәкен – ары таза, жұзі жарқын, абырай-атағына дақ түсірмеген өрен тұлғалы азамат.

Сәкеннің ірі мемлекеттік ісі, қоғамдық қайраткерлігі, сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаздығы жөнінде, құдайға шүкір, бірқыдыру жазылып, ел-жұрт едәуір хабардар болғандықтан, оның тарихтан атын жоғалтпайтын ұлы ақындығының құпиясына азды-көпті назар аударған жөн. Сондағана біз тұлғалы тұтастықтың ажарлы бетін көріп, осындай азаматымыздың болғандығын мақтан ете аламыз.

Сәкеннің өзімен теңдес, қатарлас, қанаттас болған қоғам, мемлекет қайраткерлерінен өзгешелігі – ұлы ақындығында. Ал ақындықтың ең мәнді сырты – жаңашыл, реформаторлығында. Жаңашылдықтың ең негізгі арнасы өзі өмір сүрген заманың образын жасауында. Қай ақын-жазушы болмасын замана бейнесін жасауға талаптанады, бірақ ондай бақыт кім көрінгеннің маңдайына жазыла бермейді.

Біз өзімізді, өз дәстүрімізді қадірлеудің жөн-жосығына онша көп мән бере бермейміз. Бізге басқалардың жасайтын ықпалы әрі шипалы, әрі құнды болып көрінетін дағдыға бой алдырғандықтан, өзіміздікінің шын сырын жете ұғып, ардақтай бермейміз. Тіпті Абайдың өзін орыс мәдениеті арқылы жеткізіп жатамыз. Сол сияқты Сәкенді де Маяковскийге шәкірт етіп қойғанымыз өтірік емес. Эйтеуір қисынын тауып бетенге емінеміз. Ал шындығына келгенде Абайдың ұлылығы өзіне дейінгі ұлт топырағында өніп-өскен дәстүр, әдеби арналарды түгелдей бойына сіңіріп барып биқтесе, Сәкенге Абайдың рухы дарымағандай көжірейеміз. Түптен келгенде, екі дәуірдің әдебиетіне көш басшы бола білгендердің тоқайласар үлкен арнасы бар. Ол – жаңашылдық.

Абайдың қазақ поэзиясына сіңірген ұлы еңбегі – жарқын да ажарлы жаңашылдығы болса, Сәкеннің үлгі алғаны да, шама-шарқынша ілгері дамытқаны да осы сала. Кейбіреулер Сәкен Абайға онша құлай қоймады дегенді сүлтау қылып, Абай мен Сәкен арасына қытай қорғанын соғып, алшактатып жіберуге тырысады, және бұл мәселені көбіне идеялық арнада алып шықпаққа талаптанады.

Қазақ өлеңінің өрнегі жағынан болсын, әуендей мақамы, әуездік ырғағы жағынан болсын, реформа жасауда Абай мен Сәкеннің орындары ерекше.

Абай қазақтың әнге бейімделген силлабикалық өлеңіне тониканың үлгі-өрнектерін білдірмей қосып отырды. Бұл ақын қуатының мықтылығынан, құштілігінен болған құбылыс. Абай өлеңдерінің өрнегі мен өлшемдері былайғы жүртқа әлімсақтан бері қазақ поэзиясының төл түзілісі болып көрінеді.

Өйткені Абайдың ақындық дірменінің құдіреті сондай, ол қандай жаңа түр-үлгіні болмасын, жаңа мақам-ырғақты болмысын ұнтақтап, өз ыңғайына бағындырған уақытта шүмектен шыққан үннің қай түрі болса да қазақтың танымтүсінігінен шыққандай, ешбір қоспасы сезілмей тұрады. Бәрі де таныс-бейтансыс болғандықтан Абай сөзі айрықша тартымды да қызықты. Оның үстіне өрнек арқылы үлкен гибрат-мағына өріліп, дестеленіп шыққан кезде Абай жасаған жаңа дүние дәстүрлік сипатқа ие бола түседі. Қазақта бұрын бар ма еді, жоқ па еді деуге шамаң келмейді.

Абайдан басталған реформаторлық рух қазақ ақындарының ішінде Мағжанда бейнешілдікке ойысып, сөз құдіретін асқақтата беру жағында айрықша көп болса, сыртқы келбет – екпінді ырғақ арқылы тоникалық өлеңге іші тарту Сәкенде мейлінше анық байқалады. Абай мен Сәкен осы салада бауырласады. Жаңа мақам іздеген уақытта Сәкен дәстүр шартынан қорықпаған, осылай жасау қажет деп ұққан. Бұл жолда оның тамаша табысқа жетіп жатқанын да көреміз, орынсыз ожарланған кезде омақа аса құлап, ерінен ауып қалғанын, қазақтың өлең өрнегінің зорлық жасап, төсегін жыртқанын да көреміз. Сәкен жасаған өлең өрнектері Абаймен деңгейлес болмағанымен, реформаторлық ниеттері мейлінше руҳтас екендігі даусыз.

Абай ағартушы-демократтық бағытқа берілгенде, есқи арна арқылы барамын, жетемін деген жоқ. Сондықтан ол бұрынғы дәстүрлі машиқтар мен макамдарды, терме мен толғауларды өзгерте, іштей тұлете, кейде кирата бұтарлады. Е. Ысмайлов, З. Шашкин, С. Мұқанов тұжырымдауынша, Абай жасаған 16 түрдің көбі осындай төңкерісшілдіктің жемісі.

Осы рух кезі келгенде, уақыты туғанда кеңес әдебиетінің серкесі болған Сәкенге дарыды, жұқты. Замана өзегісі, қын өткелдер жып-жылмағай болып, оп-опай өте салмады. Ол ойға да, ниетке де, өлеңге де өзінің табын салып, ою-өрнегіне талай жаңаңықтар әкелді. Осы процесс Сәкен творчествосында алабөтен болғандықтан, ол ұлы жаңашыл болып танылды.

Абаймен сабактас, рухтас өткен өлең өрнегіне келсек, онда Сәкеннің атақты «Советстаннының» түрін алдымен ауызға алу қажет. Өйткені, ол Сәкеннің ілгерінді-кейінгі ізденистерінің қорытындысы, қазақ поэзиясындағы жаңашылдықтың үлгісі, әбден қалыптасып, көп уақыт өнеге шашқан өрнек.

Талай ғасырдан бері әдебиетіміздің қайнар бұлағы, өркендер арнасы болып келген поэзия жаңа дәуірде соны сипат ала бастады. Көбіне сюжетсіз жырланатын өмір шындығы, дидактикалық әуен Абайдан кейінгі көркемдік даму барысында уақыт дүмпуімен эпикалық масштабқа кол созды. Осының нәтижесінде профессионалды поэзияның образ жасау бағыты өрістей тұсті. Әрқылы көркемдік тәсілдер тоғыса келіп, С. Сейфуллин шығармашылығында өмір шындығы өршіл романтика арқылы жарқырап көрінді.

«Ақырды асау – жаңғырды дала, тулады, орғыды асау – дүбірлеп құніренді дала... Көкіректі кернеп, кен даланы құнірентіп, қатты айқайлап ән салдым. Әніме қосылды – кен дала, аққулы, қазды шалқар көл, қамысты, құракты көк өзен, – қосылды бәрі шуласып, қосылды бәрі шаттанып» – деген асқақ романтика алып екпінмен орнап жатқан жаңа өмірдің адудындығын анғартқандай. Сондықтан Aсау тұлпар аумалы-төкпелі заманды бейнелеуге жарайтын образ болды.

Бұл образда бірін-бірі сабактасып, іштей қабысып жатқан екі жай бар. Бірі – тұлпар қазақ әдебиетінде ерекше кастерленгендіктен оның дәстүрлік сипаты қалың болды. Сәкен Асау тұлпарды жырлағанда қазақ халқының таным-білігінен алыстамай, дәстүрді пайдалану арқылы әсер ету мақсатын көздеді. Соңдықтан да халық Асау тұлпарды жатсынбады. Екіншіден, Сәкен трактовкасында тұлпардың тек сыртқы түрі ғана сақталып, ішкі мазмұны, көздең мақсаты, мінез-қылышы, іс-әрекеті мұлде жаңаша суреттелді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ поэзиясына Сәкен сініре бастаған жаңалық новаторлық әуелінде ескі дәстүрге сыйымды болып, соның бесігінде ер жетіп, заманға лайық жаңа түр екенін анық аңғартты. Соның нәтижесінде Асау тұлпар жаңа өмірдің апалаң-топалаңы мен ізденісіне сай табылған романтикалық астары қалың образ болды.

Сәкен 20-жылдардың ортасына жақын замана ағымына қарай қара айғыр – отарбаны ауызға ала бастады. Паровозды – қара айғырға тенеу арқылы Сәкен «дайындық жұмыстарын» жүргізіп, окушының поэтикалық түсінігін келесі жаңа образға бейімдеді. Соның нәтижесінде «Біздің тұрмыс – экспресс» деп жар салуға мүмкіндік алды.

*Бұрын атам – тұлпар еді, бәйге көк,  
Енді, міне, поезд болды, тұлпар жоқ.  
Ұзақ жолға!  
Тұлпар қол ма?  
Мейлі жорға!  
Тұлпар міну – Сарыарқада жүрсең тек, –*

деген түйінге мықтап бекіді. Негізі жаңа қалана бастаған өмірдің бейнесін осылай суреттеу, тілейік мейлі, тілемейік мейлі, қазақ әдебиетінің сол кездегі дамуының зор табысы болғаны даусыз, және тарихи шындық көркемдік тәжірибеде романтикамен осылайша қанаттанды. Орнықпаған, ал де талай өзгерістерге кезігетін өмірдің негізгі бағытын айқындауда Сәкеннің романтикалық леппен, публицистикалық сөзбен жазған «Советстан» жаңашылдықтың асқарласуы болуы осыдан.

Озінің шырқау биігіне көтерілген реформаторлық рух «Советстан» өрнегіне талай бұлқыныс-ізденістерді артқа салды.

Қазақ поэзиясының дәстүрлі он бір, жеті және аралас буынды өлеңдері ұлы Абайдан кейін құбыла молаюы Сәкен тұсында мейлінше қүшайе түсті. Өйткені, қазактың ақындық аспанында Магжан, Илияс, Бейімбет, Сәбит сынды сәйгүліктердің бәсеке жарысы айқын естіліп жатуы және жаңа заманың дауылы, толқын-ыргағы өлең өрнегіне жаңаңық әкелді. Жаңа мазмұн, жаңа түрді қажетсінді.

Сәкен поэзиясында тоникаға іш тарту басым болды. Ұйқастан туатын ырғакты интонациялық екпінмен жеткізу қазақ поэзиясына сіңе бастаған жаңаңықтың нышаны, силлабикалық өлеңге тоника элементтерінің ене бастауы еді. Абай мұны білдіртпей, сездірмей жүзеге асырса, Сәкен осы принципті «Советстанда» әбден орнықтырып, қазақ өлең өрнегінде бұрын кездеспеген жаңа түр жасады.

Замана бейнесін жасау мақсатына ден қойған автор көбіне жеделдікті, екпінділікті, өзгеріс-құбылысты жеткізу үшін ойды төгіп-төгіп, бастырмалатып айту замана динамикасына сай келетінін анық үфады. «Ақырды асау, жаңғырды дала» деген сияқты әр кимылды тездете түсуге мүмкіндік беретін мақамды көп колданды. Қазақ өлеңдерінің негізгі құрылышы ән-әуенге, саз ырғағына бейімдегендіктен интонациялық принцип көбіне тақпақтап, түйіп-түйіп айтуға іш тартып тұрады.

*Зырла, экспресс, ұш, зырла!  
Жұлдыздай-ақ құлдырла!  
Құйындаи құтыр, бұлдырла!  
Аямай жүгір бәрің де!—*

деген өлеңінің бар динамикасы дауыс екпініне құрылады да, өлең ұйқасы екінші қатарға көшіріліп, айтар ой ақырғы жол өзгешелігінен табылып отырады.

*Егер мінсе – шыдасын!  
Корқақтар мейлі жыласын.  
Шыдамаса құласын!  
Аямай сілте барыңды!—*

деп жігерлі түйінделеді. Аралас буынды өлеңнің ежелгі құрылышы сақталғанымен де дауыс ырғағы алғашқы қатарға шығып, жаңа леп пайда болады.

Силлабикалық өлең жүйесіне тониканың ыргағын енгізу талабы Сәкен поэзиясында ерте басталған. 1915 жылы қарашада жазған «Жазғы тунде» деген өлеңінің әр шумағы жеті жолдан құрылып, оның алғашқы екі жолы бір үйқаспен (а, а), 4-5 жолы (в, в) бір үйқаспен, 3-6 жолдары кейде үйқасып, кейде үйқаспай ой екпініне бейімделіп, ақырғы жетінші жолы екінші жолдың логикасымен сабактасып жатуы тегін емес.

*Уағдалы жерде отырып, (8) а  
Бір отырып, бір тұрып. (7) а  
Кешіккен соң гашығың (7) б  
«Не болды бұған, яптырым-ау? (8) в  
Келмес деп әлде жатырма-ау?» (8) в  
Тыңдайсың әрбір сыйырды, (8) г  
Ауылды сырттан баққанда. (8) д*

Осы өлеңнің ішкі ыргағына назар аударғанда алғашқы үш жолдың тынысы, лебі бір болып, ой ағынының алғашқы белегі тұйықталады, ал қалған торт жолдың тек алғашқы екеуі ғана үйқасқанымен үшінші жолы ой ағынын айқындайды да, төртінші жолы шумақтағы негізгі ойды түйіндейді.

*Бабына келген, (5) а  
Лепіріп жеселген (5) а  
Жүйріктей жүйтіктіп шабуга, (8) б.  
Ұшады көңіл, (5) в  
Ұлпадан жесеңіл (5) в  
Мұратын іздеп табуга, (8) б  
Еліктей жүйтіктіп еліктің, (8) г  
Көңілім-ау, босқа жеселіктің. (8) г*

Осының өзінде ойды ыргакқа, интонациялық лепке бапындыру талабы құшті екенін көреміз де, Абай жөргегіңс оралып шыққанын байқаймыз. Осының жетілген түрін «Кел, жігіттер» өлеңінен анық көреміз.

Ал енді Сәкеннің «Түрмеден қашып шыққанда» өлеңінде үйқасы мен ыргағы тұнып тұрған жаңалық.

*Уф, шіркін-ай, бұл не шаттық ?! (7)*

*Мен күшті енді, (5)*

*мен, (1)*

*мен (1)*

*мас (1)*

*Tіршілік, тұрмыс менікі, (8)*

*Әүп, (1)*

*Ауаны жұттайын, (6)*

*жұттайын, (3)*

*Кеудемді керіп жұттайын, (8)*

*Бар ауаны құрттайын (7)*

Бұл өлең өрнегінде әуен мен ырғақ, бунақ пен үйқас ажырамас тұтастық тапқан. Ой, пікір түюге арналған шумактардың өзі әрқиыл болғанымен дауыс ұндастігіне, интонациялық ырғаққа негізделеді де, ішкі үйқасты аракідік сақтайды. Бәрі де іс-қимылды аңғартатын етістіктен өріледі...

Мұнан кейінгі өлеңдерінде, әсіресе, «Ұлтшылдық сандырағы», «Біздің ұлан», «Ленин» атты өлеңдерінің өрнегін дамыта келіп «Советстан» түрін жасады.

«Советстан» алты жолдан құрылып, ішкі буын-бунақ қатаң сакталады. Егер өлеңнің ішкі құрылсының ешбір өзгеріс, жаңалық болмаса жол саны мен буын-бунақтың мәні аз болар еді. Бірақ бәрі керісінше. «Советстан» 11, 11, 4, 4, 4, 11 буынды шумақтан тұрғанда силлабиканың негізгі шарты дұрыс сакталғанымен де, тоникалық интонация анық сезіледі.

1, 2 және 6 жолдар бунақтап айтуды қажет етсе, 3, 4, 5 жолдар міндетті түрде нәшпеннен бөлшектеуді, такпақтап айтуды талап етеді. Демек интонациялық принцип өлеңнің өн бойына емес, тек белгілі бір жолдарына (3, 4, 5) дарып, екпінді ырғақ пайда болады. Ішкі үйқастың да атқарып тұрған рөлі зор. Бунақтар әр жолда тұрақты буынмен беріледі де, дауыс ырғағына әрқашан екпін түсіріп, экспрессияны қүштейтеді. Сонда бүкіл өлең шумағына динамика еніп, қимыл-әрекет өзінен-өзі пайда болады.

*Айда, отарба, (куш аямай) айдан бақ, (11) а*

*Дөңгелегің (зырылдасың), тақ-тақ-тақ! (11) а*

*Шаңқан жарық, (4) б*

*Шамга қарық (4) б*

## *Болсын жаңық (4) б*

*Электр жақ (тынбай айда) жол ұзақ. (11) а*

«Советстан» өлең өрнегіне интонация ортақ қазық болып, әрқыл лептердің бәрін өзіне бағындырады, адудынды тірлікті жаңа леппен жырлауға мүмкіндік беретін өрнекке айналады.

«Қазақ поэзиясының мазмұнына революция жасаған Сәкен дәл осындай революцияны оның лексикасы мен түріне де жасады. Оған көп мысалдың біреуі – «Советстан» поэмасы» – деп түйген С. Мұқанов пікіріне қосылmasқа болмайды.

Сонымен «Советстан» – қазақтың силлабикалық өлең жүйесіне тоникалық элементтерді молынан енгізуғе болатындығын әбден дәлелдеген туынды. Қазіргі қазақ поэзиясына осы жаңалық әбден сіңіспей кетті.

Сәкен өлеңді ойға құру, ақ өлеңге іш тарту, мазмұнды түрмен ашу, беру сияқты ізденистерді өрістете келіп сылқым сылдыры, ойнақы өрнегі бар «Сыр сандықты» дүниеге әкелді.

*Сыр сандықты ашып қара, (8)*

*Ашып қара сырласым (7).*

*Сым пернені басып қара, (8)*

*Басып қара жырласын. (7).*

Өленді дөңгелендіре өрнектеу де қазақ поэзиясы үшін тың жаңалық болумен қатар, осы шырқ айналған сөздердің сазы көніл хошын тез тауып, еріксіз би билеткендей. Шалыс үйқаспен жазылуы да өлеңнің инверсиясын күштейтіп, динамикасын ойнақы еткен. Сәкеннің мәнді ізденистері осындай сәтті түрлерге жеткізіп, халықтың өстетикалық талғамын қалыптастыруға жәрдемін тигізді. «Советстан» мен «Сыр сандыққа» еліктеушілер өте көп болды.

Жаңашылдығын жүрт әбден танып, мойындаған шакта Сәкен эксперимент-тәжірибелі күштейтті. Жалаң түр қууныштыққа салынған кезі де болды. Жаңа өмірдің келбетін жиссау қажет деген ұран белен алған шакта дыбыс куу, кимылды күштейту, екпіндету тенденциясы өлеңнің мазмұнына да, көркіне де кесірін тигізіп, поэзиялық қасиеттен

жұрдай еткен кезі де бар. Бүгінгі күннің көркін ұрандата жырлау, плакатқа айналдыру, рапорттау қажет деп сырт көрініске табынғанда тасырлаған дыбыстар қаптап, қара дүрсіндік етек алған кезі де жоқ емес. Оның үстіне Маяковский болу тенденциясы да көп ақынның көңіліне ұялай бастаған шақта ішкі зандалылық қатаң сақталмай, силлабика жүйесі тас-талқан болып, өлеңдік қасиеттен жұрдай бола бастады.

*Ала*

*my –*

*жасыл,*

*ақ.*

*Кали-*

*құлиш,*

*тагы*

*тақ.*

*Юд-*

*Дум-*

*Кол*

*Чак-*

деген қисынсыздықтар көп ақынның қолынан шығып, поэзияны құлдыратты.

Өлең өрнегіне жаңалық енгізу үшін қанша ақындық күш-куат, шабыт керегін ешкім есептен шыгарған жоқ, ал ақындықты құн көрістің амалына айналдырып, әр жолдан тыны санап, күшене үйқастырғандардың қолынан келмейтіні өзінен-өзі түсінікті. Жаңалық енгізу үшін өз күшіне сенумен қатар сөз құдіретін, образ жасау амалын игеру шарт. Құдай берген қабілетті кезінде, ен бір қажетті шағында шамырқана пайдаланып, ел-жүрттың көкейіндегіні айта білу, бейнемен көрсете білу, сезіміне әсер етіп жан серігіне айнала білу шын ақынның ғана қолынан келеді.

Заман қып-қызыл саясат дауылына кезікken тұста Сәкен де дәуір талабын орындағы, тіпті мұрындық болған кезі де аз емес, ейткені, ол жаңа заманның жаршысы, ұраншысы

ғана болып қоймай, оны орнықтыру үшін серке болу міндетті өзіне жүктелгенін сезді. Сондыктан өзгеден гөрі екпіндірек қимылдағаны және соның бәрін қалтқысыз аткаруға еш ойланбай жан салғаны Сәкен жайлы зерттеулердің бәрінде толық және жан-жақты айтылып, жазылғаны көшілікке мәлім. Сол себепті Сәкеннің азаматтық, әсіресе саяси лирикасына талдау жасамай-ақ, социалистік реализм әдебиеті деген құбылысқа назар аудара кеткен орынды.

Қоғамдық сананың мәнді түрі болып табылатын өнер мен әдебиет идеологияның сойылын соғуға тиісті болды. Тек кедей-кепшікке ұнайтын, солар тұсінетін шығармалар беруге міндетті болды. Алып қызыл империяның адамдары мен қайраткерлері бір арнада пікір айтып, яғни таптық көзқарастың төңірегінде шыр айналды. Міне, осы тұста социалистік реализм теориясы тұжырымдалды да, дүниенің бәрін бір қалыпқа соқтыратын болды. Әуелгі кезде мұның жөн-жосығы бары, мәдениет саласынан артта қалғандардың тезірек ұғынуына тұсінуіне қолайлылығы есте тұтылғанмен, кейіннен мүлде керіп кетті, ожарлыққа салынды, бұлтартпайтын догмаға айналды. Оған мойын ұсынбағандар қашты, пысты, абақтымен аяқтады, сондыктан зордың күшімен мойындағандар да көп болды. «Аллаңан ойбайым тыныш» дегендер табылды.

Сәкен осы идеологияның ілкі сәтінен араласқандықтан да оның бар жақсылығын да, жамандығын да көзімен көрді, колымен ұстады. Әуелінде романтикалық леппен «Кел, жігіттер, болындар ер, кедей-кепшікке бақытты заман орнатып берейік» деген ұранның туын қазақ әдебиетінде алғаш көтеріп, біраз екпіндей. Асау тұлпармен қазақ ұаласына жар салды. Мынадай адуынды заманға тұлпар қол болмайтынын сезген соң қара айғыр – паровозға, поезға, экспресске көшті. Олардың екпінді күшіне елігіп «Социалистанды» орнатуға шакырды. Сөз бен істің бірінде алшактай бастағанын сезгенде, зымыраған «Отарда терезесінен» қарап, бәрі де көнілдегідей, ойлагандай болмай жатқанын көріп «Сыр сандық», «Жұмсақ вагонда», «Ақкудың айырылуын», «Лашын» хикаясын жазды.

Бір сэт ойланып, дүниенің қандай қалып-кейіп алып өніра жатқанын көруге, білуге ұмтылған кезде «Сен

күйректікке түстін, әдебиетке жат сарын әкелдің» деп бас-көзге соққыладық. Қателескенін мойындастық, ашық хат жазғызыдық. Бірақ өмір оңалмай кусырыла берді, кәм-пескеден кейін колхоздастыру, индустріяландыру науқандары біріне-бірі жалғасып, ел бұрынғы күйіне зар болды. Аштық жайлап, халық қырылды.

Осы тұста Сәкеннен басқа бірде бір акын-жазушы түяқ серпуге жарамай, орнап жатқан завод-фабрика, колхоз-совхозды, нефтістан мен көмір коммунизмді жырға қосып, социалистік мадақ дастандарды қоздатты. Рапорт үтінен мәлімет-ақпар, өлең-очерктер қаптады. 1932 жылы аштық апаты асқынған тұста ел басқарады-ау, халықты мұратқа жеткізеді-ау деген акынды да арлы азаматтардың азғындық жолға түсіп, рухани қарсылықтың шетін көрсете бастағанын Сәкен «Біздің тұрмыс» атты сатиравық-порнографиялық романымен көрсетуге тырысты.

«Қазақстанда 29 жылдан бері біздей адамға іс-істеуге қын болған жоқ па?! Сонсын осындағы берілмегендеге қайтерсің» деп ақталмақ болғаны, тіпті тақымдаған партия адамына Аян-Сәкен «төңкерістің, социализмнің дұшпаны бола алмайтынынды өзің де жақсы білуін керек! Партияның Орталық Комитеті қазіргі Қазақстан жайын біліп отырған жоқ. Мұндағы отырғандар мағлұмат беріп отырған жоқ. Ал біз тәрізділер білдіре алмайды: өйткені біз сияқтылардың білдіруге батырлықтары жетпейді. Ал жоғарғы іс басындағылар білдіруге қорқады. Жылы орнымыздан айрылып қалмасақ екен деп бұғады. Ылғи жетіскеннен басқа ешбір кемшілігіміз жоқ деп сөйлейсіндер. Әсіреле, соған таң қалам. Сен жазушы-акын емессің бе? Кемшілікті айтпай, ауыр халді көрмей, ылғи «жасасын» деп заулай берудің ақыры совет үкіметіне, партияның жолына дұрыс бола ма?» (5.270) деген Сәкен толғаулары, жансыры сол қырғын аштық жүріп жатқан кезде жазылып, 1932 жылы «Әдебиет майданы» журналында жарияланып та жатты.

Осы романға дұрыстап назар аударуға сол кезде де, Сәкен ақталғаннан кейін де мұрсатымыз болмады. Өйткені социалистік реализм принципіне дәл келмеуі, «порнография» арқылы қарсылық жасамайды деп түсінуіміз кедергі болды.

Көркем шығарма арқылы суретtelген шындықты – Сәкеннің азаматтық ерлігі деп тануға мән берmedік. Әйтпесе «Лян крайкомға Голощекинге жолықпак болып барып еді. «Сыпатаевтармен сөйлес» деп қабылдамады. Голощекиннің болмесінен шығып келе жатып Аян ішінен «Жұні түскен кияли қарт бура!» деді. Сыпатаевтың қолынан ештеңе келмейтінін, пәлен жерге бар, сөйлес деп қағаз, беретінін ойлаап тұрганда қасынан «өтіп бара жатқан қазақ трубка сорғылап барады екен. Бұ да Голощекин секілденіп, Сталиннің трубкасына ғана еліктейді» деді ішінен. «Аян Крайкомнан көңіл сезімдері қанағаттанбай шықкан соң үйдің үстінде күн шығыска қарай қолын созған Лениннің суретіне қарап біраз тұрды. Ишінен: «Қырағы данышпан, ұлы көш басшы! Қуат бер дағдарған жанға! Шаңқанырак жансын шырағың! Жолынан адастарма дала құлышын» дегі тілеуі Сәкеннің ғана емес, сол кездегі елдің қоңіл-ауанын білдіргендей. Иштей қарсылықты, көңілі ғолмаушылықты ұмітпен жалғастырмасқа шарасы қалмаган пенденің кейпін көреміз.

Ешбір ақын-жазушы тұяқ серіппей жатқанда Сәкеннің «Біздің тұрмыс» романындағы перделі шындықты публицистикалық «Қызыл ат» поэмасына айналдыруы әбден қиынды еді. Ал бұл поэманды сол кездегі қызыл көздердің қалай талағаны, Сәкенді кеңес әдебиетінен қуып шығарып, одактас деп қана табуға себепкер болғаны, кешегі «унодничествосын, сарыуайымын ұмыта алмай журген ақыны» екендігін әлсін-әлі ескертіп отыруға да «социалистік реализмнің» шалагаты тиген болатын.

Солай бола тұрса да қазақ әдебиетінде социалистік реализмнің орнығына мұрындық болған Сәкенді одан бөліп ала алмаймыз. Оның табысына да, кеміне де Сәкен елден бүрүн жауапкер. Социалистік реализмнің қазанында қайнашып піскендігін тасада қалдыруға болмайды.

Сонда социалистік реализмнің принциптерін сыйнағында оның орнығына себепкер болған дарындардан өсініуіміз керек пе? Жоқ, жоқ, мың рет жоқ. Бұл әдеби шимудың бір кезеңі, сондықтан оның артықшылдығын да, кемшилігін де ашық айтып, әдебиет тарихынан классицизм, романтизм, сыншыл реализм сияқты ағым-бағыт болып

тиісті орнын алуға, сарапқа түсуге тиіс. Бұл бағыттың ұлы да кеменгер дарындары болғандығы тасада қалмауы керек. Сәкен, Сәбит сынды тұра жолмен ойланбай тартып әдебиетімізді өрге сүйрелеген, сөйтіп жүргенде артық-кем сілтеген дарындардың бәрі де өздерінің қосқан үлесіне қарай тарихтан орын алары сөзсіз. Солардың ішінде айрықша жарқырап көрінер өр тұлға Сәкен екені даусызы. Сондықтан оны құні кеше қана алаш арыстарына көрсеткеніміздей жұлмалап, бұрмалап, жүдетіп журмейік, қателікке қайтадан ұрынып калмайық. Сәкен дарыны осылай толғануды талап етеді, өйткені ол ешкімнен жеңілдік сұрамайтын, күтпейтін, кескін-келбеті, мінез-қылышы айқын ұлы ақындық.

Сәкенді саясат үшін құрбан етуге жібермейтін ұлы ақындығын айтқан уақытта қазақ сөзінің құдіретін мейлінше сезе білгенін, ұлken образ, жарқын бейне жасағандығын, талай көркем шығармалар бергендейгін жадымыздан шығарып алсақ, эстетикалық таным-біліктің бейшаралығы ғана емес, ұлттық қасірет болар еді. Сәкен қазақ сөзін, көркемдік талғамын еркін менгерген, сезім сырын, көрікті сез бояуын айрықша сезе білген дарын екендігін құнды шығармаларында, жан сырларында көрсете білген суреткер.

*Тәуекел дарияға салсаң қайық,  
Талмай тұз тұмқан жолдан кетпей тайып.  
Дарияда бірде тыныш, бірде дауыл  
Қаңбақша кезер кемең қанат жайып,—*

деген тәуекелмен жолға шығып, өмірдін бар құйтырқысын көзben көрген, жанымен сезген, басынан өткерген, қуанышшаттыққа да, азап-бейнетке де белшесінен батқан ақын екендігін білмейтін пенде аз. Сондықтан оның ақындық шабыты бірде:

*Есіп кеп, майдада желдер таудан асып,  
Құшақтап аймалады амандасып.  
Естіген, көрген-білген сырын маган  
Айтысты, қуанысып-сыбырласып,—*

деп жандандырып жіберсе, енді бірде:

*Аузымнан өлеңімді қагып алып,  
Бізыңдан кетті жастап асау жел кеп, –*

деп бейнелегеніне сенесің, ақынмен бірге куанасың, шатанасың, мұңаасың, ейткені алғашқы жауған қардың көріккелбетінің өзінен үлкен сыр тартып, қатты ойландырады.

*Михнатты, былғанышты түсіп жерге.  
Кіршікіз аппақ таза болдың перде.  
Ақша қар, уайымсыз жалғыз-ақ, сен  
Мәңгілік шаттығынды жсанга берме! –*

деген жолдар кім көрінгеннің көңіліне оралып, қаламына іліге бермейтін шумақтар. Сәкеннің ақындық жаны мен жанары табиғаттың әр құбылысынан өзіне ғана лайық, түркөрік, бейне-перне табады. Оны суреттеп беруге ақынның сөз бояуы еркін жетеді.

*Қырыссыздың қырына жетейік,  
Өлшеуі жоқ көк мұхиттан өтейік.  
Аспандагы алыс қызыл жұлдызды  
Жерге әкеліп, жердің көркі етейік.*

*Қара жерден аспан асып ұшайық,  
Жерді, аспанды біріктіріп құшайық.  
Аспан, жерді қуыршақтай қасырып,  
Алып қолға ыргап-шайқап қысайық, –*

дегендегі бейнелі образдар жылдар ізден табар олжа емес ие?! Аспандағы қызыл жұлдызды жердің сәніне айналдыру истинің өзі қандай өрелі болса, жер мен көкті қуыршақтай ойнатудың өзі сөз құдіретін менгергендіктің ұлы көрінісі. Мұндай ақындықтың інжү-маржандарын Сәкеннен көп табамыз, ейткені ол, Габит Мұсірепов айтқандай, «тула бойы тұнған ақын. Сәкеннің кескініне қарап, оның ақын екендігіне сенетін едік» деуі әшейінгі табыну емес. Соңықтан Сәкен сынды ұлы ақындарымыздың абырайын сол алдында асқақтата беру бізге парыз. Басқа қасиеттері ақындығын ажарландыратын, кеменгер азаматтығын аспаннадататын әшекейі ғана. Ақындықтың шын «Көкшетау – Оқжетпесін» көріп-білейік, ардақтап күрметтейік, мақтан үтгайық!

15.01.1994.

## СӘКЕН ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМ\*

Өнерпаздардың дарын қуаты мол, алымы кең болғаны, әрине, мәдениет тарихы үшін үлкен олжа. Табиғи талант терен біліммен, телегей теңіз ақыл-парасаптен толысып, замананың эстетикалық, ғылыми талап-тілектеріне жауап беріп отырса, қалам қайраткерлеріне одан артық бақыт жок.

Белгілі әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері Фаббас Тоғжанов: «Біздің көбіміз (бәріміз десек те өтірікші бола койман) қазір универсалмыз. Көп білгендейтін универсал емеспіз, көп міндет жүктелгендейтін, амалсыздан универсалмыз. Қазақ тұрмысында жұртшылық алдына түспей, білінбей қарандыры, түйік жатқан мәселелер көп. Соларды ашқың келеді, түсінгін келеді. Әдебиет сынны тарихты білуді керек қылады. Тарих қазақтың экономикасын, ескі әдебиетін білуді тілейді»<sup>1</sup>, бір мәселеге екінші, үшінші мәселе жалғаса береді дегенінің тарихи шындықтан туғандығы Сәкен Сейфуллиннің ұланғайыр шығармашылығымен танысқан уақытта әбден айқындала түседі.

Сәкеннің жанкешті еңбегінің бір саласы қазақ әдебиетіндегі сын жанрының өркендеуімен, әсіресе әдебиеттану ғылымының қанат қағып, даму кезеңімен тұстас келетіндігін ұмытпаған абзal. Сондықтан сол кезеңнің үстем ой-пікірінің Сәкенге ықпал жасағанын, екінші жағынан, Сәкен өзінің сынни-ғылыми еңбегімен сол ой-пікірлерге серке болғанын аңғармасқа тағы да болмайды. Өйткені әдеби-ғылыми шығармашылықтың бірде бір саласы Сәкенсіз өтпегенін С. Мұқанов<sup>2</sup> пен М. Ғабдуллин<sup>3</sup> айрықша атап көрсеткені белгілі.

\* Медет Бағылбеков марқұммен бірлесіп жазылды.

<sup>1</sup> F. Тоғжанов. Абайды әлі танып болғанмызы жок. «Әдебиет майданы». №11-12, 1934, 87-бет.

<sup>2</sup> С. Мұқанов. «Қазақ әдебиетінде жана эра». Кітапта, С. Сейфуллин. Шығармалар. 6-том, 5-б-беттер.

<sup>3</sup> А. Ғабдуллин. Тыңнан түскен жол. «Қазақ әдебиеті» газеті, 29.01.1965.

Қазақ әдебиеттану ғылымының іргетасының қалай қаланып, қалыптаса бастағанының бір көрсеткіші ретінде Сәкен Сейфуллиннің ғылыми зерттеулеріне, әсіресе фольклорлық еңбектеріне әр сыңайдан назар аударсақ, көп жайдан хабардар ғана болып қоймай, бірқыдыру зәру мәселелердің шешім тапқанын көреміз.

Сәкен шығармашылығында өмірдің бүгінгі өр талабы басым жатады. Сондықтан ол аспаннан жұлдызы қақпай, қазіргі тірлікке керекті машақаты мол істермен айналысып отырғанын ғылым мен білім саласындағы іздеңістерінен анық көрінеді. Ол бірден іріге емес, ұсактан үлкенге, толымды толғауларға ұмтылған зерттеуші екенін байқаймыз.

Алдымен Сәкеннің қазақ әдебиетінің үлгілерін жинаушы және бастыруши қызметіне тоқталған дұрыс, өйткені идеологияда таптық көзқарас әбден мендең бара жатқанда ескі мұраға назар аударудың өзі қатерлі еді.

Сәкен Сейфуллин ғылыми қайраткерлігі ауыз әдебиеттің үлгілері мен жекелеген ақындардың мұраларын жазып алып, жариялаудың бастау алды.

Халық мұрасын жинауга кіріскеңде алдына қойған максаттары: біріншіден, із-түзсіз жоғалып кетуден сақтау, хаттап, қағазға түсіру; екіншіден, талғап-таразылап, ой слегінен өткізіп, уақыт қедесіне жарайтындарын тасқа бастырып, жарыққа шығару; үшіншіден, заман талабы мен өскелен өмір алға тартқан қажеттіліктерді өтеу, яғни мектептер мен жоғары оқу орындарын хрестоматия, оқуныштармен, қазақ әдебиетінің тарихын баяндайтын еңбектермен камтамасыз ету еді.

Сәкен жас кезінен-ақ талай өнер саңлактарын тудырған, сұлулығы «мылқауга тіл бітірген», ақындарға шалқар шабыт берген Көкшени аралап, ақын-эншілеріне, өнер «актандарлеріне» қатысты деректерді жинай жүріп, зерттеп насиҳаттау үшін ел арасында айтылып жүрген азыз-әңгімелерді, ертегілерді көтеп жазып алып отырған. Көрі күлак шежірелерді, сондай-ақ ақын-эншілердің шығармаларын, ауыз әдебиетінің үлгілерін, небір қиссаларды қас шеберлерге айтқызып, аса қажеттілерін, құндыларын қағаз бетіне түсіре берген. Сал-серілікті биікке көтерген

Біржан сал мен Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың, өз өнерімен халық жүргегіне жол тапқан Балуан Шолақтың ұрпақтарымен кездесіп, оларды біletін, өнеріне тамсанған азаматтардан мол мағлұматтар жинауы – Сәкеннің бұл ісік жүрдім-бардым араласпай шындал кіріскендігін көрсетеді.

Ақан сері, Біржан сал, Майра, Карапожа т.б. өнер қайраткерлерінің мұраларын ел аралап жүріп жазып алса, Жамбыл, Кенен сынды халық ақындарымен жүзбен жүз кездесіп, Жетісуға аты мәшіүр өзге жыршылардың сөздеріне назар аударады.

1921 жылы Омбы, Петропавл, Ақмола, Қекшетау, Қаранды, Спасскіні аралағанда да ауыз әдебиетінің үлгілерін тындал, әр өнірдің дәстүрін, ерекшеліктерін көзімен көреді. Онан кейінгі сапарларында да ел мұрасын жинайтын шұрайлы, бай өнірлерді айқындал отырады.

Сәкен халық ауыз әдебиетінің мұраларын, жеке ақындардың шығармаларын, айтыстарын жинағанда өзіне үлгі болар Ш. Ұәлиханов, І. Алтынсарин, В. Радлов, Г. Потанин, Ә. Диваев, М. Ж. Қөпееев, т.б. сынды ғұлама азаматтардың жәдігерлігін естен шығармаған.

Сонымен қатар XX ғасыр басында қазақтың зиялдық қауымы, әсіреле А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедовтердің әдебиет үлгілерін жинап, бастырулары Сәкенге әсер етпей қалмады. Сол тұстағы аса зәру мәселенің бірі және бірегейі – орта мектептерге, жоғары оку орындарына ана тілінде оқытатын оқулықтар жасау, жазу болды. Бұл қажеттілікті алғаш сезген де халқымыздың сол ат төбеліндей зиялдылары еді. Мәдениетіміз, ғылымымыз өркендеуге мүмкіндік алған кезде, олар қол кусырып отыра алмады. Осында қажеттіліктер қысып, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Жолдыбаев, С. Мұқанов т.б. оқулық жазу ісімен шұғылданды. Олардың мамандықтары әртүрлі бола түрсса да зәру мәселені шешу үшін аянбай еңбек етіп, жан-жақты білімдарлықтың (универсалізм) озық үлгісін көрсетті. Осы топтың алдыңғы легінде Сәкен болды.

Сәкен көтерген мақалаларында, сөйлеген сөздерінде, жасаған баяндамаларында әдеби мұраны жинауды, зерт-

теуді баста міндет етіп керсетіп, осы бір ізгілікті іске көпшіліктің де ат салысуын, жұмыла кірісүін қалады. Республиканыңда бұл жұмыстардың кенжелеу қалып отырганын жете ұғынып, ел болып, халық болып кірісуге шақырды. 1929 жылы «Ашық хат» жазды, 1934 жылы Қазақстан жазушыларының 1 құрылтайында сөйлеген сезінде әдеби мұраны жоғары бағалап, оған ерекше тоқтап, жинау, бастыру, зерттеу кезек күттірмейтін іс екенін айтты. Тіпті, 1924 жылдардың өзінде-ак Орынбор қаласында, қазақ жастарының клубында «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» деген тақырыптағы лекциясында да осы мәселеге көніл бөлген болатын. 1928 жылы Ташиенттегі Қазақ-қырғыз ағарту институтының студенттеріне қазақ әдебиетінің жай-күйі жөнінде мазмұнды баяндамалар жасап, білімге сусындал жүрген жастардың «шөлін қандырып», әдебиет пен өнердің оларға мәлім емес қыр-сырын, құпиясын білуге жол ашады. Қырғыз, қарақалпак әдебиеттерінің өркендеуі жөнінде де ой-пікір айтып отырады.

Ол көне мұраларды, жеке ақындар шығармаларын жи-нағанда мынандай жолдарды пайдаланған:

– Қазақтың біраз жерін аралап, көнекөз қариялардан естіп, өзі жазып алады.

Елден естігендерін жадында сақтаған.

– Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ ұрпақтарымен көздесіп, біраз деректер алған.

– Үкілі Ыбырайды, Жамбылды, Кененді, Иман Жұсіпті, Іазизді көп тындаған.

– Ә. Диваевтан көптеген керекті материалдар алған.

– 1929 жылдан бастап студенттер арқылы жинастырыған.

– 1929 жылы «Енбекші қазақ» газетінде «Ашық хат» жазып көпшіліктің көмегіне сүйенген.

Осы арналар оның халық мұрасын жинаудағы қызметін, еселі еңбегін танытса, енді бір сала еңбегі сол мұштарды бастырып, жарияладап, насиҳаттауымен де тағызымды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында соңғы кездे «базбір» «әртегеуші-ғалымдар басқалардың тірнектеп жинап, бастырып»ны бойынша ғана өз ой-топшылаударын, пікірін айтып, «тайын дүниеден тау жасап жүрсе», өзгесін айтпағанда

А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, С. Сейфуллиндер ондай игі істі өз қолымен атқарып, азап-бейнетін де, рақат қызығын да катар көріп, толымды пікір айтып отырған бейнеткор ғалымдардың озық үлгі-өнегесін, сара жолын көрсетіп, салып кетті. Оны кейін Е. Ысмайлов, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиевтер сәтті жалғастыра білді.

Сәкен алғаш рет «Жаңа мектеп» журналында Құлмамбет пен Майкөт, тама Мұсайын Байтілеуұлы мен үйсін Қарақожаның айттысын, «Жанқожа жайындағы өлеңдерді» жариялады<sup>1</sup>.

1929 жылы «Жаңа мектеп» журналының 12-санында Шөжениң Ерденге айтқан өлеңін, бар қазаққа аты жайыла қоймаған Мұсіреп биді таныстырып, оның сөздерін бастырганда көркемдік ерекшелігіне, мән-мағынасына, шығу тарихына айрықша көңіл бөлді. Сәкен осы машығын кейінгі кезде де жалғастырып, 1936 жылы «Әдебиет майданы» журналында «Нәзімбек» жырын жариялады. Халықтық інжү-маржандар 1937 жылы тұтқындалғанда көп папкалардың ішінде кеткен сияқты.

20 жылдардан басталған үздіксіз ізденудің, бейнеттенудің нәтижесінде жиналған мол дүниелерді Сәкен 30 жылдардан бастап ғылым ауқымына тартып, қазақ фольклортану ғылымына қомакты үлес қости. 1931 жылы «Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларын», 1932 жылы I. Жансүгірұлы, Ә. Мәмбеткеліні, Б. Майлышұлдарымен бірігіп «Әдебиеттану оқу күралын», 1933 жылы «Батырлар жырының» бірінші томын, 1934 жылы ІІ. Алтынсариннің өлеңдер жинағын, 1935 жылы Ә. Тұрманжановпен бірлесіп 5-класқа арналған «Көркем әдебиет» окулығын, Ақан сері мен Ақмолла ақын өлеңдерінің жинағын, Ш. Құдайбердіұлы аударған «Ләйлі-Мәжнұн» дастанын бастырып шығарды. Негізгі зерттеу енбегі 1932 жылы «Қазақ әдебиеті» деген атпен жарық керді.

Әрине, жалпыхалықтық сипат алып кеткен әдеби мұралармен катар қазақ мәдениет тарихында айрықша із қалдырып кеткен дарындардың шығармаларын жинау, жариялау қажеттігі өмірлік талап болғанымен, 30-жылдардағы

<sup>1</sup> Жаңа мектеп. 1929, №4.

идеологиялық қыспақ кезінде көп зерттеушілер жүрек-сініп қалғаны ескішіл, көнешіл, кешегіні насыхаттауыш ұлттың деген жалған жалаға ұшырамайын деп халық мұрасынан іргесін аулақ салғандар аз болмағаны белгілі, ейткені А. Байтұрсынов пен Х. Досмұхамедовтің, М. Жұма-баевтың түрмеге түсіп, азап шегуіне осы саладағы еңбек-тері де себепші болғаны өтірік емес. Міне, осындай кезде Сәкен Сейфуллиннің халық мұрасының жақтауышы, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне орасан зор үлес қосып кеткен дарындардың жоқтауышы болуы айрықша ілтипатқа алынар жай.

Тапшылдық қырағылықпен шабуыл жасап жатқан «марксшіл сыншыларға» қарамастан Сәкеннің, Ыбырай, Ақан сері, Ақмолла, Шәкәрімдердің жинақтарын жариялауы батырлықпен пара-пар еді. Рас, 20 жылдары Сәкен әдеби мұра төңірегінде пролеткульттылардың ұрандарына іш тартып, артық сілтеген кездері де болмай қалмады. Абай, Сұлтанмахмұт туралы тапшылдық түрғысынан қайшылықты пікірлер де айтқан кезі бар. Абай бай-феодал табынан шыққан ақын десе, Сұлтанмахмұтты алашордаңыл ақын деп білді. Ауыз әдебиеті шығармаларының біразы үстем таптың ықпалын тарататын мықты құрал деп ұқты. Және Қазан төңкерісіне дейінгі «әдебиет нұсқаларының бәрі де бұрынғы замандағы елді билеп үстемдік жүргізген билер, байлар табының үстем санасымен шыққан және сол таптың құралы болған әдебиет»<sup>1</sup> деген ұғымда болды. Мұндай түсініктे болуы – оның да шалыс қашамдар жасап, кемшиліктерге жол беріп, бой алдырғанын көрсетеді. Әрі фольклорға, көне мұрага деген берік, өзіндік көзқарасының қалыптасып болмағанын танытады.

Бұл – жалғыз Сәкеннің жеке дара басының қателігі емес еді. Осы тәріздес қате-түсініктерді 20–30-жылдардағы әдебиеттану еңбектері мен көне мұрага арналған мақалалардан жиі кездестіруге болады. Оның негізгі сырьы – көне мұрага деген тапшылдық позиция мен көзқарастардың

<sup>1</sup> Сейфулли С. Қазақ әдебиеті, Қызылорда. 1932, 6–7-беттер.

Сейфуллин С. Қазактың ескі әдебиет нұсқалары. Қызылорда, 1931, 18 бет.

қатаандығынан, тіпті қателігінен теріс тұжырым-түсініктер етек алып кеткені бүгін анық көрініп отыр.

Бір кездері пролеткуль шылауында болған Сәкен 30-жылдарға қарай әлгі райынан қайтып, халық мұрасының қадірінің жоғары екенін түсініп, ғылыми тұрғыдан зерттеуге бекінді де өмірінің сонына дейін оның қамқоршы жанашыры болып өтті. Абайды да алғашқылардың бірі болып таныды<sup>1</sup>. Ал Сұлтанмахмұттың еңбегін бағалауда, мұрасын танып білуде, ілгеріде айтқан пікірін кейін де өзгерпеді<sup>2</sup>.

Сәкеннің мұндай көзқарасына таң қалуға болмайды, ейткені 1932 жылы Өлкелік партия комитеті қазақтың оқыған зияллылары мен ақын жазушылардың бәрі алашорда қатарында болып, ұлтшылдықты уағыздады деген тұжырымды реті бар болса да, жоқ болса да соларға таңа беру жөнінде нұсқау берген болатын. Қазак тарихының тапшылдық тұрғыдан «занды» бұрмалануы осыдан өрбіген-ді. Болмаса, 1923 жылы А. Байтұрсыновтың 50 жылдығында сөйлеген сөзінде Сәкен: «...Ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді... Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметтерін қылды. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл... Бірақ байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адап жүрек таза ұлтшыл»<sup>3</sup> – деп, Ахметті халқын шексіз сүйе білген, ұлтының ар намысы жолында өз өмірін киоға дайын тұрған «таза ұлтшыл» жан ретінде жоғары бағалаған болатын.

Ал, 20-жылдардың екінші жартысынан былай қарай «ұлтшыл» деген сөздің мән-мағынасын теріс айналдырып алдық. Осыдан барып, қазақ зияллылары «ұлтшыл», «алашордашыл», «советшіл», «төңкөрісшіл» болып бөлініп шыға келді де, бір-бірлеріне қарсы идеологиялық майдан ашты. Бір ұлттың бетке ұстарларының осылайша жікке, топқа бөлініп, өзді-өзі қырқысуы Голощекиндерге аса қажет те еді.

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Шыгармалар, 4-том, А., 1962, 224-бет. «Жалын». 1988, № 4, 38-бет.

<sup>2</sup> «Көркем әдебиет». А., 1935. Қазақстан кенес жазушыларының тұныш құрылтай. 1934, 12–18 маусым, 110-бет.

<sup>3</sup> «Бес арыс» жинағы. А., 1992, 180-182-беттер.

Осындай кезде әдебиет, майданында ұрандай түскен аға ұрпақтың жаңын шүберекке түйе жазған еңбектерінде уақыт салған сызаттарды дабырайта даурығу, белгілі бір тұлғалар, әсіресе Сәкен мен Сәбит төңірегінде дау тузызу, абыроына көлеңке түсіру, халық көnlін сұыту сияқты келенсіз пікірлер кездесіп те жатқанын жасыруға болмайды. Қайшылықты өмір соқпағы төңкерістің алғашқы кезеңінде Сәкен коммунистік идеяның гуманистік буына бой алдырып, мәдениеттің ұлттық сипатынан гөрі жалпы адамзаттық, таптық, интернационалистік мұддесіне ойысқандардың алдыңғы легінде болғаны шындық.

Сондықтан жеке-дара пікірлерін есте тұта отырып, Сәкеннің тарихта аты қалған ақындардың мұрасын үзртеу, бастыру еңбегінің мән-мағынасына әділ бағасын беруге тиіспіз. Тапшылдық көзқарастың шалығы мұнда да кездеседі. Бірақ тұтінің шалқуы тұзу екенін аңғармасқа болмайды.

«Қазактың ескі әдебиет нұсқалары» деген жинақты Ұқар, Балқы Базар, Шортанбай, Досқожа, Сүйінбай, Шөже, Балта, Кемпіrbай, Жанақ, Тубек, Орынбай, Серәлі, Төгжан, Құлмамбет, Жамбыл, Майқөт секілді жыр дұлдұлдерінің өлеңдерін, айтыстарын бастырып шығарды. Кейбіреулерінің шығармалары алғаш рет осы жинақ арқылы баспа бетін көрді.

30-жылдары Сәкеннің осы жинақты жариялауы аса бір сонылық, батылдығы бар жаңалық болумен қатар, көпшіліктің қажетіне жарап, практикалық зәрүлікті өтегені даусыз.

Сәкен: «Бұл жинақтағы ескі әдебиет сөздерінің пікірлері – еңбекші тап мақсатына теріс келетін пікірлер. Ол жайды оқушылар есінен шығармауды тиіс»<sup>1</sup> – деп ескертү жасайды. Бұлай айтуға ол еріксіз барған. Шортанбай, Қенесары қонысынан ауғанда Досқожа ақынның айтқан оғасін, немесе Ұқар бабамыздың орыс патшасының түбінде өзімізді бағындырып, шұрайлы жерімізді, сұымызды, шақонысымызды біртінде алатынын, отарлау саясатын мықтап жүргізетінін болжап, сақтандырып Абылай ханға

<sup>1</sup> Сейфуллин С. Қазактың ескі әдебиет нұсқалары. Қызылорда, 1931, 1 бет.

айтқан аңы өлеңдерін ендіріп отырғандықтан, Сәкен іс басында отырғандардың, сол кездегі «қырағы көз» сыншылардың жинақты шығармай кою, күзеп, қырағылық таныту әрекеттерінен қауіптенгені шубә келтірмейді. «Тапшылдығын» бадырайта көрсетіп, «іргесін бермеуге» ниеттene отырып, заман ыңғайына келетін «кешегі» сездерді оқушыларға жеткізу қажет болғанын аңғартпау әбестік болар еді. Мұндай әрекеттер кейінгі кезде «объективті насиҳат» деп танылған болатын. Сондықтан әлгі ақындардың аттары түгілі, шығармаларын атағандарды күні кешеге дейін кінәлап келгеніміз өтірік емес.

Досқожаның өлеңін жариялағаны үшін Сәкенді де талғампаздық көрсете білmedі, саяси қырағылық таныта алмады деп айыптағық. Оларды «ұлтшыл», кертартпа, өткенді қөксеуші ақындар деп айып тағып, қолдан қонырау байлап, әдебиетіміздің тарихынан ысырып, біраз жыл аластадық та. Осындай аумалы-төкпелі заманды ескерер болсак, Сәкеннің 30-жылдары-ақ үлкен істің батыл баставышы болғанына көзіміз жетеді.

Сәкен осы жинағында Бұқар жыраудың творчествосына мол орын беріп, оның тек жырау ғана емес, өз тұсында үлкен-үлкен мәселелерге араласып отырған ірі мемлекет қайраткері, Абылай ханның данагөй ақылшысы, табанды серігі, халықтың қамкоры болғанын аңғартады және ел аузындағы аныздардың қисындысын Бұқарға жанастыра отырып, даналығы мен тапқырлығы, үлкен ой, толымды пікірі бар сездерінің көркемдік қасиетін жыға таниды.

Бұқарды шетке қақпай өзімен тең дәрежеде ұстап, мен ханмын, жеке дара ел билеушімін деп бет қаратпай, кекірек кермей ақылға салып, парасаттылық таныта, кей ретте сөзіне құлақ асып отырған Абылайдың білгіштігі, ақылдылығы оның тұлғасын тіпті ірілендіре түседі. Сонымен қатар Бұқардың ханға ықпал жасайтын би болғанын айғақтайты да. Төле бидің: «Елге бай құт емес, би құт» деген аталы сөзін раdstайды.

Абылайды арнайы сөз етіп тоқталмағанымен, Бұқардың оған арнап айтқан бір топ өлеңдерін, ел аузындағы аныздарды, әңгімелерді енгізу арқылы да Абылай ханның халқымыздың тарихындағы ірі қайраткер тұлға болғанын

аңғартады. Және Бұқар жыраудың өситет-нақылдарын, философиялық толғауларын жариялау арқылы өзі айта алмаған ойларды, пікірлерді жанамалап өткізсе, Абылай сынды мемлекет қайраткерлерін ел есінен шығармаудың да айласын тапты. Сынай отарып насиҳаттаудың бір парасы Сәкеннің «Кекшетау» поэмасында анық аңғарылатының есімізден шығармайық. Сәкен – өз халқының намысы мен ары жоғары, терезесі тең болуын қалаған, сол жолда еңбек еткен қаламгер.

Сондай-ак, бұл жинақта Шортанбай шығармалары кеңес заманында алғаш рет топтастырыла жарияланды.

Осы жинаққа енген мұраларды Сәкен жариялағанда оқырманға түсінкті болу мақсатын көздең, әрбір ақынның өлеңдерінің, айтыстарының түп-теркініне, шығу тегіне, айтылған жерлеріне дейін назар аударып, көркемдік сапасына да қатты қоңіл бөлді.

Сәкеннің бұл жинағы – ауызекі әдебиет өкілдерінің шығармаларының басын біріктіріп, құрастырылған алғашқы жинақтардың бірі болуымен айрықша құнды. Әдебиеттің іздің ерекшелігін танытатын дарындардың шығармаларын хронологиялық жүйемен орналастыру, ғылыми түсіндірме беріп отыру машиғымен қазақ әдебиет-тану ғылымының азызына егілген өнімді дәннің бірі.

Сәкенниң өз халқына сіңіреп енбегі әр саладан, тіпті жинаушы, бастырушы ретіндегі бейнетқорлығының өзі айрықша атауға лайық. Өйткені, өмірдегі сал-серілігі өнер саласындағы михнатшылдығымен ажарлана түскенін көрмесске болмайды. Осы еңбекшілдікті Сәкен жазба әдебиеттікілдерінің шығармаларын насиҳаттау, зерттеу бағытында қоюландырып тереңдете түскен.

«Көркем әдебиет» деген оқулық (Ә. Тұрманжановпен ірлесіп жазған – авт.) қазақ оқырмандарына Абай, Сұлтан-махмұтпен бірге Қазан төңкерісіне дейін бірнеше жинақ жариялад, қазақ әдебиетіне сүбелі үлес қосқан белгілі шындар жайында кең ой толғайды. Бұл енбек қазақ әдебиетінің тарихында болған дарындарды педагогикалық тұрғыдан таныстыруыш құрал болуымен бірге, Сәкенинің қайшылықты пікірлерін тиянақтап, көркемдік қуатын әділ сипаттауы тұрғысынан да айрықша назар аударуды талап етегін дүние.

Абай, Ғұмардың шығармалары, көркемдігі, тіл ерекшеліктері жоғары бағаланады. Әдебиетімізге қосқан үлестері орынды, ұстамды пікірлермен баяндады.

«Көркем әдебиетте» Абай, Сұлтанмахмұт, Ғұмар аттарына кей тұста «ескілікті көксейді», «ұлтшылдықты жырлайды» деген сияқты сөз қосақтап, «саяси олқылықтарын» тілге тиек етуі – сол тұстағы «солақай саясатшылардың» соқпағына түсе отырып, аталған ақындарды халыққа кеңірек таныстыру, олардың мұрасынан кейінгі ұрпақ көз жазып, мақұрм қалмау мақсатын ойлағандық еді. Біздің бұл ойымызды «көркем сөздің көрнекті шебер ұсталары, классиктеріміз – Абай, Ақмолла, Қарашұлы, Омар, Мәшһұр Жусіп, Торайғырұлы Сұлтанмахмұт, тағы басқалар»<sup>1</sup> – деген тұжырымдары растайды. Сәкеннің ғылыми мұраларын ақтарып қарағанда, оқулықтарға кірген ақындарға емес, қазақ әдебиетінің әріден жеткен алыптары – Бұқар, Шортанбай, Досқожа, Балқы Базар, Сүйінбай, Шәже, Құлмамбет, Майқөт, т.б. ақындар жырлары мен Ақан сері, Ы. Алтынсарин, Біржан сал, Ақмолла, Шәкәрім шығармашылықтары туралы пікірлері де осы сыңайды танытады. Қазақ әдебиетінің асыл тұлғаларын кейінгі ұрпаққа таныстырып, өнегелеу жолына көп күш жұмсағанын көрсетеді. Және келешекте қазақтың жазба әдебиетінің тарихын жақаудың алдын ала жасалған барлауы болып та көрінеді. Әйткені, ол кезде мектеп оқулығын бірден әдебиет тарихына айналдырып жіберу мақсаты әлі күн тәртібіне қойыла қоймаған-ды.

Сондай-ақ Үбырайдың, Ақан серінің, Ақмолланың өлеңдерін, Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнұн» дастанын жекежеке жинақ етіп, алғы сөз жазып, халыққа ұсынған да Сәкен. Бұлардың қай-қайсысы болмасын өздеріне тән ерекшеліктері бар қазақтың жазба әдебиетінің ірі өкілдері. Оларды мектеп оқушыларына емес, қалың оқушыға арнағандықтан «бәзбіреулердің талап тастамауы» үшін алғы сөз жазуды айрықша қажет тапты. Кейде түсіндіре баяндал, кейде қысқа қайыруының сыры – өнерпаз тұлғасының саяси тұрғыдан «құрделілігіне» де байланысты еди.

<sup>1</sup> «Көркем әдебиет». А., 1935, 180-бет.

Әсіресе, Сәкеннің Ақмолланы тануға қосқан үлесі зор. «Ақмолла – қазақ әдебиет тарихынан да, татар әдебиет тарихынан да зор орын алуға тиіс ақын екені рас»<sup>1</sup> – деп үлт әдебиеттеріне ортақ құбылыс екенін алғаш айтты. Қазақ әдебиетінен де лайықты орын беріп, шығармаларын жинап, зерттеу керектігіне баса назар аударды. Ақмолла сияқты үлкен ақынның қазақ әдебиетіне олжа саларын ерте ойластырған еді.

Сәкеннің Ақмолла жайлы айтқан қомақты ойлары бүгінде де толық жүзеге асып болды деу қын. Рас, ол бастаған бастама ілгерілей беретіндігіне күмән жоқ. Оған Б. Кенжебаевтің басшылығымен У. Қалижановтың арна-йы диссертация қорғауы, шығармаларын жариялауы, Б. Ысқақовтың зерттеу мақала жазузы қуантарлық құбылыс болғанымен қазақ әдебиеттану ғылымына аздық етеді.

Шәкәрім аударған «Ләйлі-Мәжнүнді» бастыруы да үл-кен ризашылықпен аталуы тиіс. «Дастанды қазақшаға аударған белгілі ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы»<sup>2</sup> – деп ашық жазуы, Шәкәрімнің атын атап, тәуекелге баруы – сол кезең үшін көзсіз ерлікпен пара-пар еді.

Сөйтіп, Сәкен қазақ ақындарының мұрасын тануға озінің зор үлесін қосып қана қоймай, әдебиет тарихын жасауға қажетті істердің үлгісін де көрсетті.

Қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы адымдары мен қолы жеткен табыстарын айтқанда, Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» 1-ші кітап. «Билер дәуірінің әдебиеті» деген ғылыми зерттеуі алдымен ауызға алынатын күрделі еңбектің бірі. Бұл еңбегінде Сәкен қазактың бай ауыз әдебиетінің ең көрнекті де үлгілі нұсқаларын ғылыми жүйеге салып, оның ішкі жанрларын саралау, көне тарихты көркем туындылармен сабактастыру негізінде жоғары оқу орындарына арналған оқу құралын жасаған. Еңбектің осындай қасиеттері оның құндылығын арттыра түсіп, күні бүгінге дейін өзінің мәнін жоймай келеді. Коммунистік шілдесологияның қысымынан ада болғаннан соң оның қадірі үйрінғыдан да арта түсude.

<sup>1</sup> Ақмолла. Өлеңдер жинағы. А., 1935, 7-бет.

<sup>2</sup> «Ләйлі-Межнүн» дастаны. Құрастыруыш Сейфоллаұлы Сәкен, А., 1935.

Сәкен Сейфуллиннің бұл іргелі еңбегіне мүмкін қа-  
дірінше молырақ токтап, талдау жасау қажет. Өйткені,  
бүгінгі окушы қауымға бұл кітаптың қалай дүниеге кел-  
гендей, 20-жылдардың аяқ шені мен 30-жылдардың бас  
кезінде ауыз әдебиеті жөнінде қандай көзқарастардың бол-  
ғанын, ғылыми зерттеудің өресі қандай дәрежеде екенін  
кысқаша таныстырып, бұл еңбектің өн бойында кездес-  
сетін кем-кетіктердің де сырын түсіндіру қажет.

Қазақ фольклористикасымен Сәкеннің шындалп шұ-  
ғылдануына практикалық мұқтаждық әсер етті. 1926 жыл-  
дан бастап Сәкен педагогикалық қызметпен айналысқа-  
ны мәлім. Әуелі Қызылорда халық ағарту институтында,  
одан кейін Ташкент қаласындағы Қазақ педагогикалық  
институт (Казпедвуз) пен Орта Азияның коммунистік  
университетінде қазақ әдебиетінің тарихынан дәріс оқыды,  
1929 жылы КазПИ-ге ауысты. Ол кезде жоғары оқу орны-  
ның студенттеріне арналған оқу құралының жоқтығы бы-  
лай тұрсын, орта мектепке арналған оқу кітаптарының өзі  
аз, тіпті жоқ болатын.

Сәкеннің сөзімен айтқанда «журналдарға, газеттерге  
жазылған кейбір мақалалар болмаса, бүгінге дейін қазақ  
әдебиеті туралы жазылған ештеме жоқ. Әсіресе ескі  
«ел әдебиеті» туралы жазылған ештеме жоқ. Ескі «ел  
әдебиеті» туралы ештеме жоқтығы былай тұрсын, сол ескі  
ел әдебиетінің жинақтары да жоқ... Сондықтан «Қазақ  
әдебиеті» туралы бірдеме жазу, ескі ел әдебиетін іздең,  
құрастырып жалғастыру өте қажет екендігі соңғы жыл-  
дарда тым қатты сезілді»<sup>1</sup> дегенің осы кітапқа алғы сөз  
жазған Молдағали Жолдыбаев былай қуаттаған: «Бастап  
педагогика институты ашылды. Бұл институтқа қазақ  
әдебиетін оқыту керек болды. Бұрынғы бастауын, орта  
дәрежелі мектептердегідей ауызша оқыту жоғары дәрежелі  
мектепте мүмкін болмады. Институтта қазақ әдебиетін  
оқытушы Сейфоллаұлы Сәкен жолдас бұл қыншылық-  
ты шеккеннен кейін қазақ әдебиеті туралы кітап жазуға

<sup>1</sup> С. Сейфоллаұлы. Қазақ әдебиеті. 1-кітап. «Билер дәуірінің әдебиеті». 1932, 6-бет.

кірісken. Жоқтық қысып амалсыздan Сәken тарихшы болған»<sup>1</sup>.

Өзінің ұстаздық қызметінде осындай киындыққа ке-зікken Сәken 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газеті арқылы қалың қауымға ашық хат жазып «енбекші таптың совет мектебіне ылайық тарих кітабы, әдебиет тарихы әлі де жазылып шыға алмай келеді... Жазылып шыға алмай келген қазақ тарихы, қазақ әдебиеті тарихы және де басқа осындай тарихтар енді осы Қазақстанда білімнің ұлы қазаны, ұлы дүкені болып отырған университет (КазПИ әуелінде университет болып құрылған. – авт.) манында жазылып, тәртіптелінуі керек... Әркім әр жерде бөлек-бөлек жинап жүргенмен, мына жалпының ортасындағы ұлы қазан тәрізді университетке жиналуы керек. Сол себепті қазақ елінің әр түкпіріндегі әлеуметшілік сезімі бар азаматтардан қазақтың ескі тарихи мағлұматтарын: шежіре, билер сөздері, батырлар әңгімелері, жырлары, такпактар, ертектер, қиссалар, әдел-ғұрып жырлары (беташар, жар-жар, жоқтау), айтыс, үгіт-насихат, болжау, тағы да осы тәрізді сезідерді жазып, жинап, университетке жіберулерін өтініш қыламыз»<sup>2</sup> деп өзінің үй адресін көрсеткен. Сәкеннің бұл ашық хатына газет арқылы жауап берушілер де болды. Өзі атап көрсеткен кейбір материалдардың «Қазақ әдебиеті» кітабында талданылуына карағанда және айрықша құнды шығармалар жинап берген адамдардың атын атап отыруына карағанда, Сәken әлеуметшілік азаматтардан көп көмек көрген. Сөйтіп көптің жәрдемімен «Қазақ әдебиеті» туралы жазылмақ екі кітаптың біріншісі «Билер дәуірінің әдебиеті» 1931 жылы 8 наурызда жазылып бітіп, 1932 жылы басылып шықты. Бұл кітап Қазақстанның халық ағарту комиссариаты тараپынан қолдау тауып, жоғары оку орнының бірден-бір оқулығы болған.

Осындай практикалық зәрулік Сәкенге ойланып-толғануға мұрсат бермеген. Оқулық – хрестоматия жазылып, жарыққа шыққанша талай уақыт өтерін сезген Сәken 1931

<sup>1</sup> С. Сейфollaұлы. Қазақ әдебиеті. I-кітап. «Билер дәуірінің әдебиеті». 1932, 4-бет.

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. Шығармалар, 4-том, 389-390-беттер.

жылдың 4 мамыр күні «Қазақстан» баспасына «Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларының» бірінші жинағын ұсынды. Ол да аз уақыт ішінде басылып шықты. Сол жинаққа жазған алғы сөзінде Сәкен әрбір кезеңнің үстем идеологиясы әдебиетке ықпал ететіндігі жөніндегі марксік-лениндік қағиданы түсіндіре келіп, «әдебиет тарихын зерттегендे дерек бола берсін деп әзір қолға түскен ескі әдебиет нұсқаларынан осыларды жинастырып шығардым. Кейін тағы да жинастырылып шығарыла берер. Бұл жинақ «Билер дәуірінің әдебиеті» деген кітап пен оған жалғас дәуірдің әдебиеті туралы жазылған кітаптарға қосымша дерек (материал) ретінде шығады»<sup>1</sup> дегенін естен шығармаған аbzal. Осымен катар тапсырылған «Батырлар жырларының жинағы» Семей баспасынан 1933 жылы шықты. Онда да Сәкен «Ескіліктің тұрмысын, әдебиетін, тарихын зерттеп тексерушілерге мұндан мағлұматтар дерек болуға тиіс. Батырлар жырлары менің «Қазақ әдебиеті» деген кітабымда талқыланған. Мұнда сол батырлар жырларын жинап жариялад отырмын»<sup>2</sup> деп ескерткен.

Табиғатта салдар-себепсіз ештеңенің болмайтыны сияқты, жоғары оку орындарындағы студенттерге оқулық жасап беру ниеті Сәкенді фольклористиканың бар саласын шарлауға, оның ішінде ең қын да абыройлы жариялампаздық қызмет атқаруға мәжбүр еткен. Осы реттен алғанда «менің таяудағы ойыма келіп, қиялымға құрылып жүрген нәрсе – қазіргі тұрмысымыздан бір роман жазу, біrnеше әңгімелер жазу, біrnеше дастандар жазу еді. Бірақ былтырдан бері «Қазақ әдебиеті» туралы бірдеме жазу, ескі ел әдебиетін жинастыру міндеттей көрініп, осы іске кірістім»<sup>3</sup> деп баяндап, шығармашылығының жоспарын қазіргі зәру практикалық қажеттікті орындауға, мұқтаждықтан құтылуға құрбан еткендігін көреміз. Осындаш шығармашылық, құрбандық әлгі жинақтармен ғана шектелсі, әрине, орны толmas өкініш болар еді. Өзінің

<sup>1</sup> Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. 1-жинақ. Жинаған Сәкен (Сейфоллаұлы). 1931, 3-бет.

<sup>2</sup> Батырлар жырының жинағы. Жинаған Садуакас Сейфоллаұлы Сәкен. 11-жинақ. 1933, 5-бет.

<sup>3</sup> С. Сейфоллаұлы. Қазақ әдебиеті. 1-кітап, 1932, 5-бет.

екі-үш жылдай уақытын оқулық жасауға жұмсаған Сәкен «Қазақ әдебиеті» атты монументті еңбек жазып, өзінің ғалымдық тұлғасын айқын танытты, ұлы дарынның тағы бір өнерпаздық қырын айқындағы.

Енді «Қазақ әдебиеті» атты ғылыми еңбектің қадір-қасиеттеріне тоқталған жөн. Әрине, қазіргі өркені өсken оқушы жұртшылықтың білім дәрежесі түрғысынан, М. Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтының ұжымы шығарған қазақ әдебиетінің ғымыми тарихы түрғысынан және фольклоррист-зерттеушілердің жарияланған соңғы еңбектері түрғысынан қараған уақытта, бұл кітаптың бірқыдыру кемшін, жетіспей жататын жерлері бары сезіледі. Ал 30-жылдардағы ғылымның өркендеуі түрғысынан қарағанда мұндай құнды, практикалық мәні зор еңбекті жазған С. Сейфуллиннің иғі қадамы жемісті болғанын көреміз. Күні бүгінге дейін қазақ әдебиеті тарихын, әсіресе оның ауыз әдебиетін зерттеушілер бұл еңбекке үнілмей өте алмасы айдан-анық.

Әрине, С. Сейфуллин халық ауыз әдебиетінің үлгілері мен нұсқаларына талдау жасағанда меркстік-лениндік методологияны басшылыққа алып, таптық көзқарас түрғысынан баға беруге еріксіз ұмтылып отырған болатын. Бұны кемшілік деп үғы да кей кезде орынды болмақ емес. Өйткені, әдеби мұраларды зерттеуде 40-50-жылдардағы еңбектерде кеткен шалағайлыштар мен жаңылыстарды еске алғанда Сәкен көзқарасының парасаттығы, құндылығы айқындала ғүседі. Әр шығарманың көркемдік қасиеті мен идеялық нысанасын шығармашылық бірлікте қарастыра отырып үргілеудің арқасында Сәкен дәйекті ғылыми шешімге келген. Сонымен С. Сейфуллиннің ғылыми еңбектерінің ішіндегі ғана емес, бүкіл қазақ әдебиеттану ғылымындағы өресі биік еңбек – «Қазақ әдебиеті» атты оқулық-хрестоматиясы әдебиетіміздің тарихын зерттеу жөнінде А. Байтұрсыновтың<sup>1</sup>, М. Әуезовтің<sup>2</sup>, Х. Досмұхамедовтың<sup>3</sup> еңбектерінің ізін ала жазылған күрделі еңбек. Әдебиеттің

<sup>1</sup> Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. 1926.

<sup>2</sup> Әуезов М. Әдебиет тарихы. 1927.

<sup>3</sup> Досмұхамедов Х. Қазақ халық әдебиеті. 1928.

тариҳын, оның қалыптасып даму кезеңдерін тарихқа байланыстыра қарастыру, әдебиеттің халықтық сипатын ашық көрсетуде өз кезінде ерекше қызмет атқарды, практикалық мәні зор болды. Өйткені, жоғарыда аталған авторлардың еңбектерін оқытпауға шешім болғандығы бір болса, екіншіден, М. Әузовтің 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» кітабының тиражы түгелдей өртеліп жіберілді, жарық көрмеді. М. Әузовтің өзінің қолында аман-есен сақталып қалған жалғыз данасы арқасында соңғы кезде екі рет басылып шықты, бірақ бұған дейін еш жерде практикалық тұрғыдан пайдаланылған жок. Ол кітаптардың бәрі де «алашордашылардың» қаламынан шықты деп ғылыми-практикалық мәнінен гөрі «саяси» жағына назар аударылды. Мектеп пен қалың жұртшылықтан тасалап ұсталды. Тіпті жоғарыда айтқанымыздай, М. Әузовтің «Әдебиет тарихы» 10 мың тиражы түгелдей өртелінді. Сондықтан Сәкеннің «Қазак әдебиеті» жоғары оқу орындарында оқытылған бірден-бір еңбек болды.

«Қазак әдебиеті» еңбегінің жетістігі, кемістігі, құндылығы жөнінде М. Жолдыбайұлы<sup>1</sup>, Б. Кенжебаев<sup>2</sup>, Н. Смирнова<sup>3</sup>, С. Мұқанов<sup>4</sup>, Т. Кәкішев<sup>5</sup>, М. Фабдуллин<sup>6</sup>, С. Қирабаев,<sup>7</sup> т.б. ғалымдар мақалаларында, зерттеулерінде ой-пікірлер айтылды.

Халқымыздың тарихына шолу жасап, елдің тұрмысы, басынан өткерген дәүірлері, көшіп қонып жүрген жерлері, кәсібі, шаруашылығы, батырлары, билері, діні, тілі, өнері, әдебиеті, т.б. туралы өз ойларын ортаға салып, ғылыми қорытынды жасауы – Сәкен еңбегінің методикалық ұтымды жағы. Өйткені, әр дәүірдің тарихи-әлеуметтік жағдайын

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. «Қазак әдебиеті». Қызылорда, 1932.

<sup>2</sup> Кенжебаев Б. «Әдебиет майданы». 1933, №6-9.

<sup>3</sup> Әдеби мұра және оны зерттеу. А., 1961, 81-бет.

<sup>4</sup> Мұқанов С. Қазак әдебиетіндегі жана эра (Сейфуллин С. 6-том, А., 1964).

<sup>5</sup> Кәкішев Т. Халық қазынасы. (Сейфуллин С. 6-том, А., 1964). С. Сейфуллин. «Сенің сүйікті жазушын» сериясы, (1989), Жинақта: Қазак фольклористикасы. (1972).

<sup>6</sup> Фабдуллин М. Тыннан түскен жол. «Қазак әдебиеті», 1965, 29 қантар.

<sup>7</sup> Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. А., 1974, 413-414-беттер.

білмей, көне әдеби мұрамыздың сыр-сипатын түсіну онай шаруа емес.

Автор халыктың тарихына шолу жасағанда өзіне дейінгі зерттеуші ғалымдар: Левшин, Радлов, Потанин, Бартольд, Диваев, Шәкәрім, Тынышбайұлының еңбектерін және газеттерде жарияланған материалдарды орынды пайдаланып, ой-таразысына салып, өз елегінен өткізіп отырады. Ойын дәлелдеу, нақтылай тұсу үшін ауыз әдебиеті үлгілеріне, батырлар жырына, жеке ақындар туындыларына арқа сүйеді. Олардан нақты мысалдар келтіреді. Халқымыздың тарихы жазылып, бір ізге, бір жүйеге түсіп болмағандықтан, Сәкен осы тәсілді басшылыққа алып, халық шығармашылығымен алшақтамаудың үлгісін көрсетеді. Окулық-хрестоматияның қос міндепті арқалауын, әсіресе, сүбелі білім жолына тұсу үшін көне тарихқа шолу жасауын С. Мұқанов, М. Ғабдуллин сияқты ірі ғалымдар басы артық нәрсе деп санамаған.

Автор ауыз әдебиетін үлкен екі бөлімге бөліп қарастырады. Бірінші бөліміне: 1) Ертектер, 2) Салт өлең-жырлары, 3) Ескіліктегі дін салтынан туған өлең-жырлар, 4) Мал туралы, «қадірлі» жануарлар туралы әңгіме, өлең, қүй, жырлар, 5) Жастық ойын, құлқі өлең-такпактары, 6) Билер сөздері тәрізді ауыз әдебиетінің түрлерін енгізеді. Екінші бөлімін батырлар жырлары мен ертедегі жырлы әңгімелердің (лиро-эпостық) шығу тарихына, көркемдік ерекшелігіне жырдың құрылышын зерттеуге арнайды.

Халық ауыз әдебиетінің негізгі түрлерін сала-салаға бөліп, оның ішкі ерекшеліктеріне қарай тағы да ұсақ-ұсақ түрлерге, жанрларға саралап, тармактап, жіліктеп, әрбірінің өзіндік қасиеттеріне токталып, түйген байлаулы пікірін айтып, ой корытындылап отырады.

Оның осылай ауыз әдебиетінің түрлерін ішкі ерекшеліктеріне, мазмұндарына, орындалу ретінене, тақырыптарына қарай бөлу принципі, жіктеп саралуы – қазіргі ғынышмға жат емес. Тіпті кейбір өнімді салалары Сәкен класификациясынан бастау алғанын да көреміз.

Сәкеннен бұрын қазақ ауыз әдебиетіне классификация жасаған М. Әуезов пен Х. Досмұхamedов болды. М. Әуезов ауыз әдебиетінің жанрлық түрлерін сыршыл-

дық салт өлеңдері, ел салтындағы шер өлеңдер; дінмен байланысты өлеңдер, қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдер, батырлар әңгімесі, ел поэмалары, тарихи өлеңдер, ертеңі, айтыс өлеңдер, билер айтысы, зар заман ақындары деп бөлсе, Х. Досмұхамедов ауыз әдебиетінің түрлерін 46-ға жеткізеді. Эпос (жыр), ертеңілер, мақал-мәтеддер, жұмбактар, ырым сөздері, тұрмыс-салт жырларының алуан түрлері болып тарамдатылады. Сәкен өз еңбегінің оқулық әрі хрестоматия жүргін арқалайтының ескеріп ғылыми және педагогикалық жағына назар аударады. Және әр жанрдың «таптық негізіне» жіті көніл бөліп отыратыны да бар.

30-жылдары Сәкен ұстанған принципке қарағанда, бүгінгі фольклористеріміз типологиялық салыстырма әдісті басшылыққа ала отырып, ауыз әдебиетін жіктеу, жанрларға бөлу, ерекшеліктерін айқындау, генезисін, құрылышын, варианттарын анықтау, т.б. салаларына көп көніл бөледі. Бұған қарап, Сәкен айтқан пікірлер, ұстанған әдістәсілдер мұлдем маңызын жойған екен деген ой тумау керек. Мәселен, ауыз әдебиетінің қай түрін болмасын текстерген кезде халықтың тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, нағым-сенімімен, салт-санасымен, әдет-ғұрпымен тығыз байланыстырып, одан елдің арман-мұңызың, тыныстіршілігінің шынайы қөрінісін тауып, ғылыми дүрыс қорытындылар жасап отыруы бүгін де маңызды. Халық тарихын өзінің рухани азығы болған әдебиет нұсқаларынан алшақтатқан уакытта жансыз схемаға құрылған, «тәрек ғылыми» деп есептелгенімен ел өткенін бұрмалаған жалған еңбектер туғанын, әсіресе 70-90-жылдары көп кездестіргеніміз етірік емес.

Әрине, 30-жылдары Сәкен ұstem идеология негізінде тапшылық көзқарасқа жиі-жиі бұрылып кетіп отыратындығы, оның еркін көсілуіне ырық бермей, ойын тұсағанын байқаймыз.

Мәселен, салт өлең жырларын, батырлар жырларын, билер сөздерін талдағанда оларға жоғары баға бере отырып, ұstem таптың тілегіне орай айтқан деген бір жақты қорытынды жасап жіберетін кезі аз емес.

«Қазақ әдебиеті» кітабының екінші бөлімін «Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ноғайлы дәүірінен қалған әдебиет

нұсқалары» деп атап, бұл бөлімге батырлар жырлары мен жырлы әңгімелерді кіргізеді. Батырларды жеке-жеке тексереді. «Едіге», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр», «Қамбар», «Алпамыс батыр», лиро-эпостық жырлардан «Қозы Көрпеш – Баян сулу», «Қызы Жібек» секілді жырлардың мазмұндарын біршама баяндап, халық арасына тарапуы, басты қаһармандарының тарихқа қатысы, кейбірінің өзге халықтар әдебиетінде кездесетіні, вариантының молдығы, әрбір жырдың құрылышы, көркемдік ерекшелігі, көпқабаттылығы (полистадиялылығы), т.б. қасиеттеріне ерекше назар аударады, өзіне дейін айтылған пікірлермен кейде келісе, кейде таласа отырып, өзінің шешімді, кесімді пікірін айтады, ойын жинақтап қорытындылап отырады. Таптық қарауылын ұмытпайды. Батырлар жырын талдаған уақытта үстем тап өкілдері ер мен батырларды өзіне тең тұтпай, тек жауды мақатуға қажетті қара күш иесі ретінде пайдаланғанын айтып отырады. Ақша ханның қызы – Ақ Жүністі алып қашып, Ханзадаға панаған Ер Тарғын Шағандары қалмақтарды қыуп, ханға жер-су алып беріп «сыйлы» болады. Бірақ қарауыл қараймын деп Ер Тарғын мертігіп қалғанда Ханзада жұртына тастан кеткенін, ханға қатер төнгенде «қызыымды беремін» деп Тарғынға жауын мұқаттырып алып, тағы да алдап кеткенін Сәкен таптық теңсіздік тұрғысынан баяндайды, бай мен кедей, хан мен батыр арасында әлеуметтік айырмашылықтың болғандығына назар аударады.

Сәкен өзінің осы көзқарасын қара қасқа атты Қамбар батар жырын талдаған уақытта айқын аңғартып, тоқсан үйлі тобырды асырау қамында жүрген Қамбардың адамгершілік қасиетін айрықша көрсетеді. «Ер Сайын мен Қамбар батырды салыстырғанда, әңгіме Сайынды даракы байдың ұлдарынан шыққан, бет зәрінен жұрт түршігетін батыр қылып көрсетсе, Қамбарды ағайынның аш-арығына қайырымшыл, үлкенге кішіпейіл, кедейден шыққан батыр қылып көрсеткен»<sup>1</sup> деп таптық айырмашылықтың сырғиннітін аңғартады.

<sup>1</sup> С. Сейфоллаұлы. «Қазақ әдебиеті», 1932, 210-бет.

Сондай-ақ, Сәкен батырлар жырында, сонымен қатар қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларында әйелдің азаматтық ары жайындағы мәселелерге назар аударды. «Қобыланды батыр» жырындағы батырлығы Қобыландаудан кем емес, «туған әкесін өлімге қып, сондарынан ерген Қарлыға қызды бірсеке Қараман, бірсеке Қобыланда «олжа қылып» алып жүргендеріндегі, Ақ Жұніс те, ханның қызы болса да, жүртттан асқан сұлу және ақылды болса да, ханның баласына бармай, Тарғынға ғашық, болып соңынан ерсе де, батырдың жетегіндегі олжадай ғана болып, қуып жеткен қарт Қожаққа қала береді»<sup>1</sup> деп тенсіздік пен зорлық-зомбылықтың саяси-әлеуметтік астарын аша баяндайды.

Әдебиеттік құбылыстарды зерттеу, талдау мәселесінде берік те бекем позицияны ұстау жөнінен Сәкен тұтынған жолдың дұрыстығын айту, оның кейде асырып жібергенін жаба тоқуға мүмкіндік бермейді. Осы еңбегінде мұра жөнінде 20-жылдары қалыптасқан теріс пікірлердің көбін Сәкен түзетуге тырысқан. Алайда В. И. Лениннің бір мәдениетте екі түрлі мәдениет болады деген қисынына бой алдырып, ертеде шыққан өлең, жыр, эпос, қисса-хикаяттардың көбі ұstem таптың ықпалымен туған дегенді әлсін-әлсін еске түсіріп қоятыны жоқ емес.

Ауыз әдебиетінің мән-жайына тоқтаған уақытта Сәкен әрқашанда: «біреуден-біреу жадына алып жүрген сез ауыздан-ауызға көшіп, бүкіл елге жайылып, бұрынғылардан кейінгілерге мұра болып қалып жүреді. Сол әркімнін аузында қақбақыл болып жүрген сөзді әркім ұstem санаттың ықпалымен өзінше өндеп, дәндендіріп, сырлаған болады. Сөйтіп баста ауыз әдебиет болып шыққан сез неше басты арапалап, неше ауыздан шығып, біраз өмір сүрген кезде көп өзгеріске түсіп, талай жері оңалып, талай адамның қоспасын қосып, талай адамның «еңбегі сіңген» сез болып, баста шығарған адамның кім екені ұмытылып, жалпы көпшілікке «бірдей» тәрізді, «жалпы елге бірдей» тәрізді ел әдебиеті болып кетеді»<sup>2</sup> деген ғылыми дұрыс тезисті қолданып отырса да, анда-санда ауыз әдебиеті нұсқала-

<sup>1</sup> С. Сейфollaұлы. «Қазақ әдебиеті», 1932, 197-198-беттер.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 40-41-беттер.

рын түгелдей болмағанмен, көбін үстем таптың үлесіне беріп, калың еңбекші жүртшылықтың асыл арманды, өршіл талапты шығармаларын тасада қалдырып, тапшылдықтың шылауында жіберетіні кездеседі. «Қазақ әдебиетіндегі» осындай көзқарасын Сәкен 1934 жылы шығарған «Көркем әдебиет» деген (Өтебай Тұрманжановпен бірге) оку кітабында түзете сөйлеуді қажет деп білген. Онда ауыз әдебиетінің бір тұтас емес екендігін, сақталған әдебиет нұсқаларының бәрі бірдей үстем тап үлесіне тимейтіндігін, «Бұқараның шығарған ауыз әдебиеті, оның ішінде малыш-жалшылардың шығарған, қара шаруаның шығарған ауыз әдебиеті бар»<sup>1</sup> екендігін айрықша айқындықпен айтЫП, ілгергі пікірін біраз түзеген.

Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» кітабының айрықша маңызы – қазақ ауыз әдебиетін ғылыми жүйемен талдауы деп ашық айту керек.

Бұл еңбекте ең алдымен қазақ ауыз әдебиетін дәуірлсу мәселесі және оны зерттеу проблемасы оңтайлы сөз болады.

«Қазақ әдебиеті» кітабында Сәкен Қазан революциясына дейінгі қазақ әдебиетінің жалпы тарихын екі үлкен шоғырға: 1) билер дәуірі, 2) патша дәуірі, яғни қазақ елі орыс патшасына бағынған дәуірге бөлген. Осы екі дәуірдің ерекшеліктерін ескере келіп, Сәкен екі кітап жазбақ болған. Алайда, тек бірінші ғана кітабын жазып үлгерген. Оны өзі шартты түрде билер (феодал) дәуірі деп атаған. Бұл «Қазақ әдебиеті» туралы істеген еңбек 2 кітап болып шықпак. 1-кітапқа қазақ атаулы ел арғы ескі заманда, жабайы рушылдық дәуіріндегі үстемшілік жүргізген таптың көлемдері мен ру бастықтарының әкімшілігінде жүрген заманнан қалған әдебиет жұрнақтарымен, одан бертінгі орталық замандағы хандар, сұлтандар, билер, байлар, батыршар косемдік қылған үстем таптың қол астында жүрген 1941-ден қалған әдебиет нұсқалары кірді. Бұл өзі екі дәуір ономастық қаралуға тиіс еді. Бірақ бұл екі дәуір әдебиетімен орнекшілік, тек билер дәуірінің әдебиеті деп атадым. Хан-

1 Сейфуллаұлы. Ә. Тұрманжанұлы. Көркем әдебиет. 5 класс үшін. 1941. 201-бет.

дар, сұлтандар, билер, байлар табының әкімшілік құрған замандарын, жалпы қылышп, қысқартып айтқанда, билер дәуірі деуді жөн көрдім»<sup>1</sup> деп түсіндірме берген Сәкен. Бұл терминді қазақ әдебиеттану ғылымы қабылдамады.

Бір дәуірдің өзін екіге бөлуге болар еді, бірақ оны біріктіріп жібердім дегеніне назар аударғанда, бұл кітаптың екі бөлімнен құралғанын айтқан болу керек. Өйткені, Сәкен «екі дәуір» дегенді ауыз әдебиетінің жанrlарын жіктеу, саралау тұрғысынан ауызға алған. Кітаптың бірінші бөлімін ауыз әдебиетінің жанры мен түрлеріне арнаса, екінші бөлімін түгелдей батырлар жыры мен лиро-эпостың шығу, тарау, зерттеу мәселелеріне бағыштаған болатын. Осылайша жіктеудің өзі Сәкеннің ғылыми көзқарасының дәйектілігінен айқын хабар береді де, кейінгі уақыттағы зерттеу еңбектерінің осы дұрыс принципті жанжақты өрбіте түскенін және әрқашан ілтипатқа алып отыру қажеттігін анғартады. Сәкен «Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқаларын» зерттегенде ең онтайлы принципті қолданған. Батырлар жырын көбіне хронологиялық, тәртіппен зерттейді де, «ұлы батыр», «кіші батыр жыры» деп тексеріп жүргендердің зерттеу тәсілінің ғылыми негізі жоқ екендігін дәлелдейді. Батырлар жырының шығу жағдаяттарына тарихи де-ректерді мол келтіреді де, ноғайлы заманында шыққан батырлардың бәрін түгелдей қазақтікі деп иемденудің дұрыс болмайтындығын ескертті. Сонымен катар «ертедегі батырлар туралы айтылған әңгіме, жырларды жақсылап оқып, тексерініз, онан соң, қазак аталған елдің тарихын тексерсөніз және қазақтың өзге ауыз әдебиетін тексерсөніз – әлгі кейбір әдебиетшілердің: «қазақтың өздерінің батырлар туралы әңгіме, жырлары жоқ, өзіміздікі деп жүргендері ноғай халқынікі» дегені тек жалған сөз екенін көресіз»<sup>2</sup> деп тауып, нигилистік көзқарасқа қарсы шығады. Қазақ болған руладың бұрын Ноғайлы болғандығын дәлелдеу үшін тарихты сөйлестіп, соған иек артады. Және бұл жырларды кезінде Ноғайлы заманын бастары-

<sup>1</sup> С. Сейфоллаұлы. Қазақ әдебиеті, 1-кітап, 1932, 6-бет.

<sup>2</sup> С. Сейфоллаұлы. Қазақ әдебиеті. 1-кітап, 1992, 169-бет.

нан өткізген өзге халықтар да өзіміздін туындымызы деп иемденіп, бауыр баса айтуларына тарихи негіз бар екендігін орынды ескертіп отырады.

Ноғайлы заманында жасады деп тапқан батырлардың қазак әдебиетіндегі ұлгілерін өзге түрік елдеріндегі нұсқалармен әрдайым салыстыра отырып қарастырады. Бұлай зерттеу тәсілі әрбір жырдың көне сипатын, көркемдігін, соны өзгерістерін, соңғы коспалардың сырны айқындауға мол мүмкіншілік бергенін көреміз.

«Алпамыс батыр» жырын зерттегенде қазақ, өзбек, түрікмен нұсқауларын салыстыра отырып, ұқсастықтары мен өзгешеліктеріне тоқталады. Осылай қазақ эпосын ноғай эпосымен салыстыра қарастыру, зерттеу керек деген өнімді концепцияны жүзеге асырган Сәкен болды. Сондықтан қазақ әдебиеттану ғылымында типологиялық салыстырма зерттеу тәсіліне айрықша ден қойғандығы әдебиеттанудың ең бір өнімді арнасын керсетті.

Жырлардың құрылышы жөніндегі түйіндеулері де аса маңызды. Өйткені, қай-қай жыр болмасын алғашқы нұсқасын еш уақытта сақтамай, түрлі заманың, әр дәуірдің килы-қилы оқиғаларын қосып алып, өзгеріске ұшырап отыратындығын ғылыми негізде дұрыс көрсете білді. Сонымен қатар әр жырдың ерте-кеш жырлануын, яғни шығуын айқындаудың мәні зор екеніне айрықша мәнді мензеу жасады. «Қазақтың ескі ел әдебиетіндегі батырлар әңгімелерінің неғұрлым ескірегін алып қарасаң, соғұрлым оның «қиял» қоспасының, жапсырма сырларының, «сертек» түрлерінің молдығын көресің. Ал неғұрлым бергі қиманда шыққанын алып қарасаң, соғұрлым ол әңгіменің «кереметтері» де аз бола береді. Шындыққа жақын бола береді және соғұрлым бертінгі заман батырларының жаралыстары да «кереметсіз» бола береді»<sup>1</sup> деген байқауаларын ортаға салады.

Сәкен қазақтың бай лиро-эпосынан тек «Қозы Көрпеш Һаян сұлу» мен «Қыз-Жібекті» талдаған. «Қозы Көрпеш Һаян сұлудың» мазмұнын тәптештей баянdap, оның сез көттесі мен көркемдігіне көнілі онша толмайтындығын,

<sup>1</sup> Сейфоллаұлы, «Қазақ әдебиеті», 1-том, 1992, 180-181-беттер.

«мұндай жабайы өлеңді ескі заманда, әр үйдің отының басында кім көрінген-ақ айтатын болуы керек»<sup>1</sup> деп тауып, талай келіссіз шумактарды мысалға келтіреді. Бұған қарағанда, Сәкеннің қолына «Қозы Қөрпештің» ақындық шабытпен жырланбаған варианты түскен гой деп ойлауга болады, екіншіден, өзінің шығармашылығында жыр үлгісін, екпінді ырғактарды жиі қолданған ақын батырлар жырын талдаудан кейін онбір буынды қара өлеңге түскенде біраз тосынқырап та қалған сияқты. Оның тап осы сәтте өлең құрылышын сез етуі бұл ойымызды айқындаі түседі. «Қозы Қөрпешті» талай «оқымыстылар» мақтайтын еді. Мен мактарлық ештемесін таба алмадым. Әңгіме өлеңдерінің сез қалауы, сез тізімдері, өлеңдерінің жалпы сарын, күйі жаугершілік замандікіндей емес, «кебенек ішінде бұйығып жатқан» марғау, макау, бейбіт, жалқау, меніреу жатқан замандікі сияқты. Жаугершілік заманындағы өлең жырлардың сарын, күйі жауға шығып жалтылдаған жауынгер батырдың суретін сездірсе, «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» өлеңдерінің сарын, күйі ыргалып көшіп, манаурап конған қоңыр тымақты көшпелілінің суретін сездіргендей болады. Екеуінің сарын, күйінің айырмы айқын сезіледі»<sup>2</sup> дегені дәлелдей түседі.

«Қозы Қөрпеш» жырының көркемдік қасиеті жайындағы пікірдің әр түрлі болуы әбден ықтимал екендігін айтқан уақытта, Сәкеннің жыр мен қара өлең арасындағы айырмашылықты пайымдауының өзі ғылыми тұрғыдан ойланарлық құбылыстың мол екендігін аңғартады.

Сонымен, Сәкен Сейфуллиннің 30-жылдардың бас кезінде ауыз әдебиетінің асыл қазынасын іждағаттай зерттеп, оны сала-салага бөліп, ғылыми талдау жасауының өзі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған үлкен үлес қана емес, сол ғылымның негізіне қаланған зор еңбек екені аян.

С. Сейфуллиннің бұл еңбегін жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық демей, оқу құралы деуіміздің де сырты жоқ емес. Оқулық көбінесе мәселенің бәрі дерлік тиянақты ғылыми шешімін тапқан тұжырымдарға

<sup>1</sup> С. Сейфуллаұлы, «Қазақ әдебиеті», 1-том, 1992, 225-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 225-226-беттер.

негізделіп жазылатындығын ескерсек, бұл еңбекте ондай айқын, ашық қорытындыларды жиі кездестіре бермейміз. Әлі талдауды, зерттеуді талап ететін жайлар біркүйдіру. Ал оку құралы бұл жөнінен авторға көп еркіндік бере алады. Автор өз көзқарасы мен ғылыми қорытындысын аксиома түрінде баяндамай, мәселені қою, шешу, пікір жарыстыру жолымен шындықтың сырын ашуға мүмкіндік алады. Осы тұрғыдан қарағанда Сәкен жасаған оку құралының өзіне тән ерекшелігі де жоқ емес.

Оку орындарына арналып жасалатын хрестоматия көбіне үлгілі нұсқалардан құралып, оның маңызы және авторы жайында қысқаша түсінік берілсе, окулық-хрестоматияда кең көлемді талдаумен қатар, шығармалардан алынған үзінділер қабаттасып отырады, ал оку құралында көбіне авторлық баяндаулар мен түсіндірмелер, тіпті зерттеу, тиянақтау тәсілдері де араласып отырады, ал окулықта нақты шешімін тапқан мәселелер ереже іспеттес тұжырымдалады. Сәкеннің бұл «кітапқа әдебиет нұсқалықтарын әдейі молырақ, толығырақ кіргіздім. Өйткені, бұл кітап, бір жағынан, есқі ел әдебиеті туралы жазылған кітап болса, скінші жағынан, сол есқі ел әдебиет нұсқаларының жинағы тәрізді материал болсын дедім»<sup>1</sup> дегенінің өзі кітаптың оку құралы сипатын айқындаі түседі.

Автордың бұл пікірін Молдағали Жолдыбаев өзінің алғы сөзінде дәйектеді: «Бұл кітап сыннан өтіп, «сымға тарткан құмістей» жұмырланып шықкан «әдебиет тарихы» емес, әлінше марксшілдік талдау көрген, Маркс-Ленин жолына дәлдестірілген, затышыл диалектика әдісімен жиналған қазақ әдебиеті тарихының материалдары. Дегенмен кітап қазақ әдебиеті тарихына құрал бола алады. Кітап байтақ оқытушылар, окушылар бұқарасының сынниан өтіп, талқыға түскеннен кейін келесі кайта басылу парында «Әдебиет тарихы» болып шығады деп сенеміз»<sup>2</sup> дегені де бұл кітаптың оку құралы сипатын айқындалап, тіпті тарихтық қасиетімен толыса түсетіндігіне мензейді.

Тұнғыш оку құралы сол кезеңде кең практикалық өріс

<sup>1</sup> С. Сейфоллаұлы. «Қазақ әдебиеті», 1-том, 1992, 6-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 5-бет.

табуымен қатар, ғылыми-эстетикалық сыннан өткенін де айта кету керек. Шарафи Әлжанов «Қазақстандағы ұлттық мәдениет проблемасы және іліми-зерттеу институтының алдағы кезекті міндеттері»<sup>1</sup> деген көлемді де мәнді мақаласында Сәкеннің бүл енбекіне айрықша ілтипат білдіріп, орта мектеп пен жоғары оку орындарын құнды оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесін осы оку құралы төнірепгінен өрбітті. Бүл енбектің мән-маңызы, әсіресе педагогикалық талап-тілекке бейімделіп жасалғаны Б. Кенжебаевтың 1933 жылы жазған мақаласында да құптау тапқан болатын<sup>2</sup>. Кітаптың сыр-сипаты мен қадір-касиеті соңғы кезде, әсіресе қазақ фольклористикасының қарышты өркендеу дәуірінде әңгіме ауқымына алынып, тиісті көтеріңкі бағасын алды<sup>3</sup>.

Бүл кітаптың оқу құралы сипатына тоқтаған уақытта оның ғылыми-зерттеу енбектеріне тән қасиеттеріне назар аудармай кету обал. Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымы практикалық қажеттіліктен қанат қаққанын ескергенде, бүл енбекте шығарма сырын баяндап, оған накты эстетикалық талдау жасауы, терен тұжырымдар мен көркемдік қорытындыларды түйіндеуі, ауыз әдебиетіндегі өнімді де айшықты құбылыстарды бір-бірімен салыстыра дәлелдеуі Сәкеннің ғалымдық парасатының молдығынан хабар береді.

Қазақ ауыз әдебиетінің патриархалдық-феодалдық заманда қалыптасқан кейбір тұрларінің сыр-сипатын тексергенде Сәкен бір-бірімен іштей қабысып жатқан әдеби құбылыстарды барынша дәйектілікпен саралайды. Мәсelen, мән-мағына жағынан біріне-бірі жақын тұрларді (естірту, көніл айту, жоктау) былай қойғанда, тұрмыс-салт жырларының өзін іштей сала-салаға бөліп, той бастар өлең-інің ау-жардан, ау-жардың сыңсымадан, сыңсыманың жұбату мен үгіттен, ал жұбатудың беташардан, беташардың айт келіннен айырмашылықтарын өздеріне тән сипаттары мен ерекшілігіне сай жіктейді.

<sup>1</sup> Политехникалық мектеп. № 5-66, 1993.

<sup>2</sup> Б. Кенжебаев. «Қазақ әдебиеті» туралы. «Әдебиет майданы», № 6-9, 1933.

<sup>3</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, 1-том, 1-кітап, 60-61-беттер. 11 кітап, 12, 144-148-беттерін қарандыз. М. Габдуллин. Тыннан түскен жол. «Қазақ әдебиеті», 29 қантар, 1965.

Қыз ұзату, қалындық түсіру кезінде айтылатын өлең жырлардың бүгінгі белгілі жүйеге түсіне осындай дәйекті ғылыми квалификацияның үлкен роль атқараганын айтпасқа болмайды.

Сол сияқты Сәкен батырлар жырын зерттеген уақытта әрбір шығарманың тарихи негізін ашуға айрықша назар аударып, оны халық өмірінде болған оқиғалармен сабактастыра қарайды. Бұл тәсіл әрбір көркем шығарманың нақты өмір шындығынан нәр алатындығын дәлелдеп қана қоймайды, сонымен қатар халық өмірінде болған кейір тарихи оқиғалардың сырын анғартып тастап отырады. Сөйтіп, тарих пен әдебиет арасындағы байланыс, жанды сабактастық пен ажырамас арналар бір-бірімен қабаттасып жататындығы айқындалады.

Әрбір шығарманың тарихи негізін тәптештеп зерттеген уақытта Сәкен тың ғылыми тұжырым жасап отырған. Қазақ эпосын ұлы, кіші батыр деп топтауға болмайтындығын және оларды белгілі бір елдің басы бүтін иемденуіне, бауыр басуына тарихи негіз жоқ екендігін ашық айтады. «Қазіргі Қырым, Астрахань, Қазан, Еділ бойлары, Башқұртстан, Өзбекстан, Қарақалпак және басқа жерлердегі түрік-монгол руладының ол заманда ногайлы елі атанғандары – ертедегі ногайлы батырлары туралы айтылған жырларды, әңгімелерді «біздікі еді» десе, – айтуларына болады. Олай айтуға ақылары бар. Ноғайлы заманындағы ногайлының батырлар әңгімесіне бәрі де ортақ деуге болады. Оларға, қазіргі қазақ та ортақ»<sup>1</sup> деген пікірін тарихи деректермен дәлелдей айттып, әр батырдың шыққан тегіне үңіледі.

Сәкен өз тұжырымдарын айқындаі түсетін мағлұматтарды әргі-бергі ғалымдар мен білімпаздардың еңбектерінен мол келтіреді. Түркі тілдес елдердің шығармаларын көп жинап, өзінің түйінді пікірін айтқан, бүкіл шығыстану ғылымына үлкен үлес қосқан Радловтың, қазақ ауыз әдебиетін зерттеу, жариялау саласында ұлан-ғайыр еңбек сткен Әубәкір Диваевтың аттарын Сәкен зор ілтипатпен атап, қажетті жағдайда пайдаланып отырады. Бұл ретте ді Сәкен сыншылық көзқарасты басшылыққа алып, бұ-

<sup>1</sup> С. Сейфоллаұлы. Қазақ әдебиеті, 1-кітап, 1932, 155-бет.

рынғы тарихшылар мен ориенталистердің айтқанының бәрін түгелдей құптай бермей, кейбір тұжырымдардың шындықтан алыс екендігін айтып отырған. Осының бәрі Сәкеннің ғалымдық парасатының молдығын, ғылыми дәлелінің дәйектілігін айқын аңғартатын жәйттер.

Сәкен Сейфуллиннің осы мәнді еңбегінің басқа оку құралдарынан бір айырмашилығы – қазақ халқының тарихын зерттеп, көп ретте дұрыс ғылыми қорытынды жасауы деп ашық айтуымыз керек. Бұл мәселе әрқашанда, ой толғанысына арна болғанын көреміз. 1933 жылғы мақаласында Б. Кенжебаев сол кездегі тарихи зерттеулер мен түсініктердің өресі тұрғысынан едәуір ескерту жасап, мұндай құнды тараудың осы еңбектен орын алғандығын құптайды. Сонда баяндалған ойлар, кейбір өзекті тұжырымдар құні бүгінге дейін, яғни қазақ халқының ғылыми тарихының бірнеше басылымы шыққанына қарамастан, қолдау табуда.

«Қазақ әдебиетінің» алғашқы тарауында Сәкен қазақ тарихына біраз шолу жасаған. «Көлденең қараған кісіге бұл шолу нақ осы кітапқа қажет емес сияқты. Расында олай емес. Сәкен бұл кітабын жазған шақта қазақ тарихы жүйеге қойылмаған, қазақтың тарихында марксистік еңбектер әлі жасалмаған кез. Сондықтан, егер Сәкен бұл кіріспе тарауды жазбаса талдағалы отырған әдебиет мұралары да толық түсінікті болмас еді. Кіріспе тарау кітаптың кейінгі әдебиеттілік мол жағын ашып беретін кілт рөлін атқарып тұр»<sup>1</sup>.

Қазақ халқының тарихи даму жолдарын зерттеген уақытта Сәкен көптеген нақты деректер мен фактілерді молынан келтіріп, оның тарихи байланыстығы мен сабактастағын ашып, көптеген шындықтардың сырына үніледі, құрделі қорытындылар жасайды. Халық тарихын зерттегендеге дұрыс көзқарасты басшылыққа алып, тарихта аты қалған адамдардың істеген ісін ашық айтып отырады.

Әрине, 20-30-жылдарда қазақ халқының ғылыми тарихы жасалмағандықтан да Сәкеннің кейбір пікірлері

---

<sup>1</sup> С. Мұқанов. Қазақ әдебиетінде жана эра. Кітапта: С. Сейфоллаұлы. Шығармалар, 6-том, 6-бет.

ойланана қарауды қажет етеді. Өйткені, кейінгі жылдары үш рет жазылған қазақ халқының тарихы қөптеген жаңа деректермен толығып, бұрынғы қалыптасқан пікірлердің басқаша баяндалуына негіз болғанын ескерген уақытта, Сәкеннің кейбір трактовкалары қазіргі тұжырымдарға сай келе бермеуі ықтимал.

Сонымен, Сәкен Сейфуллин өзінің жарияланпаздық еңбегімен де, әсіресе «Қазақ әдебиеті» атты оқу құралы сипатындағы ғылыми зерттеуімен де қазактың бай әдебиетінің үлгілерін эстетикалық-социологиялық талдаудан өткізіп, жүйелі класификация жасады, қөптеген соны ой, тың пікірлер айтты, парасаты мен фольклорист ғалым екенін танытты. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу процесіне Сәкеннің қосқан үлесі зор дегендे осы жайлар айрықша еске алынуға тиіс.

Сәкеннің ғылыми еңбектерінің мәнділігін айтқанда бір жайға тоқтала кеткен абзal. Қазақ әдебиетінің тарихына арналған еңбегін екі кітап етіп жазып шығаруға ниеттенгені белгілі. «Екінші кітапқа қазақ атаулы ел Россия патшасының әкімшілігіне бағынған дәуірден қалған әдебиет нұсқалары кірмек»<sup>1</sup> деп «Қазақ әдебиетінің» кіріспесінде айтса, еңбектің ең соңындағы «Жалғас әңгіме» деген тарапушада ендігі зерттеу «казақ атанған елдің ақырындан болса да, шаруашылық түріне өзгеріс кіріп, хандық құрылсы, билер дәуірі іріп-шіріп, қазақ атаулы ел орыс патшасына бағынған дәуірде шыққан әдебиет нұсқалары ғуралы болады. Оны бір бөлек, II кітап қыламыз»<sup>2</sup> деп тағы да ескертті. Осы аталмыш еңбектің жазылғаны, онымен кейбір адамдардың танысқаны белгілі болса да, әзірге оның қолжазбасы қолға түсぺй келе жатқандығы өкінішті. Алайда Сәкеннің бұл үлкен еңбегінен жүрнақ та қалған жоқ деуден аулақпыз. Сәкен 1934-35 жылдары Ыбырай Алтынсариннің, Ақан сері Қорамсаұлының және татар, башқұрт, қазақ әдебиеттеріне ортақ ақын Ақмолланың олсң жинақтарын жинап, тұнғыш рет жариялады. Бұлар жазылмақ екінші кітаптың қарлығаштары екені айдан-анық.

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Шығармалар, 6-том, 8-бет.

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. Шығармалар, 6-том, 419-бет.

Ыбырай мен Ақан жайында 20-жылдардың бас кезінде бірді-екілі мақала жарияланғаны болмаса, көбіне жалпы шолуларда теріс сыңайда гана аталағы жүретін-ді. 1933 жылы М. Жолдыбаев, М. Эуезов, Ә. Коныратбаев жазған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабында» Ыбырай Алтынсаринга арналған қысқаша тарау бар. Онда да «Ыбырай бүкіл қазақ елінің досы еді, оның ішінде кедейлердің де, еңбекшілердің де досы деу дұрыс емес. Ыбырайдың тұрғыласы Абай. Екеуінің таптық тегі де бір: қазақтың ескі феодал табы, екеуінің ой өрісі, пікір майданында көп ұқсастық, бірегейлік бар»<sup>1</sup> деп сол кезеңдегі көңіл-ауанмен баяндалған болатын.

Сәкен осындай ойлауға назар аудармай, басқаша арна-мен жүру қажеттігін сезініп, тарихта орны бар дастандарға айрықша ұқыптылықпен қарau, өмір шындығы мен сол кезеңнің негізгі бағытын саралау, әдебиет-мәдениет қайраткерінің іс-әрекеті мен дүниетанымын әрқашан әді-лет таразысына салып отыру керектігін ескертіп, өзі жаңа бастама жасады. Осыған айқын дәлел – Ыбырай Алтын-сарин жинағына жазған қыска да мәнді алғы сөзі.

Сәкен осы алғы сөзінде Ыбырай шығармашылығының негізгі қадір-қасиетін айқындал, оның дүниетанымындағы кайшылықтардың себебін дұрыс аша білген. Ыбырай Алтынсарин – «қазақ әдебиетін Европа жолына, енер жолына бұрын бастаған ең тұңғыш жаңашыл, суретшіл ақын»<sup>2</sup> деп Сәкен айрықша мәнді қорытынды жасайды да, оның ағартушылық еңбегіне ерекше токталады. «Ыбырай бір жағынан айқын болса, екінші жағынан халық ағарту майданында қызмет қылған адам. Ең бірінші рет қазақтың ана тілінде оқу құралын жазған және сол ана тілінде қазақ баласын оқытқан ең алғашқы тұңғыш оқытушы. Ыбырай жастарды оқуға, өнерге шақырды. Оқуға талпына бастаған қазақ жастарына Ыбырай айрықша қадірлі болған адам»<sup>3</sup> деп Сәкен Ы. Алтынсариннің ағартушылық еңбегіне айрықша мән берген болатын.

<sup>1</sup> Жолдыбайұлы М., Эуезов М., Коныратбайұлы Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ, әдебиетінің оқу кітабы. 1933, 74, 78-беттер.

<sup>2</sup> Ы. Алтынсарин жинағы, жинаған Сәкен, 1935, 3-бет.

<sup>3</sup> Ы. Алтынсарин жинағы, жинаған Сәкен, 1935, 3-бет.

Ібырайдың «шоқынғаны», Ақан серінің «жынданғаны» жайындағы лақаптардың бәрі де ескішілдердің шығарған өсегі, жаласы екенін тарихи деректермен дәлелдеп, олардың шығармашылық өмірін көпшілікке үлгі қылды. Қазан революциясына дейін ғұмыр сүрген дарындардың бәріне бірдей феодал тобының ақыны деген атақ жамамақ әуеннен бұл екеуді де құралақан қалмаса да, негізінен алғанда, олардың шығармалары көбіне көркемдік тұрғыдан бағаланды. Мәселен, «Ақанның сұлу әндері, жалтылдаған өлеңдері Ақаннның нәзік, терең сезімді екенін білдіреді. Ақаннның ірі дарқан ақын екендігі де өлеңдерінен айқын көрінеді. Сонсон, Ақан ақындығының үстіне ән шығарғыш композитор.Оның«Сырымбет»,«Аққөйлек»,«Үштотықұс», «Кұлагер», «Қара торғай» деген әндері – қазақ әдебиетіндегі сұлу әндер»<sup>1</sup> деп әр автордың өзіне тән ерекшеліктерін көрсетіп, оқушылардың ынтасын көрнекті дарындардың үлгілі өнеріне аударды, сол кездегі сыншылық ой-шіліктерге жаңа бағыт сілтеуге талаптанды. Ібырай мен Ақан сері шығармалары жинақтарының алғы сөзінде «әдебиет тарихымызға дерек бола берсін деп осы шығармаларын жіберіп отырмын, толық сын кейін жазылар» деп аяқтауына қарағанда, әдебиет тарихы жөніндегі екінші кітабына Сәкен көптеген дерек-мағлұматтар, ақын-жазушы шығармаларын мол жинай бастағанын көреміз. Және оны білікті де ұқыпты зерттеп жүргенін Ақмолланың өлеңдер жинағына жазған кіріспесінен байқаймыз.

Сонымен, ұлы дарынның фольклористикалық еңбегін жүйелеген және ғалымдық тұлғасын танытатын шығармаларын қысқаша талдаған уақытта, С. Сейфуллиннің қазақ әдебиеттану ғылымының іргетасын қалауға зор үлес қосқан, қазақ фольклористикасының қарыштап өркендей беруіне арна салған ғалымдардың бірі екендігін көреміз. Халықтың бақытты келешегі үшін өзінің ұланғайыр құшқуатын, дарқан дарыннын, шалқар шабытын қалтқысыз жұмсаған Сәкен Сейфуллин қазақ мәдениетінін төрінен тұлғаланып көрінері еш шүбә тудырмайды.

<sup>1</sup> Ақан сері. Таңдамалы өлеңдері. Жинаған Сәкен, 1935, 3-4-беттер.

## СӘКЕННІҢ ҰЛТЖАНДЫЛЫҒЫ

Біздің жалпы тұсінігімізде коммунист, революционер, большевик болу қып-қызыл интернационалист, Ахмет Байтұрсынов атауымен атасақ, бибауырмал болуга тиіс, яғни «бауыр керек емес, ел керек емес, жұрт керек емес, адам баласы керек» деп ойладық, ойлап келе жатқандар да жоқ емес. Кеше бұған құлай жығылсақ, бүгін ойланған кекірейгенімізден ішімізді қалай беріп қойғанымызға таң қаламыз. Осы тұсінікті теріске шығаратын тұс қайсы, құбылмалы өмір өткелінде тиімді қолданатын, пайдаға асыратын тұс қайсы? Аханша айтқанда, «жасасын би-бауырмалдық!» деп айғайлағанмен адам баласының арасындағы «жік» жоғалмайтынын тәтті тәнімізге аңы шыбық емес-ау, сырғауыл сойыл тиген кезде көрдік, сездік, бірақ екі жарым ғасыр бойына қалыптасып қалған құлдық психология тұяқ серпуге мүмкіндік бермеді. Басқа ұрды, соқты, көндік, көнбекенді атты, асты. Зорлықтың күштілігімен жалғыз қанатпен «ұшып», «жасасын интернационализм» дегенімізді күні бүгінге дейін қоймай келеміз.

Коммунизм идеясын өзінің ыңғайына жығып алғып дәүірлеген «ұлыдер жавалық шовинизмің» жамылғысы, бет пердесі болған «интернационализм» екенін анық тұсініп болмағандар әлі де аз емес. Совет өкіметін қайта орнатып, билікті КОКП қолына берейік деген Зюгановтарды былай қойғанда, Ресей парламентіне депутаттар ұсыну және сайлау кезінде Солженицын, Жириновский, Лысенко, Руцкой, Скоков, Лебедь, Стерлиговтардың арманы не екенин естігенде шошымай қалғандарға не демекпіз. Тарих донғалағы өз айналуын тоқтатпайды, «маган ұлт керек емес, бауыр керек емес» дегендерді мансұктамай қоймайды, опық жегізбей тынбайды.

Елі-жұрттын, ата-анасын сүймейтін пенде еш уақытта болған емес. Мұны ешқандай жәреуеке сөз жасыра алмайды.

Мұны тіпті В. И. Лениннің өзі жасырмадының, яғни «ұлттық мақтанын» аспандатқанын ол өлгеннен кейін ұмытып кетсек те, әр адам, әр коммунист, большевик, әр интернационалист өзінің ұлттан, қай халықтан екенін ұмыта алмағаны рас, бірақ өз еліне, жүрттына деген игі тілегін сыртқа шығара алмай тұншықканы тағы рас. Сөзінің жалғандығын көзі айтып қойған сәттер аз болды ма?!

Сәкенің ұлтжандығын айттар алдында осындағы қалыптастан көріністі қайтадан көзге елестетіп алмасқа болмайды, өйткені бұл жай көбіне-көп 1937 жылдан кейін мейлінше деңдеп кеткен, тіпті індекте айналған қылымсыған қылыш болатын.

Сонымен, коммунист, большевик бола жүріп ұлтшил, ұлтжанды болу мүмкін бе? Әбден мүмкін, тіпті әрі-беріден соң қажет, шын ел-жұрт тілеуін тілегендерге, сол үшін арұтын, арман-мұратын арнағандарға, сол үшін қасыктай қанын, шыбындай жанын беруге бел буғандарға. Ал коммунист, большевик болғандардың бәрі осындағы пиғылда болмағанын, бола бермейтінін тарих көрсетті.

Тагы да алдын ала жасалатын бір ескертпе, біз кенес құлағанша Сәкенің қызыл жағын бадырайта көрсетуге айрықша құмар болдық. «Анау-мынау еркелігін» төңкөрісшілдігінің құрбандығына шалдық. Сөйтіп, біздің көз алдымызда «Қызыл сұнқар» ашық аспанымызда еркін самгады, титіғы қалмай жауыр болған «Қызыл атымыз» бәйгенің алдын бермеді, Бұған бүкіл ел болып, жұрт болып қол соқтық, қуандық, шаттандық. Сонда Сәкенің ішкі дүниесінде алай-дүлей борасындар жүріп, дауыл-құйындар соғып жатқаны ескерусіз қалды. Оны ескерейік десек үшатпады, айтайық десек ауызға ұрды, әбден билеп алған идеологияға ол келісе қоймады. Амалсыздан аузымызың жаптық, тілімізді байладық. Әйтпесе Сәкенің көнілкүйі барлық кезде бірдей бола бермегенін оқыдық, білдік, сөздік. Енді осыған сабырмен бір қарайықшы, мүмкін, оғзайтпай-жазбай келгендеріміздің ішінде кеше де, бүгін де отпелі заманға тап болған қазақ халқына, оның ойлы азаматтарына айттар ғибраты, елге еңбек етудің үлгі-өнегесі болар. Соларды саналыларымыз сараптан өткізіп, мөлдір кийшардан сусындар, шөлін басар.

Ұлтын, халқын, елі-жұртын, ата-анасын сүймейтін пенде жок, бұлар әр түрлі аталғанмен саяр жері біреу-ақ, ол – ұлтжандылық, патриотизм.

«Қазақ энциклопедиясы» таяуда «қазақ елінің экономикасы мен саяси жағдайы, тарихы, мәдениеті мен оқуағарту ісі, тілі мен әдебиеті хақында келелі сөз қозғаған, шығармаларының денін ғылыми әрі көркем туынды түрінде жариялаган «Айқап» журналының» сүбелі материалдарын Y. Суханбердина мен С. Дәүітовтің құрастыруымен 38 баспа табақ қылышпасып шығарды. Бұрын оқығандарымды қайтадан пысықтай оқып келе жатқанымда Сәкеннің «Тұған жерім – өз елім» (шетте жүргендеге) деген (№ 11. 1914) өлеңінің соңғы түйінді екі жолы «Сейткен жерге хахол келіп орнады, Арманда боп, жылай-жылай қалғаным» дегенін оқып, «шошып» кеттім демей-ақ, қояйын, көптен бері ойлап жүрген, яғни Сәкеннің ұлтжандығы жөнінде жазсам-ау деп жүрген ойыма қамшы болып отыр. Бұл өлеңді Сәкен өзі көзі тірісінде шыққан кітаптарына ұмытып кеткендіктен қоспаған болса керек, ал, 1960 жылы Сәкен шығармаларының 2-томының 271-бетіне «Жаңадан табылған өлеңдері» деген айдармен қайтадан жарияланғанда әлгі екі жол ғана емес, сол ойға алышп келетін бір шумак түгелдей алышып қалыпты. Оны істегендер 60-жылдардағы лито болуы да ғажап емес. Қалай болғанда Сәкеннің атамекенге арнаған жырларында:

*Сагынып, Нұра, мен келдім,  
Бұрынғы иең-байғұсың.  
Айырылған сенен көп елдің  
Жатырсың көрмей қайғысын, –*

деген ойларды қысылмай айтқаны анық. Бұл шумақтар, сөз жоқ, Міржақып Дулатовтың «Оян, казағындағы» пікірлерден бастау алғаны сөзсіз. Сәкеннің бұл өлеңдері жалпы арнаға әр саладан келіп құйылып жатқан бұлақтар, өзектер іспеттес дүниелер. Жер мәселесі – туған елдің тағдыры – XX ғасырдағы әдебиетіміздің үлкен бір такырыбы ғана емес, елдік пен ерліктің, тірлік пен болашақтың ең үлкен проблемасы. Мұны бұрынғыша жалаңаш ұлтшылдыққа апарып тели салуга болмайды. Орыс отаршыларынан тізе

көрген, езілген, ашынған халықтардың – «бұратаналардың» көкейіндегі ой-пікір болғандықтан ғасыр басындағы әртүрлі қозғалыстарға алып келген соқпақтар, жолдар еді. Мен мұны Сәкеннің, сондай-ақ осы кезде қолына қалам алған дарындардың жалпы дүрмекке ергендігі екенін біле отырып, елге, ұлтына, халқына еңбек сіңірудің жолын іздеудің бір сорабы деп үғамын.

Осы мақсат жолына тұскендердің ішінде әрқылы деңгейдегі дарындар болғаны, уақыт тезіне шыдамай бұрылышп кеткендері, тірлік құйбенінде қалып қойғандары көп болғаны да өтірік емес. Мұндай игі іске шын мәніндегі ер азаматтарға төтеп берді. Солардың ішінде Сәкеннің өз жолы, өз тұсінігі болғаны ел-жүртқа аян.

Кезінде Сібір университеті аталған Омбының оқытушылар семинариясында оқыған Сәкеннің өмірге көзқарасы 1914 жылдан бастап көріне бастаған. «Бірлік» қауымын құрып, оның сол қанатын басқарған уақытта Шәймерден Өлжанов екеуінің «егер восстание бола қалса қазақ халқы орыстың шаруа-жұмысшыларымен бірге боларына кәміл сенеміз» (кейін осы кезді еске алғанда «революция болса, қолымызға қару алып, революцияшылдармен бір боламыз» деп баяндадты) деулері әшейінгі мәлімдеме емес екенін кейінгі өмір жолдары айқын көрсетіп берді. Солай бола үұрса да Сәкенді бірден төңкерісшіл реюлюционерлер салынына қосуға бола қоймас.

Сәкен осылай дегенмен Омбыдан демократиялық ой-ілес, яғни жүрттың бәрін «теп-тегіс бірдей қылсам» деген жалпы мұратпен оралады. Ол тұсініктен 1916 жылғы ұлтшының қозғалыс кезінде де безіне алмады. «Толқын» оған дәлел. Қолынан келері болмаған шакта елде жасалып жатқан кияннаттардың бәрін жіпке тізіп, «кім бішеді, әлі әділеттік те келер, жауыздардың да жазаларын тартатын уақыт жетер» дегеннің өзін жасырын атпен жағынан, Орынборда «Қазақ» газетін шығарып жатқан шапарына аландағанын, «шіркін, қазақ жастары солдатқа ғырып, әскердің өнерін үйреніп келіп, мылтықпен патшаға қирсы тұрса жақсы болар еді-ау» деп ойлағанын «Тар жол, тийінак кешу» роман-эссеңінде ашық жазды. Ахмет, Әлихан, Міржақылтардың «Ашық хатында» айтылған пікірге ден майған кезі де жоқ емес.

Сәкенниң ізін бақылағандар «С. Сейфуллин в своей книге «Тяжелый путь, трудный переход» совершенно неправильно оценивает восстание 1916 года и неправильно излагает позицию националистической интеллигенции и казахского байства – он по существу оправдывает их позицию» («Большевик Казахстана» 1932, № 5, 21-бет) деп айыптаулары тегін емес. Сондай-ақ, 1917 жылғы жалпы қазақ съездерінің шешіміне де жалтақтап қарайлаған шағы аз болмаған.

1917 жылғы Ақпан төңкерісі Ресей империясының езілген халықтарына да, орыстың өзіне де ұлы жаңалық, ғажап өзгеріс әкелді. Енді оның әрі ойланып-толғануга болмайтынын сезген, кешегі қазақ қозғалысына белсене араласа алмағанына іштей күпті, халық алдында кінәлі адамдай сезініп жүрген Сәкен «куантуға ел-жүртты асығып тез аттанды» да Ақмолага келіп, саясаттың мыс қазанына құмп беріп түсіп кетті. «Патшаның не себепті түскеніне алғашқы уақытта қазақ елі түсіне алған жоқ. Бі-рақ қуанды («Тар жол, тайғақ кешу», 1927, 38-бет). «Құрама комитеттің» сайлауына тап болған Сәкен қоғамдық іске араласып жүре берді. «Қысқасы, аз уақытта Ақмолада талай жиналыс болып, талай рет комитет сайлауы болды. Сөз көп, пәтуа жоқ. Жиналыс көп, тиянақ жоқ. Үкімет әлсіз. Жүрттың бәрі өзі бек, өзі төре. Жүрттың көбі бостандықты енді өз еркімен, өзінше түсінебастады» (17-бет). Омбы қаласында 1917 жылы сәуір айында облыстық, Ақмолада уездік казақ комитеті сайланды. Омбыдағы облыстық қазақ комитетінен келген Дінмұхамет Әділұлы, Қошке Кеменгерұлымен Сәкен және Бірмағамбет Айбасұлы – төртеуі уездік қазақ комитетінің бір бөлмесінде құшақтасып бірге жатады, Керенскийдің уақытша комиссарын бірге қаралайды, қуысады. 1916 жылы қазақ еліне озбырлық жасаған екі-үш болыстың үстінен іс қозғаңдар «Төлеубайды облыстық қазақ комитеті құрамынан шығарындар» дегенге облыстық комитет құлак аспаған соң, Ақмола уездік комитетіндегілер секем ала бастайды. «Жас қазақ» ұйымын ашып, оның платформасына «Россияның ең дұрыс жобалы төңкерісшіл партиясымен бірге майданға шығады. Россияның құрама (федеративная) республика болуын қуаттайды» (1977 ж. 52-бет)

деп жазған кезде Ақмоланың уездік комитеті мен «Жас қазақ» ұйымының ауыз бірлігі күшті еді, талай игілікті істі бірге тыңдырған-ды.

Ал, уақытша үкіметтің Торғай облысындағы төтенше комиссары болып белгіленген Әлихан Бекейханов келіп жеткенше Орынборда 2-8 сәуірде Ахмет Байтұрсыновтың басшылығымен Торғай облыстық казак съезі өтіп «Россия мемлекеті» демократиялық, парламенттік және орталық-танбаған (децентралистская) республика болуын» қалаған иешім қабылдады. (Қараңыз: К. Нұрпейісов. Алаш һәм алашорда. «Ататек» баспасы, 1995, 95-бет).

Ал, 1–13 сәуір аралығында өткен Жетісу облыстық казак съезі мемлекетті басқару түріне келгенде әскери генерал-губернаторлық билікті азаматтық билеумен алмастырып, соғысты жеңіске жеткенше жалғастыруға, уақытша үкіметке бағынып, оған қолдау жасауға қаулы қылды. Ақмола мен Семей съездерінде айқындық жетіспеді. Өрал облыстық казак съезі мемлекет билеу мәселе-сінде «Киргазский народ приветствуют идею демократической республики, оставляя вопрос о национально-территориальной федерации пока открытым, в особую федеративно-демократическую Республику с учредительного собрания» («Алаш-орда». Составитель Н. Мартыненко. «Лайқап» 1992, стр. 37. Соңғы сөйлемінде бір құйтырқы бар) деп шешті.

Ел-жұртты басқаруға қажетті мемлекет түрі туралы 1917 жылдың сәуір-мамырына дейін Құрама (федеративная) республика, парламентті орталықтанбаған (децентралистская) республика түрлері айтылып оның демократиялық сипатын жақтады. Ал, осы жөнінде бүкіл алаш қозғалысына көсем болған Әлихан Бекейханов қандай көзқараста болды деген сауалды таратада баяндасақ, жалпы дүниетаным мен көзқарастың, сөз берінің арасындағы сырлардың шеті енгіп болса да ашылып қалуы тағап емес.

1917 жылы 15 наурызда Минск қаласынан Әлихан Іюкейханов бас болған 15 зиялды Қазақстанда әлеумет ісіне шыластып жүрген 36 азаматқа 25 адрес бойынша жедел телеграмма жолдайды. Ол «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 223 санында жарияланды. «Россиядағы барша халыққа

ағайындық, тендік, бостандық күні туды. Жаңа құрылған үкімет дүкенін сүйеу үшін қазаққа ұйымдасу керек. Біз қалайтын патшалық түрі – демократически республика, яғни, мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі. Құдайдан басқа ешкімнен қорықпандар! Тұзулікпен іс етіңіздер, жаңа үкіметті сүйендер!» деп ұсыныс жасады. Қазақ зиялышылары буржуазиялық-демократиялық ақпан революциясын, ол тудырған уақытша үкіметті толық қолдады, елді соған шақырды, оның анығырақ сөзін Әлихан, Мұстафа, Міржақыптың «Алаш ұлына» жазған ашық хаты әбден айқындай түседі. «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұ қүн тенелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Енді бүгін тенеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өнімізде көріп, тәбеміз қекке жетіп отыр» (Қараңыз: Ә. Бекейханов. Шығармалар, «Қазақстан», 1994, 234-бет). Осы куанышқа кім жеткізді, кімге борыштымыз деген бел қайыстырар сауалды қояды да, соның есесін қалай қайтарудың жолын ашық жазады.

«Еккенде жоқ, сепкенде жоқ қазақ халқы бостаншылыққа ортақ болып отырмыз. Біз қазіргі әділ үкімет, азат Россиямен бір тілекте, бір кемедеміз. Кемедегінің жаны бір. Тілек бірге болған соң, тірі болсақ бір тәбеде, өлсек бір шұқырда болуымыз керек. Соның үшін жаңа үкіметке қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек» (Ә. Бекейханов. Шығармалар, 235-бет). 1916 жылғы 25 июнь жарлығын еске ала келе «біздің жігіттер соғысқа әуелде зорлықпен келсе де, енді орыс халқының жақсылары һәм әскери арқасында бостаншылық алған соң, соғыс біткенше аянбай қызмет етсе, алған бостаншылығымыздың колкасын түгел қайтара алмасақ та, орыс халқының алдында ұялмас едік. Міне, біздің көмегіміз осы болуы керек. Мұны жігіттер де, жұрт та ойласын. Алмақтың да салмағы бар. Жақсылығына ортақпыз, жамандығынан аулақпыз десек, құдайға қас болармыз, жүртшылығымызға таңба болар. Орыс халқы бостаншылық жолында жанын құрбан қылғанда, біз терімізді қиялышқ. Жаңа үкіметтің күшеюіне қызмет қылалық, кешікпей ашылатын Учредельни Собраниада һәм Государственный Думада бәйгеге қосылып, жүлде алып, халқымыздың бақ-берекесіне жол ашалық» (бұл да сонда)

дегенниң жалпы демократаялық сипатының астында талай дүдәмал құпті мәселелер жатқаны айтпаса да түсінікті.

Осындай көзқарас бүкіл алаш қозғалысына, әсіресе, оның басшыларына тән болғаны белгілі. Жалпы халық, жалпы көмек дегендерді ол кезде әрқылы түсінгендер, көлінде қару алып майданға шыққандар болғанын елемеу орынды болмасы айдан-анық. Шырылдаған шындықтың сырын сөзден емес, нақты істен іздеу шарт.

Қазақстанның мемлекеттік құрылышы туралы мәселе бірінші жалпықазак съезінде шешілді. Ол 1917 жылы 21-28 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Съездің қараган бірінші мәселесі – мемлекеттік басқару туралы. «Алаш-Орда» деген күжаттар жинағында еш түсіндірмесіз: «1. О государственном управлении. В России должна быть демократическая федеративная парламентская республика.

2. Об автономии Киргизской области: Киргизские области должны получить областную автономию, смотря по национальным различиям и бытовым условиям» (46-47-беттер) деген қаулы беріледі. Сонда қалай, Қазақстан Россияның құрамына кірген уақытта іштей облыстық автономияға болінбек пе?

Жалпы осы федерация дегенді қазақ зияллылары қалай түсінді және ол жөнінде кім не айтты деген мәселені Сәкенге байланыстыруымыздың бір сыры бар. Біз кейде біреуді мақтау керек болса бәрін үйіп-төгіп соған таңа саламыз, ал даттап қаралағымыз келсе оның бадырайып тұрған ізін, қазаққа сінірген еңбегін көрмей, көз жұмып өте шығамыз. Соның бір көрінісі соңғы кезде алаш қозғалысын зерттей бастаған ғалымдар арасынан кездесіп жатуы тарихи шындықты тағы да бұрмалауға апарып соқтырып аламыз-ау деген ойды қылданатады.

Жалпықазақ бірінші съезі ашылардан бір ай бұрын «Қазак» газеті ең негізгі мәселелерді, әсіресе мемлекет түрі мен партия үйімдастыру туралы жұртқа ой саларлық шікірлер жариялады және съезге келген делегаттар белгілі бір топтың, аймақтың, өлкенің тұжырымын ұстай келуді отінді. «Даярлықсыз адамдардың келгенінен қазаққа келер түк пайда жоқ» деп кесіп айтты.

Қазаққа керегі «мемлекеттік автономия ма, яки уалаяттық автономия ма?» деп негізгі сұрақты қояды да,

олардың айырмашылығын түсіндіреді. «Мемлекеттік автономия болса өз государственная думасы болмақ; өзіне керек закондарды сол думасы шығармақ; ақшасын өзі жасап шығармақ; барша шаруашылық ісі: темір жол, пошта, телеграф сияқты істерінің бәрі де өзінде болмақ. Жерсұның билігі де өзінде болмақ. Өз алдына әскер ұстамақ; қысқасы, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырмақ, өз қамын өзі жемек» («Қазақ», 1917, 24 маусым, № 234), яғни шет мемлекеттермен қарым-қатынасын жалпы мемлекет арқылы жүргізеді және онда өкілдепті уәкілі ғана болады. «Мемлекеттік автономияның бас мемлекетпен жағасатын жері осылар ғана» дегендеріне қараганда бүтінгі Қазақстан республикасының жай-күйі кезге елестегендей болады.

Ал, «уалаяттық автономия болса, оның өз алдына ақшасы, темір жолы, пошта, телеграфы, әскері болмайды. Жалпы-мемлекеттік Думасына уәкілдерін жібереді. Өз думасы сол жалпы мемлекет Думасында шыққан законға қайши келмestей закондарды шығаруға ықтияры болады. Жер-судың билігі жалпы мемлекет қолында болады» дегені қазіргі Ресейдегі Шешен мен Татарстаннан басқа республикаларды еріксіз еске түсіреді.

Жалпықазақ съезін шакырудың дабылы «Қазақ» газеті мен ұйымдастыру бюросының телеграммасы арқылы және Шэймерден Әлжановтың Сәкенге жазған хаты арқылы белгілі болған уақытта, араларына алалық кірмеген «Ақмола уездік казақ комитетінің жалпы жиналысын аштық. Баяндама жасап, пікір алысқаннан кейін, Орынбор съезінің қарайтын мәселелері туралы қаулы шығардық – деп еске алады Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешуінде». – Қауымыз «Жас қазақ» ұйымының жобасымен болды. Біздіңше, ең зор мәселе – Россияның болашақ үкіметінің түрі. Орынбордағы съезге телеграмма соқтық:

«Біз федеративни республикаға ғана дауыс береміз. Басқа түрге қарсы боламыз». Біздің телеграмма съездің ашылуына дәл барыпты». (1977, 61-бет).

Көріп отырсыздар, Торғай, Орал облыстық қазақ съездеріндегі тұжырымдар және «Қазақ» газетіндегі ойлар, Ақмоладан жеткен телеграмма, сөз жоқ, съезд мәжілісінде

міндетті түрде талқыға тұсуге тиіс пікірлер ғой. Ол жайында газет хабарын кездестірмегендіктен Сәкеннің роман-эссе сіндегі мына дерекке айрықша құлақ салған жөн сиякты.

«Біздің телеграмма съездің ашылуына дәл барыпты. Кейбіреулер осы федеративни республиканы қуаттап сөйлепті. Съезд шақыруышылардың ағасы Бекейханұлы кадет партиясының жобасын съезге алғызбақ болыпты, едәуір далbastapты. «Россия үкіметі Англия үкіметіндегі патшасы бар, парламентті болуы жөн» деп таласыпты. «Бұл деректі сол бірінші съездің екі хатшысының бірі болған Асылбек Сейітов Ақмола уездік қазақ комитетінің съезін откізуге келгенде жасаған баяндамасында айтқан. «Орынбор съезінің баспаға басылған қаулыларын әкелді. Съездің қалай болып өткенін сөйледі. Съезде Бекейханұлдарының кадет партиясының жобасын жүргізбек болғанын айтты. Россия мемлекетінің үкімет құрылымы ағылшындікіндей, конституция парламентті болғанын дұрыс деп, ақырында; федеративни республикаға қоңғанін айтты» (62-бет) деген мәні өте зор мәлімдеме жасаған. Ал, осыған біздің қазіргі зерттеушілеріміз дұрыстап назар аудармай, съезде айтылған ой-пікірлерді сараптамай қаға берісте қалдырып, не айналып өтіп жүрген жайы бар. Сейітіп барлық жоба-жоспар Элихан Бекейхановтың қолынан шықты дегендей сыйнай танытады.

Бірінші мәселеде осындай ойлар айтылмаса күн тәртібінде он екінші кезекте тұрған партия құру мәселесі тұсында айналып соқпас еді ғой. Тарих ғылымдарының докторы М. Қойгелдиев: «Съезге катынасқан бір топ делегат партия құру ісіне байланысты сөйлеген Ә. Бекейхановтан ресейлік кадет партиясына катынасын ашық мәлімдеуді талап етеді» (M. Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. «Санат», 1995, 303-бет) деген тың деректі хабарлады. Элихан Бекейханов кадет партиясы құрамынан шығатының бірінші съезд өткен шілдеде емес, II жалпы қазақ съезінде айтып, «Қазак» газетінің 23 желтоқсанындағы 256 санында «Мен кадет партиясынан неге шықтам?» деген мәлімдеме жасаған болатын. Осы уақыттық алшақтықта мән жоқтай сыйнай ғанытамыз. Және Әлекеннің мәлімдемесіне дейін, яғни 21 қарашада «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы жарияланып қалғаны да қалтарыста қала беруде.

Шындығына келгенде, жалпықазақ I съезінің «Қазак» газетінде жарияланған қаулысының сөзімен айтсақ, «Ресей демократиялық федеративтік, парламенттік республика болып, қазақ облыстары қоныс – ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс» дегенді оқымыз. Сонда қалай, бүкіл Қазақстан емес, «қазақ облыстары қоныс – ұлт жігіне қарай «облыстық автономия» болып, сиырдың бүйрекіндегі қырық бөлек болуға тиіс пе? Бұл шешім керегімізді айта алмағандық па, әлде пікір алалығынан туындаған бұлдырық па? Бұған дейін нені болса да айқын түсіндіретін тілдің орашолақтанып қалғаны несі? Мұны ғылыми проблема ретінде терең қазу тарихшылардың мойныңдағы міндет десек, енді осы мәселенің Сәкендердің Алаш басшыларымен байланысына, қарым-қатынасына тигізген кесірін айтпай кетуге болмайды, өйткені бұл бүкіл қазақ зиялыштарының ел болашағы туралы ойларының жол айрығы сияқты үлкен мәселе.

Шынын айту керек, Сәкендер осыған дейін алаш азаматтарының ықпалынан, айтқанынан шыға алмай келе жатқан болатын. 1917 жылы тамыз айында Ақмоланың уездік қазақ комитетінің сайлауы болды. Комитетке «Жас қазақтың» бастықтарынан ешкімді кіргізбеді. Сөйтіп, комитеттен шығып қалдық. Омбыдан Орынбор съезінебарып келген әлгі Ақмоланың облыстық қазақ комитетінен келген А. Сейітұлы енді бізді қуды. Комитетке ылғи байлардың, бұрынғы азулылардың, молдалардың адамы кірді (62-бет). Кеше ғана қазақ комитетінің бір бөлмесінде құшактасып жатып, игілікті істі бірге атқарып жүрген Қошмұқамбет Кеменгерұлы, Дінмұхамет Әділұлы Омбыға, I қазақ съезінеболданған телеграмманы жазған Бірмәғамбет Айбасұлы Атбасарға кетеді. «Жаңарган қазақ комитеті өзінің кім екенин тезінен-ақ іс жүзінде көрсете бастады. Ешбір пәтuaсты болмады. Бостандық, тенденциялық, әділдік іздеген адамдар «Жас қазақ» үйымына келетін болды. Біз «Тіршілік» газеті мен «Жас қазақ» үйымын күшайте бердікі» (63-бет) дейді. Бөліну басталып, арасына аңдысу кірді. Әркім өз білгенімен қазақ халқына азаттық жолын ізdemek.

Сәкендер, яғни «Жас қазақ» үйымының мүшелері әуелі Ақмола уездік қазақ комитетімен алысты, өйткені,

ол «губерниялық комитеттің әмірі бойынша, елден ақша жинамақ болды. Үй басына жеті жарым сомнан! Байдан да жеті жарым сом, кедейден де жеті жарым сом. Өздерінің батагөйлері, мың-мың жылқылы байлар – Сагынайдың Нұрмағамбеті, Олжабайлардан да жеті жарым сом, Ақмоладағы жатақ Балапаннан да жеті жарым сом!» (63-бет). Байқайсыздар ма, 1916 жылы да, Ақпан революциясы түсінда да.

*Есіп кеп, майда желдер таудан асып,  
Құшақтан аймалады амандастып.  
Естіген, көрген-білген сырын маган,  
Айттысты, қуанысып, сыйырласып.*

*«Теңдікке, бостандыққа көптен гашық,  
Нашарлар, ұран салып жсолын ашып,  
Құлдықтан бақыттарын жесепті алып,  
Тү тігіп шығыпты ерлер қол ұстасып...»*

*Асау жел саулап, жсаттан кетті сарнап,  
Арапан Сарыарқаны кезіп-шарлан.  
Ән салдым қырда отырып, көкірек кернеп,  
Кім білсе желдің тілін соган арнап.*

Сәкеннің түсінігінде бүкіл қазақтың мұн-мұқтажы, арман-тілегі ажыратылмай, тұтас айтылып келген болатын. Тіпті федеративтік республика идеясы туған кезде де жалпы демократиялық, жалпыұлттық ұранның аясында шыр айналып жүргенін көреміз. Енді, міне, байға да, кедейге де жеті жарым сомнан салық түсуі «Жас қазак» мүшелерін таптық жікті алдыңғы қатарға шақыруға себепкер болып отыр. Оған жалпықазақ съезінде болып, федерация идеясын жақтап сөйлеген, бірақ өзінің бар таным-білігінде жалпылықтан іргесін аулақ салмаған Асылбек Сейітов алаш басшыларының тапсырмасын орындал, Ақмоладағы уездік қазақ комитетінен Сәкендерді қылыштып отыр.

Жасыратыны жоқ, мұнда пенделік сыңай, субъективтік себеп те жоқ емес. Үш-төрт ай бойына Ақмола уезіне «өздері би, өздері төре болған» комитеттің тізгінінен айырылып қалу «Жас қазак» мүшелеріне, әсіресе жетекшілеріне, оның ішінде Сәкенге оңай тимегенін байқау қыын емес. Бұрыннан-ақ

сезіп, көріп жүрген жайдың бірінші жалпықазак съезінен кейін, әсіресе Омбыдағы облыстық қазақ комитетінің «Жас қазақтармен» ұстасуы, ірге ажыратса бастауы, тіпті қайсыбірінің әкірендеуі ертеден-ақ көнілде жүрген, шыгар мезгілін тосқан қөзқарасты, кәзіргілеп айтқанда, таптық таным білікті сыртқа шығарды.

«Тіршілік» газетінде уездік комитет мүшелерін «Күзетші иттерге» тенеген Сәкен өлеңі «Қазақ» газетін шамдандырыды. Тіпті Рахымжан Дүйсенбайұлының «Қазак әзір муфтиді қоя тұрып, өзге бас билігін түзетсін» дегені де алаш басшыларына ұнамағаны рас. Ілік көбейіп, артықкем сөздер айтылып көніл қала бастады. Сәкендер әскери гарнizonды ез жағына шығарып алғаннан кейін қазақ комитетін тарату былай тұрсын, Керенскийдің комиссарын қуатындағы күшке ие болды. Жиналыс-митинг, таластартыстар құннен-құнгеле өрши берген тұста Петроградтан Керенский үкіметі құлап, билікті большевиктер қолға алды деген телеграмма келгенде Сәкен:

*Кел, жігіттер,  
Болыңдар ер,  
Жүйткіт,  
Оргыт тұлпарды!  
Жаз қанатты,  
Сілте қатты  
Үйтқыт, өрлемет сұңқарды! –*

деген ұранды бүкіл қазақ даласына жеткізуге жан салды. Бұл «Оян, қазақтың» жаңа жағдайға бейімделген жаңа үні болды. Құрбы-құрдастарын, шын азамат жігіттерді тендікке жетудің ұлы міндетін атқаруға шақырды. Оны жазбасқа шарасы да жоқ еді, ейткені оның окудан кейінгі уақытта көріп-білгендері мен естігендері осы идеяны жыр шумағына бөлеп, көнілінде пісіп, бар дауыспен ен далага таратуды талап еткен шақ болатын. Енді айқындық айрықша қажет болғанда.

*Зұлымдық пен  
Әділдіктің,  
Алысқанын айтайық.  
Жер жүзінде,*

*Бай мен кедей,  
Шабысқанын айтайық.  
Кедей сүйер,  
Байлар күйер,  
Ауыздан от шашайық.  
Салып ұран:  
«Кедей құрал»  
Кедейден топ жасайық!–*

деген төңкерісшіл әдебиеттің алғашқы сөзі осындай айқындықпен қазақ сахараасына тарап, ел-жүртты елең еткізгені еш дау тудырмайды.

Осы арада Сәкеннің маркстік дүниетаным жолына кеслуінің өзі табиғи екенін анғармасқа болмас. Омбыдағы қазақ жұмысшыларымен жанасуы, Ф. Березевский сияқты большевик жазушымен дос болуы, «Бірлік» қауымының сол қанатын басқаруы, бір семинарияда оқыған ақын Мағжанмен творчестволық бақастық, Міржақыптың балдызы Гүлшаһра арқылы жұлдыздары жараспауы, 1916 жылғы шакыру кезіндегі атқамінерлер мен бай-болястардың пашарларға көрсеткен зорлық-зомбылықтары, онан кейінгі омір ағысындағы мәнді өзгерістер мен төңкерістер жалпы демократиялық түсінігі бар Сәкендерді кедей жағына шығарғаны сөзсіз. Оның үстіне марксизмнің «бүкіл дүние жүзі жарлы-жақыбайлары бірігіндер, кор болмандар, би-лікті өздерінің қолыңа алындар, бақытты қоғам жасаңдар» деген қарапайым да түсінікті ұрандары бір болса, Қазан төңкерісі алғашқы сәттен бастап жерді – шаруаға, кәсіпорындарды – жұмыскерлерге, нанды ашыққандарға үлестіріп, ел-жүртты жұтатқан қырғын соғысты тоқтатайық, деп келген большевиктік екпін қазақтың талай зиялыштарын өзінің аясына тартып, кедейшілдік, таптық жолға ғүсіргені айдан-анық. Өзінің қолындағы қару-жаракпен ғана емес, көкейіндегі өрелі өлеңдерімен тапшыл әскердің алғашқы сапына тұрған ұлы дарын Сәкен болғандығын қазір бұрынғыдан гөрі естірте айтуымыз керек.

Төңкерісшіл большевик, лениншіл болған уақытта Сәкен өзінің ел-жүрттың ұмытты ма, қазақ халқына теріс айналып «жасасын адамзат» деп далақтай берді ме, азаттықка, бақыт жолына жетудің соқпағын көрсете алды ма,

қазақты жеткізуден басқа арман-тілегі болды ма? деген сүбелі сауалдарды бүтін айрықша қатты қойып тарихи шындық деңгейінде жауап іздеуіміз керек эйтпесе «бұйткен екен, бұйткен екен» деген сыйбыстан, өтірік-аяннан арыла алмаймыз, ұлт мактанышы болған азаматтың қадіріне жете алмаймыз.

Қазақ халқына, әсіресе оның қалың бұқарасы – кедей-кепшікке бақыт, теңдік ізdegен Сәкен Қазан төңкөрісінің алғашқы сәтінен бастап өз бағытын тауып алды да, желтоқсанда өтетін жалпықазақтық II съезд не айтар екен, қандай жен сілтер екен деп аландаған жоқ. Өзі түскен жолға имандай сенді. Қазаққа жақсылық әкелетін үкімет осы деп білді. Сонда да қазақ қоғамында болып жатқаннан хабарсызы болмай, алаш қозғалысының іс-әрекетінен көз жазбай бақылап отырғаны да рас. Түркістандағы Тұрар Рысқұлов, Торгайдары Амангелді, Әліби, Бекейдегі Сейтқали Мендешев, Семейдегі Нұргали Күлжанов, Жетісу дағы Тоқаш Бокин, Ақмоладағы Сәкендер қазақ халқы таптық жолмен бақытқа жетеді деп түсінді де, алаш қозғалысының ұранына іш тартпағы былай тұрсын, кейбір кезде ұстасып та қалып жүрген сәттері болмай қалмады. Халыққа бақыт ізdegендердің жолы екі айырылды, Сәкен, Тұрарлар қазақты бақыт бақшасына жеткізеді деп таптық, маркстік-лениндік жолға түсті, ал қазақ зиялыштарының басым көпшілігі жалпыұлттық, жалпыдемократиялық жолды таңдады. Сәкен-Тұрарлар басынан аяғына дейін большевиктермен бірге болса, алашшылдар Ресейде жасақталған әр қылы үкіметтер мен комитеттерді жағалап, бірде-біреуінен жылы қабак көрмеді. Алаш автономиясын, Алашорда үкіметін ешкімге таныта да, мойындана алмады. Тарихтың әуре-сарсаңына түсті. Федерация да, автономия да уақыт мазағына ұшырап, азamat соғысының ыланына кезікті. Оны қаламағандардың біразы көрінген есікті бір ашып, бір жауып жургенде Сәкен бастаған «Жас қазақ» мүшелері мен совдепшілер атаман Анненковтың «Ажал вагонында серуендер» о дүниедегі тозакты доңғалақ үстінде, ылас түрмеде көрді, құғын-сүргінге ұшырады. Қазақстанда кенес үкіметі 1920 жылға дейін дұрыстап орнай алмай қопаңдағы. Бірде орнап, бірде құлап, талайларға азап-бейнет әкелгені өтірік емес.

Колчактың тұрмесін, қаскөй күштің зорлығын көрген Сәкен бұрынғыдан да жаман тапшылданып кеткені, жігері жасудың орнына қайралып шыққаны еш күмән тудырмайды.

*Уф! Жүреійін, жүреійін,  
Осы жерден кетейін.  
Бостандық, кеңдік, байтаққа,  
Күн-түн қатып жетейін.  
Тіршілік, тұрмыс менікі!  
Әүп!  
Ауаны жұттайын!  
Кеудемді керіп жұттайын!  
Бар ауаны құртайын! –*

деген жігерлі шумақтар тұрмаден қашып шыққан лирикалық кейіпкер емес, бүкіл әлемді билеуге ұмтылған жаңың образына ұқсайды.

Сәкен құғын-сүргіннен, абақты-тұрмаден бұрынғысынан да қып-қызыл болып оралды. Қазак елін көркейтуісіне именбей, жалтақтамай араласып жүре берді. Ондағы бар иман сыры 1920 жылы жазған жалғыз өлеңі «Жел қайықта» айқын баяндалды.

*Тәуекел дарияга салсаң қайық,  
Талмай дүз, тұмқан жолдан кетпей тайып.  
Дарияда бірде тыныш, бірде дауыл,  
Қаңбақша кезер кемең қанат жайып.*

*Тымықта құлаш керсөң әнге салып,  
Түлөп сол толқында да қаһарланып,  
Сыр берме жесел қайыққа мінгеннен соң,  
Рахатты, михнатты да мойынга алып.*

Түркістаннан Ақмолаға маусым айында оралған Сәкен уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары және билік бөлімінің бастығы болып өндіртіп енбек етіп жүргендеге, тегеурінді шақырумен 15 қыркүйекте Орынборға аттанды. Қазақстан кенестерінің тұнғыш құрылтай съезінің Әкімшілік комиссиясына сайланып, Қазақ АССР-ының

территориясын жинақтау мәселесіндегі ірі әңгімелерге араласып, алаш қозғалысы басшыларының съезге қатысуына наразы болған Әліби Жангелдиннің тобымен қызу тартысқа түсті де кетті.

«На 1-й Всеказахстанский съезд прибыли почти все видные руководители «Алаш-Орды» в качестве советских делегатов: самый «верхний» глава «Алаш-Орды» Букейханов Алихан, Танашев, Акаев, Ермеков, Турмагамбетов, Козыбагаров, (все они «министры» Алаш-Орды). Затем, ряд вошедших в коммунистическую партию алашординских крупных деятелей – Байтурсынов, Кенжин и другие. Большинство делегатов – казахов было под явным влиянием их. Кулурные шушукания и настроения делегатов, нас акмолинских делегатов сразу обеспокоило. Мы, Абилхаир Доссов, Сабир Шарипов, Угар Жаныбеков и я пошли в кабинет тов. Жангильдина, где было устроено совещание делегатов-борцов – 1917 -18-19 г. г. – около 20 человек. Где были кроме упомянутых нас, еще Алманов, Каляшников, Булаков, Илистанов, Адилев и другае. Было единогласно твердо решено выступить на съезде против «алаш-ординцев», против участия их на съезде. Распределили роли, назначили ораторов и на другой день, после открытия съезде, когда намечали президиум, мы взяли слово и резко выступили, требовали удаления «Алаш-Ординцев» из съезда. Мы кричали: как же можем мы с ним сидеть рядом, когда у них на руках еще кровь наших товарищей не высохла. Это произвело огромное впечатление. Съездовский зал заволновался. Нас поддерживали криками. Среди руководителей съезда, бюро фракции коммунистов и кирбюро ВКП – пробежало замешательство. Поставили наше предложение на голосование. И что же – большинство (только несколькими голосами) съезда провалила нас. Хотя, после этого, алаш-ординские главари держали себя поосторожнее. Но некоторые главари «Алаш-Орды» вошли в первое Казахстанское Советское Социалистическое правительство».

С. Сейфулиннің «Советская степь» газетінде «Неонационализм и его наступления на идеологическом фронте» деген атпен 1928 жылы 6 маусымда жарияланған

мақаласының түпнұсқасынан әдейі толық келтіріп отырын. Біріншіден, Сәкен еш уақытта жалған сөйлеп, өтірік айта білмеген пендे. Шындық кейін қандай қияппатта болар еken деп ол сескенбекен, әр сөзіне, ісіне жауап беретіндігін ұмытпаған. Екіншіден, билікке таласу сияқты пенделік мінездер сол кезде революцияшыл жел көнілмен қалай айтылғанын, көрінгенін аңғарту болса, үшіншіден, осындаи қадамға Әліби – Сәкендерді итеріп жіберген сыртқы «камкор» күш жоқ па еken деп қалуға болады. Өйткені, «бөлшекте де билей бер» деген отаршылдық пигылдан сол кездегі орыс коммунистері құлан таза емес еді. Осы тактика, әсіресе Қазакстан сияқты жері ұлken, ауыз бірлігі аз өнірде өте табысты қолданылып келгенін еш уақытта ұмытпайық. Қазактың шен мен таққа таласын күні кешеге дейін, тіпті казірдің өзінде шебер пайдаланушылар аз емес. Объективтік және субъективтік себептер салдарынан Қазақстандағы таптық курес басқалардан әлдекайда ауыр да қыын өткенін тарихтың әрбір шешуші кезеңдерінен айқын байқаймыз.

Сонымен, Қазақстанға қандай болары белгісіз, тендік пен азаттық «әкелген» құрылтай съезі болсын, не оған дейінгі Қазақ өлкесін басқаратын әскери-революциялық комитеттің жұмысында болсын, онан кейін құрылған, үкімет орындарында болсын интернационализм туымен жүргізілген таптық курес қазақ елінің ұзына тарихына ылғы ұтылыс сыйлаған сияқты. Әсіресе, қазақ зиялышы ылғы опық жеп, бірін-бірі құлатқанға, бірінің бірі көзін құрытқанға мәз болған шактары аз емес. Міне, сондықтан Сәкеннің ұлтжандығын әңгімелеген уақытта қолымызыдағы бар деректерге ештеңе қоспай, бұрмаламай ашиқ баяндамақпын. Одан Сәкен ұтар да ұтылар, бірақ кейінгілер тарихтан сабак алар деген ой билей береді.

Осы «тапшылдықтан» ұшыққан ырду-дырдудың ең мықты көрсеткіші үкімет құрамы болса керек. Социалистік автономия алған Қазақстанда қазақ халқының саны осы гүста 68 – 70 процент болғанына қарамастан 14 шешуші қызметтің тек төртеуіне қана қазақтар ие болды. Партия үйимының билігі былай тұрсын, Халық Комиссарлары Кеңесінің, яғни партияның дегенін орындаитын жұмысшы

органдының төрағалығы түгіл, орынбасарлығы да бұйырмады. Сөз жүзінде бәріне басшы деп есептелең, бірақ қолында еш уақытта билік болып көрмеген, партия мен үкімет басшыларының аузына жалтаңдай қарап отыратын Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетіне Сейтқали Мендешев күтпеген жерден сайланды. Бұкіл қазақ даласына аты белгілі, мақсаты айқын совет өкіметін бірінші таныған, В. И. Лениннің қабылдауында болғаннан кейін қазақ даласын басқаратын әскери-революциялық комитеттің мүшесі, кейіннен төрағаның орынбасары болған, Лукашев сынды шовинист «коммунист» атып тастай жаздаған, өзінің ар-ұжданының әмірімен большевик партиясына кірген ұлы ағартушы-демократ Ахмет Байтұрсынов сияқты азамат съезд делегаты болып, президиумде отырғанына қарамастан Бекей ордасында мүғалім болып, революциялық іске араласқан, ревком мүшесі болғанмен бұкіл қазақ танитындаи деңгейге әлі кетеріле қоймаған Сейтқали Мендешевтің Қазақтың автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы болып сайлануының себебіне назар аударған абзал. Мендешев ешбір кемітүге болмайтын, қазақтың ірі де тұлғалы қайраткері екені даусыз. Алайда өзінің ойын да, сөзін де ашық айтып іске батыл араласып келген, араласып жүрген азулы азаматтарды, оның ішінде А. Байтұрсыновты дала өлкесін емін-еркін билеп келген озбыр елдің большевиктері қалай қоймағаны тағы рас.

Былай қарағанда, осы шешім бір есептен орынды сияқты, өйткені кеше ғана алаш қозғалысының кесемі, ең мықты идеологы болған, оның үстіне совет үкіметін мойындағанда 1919 жылы наурыз айында Мәскеуге Әліби Жангелдинмен бірге барған Аханды Сабыр Шәріпов, Әбілқайыр Досов, Угар Жәнібеков, Әбдірахман Әйтиев, Сәкен Сейфуллин, Баймен Алмановтардың костамауы, съезд үстінде «алашордашыларды жуасытып алулары», С. Мендешев сайлануының «занды» екенін дәлелдегендей-ақ. Алайда ұлттық тілек-мұддені жоктау тұрғысынан келгенде, әу бастан-ақ шалыс басқанымыз айқын көрінеді.

Маған мынадай да ой келеді және архивтегі деректерді дұрыстап қарасақ, оның шындыққа жақындығы дә-

лелденүі мүмкін. Кеңес ұқіметін орнатуға белсene арасынан, талай қиямет қайымды басынан кешірген тұңғыш қазақ большевигі Әліби Жангелдиннің Орталық Атқару Комитетінің Төрағалығынан дәмелі болуы ғажап емес. Қазақ түсінігіне салсақ, жол да, жөн де сол кісінікі сияқты. Аппарат «ойынына» қатысып жүргендердің біреуі Әлекене Ахмет Байтұрсыновты ыңғайлап жатыр деуі де мүмкін фой. Міне, сондықтан Құрылтай үстінде тапшылдықты басшылықка алулары содан да болуы мүмкін. Ал, большевиктер үшін алаш қозғалысының көсемі, идеологы, сезіне ел құлақ асатын Ахаң емес, айтқан тілді алатын тәртіпті, тәрбиелі адам, иманжүзділігі мен иі жұмсақтығын танытқан Сейтекенен басқа кісіні сырттан келгендеге сол сәтте таба қою оңай емес еді. «Ыңғырат та билей бер» деген қағиданың тұзағына өзіміз ілінгеніміз осыдан-ақ анық көрінеді.

Кешегі революционерлердің көбі Орынборға жиналған уақытта, әсіресе ұлттық мұддені ойлайтындардың бірден ауызбірлік тауып, жарасып кете коймағанын архив деректері көптеп дәлелдейді. Биліктің қызықтырғыш қасиеті көп кой. Орынбор жұмысшысы Г. Коростелев облыстық, партия үйімінің жетекшісі, Қазақстанға тұрактары беймәлім Радус-Зенькевич Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болды. Яғни, ошактың үш бұтының біреуі ғана қазаққа тиді.

Сәкен – Әлібилер осындай ойға өздері келді ме, жоқ болмаса, қазақ зиялышарын бөліп, жілікtese басқару оңай боллады деп есептеген, білетін отаршыл пигылдағы большевиктер от тастады ма, не керек, Қазақстан кеңестерінің тұңғыш құрылтайында таптық желеуді ту қылып колдарына ұстаған қазақ төңкерішілдері алашшылдармен ел-жүрт алдында бетпе-бет осылай кездесті де, билікті басқалардың пайдаланып кетуіне жағдай жасағаны анық.

Осы мәселеге айрықша тоқтаған уақытта біздің бүгінгі азаматтар тарихтан сабак алсын, Сәкен іс-әрекетінің бәрі бірдей онынан бола бермегенін көрсін және осы қате қадамын түзету үшін қалай аянбай енбек еткенін, соны түзеймін дегенде тағы да шалыс басып алғанын аңғарсын деп әдейі тәптіштеп жазып отырмын.

Құрылтай съезінде Орталық Атқару Комитетіне (КирЦИК) 75 адам мүше болып сайланды. Мұнда қазақтың үлесті салмағы аз болды, не бары 27 азамат қана өтті, яғни үштін бірі ғана болды. Бұған қысыла қойғандар, ынгайсыз болды-ау дегендер табылмады. Осы 75 мүшеден 1920 жылы 13 қазанда 12 адам президиум мүшесі болып сайланғанда, қазактар 8, еуропалықтар 4 адам болды. Сәкенге жер және баспасөз комиссияларын басқару міндепті жүктелді. Бөкейді Астраханнан, Ақмола мен Семей облыстарының солтүстік аудандарын Батыс Сібір өлкесінен бөліп Қазақстанға қарату жөніндегі төтенше комиссия жұмысына белсene арапасты. Онан кейін негізгі назарын баспасөз алқасының өнімді де дәйекті ісін бағдарлауга аударды. Әскери революциялық комитеттің тілі болған «Ұшқын» газетінің атын «Еңбек туы» деп өзгертип, оның бірінші санына «Советтік Россияның жайы» деген публицистикасын жариялады. Сөз саптауына қарағанда әлемдік төңкерісті аңсаған, большевизм жолына әбден түсіп, соның сойылын соғуға даяр екенін қалтқысыз танытады. Әлемдік интернационализмге берілген пәнденін кейіпі айқын байқалады.

Қыыр Шығыстан игі хабар жеткенде «Ғабдолла баяурым тірі екен» деп F. Асылбековті бүкіл Қазақстанға таныстырады. Кешегі ауыр азап, көрген бейнет еске түсінде «Ғабдолла бәріміз шынжыр кісенде болдық. Бұрынғы қан ішкіш кәпірлердің ойына кірмеген жауыздықтарды, азаптарды XX ғасырдың зиялышарынан көрдік» деп жазғаны да сол газеттің 25 желтоқсандағы санында жарияланды.

«Еңбек туы» да бір шығып, бір тоқтап малтыға берген соң партия мен Орталық Атқару Комитетінің органды шығару мәселеін Сәкен күн тәртібіне қойып, Қазан революциясының туған күні – 7 қарашада «Еңбекшіл қазак» газетін шығару және Қазақстан мемлекеттік баспасын ашу жөніндегі қаулыны қабылдатты. Қазақ кеңес баспасөзінің қара шаңырағы – қазіргі «Егemen Қазақстан» газеті – Сәкеннің тікелей арапасуымен ынта-ықыласымен, қолкуші, ақыл-санасымен көтерілген еді.

Сәкен қайраткерлігінде әлі де болса әлемдік төңкерістің идеясы басым, тіпті Қазақстан жайына оралар түрі

байқалмайды. «Врангельді құртқан соң, осы уақытқа шейін дұшпандық қылып келе жатқан Европа үкіметтері совет үкіметін лажсыз таниды» деп «Енбек туының» бірінші номерінде айтқан едік. Бұл сөз қазір жарыққа шықты. «Совет үкіметімен пайдалы шарттар жасап, бітім қылуға қазір Европа үкіметтері – Англия, Франция, Италия асығуда. Россия саудасына таласып, өзара алакөз болғаны, әрине, бізге зиян емес. Совет үкіметі мен Европа үкіметтері келісіп, шарттарын жасап, алыс-берісті жүргізсе, Совет үкіметін үкімет деп танымағанда несі қалады» деп бүкіл Советтің жыртысын жыртады да, кисынды тұсында «мұсылман халықтары нашарларды жақтаушы Совет үкіметіне тілекtes болып, мұсылман халықтарын құлданған һәм құртуға таянған қазіргі Европа үкіметтеріне қарсы тұрмакқа бір ауыздан ант қылып отыр һәм қарсылығын жасап та жатыр» деп қазактардың жай-құйін анда-санда алыс емеуріннен білдіріп қояды.

Сәкеннің шын мәнісіндегі мемлекет қайраткерлігі мен ұлтжандылығы 1922 жылдың екінші жартысынан былай қарай арынды да адуынды, комакты да сүбелі болғанын айлап, маусымдап емес, тіпті күнделеп, сағаттап жарқырата көрсетуге болады. Әсіресе, 1925 жылға дейінгі аралықтағы Сәкен қайраткерлігінің, азаматтығының әрбір минут-секунтіне дейін ел пайдасына, ең әуелі қазаққа жұмсалғандығын көреміз де қуанамыз, мақтанамыз, соны түсінбегендерге, көзге іліп алмауға тырысатындарға не дерінді білмей тосыламыз, тіпті кектенеміз.

КирЦИК-тің төтенше комиссиясы 1921 жылы 10 мамыр күні Ленин мен Калининнің тікелей араласуымен Ақмола мен Семей облыстарын түгелдей Қазақстанға қосып алуға қол жеткізген соң, Сәкенді Ақмола губерниясының басқару аппаратын құрып, жәрдем беруге қалдырып кетеді. Губерниялық атқару комитетінің төрағасы болып Эбдірахман Эйтиев Орынбордан келеді. Қызылжар басындағы ірі істерге қолқабысын тигізген Сәкен өз еліне соға кетуді ойлады. Жолшыбай Кекшетау, Бурабай, Мәтен – Ақкөл – Бозайғыр болыстарына жөн-жоба көрсетіп, ақыл-кенесін айтып, күзге қарай Ақмолаға жетеді. Сүзек ауруына шалдығып, ауруханада ажалмен алысады.

1921 жылдың күзіне қарай Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы Радус-Зенькевич Мәскеуге ауысқан кезде Абдолла Асылбеков пен Әбілқайыр Досов Сәкенге тез қайт деген бірнеше телеграмма берген уақытта Ә. Айтиев 2 қыркүйекте Ақмола уездік атқару комитетінің төрағасы Смирнов: «дәрігерлердің айтуына қарағанда жолдас Сейфуллиннің жұық арада оңала қоятын сыңайы байқалмайды» деп хабарлағанын елемей, 3 қыркүйекте Мендешев пен Мырзагалиевке «Сейфуллин жолдас Ақмола губерниясында 28 сәуірден бері жүрсе де ешқандай жұмыстың басын қайырған емес, тіпті өз уезінің съезіне де қатысқан жоқ. Осының өзі оның іске қырының жоқтығын байқатады. Съезге келеріне шүбәм бар» деп, жедел-хат соғады 5-қыркүйекте «Сейфуллин ауру, ауылда жатыр. Съезді өткізуі Леонинюк жолдасқа тапсыруларының дәрігерлердің айтуына қарағанда жолдас Ақмола губерниясында 28 сәуірден бері жүрсе де ешқандай жұмыстың басын қайырған емес, тіпті өз уезінің съезіне де қатысқан жоқ. Осының өзі оның іске қырының жоқтығын байқатады. Съезге келеріне шүбәм бар» деп, жедел-хат соғады 5-қыркүйекте «Сейфуллин ауру, ауылда жатыр. Съезді өткізуі Леонинюк жолдасқа тапсыруларының дәрінеремін» деген өтінішті 8-і күні тағы да қайталайды.

Сәкен ауруханадан қарашаның аяғында шығып, Кеңестердің II съезіне барып келген Ақмола делегаттарынан өзінің КирЦИК-ке сайланғанын, бірақ, Президиум мүшелігінде жоқ екенін естиді де, денсаулығын түзетіп алуды сылтау қылышын, еліне жүріп кетеді. Ә. Досов, Ж. Садуақасов, сонау Қыыр Шығыста Лазоның партизан отрядында ерлік көрсеткен, енді облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болған Абдолла Асылбеков, әсіресе В. А. Радус-Зенькевич Мәскеуге ауысқан тұста Сәкенді іздеген жедел-хаттарды Сарыарқаның даласына бірінен кейін бірін жолдап жатты. Орынборға тез қайт дегендеріне қарамай Сәкен 1922 жылдың көктеміне дейін ауылышта болған. Қасына Сапалай сияқты бірнеше жолдастарын ертіп, Бетпақдаланы екінші рет кешіп өтіп, Созак – Түркістан арқылы Ташкент жетті. Сәкенді Орынборда қызметке тағайындау үшін іздестіріп жатқанын білген «Ақжол» газеті редакциясындағылар Сәкен осы келе жатқан жолында болыстың тоқалын азғырып, Сарыбастың қызына үйленіп, Түркістанға келгенде тасталап кетті деген мағынада Шегірдің «Жалған қамқоршы» деген мақаласын 1922 жылы 19 сәуірде басты. Сәкен қысынсыз жалаға жауап беріп, «Кім жауапкер?» дейтін өлең жазғанда Сұлтанбек Қожанов қағытпа терме шығарды. Маусымның басында

Сәкен Орынбор қаласына келіп, 13 маусымда оқу-ағарту комиссарының орынбасарлығына, 28 тамызда «Еңбекші қазак» газетінің редакторлығына тағайындалды. 6-13 қарашада өткен 3 съезде Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

Бұл жайды тәптештеп баяндаған уақытта өкімет билігінен үміті барларды аяқтан шалу, қауесетке ұшырату ежелгі тәсіл екенін әдейі көрсеткіміз келді. Бұл тәсіл кеңес заманында ең сүйікті іс болып, домалақ арыздарды қоздатып жіберген-ді, қазірде де онан әлі ұзап кете қоймаған сияқтымыз. Мұндайлар адамды қараламағанмен күйелейді, дақ салады, қоңыліне кірбің кіргізбеді. Шенқұмар, билікті аңсағыштарға Сәкен тарапынан ұпай берілген сәті де жоқ емес. Сәкенді 1922 жылы Кеңестердің III съезінде Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы қызметіне қоярда облыстық партия комитетінің бюросында «Төраға бола алмаймын, қолымнан келмейді, оның үстіне жазу-сызудан қол үзіп кетермін» деп айтқаны растайды. Бірақ РКП облыстық комитетінің бірінші хатшысы Г. Коростелев «Жолдас Сейфуллин, Сіздің бұл қылышынызды партиялық тұрғыдан дұрыс деп таба алмаймын. Жұмыстан қашарыңыз бар, партияға неге кірдіңіз. Әркім өз әліне қарай міндет атқаруға тиісті. Сізге лайықтысы – Совнарком председательдігі деп үйғарып отырмыз. Өлең жазатын кезең әлі туады, әуелі халықтың қамын ойлауды ұмытпауыңызды өтінемін» деп сес көрсетіп, Мәскеуге «Сейфуллин жолдас қазақтан шыққан азғана табанды коммунистердің бірі. Совет қызметіндегі тәжірибесі орташа. Қазақ тілінде жазатын жаксы әдебиетші. Өзінің бұрынғы қызметтерінде С. Сейфуллин іске басшылық ете алатындығын, қызметкерлерді іріктеj және оларды басқара алатындығын танытқан. Партияның тәртіпті мүшесі. Маркстік ілімді өз бетімен оқып жетілген. Саяси жағдайды тез аңғарады. Саяси жағына тұрақты. Большевизмнен ауытқыған кезі болған емес. Кабылдаған қаарды жүзеге асыруға жігерлі де табанды. Өзін өзі ұстай біледі және қателік жасаса, оны жөндеуге іждағаты мол жетеді. Өсек-аянға, жікке ынғайы жок» деген мінездемені жолдап қойғанбыз деп Сәкеннің аяқ-қолын бірдей матап тастағаны тарихқа белгілі, архив деректері дәлелдейді.

Сонымен, елге еңбек сіңірем деген адам болса республикадағы ең үлкен қызметтің бірі, мықты лауазымның жайлы да тегеурінді тағы бес жыл дегенде қазактың колына көшті. Ер сыналып, азамат арланар сәт туды. «Қоянды – қамыс, ерді – намыс өлтіретін» шақ келді. Үкімет билігін ұлт мақсатына жақыннатудың тұра жолы ашылды. Сәнді орындықты құшақтап отыра ма, әлде жаныға қызмет атқара ма? Тегінде, Сәкеннің сескенгені осы сауалдар болар!

Сөз жок, Сәкен ең әуелі облыстық (әлі өлкелік дәрежеге жете қоймаған) партия комитеті бюросы мен секретариатының мүшесі, Қазак АССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, Қазақстан кәсіподақтарының Орталық кенесінің мүшесі, Халық Комиссарлары Кенесінің Төрағасы болумен қатар, Кіші совнаркомның бастығы, мүшесі болудың үстіне «Еңбекшіл қазақ» (кейін «Социалды Қазақстан», бұғынгі «Егемен Қазақстан») газетінің және «Қызыл Қазақстан» (кешегі «Ауыл коммунисті», «Қазақстан коммунисті», бұғынгі «Ақиқат») журналының жауапты редакторы міндеттін қоса атқаруға тұра келді. Бел қайыстырлыш ауыртпалық жан берер жауапкершілікпен үстемеленді.

Осы арада бір жайсыз шындықтың да бетін ашып, сырын ұғуға тырысайық. Отаршыл психологиядан айырылмаған большевиктер Ресейдің бұратана өлкелері мәдениеттен жүрдай, қараңғы, надан, іс жүргізетін кадрлары аз, тіпті жок деген желеуді ту қылып көтере келді де, бардың езін көрмеуге, елемеуге, реті келсе ығыстырып тастауға мейлінше құштар болды. Оған өздерінше дәлел, сылтауда тапты. Осы сылтаулар тап бұғынгі кезде де айтылып, жазылып келе жатқаны өтірік емес.

Мейлінше қабындал қаулаған қазақ оқығандары бола коймаса да, Орта Азия елдерінде алда, ілкі болғанымызды дәлелдей айтқан орыс, шетел оқымыстылары бірқыдыру. Ал біздің жай-құйімізге қызыққандар да жок емес. Түрікмен Шаһмұрат Төлек баласы Назири 1915 жылы «қазақтар едәуір жақсы. Ұллар оку, оқыту, өнер істеріне көніл бөліп, алға барушылықты көптен бері іздеушілер. Осы күнде кәдімгідей алға басты. Россиядағы әрбір медреселерде, орыс школдарында қазақ шәкірттері оқиды. Тіпті Астраханда

қыздар да қалалық мектепте һәм гимназияларда оқиды. Екінші, осы күнде қазақша жазылған едөүір кітаптар бар. Үшінші, сол қайраттары арқасында осы күнде журнал шығаруға да жетті. Төртінші, қазактар бұрын сахарада шашылып жүрсе де бұл күнде қайсыбір жерде жиылысып, қала салуға да макұлдасқаны естіледі. Тезірек шаһарлы халық болар деген үмітіміз бар» («Айқап». Қазақ әнциклопедиясы. 1995, 263-бет) дегені немесе Әлихан Бекейхановтың 1910 жылғы «Қазақтар» дейтін еңбегінде Орынбор, Астрахан, Түркістан генерал-губернаторларын былай қойғанда, Дала генерал-губернаторлығында тек оку-ағарту саласында 1905 жылы 1769 мұғалім-молда бала оқытқанын еске алсақ, осылардың бәрін көргісі келмейтін шовинистік көздің құрдымына түсіп кеткені өкінішті.

Қияс пифылмен келгендерге өзіміз де өлшеусіз көмек көрсеткен сияқтымыз. Өзіміздің әрқашанда «жоқ» деп сөйлейтін әдетімізге бағып, «азбыз, жетіспейді» деumen өз сілемізді өзіміз қатырдық. Отаршыл орталықтан келіп, шет аймақта қызмет істеуге кіріскендер өздерінің тамыртанысын соңынан ертіп келгенімен қоймай, үй-орманымен көшіріп әкелуге сылтау тапты. Олар, сөз жоқ, ақыл-кеңесті былай қойғанда, кол күшін беруге, сес көрсетуге, тізеге салуға дайын болатын. Сөйтіп кеңсе атаулының бәрі қазақ рәсімімен іс жүргізбейтін, жергілікті халықпен санастанын, түсінікті тілде сөйлеспейтіндерге толды да кетті. Оны партиялық шешімдермен бекіттіріп отырды.

Осы ұнамсыз қылықтың жамылғысы етіп 1919 жылы наурыз айында алаш қозғалысына қатысқандардың бәріне кешірім (амнистия) жасалса да, енді «алашординцыларды» түгелдей «националистер» деп атады. Ал ұлтшылдардың басы коммунистермен еш уақытта бір қазанға сыймайды деген қисын шығарды да, қазақ зиялышарын көрер көзге екіге бөліп тастан, «қазақ оқығандары аз» деп үарлады. Осының нәтижесінде қалың бұқара дүниеде не болып жатқанын, совет өкіметінің қандай бағыт ұстап отырғанын анық түсіне алмай, әйтеүір «кедей-кепшікті, жарлы-жакыбайларды жақтайды, қолдайды екен, байманаптарға қарсы екен» деп «таптық көзқарасты мықтап қалыптастырығанын енді ғана сезіп-біліп отырмыз. Мұның

салдарын сезген, көре білген адамдар болмады емес, бірақ оларды бас-көзге ұрып, үнін шығартпай қойғанымыз тағы рас. Олардың бәрі «ұлтшыл» болып соққыға жығылды. Соған нақты дәлел Ахмет Байтұрсыновтың 1922 жылы «бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ асып, көңілге ауыр алмау керек. Қазақтың сөзін қаймықпай сейлеу керек. Бас өзгерді, бастық өзгерді, тәбе өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе кеміген жок. Жеуге женіл тұрғанды жеу табиғи іс. Қазақтың бұрын жегендер әлі де зорлық қылып отыр. Қазақ мәдениеті орысттан кем болған соң жем болатыны сезсіз. Қазақ жем болудан тұбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады» деген жан дауысына құлақ қоюдың орнына, тапшылдық түсінікті бұрынғыдан да өршіте тұсуге ұндеушілер табылды. Сәкен тап осы мәселеде олардың ішінде болмай, мықтап «таяқ» жеді. Оны да көрбілтелемей, аттарын атармыз, сонда кімнің ұлтшыл, кімнің ұлтжанды, кімнің бибауырмал екендігін анық көрсетеміз де, әлі де болса қазаққа ойланудың қажет екенін аңартатын шығармыз.

Сонымен, Сәкен – Қазақстанның ең мықты басшыларының, бірі болып сайланды. Ел одан көп үміттенді, оның іс басына келгеніне ренжігендер аз, қуанғандар көп болды. Ренжитіндер ішінде, әсіресе алаш қозғалысына қатысқан зияллылар көп болды. Атыс пен шабыстың, түрме мен абақтының есік төрін жақсы білетін төңкерісшінің билік тұтқасына келуі игілікті емес деп ұққандар «іске» кірісті. Ташкенттегі «Шолпан» журналында «Қызыл сұнқарлар», Мәскеуде шығатын «Темір қазық» журналында «Асая тұлпар» мен «Бақыт жолында» шығармалары тас-талқан болып сыналды. Бөкей губерниялық комсомолының хатшысы Ж. Сәрсекұлы Сәкенді Маркс, Ленин сөзін құранға теңедің деп «шаптықса», «Ақжол» газетінде Темірбай (фамилиясын анықтай алмадық) қазақ әдебиеті тарихынан оқыған лекциясының Сәбит Төңкерісұлы жасаған мазмұндамасына риза болмай, мінеп-даттауы, тіпті ба-лагаттауы сияқты жайсыз көріністер Сәкен үкімет орындығына отырған кезде қауалап кетуі игілікті тілекten туды деп айту қын. Сәкен кеудесінде жаны, намысы бар

пенде ретінде мұны елемеді деуге болмайды. Қапаланды, жәбірленді, бірақ жасыған жоқ. Қызылкөз тапшылдардың ортасына сия қоймағанына қарамастан, төңкерістің иманды жолы осы деген түсінкітен ұзап кете қоймағанын тарихи деректер растайды.

Қазақстанда большевизмнің тегеуріні қатты болғаны соншалық, оппозициялық ойы бар қазақ зиялышарының кебі өз елінен, өз республикасынан жылы қабақ, аялы алақан көре алмайтын болған соң Ташкент пен Мәскеуді өзінің «иммиграциялық орталығына» айналдырып алғанын да ұмытпайық. Эрине, Мұстафа Шоқаев, Райымжан Мәрсеков сияқты алыс шетелге шығып кеткендері аз, алайда өзінің кіндік қаны тамған, асық ойнап, ат жалын тартып мінген Отанынан жырақ жүрудің психологиялық әсері мінез-құлық түгіл, сөйлер сөз, айтар ойға қиястық дарытканың да естен шығара алмаймыз. Осындай қалыптасып қалған жай-күйді Сәкен өзгертуге талпынбады демеймін, бірақ қолынан келмеді, тіпті оң қадамы үшін сыналып-мінелген сәті көп. Соларды «мұрнынан тізіп» айтып шыға алсақ, көп жайдың сыры өзінен өзі ашылып, қысастықпен өрек-піген, тарихи негізге сүйенбеген пифылдардың әшкере болары сөзсіз. Ол үшін Сәкеннің өкімет билігін қолына алған шактан бастап, жалғыз пенделік қалпын ғана емес, мемлекеттік қайраткерлігінің жалпы аумағын анғартып алудың артықтығы жоқ.

Сәкеннің басқа ұлтжанды, әсіресе алашордашылардан айырмашылығы сол, ол ұлтқа, қазақ халқына қызмет етуді тар аумакта, тек ұлттық тұрғыда қарамай, сол кездің өзінде-ақ ендең келе жатқан идеология – интернационализм рухында қарап, жіліктің майлы басын орынды жерінде қазаққа бұра берді, қазакты сыбагадан қакпады. Оны тындыру, атқару үшін ешкімге жалтақтаған жоқ, етірік айттып мәйпөлеген де жоқ, тиісті кезінде кесіп ашық айтты, білекті сыйбанып жіберіп орындауға өзі кірісті. Және осы жөн деп тапқан мәселені жүзеге асыру барысында қырын тартқандармен, әсіресе әр адымын есептеп басып, «орнынан айырылып қалмайын» деген пасық ойлы бастықтармен ашық күреске шықты, бет-жүзіне, отырган орнына, атақ-дәрежесіне қарамады, шындықты тіліп айтты, батарып айтты, түсіндіріп бақты.

Иә, сонымен Сәкен үкімет басына келді. Сәкеннің осындаға ірі мемлекеттік қызмет атқару амалын өзіне дейінгілермен, не болмаса өзінен кейін тәрағалық еткендермен салыстырғанда айырықша көзге түсетін бір айырмашилігі – ісі мен сөзі, ойы мен пәрмені бір болуына шын мәніндегі журналистігі, яғни «Еңбекші қазак» сиякты қуатты құралдың жауапты редакторы болуы Сәкен қайраткерлігін еселец түсті, дәйектілігі мен пәрменділігін мейлінше арттырып жіберді. Мұндай құбылыс кейін қайталанған жоқ. Өзінің мемлекеттігінен, елдігінен екі ғасыр бұрын айырылып, орыс отаршылығына ұшыраған қазақ халқының ендігі жаңа мемлекеттігін, мәдениетін қайтадан қалпына келтіру, жаңа заманға лайық негізін қалап, өркендету мәселелері онғайға түспесін Сәкен білді, біле тұра осындағы қының-қыстау күнде елге жан аяマイ еңбек етуді өзіне парызынан санады. Халқы үшін неге болса да даяр сынаиды әр қадамынан аңғарамыз.

Сәкен Халком тәрағасының орындығына отырған күні – 1922 жылы 12 қазан күні «Еңбекші қазак» газетінде «Қазақ шаруашылығы» деген публицистикасы жарияланды. Бүкіл Қазақстанды шолып қарағанда қазақ малы бұрынғыдан «он есе азайған. Қазақтың малының қайтуына түрлі себептер болды: жайлаудың һәм өрістің тарылуы, жұт, түрлі індет, ұрлық, Россияның таптар соғысының әрекеті, барымта һәм «жұттың сегізінші ағайыны» – қасқыр» деп санамалап көрсетті де, «Енді қазақтың шаруасының тузеліп, бұрынғы, бұдан он жылғы қалпына келуіне көп шарт керек. Ол бос жерлерді жайлай білу, мал бағуға бұрынғыдан ынтасын көбірек салу һәм мал өсіруге қосымша көмекші қып жер кәсібіне айналу, егінді ерінбей балтап, көп қылып салу керек. «Жерді көгертсөн, жер сені көгертеді» деген бұрынғылар» деп ақыл қосты жаңа тәраға. Әйткені, «қазақ тірлігінің қозі – мал, ал мал – ел экономикасы» деген түсінікті Сәкен баяғыдан білгенмен үкімет басына келгеннен кейін «Адам баласының өнер білімі, оқуы, әдебиеті, саясаты, мәдениеті – барлығы шаруашылық кәсіптен туады, бәрінің негізі, іргесі, тіреуі шаруашылық кәсіп» деуден бір жалықпады. Осыны ұғына түсінуге шақырды.

Қазақты мал есіріп, егін егіп, қала салып ірге тебуге

шақырумен қатар «Қазақ кедейіне фабрика керек, кәсіп дүкендерінің ошағы (очаги промышленности) ашылуға тиіс» дегенді әрқашан қайталаумен болды. Бұл не үшін керек еді, оны басқалар айтып жазса да болмайтын ба еді дегендерге айтарымыз, ел үшін ерен еңбек етер азамат мұндаидай қарабайыр тірліктен көз жазбауға тиісті екені былай тұрсын, солай айтып-жазу менің азаматтық парызым деп ұғуға тиіс. Сәкен солай ойлады және оны орындауды да.

Әсірепе 1922–1924 жылдары жазған екі жүзге тарта мақала, публицистикасының ең негізгі лейтмотиві қазақ қашан мәдениетті хықықтардың қатарына көтеріледі, қазақ кедей қайтсе теңеледі, қайтсе көзі, санасты ашылады деген дәүір саяуларына Сәкен мықты сеніммен «Қазақ кедейінің тенелуіне қатесіз екі жол бар: біреуі – оку, екіншісі – кәсіп дүкенін орнату, кәсіп дүкенін жүргізу» (5, 348) деп білді де, Қазақстанды шикі зат қорының көзі емес, ең соңғы өнімді өзі шығара алғатын елге айналдыруды арманадады. Қазір бізге қиял болып көрінген осы ойды Сәкен шынымен жүзеге асады деп айтқан, жазған, нұсқау берген, тиісті орындардан талап еткен, сол үшін жаманатты болған кезі де аз емес.

«Қазақстанның әр жерлерінде фабрика салу керек. Ең алдымен жұн-жұрқадан, қыл-қыбырдан түрлі шұға, түрлі мата істеп шығаратын, өзінде мың жарым, екі мыңдай жұмыскерлер істейтін, мата тоқытын фабрика салу керек. Ол фабрика ұсталықтың ең барып түрған соңғы өрнегімен салынатын болып (по последнему слову техники), одан тоқылып шығатын шұғалар, маталар Петербургте, Мәскеуде шығатын материалдардан артық болмаса, кем болмайтын болсын» (5)348), – деп сонау 1923 жылдары қиялдауы, армандауы қазақ еліне бар жаңалықты тілеген азаматтың келбетін танытады. Сонымен қатар бұл арман коммунистік партияның бағдарламасына қалтқысyz сенген, алданамын деп ойламаған қайраткердің шын сөзі екені даусыз. Қазақ пролетариатын жасактап, өндірісті өркендетуді көздеді Сәкен. Ал бұрыннан жұмыс істеп, талайға ырзық болған өндіріс орны жүдеп, берекесіздікке ұшыраса, оның ішінде қазақ пролетариатына кемдік келіп жатса, Сәкеннің ойы катқыл, қаламы өткір болатынын «Екібастұз заводын жалға беру керек», «Екібас заводында» деген жалынды публицистикасынан оқып білеміз.

Қазақстан коммунистерінің III конференциясына келген Екібастұз жұмысшыларының айтуына қарағанда, «Екібас заводының өз халі де һәм сол заводтағы жұмысшы халдері де өте нашар. Жұмыскерлердің жататын жерлері былғаныш, қаранды, сұық, тамақ аз, киім нашар. Қазақ жұмыскерлеріне монша жоқ, школ, мектеп жоқ. Оқу һәм білім беретін мекемелер жоқ. Саясат, әлеумет істерінен қазақ жұмыскерлерінің еш мағлұматы жоқ. Окушы, үйретуші, бастық, жөн сілтеуши жоқ. Екібастағы есалан жынды билерді тексеруге сенімді кісілер жіберу керек. Сөйтіп қазақ жұмыскерлерінің тезірек тәнін де, жанын да тәрбиелеуге кірісу керек» (5)325 деп ашына сөйлейді де, қолма-қол 40 мың сом қаржат бөліп, оқу-ағарту комиссарына мәдени-ағарту ісімен шұғылдануға бұйрық қылады. Бұл қадам қазақ халқының ең үйимшыл, тегеурінді күшінің тез қалыптастып, өркендеуі үшін жасалатын шаралардың бастамасығана болғандығын аңғармау аңғырттық болар еді.

Қазақ елінің өзгелермен терезесі тен болу мәселесі экономикалық өсіп-өркендеуге тікелей байланысты екенін Сәкен еш уақытта есінен шығармаганмен ісінің көбін, назарының молын, қаржатының денін оқу-ағарту саласына бағышталған отырды. Ел сүюдің халықты қадірлеудің ең тәте жолы осы жақта жатқанын өзінің үлтжандылығымен үқты, іс атқарды, болмасы болдырды, сөйтіп жалпы қазақ халқының мәдениетін қалыптастырып өркендетуге ерекше үлес қосты.

Бұлай етпеске шарасы да жоқ еді. Өйткені, Сәкеннің өзі ағартушы, кәсібі мұғалім болса, екіншіден, елді, халықты сауаттандырмай, мәдениеттің көк жиегіне қол іліктірмей ештеңе тындыруға болмайтынын, бұрынғыдай жайлаудан қыстауға, қыстаудан жайлауға көшіп, мал өсімімен отыратын заман өтіп, өндірістің тетігін білетін дәуір келе жатқанын, ал оған қол жеткізу үшін өнерлі, білімді болу міндетті екенін XX ғасырдың басында-ақ Ресей қоластына қараған бұратаналардың бері түсінген болатын. Субъективтік тілек мен объективтік себеп бір Сәкеннің бойына тоғысқандықтан, оқу-ағарту мәселесін бірінші орынға қоймасқа шарасын қалдырмады. Соңдықтан Сәкен кәсіп дүкенін ашудан бұрын елді оқытып-жеткізу қажет деп

табуының бір сырғы осыдан және мұны сол кездегі жалпы дүрмекпен, сауаттандыру науқанымен жүргізбей, өзінше ой толғап, әрекет жасағанын көреміз.

Сәкеннің «оку-білім адамның азығы, өмірдің сәні. Сауатсыз надан – қор болған адам» деген түсінікте болғаны Ақмола совдепінің халық агарту комиссариатына басшылық еткенде ең әуелі мұғалімдерге жағдай жасау, курстар арқылы агартушылар дайындалғанда, жаңа мектептер ашу жөніндегі пәрменді ісінен көрінеді. Оқытушылар жетістігей жатқанда орыс-қазақ мектебінде сабак беруі тек революциялық істің жалғасы ғана емес, өзінің арман-тілегінің нақты орындалуы еді. Соңдықтан айбынды журналистік еңбекпен қатар оқу комиссарының орынбасары болуы, одан төрағалыққа ауысқанда негізгі арманына жететіндей сезінү де осыдан еді. Не жайында жазса да ойларының өзегі әрқашан өнер-білім, оқу-ағарту болып жататының бір сырғы да осыған байланысты.

Сәкеннің ата-тегі мыңды айдағандар болғанымен төңкеріс жолына түскенде көрген бейнет-азабы қанаушы байманаптарға өштесуі бұрынғыдан өрбі түскенін, тапшыл сана бергенін әр ісінен аңғарамыз. Қолына билік тиіп, емін-еркін сөйлеу, жазу мүмкіндігін алғанда, яғни «Еңбекшіл қазақ» газетінің жаупапты редакторы ретінде қол қойған күні жазған алғашқы публицистикасы – «Қазақ халқының тәмен табының азаматтарына» арнаған үндеуі болды. «Қазактың нашар, тәмен табы әлі өз сөзін өзі жөндеп айта алмай отыр. Бір әкеден туса да бай мен жарлының, жалдаушы мен жалшының еш уақытта рухы, тілегі қосылған емес, еш уақытта қосылмайды да. Мұны қазақ халқының тәмен табының азаматтары есіне әбден берік ұстаулары керек», өзінің бай-мырзаларынан «екінші жағынан орыстың ұлықтарынан корлық көріп» келген казақ еңбекшілері «бұдан екі жыл бұрын құл еді, енді қазақ еңбекшілері барлық халықтармен тең, өрелі ел болды. Бұрын қазақ еңбекшілері өз ісін өзі істей алмайтын тіленші, сұраушы еді, енді өз ісіне өзі ие, өз ісін ешкімнен тілемей, сұрамай, өзі басқарып, өзі пішіп істейді» (5)287) деп қуанды. Қазақтың автономиялы Советтік Социалистік республикасының құрылғанына скі жыл толу мерекесіне масаттанғаның өзінде ең үлкен

істердің, міндеттердің бірі ретінде «Бұдан екі жыл бұрын бір қазақша мектеп ашу үшін көп тіленшілік, көп тақсырлау керек еді. Енді еңбекшіл қазақ өзі би, өзі қожа. Бұдан екі жыл бұрын тастаған сүйек көзіне тимейтін, табалдырықтан аса алмайтын еңбекші қазақ халқы енді төр алдында, енді қатарда» деп әлі қолға тимегенді жүзеге асып жатқандай шаттанаудың перзенттік парызына берік жанның, қазаққа не керегін жазбай танып, іске тезірек асырғысы келетін, алдына қойған мақсатын айқын түсінетін азаматтың шынайы пиғылы екенін аңғармасқа болмайды. Жанама жайлардан осынша ой өрбітетін Сәкеннің оку-ағарту ісін сөз еткенде айтары мен жазары айбарлы да қомақты, пәрменді де пәтуалы екенін көреміз.

Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының нақты бағдарламасы 1922 жылы 21 қарашада жазған «Зор міндет» деген макаласында ашық айтылды. Оку-ағарту ісінің қаншалықты мәнді екенін түсіндіре жазды.

«Бұрын патша заманында қазақ мектеп, медресе һәм школ ашпақ болса, патша үкіметінен тіленіп, сұранып неше жыл жүріп, зарығып, тілегін көбіне ала алмай қалушы еді. Енді совет өкіметі қазақ сияқты бұрынғы құлдықта жүріп, оку оқи алмаған, өнер-білім ала алмаған халыққа кен қылып оку-білім қақпасын ашып отыр. Бір ауылға неше мектеп, медресе, школ саламын десен ықтияр өзінде деп отыр» деп сәбидей қуанды да, өзінің ең негізгі, түбебейлі тұжырымын түйіндеді.

«Қазақ халқына ең әуелі оку керек, оку керек, оку керек! Оқыса көзі, көкірегінің көзі ашылады. Көзі ашылса, айтпай-ак, ымдамай-ак, нұқсамай-ак өзі көреді. Оқымаған адам, оқымаған халық – надан, караңғы, соқыр. Оқусыз – қазактың болашақтағы күні қараң... Енді жиырма жылдың ішінде қазақ өнерлі халықтардың қатарына кіруі керек! Қазаққа оку бұрын бір мәртебе керек болса, енді мың мәртебе керек» деп білді, ұран етіп жар салды. Бар пәрменнің, бар тірліктің өзегі окуда, одан басқа төте жол жок деп білді.

Осындай игі іске бас-көз болмай, оку ағарту мәселесіне мән бермей жүрген басшылар, атқа мінген ел азаматтары бар болса, онда олардың «мойнына қазақтың келешек жас буынының мың лағынаты артылады. Қөнілінде азырак

адамдықтың санлауы бар әр қазактың баласы енді бұдан бұлай жадынан оку ісін тастанауы керек. Ісіңмен, күшіңмен, тіліңмен болса да оку ісіне жәрдем қылмасаң – кейінгі жас буынның қолы жағаңда» кетеді деп жазуы Сәкеннің халықты өркендету, қатарға қосу жайында қандай қам көніл болғанын анық көрсетсе керек. Өзім ғана білімді болайын, басқалар аузыма карасын деген пенделік Сәкенде болмаған.

Біз қай уақытта жарығанбыз. Патша болса саналы түрде қазакты надаңдықта ұстауды көздеді, арнайы саясат жүргізді, ал «Советтік Россияның Орталық үкіметінің шығарған қаулысы бойынша бұдан былай оку, халықты сауаттандыру ісінің шығыны жергілікті халықтың өз мойнына артылып отыр. Енді бұдан былай оку істеріне совет өкіметі қазынадан көп нәрсе бермейді», – деп қамығады. Бұл НЭП саясатына, яғни қазіргі біздін нарық экономикасына кіріп бара жатқан өтпелі кезеңнің келеңсіз бір көрінісіне Сәкеннің іштей наразылығы да сезіледі. Соған қарамастан «Әр қазактың жадында оку болсын!» деп жарсалуын токтатпады Сәкен. «Қазіргі уақытта оку ісіне қазынадан ақша бармай жатыр. Мүмкін ауылдағы, елдегі, шет қалалардағы оқытушылар көптен жалования, ақша алғанда жок шығар. Қазак «а, құдай, аузыма менің әкеп сал құдай» деп жатпай, ауылдағы, елдегі оқушыларға жататын үй беріп, тамақ беріп, оқытушыларды кетіп қалатын қылмай ұстап, бәрі жамылып, ұйымдастып оқыту ісіне кірісп, балаларын оқытулары керек» (5/307) деп ақыл қосқанда жан жүрегі жылап отырғанын сеземіз.

Халком төрағасының тығырыққа тірелген, жарылқашыш қаражаттың қол байлас, екпін басып тұсаулаған тұсы осы. Бәрін кияр еді, бірақ қолында кек тының жок, сонда да ақыл-кеңеспен елді ояту, қазакты мәдениеттің кек жиегіне сүйреуге ұмтылған қалпын байқаймыз. Осындай кезде жаңа қылмасаң жылт еткен сәулесіндей болып Кенестердің Х съезінде оку ісі қаралғанын және «үкімет қолынан келген жәрдемін, күшін аяmas деген сөзін айтты» деп «Қазақстандағы губерниялық атқару комитеттеріне һәм оку бөлімдеріне» Халық ағарту комиссары Залиевпен екеуі айрықша нұсқау хат жазып, «әрине ақша болмай, қаражат болмай оку жұмысы көгермейді. Жолдас Ленин айтып

отыр «оқу жұмысына берілетін ақшаны көбейту керек» дегенін сылтау қылып жергілікті атқару комитеттеріне «бюджетті бөлгендे оқу жұмысына жеткілікті қылып бे-рулері керек. Басқа жұмыстарға шығатын шығындарды азайтып, оның орнына оқуға берілетін ақшаны – қаражатты көбейтулері керек», – деп нұсқау берді.

Бірақ бұл нұсқау тілек деңгейінде ғана еді. Іс басында оқу-ағартудың жөн-жосығын түсінетін адам отыrsa бір сәрі, ал келешекті ойламайтын төресымак отыrsa оқу-ағарту жүйесінің оңбай сорлайтыны сол кезде ғана емес, бүгін де көрініп отырганын ешкім де жоққа шығара алмас. Әрине, бүгінгінің жөн-жосығы басқаша, бола түссе екен деген тілек болса, ал жана жасактап, аяғынан тұрғызып жіберу үшін қайрат жұмсал жатқанда, қайтседе мүмкіндік табу шарасын ойлағанда бүгінгіден әлдекайда қын болғаны өзінен өзі түсінікті.

Сәкендер соған да қарамастан жокты бар етуге, болмайтынды болдыруға жаңықканы сонша, әрбір сөйлеген сөзін, жазған мақаласын тебіренбей оқи алмайсын. Тегінде, Мәскеу жақтан жақсылық нышаны байқалған болуы көрек, не болмаса Сәкен бұрын «Қазақстанда ең керекті ісіміз болған оқу жүйесіне қарауға мұршамыз келмесе, енді мұршамыз аз да болса келетін болды» деп алады да, тәжірибеде бұрын-соңды болмаған ігі шараны қолға алады.

«Жер-жердегі мекемелер һәм Қазақстанның бас мекемелері қолындағы барлық қаражаттың қак жартысын (50 процентін) оқу ісіне жұмсау керек! Олай қылмай, оқуға құр сөзбен ғана көмек қылсақ оқу ісі өмірінде алға баспайды» (5/322) деп жарлық бергенін, осы үшін партия комитетінен сөз естігенін ескерер болсақ, онда Сәкен қайраткерлігінің ең бір жарқын бетін, халық үшін жасаган батырлығының бір мәнді қырын көріп, қазіргілердің әлжуаз істеріне қамықпасқа болмайды.

Сәкеннің сөзі мен ісінің қабысып, бірін-бірі толықтырып жататын сәтін жиі көреміз де оның ұлтжандылығын айнымай танимыз. Әр қадамына иғі тілек білдіріп, жанашыр болмасыңа тіпті шарап қалмайды.

Қазақ мәдениеті жана арнамен өркендең жатқан кезде жар салу, ұран айту, игілікке шақырудың өзі пайдалы іс

екені белгілі. Ал енді сөзді іске айналдырып, «мың сізбіден, бір шыж-мыж артық» дегенді жыға түсінген азаматтың жүзі жарқын болары айдан анық. Қолындағы билікті осы ігі максатқа жұмсай білген ер азаматына халық өз махаббатын аямай төгіп, ардак тұтатының бір сыры осында. Кім билікке келмеді, кімдер Халық Комиссарлары Кенесі Төрағасының тағына отырмады, бірақ солардың бірде бірі Сәкендей қадірленген жоқ, күрмет көрген жоқ. Себебі сөзі мен ісінде алшақтық болмады, өтірік-жылман сөзді Сәкен айтып, елді алдаусыратып көрген жан емес. Ойына алған істі аяғына шейін жеткізудегі табандылығы да қайран қалдырмай қоймайды. Осы іс-әрекеттің бәрі де қазақ халқының тез уақытта мәдениетті елдердің қатарына қосылып, терезесі тен болу максатына бағытталды. Сәкен қаншама интернационализм туын көтергеннен бар күшжігерін, ақыл-парасатын тұған халқының пайдасына арналғанын айтудан еш жасқанған емес. Өтірік көлгірсімді, жалған сөйлем абырайсызыдышқа ұрынбады.

«Былтырдан бері қазақ жастарының көбі Рабфакқа үмтүлады, басқа түрлі білім беретін оқуларға, школдарға, курстарға көп қарамайды. Бұл үлкен қате іс. Қазақ еңбекшілерінің балалары тұрмыстың әр түрлі тарауынан білім беретін мектетердің бәрінде оқулары керек» (5/402) деп жазып, 1923 оку жылына Қазақстаннан тысқары жерлерге, атап айтқанда, Қазандағы әскери школаға 50, Орынбор медтехникумына 80, оның 55-і қазақ баласы, Мәскеу, Петербург, тағы басқа оку орындарына 190 қазақ баласы жіберілетіндігін Төраға басымен «Еңбекші қазақ жастарының есіне» салады.

Осындай жоспарлы орындардың кейде толмай қалуы қазақ жастарының «оку ниеттерінің, ынталарының жоқтығы емес, губерниялардағы, уездердегі әр мекемеде отырған «көзі ашық» азаматтардың шабан, жалқау, өзінен басқаның «көзінің ашылуын» көп ойламайтындығы. Қалың қазақтың окуына қандай қызметте жүрседе карлығаштай ынтасын салып, жәрдемін тигізбеген жігіттер – тек ұлықтықты қызып, өз ісінің ғана қамын көздең жүрген арамтамактар. Осындай адамдар тек еңбекшіл халықтың науын жеп, жеген нанын ақтай алмайтын құр азаматтар.

Қазактың еңбекші табының сорына мұндай адамдар аз емес», деп шамырқауы Сәкеннің бүкіл жан дүниесі мен ақыл-парасатын ашып тастаса керек.

Бұл аз болса, Сәкен оқуға талаптанған жастардың ортасында болып, әрбір жаңалыққа қуана білген, уақытын аямаған, төреліктің көкірегін сындырған. «Оқушы жастарға үлгі» деген мақаласында «Орынборда әріп тізу ісін үйрететін Қазақстанның 1-ші тұнғыш баспа өнерінің курсы бар. Курстың ашылғанына 2 ай шамасында болды. Курста 23 қазақ жастары оқиды. Мен әдейі қөрейін деп Керуен Сарайдағы курсқа бардым. Қазақстанның баспасөзінің болашақ иелері, баспасөз үйінің тұнғыш ұлдары менің қасыма келіп тұрды. «Шырактарым, оку үйлерің, таза, тәртіпті екен. Өздеріңнің де үсті-бастарың таза көрінеді. Тырысындар, оқындар, үйреніндер» дедім. Жататын жерлері онша жарық емес. Едені тас. Қысты құні суық бола ма деп ойлаймын. Қөнілім толып, келгеніме риза болып мен қайттым. Бір күн бұрын осы Орынбордағы рабфактың қазақ оқушыларының жататын үйлеріне барғаным есіме түсіп: «Ә, деген-ай, бәрі осы баспа курсындағы балалардай таза, тәртіпті болар ма еді» дедім. Міне, оқушы жастарға бұлар үлгі!» дегені көп жайдан хабар берсе керек. 10 тамыз күні Нығмет Нұрмаков екеуі қазақ һәм татар ағарту институтында болғаны да белгілі.

1923 жылы қантар айында қазақ тарихында бұрын-соңды болып көрмеген бір күбылыс болды. Ол Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығын атап өту мерекесі. Өлгеніне ас бергені болмаса, тірісінде той өткізу қазақ рәсімінде жоқ жай. Жаңа заман екінімен Еуропа халықтарының әдет-ғұрпы бізге жете бастады. Сәбит Мұқановты күні бүгінге шейін әсіре тапшыл етіп келе жатқан, яғни Сәбенеш суреттегендеге, «Бұл қыста да бір жанжал кездесе кетті. Қыс ортасында рабфак студенттерінің арасында «Ақаның елу жасқа толған юбилейі болады екен» деген сөз тарай қалды. Сұрастырып көрсек, елу жасқа толғанына зор мерекелі юбилей жасалмақ, сыйлықтар берілмек, арнаулы кеш өткізілмек. Ол кештің қалай өтуіне арналған афишалар көшелерге, оку орындарының ішіне жapsырыла бастады» деп хабарлағанда рабфак студенттерінің қак

жарылғаны, біреуі «адрес жазылған портфель сыйлауды үсынса», Сәбит жактаған топ мерекені жасатпаймыз деп онда-мұнда барсада колдау таба алмаған. Орынбор басына жиналған жастардың ішінен өзіне ниеттес тапшылдарын жинап алып Орынбордың ең үлкен залы – Свердлов атындағы клубқа келеді, «Юбилей сонда ұйымдастырылды. Мыннан аса кісі орналасатын залға адам лық голды. Сахна ашылды. Байтұрсыновты қолтықтап Смағұл Садуақасов және кейін халық жауы боп кеткен ұлтшылдар шығып, безендіре құрган президиум столын айнала отырды» (С. Мұқанов. Таңдамалы шығармалар, 10-том, 509-бет). Осы баяндаудың өзінен-ак қалың қөвшіліктің құрметіне Аханың бөленгендігін көреміз. «Аханың алдында» деген тақырыпта баяндама жасаған Смағұл Садуақасовтың үстіне залдан лақтырылған шірік овоштар жауды да кетті... Содан кейін мәжілістің кейінгі жағы өткізілмestен, «юбилей» тарады» (бұл да сонда) дегенін сол мерекеге катысқандардың бірде біреуі растамай, «жазушының әсірелеуі ғой» деп сзу тартатын, ал даттағысы келгендер «ойдан шығарған отірігі, қызылкөздігі» деп шала бұлінетіндерін талай кездестірдім.

Алайда осы оқиға түсінда «Байтұрсыновқа қарсы студенттердің өтінішімен сол күні түнде «Қара тақтаға жазылмандар, шешендер» деген атпен жазылған менің мақалам республикалық «Еңбекші қазақтың» 69-нөмірінде (1923 жылы) бас мақала болып жарияланған» (509) болатын, – дейді Сәбен. Бұл сөздердің 1949–1955 жылдары жазылғанын, яғни алаш азаматтарын былай қойғанда, Сәкендердің атын атаудың өзі қауіпті болған кезде жазылғанын ұмытпайық.

Идеологиялық түрғыдан келгенде Сәбеннің ұрыншаш болғанын, қызу әңгімеге берілген кезде әсірелеп жіберетіндігін тарих талай растиған. Мәселе, қара тақтаға Сәбеннің жазғандарының ішінде «әдебиеттік ұстазым болуға айналған» (494), Халық Комиссарлары Кенесінің Төрағасы Сәкен Сейфуллиннің болуында ғой. Енді осы жайға барынша толығырақ тоқталайық, сонда кімнің үлтжандығы, кімнің большевиктігі, топшылдығы өзінен өзі ашиллады.

Рас, 1923 жылы 28 қаңтарда Орынбордың ең үлкен де сәнді Свердлов атындағы клубта (театр үйінде) Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығына арналған салтанатты жиналасы өтті. Аханды сахнаға қолтықтап шыққан адам комсомолдың хатшысы Смағұл Садуақасов емес, Үкімет басшысы Сәкен Сейфуллин болатын. Жиналысты ашып, кіріспес сез сөйлегендеге Сәкен. Салтанатты ашардағы сезі 1923 жылы 30-қаңтар күні «Еңбекшіл қазақ» газетінде «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген атпен жарияланды. Осы деректерге ерекше назар аударған жөн, өйткені тарихтан хабары кемдеу жазғыштар біреудің еңбегін екінші біреуге аударып беруге, көнілі тұскендерді әспеттей салуға әден әуестеніп бара жатқаны, әсіресе соңғы кезде тіпті көбейе түсуде.

Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығының салтанатты жиналасын ашып, жүргізіп отырған Сәкен Сейфуллин болды. Маган анық емесі – мұндай міндетті атқаруға партия комитеті Сәкенге ұлықсат етіп, тапсырды ма, әлде өзінің жүрек әмірімен атқарды ма? Біріншісі, яғни партия тапсырмасы болған-болмағанын білмеймін, тегінде, болмағанға ұқсайды, өйткені «Сәкен ұлтшылдарға, қазақшылдарға, алашшылдарға іш тартады» деген тере-басшылардың қанқу сөздерінің ұшығы көп ұзамай-ақ «Степная правда» (қазіргі «Казахстанская правда») газетінде айыптала жазылған болатын.

Осы арада екі мәселені қосарлай әнгімелеу шарт. Бірінші, Сәкеннің адамгершілікке дақ салмай, елге еңбек сініріген адамға көрсеткен ерен құрметі болса, екінші, мемлекет басшысы ретінде интеллигенция жөнінде жүргізіліп жатқан лениндік саясатты жүзеге асыруда иғлікті қадам жасағандығын байқаймыз.

Сәкен Аханды өнгө алашшылардан айрықша құрметтеп келгенін, әлі де ардақ тұтатынын жасырмаған. «Өзге оқыған мырзалар шен іздел жүргенде, корлықта шыдап, құлдыққа көніп, үйкі басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздел, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздел, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» («Бес арыс», «Жалын», 1992, 180–181-беттер) деп білді. Шын сүйген, құрметтеген Ахаңның ел алдындағы абыройданқын аспандата түсемін деп отырғанда артық сілтеп жібергенін сезіп, «әрине, «оқыған» дегендеріміздің арасында бірен-саран адападамдар да бар» деп ескертпе жасаған. Сәкеннің Ахаңа деген құрметі бір де бір рет толастамаған, тіпті «Тар жол, тайғақ кешудің» тұздықталған 1936 жылғы басылымының өзінде Ахаңа артық ауыз сөз айтпағанын кореміз. Әрине, алаш қозғалысына қатысқандардың жалпы дүрмегі атальғанда тізімнің ең алдында көрсетуінің өзі ішкі ілтират сезімді байқатып тастанды. Орынсыз жерге Ахаңның атын қыстырмайды. Бұл Сәкеннің пәнделік қалпы, оны әрі қарай тарамдатып жатудың қажеттілігі бола қоймас.

Ал мемлекет қайраткері ретіндегі қызыметіне тоқталар болсақ, онда зиялайлар жөнінде В. И. Лениннің жүргізіп жатқан саясатын Қазақстанда түсінген жалғыз адам Сәкен болды десем артықтық жасағас. Оған мықты дәлел тағы да Ахмет Байтұрсыновқа жасаған осы құрметі. Алаштың косемі, идеологы, қазақ халқы үшін қандай қындыққа да төзіп, адап еңбегімен елді ержеткіземін деген шешімін тіпті осыдан жарты жыл бұрын «Еңбекші қазак» газетінде 1922 жыны 8 шілдеде «Қалам қайраткерлерінің жайынан» деген манифестке бергісіз көсемсөзін жазып, большевиктерге, әсіре тапшылдарға «жек көрінішті» болғанына, соның салдарынан комиссарлықтан кеткеніне қарамастан, Сәкеннің салтанатты жиналысты ашып, сөз сөйлеуі, оны мақалаға айналдыруы әшейінгі жәй қадам емес еді. Тегінде, озімен қызыметтестерге Лениннің зиялайлар жөніндегі саясатын жүзеге асырудың амалы, яғни оқығандарды ішке тартып, үкімет ісіне араластырудың қажеттігі екендігін түсіндірген де болар.

Бірақ оны хош көрген, оған құлақ асқан адамдардың мейлінше аз болғанын Ә. Эйтіевтің «Степная правда» газетіндегі «Фактические поправки» деген мақаласы анық көрсетті. Оны Сабит Мұқанов қостап, «Сәкен Байтұрсыновтың революциядан бұрынғы ағартушылық қызметтің асыра мақтаған мақала жазды. «Мендершевшілдердің бірі» саналатын Әбдірахман Эйтіев баспасөз бетінде

Сәкенге қарсы шығып, Байтұрсыновтың совет өкіметіне жат қылықтарын айтты. Мен де Әйтиевтің пікірін қолдап, «Еңбекші казак» газетіне «Қара тақтага жазылмандар, шешендер» деген мақала апарып бердім. Мақаланың ішінде өз мақаласына қайшы келетін пікірлер бола тұра, Сәкен оны жариялады» («Есею жылдары», 1964, 43-бет) дегенін есімізден шығармайык. Сәкен Әбдірахманға қайтарған жауабында «Менің Ахмет туралы жазғанымға Әйтиевтің көнілі толмайды. Себебі мен Ахметтің әлеумет-саясат жолындағы істеріне жеңіл карап, кате баға беріп, құр үстіртін әшейін сипап отыр дейді» (183). Қыскасы, алашшылдарды, оның ішінде Ахметті тасталқан қылышының, ұлтшылдығының, қастандығының бетінен баспадын, әшкерелемедің деп тұлан тұтқан көрінеді. «Ұлтшылдыққа қарсы кім қаттырақ құрескен екен, оны жұрт айттар» деп Сәкен емеурін білдіреді де өзі жүргізіп отырған саясатқа, яғни оқығандарды, кешегі алашшылдарды ел ісіне тарту мақсатын жанамалап аңғартады. «Және Әйтиев жазады: «Ахметтің ұлтқа қызмет қылмак болып коммунист партиясына кіргенін Манап Шамиль (Сәкеннің псевдонимі – Т. К.) жолdas дұрыс деп біледі һәм басқаларға солай қылуды мәслихат қылады» дейді... Әйтиев сөзінің ақырында маған: «Коммунист партиясының ұлт мәселесі туралы нұсқауын жеңіл бағалайсың, бұдан былай мұндайдан тылынуынды лайық көреміз» дейді. Сонымен, ұлтшылдыққа жалғыз өзі ғана қарсы болғысы келеді. Көрерміз» (184-185-беттер) дегендеге мән бере қарасақ, Сәкеннің тапшылдық пен ортақшылдықты елге пайдалы тиер арнаға бұруға тырысқанын аңғарар едік. Өйткені «қәзіргі коммунист болып жүрген қазактардың көбі учитель, мұғалім, хатшы, біразы фельдшер, доктор, агроном, техник хаттә адвокат, болосной старшын болғандары да бар» (184) дегеніне қараланда оқығандардың, әсіресе алаш қозғалысында болғандардың бәрінен безуге Сәкен қарсы. Оларды пайдалы іске тартуға, жаңадан орнап жатқан қоғамның зерделі құрылышыны етуге ұмтылғанын анық көреміз.

Себебі, басқаларға болмасада, В. И. Лениннің «Мы не можем строить власть, если, такое наследие капиталистов»

нистической культуры, как интеллигенция, не будет использовано. Без этого мы жизнь коммунистического общества строить не можем» (37 т., 223-бет) дегені Сәкенге белгілі әрі түсінікті болатын. Үкімет басшысы ретінде осы саясатты жүзеге асыруға міндettі екендігінің үстіне коғам дамуы зиялышарсыз болмайтынын Сәкен-нің оқу-білім жөнінде таусыла, жалына, жалбарына, өтінен айтқан алдыңғы ойларынан тарамдалып жатқаны өзінен ой түсінікті. Сондықтан Сәкен республика басшысы ретінде де ауыздырымен алысқан төңкерішілердің, әсіре большевиктердің ықпалымен кете алмасы анық еді. Сол үшін Сәкен көрген теперіш аз болмады және «ұлтшил» деген кебенек киіп алды.

Әр азаматтың өз ұлтын суюі, ардақтауы табиғи құбылыс. Алайда интернационализмді перде етіп, бибауыр-малдыққа бұра бастағанда Сәкен 1923 жылы 15 ақпандан, жиғни Аханың тойынан кейін, коммунистік партияның үлт мәселесіндегі бағдары әлі анықталмай, яғни XII съезд отпей тұрған уақытта ашылығы удай «Қазакты қазак дісік, катені түзетейік» деген мақала жазды. Соны тап осы еңбекте қайтадан жариялаудың сәті түсіп отыр, өйткені оны бұрын талдан, түсіндіре айтуға мүмкіндік болмаған еті, тек атын ғана атаумен желдіртіп өтетінбіз. Саяси ғана емес, патриоттық сыр-сипаты қалың және қазірдің өзінде тарихи шындыққа негізdemей, біреудің аткарған ісін екінші біреуге таңа салудың жат әдеті пайда бола бастағаншақта қанша ацы болса да осы мақаланы түгелдей, әрпін өнертпей окушыларға жеткізсек Сәкеннің ұлтжандылығын ұғып, мемлекет басшысы және «Еңбекшіл қазак» газетінің редакторы болған кездегі ой-пікірімен де, іс-эрекетімен де анық танысамыз.

**«Қазакты қазақ дейік, катені түзетейік».**

Бүгінге шейін қазакты орыстар «киргиз» деп келеді. Не себепті қазакты орыс «киргиз» деп кеткенін тексермей-ақ, ол «киргиз» деген аттың қалайша жалпы казакқа жапсырылып кеткенін баяндамай-ақ, енді бұл тарихи катенің ішінде көрек екенін жүртқа айтқым келеді.

Орыстың патшасы қазакты қаратып алып, жалпы қазақ-

қа «киргиз» деген ат жапсырған соң, қазақ халқын оңай қаратып алған орыс патшасының төрелері, жасауылдары қазакты бір түрлі мүгедек, мақау жануар деп санап, «киргиз» дегенде бір түрлі меммендік қиянатпен, қорлаған мазақпен айтатын болды. Ақ патшаның «шарараптына» мәз болған мырзалар қазаққа жоғарыдан тәмен қарап, тұмсығын кекірейтіп, пыскырып, «киргиз» дейтін болды...

Төрелердің қатындары итіне ұрысқанда: «ақ ты, Палкан, киргиздан да жамансың!» – дейтін болды...

Ақ патша жасауылдарының, төрелерінің бұл ақыздары орыстың надан халықтарының араларына да жайылды. Келе-келе тұрмыстың иглігін өзгелермен бірдей қазактың көруге еш уақытта лайығы жоқ деп ойлайтын болып, қала тұрмысына түсіп, оқып, тазарақ тұра бастаған қазакты көрсе танырқап: «қарашы, тіпті өзін киргиз дейтін емес!» – деп тамсанып жүретін болды...

Қазактың бір қылышын жақтырмаса: «белгілі енді, киргиз болған соң қайтуші еді!» – дейтін болды...

Қырға шыққан шабармандары, жасауылдары қазаққа зорлық қылғанда, қазакты қорқытқанда көзін алартып, тісін қайрап: «У, у, у!, киргиз-з!!!» дейтін болды. «Киргиз» дегенді әлгі мырзалар бір түрлі ызбарланып, тістеніп айтатын болды...

Енді ол күндер өтті. Октябрь тәңкөрісі қазаққа бұлай қарауды тиды. Енді қазақ та бір, басқа халықтар да бір. Қазір әр жерде осындаған тарихи қателерді түзетті һәм мұндағы түзетілген аттарды совет үкіметі де қатты ықтиятпен қабыл алды. Мәселен, Хиваны қазір «Хорезм» жұрты дейтін болды. «Сартты» өзбек дейтін болды һәм бұл түзетіліп қойған аттарды совет үкіметі қолданып кетті.

Біз «киргиз» деген атты жоғалтып, өзімізді «қазақ» деп атасақ, басқалар да бізді «қазақ» деп, осы атты қолданып кетпек. Біздің бір үлкен кемшилігіміз – осы күнгі басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз «киргиз» дейміз. Әуелі біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша «Красный Киргизстан» деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді. Егерде біздің қазақ жігіттері бұл қатені түзете-міз десе, оп-онай түзетіп әкетер еді.

Біздің әр қазақ жігіті «киргиз» дегенді тастанап, қоймас-

тан «қазақ, қазақ» дегенді жұмсап, басқа жұрттың құлағына сіндіріп үйретуі керек.

Қазақстанның орталық үкіметі «киргиз» дегенді койып «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазакты «қазақ» дейік, тарихи қатені түзетейік!».

Тіпті қазірде де Сәкеннің осы ойларын оқудың өзі оңай емес. Бойымызға сініп қалған бибауырмалдық қабылдатқысы келмейді. Бірақ шындық осылай болған. Өзі мемлекет басшысы болып тұрғанда осы игі мәселені әлеумет алдына салып, көпшілкten қолдау күтіп еді, тырып еткен адам болмады. Бірақ тарихи қателік 1925 жылы ғана Советтердің V съезінде, яғни 2–3 жылдан кейін түзетілгенімен біздің жалтақтығымызды байқаған шовинист-коммунисттер өздерінің ескі сорабымен тарта берді. Күні бүгінге шейін қиястықпен айтып, жазып келе жатқандар да бар. Оларды тежеп жатқанымыз шамалы.

Осы ұсынысы үшін Сәкенді соққыға жығудың «мәдениеттірек» амалын табу онша қындыққа түспеді.

Шынында да, бүкіл дүниежүзілік пролетарлық революцияны ұлыдержавалық мақсат үшін армандал жүргенде, әсіресе ол процесс өзіміздің әсіре төңкерішшілерімізben еселеңіп жатқанда үкімет басында отырған адамның тарихи қатені түзетейік деп өзінің шын ұлтжандығын танытып жатқанын ұлтшылдыққа айналдырып жіберу оңайдың оңайы еді. Оған сылтау табылды, көп кешікпей нақты «іс» үстінде Сәкенді «ауыздықтаудың» амалы елжүртқа белгілі болды.

1923 жылдың 17–22 наурызында Қазақстан коммунисттерінің III конференциясы өтгі. РКП(б) Орталық Комитетінің өкілі Е. Ярославский жасаған негізгі баяндамада, ай-түй жоқ, Сәкен «ұлтшыл» деп жарияланды. Бұған кейбіреулердің қыбы қанды, ал адал жандылар Мәскеуден емес, пайғамбардың қасынан келсе де қарсы шықты. Осы оқиғаның басы-қасында болып, көзімен көрген адамның сезіне құлак тосайык.

«III конференция жүріп жатқан шакта әлдекім Сәкенің «Азия» есімді өлеңін орыс тіліне аударады да, РКП(б)-ден конференцияны басқаруга келген Ярославскийге бедреді. Ярославский бұл өлеңді дүрыс және қатты сынады.

Содан кейін Қазақстан аймақтық партия комитетінің (Киробком) әйелдер бөлімін басқаратын Алма Оразбаева Ярославскийдің Сәкенің сынауын макулдай кеп:

– Сәкен бір өлеңінде Троцкийді «банда» деп айтты, – деп кінәлады. Абдолла Асылбеков справка беріп:

– Сәкеннің өлеңінде «банда» – «талаушы» деген сөз жоқ, «бенде» «бағынушы» деген сөз бар. Алма оны теріс оқып, теріс түсіндіріп тұр», – деді.

Алма Оразбаева Сейткали Мендешевке жақын болатын. Жұрт «бұрын Бекей ордасы» аталған Батыс Қазақстанда олар революциялық істерде бірге болды» десетін. Ярославскийге «Азияны» аударып беруші кім екенін білмеген Сәкен, Алманың сынауына қарап, «Мендешев тобы» аударып берген екен деп жорамалдады. Артынан білсек, ол өлеңді аударушы «Асау тұлпардың» редакторы және бастырушысы, Сәкенге дос болып жүретін Мұхтар Саматов екен. Сәкеннің қате өлеңдері жайында Алманы да, Сәкенді де жактаушылар табылып, бұған дейін тұтасып келе жатқан қазақ коммунистерінің арасына жарықшақ түсті де, арты «мендешевшілдік» және «сейфуллиншілдік» деп аталатын жікке (дұрысы топқа) айналып кетті. Бұлар партиялық документтерде «принципсіз жіктер» деп жазылады. Онысы – дұрыс. Бірталай уақыт портфельге, яғни әкімшілікке таласып, кезеңі келген жерде бірін-бірі құлатқанмен, яғни басшылықтан құғанмен, ол жіктердің (топтардың) арасында идеологиялық ала ауыздықтар болған жоқ» (С. Мұқанов. Есею жылдары. 1964, 41-бет) деген кепілдеменің де айтары да, түсіндірері де көп болса керек.

Осы келенсіз жайға түгелдей С. Мұқанов көзқарасы тұрғысынан қарамағанмен, бүгінгі тарих ғылымы, оның зерттеушілері қалай зерделейді дегенге келсек, онда М. Қойгелдиевтің: «Қазақстандағы саяси ахуалға Орталықтың білек сыйбана араласуына жол ашып берген себептердің бірі және бірегейі – ұлттық интеллигенция арасындағы өзара алауыздық. Сыртқы түрі рушилдық, жершілдік сияқты феодалдық сипат алған бұл топаралық құрестің, түптеп келгенде, негізінде қызмет үшін талас жатқан болатын. Өкінішке орай, топаралық құрестің өршіп отырына ресми орындар да тұрткі болған» (М. Қойгелдиев,

Т. Омарбеков. Тарих тағылымы не дейді? «Ана тілі», 1993, 22-бет)

Осындай қатерді сезіп, әрі қарай өршіте бермеу үшін және Мәскеуден келгеннің бәрі белден басып, өзім білемдікке салынбауы үшін осы III конференцияның 14 делегаты бірігіп Орталық Комитеттің өкілі Е. Ярославскийге қарсылық жасады: «С первого момента открытия III-й всекиргизской партийной конференции наблюдается определенное течение, направленное к обвинению киргизских коммунистов в национализме.

Это течение является абсолютно ошибочным и не на чем реальном необоснованным и как результат неправильных толкований о проводимой киргизскими работниками-коммунистами политики в области внедрения коммунистических идей среди киргизских рабочих и бедноты, и из другой стороны, вследствие колонизаторских выходок русских товарищев, старающихся посредством доносов, доставляемых карьеристами, и неточного перевода киргизской печати очернить киргизских коммунистов перед партией, а следовательно, и перед пролетарской массой.

Нижеподписавшиеся киргизские коммунисты категорически протестует против предъявляемых им обвинений в национализме» (сонда, 17-бет) дегенге С. Менделев, С. Сейфуллин, С. Садуақасов, Ы. Мұстамбаев, Н. Нұрмаков сынды 14 азамат қол қойып, төніп келе жатқан қатердің, яғни ұлтшылдық, пантюркизм, панисламизмнің аяр да отірік жамылғысын жұлып тастауға талпыныс жасады. Е. Ярославский өтірік шошыған болып, мәймәңкелет-кеніменен бүкіл большевизмнің негізінде жатқан шовинистік зэр өрістей түспесе, беті қайтқан жоқ.

«Николаевское правительство сумело внедрить в сознание наиболее зажиточной части русских крестьян Туркестана понятие, что они как представителей русской господствующей нации выше, чем туземцы, поэтому последних при надобности можно и эксплуатировать. И нам советским работникам еще не удалось отучить русского крестьянства от этого взгляда» (Т. Рыскулов. Избранные труды. 1984, 61-бет) деп Тұrap 1919 жылы айтса, Коммунистік партия ұлыдержавалық шовинизмді сөз жүзінде,

ең қатерлі жауымыз деп бірнеше қаулы-қарапмен қарғап-сілеседе шовинистік пигылдың мұрты КСРО құлағанша қисайған жоқ. Әсіресе төңкерістің алғашқы жылдарында тіпті қүшті болды, қазірде де асқындан түр. Сондықтан шовинистер ұлттық шет аймактарда национализмге (ұлтшылдыққа) әдейі пантюркизм (түрікшілдік) мен панисламизмды (исламшылдықты) қосақтады да, ауыз аштырмаудың амалына айналдырыды. Оған әуелі Тұrap Рыскұловтың Тұркі халықтарының коммунистік партиясын, Тұркі тектес республикалар федерациясын құру жөніндегі ойлары мен ұсыныстарын сылтау қылды да, біраздан кейін, тіпті Тұрадың өзі бас тартқанына қарамастан, бүкіл шығыс коммунистерін, әсіресе Тұркістан мен Қазақстан төңкерісшілерін бұқтұрудың, тұншықтырудың, қаралаудың айла-амалына айналдырып жіберді. Оның зардабынан әлі құтыла қойған жоқпзы.

Осы III конференцияда Сәкен де, Смағұл Садуақасов та әлгіндей қарсылықтың болғандығына қарамай, таяққа жығылды, оларды ұлтшылдықпен айыптауға жол ашылды. Өзінің ойын тартынбай айтқан Смағұл да «Садвакасовщина» деген топтың басшысына айналып, тарих бетінде күні кешеге дейін датталып келді. Ал «Сейфуллиншілдік» дегенге келер болсақ, онда С. Мұқановша айтқанда, «Сәкен кимыл жағына шорқақ еді. Өз ойын іске асыруға айла-әдістер, тәсілдер қолдану, яғни жүріп-түріп дегендей, өз пікірін қолдаушыларды ұйымдастыру деген сиякты дағды Сәкенде болмайтын... «Сейфуллиншіл» аталған топты Сәкен емес, оның революция жолындағы сенімді серігі Абдолла Асылбеков басқарғанмен» (42-бет), тарихта Сәкен атымен таңбаланып қалды. Тіпті 1937 жылы сотталғанда ұлтшылдық топтың басшысы ретінде жазаланды. Сондықтан да қазактың үш жүзге, ру-руға бөлінетінін отарышылдар да, коммунистер де мықтап пайдаланды. Олар шеншекпенге, атақ-дәрежеге қызықтырса оп-онай ыдырап, берекесі қашатындығын көрген соң араларына шыбық жүгіртпіп, тіпті бауыр мен ағайынды алакөз етіп қойды. Есептері деп шықты. Бұл қақпаннан, әсіресе зияллыармыздың құтылып кете алмаганы өкінішті-ақ.

Сәкен ғұмырнамасында 1923 жыл мейлінше ерекше.

Бұғынгі біз билетін ұлтжанды Сәкеннің ұлттық танымбайлігі, кескін-келбеті, түр-тұлғасы қалыптасып, бүкіл елдің алғысын алған жүлдізды сәті осы 1923 жыл.

Республика коммунистерінің III конференциясы Сәкен көрер қоқайдың басы ғана. Оған дейін «Қызыл сұнкарлар» мен «Асая тұлпар» кітаптары «Шолпан» мен «Темір казық» журналдарында «тас-талқан» сыналып жатқаны әшейінгі ойыншық еді. Әрине, олар да жүректі гырнап етті, көніл күйіне әсер етті, ал өзі қалап, имандай сеніп кірген партиясы тегеурінді қаулымен шегендегендे ие істерін білмей дал болған сәті аз емес. Өйткені, конференциядағы ұнамсыз жай «Очерки истории Коммунистической партии Казахстана» деген ресми тарихнамада «Издавались антимарксистские, националистические по духу брошюры С. Садвакасова. Глубоко ошибочными были отдельные опубликованные в печати произведения С. Сейфуллина. В них классовая борьба подменялась национальной борьбой. Ошибки в произведениях Сейфуллина имели «серьезный политический характер» и могли быть использованы во вред нам нашими врагами» (1963, 219-бет) деп мықтап таңбаланды.

Сәкен мен Смағұлдың бұл «қателері» осы конференцияның өзінде-ақ нақты іске айналып кетті. Халық Комиссарлары Кенесінің Төрағасы Сәкен облыстық партия комитетінің мүшелігіне кандидат болып іліксе, Смағұл атаусыз кетті, оның есесіне олардың қарамағындағы катаardaғы комиссарлар М. Саматов, Н. Нұрмаков, А. Оразбаевалар толық мүшелікке сайланып, партия атынан мәселе шешіп отырды.

Қатарымнан қалдым-ау деген намыс қана емес, көрген жапа, естіген ащы сөздер Сәкенді халыққа, әсіресе қазақ халқына еңбек сіңірудін жана бір жолын, яғни ұлтын жантәнімен сүйодін ең бір төте сокпағын көрсетіп, белін бекем будырған сияқты. Конференциядан кейін, яғни 29-наурыз құні Сәкен «Ұлтшылдық һәм отаршылдық шовинизм» деген макала жариялады. Құні кеше конференцияда таласка түскенде дауыс жетпегендіктің, яғни ұлттық мақсатты жақтаушылар азшылық болып қала бергендейдіктің қорлығын нақты көре бастаған шақта «Қазақстанның партия һәм

үкімет қызметкерлерінің араларында іс жүзінде еріксіз яки ұлтшылдыққа, яки отаршылдыққа (шовинизмге) ойысып кету бар ма, жок па?» деген сұрауға «жок» деп ешкім айта алмайды. Ұлтшылдық, отаршылдық, өзімшілдік мәселелері біраз уақытқа дейін бармақ. Мұны қате деуші кісі, олар енді болмайды деуші адамдар және бұл екеуінің бірі бар, бірі жоқ деушілер күр өздерінің шолақ ақылдығын, мүкіс көзділігін көрсетеді.

Бұл майданға біздің Қазақстандағы жоғары мекемелерде қызмет қылып жүрген адамдар жалпы кіріскең жоқ. Соңғы уақытта бір аянышты, былғанышты дерт пайда болды. Ол дерптің негізі – өзінің бас пайдасы үшін, өз басының кегі үшін мәселені тұмандату.

Қазақстанның өткен III партия жиналышында кейбір көпшілдер «ұлтшылдық бар, өзімшілдік, отаршылдық жоқ» деді. Әрине, бұл сөз көпшілікке ұнағандай болып қалды һәм кезінде көзделген нысанага да тиді. Отаршылдық, өзімшілдік жоқ деп Сәкеннің жазған «Азия» деген өлеңін кейбіреулер бұл ұлтшылдық деп шу көтерді. Мұны кейбір жолдастар өз басының кегі үшін «ағаш атқа іліп алып, орынсыз қамшы қылды» деп өкінгені және осындай жаман қылқытың – отаршылдықтың қаулас келе жатқанын, отаршылдық пиғылға коммунистік қызыл матаңынде қылған ұлы орысшылдықтың, ұлыдер жавалық шовинизмнің женіске жетіп келе жатқанын Сәкен жасқанбай ашып жазды. Конференцияда естігені мен көргенін салауат етіп «енді өткен іс өтті. Бұдан былай отаршылдықпен, өзімшілдікпен һәм ұлтшылдықпен пікір майданында салмақпен күресулеріміз керек және әлеумет ісінде өз басымыздың уак мақсаттарын былғастырмауымыз керек» деп парасаттылықта шақырды.

1923 жылы 17 – 25 сәуірде Мәскеуде РКП(б) XII съезі болды. Онда алғашқы және соңғы рет ұлт мәселесі кең көлемде қаралды да қарымды қаулы алынды. Осы тарихи съезге Сәкен не шешуші, не кеңесші дауысты делегат болмай, әдеттегі қарапайым шақырушулыар қатарында қатысты. Әрине, пәнде ретінде де мұның «қикілжіні» болмай калмаған шығар, бірак Қазақстаннан осы съезге қатысқандардың ішінде Сәкен ғана ұлттық намысты одан

эрі нәрлендіріп, пәрмендіре түсуді мықтап ойластырып қайтқанын көреміз. Съезде сөйлеген көп шешендердің сезінен корытылған қаулыға «разговоры о преимуществах русской культуры и выдвигание положения неизбежности победы более высокой русской культуры над культурами более отсталых народов (украинской, азербайджанской, узбекской, киргизской и пр.) являются не чем иным, как попыткой закрепить господство великорусской национальности. Поэтому решительная борьба с пережитками великорусского шовинизма является **первой** очередной задачей нашей партии.

Борьба за ликвидацию фактического неравенства национальностей, борьба за поднятие культурного и хозяйственного уровня отсталых народов является **второй** очередной задачей нашей партии.

Поскольку пережитки национализма является своеобразной формой обороны против великодержавного шовинизма, поэтому борьба с националистическими пережитками и прежде всего с шовинистическими формами этих пережитков является **третьей** очередной задачей нашей партии» (XII съезд РКП(б) Стенотчет. М., 1968, 694-беттер) деген тұжырымдарды Сәкен өз құлағымен естіп, көзімен оқығаннан бері көптен ойында жүрген, оның шет жағасын «Қазакты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген 1923 жылы 15 ақпанда жариялаған мақаласында сездірген, А. Байтұрсыновтың ұлылығы «оқу һәм тіл құралдарын жасап беруінде» деп білген Сәкен Орынборға орала сала XII съезд шешімдерін қауырт насихаттауға кірісті, әсіресе: «д) органы национальных республик и областей строились по преимуществу из людей местных, знающих язык, быт, нравы и обычай соответствующих народов; е) были изданы специальные законы, обеспечивающие употребление родного языка во всех государственных органах и во всех учреждениях, обслуживающих местное национальное население и национальных меньшинств – законы, преследующие и карающие со всей революционной соровостью всех нарушителей национальных прав» (сонда, 696-бет) дегені көкейіндегі көп ойларды жүзеге асыра алмай жүрген, отаршылдардың өктемдігін

жарамсақтанумен еселең жүрген қазақ коммунистеріне деген ызасын сыртқа шығара алмай тұншығып жүрген Сәкен ерекше қуанып, қолына қалам алды. Мәскеуден әрі шабыттанып әрі шамырқанып оралды да, алдымен 1923 жылы 1 мамырда «Ұлт мәселесі туралы баяндама» деген атпен И. В. Сталиннің съезде жасаған баяндамасының сүбелі тұстарын қазактарға түсінкті тілмен өзінше толғап жеткізді. «Руссияда жаңа шаруашылық саясатын (НЭП) жүргізгеннен бері орыстың ұлтшылдығы өсе бастады. Деникиннің істей алмаған, әжетке шығара алмаған, бұрынғы «Ұлы Россияны бөлмей-жармай, тұтас сактау» пікірі қазіргі уақытта еппен, білдіртпей әжетке шығармақ тілек те бар» деп ескертіп, «жолдас Сталиннің бұл қорытынды баяндамасын Қазақстан тәрізді шет республикадағы коммунистер көбірек окулары керек» деген ұсыныс жасайды. Қаулыны әрі түсіндіре беру үшін 27 мамырда «12-ші партия жиналысы ұлт мәселесін дұрыс шешүге жаңа жоба көрсетті», 1 маусымда «Партияның 12-ші жиналысының, қарарларын іске асыруға кірісу керек» деп негізгі мәселелерге, оның ішінде кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізу проблемасына біртіндеп дайындық жасады. Әсіре солшылдарды шошытып алмау үшін бомба сипатты мәселеге олардың құлағы мен көзін үйретіп алайын деп жалпылама, жанға онша тимейтін жайлардан бастады.

«Біз ұлтшылдықпен (национализм), отаршыл өзімшілдікпен (шовинизм, колонизаторство) катар, бірдей, тең күресу керек деуші едік. 12-ші партия жиналысы бізден де әрмен, бізден де қатты кетті. 12-ші партия жиналысының ұлт мәселесі туралы белгілеген жобасы өте қолайлы» (5, 356) деп қуанды Сәкен. Өйткені, «12-ші жиналыстың айтқандарын орнына келтірсек, коммунист партиясының бұрынғы кемдік көріп қалған Россиядағы уақ ұлттар былай тұрсын, құллі күншығыс халықтарына алақаны жайлады. Соңдаған совет үкіметінің негізі бекіп, жер дүниеге қанатын еркін жаяды» (5, 361) деген көтерінкі көңіліне қарғанда Сәкеннің таяу арада жақсылық орнай қалатынына еш шүбәсі болмағанын, баладай сенгендігін көреміз. Өзінің адалдығы мен пәктігін елге осылай танытқан Сәкен өз

омірінде ғана емес, бүкіл қазақ тарихында болмаған іске бел буды.

Сәкен қайраткерлігіндегі елге де, өзіне де бір сәтті шақ – қолындағы билікті журналистік қаламының ұшқырлауы, яғни «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы міндеттін қоса атқаруы, сөз берістің арасын ажыратпады, қайта көңілдегі ойды нақты іске айналдырып отыруы болды. Және редактор болған соң ешкімнің қырнап-сырнауына, тігісін жатқызуға мүмкіндігі болмай, Сәкен айтамын дегенін екі жарым жылдай цензурасыз айтты, ешкімнің аузына қарамай, рұқсатын құтпей өзінің елге айтпақ пікірін токтаусыз, редакциясыз жеткізіп отырды.

Сәкен шығармалары жинағының томы мен бетін көрсетпей ай-күн және мақаланың аттарын атап отырғанымның мынандай сыры бар. 1960–1964 жылдары Сәкен шығармаларының алты томдығын баспаға даярлаған кезде Е. Ісмайилов, М. Базарбаев, әсіресе баспаның бас редакторының орынбасары, атақты ақын Тайыр Жароков имен ресми редактор Аскар Лекеровтер сол кездегі идеологиялық көңіл-әуенге бағып, Сәкеннің советтік баспасөзде жарияланған дүниелерін қайтадан басуға тәуекелі жетпей, көптеген шығармаларын алып қалған еді. Заманы туғанда мен соларды қайтадан тірілтіп, өз архивімнен алып, Сіздерге ұсынып отырмын. Сондай «қаһарға» ұшыраған материалдардың ішінде қазақ тілінің тағдыры үшін күрестің алғашқы қарлығашы болған «Кенсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» деген атпен 1923 жылы 9 маусымда «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған мақаладан едәуір үзінді келтірмекпін. Себебі тіл үшін күрес кімнің кім скендігін, кімнің қандай ойы барын айқындалап беретін қажетті саяси құжат.

«Коммунист партиясының жалпы Россиялық 12-ші жиналышының (XII съезд – ред.) ұлт мәселесін дұрыс шешуге жол-жобалар белгілегендеге істеген қарапларының бірі: «бұрынғы кемдікте болған уақ ұлттардың республикаларында, мекемелерде барлық үкімет істерін сол ұлттың өз тілінде жүргізу керек» деген қарары болды» деп Сәкен кеңінен толғауға кіріседі. Егер ұлт тілі кенседе қолданылатын болса, онда «зор болып қалған ұлтпен»

терезесі тәң болары сөзсіз, бірақ оны жүзеге асыра қою көп күшті, жігерді талап етеді.

«Әрине, қазак кедейінің тәнінің, жаңының қандай жерлерінде қандай жарапарының бар екенін, қандай дерттерінің бар екенін білетіндер – қазактың тілін, ғұрпын, әдетін, тұрмысын білетін қазақтан шыққан коммунистер. 12-ші партия жиналысының бұл қарарын іске асыруға түрлі лаж көрсетіп, бұл іске өздері білектерін сыйбанып, белсеніп кірісуге сол қазақтан шыққан коммунистер ең алдымен міндетті.

Әрине, қазак бұрынғы өгей әкеден қорлық көріп қалған жетім бала. Жетім бала көпке шейін бір түрлі қорғалауық, жасқаншак, қорқақ болады» деп Сәкен ағынан жарылады да, қазақ коммунистері «ірі жұмысқа қасқайып кірісіп, серке болып бастай алмай отыр» деп күйінеді, осындаи шешуші сәтте «бұл жұмысқа барлық күшін салып, қазақ коммунистеріне жәрдем беретін жерінде жәрдем беріп, бастайтын жерінде бастап отыру орыс коммунистерінің міндетті. Олай болса, тарих алдында жауапты» деп көніл жықпас көпшік пен салмақты үлкен ауылдың балаларына сенімділік белгісін көрсеткен болып отырып, негізгі іске кірісудің жолын бағдарлайды. «Істі қазақшаға аударуды ауылдан, болыстан, ауданнан бастау керек» деп алады да «болостной исполнкомдарда істі қазақ тілінде жүргізу үшін уездерде соларға кіслер даярлап жіберетін курстар ашылу керек», солардың жәрдемімен аудан, облыс, республика мекемелеріне қатынас қағаздарын қазақ тілінде ұзбей жіберіп тұру керек. «Қалалардағы мекемелерде қазақша хат білетін кісі жок. Сол себепті орысша жазу дұрыс деген сөзді тастау керек» деп ескертеді де, «қаладағы мекемелерге қағазын қазақша жазып отырса, кала өздігінен қазақша» үйренеді, сөйтіп кенсе ісі қазақшаға біртіндеп көше бастайды, сонда ана тілінің қадірі артып, еңсесі көтеріледі, ресми сипатқа ие болады деп білді. Үлкен де ауыр әрі саяси астары күшті істі бастап отырғанын Сәкен білді. Қаншама жұмыс басты болып жатса да, бұл мәселені тиянағына жеткізуге бел байлады және оны өзім ғана атқарамын, сөйтіп абырай-атакқа кенелемін деп үққан жоқ.

«Мекемелерде істі қазақ тілінде жүргізу бір кісінің айтуымен болатын нәрсе емес, көптің күшімен, жалпы

ынтымен, тегіс жұмылумен болатын нәрсе. Қазақтың шын сүбекшіл табы шын қатарға кірсін, өз тізгінін өзі алсын деген азамат бұл іске жан аямай кірісуі керек. Бұған жергілікті мекемелер не айтар екен, не істер екен, күтеміз», деп Сәкен өз халқына шындал еңбек сіңірудің жолын қорсетіп, жолдастықпен өтіне отырып, жасқаншак, қорқақ болып қалғандарға, совет елінде «күллі тілдің бәрі бірдей жүреді деген закон бар», сескенбе деп қайраттандыруды үмытпайды. Ана тілін ардактап, оның ресми дәрежесін котеру қажет екенін ұғындырады.

Арасына 16 күн салып екінші мақаласын жазды. Тегінде, жора-жолдастарымен, ресми мекемелермен сөйлескен болуы керек, енді нақты іске кірісер сыңай байқатады. «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу» деген мақаласын 25 маусымда басып шығарды. Сөз саптауы да, айтары да алғашқыдан өзгеше. 12-съезд «әрбір аймакта қай халық көп болса, сол аймақтың кеңселерінде іс сол жергілікті көпшілікті халықтың тілінде жүрсін» деген карар шығарды дейді де «бұл іске шындал жәрдем қылмаган кісі не еш нәрсені түсінбейтін адам, не еңбекшіл табына ھәм революцияға шын дос адам емес деп көрсетеді. Олардың жүргегі жарылып кетседе «кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізуге қәзір Қазақстан үкіметі кіріспін жатыр» деп нығырлайды да, ішкі істер және сот комиссариаттары «Күллі Қазақстанға жарлықтарын жіберmek болып жатыр», ал жұмыскерлер факультетінде оқып жатқан жастар өз губерниясындағы мекемелерге көмектесуге жіберілмек деп хабарлайды, тапсырманы дұрыстап орындауларына сенім көрсетеді. «Қайда оқып жүрсе де қазақ жігіттерінің бәрі де істі қазақ тілінде жүргізуді білулері қажет» екендігін ескертіп, «бұл күнге шейін қадірсіз болып келген қазақша хат билетін адамдардың бағалары артады. Жүрт окуға ынталырақ болып кіріседі» деп жарқын болашақпен қызықтырады.

Үш күннен кейін, яғни 28 маусымда «Қызметкерлер даярлау» деген практикалық мәні зор ойын жариялады. Сәкен жалпы оку-ағарту жөніндегі армандарын нақты іспен, яғни кенседе қазақ тілін жан-жақты қолданатын мамандарды даярлау мәселе сімен сабактастырады. Хат

білетін адамдарды қебейту үшін талай курстар ашып жатқан тәжірибеге сүйеніп, «ағыны тығыз заманымызда екі, үш айда әр түрлі қызметте жұрген хат білетін адамдарды жинап алып, курстерде оқытып, керекті қызметкерлер даярлап шығару өте тығыз, өте керекті іс» (5, 373) деп жаныкты. Орталық пен жергілікті жерлердегі саналы бастықтардан осы курсты тез ашып, іске кірісулерін өтінді. Басқа оқу орындарының студенттері мен шәкірттеріне негізгі мамандығына қоса «Қазақ тілінде іс жүргізуі үрете кету» қажет екендігін де ескертті. «Барлық губерниялық исполькомдар қазақша хатшылық курстер ашулары керек» деп нұсқау берумен катар, «Барлық Қазақстан жалпы ынтамен кіріссе, қызметкерлер даярлау ісі тез алға баспақ» деген жалынышты тілегін айтудан ұлмады.

Енді бес күннен кейін, яғни 3 шілдеде «Қазақстанның губерниялық һәм уездік исполькомдары төреағаларына» қазақ азаматтарын қызметке тарту жөнінде құлаққағыс қылды. Бір ай он екі күннен кейін, яғни 15 тамызда «Не қылдындар?» деп сауал қойды. КирЦИК-тің үшінші сессиясында «Қазағы көп жерлерде мекеме істері қазақ тілінде жүрсін, алдымен болыстардан басталсын» деп қаулы қылды және бірнеше комиссариаттар тығыз бұйрықтар жазып, демалысқа шыққан оқушылар мен студенттерді жіберіп жатыр деп хабарлады. Жер-жерде «қазақ еңбекшіл табының шын ілгері басуын, шын көркеюін, гүлденуін ойлаған қайратты азаматтар болса, бұл тарихи іске белсеніп кірісеп» (5,382) деп үміттенеміз, ейткені Ақмола, Семей, Бөкей, Қостанайлардан жайсыз хабарлар жетіп жатыр дегенді де жасырмады. Алайда, «бұған жалпы ынта, қажы-мас қайрат керек» деп жігерлендіреді де «келесі жалпы жиылышта губерниялардағы, уездердегі қызмет басындағы Жігіттерден бұл іс туралы не қылғаны жөнінде эйілі жауап алынбақ, олар лайықты жауаптарын даярлай берулері керек» (5,383) деп сес көрсетіп те қойды. III сессияда негізгі мәселе қатарында «Қазақстан мекемелерінде кенсе істерін қазақ тілінде жүргізу туралы баяндама» тындалып, «қазіргі толғағы піскен бір зор тарихи мәселе» екені (5,400) атап көрсетілді, арнайы курстар ашу жөнінде қаулы шығарылды.

Сегіз күн еткеннен кейін, яғни 19 қыркүйекте «Қазақстанның заң комиссариатына тенеліндер» деп жігерлі де ұлтжанды азаматтарды көтермелеп, «Қазір заң комиссариаты сот кенселерінде жазылатын түрлі қаулы, қарар, билік, кесім, тексеру, анықтау һәм басқа нұсқаларын қазақша баспаға басып, Қазақстанның барлық губерниясына жіберейін деп жатыр. Екпінді ынта, шын ниет болса бірте-бірте жүріп кетпек. Өрнек, ұлгі болған заң комиссариатына тенеліндер!» деп болайын деп жатқан иғі істі атқарушыларды қанаттандырды. Ал қайдағы бір себептерді өзінің жігерсіздігіне переде қылып жүргендерді жерлеп те өтті. «Ынтасыз, көңілсіз іске сансыз бөгет, сансыз уайым табуға болады. Бірақ себептің ең ұлкені – іс басындағы адамдардың бұл іске шындал кіріскең ниеттерінің жоқтығы, ынталарының жоқтығы» қол байлау болып келе жатқандығын өкіне, ренжи баяндады.

Осындағы ерен еңбек етіп жүргенде Сәкенді сөзге қалдыруышылар, әсіресе орыстың шовинистік пиғылдағы коммунистеріне сыйырлаушылар, бұрмалап жеткізушилер табылған шакта Сәкен қатты шамырқанып, «біздің қазақ коммунистерінің қазақ тілі туралы қатты кірісуге: «біреу ұлтшыл деп айтады...» деп бой тартады. Бірақ бұл кулық, бұл – коммунистік қылық емес, ол – жарамсақтық, жағымпаздық. Кейбір сасық, жалмауыз демагог өзін «жақсы коммунист екен» деп айтсын деп қазақ тілін кіргіземін деп жүрген белсенді адамдарды: «анау, ұлтшыл, мынау ұлтшыл» дер. Бірақ ондай сасық демагогтар коммунистік партияның Орталық Комитетін «ұлтшыл» деп айта алмас, – деп бір-ақ кесті.

Өзінің көріп-біліп, естіп жүргендерін аты-жөнімен атамасада, кежіргісі кері тартқан шенқұмарларды мықтап шенеді. Тегінде, партия комитеті тарапынан екпіндете бермесендерші деген ескерту болды ма, жоқ па, декрет қабылдайтын Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы Сейтқали Менделешев, оның хатшысы, Сәкеннің жан жолдасы Жанайдар Садуақасов тартыншақтай беріп, түрлі қауіп-қатерлерді айтқандары да жоқ емес.

Басталған істі тиянағына жеткізу, әсіресе бүкіл қазақ халқының еңсесін көтеріп, ел екендігін, ешкімге

жалтақтамай, басқалармен қатар тұра алатын жұрт екен-дігін нақты кезге көрсететін мәселені түбегейлі шешу қажеттігі Сәкеннен ерекше жігерлі кимылды талап етті. Республика басшыларының бірі болғандықтан оның сөзі елеусіз қалмайтынын және біраз адамға өзінің абырой-атағымен ықпал жасай алатындығын ескеріп, тезірек декрет шығаруға күш салды. Газеттегі мақала, әр жыындағы сөздер нақты іске айналу үшін өкімет шешімі керек болды. Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесі мен ынталы халық комиссариаттарының табанды талабы нәтижесінде Қазақстан Орталық Атқару Комитеті 1923 жылы 22 қарашада кенсе істерін казақ тілінде жүргізу туралы декрет қабылдады. Оның толық тексті «Ана тілі» газетінде 10.01.91 жылы жарияланды. Қазақ және орыс тілдері мемлекет тілі болып жарияланып, 1924 жылдың 1 қантарына шейін қазағы басым жерлерде, 1924 жылдың 1 шілдесінен былай қарай бүкіл Қазақстанда кенсе істері қазақ тілінде жүргізілетін болды. Оның жүзеге асуын бақылап отыратын орталық комиссия құрылып, Ж. Садуақасов басқарды.

Ел үшін еніреп туган азамат Сәкеннің осы шешімнен кейін «тәубе» деуіне болатын еді, өйткені басқа шаруалары да басынан асып жатқан-ды. Қазақ мінезін жақсы білетіндігін ол тағы да танытты. «Лап бергіш, жалт бергіштер» істің ауырлығын сезгеннен кейін қажыры қайтып, басталған иті істі қожыратып алмау үшін амалсыз «бақылаушы, козғау салушы» рөлін атқаруына тұра келді. Декрет алынғанына бір ай толғанда, яғни 22 желтоқсанда «Кеңселерде қазақ тілін жүргізу» деген мақаласын жазды. Декреттің «іске асуы, ғаламға койылуы зор қындықпен болып жатқанын» жасырмай ашына айтып, оқығандардың, кенсе ісін жүргізе алатындардың аздығы қол байлап, қызметкер жалдауға мекемелердің кедейлігі, «орыс пен қазақ аралас отырған жерлердің кеңселерінде қазақша һәм орысша жазуды бірдей білетін адамдардың» кемшіндігі, бұрынғы ескі әдетпен орысшаға бейім тұратындардың көптігі ілгері бастырмай келе жатқанын санап өтеді де, білімі барлардың кенсе ісінен қашқақтау себебіне тоқталады, тіпті иті істің өріс алуына кедергі жасап жатқандары еске түскенде қаһарланып кететін тұсы да жоқ емес.

Мұндай жаман әдет «бұрынғы заманда патшаның, ұлықтарынан өте қаймығып, сол ұлықтарға өте қатты жағынып қалған жерлерде һәм өздері сол патшаның әр түрлі «ұлығы» болудың жолына қаттырақ түскен жерлер де көбірек сезіледі. Мәселен, Орал губерниясында орысша орта дәрежелі мектеп бітірген елу қазактың списогі казір менің қолымда. Бұлар қызметтен қашып елде жүргендер. Мұндай сұмырайлар талай жерде бар» деп шүйлігеді. Өйткені, бірді екі ете алмай, игі істі алып кетер білікті адамдарды таба алмай жатқан тұста кейбір оқығандардың анысын аңдып жатуы Сәкенді ашындырған, азы сөз айтқызған. Осылайша шамырқанған Сәкен осы декретті «іске ассын деген азаматтардың міндеті: 1. Өзі совет қызметінде Қазақстанда жүріп қазақша сөйлеуді, қазақша жазуды менсінбейтіндерді үйрету (орыстармен катар қазақша білмейтін қазактарды); 2. Жұрт қатарлы ақы алып, қызмет қылудан қашып жүрген сұмырайларды қай ретпен болса да іске жегу; 3. Хат біліп, кенсе ісін білмейтіндерді тез үйретіп қызметке салу» керек деп нұсқау берді.

Ұсыныс жасап, нұсқау беру онай, ал оны нақты іске айналдыру қын екендігін Сәкен ешқашан ұмытқан емес және бастаған істі орта жолда қалдырып кетуге ешуақытта ары жетпеді.

1924 жылы 5 ақпанда Мәскеуде окушы қазақ жастарымен Күншығыс университетінде кездескенде «Осы январьдың бірінен бастап іс жүргізуге декрет шығардық. Эр болыстарда, уездерде қазақ тілі жүре бастады» деп қуана хабарлап, қындықтың көбін женуге болатындығын айтты. Үлттық сезімдерін оятты, жастар қуана қол сокты.

1924 жылдың 17 наурызында, қазақ тілін кеңсеге жаппай кіргізерден үш ай бұрын Қазақстанның губерниялық һәм уездік комитеттерінің төрагаларына «Енбекші қазақ» газеті арқылы «Ашық хат» жазды. «Бостандық туы», «Қызыл ту», «Қазақ тілі», «Тілші» газеттері қайталап жариялады. Алайда облыстық партия комитеті түсіндірме қатынас қағаз жазбай безірейді.

Қазақ тілін мекемелерде жүргізу «рас, шынында да онай смес, азғантай жерлерде болмаса, қазақ тілі әлі де қазақтың оз аузында. Кей жерлерде қазақ тілін кеңсеге кіргізбек

түгіл, қазақ азаматы аузын аштын емес. Тіл – жұмылған ауыздың ішінде» деп қамығады, бірақ жасымайды. Осы ігі іске басшы болудың орнына, «жақсы атты болу үшін» жарбандаپ жүргендерді мықтап бір сөгіп алады да, жалпы жігер мен ынтаны арттыруға жалына өтінеді.

«Менің Сіздерден сұрайтыным мынау:

Әр губерниядағы, әр үядағы қазақша, орысша жазу білетін адамдардың тез есебін алыңыздар һәм қандай адам қандай қызметке жарайтынын анықтаңыздар. Тиісті анықтамалары мен тізімдерін бізге жіберіңіздер». Осы істі аяғынан тұрғызып жіберуге 3–4 мындан адам керек. «Тез һәм шындаң іздесе табылады. Бірақ сонша адам табылғанша қазақ тілін кеңсе істеріне кіргізу жұмысын тоқтатып коймай, үсті-үстіне істей беру керек. Қазақ тілін сіздер төмennен жоғары қарай жүргізіңіздер. Біз жоғарыдан төмен қарай жүргізейік» (4 т. (281) деген жалынышты да әмірлі сөзін жазды. Сондагы бар мақсаты, бар арманы біреу ғана: «қазақ кедейлері өз тілінде жазылған бүйрық, жарлық, декрет, закондарды, жобаларды, нұсқаларды яки өзі оқып, яки тындал, өз мұңын өз тілінде айтып, қатарға кіруі» (4.282).

Қазактың өзгелермен терезесі тең болып, ақысын басқаға жегізбейтін мәдениетті ел болуы ғана Сәкеннің көздегені. Осыны ұлтжандық де мейлің, ұлтшылдық те мейлің, отаншылдық де мейлің, әйтеуір халқына қарлығашша қанатымен су таситын, соның құлы, жегіндісі болайын деген тілек қана. Ол үшін Сәкен бар абырой-беделін де, күш-жігерін де аямады, тіпті басқалармен алакөз болған сәті де аз емес. Жасыратыны жок, ең алдымен орынсыз тартыншактанып, сақтық жасаған Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы Сейтқали Мендешевке ренжіген сәті де бар. Оны талайлар пайдаланып, шыбыққа сырғауыл байлап РКП (б) Қазақстан облыстық комитетінің бірінші хатшысы, Орынбор жұмысшысы Г. А. Коростелевке жеткізді. Қазактың тілі жөнінде Сәкеннің осыншама жаңықканы оған онша ұнай қойған жок, жүре тындауға айналғанда ашық сөйлесіп, түсінісе алмады. Арапары алшактай берді, араға кіркілжің кірді. Сәкеннің көп мәселеде жалғыз қалып қоюы көбейді.

Сонда да қазақ тілін кеңсеге тездетіп кіргізу мақсатынан таймай, Орталық комиссияның төрағасы, Жанай-

дар Садуақасовқа қоярда қоймай жүріп декреттің бір жылдығында не істеліп жатқанын білу және тежегіш күштерді ығыстыру, істі қозғап жіберу үшін комиссия отырысын шақыртты.

Қазақ республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің Терагасының өзі баскөз болған іс алғашқы нәтижесін бере бастағанмен мықты қарқын алып кетпеген соң КирЦИК жанынан құрылған «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу жөніндегі Орталық комиссияның» кезектен тыс баяндамасын тыңдау қажет деп табылды. Өйткені, қазағы басым жерлердегі жұмыстың қарқыны мardымды болмағаны былай тұрсын, белгілі қарсылықтар жасалып жатқаны білінді, ілгері басқан аяқты кейін шегеруге тырысқандар табылды.

Қазақ тілін кеңсеге енгізуге дем беріп, екпін бітірмекке жан салған Сәкен тіпті өзінің қанды кейлек жолдасы Жанайдармен «сылбыр қозғаласын», басқалардан үйренген сактығынды жасайсын» деп түс шайысқан сәті де болды. Тіл үшін, халықтың жаны үшін кездескен қындықты жеңуге бел байлаған Сәкеннің дүмпуімен КирЦИК-тің Үлкен Президиумында 1924 жылы 6 наурызда болған мәжілістегі әңгімені бүгінгі біздерге, әсіресе басшы азаматтарға үлгі болсын деген ниетпен әдейі мазмұндап беруді қажет санап отырмын. (Бұл тексті «Қазақстан» баспасы 1967 жылы мениң «Қызыл сұнкар» атты кітабымнан алып қалған-ды және бұл материал Қазақстан орталық архивінің 5-корының 7-ісінің 11–28-беттерінде хатталып жатыр).

Кеңсе ісін қазақ тілінде жүргізу жөніндегі Орталық комиссияның терағасы Жанайдар Садуақасов губерниялық комиссиялар құрылғанын, әскери және қаржы мекемелерінен басқа комиссариаттарда қазақ тілінде іс жүргізуге болатындығын, қазақ халқы басым мекендерден болыстардың қөпшілігінде қазақ тілінде іс жүргізіле бастағанын, оларға қосымша штат берілгендейін, ал Баянауыл мен Каркаралыда бұл іске мән бермей, қарсылық жасаушылардың табылғанын айтады.

Баяндамадан кейін Авдеев: «кеңсе ісін қазақ тіліне көшірудің белгілі мерзімі бар ма?» Жангелдин: «Қарқаралыда қарсылық жасап жатқандар кім?», Саматов: «Түркістан

республикасының өз декретін Мәскеуге бекіттіріп алудына не себеп болды?», С. Сейфуллин: «Павлодар мен Бұқтырма аудандарының қазақ тілінде іс жүргізбей отырғаны қалай?» – деген сұрақтарына жауап берілген соң, әркім өз пікірін ортаға салды.

Әліби Жангелдин «комиссияның алған бағыты дұрыс, ал Саматов жолдастың орталықта қазақ тілін қолданудың қажеті аз дегеніне қосыла алмаймын. Ал Қарқаралы мен Баянда өздері осы іске басшы болатын мекемелер қарсы болып отыrsa керек. Ондайларға бұл істің мәнін айқын түсіндірген абзал» деп сөйлесе, Халық Комиссары, Президиум мүшесі Авдеев «Мәскеуге бара жатқанымда Түркістандық жолдаспен әңгімелесіп ем. Оның сөзіне қарағанда, жоғарыдан жүргізілген шара еш нәтиже бермейтін көрінеді, онан да болыстардың өзі төмennен бастағаны онды деді. Менің ойымша, біз осы арада кесіп-пішкенімізben іс алға баспайды. Бізге бір не екі машинка керек пе деген мәселенің өзін шеше алмай отырғанда, мынадай көлемді істің үдесінен шығамыз деуге шүбәм бар. Сондыктan да жергілікті жерге назарды баса аударайық. Және қазақ тілінде іс жүргізуді тәжірибе-эксперимент ретінде қолданып отырған Семей губерниясының нәтижесін байқап көрейік. Сондай-ақ кейбір партия ұйымдарының жарамсыз қылышын ашық айтайық», деп бұлғактатты. Жоғарғы жақтың екпініне күдік келтіріп, сөзбүйдаға салмақ ниет танытты.

РКП (б) Қазақстан облыстық комитетінің бірінші хатшысы, Президиум мүшесі Г. А. Коростелев бірден мүйіз шайқап сөзге кірісті. «Іске кедері жасап отырған кім екенін ашық айтыңыздар, әйтпесе партия ұйымдары саналы түрде қарсылық жасап отыр деген сөзben ойнауға болмайды. Ондайлар кездессе Сәдуақасов жолдастың ресми түрде сұрап білуіне болатын еді ғой. Ал жігіттер түсінбей қателессе, онда сөз басқа. Өйткені ұлықсат етпеу бір мәселе, ал саналы қарсылық жасау екінші мәселе. Біз келгелі бір ай болып қалса да газеттерде дабыл қаққан материал болған емес.

Егер қазақ тілін жүргізуін жаңа тәсілі нәтиже беретін болса, онда қолдану керек және бұл тәсілдің артықшы-

лығын түсіндіріп, қандай кедергі болып отырғандығын жазған жөн», дегенмен елпілдеп, желпілдей қойған жоқ. Партия ұйымдарында кедергілер кездеседі дегенге шамданбақ болғанымен, қаһар төгер ниеті байқалмады. Жаңа тәсілді байқап керу керек деген қысыр пікірді сөз арасына қыстырып та үлгерді.

Республика прокуроры Нығмет Нұрмаков: «Кедергі жасауға келсек, оның болатындығын күні бұрын ескеру керек еді. Өйткені Қарқаралы мен Баянауылдың баяғыдан ірге теуіп қалған чиновниктерінің мұрты қисаймай, тізіліп әлі отыр. Эрине, олар қазақ тілін кенседе жүргізуге қарсылық жасайды. Орындарынан босата бастаған кезде жоғарыдағы жолдастарының ұлт сезіміне ойнай бастады. Ал олар «бұл шараның, яғни қазақ тілін кенседе жүргізудің күні әлі туған жоқ» деп әлгілерді қайтадан орындарына қойды. Мұндай пиғыл Қарқаралыдаған емес, басқа болыстарда да бар. Баянауылда тәжірибе ретінде жүргізуде. Мұндай мәнді істе қандай тәжірибе – эксперимент болуға тиіс?! Ниеті жоқтың белгісі ғой бұл!

Менің ойымша, мұндайларға барынша қатал шара қолдану керек және жергілікті жолдастарға қазақ тілін кенседе жүргізудің қажеттігі Қазақстан республикасы болғандықтан еkenін ұқтыру керек және біреудің ойына келгендіктен емес, жергілікті халықпен жанды байланыс жасау үшін қажет екендігін мықтап түсіндіру керек. Мұндай карқынмен іс жүргізуге болмайтынын Сәдуақасов жолдасқа айтқанмын. Сондықтан да тиісті мекемелермен тығыз байланыс жасап, кедергі жасаушыларға тиісті шаралар қолдану керек», деген-ди.

Қарсы болушыларға жәрдем қолын созған Халық Комиссары Мұхтар Саматов өзінін екінші сөзінде «Жангелдин жолдас мені дұрыс түсінбепті, мұндай жұмысты тоқтату керек дегем жоқ, бар назарды орталыққа аудара бермей, жергілікті жердегі жұмысты күшетту қажет дегенмін» деу үшін ғана орнынан тұрды.

Оқу Халық Комиссары Залиев: «Істі қазақ тіліне көшіруде талай кедергілер кездесуде, солардың ішінде қаражаттың жоқтығы жаңға батып тұр. Европеец жолдастарға курс ашылды, енді машинисткалар курсын ашпақпыз. Қаражат керек, қаражат» дегенге айрықша екпін түсірді.

Бұдан кейін сөз кезегі Сәкенге тиді. Ол өзінің ойпікірін қазақ-орыс газеттерінде және талай жиналыс-мәжілістерде айтып жүргендігін ескерте келіп, бірден нақты шараларды ауызға алды. «Ең алдымен инструкторлар курстерін ашу жайында. Бұл мәселе 1923 жылы ЦИК-тің сессиясында қаралып, Орынборда бүкіл Қазақстан үшін өлкелік инструкторлар курсын ашуға қаулы еткенбіз. Бұл курс жауапты орыс басшы қызметкерлері үшін емес, қазақ инструкторларының даярлау үшін ашылуға тиісті еді. Бұл жөнінде мен Сәдуақасовпен де сөйлескенмін. Олар бұл курсты орыстар үшін ашу керек деп түсініп қалыпты. Мен қазақ инструкторлары үшін ашылуға тиіс деп ойлаймын.

Мәскеу алдына мемлекеттік бюджеттің 10 процентін кеңсе ісін қазақ тілінде жүргізуге бөлу жөнінде мәселе қойдық. Біз қосымша смета жасағанда осы себепті басшылыққа алындар және Орталық комиссияға қазақ қызметкерлерінің штатын беріндер деп Халық комиссариаттарына жарлық жасадық. Өлкелік бюджеттің 10 процентіне қарай бойды шактау керек әзірге. Садуақасов жолдас Совнарком мен Заң комиссариатының ғана штатын қарадық, өнгесі әлі берген жоқ деп отыр. Штат саны берілмесе – кінәлі Халық комиссариаттары, ал оны кезінде қарамаса – онда кінәлі комиссия. Біз екі жұмадан кейін Мәскеуге өкіл жібермек едік. Маймин жолдас бұл мәселені өзім шешіп келемін деп отыр. Меніңше, бұл да біздің қазақтың өгіз аянынан әлі айырыла қоймагандығының бір көрінісі.

Комиссияның правосы жайында. Егер оның қолында билік болмаса, онда КЦИК-тің декретін орындаған жолдастарға шара қолдануы екі талай. Биліксіз іс бітпейді. Енді машинка жайында. Таусыла сөйлеудің жөні жоқ, 10 машинкаға ақша берілді, екеуі үш күннен кейін даяр болады. Жұмыс істейтін адам да табылады. Меніңше, инструкторлар даярлайтын өлкелік курсы үйимдастыру керек, оны бітірушілер барлық губернияға жіберілуге тиіс және ол жөнінде Халық комиссариаттарына нұсқау беремін. Заң, оқу комиссариаттарынан басқа комиссариаттар әлі қазақ тілін қолдана қойған жоқ, Халық комиссариаттарына өздерінің жобаларын жер-жерге екі тілде бірдей

түсіріп отыруға міндетті екенін мықтап ескерттім» деп мәселенің практикалық жағын әңгімеледі.

КирЦИК Президиумының осы мәжілісі 1923 жылы 22-қарашада алынған декретті нақты жүзеге асыру мақсатымен тағы да қаулы алды. Оның практикалық мәні күшті болғандықтан түгел көлтірген жөн. «1. Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу жөніндегі Орталық комиссия жергілікті жерлердегі, әсіресе Семей губерниясындағы істі күшетуге назар аударсын.

2. Қазақ жастарынан болыстық хатшылар даярлайтын курстардың мынағай жүйесі белгіленсін: а) Семей облысы үшін Семей қаласында 38 адамға курс ашылсын; б) Ақмола губерниясы үшін Ақмола қаласында 25, Атбасарда 30 және Қызылжарда 20 адамға; в) Қостанай губерниясында 45 адамға; г) Ақтөбе губерниясы үшін Ақтөбе қаласында 20, Шалқарда 20, Торғайда 20 және Темірде 15 адамға; д) Бекей губерниясы үшін Орда қаласында 25 адамға; е) Орал губерниясында 40 адамға; т) Адай уезінде 30 адамға курс ашылсын; з) Орынбор губерниясы үшін арнаулы курс ашудың қажеті жоқ деп табылсын, сондықтан Орынбор губерниясына қарайтын төрт қазақ болысына өлкелік партия-совет мектебінен 10 орын берілсін.

3. ВЦИК Президиумынан болыстық хатшылар даярлау курсын ашу мен жабдықтау үшін мемлекет есебінен қаражат белу сұралсын.

4. КССР-де кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу үшін керекті қаражатты тауып, арнаулы қор жасау Кирсовнаркомге тапсырылсын.

5. Орынбор қаласында қазақтың инструкторлық курсын ашу туралы мәселені тиянақты шешу комиссияга тапсырылсын.

6. Комиссия өзінің жұмысында орталықтағы, сондай-ақ жергілікті жерлердегі кәсіподак ұйымдарымен тығыз байланыс жасап отырсын.

7. Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу жөніндегі комиссияның барлық қаулы-қараплары мен жарлықтарын орындау КССР-дегі атқару комитеттерінің бәріне міндетті деп танылсын» – деген нақты да мәнді қаулы алынды.

Осындағы екпінмен және қажыр-қайратпен жүзеге асырыла бастаған иғі іске Нығмет Нұрмақов 1925 жылы

Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болғаннан кейін мемлекеттік сипат беріліп, жергіліктендіру (коренизация) комитеті құрылды. Ешқандай айғай-шуболған жоқ. Қазақ тілінде іс жүргізе алатын басқа жүрт өкілдеріне 10–15 процент үстеме жалақы төленді. Экономикалық ынталандыру шарапалары мен халықтардың бір-біріне деген көңілі мен құрметіне Ф. И. Голощекиннің әперақаң саясаты сызат түсіре бастады. Ол өткізген конференция, пленумдардың бірде-бірінде қазақ ұлтшылдығымен күресу мәселесі айтылмай қалған емес. «Садуақасовшылдық», «Қожановшылдық», «Мендешевшілдік», «Сейфуллиншілдік», «Рысқұловшылдық» қозыдай қоздап шыға келді. Қазақ коммунистері жиналыс-жынындарда бір-бірін «әшкерелемей» қалған емес. «Анау ұлтшыл, мынау уқлонист, әнебіреу алашордашыларға іш тартушылар» болып шыға келді. Берекесіздік жайлап, жіктеліс күшіне түсті. Біреу өсті, біреу өшті. Ауызбірлік адыра қалып, жұлысу науқаны етек алды. 1928 жылы қазақ зиялышының қуғындау басталып, жергіліктендіру саясаты «ұлтшылдықтың ұясы» деп танылды. Қазақ тілінде кеңсе істерін жүргізуге ынтаған кіріскендерді жамандау, қаралу арқылы саяси капитал жинаушылар көбейе бастады. Осыған да қарамай қазақ тілі кеңселерде мықтап өріс ала бастаған тұста 1930 – 1932 жылдары қолдан жасалған алапат ашаршылық келді. Қазақ елі «байтал түгіл бас қайғы» деген күйге түсті.

Әрине өмір токтаған жоқ. Сәкен қазақ тілінің мәсесіне он жылдан кейін басқа қырынан қарау қажеттігін катты сезді және ел-жүрт алдында қандай лауазымдағы адам болмасын ана тіліне деген немкүрайлығын бетіне басып айту керек деп білді. Әрине, он жыл ішінде қазақ жастары жетіліп, кеңсе істерін, әсіреле қазағы басым жерлерде жүргізе бергенімен қалалы мекендерде шүлдірлекендер көбейе бастады, әсіреле басшы қызметкерлердің үрпактары өз ана тілінде сейлемеу дертіне кезігіп, оны «мәдениетке жетілгендейтің» белгісіндегі көрді. Сәкендер сонау 20-жылдары ана тілінің қауқарын күштейтіп, мемлекеттік дәреже алып береміз деп жүргенде жаңалыққа қызықтыш мінезіміз балаларымызды орысшаға оқытуға құмарланылдыры. Дүниенің кілті орыс тілінде, қызмет те, бақ та

соны білгендердің деген насыхатқа әбден икемделіп алдық. Идеологиялық кисындарды былай қойғанда, коммунистік қоғамды зоналық тілмен жасап, ерекше мәдениет еркендемесіз, оның түрі ұлттық, мазмұны социалистік болады деп ел-жүрттың есін шығардық. Шолақ ойлылар осыған әбден иланып қалды да, ұнамсыз процеске, яғни өз ана тілін ұмытып, орысшаға көшу процесіне екпін беріп жібергені сондай, не бәрі 40–50 жылдың ішінде халықтың 40 проценті өз тілінен айырылып шыға келді.

Міне осының зардабын алғаш сезгендердің, ашына сөйлегендердің бірі Сәкен Сейфуллин болды. Қазақстан жазушыларының 1934 жылғы тұңғыш съезінің стенограммасындағы, кейін қайта жарияланбаған сөзінен үзінді келтірсем, Сәкеннің қазақ тілі үшін қандай майданға түсінен көреміз де, ардагер азаматтың ұлтжандылығына риза қөнілімізді еріксіз білдіреміз.

Осы күні ендеп кеткен құбылыстың алғашқы ұнамсыз ұшқынын Сәкен 1923 жылы 17 желтоқсан, 1924 жылы 1 қантарда жарияланғаннан кейін қайта басылмаған «Орал қаласы» деген оқынушасында аңғартып еді. Бұрын қазақ мектебі болмаған Орал қаласында төңкерістің дүмпуімен қазақ мектептері ашылыпты.

«Қазақстанның барлық кеңселерінде қазақ тілін жүргізбекпіз. Білмеймін, қазақ тілін Орал қаласында губерниялық мекемелерде қалай жүргізер еken. Оралда орта дәрежеден жоғары оқығандары қазақшадан орысшаны жатық сейлейді. Қазақша сөйлегенде мұзда жүрген тайыншаға ұқсап түккіжындан сөйлей алмайды. Ия, менің айтып отырғаным Орал губерниясының кейбір жігіттеріне «сендер жақсы ұлтшыл һәм қазақшыл емес екенсіндер» деп кейігендік емес. Сөйтіп «жақсы ұлтшыл – жақсы қазақшылдарды» қуаттағаным емес. Мен өзім «жақсы ұлтшыл, жақсы қазақшыл мырзалардың» ең бірінші дүшпанымын. Шын «ұлтшыл», шын «қазақшыл» кісі болса, оның қисайған жеріне дәлдеп шоқпар соғасын ғой. Ал өзі ұлық болу үшін «қазақшыл» болып, жарқұлағы жастыққа тимей жүрген «азаматтарды», «мұғалімдерді» көргенде кісі не қыларын білмейді еken» деп Халық Комиссарлары Кенесінің Төрәғасы салы суға кеткендей қамығады, ел ісіне жегілмей

жүргендерге не істерін білмей налиды, бірақ үмітсіздікке түспейді.

«Мектептеріне барып сөйлесе бастасақ балалар үйіріле кетеді. Оқуға ынталары бар, оқу-білімге ұмтылулары өте жақсы. Түрлі білімді үйретуші адам болса бәрі ілезде-ак азamat болып шығып, жалпы еңбекшіл тапқа шын қызмет қылатын балалар. Тез оқып шығып, өз пайдасын ғана һәм өз елінің, өз ұлтының ғана пайдасын көздейтін кейбір арамза сұмырайларға ұксамай, жалпы еңбекшіл таптың бақыты үшін қызмет қылатын болындар» деген тілек Сәкеннің көкейінен еш уақытта кетпеген. Ноғайша шүлдірлекендеге разы болмай жүрген Сәкен енді он жылдан кейін ана тілін білмейтіндерге кезігіп, қайтадан күрес майданын ашты. Оның алғашкы сөзі 1934 жыны Қазақстан жазушыларының съезінде айтылды. Тұнғыш съезді ашқан да, қорытқан да Сәкен. Жарыссөзде сөйлеген Жантілеуұлының пікірлері Сәкеннің көптен бері көкейінде жүрген күрделі мәселелерді еріксіз сыртқа шығарды.

«Ең алдымен Жантілеуұлының бір сөзі туралы айтайын. Бұл кісі: «қазақ өлеңдері болмағандықтан қазақ балалары лажсыз орыс өлеңдерін үйреніп, айтып жырлайды» деді. Менің білуімше, бұл сөз – қате айтылған сөз. Қазақ балаларына, яки жас пионерлерге арналып жазылған біздің жақсы өлеңдеріміз жоктың қасы екені рас. Бірақ қазақ балаларының тек орысша өлең айттып, қазақша өлеңдерді білмейтін себептерінің негізі жолдас Жантілеуұлы айтқандай емес, одан басқа. Бірінші, қазақ балалары, әсіреле қаладағы балалар күнбе-күн орыс балаларымен ойнайды. Соларға араласып жүреді. Сондықтан орыс балаларының өлеңдерін үйренеді. Бұл жаман емес. Бізге қазақ тілімен бірге орыс тілі де қажет. Орыс пролетариатының басшылығымен Октябрь төңкерісін жасап, мәдениеттің ілгері сатысына аяқ басып отырмыз. Бұл реттегі қазақ балаларының өз тілімен бірге орысша үйреніп, орысша өлең айтударын мен дұрыс нәрсе деп білем. Ал қазақ балаларының қазақша өлең айтпай, тек қана орысша өлең айтудының екінші себебі бар. Ол қазақ тілін менсінбешілік себебінен туып отырган нәрсе» деп қазақ зиялыштарының, әсіреле ірі қызметтерде жүрген төре-чиновниктердің өз ана тілін қадірлемеуін

аңы сарказммен айтып, мазактағандай болды. Жазушылар съезіне бір елдің қаймағы жиналған жерде қайсыбір төрелдердің атын атап сөйлеуі әрине қара тасқынға тосқауыл бола алмағанмен, біраз қайраткерлерді ойландырғаны сөзсіз. Алайда, қазақтың лап бергіш мінезін 1937 жылдан кейін тежейтін, онға бұратын қадам жасалмады десе де болады. 1954 жылдан бастап қазақ мектептерінің қысқа-рып, орыс мектептерінде қазақ тілі сабағы оқытылмайтын ресми жарлық шыққан тұстағы «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы ана тілін жақтаған болар-болмас мақалалардың авторларын күғын-сүргінге салу, әкірендеу, аяғында 1956 жылы 10 желтоқсанда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүләйім де зымиян қаулысы алынып 1987 жылға шейін созылғанын ешкім жоққа шығармайды, Республика басшылары «Қазақстан – ұлттар достығының лабораториясы» деп санын шапалақтап, орден-медальге қеудесін толтырып жүргенде қазақ тілі үй-ішіндік қатынас құрал болудан да қала бастады. Атасы мен немересі бірін-бірі әке-шеше тілмаштығымен түсіне алатын халге жетті. Міне, сонын алғашқы ұсқынсыз көрінісін Сәкен 1934 жылы тайға таңба басқандай айтып, қамыққан еді.

«Бір күні есік алдында тұр едім, үйдің бұрышынан айналып 4-5 бала шыға келді. Біреуі бізben көршілес қазақтың 7-8 жасар бүйрек бет, шот мандай қара кызы, өзгелері орыс балалары еken. Орыс балалары әлгі қазақ кызынан бір сөздің қазақшасын сұрады. Қазақ кызы орысшалап: «Ну, вас, я по казахский не знаю» деді. Сөйтті де әлгі қара қызы «жақсы айтқан жоқпын ба?!» дегендей мактантан шыраймен маған қарады.

Содан кейін және бірде Карл Маркс көшесімен төмен жүріп келе жатыр едім, театрдан төменгі бұрыштағы ак үйдің сыртқы сәкісінде 2-3 қазақ балалары отыр еken. Балалардың бір ересектеуі бұл да 7-8-дегі бала түрегеп, КазПИ жақтан келе жатқан, портфель ұстаған 2-3 қазақ жігітінің біреуіне орысшалап: «Папа, на дверях замок висит, мама, наверно, на базар ушла!» – деді. – Мен бұларға қарап, шыдай алмай, қатты құліп жібердім», – дегенінде қаншалықты сарказм жатқанын, қазір ол қасіретке айналып кеткенін көріп отырмыз.

Сәкен ата-ананы, әсіресе өз ана тілін қадірлемеген, бала-шағасына қадірлете алмай жүрген зиялыштар мен шенеуніктерді тілі жеткенше сынап алады да «қазақ тілін менсінбейтін оқығансымак, дұмбіlez оқыған қазактарды және сондайларды ұялттын қазір үлкен бір үлгіміз бар. Ол үлгіміз – Қазақстанға былтыр ғана келіп, казак тілін үйренип жүрген Мирзоян жолдас және Әлиев Темір жолдастар. Кейбіреулер қазақ тілін окуға уақытымыз жоқ дейді... Құндіз-түні жұмыс істейтін, тынбай істейтін адам Мирзоян мен Әлиев Темірлердей-ақ болар... Және кеше Украинадан Қазақстанға келгеніне 3-4 ай ғана болған жазушы Антоненко-Давыденко осы съезде сез сөйлегенінде қазақша бастаған жоқ па?.. Бұл да қазақ тілін менсінбейтіндерді ұялтар, егерде олар бұған ұялатын болса» дегеннен артық қандай жөн-жоба көрсете алады қолында билігі жоқ жазушы адам. Әрине, ақын-жазушы ел сөзін сөйлеп, тілегін білдіреді, бірақ жузеге асыруға дәрмені жоқ жандар екені әлімсақтан-ақ белгілі.

Қазақ тілі майданындағы Сәкеннің қайраткерлігі енді басқаша сипат алды. Мәскеуде өткен КСРО жазушыларының бірінші съезінде енді тіл емес, халық үшін, оның әдебиетіндегі бет-бейнесі, кескін-келбеті, мінез-құлқы үшін құресті. Мұндай пікірді айтпақ ойлары болғандардың ішінде биік те мәртебелі мінбеден ашық сөйлегені жалғыз Сәкен болды. Оқыңыздар, тынданыздар, ұлтжандылықтың көрініс-келбеті қандай болатынын анғарыныздар.

Азулы болған да қыын-ау тегі, Сәкен өзінің негізгі ойына баар жолда ең аз дегенде Мәскеуде тұратын ақын-жазушылардан өзіне біраз дұшпан тауып алды. «Я хотел выступить по докладу тов. Бухарина, но мне не дали слова, по-видимому потому, что здесь выступало очень много писателей и поэтов, живущих в Москве и без того часто выступающих на таких больших съездах и собраниях. К сожалению эти писатели и поэты вместо делового обсуждения проблем, поставленных докладчиками, в большинстве своем читали декларации, причем эти декларации по моему мнению предоставляли собою лишь высокопарные фразы» деп бастады. Бұл жұрт назарын өзіне қаратып алайын деген шешендік тәсіл емес, айтайын деген ойна жетудің,

басқалардың көкейіне қондырудың амалы еді. Съезде ақын-жазушылар орыс емес халықтардың өмірін суреттеуге салғырт-салак қарайды, ол елдердің тарихын, тұрмыстыршілігін дұрыстап зерттеп барып жазбайды деген ойын айтты.

«До сих пор старшие писатели и поэты, пишущие на русском языке, еще не взялись за показ жизни национальностей. Не изучая и не зная народов СССР, они выдают выдуманное ими за реальное, ложные типы выдают за реальных людей наши эпохи. Даже такие писатели, как Вс. Иванов, Шкловский, Афиногенов и автор пьесы «Огненное кольцо», показывая отдельные типы, героев из числа народов СССР, пишут, что им вздумается. В тоне Вс. Иванова поступает барское отношение к малым народностям. Он иногда рисует представителей малых народностей наивными, а то и просто идиотами. Его последнее произведение «Похождение факира» доказывает, что этот крупный писатель все еще легко относится к поиздевательству героям из малых народностей.

В. Шкловский написал очерки о Турксибе, в которых утверждал, что «казахи называют себя киргизами». Другой писатель, Афиногенов, в своей пьесе «Страх» выводит казаха-студента и рисует его полуруштом, полулюпом. Автор пьесы «Огненное кольцо», выводя казаха-красногвардейца, дает его дурачком, полуидиотом».

Мен өзім әдебиет пен ғылымның айналасында жарты ғасырдай жүрсем де, ұлт намысын қорғаған осындай өткір сөзді естіген емен. Сәкен менің шығармаларым орыс тіліне аударылып, Одакқа танылуым керек-ау дегенді ойламай, әрқайсының атын, шығармасын атап, бүкіл Мәскеу жазушыларының көңіліне қарамай, шындықты баттитып айту қазақта Сәкеннің ғана қолынан келді. Әйтпесе, пенделік тірлікпен, бір жәрдемі тиер ме екен деп жарамсақтана «мәдениетті» сөйлеген ақын-жазушылар үлкен-кішінің арасында аз болған жоқ. Сәкеннің бар арман-тілегі – өз халының шыққан төбесінің биік болуы, басқалармен қатар тұруы, ел болып қадірленуі еді. Сол үшін өзінің қарақан басының көретін сый-құрметтің халық үшін тәрк етуге дайын екендігін көрсете білді. Бұдан Сәкен ұтылды, бірақ қазақ елі, басқа ұлттар ұтты.

Оның нақты мысалын С. Сейфуллиннің 1936 жылы өндеп, толықтырып, академиялық қазақ театрының сахнасына қайтадан шығарған «Қызыл сұнқарлар» спектаклі жайындағы ожарлықтан-ақ көруге болады. Қазақ тілін кенсеге енгізу, тазалығын сактау, қадірлеу жайындағы қиғаштықтарды былай қойғанда, көркем шығарманың бас кейіпкері қай ұлттың өкілі болу керек деген үтсіз, қысынсыз зорлықты көргенде не дерінді білмей қалғандайсың. Бірақ жеке басқа табынушылықтың өзін шовинистік мақсатқа пайдаланғандар совет еліндегі ұлт саясатының араламаған қуысын қалдырмады, ұт дегенді белге де қыстырған жок.

1936 жылы Сәкеннің «Қызыл сұнқарлары» жана редакциямен сахнаға шыққанда Мәскеуден жансыз болып келген Ануру «Пьесада қазақ халқының революциялық тарихы бұрмаланып көрсетілген. Пьесаға жүгінсек қазақ интеллигенті басшылық жасаған. Ол орыс жұмысшысы мен неміс эмигрантына және українкаға ақыл үйретеді. Қазақстандағы революциялық оқиғалардың барысындағы орыс пролетариаты мен большевиктік партаяның рөлі бұрмаланған», – деп тауып, спектакльді тоқтатуға ақыл қосыпты. Оның осы пікірін өзінен естіді ме, әлде Мәскеуден хабарлады ма, ел-жүрт зор ынтамен көріп жатқан спектакльді алтыншы қойылымнан кейін тоқтатып, сол тұста Өлкелік партия комитетінің Мәдениет бөлімін басқарған Габит Мұсірепов, Халық Комиссарлары Кенесі жанындағы Қөркеменер бас басқармасының бастығы Габбас Тоғжанов байбаламы басым мақалалар жариялады. Габбас: «Пьесада ең бас қаһарман орыс жұмысшыларының өкілі болуы керек, ейткені революцияда көсемдік қылған орыс халқының революцияшыл пролетариаты. Пьеса қаһармандарының ішінде ірі орын алып отырған қазақ – Еркебұлан. Бұл дұрыс емес. Бұл тарихқа жала, саяси қателік», – деп айыптады.

Сәкен 1937 жылы 14 қаңтарда «Социалды Қазақстан» газеті арқылы оларға қайтарған жауабында бұл көзқараста үш түрлі қателік барын, бірінші, пьеса – «революция тарихы» емес, екінші – белгілі бір аймақта болған оқиғага негізделеді, үшінші – «қандай ауданнан алынса да, қай ұлттың қай күресінің оқиғаларынан алынса да ең бас

қаһарманды орыс жұмысшыларынан қою керек, әйтпесе бұл саяси қате болады деген «теорияның» өзі дұрыс емес. Бұл «теорияны» қолдансақ, совет көркем әдебиетінің талай шығармаларын мансұққа шығарған болар едік» дей келіп «Тогжанов пьесаның ең үлкен қаһарманы орыс жұмысшысы болсын дейді. Ал мен айтам: бірінші оның қате деймін: Екінші – ол «теорияның» зиянды теория деймін. Өйткені ол орыс пролетариатының қасиетті интернационалдық рухына жала жауып отыр деймін» деп негізгі пікіріне қарсы шықты.

Ф. Тогжановтың өз санасты жеткен пікір болсын, әйтпесе Мәскеулік жансыздың ақыл-кенесі болсын, әйтеуір 30-жылдардан бастап ожарлықпен екпіндеп келе жатқан «социалистік реализм әдісінің» негізгі бір принципі осындағы негізделіп еді.

Орыс халқының өкілі басшы, ақылшы, жетекші рольде көрсетілетін штамп бүкіл совет әдебиетінің сорына шыққанын көреміз. Сонымен қатар Совет жазушыларының Мәскеуде өткен съезінде Сәкеннің ұлт өкілдерінің образын реалистік түргыда көрсету жөніндегі талабының мансұқталатынын Тогжанов мақаласы айқын көрсетті. Қалай болған жағдайда да Сәкеннің ұлтжандығын айынтай танып, батырлығын, алғырлығын ардақтап, халқын сүйген жүргегін мактан етуге тиіспіз. Дүние күйіп түрған уақытта ұлттың намысын жырта білген азаматқа тенеу табу қыын.

Міне, Сәкеннің қазақ тілі, әдебиеті мен мәдениеті майданында жүргізген құресінің осында сыр-сипаты болуымен қатар, өзінің ұлттық таным-білігін, кескін-келбетін, мінезмашығын ғана емес, бүкіл рухани дүниесін, ұлттық арман-мұратын жарқырата көрсетуге мүмкіндік алып, халық махаббатына ие болды.

Сонымен, 20-жылдардағы айтыс-тартыстар, ұсыныстілектер 30-жылдары әкімшілік шараптарға ұласпақ сипат танытып жатқан уақытта да Сәкен аяғын тарта қоймады. Өзі де сілтеді, өзгенің сойылын да жеді, бірақ қазақ үшін неге болса да тәзуге бақыл екендігін досына да, дұшпанына да танытып жүрді.

Жақсылық күндей күлімдеп шыққанша жамандық жанынды жеп үлгеретін шақ таянып, еткен еңбек, төккен

тер зия кететін мезгіл жетті. Оның алғашқы хабаршысы Сәкеннің дос санап жүрген Сібір жазушысы, Мәскеуде өмір сүріп жатқан Ф. Березовскийдің аузынан шықты.

1936 жылы 10 қаңтарда Минск қаласында КСРО Жазушылар одағының пленумы болды. Ойламаған жерден Сәкен мықты соққыға жығылды. Бүкіл қазақ даласын жыландаі жалмаған аштық пен ауыртпалықты, ескі крайкомның қайрансыздығын қазақ әдебиетінде жападан-жалғыз жырлаған «Кызыл ат» поэмасы Сәкенді «пәлеге» қалдырыды. «В своей поэме «Красный конь», а так же в ряде других произведений Сейфуллин допускал политические ошибки, которые сродни троцкизму» деп Сәкенді Троцкиймен бауырластырып қойды. 1922–1924 жылдары «Азия (Европа)» өлеңіне қоса «Қара бүркіт» жырын және «Домбыра» атты жинағын Арыстан Дәуітұлы (Лев Давыдович) Троцкийге арнағаны үшін көрген теперіші енді дүние кусырылып, ылаң басталған кезде Сәкеннің бауыры – Троцкий, ойы – троцкийшіл болып шығуы сол кез үшін қайырлы сағаттан емес еді.

Өмір қызық. Бірде бетін, бірде сыртын көрсетеді. Сәкен Ф. Березовскийге шамдана хат жазып, кешірім сұратсада, іште беріш байланып қалды. Оны 1936 жылы Мәскеуде өткен онкүндікте қазақ жазушыларының ішінен бірінші болып алған Еңбек Қызыл Ту ордені де, шілдеде шығармашылық еңбегіне 20 жыл толуын атап өткен мерекесі де жібіте алған жоқ.

«Қызыл сұнқарлар» пьесасының жаңа редакциясы сахнаға шыққанын көрген Мәскеу жансызы мен F. Тоғжанов, F. Мұсірепов мақалалары 1937 жылы ресми түрде КСРО Жазушылар одағына М. Анурудың (Аршалуис Михайлович Артаруни) айыптауымен жетті. Ол «на протяжении многих лет Сейфуллин, как литератор, допускал ряд грубых политических ошибок. В первые годы революции Сейфуллин возглавлял националистическую группу в казахской литературе, получившую название «Сейфуллинщина». Ярким выражением этих настроений автора было его стихотворение «Азия – Европа» (1922). В своих восхвалениях алашординского волка Байтурсынова Сейфуллин может вполне конкурировать с председателем СПП Казахстана С. Мукановым» деп қаралады.

Сәуірдің 5 – 7 күні өткен жазушылар жиналышына келмегені үшін сыналаса, мамырда зорлықпен сөйлеген сөзі «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясын «қанағаттандырмады», өйткені «Сәкен жолдастың осы күнге дейін өз кемшілігін көре алмай келе жатқаны бұл сөзінен толық айқындалды» дегенін 1937 жылы 29 тамыздағы «Қазақ әдебиетінде авербахшылдықтың қалдығын жою керек» деген мақаламен жалғастырып, Сәкеннің сазайын берді. Қолдарының құрышын бір қандырып алды. 7 қыркүйекте Сәкен, Сәбит, Бейімбет катыспаған, Илияс тұтқындалған кезде өткен жазушылардың жиналышы «Әдебиеттегі ұлтшыл-фашистердің зиянкестік істерімен куресу және жас кадрларды өсіру» туралы мәселе қарап, қазақ әдебиетін өрге сүйрелеген классиктерді жардың басына әкеп қойды. Оларды итеріп жіберетін, мерт қылатын құжат Сәкен ұсталардан сегіз күн бұрын, яғни 16 қыркүйекте «Казахстанская правда» газетінде жарияланды. Онда «Выкорчевать национал-фашистскую мразь из Союза писателей Казахстана» деп зіркілдеді. Сол зіркіл Сәкеннің сот ісіне тіркеліпті. Көп жыл қауіпсіздік комитетінде қызмет істеген полковник Амантай Кәкенов өзінің «Сәкен шындығын діттегенде немесе НКВД құжаттары шерткен сыр» атты Ақмола қаласында шықкан деректі хикаясында әлгі мақаланың «қыындысын біз Сәкен Сейфуллиннің «қылмысты» ісінен көріп, оқыдық. Онда мынандай жолдар бар «Сакен Сейфуллин является одним из первых, который насаждал группировочную борьбу в Союзе писателей. Сейфуллинщина повредила казахской литературе.

Сакен Сейфуллин в 1936 году вытаскивает из своего архива пьеску «Қызыл сұнқарлар» (Красные соколы)... И гнусно клевещет на руководящую роль русского пролетариата... Он переиздает с позволения сказать «исторический роман» «Трудный путь – Тяжелый переход», где не постыдился изображать себя героем и привести целую контрреволюционных алашординских документов и портретов врагов народа. Своеобразная вражеская энциклопедия».

Бұл газет мақаласынан ... қайсыбір қаныпезерлердің жан түршігерлік қылмысына сай жазылған сот үкіміндегі ызғар

шашып, құрту керек, жою керек, деген шешімді аңғарғандай боласыз» (15-бет) дейді көп пәлені көрген полковник.

Ел үшін, жұрты үшін, оның әдебиет мен мәдениеті үшін, ұлттықтың ұлы белгісі – ана тілі үшін құрес жүргізген Сәкеннің осындай пұшайман қүйге түсі адам түсін бес оқиға екенін көреміз де, тергеу барысында өтірікке жалғандық қосып, Сәкен аузынан шыққандай қылып жазылған мынадай кесірлі де қасіретті сөздерді оқимыз.

«Я действительно являюсь участником антисоветской националистической организации... С 1922 года, когда впервые выступал, как группировщик-националист, повел борьбу за реставрацию феодально-байского Казахстана. Я был организатором Сейфуллиновской группировки, названной моим именем, поскольку именно я был идеологом и одним из руководителей этого звена. Антисоветская работа прикрывалась революционной фразеологией. С целью замаскировать расстановку националистических кадров, создавая видимость борьбы с националистами, мы иногда снимали со своих постов зарвавшихся националистов, в то же время выдвигая перспективных, но менее известных националистов – Исаева, Ипмагамбетова и других, которые являются более гибкими проводниками антисоветских националистических идей.

Что касается меня, что я давно являюсь сторонником Троцкого, как одного из организаторов борьбы с ВКП (б). Еще 1922 – 23 г.г. воспевал его в своих произведениях... Я поддержал антисоветские разговоры Серебряковой и со своей стороны проявил националистические настроения» (71 – 73-беттер) деген «мойындаулардан» кейін Сәкен «акталып шығады» деген үміттін өзі бекершілік еді. 1937 жылы 25 ақпанда сағат 16.40-та басталған жабық сотта тексеру кезінде айтқандарының бәрін Сәкен теріске шығарып, кінәлі емеспін, советке, партияға қарсы ешқандай әрекетке араласқан емеспін, бірақ халқымның жарқын болашағына қажетті игі істердің, толымды де жасампаз ой-идеялардың ешқайсысынан сырт айналғаным жок, оны өз мансабым үшін емес, ел еңсесін көтеру үшін атқардым деп қасқайып тұрғанына қарамастан сағат 17-

де, яғни 20 минуттен кейін «алдын ала және сот тергеулері анықтағандай, С. Сейфуллин 1922 жылдан троцкийшіл кезкараста болып, әдебиетте троцкийшіл бағытта қызмет жүргізген. 1928 жылдан ұлттыл контреволюцияның топтармен байланысы... Қазақстанды Кеңес Одағынан бөліп әкетіп, Жапонияның жетекшілігіндегі буржуазиялық қазақ мемлекетін құруды көзделген контреволюциялық буржуазияның, ұлттыл көтерісшіл-террористік және бұлдіруші зиянкестік үйімның мүшесі болған», өкімет пен партия басшыларына қастандық жасамақ болған деп қарғыс атқан 58-баптың 2, 7, 8 және 11-тармактары бойынша айыпты деп тауып, ату жазасына кеседі де «занға сәйкес шұғыл, тоқтаусыз орындалуы тиіс деп үкім шығарады. Тарихтың қаралы беті – 25 ақпанды шамасы 17 – 18.30 сағаттың арасында ардагер азаматты, халық мактандының жоқ етті.

«Ойнақтаған бала от басар» деген ниетпен баяндал отырған жоқпын. Тарихи жағдайлардың осындай тоғызысуы өзімен кетсін, қайтып оралмасын деп тілеген күннің өзінде ұлтын сүйгендердің басынан өткен тауқымет олардың абырай-данқын асқақтата берер сәт екенін жоққа шығармайық. Сәкендермен қатар кеткендердің ішінде төре болғаны, бастық болғандары аз емес, оларды тарих ұмытпайды, алайда Сәкендерге жасалатын құрмет деңгейіне халық, көтере бермейді. Халықтың, ұлттың жазылмаған заны көп, соның биігінен көрінген азамат қана қастерленбек. Өйткені, олар ұлттық сезімді мықтап оятқан азаматтар.

Тіл – бүкіл тұрмыс-тіршіліктің, адами арман-тілектің тірегі, халықтың рухы, жаны. Сондықтан да қазақ тілінің аман-саулығы, тіршілігі күні бүгінге шейін күн тәртібінен түспей келе жатыр. Тіл үшін отқа түсіп, сұыққа тоңғандардың бір несібесі халық алдында артық, оны еш уақытта ұмытпайды, асқақтады, қолынан бөліп берері, демесін жасап жіберері аз болса да айрықша қастерлейді.

Тарих өткелдері қын. Қазақ тілі төнірегіндегі күрес егемендік пен тәуелсіздік қолымызға тисе де әлі басылған жоқ. 1930 – 1932 жылдардағы ашаршылықта жартысы қы-

рылып қалған халықтың «алла құдайлап» есін жия бастаған кезінде 1937 жылдың қара дауылы соғып, зиялышы былай тұрсын, қара танитындарды түгелге дерлік тұтқындау басталды. Сол тұста қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін жоқтайтын жан шыға қоймады. Сәкен іждағат салған алғашқы декрет осындай қасіретпен аяқталған-ды.

1954 жылы орыс мектептерінде қазақ тілін оқытпау жөнінде ожар әрекет жасалғанда С. Мәуленов басқарған «Қазақ әдебиеті» газеті 1956 жыл түяқ серіппек болды, бірақ өзімізден шықкан шенқұмарлар, нигилистер мен мәңгүрттер Н. С. Хрущевтің «Коммунизмге жету үшін орыс тілін тезірек игеруіміз керек» деген жалған да зиянды даурықпасына сенді де «аралас мектеп» дегенді Қазақстанда ойлап тапты. Мындаған қазақ мектептері жабылды, балабақшалар түгіл, қазақ тобы дегенің өзі ашылмады. Орысшадан басқаларға жағдай жасалған жоқ. Соның салдарынан бүгінгі қазактардың 40 проценті ана тілін білмейтін, түсінбейтін ерекше бөлек «қауым» қалыптасты.

Қайта құру заманының арқасында құрып бара жатқан тіліміз қайтадан жандануға мүмкіндік алған еді. Қалың да қауырт құреспен қазақ тіліне 1989 жылы мемлекеттік мәртебе берілді, 1990 жылдың 1 шілдесінен бастап күшине енді. Иштей де, сырттай карсылық қөбейді. Оның алғашқы дауылы көтерілгенде төресымқартар тіл бағдарламасының үш бабын ешкіммен ақылдаспай өзгерте салды. Олардың табансыздығы әлсіздігімізді көрсетті де, тіл заңын қайтадан қарau керек дегендер тілегіне жетіп тынды.

Тәуелсіздікке жетудің жолы қыын, бірақ ана тілі уақытша саясатшының ойыншығына айналмай, дәйекті де мәртебелі тұрғыда болуға тиіс. Талай ұрпақтың ұлттық жаны, көрік-келбеті болып табылатын ана тілін көркейту жөніндегі күрес әлі аяқталған жоқ. Әсіреле тәуелсіздігінен айырылып, екі ғасыр Ресейдің илеуінде болып, қоғамдық сферадан аластатылған қазақ тіліне мемлекеттік сипат дарытып, кенсе істерін жүргізу туралы майданды алғаш бастап, нақты жүзеге асыруға мұрындық болған ардагер

азамат Сәкен Сейфуллин сияқты құрескерлердің еңбегі зая кетпеуін мықтап ойластырған аbzal.

Сонымен, қай азамат болмасын өз ұлтын, өз әкешесін сүйеді. Грек ғұламаларының айтуына қарағанда, адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігін сезіну үшін, біріншіден, сол ұлттың тілін, екіншіден, дінін, үшіншіден, дәстүрін, төртіншіден, тарихын, бесіншіден, атамекенін жақсы білу парыз дегенін (Қараңыз, М. Арын. Бес анық, 13-бет) Сәкен сынды қайраткерлер еселеп толтырады да, жалпы ұлтжанды қайраткерлеріміздің қай-қайсысы болмасын қазақты мәдениетті елдердің қатарынан көруге жан салғанын байқаймыз. Сондықтан да дауылды XX ғасырдағы қазақ қайраткерлерінің ұлттық сана-сезімінің биік болғаны, олардың ішінде Сәкен жұлдызының айрықша жарқырап көрінгені болашақ үрпаққа үлгі-өнеге болса, ұлтжандығын арттыра түссе құдайдың бергені.

02.04.1996.

## КӨРКЕМ ШЫГАРМАДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

«Тар жол, тайғақ кешу» бір жағынан тарих, екінші жағынан – саяси сауат ашқыш, үшінші жағынан – оқушыны өзіне еріксіз тартып отыратын оте көркем шығарма  
(СӘБІТ МҰҚАНОВ, 1936)

Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің бар жанрында еңбек етіп, сонына бай мұра қалдырган классик.

«Тар жол, тайғақ кешу» – Сәкеннің елеулі бір туындысы ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің төрінен орын алғатын өміршеш ышғарма.

Сәкен Сейфуллин шығармашылығы әдеби, ғылыми түрғыда әр қырынан зерттелген. Абайдан кейін шығармашылығы көбірек зерттелген ақын да Сәкен.

Ақыық ақын, дарынды жазушы шығармашылығы хакында М. Әуезов, Т. Нұртазин, Б. Кенжебаев, Б. Шалабаев, М. Қаратасев, М. Базарбаев, Р. Бердібаев, Ш. Елеуқенов, т.б. әдебиетші ғалымдар әр кезде әр түрлі пікірлер айтқан.

Сәкен Сейфуллин таланттын жоғары бағалаған С. Мұқанов, Ф. Мұсірепов, Г. Серебрякова, Х. Бекхожин. Т. Әлімқұлов, Ә. Көшімов, С. Сейтхазин, Ә. Тәжібаев, С. Талжанов, А. Тоқмагамбетов сынды ақын-жазушылар көркем шығарма, очерк, естеліктер арнаса; С. Мұқанов, Е. Ысмайлов, С. Кирабаев, Т. Қекішев, Р. Нұргалиев сынды әдебиетші, ғалымдар Сәкен Сейфуллин шығармашылығын әр қырынан қарастырып, зерттеу еңбектерін жазғаны белгілі.

Эрине бұл атқарылған істерге қарап Сәкентану осымен аяқталған екен деген ой тумаса керек. Алда талай атқарылар істер бар. Сәкен өнерпаздығына жаңа заман түркесінан қарап, кейбір артық қызыл бояулардан арылту, әсіресе «Тар жол, тайғақ кешу» жөнінде қалыптасқан таптаурыннан безініп, шын тарихи шындық деңгейінде әнгімелуеу

қажет. Сонын әр жылдар басылымдарындағы көлемі жағынан да, саны жағынан да бірде өсіп, бірде кеміп бара жатқан туындыларына салыстырмалы зерттеулер жүргізіп, ұлт әдебиетінің классигінің академиялық шығармалар жинағын даярлау жеке зерттеушілерге емес, ғылыми мекемелерге үлкен міндет екені айтпаса да түсінікті. Ал «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеінің шығармашылық тарихын әлі де болса індете қазу, салыстырмалар жасау арқылы бар шындығын жарқыратада көрсету қажеттігі, әсіресе қазіргі кезде құн тәртібіне қатты қойылып отыр.

Аты шулы шығарманың қуанышты да қасіретті тарихы бар. Замана өзгерісіне қарай әр түрлі бағаланып, әр алуан қадір-күрмет көріп келеді, кейде датталып, мансұқталып та жатады, бірақ қалың окушы жұртшылық қана емес, саяси қайраткерлер де, ғылыми қызметкерлер де, әдебиет қауымы да еш уақытта енжар қалмай, оның әрбір тарауына, жеткізген дерегіне, жасаган ықпалына, еріксіз берген ләззатына құныға түседі. Біреулер інжу-маржан іздейді, біреулер қаскөй дерек жинаиды. Әйтеуір жаңасып кеткен жан өзіне керектіні іздеп табады. Олжасыз кеткен пенде жоқ осы уақытқа дейін.

«Тар жол, тайғақ кешудің» алғашқы тараулары 1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының бетінен көріне бастады. 1923 жылғы 19–21, 22, 23–24; 1924 жылғы 3, 4, 7–9; 1926 жылғы 11–14, 15–18 сандарында үзінділері жарияланды. Сол кезде «Сәкен жақсы ақын ғой, қара сөзде несі бар?» деген мұләйім сөздер кейбіреулердің аузынан шығып жатқанда жазушы позициясын түгел қолдай бермейтін Ергали Алдаонғарұлы 1926 жылы жетекшісінде «Жазушылар мен көркем әдебиет» деген мақаласында «Сәкен үш-төрт жылдан бері «Тар жол, тайғақ кешуді» өзінің «төңкерісшіл» болып жүрген уақытынан, сондағы жолдастарымен бірге істеген жұмыстарынан, тартыстарынан бастап жазып жүр. Бұлай жазу әдебиет занына дұрыс нәрсе. Төңкерісшіл романтизмге (социальная романтика) бұл түгел косылады, гәп тарихқа кіретін материалга бояуды тым қоюландыруда»<sup>1</sup> – деген тұңғыш

<sup>1</sup> Е. Алдаонғарұлы «Жазушылар мен көркем әдебиет». «Еңбекші қазақ» газеті. 03.12.1926.

пікірдің, Сәкенше айтқанда, «көркем әдебиет ретінде бізге онша қосылмайтын»<sup>1</sup> адамның, дәлірек айтсақ 20-жылдары көптеген сын жазған дарынның аузынан шығуы еді. Ұнатқаның да, ұнатпағаның да түсіну киын, қалай болғанда да «Тар жол, тайғақ кешудің» атаусыз қалмайтын шығарма екендігі қазак сынында осылай көрінген-ді.

Онан кейін ел-жүрттың ынтасын қүшету мақсатымен болсын, қаражат зәрулігінен шығу үшін болсын, әйтеуір 1927 жылдың 7 ақпанынан бастап «Еңбекші қазак» газеті «Тар жол, тайғақ кешу» басылып жатыр» деген хабарды үзбей жарияладп түрді. «Кітап өте қызықты. Алдырамыз деушілер осы бастан сұратада беруге болады. Кітаптың шығатын саны аз болғандықтан алдын ала қамданбағандар бос қалады»<sup>2</sup> деп окушыны әбден ынтықтырып қойды. Ал 27 наурызда «Тар жол, тайғақ кешуді» жіберініз деп «Еңбекші қазак» газетіне хат жазушыларға ақшаны қалай аудару жөнінде нұсқау берілді. Баспа мен окушы тікелей хабарласып, кітаптың барлық данасы пышак үстінен дүкенге түспей бөлінді. Бұл да көрінген шығарма көре беретін бақыт емесі өзінен-өзі түсінікті. Өзінің осы дәстүрін газет қатаң сақтап, 1927 жылы 1 және 21 маусымда «Тар жол, тайғақ кешу» басылып шықты деп хабарлады, елден сүйінші сұрады.

Қолына тиғен ел-жүрт құныға оқып, қайсыбірі Сәкенге хат жазып жатты, бірақ баспа бетінде бір жарым жылға дейін не құптаған, не қарсы шыққан пікір жазыла қойған жоқ. Тегінде бұл шығарманы үнсіздікпен тұншықтырайық деген пиғыл да болмай қалмаған сияқты. Алаш қозғалысына қатысқан адамдардың төрт көзі түгел, әлі ешқандай пәле-жалаға ұшырамаған кезі екенін естен шығармайық. Сәкеннің әрбір адымың, әсіресе сүрінер сәттерді аңдып отыратын сыншылардың ләм-мим демеуі ойландырап жай. Осы үнсіздікті Сәкеннің осыған дейінгі шығармаларына аңы сын жазып келе жатқан Нәзір Төрекұлов бұзды.

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, төртінші басылым, 1977, 385-бет.

<sup>2</sup> «Тар жол, тайғақ кешу» басылып жатыр. «Еңбекші қазак» газеті, 07.02.1927.

Н. Төрекұловтың – «Тар жол, тайғақ кешу» туралы бір екі сөз» дейтін мақаласы 1928 жылдың 28 желтоқсанында шығып, қара аспанды түсіріп жібермегенімен, роман-эссеңі даттауды максат тұтқаны қалың көшпілікке бірден мәлім болды. Редакция өз тарапынан жазған түсіндірмесінде «Нәзірдің Сәкен кітабынан түк пайда жоқ деуі де кате. Нәзірдің сын жазғандығы бет алысы дұрыс емес. Қанша қателері, теріс пікірлері болғанмен де, Сәкен-нің «Тар жол, тайғақ кешуі» қазақ жүртшылығы, казактың саяси тұрмысы жағынан бірінші кітап. Рас, Сәкен кітабы тарих емес. Бірақ тарих болғанмен тарих жазушыларға пайдасы бар» кітап<sup>1</sup> деп тапқанына қарамастан біреудің осы кітапты мақтай-мадақтау, екінші біреулердің уақытына қарай, қоғамдық ой-пікірдің эволюциясы негізінде даттау-қаралау процесі алма-кезек жүріп жатты. Ол күні бүгінге дейін толастаған жоқ.

Сонымен, алғашқы «ресми» сын Нәзірдің болған сон, одан едәуір үзінді келтірген орынды болмақ.

«Бұл затты әдебиеттің қай түріне қосарын (история, очерк, монография, мемуар, воспоминание, автобиография и. др), жазушы өнерінің қай саласына санарын ешкім де ажырата алмайды. «Бұл астаудағы судың дәмін татып, сонан сон күріш салса, май құйса, ет тұраса, сарымсак, сәбіз салса, тұз сепсе сонда дәкейбай палау болады» деген екен Қожанасыр. «Тар жол, тайғақ кешу» туралы да осыны айтуда болады.

Мұны тіпті жазбай қойғаны-ақ дұрыс болар еді. Бірақ, не керек, ант ұрған жазып шығарды. Қайдағы бір Тэтімовтардың, Угарлардың, Мүкеевтердің, Шәріповтардың және басқалардың актармен, алашордамен майдандасқанын айтты. Өзінің тәңкеріске қатысқанын, өзінің құба қыздарды, құла қыздарды, ерні қызылша қыздарды, белі ұзынша қыздарды көргенін айтты. Өзін мадақтайды... Алашорданың қашқанын мазақтай суреттейді.

Сәкен – баяғы Сәкен. Сәкен өзінің ту баста таңдал түскен жолында. Ол әлі Азияның – қазақтың көткіншек,

<sup>1</sup> Н. Төрекұлов. «Тар жол, тайғақ кешу» туралы бір-екі сөз. «Еңбекші қазак» газеті, 28.12.1928.

дарапшылдық ескі жолымен әлі кетіп барады. Сәкен шала-шарпы европаласқан «сал» үлгісінде қаранды қазақшылық жолымен әлі келе жатыр.

Француз жұртының макалы бар «Сұлу әйел қанша сұлу болса да, бойындағы барынан басқаны бере алмайды», Сәкен де солай».

Тоғыз айдан кейін Әбділда Тәжібаевтың «Тар жол, тайғақ кешу» мен Нәзірдің сыны туралы» үлкен макаласы шықты. Бұл осы кітапқа арнайы жазылған екінші макала. «Кітаптың саяси маңызы күшті. Қазақ тарихының көбі содан табылады. «Тар жол, тайғақ кешу» реализм, шындық жолымен жазылған суретті шығарма. Кітаптың жаңа өрбіп келе жатқан жастарға жолбасшылығы мол. Нәзір қанша жамандағанымен де «Тар жол, тайғақ кешудің» қадірі енді қүштейе бермек. Кітаптың суреттілік жағы күшті, тілге де бай. Ал Нәзірдің сыны толық сын емес, қыңыр, бір жақты сын, бет тырнау»<sup>1</sup> дегеніне редакция тағы да түсіндірме беруді, «құйрық» жалғауды жөн көріпті. «Қай күнде болсада бір беткейліктен тұзу сын шықпайды. Тұзу сын жазам десе жақсысын да, жаманын да бірдей көре білу керек» деп Әбділда мен Нәзірдің сындарына тақымы толмағандығын төмөндегі ойларымен білдірген.

«Тар жол, тайғақ кешудің» жақсылығы тарихи материалдарының молдығына, кезең идеологиясын ашып көрсеткенінде, қазақ коммунистерінің шығу жолы, олардың игілікті істерінде» деп табады да, кемшилігі – «материалдарды дұрыстап сұрыптамағандығында, Көлбай, Байсейіт, Мұқандарды орынсыз мактағаны, коммунист етіп көрсеткендігінде, қыздардың көптігінде (кітапта жазылар ешбір орны жок), роман, повесть шартында емес, мемуар түрінде жазылған кітаптың санына қосуға болады. Олай болса кейбір жолдастардың «Тар жол, тайғақ кешуді» көркем әдебиет деуі де дұрыс емес»<sup>2</sup> деген редакция қосымшасы ескерусіз қалуға тиіс емес, өйткені ол пікір

<sup>1</sup> Ә. Тәжібаев». «Тар жол, тайғақ кешу» мен Нәзірдің сыны туралы. «Енбекші қазақ» газеті, 15.09.1929.

<sup>2</sup> Ә. Тәжібаев. «Тар жол, тайғақ кешу» мен Нәзірдің сыны туралы. «Енбекші қазақ» газеті, 15.09.1929.

күні бүгінге шейін тиянағын таппағанын ескерер болсақ, шығарманың жанры жайында да арнайы тоқтала кету шарт болмак.

1936 жылға шейін «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссе сі туралы не мақтаған, не даттаған арнайы мақалалар болмағанымен әдебиетімізді, оның ішінде прозаны өркендету жолындағы табыстарымыздың бірі ретінде жеке де, көппен бірге де атальп келгені белгілі.

Алғашқы мақалалардың даттауы мен мақтауы да Сәкенге үлкен ой салғандықтан кітаптың өндөлген, толықтырған басылымына кірісуге ииеттенгенін Сәкен әркезде гі сұхбатында айтып, жазып отырған көрінеді. Алайда мынадай тарихи шындықтар мен жағдайларды еске сала кеткеннің артықтығы бола қоймас.

1928 жылдың желтоқсанынан бастап Голощекиннің арандатуымен алаш қозғалысына қатысқан, әсіресе оған көсем, басшы болған адамдарды «совет өкіметіне қастандық жасамақ болып, жасырын ұйым құрып (сондағысы «Алқа» жазушылар ұйымын құру жөніндегі Магжан дайындаған бағдарламаның жобасы тілге тиек болды) жүр» деген желеумен қазақтың жетпіс екі жайсаңын, әсіресе А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, тағы басқа қайраткерлерді тұтқындалап, әкімшілік жаза тартқызды. Бұлардың тергеу ісі Қазақстаннан тыс жерде, көбіне Мәскеуде жүргізіліп, тағдырлары сонда шешілді.

1932 жылы 10 қаңтарда Қазақстан өлкелік комитетінің насиҳат және мәдениет бөлімдері мен Қазақстан марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанның теориялық майданындағы күрестің міндеттері туралы» түсіндірме хаты қабылданып, алаш қозғалысына қатысқандардың бәрі де ұлтшыл, қасқунем, біздің арамызға арам пигылды таратушы, олардың ісінде біздің пайдамызға шығатын ештеме жоқ деген пікірді қалыптастыру қажет екендігі ашық айтылып, жазылды. Бұған көнбекен коммунист Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, Е. Тоғжановтардың қате-кемшіліктері бадырайтыла айтылды. С. Брайнин, Ш. Шафиро, Тимофеевтардың алаш тарихын «зерттеушілер» болып, әдейі бұрмалағандары, шығар-

ған зымиян кітаптары мен мақалалары Өлкелік партия комитетінен қолдау тауып, оның органдарында, әсіресе «Казахстанская правда» газетінің бетінде үзбей шығып тұрды. Саяси ахуалдың өзгеруінен Сәкен «Тар жол, тайғақ кешуді» қайтадан өндеп, толықтыруға мәжбүр болды. Ол екінші рет 1936 жылы басылып шықты. Міне бүгінде Сәкенге және оның ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің атақты шығармасы «Тар жол, тайғақ кешуге» қарсы айтылатын қысыр да қыңыр пікірлердің біразы осы кездегі түзетулерге, қоспаларға байланысты болғанын нақты мысалдармен дәлелдей көрсетсек, көп мәселе анықтала түседі, біраң түсінбестіктің сырьы ашылады.

1936 жылы Сәкен шығармашылығының 20 жылдығына арналған мерекеде Сәбит Мұқанов «Тар жол, тайғақ кешу» туралы өзінің ғылыми толымды пікірін айтты.

«Тар жол, тайғақ кешу» бір жағынан – тарих, екінші жағынан – саяси сауат ашқыш, үшінші жағынан – оқушыны өзіне еріксіз тартып отыратын өте көркем шығарма<sup>1</sup> десе, бір жыл өтпей жатып, 1937 жылдың кара құйыны соққан кезде М. Қаратаев «Всего лишь несколько месяцев тому назад он переиздает свой, с позволения сказать, «исторический» роман «Трудный путь, тяжелый переход», где не постыдился изображать себя героем и привести целую серию контрреволюционных алашординских документов и портретов врагов народа. Это своеобразная вражеская энциклопедия»<sup>2</sup> деп шыға келуі таң қаларлық жай емес еді.

Ал Сәкен ақталып, тарихымызға қайтып оралғанда сол автор «Тар жол, тайғақ кешудің» орысша аударылуына бағыштап алғы сөз жазды. Сонда «Тернистый путь – не свод исторических фактов и сведений, а цельное произведение, то есть роман, в котором исторические события переплетаются с судьбой частного человека. В нем слились действительность с вымыслом, эрудиция с

<sup>1</sup> С. Мұқанов. Қазақ совет әдебиетінің тұнғышы.

«Қазақ әдебиеті» газеті. 20.07.1936 немесе «Өсу жолдарымыз» 1960, 178-бет.

<sup>2</sup> «Казахстанская правда» газеті, 16.09.1937.

фантазией. Богатству материала, документов и фактов, которыми располагал писатель, может завидовать целое научно-исследовательское или архивное учреждение. В этой книге Сейфуллин выступает летописцем, но не бесстрастным, добру и злу внимавшим равнодушно, а страстным борцом, живым участником того, о чем он повествует. Скромность сдерживала Сейфуллина рисовать этих людей батырами, ведь тем самым он поэтизировал бы и самого себя. Вероятнее всего, тут сказалось изумительная скромность Сейфуллина»<sup>1</sup> дегенін оқимыз.

Сәкен Сейфуллин 1957 жылы 30 наурызда ақталды. Сол жылдың 21 қазанында Есмағамбет Ысмайловтың құрастыруы және алғы сөзімен Сәкеннің «Өлеңдері мен поэмалары» жедел басылып шығып, сағынған елімен қауышты. Онан кейін «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссе-сінің 1936 жылғы варианты 1960 жылдың наурызында басылып шықты.

Бұдан кейін Сәкен Сейфуллин шығармаларының 6 томдығын шығару ісі колға алынды. Шығарушылар алқасы «III том «Тар жол, тайғақ кешу» романы болады»<sup>2</sup> деп хабарлағанымен бұл басылымға ілікпеген. 1964 жылы орыс тіліне басылайын деп жатқанда З. С. Кедрина «Тар жол, тайғақ кешудің» үстінен ұлттар достығына зияны тиетін кітап деп КҚЛ Орталық Комитетіне шағым<sup>3</sup> түсіргеннен бастап бұл ұлы шығарманы сығалай окушылар көбейіп, редакторлар айрықша сақтық жасағандықтың белгісін 1960 жылғы 80 мың, 1964 жылғы 350 мың тираждың 1977 жылы 50 мыңға түсінен және кейбір беттерінің қасқыр тартқандай жұлмаланып, қалам ұшы тигенінен-ак байқауға болады.

1986–88 жылдары М. Эуезов атындағы әдебиет және өнер институты бұрынғы алты томдықтың орнына Сәкен шығармаларының бес томдығын шығарып, төртінші томына «Тар жол, тайғақ кешуді» енгізді. Оған берілген

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. «Тернистый путь» 1964, 37–40-беттер.

<sup>2</sup> Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин. Шығармалар, 1-том. Өлеңдері мен пьесалары, 1960 5-бет.

<sup>3</sup> Сәкен комиссиясының төрағасы С. Мұқановтың жауабы. Қараңыз: Т. Кәкішев. Ескірмейді естелік, 1994, 67–67-беттер.

қысқаша түсіндірмеде 1927 жылғы басылымының түбөгейлі өзгеріске, толықтыруға ұшырағаны әңгіме болмай, 1960 жылғы басылым негізінде болар-болмас сөздердің жазылуына ғана назар аударылып, «анықтай түсуді керек ететін жайлар түтпеп келгенде, зерттеушілер мен академиялық басылымды дайындастындардың үлесіне тиеді»<sup>1</sup> деп қажетті салыстыруларға бармаған. Біз мүмкін қадерінше осы жайтқа көніл бөлмекпіз және «Тар жол, тайғақ кешудің» салыстырмалы жаңа басылымын дайындаудамыз.

Жалпы «Тар жол, тайғақ кешу» қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихынан ойып орын алғып келе жатқан кесек туынды болғандықтан ел-жүрт құлак қойған, ғылыми орта тұжырымдаған «Қазақ әдебиеті тарихындағы» пікірді әрқашан есте тұтқан абзал: «Тар жол, тайғақ кешу романы» Сәкен прозасының биік шыны, ол қазақ әдебиетінің қалыптасу дәүірінде шешуші рөл атқарды. Фактілердің, құжаттардың молдығынан да, жазушының нақты көркем суреттеуімен де жеткізіп суреттейтін бұл күрделі роман әрі тақырып жаңалығымен, әрі тарихшылық пен суреткерліктің жаразтық табуымен кімді болса да қызықтырады... Қазақстанда социалистік революция женісі туралы ең алғашқы реалистік роман жанрының қалыптасуына жол ашты. Сонымен бірге республикада қоғамдық ой-пікірдің, тарихтық білімнің дамуына да орасан зор ықпал жасады»<sup>2</sup> деген негізгі тұжырымды Сәкен шығармашылығын зерттеген профессорлар Е. Ысмайлов, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Р. Нұрғалиевтар әр қылыштың тендермен толтыра айтып, қазақ әдебиеттің ғылымында орнықаны белгілі.

Алайда қайта құру мен жариялышы қезінен бастап, әсіресе кеңес өкіметі құлап, коммунистік партия тарағаннан бері басқаша әуенде пікір айтушылар кездесуде. Өзгені былай қойғанда, «Қазақ әдебиеті» газетінде «Сәкен Сейфуллиннің негізгі шығармасы аталағын келген «Тар жол, тайғақ кешу» романы таза тарих үшін керек болғанымен,

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Бестомдық шығармалар жинағы, 1988, 4-том, 445-бет.

<sup>2</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. Үшінші том, бірінші кітап, 1967, 320, 329-беттер.

қазақ әдебиетінің игліктері қатарына қосыла қояр ма?»<sup>1</sup> деген сауалды қоюдағы көзделген мақсатын түсіну қын. «Жұлдыз» журналы бұған дейін «алыптар тобын» құрап келген Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Ғабит, Ғабиден қатарлы қаламгерлер өз үлестерінің шама-шарқына карай тиісті орнын, бағасын ала берер. Бұрынғыдан есептеліп «негізін қалаушылар» ретінде окулықтан окулыққа жөнкіле алмас, өйткені сол құрғыр «негіз» дегеннің өзі – негіzsіз болып шықты<sup>2</sup> деп жаткан уақытта әдебиеттің тарихынан мағлұматы мол ғылымның бірі саналатын филология ғылымдарының докторы, қазіргі заман әдебиеті бөлімінің менгерушісі Мұсілім Базарбаевтың 1986–88 жылдары Сәкен шығармаларының бес томдығына жазған алғы сөзінде «Тар жол, тайғақ кешуде» жана социалистік мұраттар, биік идеялар, азаматтық асқақ талаптар реалистік нақыштармен, публицистік пафоспен ұтымды бейнеленген. С. Сейфуллин туындысы дәуір шежіресі болумен бірге революциялық кезең шындығын эстетикалық түрғыдан игеруде социалистік реализмнің партиялық халықтық, шыншылдық принциптеріне сүйену жетістіктерін қапысыз танытты<sup>3</sup> деген тұжырымын 1994 жылы «Біз Сәкенді қалай түсінеміз?» деген мақаласында «Жазушының проза саласындағы әйгілі шығармасы, әрине, «Тар жол, тайғақ кешу». Бұғынгі көзқараспен қарасақ шығармада таптық түсінік тым бірыңғай алынып, алашорда қозғалысы мұлде мансұқ етілуі, идеологияны былай қойғанда, тіпті тарих алдындағы ұят нәрсе еді. Кітап бұл жағынан әсірекызыл большевиктік бағытта жазылған тарих және қисық баяндапған тарих»<sup>4</sup> деуі әрине кезеңдік психологиядан туған тұжырым деуге келінкіремейді. Рас, кейінірек «Егеменді Қазақстан» газетінде жазған мақаласында бұл шығарма жөнінде біраз жылышық танытқанымен, түсінік тоны онша жиби қоймағанын көреміз. Басқа авторлардың да қыңыр түсінігі

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиеті» газеті 11.09.1992 ж.

<sup>2</sup> «Жұлдыз» журналы, №5–6, 1994.

<sup>3</sup> М. Базарбаев. Алғы сөз. Қараңыз: С. Сейфуллин, 5 томдық Шығармалар жинағы, 1986, 1-том, 15-бет.

<sup>4</sup> М. Базарбаев. Біз Сәкенді қалай түсінеміз? «Қазақ әдебиеті» газеті, 01.07.1994.

мен пікірі кездеседі, келешекте де болуы ғажап емес. Өйткені, бұл роман-эссе әр ұрпактың тарихи танымы мен эстетикалық түсінігіне карай бағаланатын өміршен тірі шығарма. Ал жазушы үшін де, оның туындысы үшін де, бұдан артық бақытты іздең жатудың қажеттігі шамалы.

Тегінде, Сәкеннің бір шығармасының өзі, әсіреле атакты «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесі айрықша зерттеудің объектісі болып отыруы да, төңкерісшіл де жаңашыл дарынның бұдан былайғы бағалануы да шындық деңгейінде, тарихи дәлелді болуын талап етеді. Сондықтан ұлы дарындарымызды жан-жақты зерттеген уақытта олардың бойына сыйымды, енбегіне татыр тенеулерді барынша жауапкершілікпен айтқан орынды болмақ.

Әрине, ғалым, зерттеушілердің пікірі ертеңгі тарихтың үлесіне тиетінін айтқан уақытта алашқа айбын арыстар ішінде Сәкеннің орны жайлы Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың: «Қазақтың бір туар перзенті, аса көрнекті ақыны және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин халық жадында мәңгі сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы деп еске аламыз. Сәкен – біздің ұлттық мақтандышымыз, ел үшін еніреген ер, қайтпас қайсар құрескер. Егер ол тірі болса, бүгін, сөз жоқ, өзіне тән өткірлікпен, от пен судан қорықпайтын батырлықпен тек халық мұддесі жағында ғана тұрап еді. Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккен қазақ еліне Сәкеннің үздік ұлгісі, өрелі өнегесі өте керек»,<sup>1</sup> – деп билетіні қазір женіл-желпі сейлей, жаза салатындарға тиісті ескерту екені сөзсіз.

«Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесін зерттеу, талдау, баяндау барысында Сәкен өмір сүрген кезеңнің түсінікталғамының сыры мен қырын, себеп-салдарын мүмкін қадерінше ашып көрсетуге талпындық және роман-эссеңін өн бойынан тарамданып жататын құбылыстардың бәрін қамтимыз деген ниеттен безіп, тап бүгінгі күні, яғни алаш қозғалысы ақталып, оның арманы – қазақ еліне егемендік пен тәуелсіздік келіп жатқан өтпелі заманның талай тілектерін ескере отырып XX ғасырдың бас кезіндегі

<sup>1</sup> Н. Ә. Назарбаев. Алашқа айбын болған арыстар. «Егеменді Қазақстан» газеті.

қоғамдық-әлеуметтік және адами-пенделік құбылыстарды мүмкіндігінше ашып та ашық көрсетуді мақсат тұттық. Міне, сондықтан тарих пен әдебиетті шамамыз жеткенше тұтастыра баяндауды көзdedік және, жасыратыны жок, «Тар жол, тайғақ кешу» төңірегіндегі түсінбестікті де, қанқу сөзді де сейілту қажет деп есептедік. Сондықтан өмірдің ұсақ-түйегін, адамдар арасындағы ілік-шатысты емес, дәуір сауалына, қоғамдық ірі мәселелердің төңірегіне көбірек токтауға тұра келді.

15.12.1994.

**«ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ»  
ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫң  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Бұғынгі күні мақтанарлық, мақтарлық ел екенімізді танытып, ұлттымыздың бас-аяғын түгендерлік дәрежеге жетіп жатқан күндері алаш азаматтарының да арманы осы еді деген пікірлер жиі айтылуда. Мұндай толғамға қулақ қоймасқа болмайды. Әрине, әңгіме уақыттың жеткендігінде емес, тарихи шындықты дұрыс саралауда, бағалауда, ой елегінен өткізіп әділін айта білуде.

Қай кезде де келешекке болжам, өткенге көзқарас болмай қалмаған. Бірақ екеуі де үлкен санаулықты қажет етеді. Яғни болжамда – бопсылау, көзқараста – көрсокырлық болмасқа тиіс. Болжамда – қырағылық, көрегендік, көзқараста – шырайын шығарар шындық болуы шарт.

Откен тарихымызды дұрыстандың бір тармагы – дауылды күндерде қазақ зиялышарының екіге белінген себебін ашып, ірге ажыратқан кезін айқындау мәселесі қағыста қалмауға тиіс. Өйткені, осы төніректе шындықтың анықканығына жетпей бопсылайтындар қазір көбейіп барады. Совет Одағы ыдырап, алаш қозғалысы акталған тұста Тұrap Рысқұлов, Әбдірахман Әйтиев, Әліби Жангелдин, Амангелді Иманов, Сәкен Сейфуллин сынды азаматтарға орынсыз өкпе айтылуда, қаңқу сез таңылууда.

Біз Сәкен Сейфуллиннің көзқарас эволюциясы арқылы біраз шындықтың сырын ашып алуды қазір айрықша қажет деп білеміз және сол арқылы замананың басып откен жолын шынайы бағалай отырып, әділін айту керек деп санаймыз.

Алаш қозғалысын кеңес тұсында даттау машығы білмеушіліктен, бейхабарлығымыздан болды деп жеңілдетуге тырысудамыз. Ал кешегі мен бұғынгі саралайтын мүмкіндік туған кезде ол кешелігіміз үшін біржактылық пен қасакана өшіруге жол бермеуіміз керек, өйткені бұл екеуі

де тарихты таразылауға, оңтайлы шешімін табуға бастай алмайды. Шындық қана шиеленісken түйінді шешуге жөн көрсете алады.

Қазан төңкерісі – қазақ зиялыштарын екіге бөлген шекара десек, сол екіге бөлінуде Сәкеннің қарақан басының жолайрығы қай кезден басталды, себебі не деген сауалды қазір әдій шығынданда қою керек және жалтақтамай, бұлтактамай бар шындықты баяндау шарт.

Тарихтың қай кезеңін болса да ғылыми тұрғыдан танып білудің ең негізгі арнасы – өмір шындығын көне деректер мен фактілерді мүмкіндігінше жан-жақты қамтып, ақиқатқа айналу процесін көрсете білу болса керек.

Ал «Тар жол, тайғақ кешу» сынды шындықты бейнелейтін шығармаға бүгінгі заман талабымен қараған тұста оның ақ-қарасын ашу үшін оның ішкі ағысына зерсалып, бұрыс тартқаны мен дұрыс желілегенін жіліктей білу абзап. Соңдықтан кеңес өкіметіне қарсы бағытта болған алаш қозғалысына сокпай кетуге болмайды деген күннің өзінде, кеңес өкіметін жан-тәнімен қолдаған Сәкен Сейфуллин көзқарасын алаш қозғалысының туу себептері мен кезеңдеріне сабактастыра қарастырған жөн. Себебі бұлардың әрқайсының діттеген ойын, көздеген мақсатын, жасаған іс-әрекеттерін анық білмегендер үшін сырттан тон пішे салу оп-опай. Сәкен Сейфуллиннің ұлтжандылығы, еліне тілегені алаш қозғалысының негізгі мәселелеріне көзқарасы арқылы айқындалады.

Ал алаш қозғалысының қыр-сырына терең үнілудің қайнар көзі сол қозғалысты ұйымдастырушылардың өз қолдарымен жазған шығармалары, қалдырган деректері мен құжаттары, мақалалары мен хат-хабарлары. Осы мәліметтер ғана қозғалыстың табиғатын түсінуге кең жол ашады. Соңдықтан алаш азаматтарының колынан шыққан басылымдарға, дерек-мәліметтерге, газет-журналдар мен архивтердегі деректерге объективтік тұрғыдан қарау арқылы шындықтың сырын ашу қажеттігі туып отыр.

1896–1903 жылдарда қазақ даласында Шербина басарған экспедиция жұмыс істеді, оның құрамында Ә. Бекейханов та бар еді. Тарихшы М. Қойгелдиев: «Экспедиция жұмысына қатынасу барысында Ә. Бекейханов қазақ

даласына байланысты Ресей империясының көздеңен мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көрді және орталық биліктің таяу жылдары ірі шараларды іске асыруға даярлық жасап жатқанын байқады»<sup>1</sup>, – деген тұжырым жасайды.

Алаш қозғалысының дамуын жалпы төрт кезеңге бөліп қарау жөнінде ой-пікірлер айтылып жүр.

Бірінші кезең алғашқы орыс революциясы жылдарын қамтиды. 1905 жылы маусым айында Қоянды жәрменке-сінде 14500 кісі қол қойған Қарқаралы петициясы қабылданды. Ол ұлттық мұддені саяси таным деңгейіне көтерген алғашқы құжат болды. Осы дүмпуге 1905 жылдың қысында Орал өнірінде кадет партиясының бір ұйымын ашуға ииеттеген зиялыштардың әрекетін де қосқан жөн. Бұл – бірінші кезең, оның толғағы ұзаққа созылды, іштей жетілді.

Екінші кезең – 1913 жылы «Қазак» газеті дүниеге келіп, еріс алуына байланысты ұйымдық процестің көріне бастау шағы, газеттің насихатшылық рөлінің айқын сезілген тұсы.

Үшінші кезең – қазақ халқының көніл ауанын білу үшін съезд шақыру идеясы 1912 жылы ойға оралғанмен нақты жүзеге асуы 1917 жыл, яғни жалпықазақтық екі съездің өткен тұсы.

Съезд шақыру жөнінде әр қылы ой-пікір айтылуы салдарынан әлеуметтік сана белгілі арнаға түседе алмай 1916 жылғы патша жарлығына соқтықкан тұсы. Ұлт-азаттық қозғалысы тұсында да, дубрілі 1917 жыл басталар шақта да нақты саяси платформа, бағыт-бағдар сезілмей жатты. Алайда 1917 жылғы Ақпан революциясы оқиғаларды қауырт тұста өсірген облыстық қана емес, бүкіл қазақтық көлемде екі съездің өтуі алаш қозғалысын тез ширатып, жүйелі бағыт алуына қамшы болды. Шешуші кезең туды.

Төртінші кезең – Алашорда мүшелерінің кеңес өкіметімен, сонымен қатар Ресейдің әр жерінде орнап жатқан уақытша өкіметтермен байланыс жасауға ұмтылып, өзін мойыннатуға талпынған тұсы. Азамат соғысының

<sup>1</sup> Қараңыз. Ә. Бекейханов. Шығармалар. Алғы сөз. М. Қойғелдиев «Алаштың Әлиханы». А. 1994, 11-бет.

ылаңынан жол таба алмай дағдарған, басты тауға да, тасқа да ұрған кезі.

Қарқаралы петициясында «Діни сенімдерді атқаруда, оку-ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою: ауылдарда сабак орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу; қазақ халықының мұн-мұқтажын талқылауға қажет құрал – цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұқсат беру; жаппай қоныстану қарқынының күшейіп, құнарлы жерлердің қоныстанушыларға өтуіне байланысты қазақтар орналасқан жерлерді олардың занды меншігі екендігін мойындау; мемлекеттік аппаратта, сот органдарында іс қағаздарын қазақ тілінде де жүргізу, олардың жұмысында қос тілдікті жолға қою»<sup>1</sup> сияқты талаптардың айтылуының зор әлеуметтік мәні бар еді.

Қарқаралы петициясы ұлттық сананың оянуына үлкен ықпал етті, әсіреле қазақ жастары арасында азаттыққа ұмтылу идеясын күшетті. Оны Сәкен Сейфуллин былай растайды. «С 1905 года среди киргизской интеллигенции, а в особенности среди учащейся молодежи с 1912 года наблюдалось распространение революционной идеи т. е. вернее, идеи национального равенства и освобождения.

Вдохновителям пробуждающей молодой киргизской интеллигенции были видные, в то время революционные кадеты, публицисты Букейханов, Дулатов и Байтурсынов. Молодая интеллигенция, которая в то время инстинктивно стремилась к свободе, к революционной работе и не находя учителей, разумеется, быстро объединилась вокруг этих умных кадетчиков и вокруг ихней газеты «Казах»<sup>2</sup>.

Азаттық идеясымен қаруланған жастар мәдени және саяси ағарту мақсатында қауымдастып, ұйымдар құра бастағаны тарихтан белгілі. Бұл ұйымдардың бәрі бір түсінікті, бірыңғай бағытта бола қоймаганы да анық. Сондықтан әрі тарт, бері тарттың талай көріністері

<sup>1</sup> Қараңыз: Бекейханов. Э. Шығармалар. Алғы сөз. М. Қойгелдиев. «Алаштың Әлиханы» А., 1994, В-бет.

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. О киргизской интеллигенции. Газета «Жизнь национальности», Москва, 25 ноябрь, 1920.

қылаң беріп жатты. Ұйымдық орталықтың жоктығы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы түсінде айрықша сезілді, көтеріліске қатысуышыларға басшылық жасалына алмағаны белгілі.

1913 жылы шықкан «Қазақ» газеті ықпалды, беделді болғанына қарамастан іс-әрекетті ұйымдастыруши орталық бола алмасы өзінен-өзі түсінікті. Белгілі бір партияның атқарап міндетін жалғыз газет еш уақытта көтере алмайды. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында «Алыс болса да Қазақстанға құлақ күйін бұрап беріп отыруға тырысқан Орынбордағы «Қазақ» газеті еді»,<sup>1</sup> – деп табуы тарихи түрғыдан үлкен баға екендігін аңғармау әбестік болар еді.

Асырып, желпілдетіп айтудан бойын тарта білгендердің сөзі ғана уәлі, дәлелді. Сондықтан Сәкен Сейфуллин «Қазақ» газетінің рөлін ез деңгейінде дұрыс бағдарлағанын айтқан орынды.

«Қазақ халқы жақсы жерден, судан айырылып, патшадан қорлық көріп, тұрмысы өзгерінкіреп: «Жерім-ай! Суым-ай! Қорлық-ай! деген заманда шықты және сол тұрмыс өзгерістерінің әсерінен қазақтың оқуға ұмтылған жастары көбейіп, талпына бастаған қарсаңында шықты»<sup>2</sup>, – деп объективтік себептерді алға тартып, ол насихаттаған идеялардың тартымды күшке айналарын сездіреді.

Демек «Қазақ» газетінің езілген, қаналған халықтың мұн-зарын айтатын деңгейге көтерілгенін, бірден елден қолдау тапқанын осындаи әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарға жаңа настырған орынды. Уақыт сырын, қоғам қажеттігін айта, жаза білу елдің санасын өсіріп, биікке кол серметкені өтірік емес<sup>3</sup>. Сондықтан бұдан былайғы жерде қоғамдық, әлеуметтік мәселелердің қоюлануы, күн тәртібіне қойылуы, халық ойын оятуы мәндene де, нақты іс-әрекетке көше бастағаны да замана рухына байланысты болғанын еш уақытта естен шығармаған дұрыс.

Осыны біз Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты роман-

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. Қызылорда, 1927, 58-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 59-бет.

<sup>3</sup> Ә. Әбдіманов. «Қазақ газеті, «Қазақ университеті» 1993, 35-бет.

эсесінен қалай көреміз, ондағы баяндалған, суретtelген шындықтар жалпы алаш қозғалысын қалай көрсетеді деген түбегейлі мәселелермен сабактастыра болсақ, онда қазақ даласында болған қоғамдық саяси құбылыстарды шар айнадан көргендей боларымыз анық.

Сәкен Сейфуллиннің роман-эсесінен хабардар кісіге 1916 жылдың жазында басталатыны белгілі. Ақмола уезіндегі Бұғылы елінде жаңадан ашылмақ ауылдық мектепке мұғалім болып тағайындалған Сәкен Сейфуллин оқу басталуына екі-үш айдай бос уақыт болған соң, әрі уақыт еткізу, әрі қаражат тауып алу үшін ауыл шаруашылық санак қызметіне жалданады. Сәкен бастаған бес адам маусым айының сонына таман Семей губерниясының Павлодар уезімен шектес қанжығалы Қоржынкөл еліне келгенде, қазақтан майданның қара жұмысына жігіт алатындығы туралы жарлық шыққанын естиді. Урейленген, ереуілдеген халық арасында Сәкен біраз болады. Ұлттық езгінің ауыр салмағынан, отаршылдық ожарлықтан күніреніп толқыған елді ақылға келтірудің киындығын көреді. Амал таба алмай дал болған Сәкен өзі бел тұтқан алдыңғы агаларына, алаш қозғалысының жетекшілеріне аландаиды. Не істерін білмей, елге: «шабылмасандаршы, қорқатын не бар енді? Балаларың бара берсін. Енді өздерің күрисиңдар гой, – деп Мұсәпір деген кісінің үйінде жиналып отырған қазақтарға сөз сөйлемдім»<sup>1</sup>, – дейді Сәкен. Июнь жарлығының алғашқы сәтінде Сәкеннің бұдан басқа айтқан ақылы жок.

Еілген елге басу айтқан Сәкен шешімінің түп-теркіні алдыңғы агаларының, қазақ зиялыштарының аузынан да шықты.

1916 жылы «Қазак» газетінің 192-санында Әлихан, Ахмет, Міржақып қазақ халқына ашық хат жазды: қара жұмысқа «барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазага ұшырағаны, ал бармаймын деп қарсылық қылса елге зор бүліншілік. Осы екі ауырлықтың жұрт қай жеңілін таңдау керек. Біздің білуімізше жеңілі – көнген»<sup>2</sup>, – дегені

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғак кешу, 1927, 37-бет.

<sup>2</sup> «Қазак», 1916 жыл. № 192 немесе Ә. Бекейханов. Шығармалар, 1994, 218-бет.

бұған нақты мысал. Бұл позицияны әр түрлі саққа жүгіртүге болар, бірақ Сәкен бұдан тиімдін айта алмады. Негізгі бағыты «Қазак» нұсқаған жолдың анғарында жатты.

Ал ауылнай, болыстардың пара алып список тізуде әділетсіздік жасағандарынан хабардар зияллылар: «дұрыстықпен қызметтін атқару керек», – деп жөн айтқандай болғанмен «Біз естіміз, елдің көбі бұл істің жаласын ауылнай, болыстарға аударып, список бермей отыр дейді, бұлары қата. Болыс пен ауылнайды ерік жоқ, бұйырды – орындағы»<sup>1</sup>, – деп «Қазак» газеті жазып тұрды.

Ал Сәкеннің бар тындырғаны Ақмола уезінің бастығына елдің көріп отырған қорлықтарын, зорлықтарын, параға шашылып жатқанын айтып «кім біледі әлі әділеттік те келер, жауыздардың да жазаларын тартар уақыт жетер»<sup>2</sup> деп бұркіншек атпен шағым жазғаны ғана.

Яғни қазақ зияллылары, оның ішінде Сәкен де күрделі құбылысқа дайын еместігін, жоспары жоқтығын анғартты. Төре, чиновниктерді сөгуі Сәкеннің жалпы демократиялық көзқарасын ғана танытады.

«Қазактың өзінен шыққан управительдер, тілмаштар қара халыққа қасқырдай тиді. Олар көтерілісті әртүрлі жолмен пайдалануға тырысты, пайдаланды да, болыс, би, старшындар, атқа мінерлер, тілмаш, писарълар қазақтың көзін бақырайтып қойып ашықтан-ашық талады. Ең аяғы болыстың шабарманына дейін елді талады. Алым алматан, пара жемеген, елге зорлық көрсетпеген атқа мінерлер калмады. Бұлардың әркайсысы әртүрлі әдіспен жеді. Сондыктан пара беруге шамасы барлардың, байлардың, әлділердің балалары қалып, ылғи қарақасқа кедейдің балалары мұрнынан тізілді. Осы себептен қара бұқара әкімшілікке жауықты. Ашу кернеген халықтың қолынан қаза тапқан болыс, старшындар, писарълар да аз болмады».

Осындай халық өзінен өзі көтеріліп жатқанда алаш қозғалысына әрі ұйымдық негіз, әрі оны бастайтын саналы топ жетіспеді қазақ оқығандарының көпшілгі анырып, не істерін білмеді, «Қазак» газеті, оның басшылары «Жарлыққа

<sup>1</sup> Бұл да сонда.

<sup>2</sup> Сәкен Сейфуллин. Тар жол, тайғак кешу, 1960, 50-бет.

көнсек аз шығынмен құтыламыз» деген позицияны наси-  
хаттай берді.

Мұндай солқылдақ саясаттың салқыны тигені, әрекет  
жасаудың айла-амалын таба алмағаны тағы шындық.  
Оны Сәкеннің өз мысалынан-ақ шығарып алуға болады.  
«Ойымнан қалың елдің қазіргі халі, олардың ілгергі бо-  
лашағы кетпеді. Жата алмаймын. Отыра алмаймын. Бас,  
акыл қалың тұманның құрсауында. Не көптің ішінде жоқ,  
не қалада жоқ. Адасқан құллі дүниеде жалғыз қалған  
сияқты бір жанмын. Уң! Жалғыздық...»<sup>1</sup> дегеннің айтары  
анық болса керек.

Қазіргі зерттеушілер арасында «Қазак» газетінің по-  
зициясын, яғни айтқанға көніп, қара жұмысқа жігіт бер  
дегені орынды еді деп жақтайдындар да жоқ емес.  
Бұған барлық жағдайда келісе қою қын. Себебі, алаш  
қозғалысында ұйымдық негіздің жетіспей жатқаны рас  
болатын, белгілі бастаушысы, идея айтушысы болғаны-  
мен оны қолма-қол іске асыра қоятын ұйымдастыру ша-  
ралары жокқа тән еді, сондықтан көтерілістің аймақ-  
тық және стихиялық сипаты басым жатқанын аңғармауға  
болmas.

Қара жұмысқа адам берсе де, бермесе де қазақ халқы-  
ның көрген қорлық-зорлығы көбеймесе, азая қоймағаны  
тариҳтан белгілі. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі мен  
азамат соғысының ылаңынан материалдық шығынды бы-  
лай қойғанда, миллионға жақын қазақтың қырылғаны, аяқ  
астында қалып өлгені, ағы да, қызылы да ел деп елемегені  
бүгін әбден анықталып отыр.

Айрықша арнағы зерттелетін күрделі мәселе болған-  
дықтан 1927 жылы «Тар жол, тайғақ кешуді» шығарар  
кездегі Сәкеннің таным-білігінің деңгейінен алыстал кете  
қоюдың еш орны болmas.

Әр оқиға өзі болған тұстағы шындықпен шырайлануға  
тиіс.

Ақпан төңкерісі тұсында да, тіпті содан кейінгі облыс-  
тық, уездік, жергілікті комитеттердің құрылу кездерінде  
де Сәкен қазақ оқығандарына үлкен үмітпен қарап, солар-

<sup>1</sup> Сәкен Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1960, 47-бет.

дың ыңғайында болған, жөн-жосығымен жүргуге талпынған. Оны Сәкен өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» романының 1927 жылғы басылымында былай баяндайды: «Қазақстанның әр жерінде уездік, облыстық съездер ашыла бастады. Сәүір кезінде, Омбы қаласында Ақмола облысының облыстық қазақ жиылдың деген болды...»

Жиылдық Орынбордан «Қазақ» газетінен Міржақып келді, одан соң Ақмолаға облыстық комитеттен екі қазақ жігіті – Әділұлы, Кеменгерұлы деген комиссарлар келді. Олар келген соң уездік қазақ комитетін аштық. Қазақ комитеті қазақ істерін басқаратын болды. Бірақ күш, үкімет, дегенмен, әлі де уездік комиссардың қолында<sup>1</sup> еді деуіне қарағанда Ақпан революциясынан кейінгі күндерде Сәкен үшін буырқанған сәттің тумағанын көреміз, жайма шуақ кезін байқаймыз.

Алайда, елде жүргенде әлсіздерге зорлық көрсеткен төре, шенеуніктердің іс-әрекетіне өшігуінен Сәкеннің тапшылдығы ептең бастау ала бастаса, Ақпан төңкерісінен кейінгі уақытша өкіметтің тұсында езуші тап өкілдерін сайлаудан өткізбейге тырысқан әрекеті тағы бар.

Осылар елді қалай бастар екен деп үміт артқан қазақтың ақ жағалыларының іс-әрекетінен ептең секем алуы – елдің көз жасына қалған екі болыстың үстінен тұсірген шағымға Омбыдағы облыстық қазақ комитетінің ешбір Шара қолданбай, немкүрайлы қарауы болды. Бұл – бір.

Екіншіден, комитеттегілердің сайлау кезінде жер-жерде болған әділетсіздікті көрмеуге тырысуы, білмеу, мән бермеу ниеті Сәкеннің құдігін үдете түсті. Оны Сәкен: «облыстық комитеттің кімдікі екеніне енді көзіміз әбден жететін болды. Сонымен, Ақмоланың уездік қазақ комитеті мен облыстық қазақ комитетінің арасы жақсы болмай бастады»<sup>2</sup> – дейді.

Осы кезден бастап Сәкен Сейфуллин «Жас қазақ» атты ұйымның жұмысын пәрмендендіре тұсіріп, уақытша үкіметке үміт артпай, Россияның құрама (Федеративная) республика болуын қалап, кезекті бір жиналыста қаулы

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1927, 46-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 1927, 49-бет.

алдырады. Яғни, бұл Сәкеннің ашық болмағанмен қазақ оқығандарымен, әсіресе алаш қозғалысы жетекшілерімен іштей тәжікелесе бастағанына, сенімі – күдікке, күдігі – керекарлыққа айнала бастағанына дәлел бола алатын ірі құбылыс. Дегенмен, ат құйрығын әлі кесе койған жоқ.

Осы Ақпан мен Қазан төңкөрісі аралығында ерекше мән беретін бір мәселе – бірінші жалпы қазақ съезі, онда қаралған он төрт мәселенің бірінші бабы, яғни «Жалпы-rossияның мемлекеттік құрылышы».

Алаш ақиқатын айтуға ат салысып жүрген ғалымдардың барлығы дерлік әрі қысқа, әрі нұсқа: «В России должна быть демократичная федеративная парламентская республика»<sup>1</sup> деп шешкен тұжырымды айтып жүр. Олар көбіне Н. Мартыненконың 1929 жылы құрастырған құжаттар жинағына сүйеніп жазады. Оның негізі – «Қазақ» газетінде 1917 жылы 31 шілдеде жарияланған съезд қаулысы.

Сол ғалымдардың ішінде тек тарих ғылымының докторы Талас Омарбеков қана «Қос үкімет құрылған алғашқы күндерде-ақ советтерді емес, уақытша үкіметті қолданған, «тылдағы» қазақ арасында жүрген Ә. Бекейхановтың Минскіден Қарқаралыға жолдаған телеграммасындағы: «Қырғыздарға (қазақтарға – Т. О.) жаңа құрылыс үкіметін қолдау үшін ұйымдасу керек, қырғыздар құрылтай жи нальысына дайындалулары тиіс, «біздің ұранымыз – демократиялық республика», «жер – малшылықпен және егіншілікпен табыс түсіретіндердікі», – деген тәрізді жолдары бар телеграммасы халық бостандығы (кадеттер) партиясының 1917 жылдың 25 наурызында болған VII съезінде және осы жылдың 9–11 мамырында болған VIII съезінде қаралып қабылданған бағдарламасының қағидаларымен үндесіп жатыр», – деген ойы жалпы қазақтың бірінші съезіндегі қаулысының корытындысы, яғни «Ресейде демократиялық, федеративтік, парламенттік республика болсын» деген қаулысы алаш қозғалысы кадеттермен уақытша ғана келісімде болды. Жалпы қа-

<sup>3</sup> Алаш-Орда. Сборник документов. Составитель Н. Мартыненко. А., «Айқап» 1992, 22-бет.

зактың бірінші съезінде-ақ ұлттық мұддені бірінші орынға қоятынын байқатты»<sup>1</sup> – деген пікір айтады.

Бұл жерде біз ғалымның «ұлттық мұддені бірінші орынға қоятынын байқатты» деген пікірін тірлітетін мына жағдайларға назар аударуды жөн көреміз.

Бұл съезге дейін «Қазақ» газеті бетінде Э. Бекейханов үзбей жариялаған мақалаларында да, жедел хаттарында да («Қазақ» 1917, № 223), тіпті осы үлкен жиын алдында 1917 жылдың 2–8 сәуірінде Орынборда өткен Торғай облысының съезінде «высказался за «демократическую, парламентскую и децентралистическую Республику». Высказался фактически съезд за буржуазную республику с президентом и учредителкой и продолжением войны до победного конца. В том же духе высказался и уральский, декабрьские съезды»<sup>2</sup> деген Мартыненконың ойына да назар аудару қажет.

Ал енді осы маңызды мәселеде алаш азаматтарымен саясат тұрмак, пенде ретінде де араларына әлі пәлендей реніш кіре қоймаған Сәкен Сейфуллиннің көзқарасын салыстырып, осы шешуді, ең маңызды мәселені, ягни мемлекет билігі туралы мәселені съезд қалай шешер екен деп қадағалап отырғанын «Тар жол, тайғақ кешу» романынан оқып көрейік.

«Уездік комитеттің жалпы жиылдысын аштық. Комитеттің ортасына Орынборда болып жатқан съездің қартаң мәселелері туралы қаулы шығардық. Қаулымыз «Жас қазақ» ұйымының жобасымен болды. Біздіңше ең зор мәселе Россияның болашақ үкіметінің құрылышы. Бұл туралы біздің комитеттің шығарған қаулысы бойынша Орынбордағы съезге телеграм соктық. Телеграмды жазған Бірмұқамбет Айбасұлы еді.

Телеграмның мазмұны мынадай еді: «Біз федеративная республикаға ғана дауыс береміз. Басқа түрге қарсы боламыз». Біздің телеграм съездің ашылуына дәл барыпты. Осы телеграмның жөнімен Ақмола облысының атынан

<sup>1</sup> Т. Омарбеков. Алаш партиясы хакында, «Ақиқат», №11, 1992.

<sup>2</sup> Алаш-Орда. Сборник документов. Составитель Н. Мартыненко. А., «Айқап», 1992, стр. 22.

барған Сейітұлы федеративный республиканы қуаттап сөйлепті. Съезд шақырушылардың ағасы Бекейханұлы кадет партиясының жобасын съезге алғызыбақ болыпты, едәүір далbastapты. «Россия үкіметі Англия үкіметіндегі патшасы бар парламентті болуы жөн» деп таласыпты. Бірақ көпшіліктен жеңіліпті. Съезд федеративный республиканы дұрыс тауыпты»<sup>1</sup>.

Осы үлкен проблема қазақ зиялыштарының жолайрығы болған сияқты. Бұл мәселе козғалған тұста, тағы да қайталайық, Сәкен мен алаш басшылары арасындағы қайшылық белең алмаған шақ болатын. Ақмола облысы атынан съезге қатынасқан Асылбек Сейітовпен Сәкен ел тыныш, жүрт аман кезден таныс еді. 1916 жылы Россияда ауыл шаруашылық санағын алу тұсында Ақмола уезінің солтүстігіне Сәкен кеткенде, Томск университетін бітіріп келген Асылбек Сейітұлы онтүстікке баратын комиссияны басқарған болатын.

Асылбек Сейітов Ақмола облысының атынан съезге делегат болып, сол съездің екі хатшысының бірі болғандығын ескерсек, онда өзіндік ойы, көзқарасы бар, білімі жетік Асылбек Сейітовтің өз пікірін ғана емес, «Жас қазак» ұйымының телеграммасын жақтап сөйлеуі еш шүбә тудырмайды. Бұл – бір.

Екіншіден, осы съезде болашақ учредительное собрание Сәкен мен Рахымжан Дүйсенбайұлының Ақмола облысынан ұсынылған кандидаттардың спискісіне (тізіміне) кіргізуі алшактамаған көңіл күйдің көрінісі екені даусыз.

Ушіншіден, съезден соң Асылбек Сейітов Ақмолаға келіп, съездің өту барысын бастан аяқ баяндағаны тарихи шындық.

Ал «Россияның үкіметі Англия үкіметіндегі патшасы бар парламентті болуы жөн» деп ұсыныс енгізген Әлихан Бекейхановтың осы съезге дейін күн күргатпай шыққан макалалары съезден соң «Қазак» газетінің № 238 санынан бастап 250 санына дейін көрінбей кетуінің сыры осы мәселеге байланысып жатқан жоқ па екен?

---

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол тайғак кешу, 1927, 61-бет.

Съезді ұйымдастыруши, шақыруши, басқаруши азаттар «Қазак» газетінің белді мүшелері ғана емес, алаш қозғалысының жетекшілері екенін ескерсек, съезд өтіп жатқан кездері де, одан соң да съездің ету барысымен оқырмандарды хабардар етпеуінің өзі де осы проблеманы терендей зерттеу қажеттігін аңғартса керек.

Мемлекет құрылышы жөніндегі мәселедегі көзкарастың айрықша мәні бар, өйткені ол қандай қозғалыстың болса да өзекті проблемасы. Сондықтан осындай шешуші, түбекейлі мәселеде кімнің қандай көзқараста болғаны, соған қарай әрекет еткені тек тарих үшін ғана емес, жалпы жағдайды түсініп, білу үшін де айрықша қажет.

Сәкеннің өзі тікелей араласпаса да Асылбек Сейітов аузынан және басқалардан естігендеріне негіздел Ә. Бекейхановтың кадет партиясының платформасын, яғни парламенттік монархия жобасын ұсынғандығын ұнатпағаны еш күмән тудырмайды. Олай болмауы мүмкін емес, өйткені Әлекең кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі ретінде Ақпан төнкерісінен кейін құрылған Уақытша өкіметті жақтаушы ғана емес, тіпті оның шаңырагына уық кадаушы адам. Әуелі Түркістан комитетінің белді мүшесі болса, кейін Торғай облысының комиссары болды. Осы тұста өткен әр килем съездерге құрметті төрағалыққа сайланған сәттері де аз емес.

Ә. Бекейханов жалпы қазақтың екінші съезінде, яғни 1917 жылы желтоқсанда алаш автономиясын құру мәсесі шешілгеннен кейін ғана кадет партиясынан шығатындығын әуелі съезде мәлімдеді, онан кейін 1917 жылдың 23 желтоқсанында «Мен кадет партиясынан неге шыктым?» деген түсіндірме хатын жариялады. Белгілі бір партияға мүше болған соң оның бағдарламасын қорғауға, сойылын соғуға міндетті. Сондықтан алғашқы казак съезінде Ә. Бекейхановтың парламенттік монархияны қолдауы, сондай ұсыныс жасауы әбден мүмкін және қисынды.

«Алаш» партиясының басшылары алғашқы кезде кадеттер жолын ұстанғандығы туралы К. Нұрпейісов «Ә. Бекейханов қазақтың ұлттық партиясын құру идеясын жүзеге асыруда әуел баста патша үкіметіне оппозициада болған либералды орыс буржуазиясының партиясы –

кадеттердің үлгісіне бейім тұрды. Кейін осы партияға мүше де болды<sup>1</sup> – десе, оны Талас Омарбеков «Алаш» саяси үйымының Ақпан төңкерісінен кейінгі қос үкімет құрылған алғашқы құннен бастап-ақ советтерді емес, уақытша үкіметті қолдағанын, Ә. Бекейхановтың Минскіден Қарқаралыға жолдаған телеграммасының мазмұны халық бостандығы (кадеттер) партиясы бағдарламасының қағидаларымен үндесіп жатқанын<sup>2</sup> атап өтеді.

Ал уақыт өте келе көзқарас өзгеріп, жағдай басқа әуенге түсken уақытта федеративті демократиялық республика идеясына ауысудың еш айып-шамы жоқ. Жағдайдың логикалық дамуы осыған еріксіз жетелеген болатын. Оның үстінен 1 жалпы қазақ съезі «Россия демократическая парламентарная Республика болып, қазақ облыстары коныс – ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс»<sup>3</sup> деген шешім шығарып қойғаны тағы бар.

Қалай болғанда да, Қазақстанда мемлекет орнату мәселесінде қазақ зиялыштары талай ойланып-толғанғаны сөзсіз. Соны басқа зерттеушілерден гөрі өзінше баяндайтын Т. Омарбеков «Алаш қозғалысы кадеттермен уақытша ғана келісімде болды және өздерінің 1917 жылғы 21–28 шілдеде болып өткен алғашқы жалпықырғызыдық (жалпы қазақ Т. О.) съезінде-ақ, ұлттық мұддені бірінші орынға қоятынын байқатты.

Егер кадеттер өз бағдарламаларында Қазақстан тәрізді бұрынғы отар елдерге Ресей қол астында жергілікті өзін-өзі басқару құқын ғана беруді қаласа, ал алаш қозғалысы өзінің алғашқы съезінде-ақ Қазақстанға федеративтік басқару жүйесін беруді талап етті. Яғни егер кадеттер Ресейде конституциялық-демократиялық республика құруды ұсынса, алаш қозғалысы Ресейде демократиялық федеративтік парламенттік республика құруды қажет деп тапты. Соңғы шешім бойынша Ресей құрамындағы Қазақстан өзінің дербестік автономиялы құқын сақтап қалуы тиіс еді», – деген ойы тарихи шындықтан туған.

<sup>1</sup> К. Нұрпейісов. «Ақиқат» журналы, № 11, 1992, 39-бет.

<sup>2</sup> Т. Омарбеков. Бұл да сонда, 40-бет.

<sup>3</sup> «Қазақ» газеті, 31.07.1917.

<sup>4</sup> «Ақиқат» 1992, № 11, 41-бет.

Әрине, ғалымның бұл ойы Ақмоладағы «Жас қазак» ұйымы мүшелерінің жіберген телеграммасының съезде пікірталас туғызғаннан соң барып, осындай шешімге келгендігі жөніндегі мәліметке кездессе бұдан да айқынырақ болары сөзсіз еді.

Сонымен мемлекет құрылышы жөніндегі көзқарастың ең алғаш басталған сәтінде әр килем ойлар айтылғанымен, «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында, екінші жалпықазақтық съездің шешімінде Россия демократиялық федеративтік республика болып, Қазақстан оның құрамында болуға тиіс деген шешім алаш қозғалысы тұсында тұракты позицияға айналды. Бұл арада «Жас қазак» ұйымы, Сәкендер бірден көрегендік жасады деп қолпаштамағанмен, жалпы қоғамдық дамудың аңғарын бакылай білгендерін теріске шығармау керек, өйткені бәрінің де арман-тілегі – қазақтың басқалармен терезесі қалай тең болып, қатарға қосылуы, ел болып өркендей кетуі сияқты негізгі мақсаттан тараалағанын көреміз. Алайда, тарих өзінше шешті. Ресей империясының сойылын соғушы болсын, ұлы-державалық көзқарасты коммунистік қызыл түспен бояғандар болсын, он инетті теріске бұрып жібергенін енді көріп отырымыз.

Сонымен, Қазақстанның келешегі жөніндегі аса түбегейлі мәселенің шешім табуының сырына тереңірек көз жіберсек, казақ зиялышарының көзқарасында әр килем түсінік болғанын көре отырып, бір мәселеге айрықша тоқтамасқа болмайды.

Алаш қозғалысын, әсіресе оның көсемдерінің іс-әрекеттерін кешегі коммунистік идеология заманында ылғи қаралап, даттап келдік. Алашшылдар қазақ хандығын қайтадан орнатып, Ресейден бөлініп кету үшін әрекет жасады деген жалған түсінікті олай-бұлай бүркіраттық. Әсіресе «федерация деген терминнің өзі айтып тұрғанындей, алаш көсемдері бірінші жалпықазақтық съезде «в России должна быть демократическая федеративная республика. Киргизские области должны получить областную автономию, смотря по национальным различиям и бытовым условиям»<sup>1</sup> дегенінде, ал екінші съезде қазақ облыстары-

<sup>1</sup> Алаш-Орда. Сборник документов. Составитель Н. Мартыненко. А., «Айқап», 1992, стр. 46-47.

ның «территориально-национальная автономиясы «Алаш» атапғанда «Конституция автономии Алаш утверждается всероссийским учредительным собранием»<sup>1</sup> деп жатқанында, тіпті «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында «Россияда демократическая федеративная республика болу (демократия мағынасы – мемлекетті жүрт билеу. Федерация мағынасы – құрдас мемлекеттер бірлесуі). Федеративная республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді. Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия республикасының федерациялық бір ағzasы (мүшесі К. А.)»<sup>2</sup> болады деп тұжырымдауда Россиядан бөлініп кетеміз деген ой байқалмайтыны былай тұрсын, тіпті бүтінгі шындыққа шылдыр тастап жатқаны байқалады.

Осындай тубегейлі мәселенің бастауында, яғни қазақты тенденкке жеткізуіндің жолын іздеғен Әлихан, Сәкен сынды ардагерлеріміздің болғандығы қазақ санасының биік деңгейін көрсетсе керек.

Енді тенденкке, азаттыққа жеткізуіндің стратегиялық жоспарын жүзеге асыру үшін жетекші, бастаушы орталық болуға тиіс. Олай болса партия ұйымдастыру проблемасын әңгімеледің ешбір артықтығы бола қоймас. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты роман-эссе сіндегі алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы. Алаш-Орда өкіметі деген атаулардың бәрі аралас қолданылады. Ешқайсынына арнағы токтамай, ынғайына қарай атай береді. Кейде оларды басшыларымен, әсіресе Әлихан Бекейхановпен қапсыра бауырластырып жіберетін сәттері де аз емес.

Сәкеннің көзқарасын түсіну үшін «Алаш» партиясының азды-көпті тарихына тоқтай кеткен жөн. Өйткені қазіргі тарихшылар мен әдебиетшілер арасында әр килем ой-пікірлер айтылып жүр. Көпшілік зерттеушілер бұрынғы коммунистік идеология кезінде қалыптасып қалған «Алаш» партиясы деген атауды онды-солды қолдануда.

<sup>1</sup> Бұл да сонда, 69-бет.

<sup>2</sup> «Қазақ» газеті, 21.11.1917 немесе Ә. Бекейханов. Шығармалар, 1994, 259-бет.

Сонымен қатар алаш қозғалысы ішінде алаш партиясының құрылудының ерекшелігіне назар аудара бастағандар да бар.

Алаш қозғалысына басшы болған Ә. Бекейханов, М. Тынышбаев, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхаметов, М. Шоқай сынды ұлы азаматтардың іс-әрекеті «Тар жол, тайғақ кешуде» аталып қана қоймайды, талай қияппатта суреттеледі.

Сонымен, «Алаш» деген партия зан җүзінде құрылады ма? Жоқ па? «Алашорда» деп аталған Халық кеңесі үкіметінің атқарған қызметі, не болмаса бүкіл алаш қозғалысының іс-әрекеті осы партия атына икемделіп кеткен жоқ па?

Тарихшылардың басым көпшілігі, әсіресе орыс тілділер, «Алаш» партиясының болғандығына, іс-әрекет жасағандығына еш шұбә келтірмейді. Қысыр да қияс істерін, ұлтшыл ниет-пигылдың бәрі «Алаш» партиясының үгітнасихатымен уағыздалып, тарап жатты, төңірегіндегілердің бәрін ұлтшылдықпен улады, совет өкіметіне және коммунистік рухта тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпаққа, әсіресе қазақ жастарына қастандықты бұдан артық жасаған партия Қазақстанда болып көрген жоқ дегенді қадай-қадай айтып, жазып, кімнің болса да миына сініріп-ақ тастағанымыз рас. Ал сол партия қашан құрылды деген мәселеге 1988 жылдан бастап әдебиетші Т. Кекішев пен тарихшы К. Нұрпейісов назар аударғанын көреміз. «Бұрынғы жазғандарымда бұқпантайлап айтқан бір жайды қазір ашық айтайын. «Алаш» партиясы болыпты дегенге менің көзім жетпейді: «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы 1917 жылы қараашаның 21 жүлдізында «Қазақ» газетінде жарияланды. Ал партия 1917 жылдың маусым айында құрылды деп қысылмай жазып келеміз. Жер-жерлерде қазактардың басы құралған топ «Алаш» партиясының съезі болды деп дауырғуымызды әлі қойған жоқпыз. Ал шындығында, яғни партия құрылудының заңдылығы талап ететін шарттарға келсек, онда оның уставы болмай ма, сол жарғы мен бағдарламаны жүзеге асыратын комитеттері мен жергілікті ұйымдары болмай ма? Архив қарап жүріп осының біріне де кездескен емеспін, тарихи деректерді көрген жоқпын. Көрдім, білдім дегендерді кездестірген

емен»<sup>1</sup> дегені зерттеушілер тарапынан түбөгейлі қолдау таба қоймағанмен тарихи шындықты мойынданту жағына ойысып келе жаткан сияқты.

1992 жылы «Ақиқат» журналының дөңгелек үстелінде Талас Омарбеков, Мәмбет Қойгелдиев, Кенес Нұрпейісов үшеуі «Алаш» партиясы туралы өткізген әңгімесінде М. Қойгелдиев: «Әрине, еуропалық түсінік, өлшем тұрғысынан алғанда Алаш саяси партия деңгейіне көтеріле алмаған сияқты болып көріні әбден мүмкін. Ал қазақ қоғамының сол тұстағы қоғамдық, даму ерекшелігін ескерсек, Алаш саяси партия есебінде өз міндетін атқара алды және бұл ретте ұлт тарихында өшпес терең із қалдырып кетті деп ойлаймын»<sup>2</sup>, – деп, алаш қозғалысы мен «Алашорда» үкіметінің іс-әрекетін көлденен тартады.

«Алаш» партия дәрежесіне көтеріле алды ма деген мәселеге Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Кенес Нұрпейісов бұлтартпас деректерге сүйене отырып ой өрбітеді. «Ең алдымен, «Алаш» саяси партия деңгейіне көтеріле алды ма? – деген сұраққа жауап берген жөн болар. Алаш саяси ұйымының қатарында болғандардың санын дәл басып айту киын. Өйткені, оның мүшелеріне партия билеттері берілмеген, ұйым қатарындағылардың саны туралы архив құжаттарында сенімді мәліметтер де кездесе қоймайды. Осы күнге дейін Алашқа мүше болғандардың саны туралы айтылып және жазылып жүрген мәліметтер тек жорамалдар ғана. Мұны Міржақып Дулатовтың ОГПУ-дің тергеуісінен 1929 жылы 30 қарашада берген жауабы растай түседі. Осы құжатта Міржақып былай дейді: «Алаш партиясының жарғысын бекіткен съезд болған емес. Газет арқылы («Қазақ» газеті, 1917, 21 қарашада – K. H.) жарияланған жобамен танысқан және оны мақұлдағанның бәрі өзін партияның мүшесімін деп санады... Шын мәнінде нұсқау (директива) беретін қалыптасқан партия болған жоқ. Тек қана Құрылтай депутаттығына кандидаттар осы партияның атынан ұсынылды, бұдан басқа партия тарапынан

<sup>1</sup> Т. Кекішев. «Санадағы жарапалар», 1992, 68-бет.

<sup>2</sup> «Ақиқат», № 11, 1992, 43-бет.

жасалған әрекет болған емес. Сондықтан да Алаш партиясы көпшілікке кең танылған Алашорданың (қазақ автономиясы үкіметінің – К. Н.) көлеңкесінде қалды», – дегені белгілі. Ал ОГПУ-дің тергеушісіне 1929 жығы 14 шілдеде берген жауабында Мағжан Жұмабаев та Міржақыптың осы тұжырымына жақын пікір айтады: «Алашты» саяси партия деп санаған емеспін. Тек қана Алашорда үкіметі болды».

1990 жылы мен осы журналда (ол кезде «Қазақстан коммунисті») жарияланған макаламда «Алаш – шын мәніндегі саяси партия болып қалыптаспаган үйым... Демек, Алашты саяси үйым ретінде қоғамдық қозғалыс дәрежесінен әдеттегі партияға аусысу «кезеңін» бастан кешірген етпелі саяси үйым деп қарастырған жөн сияқты» деген пікір айтып едім. (1990, № 5,73-бет). Енді осы пікірдегі «сияқтыны» алып тастанап, Алаш қозғалыстан партия дәрежесіне жетпеген саяси үйым болды деп нық сеніммен айта аламын»<sup>1</sup> дегенін, 1993 жылы «Азия» апталығында «60 жыл айтылмаған ақиқат, «Алаш» партиясының зерттелуі туралы» деген макаласында «Т. Кәкішев пен осы жолдардың авторы (яғни К. Нұрпейісов – К. С.) алаш құрылған 1917 жылғы шілдеде оның нағыз саяси партияға тән қабылдаған жарғысы мен бағдарламасы болмағандығын, реңми басқару органдарының сайланбағандығын айта келіп, оны шын мәніндегі саяси партия болып қалыптасып үлгермеген үйым деп бағалады»<sup>2</sup> дегенін ескермеске болмайды.

Әрине, мұндаидай күрделі мәселеге төбе би боларлық халім жоқ, ал Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуін» оқып отырғанда алаш қозғалысын да, алашорда үкіметін де, алаш азаматтары мен «Алаш» партиясының да ара жігін ажыратпай, арапастырып жіберетін тұсы өте көп кездеседі. Әсіресе 1936 жылғы түзетілген қытымыр басылымда шындықтың шырайын бұзатын сөз орамдары да кездеспей қалмайды. Демек, Сәкен қаншама нақты дерекпен сөйлеймін десе де жалпы дүрмектен шыға алмаған, бұра тарта алмай, кезендік идеологияның ынғайымен кеткенін көреміз.

<sup>1</sup> «Ақиқат», № 11, 1992, 43-бет.

<sup>2</sup> К. Нұрпейісов. 60 жыл айтылмаған ақиқат. «Азия» апталығы, 02.12.1993.

Ал алаш қозғалысына оралсақ, онда Бірінші жалпы қазақ съезіне барып келген Асылбек Сейітов: «Алаш» партиясын жасауға қаулы қылғандарын айтып, баспаға басылған қаулыларын оқыды»<sup>1</sup>, – дейді. Бұл жерде Сәкеннің айтып отырғаны «Қазак» газетінің 31 шілдедегі санында жарияланған съезд қаулысы. Олай дейтініміз бұл бірінші жалпы қазақ съезі қаулысының 12-бабында «қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуға тиіс. Бұл партияның жобасын жасау Шураи-исламға сайланған қазақ уәкілдеріне тапсырылсын. Партияның негізі демократическая федеративная парламентская республикаға құрылмақ. Жобаны кейін бекітеді»<sup>2</sup> деп жазылғанын ескерер болсак, онда Қазак ССР тарихы жазғанындай, мамыр айы түгіл, идея оянған шілде айының өзінде «Алаш» партиясының құрылмағандығы анық. Оны тіпті Ә. Бекейхановтың «Алаш» партиясын ашуға тырыстым. Мұны мен июльдегі жалпы қазақ съезінде айтқан едім»<sup>3</sup> дегені де дәлелдейді.

Ал «Алаш» партиясы атауына келсек, онда ол Жанша Досмұхамбетовтің Санкт-Петербургтен 1917 жылы 15 қыркүйекте жазған хатында алғаш рет ауызға алынды. Бұқілрессейлік Құрылтай сайлауына дайындалу мезгілі келіп қалған уақытта, сайлаудан қалып қоймау үшін партия атынан кандидаттар ұсыну қажеттігі партияны ұйымдастыру процесін еттеп жеделдетуге себепші болған. Бізге белгілі деректер бойынша, Жанша осы хатында ешбір партиялық бағдарлама жасамай, жарғымен бекітпей-ак, әзірге кандидаттарды партия атынан ұсына беруге ақыл қосқан. «Постановление съездов известно всем, поэтому, недолго думая, партию нашу желаем именовать именем (лозунгом) наших працедоров «Алаш». Все те, кто стоит за постановление всеиргизского съезда и за отдельную киргизскую политическую партюю, должны именовать список кандидатов на собрании (учредиловке) списком партии «Алаш»<sup>4</sup> дегенді де жадымыздан шығармауға тиіспіз.

<sup>1</sup> Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1960, 77-бет.

<sup>2</sup> «Қазак» газеті, 31.07.1917.

<sup>3</sup> Ә. Бекейханов. Шығармалар, «Қазақстан» 1994, 269-бет.

<sup>4</sup> Алаш-Орда. Сборник документов. Составитель Н. Мартыненко. А. «Айқап» 1992, 61-бет немесе «Қазак» № 244. 05.10.1917.

«Алаш» партиясының ұйымдасуын, құрылуын, бағдарламасы жобасының жазылуын Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» (1927) роман-эссе сіндегі мәліметтермен, басқа да деректермен салыстыра келіп қорытқанда «Алаш» партиясының дүниеге келуінің мынадай хронологиялық кестесі шығады.

- |             |   |
|-------------|---|
| 1917 21-28. | VII. Бірінші «Жалпықазақ» съезінде қазақтың саяси партиясын құру идеясы айтылып, қаулы алынады. |
| 1917 15.    | IX. Ж. Досмұхамбетов «Алаш» деген атау берілсін деген ұсыныс жасайды.                           |
| 1917 21.    | XI. «Қазак» газетінде партия программасының жобасы жарияланады.                                 |

Сонымен «Алаш» партиясы төңірегіндегі тұжырымдар мен артық-кем айтылған ойлар есімізді жинап, тәуелсіздігімізді алып жатқан кезімізде әбден зерттеліп, окушы қауымға тарихи дәлдікпен жазылған енбек берілер деген үмітке бастайды. Өйткені, ондай қажеттік осы аз ғана шолудан-ақ аңғарылса керек.

Еріне, «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссе сіндегі 1916–1919 жылдар оқиғасы қамтитындығын ескерсек, онда біз 1917 жылы екі жалпықазақтық съездердің негізгі мәселелерін әңгімеледі тарихшылардың үлесіне қалдырып, идеологиялық майданның көркем шығармаға жасайтын әсерлеріне ғана назар аударған жөн деп білеміз. Сәкен Сейфуллин алаш қозғалысының негізгі мақсатына қарсылығы болмағанмен оның орындалу барысында, есіреле Алашорда үкіметінің іс-әрекетіне көзқарасы роман-эссе сіндегі өн бойынан сезіліп отырады. Мұны психологиялық тұрғыдан түсіну қын да емес, өйткені Сәкеннің революция жолындағы киямет-қайымы тап сол кезде қазақтың бірде бір қайраткерлерінің басынан өтпегені белгілі.

Сондықтан «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссе сіндегі тарихи шындық жүйелі түрде баяндалғанымен кейде Сәкенді «суреткерлік қысып кеткенде» алабажақ бояулар

мен аңы тілдің тізгінің босатып қоя беретін тұстары барын көреміз.

Алаш козғалысының алдына қойған мақсатына жете алмауы тек заманның қысастығы, аумалы-тәкпелі дәуірдің болуымен бірге жеке адамдардың, басшылардың іс-эрекетіне байланысты, елдің ниетіне тәуелді болары белгілі. Бүкіл алаш қозғалысына болмағанмен, белгілі дәрежеде «Алашорда» үкіметінің іс-қылышына Сәкен жинаған деректер тұрғысынан қарасақ, роман-эссеңің негізінде тарихи шындық жатқанын көреміз. Эрине, жазып отырған кезде қаламгердің ықылас-пейілі мен көңіл күйі катысып отырады. Сондықтан объективтік жағдайларға субъективтік түсіндірмелер қосылмай түрмайды. Бұл жөнінен келгенде Сәкеннің Әлихан Бекейхановты «Алашорда» үкіметінің жиынтығы деп түсінуі, «Алашорда» үшін, әсіресе Ә. Бекейханов жауап беруге тиісті деп ұғуы қаламды қатты ұстауға, әжүа-мысқылды қолдануына тұра келген сәті де жоқ емес. Шамадан асып кеткен тұстарында Сәкенді жақтай қою қын, ал әсірелеп жеткізуге, суреттеп көзге көрсетуге жазушы ретінде правосы барлығын тағы да жоққа шығара алмаймыз.

Жалпы «Алашорда» үкіметі жайында болсын, не оның жекелеген қайраткерлері туралы болсын, Сәкен тапшылық тұрғыдан пікір толғағанын ешкім жокқа шығара алмайды, шығаруға тырысудың қажеті шамалы. Сондықтан Сәкеннің «Алашорда» үкіметі жөніндегі түйінді ойын айтпай кету не көрмегенсіп өте шығу жөн болmas.

«Сібірді, Уфанды, Самарды чехословактар алысымен әлеумет майданына шығып, әр жерде үкімет жасауға кірісті. Әлденеше ақтардың үкіметтері жасалып, өз беттерімен әрекет қылып жатты. Олармен қатар «Алашорда» «біз де өз алдымызға үкіметпіз» деп жар салып жатты. Әкімшілікті қанша жүргізбек болғанмен, қамши мен қылышты қанша жарқылдатып ойнатқанмен «Алашорда» үкіметінің әмірі Семей, Торғай, Орал, Жымпіты аудандарынан жөнді аса алмады. Орталық «Алашордаға» губерниялардағы жасалған «Алашорда» үкіметтерінен қайрат болмай жатты.

«Алашорда» барлық Казақстанды менгерे алған жоқ. «Алашорданың» өзі екіге жарылып, «Күнбатыс алашорда»,

«Күншығыс алашорда» деген болды. Бұлардың арасында «Торғай алашордасы» болды. «Алашордашылар» бет-бетімен әкімшілік жүргізіп, төңкеріске карсы әрекет істеп жатты...

«Үкіметпіз» дегенмен «Алашордалар» Омбыдағы Сібір үкіметіне бағынып отырды. Және Самардағы Учредительное собрание комитетіне алыстан бағынып, екеуінен де көмек сұрап алып жатты. Үш мың солдатқа киім алды. Көп қару-жарак алды. Және «Күнбатыс Алашорда» өз алдына, екі мың мылтық, 37 пулемет, екі зенбірек, екі автомобиль алды...

«Алашорда» үкіметінің ең мықты болған ісі большевикке, совдепке ерген қазактарды құрту әрекеті болды. Одан басқа істе «Алашорданың» әрекеті ескі болыс, діншіл ишан, патшаның оязнайларының әрекетіндегі болды»<sup>1</sup> дегені өкінішке қарай құжаттармен дәлелденетін жайлар. Өзі баррикаданың екінші жағында болған Сәкеннен бұдан басқаша айтуды қүте қою да қын.

«Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеци негізінен алғанда казак оқығандарының төңкеріске калай қарағандығынан хабар беретіндігі әмбеге аян. Және Сәкеннің өз танымы, өз түсінігі, әсіресе коммунистік тұрғыдан қарағандығы, түсіндіргені, баяндағаны, суреттегені ешкімнен жасыратын сыр емес. Көркемдік шартын қолданған уақытта реалистік баяндаулармен келеке-қалжың да, улы сатира да, алабажақ бояулар да араласып жатқанын көреміз. Және бұл көркемдік тәсілдер газет-журналдардан келтірілген деректерді жандандыру, окушыларды жалықтырып алмау үшін қолданылып отырғанын анғармау әбестік болар еді.

«Тар жол, тайғақ кешудің» әрі тарих, әрі көркем шығарма болып халық қолынан түспеуі, оны біреудің ұнатып, екінші біреулердің тыржия окуы, ұнатпауы, қарсы болуы занды құбылыс, өйткені шын өмір көрінісі еш уақытта тәтті де, сәнді бола бермейтіні табиги нәрсе. Міне, сондықтан Сәкеннің казак зияллылары жөнінде жүргізген саясаты болсын, пенделік қарым-қатынасы болсын осы жайларды әрқашан есте тұтып отырғанды қалайды.

---

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1960, 240-244-беттер.

Сәкенниң алаш азаматтарымен қарым-қатынасын «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеци арқылы сұыртпақтай шығарған уақытта алаштың көсемі Әлихан Бекейхановка ең алдымен тоқтамай кетуге еш болмайды. Қайсыбір даңғаза әңгіме көбіне-көп Сәкенниң Әлиханға көзқарасының роман-эсседе суреттелуіне байланысты дабыраланып жүргені де етірік емес. Сондықтан Сәкен – Әлихан арақатынасы тек пенделік түрғыдан ғана емес, екі идеология өкілі ретінде қаралса өзінің дұрыс шешімін табады.

«Бар өмірін өз халқының болашағы үшін күреске арнаған үлкен қайраткер»<sup>1</sup> бүкіл алаш қозғалысының көсемі, XIX ғасырдың аяғынан XX ғасырдың 30-жылдарына дейін қазақ халқының ақыл-парасатын, сана-сезімін биікке көтеріп, көпшілікке саяси-рухани азық сыйлаған, өз елі үшін басын тауға да, тасқа да ұрған, оқтаулы ақ беренмен қаймықпаган ұлы азамат – Әлихан Бекейханов екені қазақ тарихында мықтап орнықты. Мақсатқа жетудің ақ жолын іздеген қайраткерлердің енбегі айрықша құрметтелуге тиіс.

Қазақ халқына азаттық, тенденциялық берудің ең шешуші бағыты орыс еңбекшілерімен бірлесе іс-әрекет жасағанда ғана жетуге болады деген түсінік Сәкенде басым болғаны рас. Ал Әлихан Бекейхановтың да орыссыз аттап баспағаны былай тұрсын, тіпті асырып жіберген сэттерін, әсіресе батысшылдыққа құлай берілгенін ескерусіз қалдыруға болмайды. Ұлттық мұддені Ресейдің кадеттер партиясы денгейінен іздел табуға ұмтылғаны, насиҳаттаған кезі де белгілі. Алайда неге екенін кім білсін, Әлихан қазақтың бұғынғы хандық заманын қайтадан орнатпаққа қүш-жігер жұмсап жүр деген түсінікті роман-эсседен көп кездестіреміз. Хандықты өткен кезең деп білу Сәкенге талай ашы сөздер айтқызып тастатқан. Сондықтан осы қарым-қатынасты сұыртпақтап шығарып алсақ, онда көп жайлар өз жөнін табары сөзсіз.

Әрине, Әлихан Бекейхановтың қазақ халқының сана-сезімін оятуға қосқан үлесі мол болғандықтан алаш қозғалысының көсемі болуы әбден занды. Ұлттық мұддеге

<sup>1</sup>М. Қойгелдиев. Алаштың Әлиханы. Алғы сөз. Ә. Бекейханов. Шығармалар, 1994, 38-бет.

жету жолында тактикалық талай қадамдар жасалу мүмкіндігін диалектика заңдылығы теріске шығармайды. Оны Сәкен де түсінген, ұққан. Қадір-құрметтін жайып салуға даяр екенін роман-эссенің алғашкы тарауынан-ақ аңғартады. Алайда Қазан төңкерісінен кейін қолына қылыш ұстап, жасақ ұйымдастырығаны, қанды майданға шыққаны, большевизмге қас болуы төңкерісшіл, соның жаршысы болған Сәкенге ұнамағаны былай тұрсын, тіпті таптық өшпендейділікке ұластырып жібергендей көрінетін тұстар да жоқ емес. Барикаданың екі жағында болғандардың аянып қалмасы тағы белгілі. Егер «Тар жол, тайғақ кешуде» өңсіз беттер, ашы тенеулер, орынсыз салыстырмалар кездесер болса, онда оны екі идеологияның жұғыны деп білу керек. Ал пенде ретінде бір-біріне деген шетін қылыштары онша көріне бермейді.

Осы арада уақыт пен идеология қысымын дәлелдеу үшін бір деректі келтіре кету айрықша қажет. «Тар жол, тайғақ кешудің» 1927 жылғы басылымындағы Әлиханға деген құрмет пен көңіл-күй 1936 жылғы түзету кезінде алынып қалыпты. Оны редактор жасады ма, әлде Сәкеннің өзі алып тастанды ма, әйтеуір Әлихан – Сәкен қарым-қатынасын ашатын мәнді тарихи дерек соңғы басылымдарда кездеспей Сәкеннің сөзі қатқыл болып көрінеді.

Сөзіміз дәлелді болу үшін роман-эссенің соңғы басылымдарында жоқ, ал 1927 жылғыда бар деректердің қайсыбірін түгелге жақын келтіре кетсек, біраз шындықтың беті ашылмақ.

«Қазак» газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы 251 санында «Әлиханның Семейге келуі» деген жалпы тақырыппен бірнеше материал берілген.

Бас жағында кішкене хабарлама басылып, онда «Әлихан Томскідегі Сібір съезінен қайтып, баяндама оқуға Семейге барған еді. Семей халқы Әлиханды қалай қарсы алғаны туралы «Сарыарқа» газетінде бір мақала басылып шықты.

Әлихан Семейге 21 қазан күні келетіндігі күн ілгері мәлім болған екен. Сол күні алдынан шығып, құрмет көрсетуге Семей қазактары бүрінғы губернатор мекемесі, қазіргі «Бостандық үйіне» ағыла бастаған, семинаристер бір рет, гимназистер бір рет, мұғалімдер бір рет, тұрғын

саудагерлер, қырдан келгендер «сегіздегі бала мен сек-  
сендегі шал да қалмай» дегендей қуанышпен отарбаның  
келуін тосқан еди.

Мұнша халықтың артықша зор құрметпен, қуанышпен,  
сағынып күткен адамы:

«Ел үшін құрбандыққа жсанын берген,  
Бит, бурге, қандалага қанын берген,  
Үрадай сасық ауа, темірлі үйде,  
Зарығын Алаш үшін бейнет көрген.

Заманда басқан аяқ кейін кеткен,  
Жасымай Алашина қызмет еткен.  
Балса да қалың тұман, қараңғы тұн,  
Тұатын бақ жұлдызына көзі жеткен.

Түймеге жарқылдаган алданбаган,  
Басқадай бір бас үшін жалданбаган.  
«Көркейер қайткенде «Алаш» деген ойдан,  
Басқа ойды өмірінде малданбаган, –

Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бекіханов еді»<sup>1</sup> – деп жа-  
зылғанға кітабынан орын берді. Бұл материалды «Қазақ»  
газеті «Сарыарқадан» көшіріп басқан уақытта көше толы  
ағылған халықтың бері «Бостандық үйіне» барып толға-  
нын, тәртіп сақтаушы кіслер халықты реттеп отырғызы-  
ғанын жазғанына шейін ұмытпайды.

Жиналған жұрт Әлиханмен көріспекке дуылдап тұр-  
ғанда, поезды тосып алуға жіберілген екі кісі құрметті  
қонақты «Бостандық үйіне» түсіреді. Жұрт амандастып  
болғаннан кейін, қара халық атынан Шайық Мұстайұлы,  
Комитет атынан Ахметжан Қозыбағарұлы, оқытушылар  
атынан мұғалім Маннан Тұрғанбайұлы сөйлейді.

«Сүйікті басшымыз! Еңбегің жанды, ұлтыңның жан-  
дана бастағанын көзің көрді, өзінің оқытушы екенін жа-  
сырып жүретін оқытушылар мынау отырғандар. Олар бұ-  
рын келгеніңізде, дидарын көрсетпей жауып қойған да  
уақыттары болды. Жузі қаралардан қорқып, біз де бүйтіп  
керініп, алдыңыздан шыға алмаушы едік. Құдай бізді

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғак кешу, 1927, 69-бет.

бүйтіп карсы алуға жеткізді. Біз, оқытушылар, Сіздің пікірінізді жайып, елімізді тірілтүге даярмыз. Көп жаса басшымыз, сені көрумен өзімізді бақытты санаймыз» деді.

Жалпы жастар атынан С. М. Торайғырұлы былай құттықтады:

«*Кош бастаган еріміз  
Қуанышта еліңіз.  
Төбеміз көкке жеткендей,  
Көкіректен бугін кеткендей,  
Сізді көріп шеріміз.  
Еліңіздің бұл шағын  
Алаш туын һәм бағын,  
Көзбен көріп төленді  
Көптен бергі теріңіз,  
Алаш туын қолга алған,  
Қараңғыда жол салған,  
Арыстаным келіңіз*»<sup>1</sup>.

Бүгінгі оқырман қауымға сол кездегі жазу үлгісі, психологиясы жете берсін деген мақсатпен тарихи факт, дерек ретінде осы хабарламаны сол күйінде келтіріп отырмыз. Өйткені, Ә. Бекейхановтың елге қанша қадірі барын бір көрсек, екінші Сәкен алаш көсемі туралы кейінгі баяндауларында эпитет, теңеу қосып отырғанына қарамай, сонау 1927 жылы әділдіктен көз жазбағанын, шыншылдығынан азбағанын, адалдықтан айнымағанын көреміз.

«Ал енді окушылар атынан Аймауытұлы мынаны айтты» деген хабарламасында «Қараңғыда қан жылап, қаңғырған күнде басынды Алаш жолына құрбан қылған ағамыз, аскар беліміз!

Сізді көргендегі жүректің қуанышын тіл айтып жеткізерлік емес. Өмірінде жүрген жолың – бар інілеріне жағып қойған шамшырақ.

*Жасасын сүйреген Алашың!  
Көп жаса сабазым!*»

Басқалар тарапынан да осы секілді сөздер сөйлеп болған соң, Әлихан мынаны айтты:

---

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғак кешу, 1927, 70-бет.

«Ағалар, інілер! Мені бұлай қарсы алғандарына рахмет, бірақ үғыну керек; бостандықты туғызған мен емес, орыс ерлері. Мен олардың жолында жолдастықта жүрген кісімін. Жұз жылдан бері бостандық үшін асылған, атылған солар.

Тәнірі жарылқасынды соларға бұрын айтуға керек.

Бостандыққа қуансандар, мені «басшымыз» деп айтқандарың шын болса, міне мен, өле-өлгенше сендерге қызмет қылуға уағда беремін. Сендер уағда бересіндер ме бостандық жолымен. Бостандық жолында болсандар, нашарды жебеу керек, партияны қойып бірігуге, бас пайдасы мен жұрт пайдасын бірдей көруге, барлық күштерінді ғылым жолында жұмсауға керек.

Міне, бостандық болғалы осыларды қылып отырған шығарсындар, бостандық өзінен өзі сендерге түк әкеліп бермейді», – деді.

Міне, Әлиханды осылай қарсы алды»<sup>1</sup>.

«Тар жол, тайғақ кешудің» бірінші басылымында (1927) жазушы Әлихан Бекейханұлын құрметтеген материалдарды романда толық келтіруі Сәкен Сейфуллиннің азаматтық көз-қарасының Әлихан Бекейханұлына пәлендей теріс болмағандығын анғартады. Ал жазушы пайдаланған бұл материалдардың, әсіресе Әлихан Бекейханұлының орыс ағайындарға деген көзқарасының, Россияны өзіне бел тұта сейлеген сөздерінің бүгінгі оқырманға айтары ғана емес, ой салар тұстары да бар екенін көргендейміз.

Бұл хабарламаны әдейі толық келтірген уақытта «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеі 1936 жылы өндөліп, толықтырылғанда, көп өзгеріске түскенін аңғарту мақсаты бір болса, екіншіден, кезең идеологиясының қыспағы тіпті Сәкендей жау жүрек батырдың өзін жасқантып тастағынын көрмей, алаш азаматтарын әдейі қысастықпен сөзге қалдырған деген қысыр ойларға берілген жауап та болар деп білеміз.

Біздің бүгінгі окушы «Тар жол, тайғақ кешудің» 1936 жылы өзгерген нұсқасын пайдаланып, негізгі түсінігі сол басылым бойынша қалыптасқанын ескере отырып, арғыбергі деректер негізінде Әлихан – Сәкен қарым-қатысын

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1927, 71-бет.

сүыртпактап шығарсақ, артық айтылып, кем өлшенгеннің ара жігі айырылары белгілі «Алашорда» үкіметін айтқанда Ә. Бекейхановты есіне алып отырады, сондыктан екеуін біргұтас керетін сәттері өте көп деп ескерттік. Алаш, алашорда деген атаулардың ар жағында қазақ зиялышарының үлкен шоғыры жатқандай болып көрінеді.

Мәселен, Сәкенді 1918 жылы Ақмола абақтысында тергегенде Шонтонов:

- Сіз «Алашордага» қарсысыз ба? – деді.
- Қарсымын, – дедім.
- Неге қарсысыз? – деді. Мен:

«Алашшылдар» орыстың патшасы түскеннен кейін қазакты орысттан бөліп, өздері қазақ халқына хан болғысы келеді, өздері патша болғысы келеді. Езілген қазақ халқына енді хандардың ешбір керек жері жоқ. Және бұлар қазақ халқын орысттан мүлдем бөлмек және бұлар қазақ жерінен құллі крестьян орыстарды кумақ. Олай болса, үлкен бүліншілік болмақ. Қазақтың нашар бұқарасына патша үкіметін құлатып, тендік әперген орыс еңбекшіл халқынан біз онда айырылып қалмақпyz. Міне, осы себепті мен «Алашордага» қарсымын! – дедім.

Орыстардың көздері шығып кете жаздады.

Әсіресе қара сақалды крестьянның көзі ежірейіп кетті.

«Алашорданың шын ниетін» орыстар менен ғана білгендей болды. «Алашордамыз» деп актартмен бірге бізді тексеріп отырған үш қазак: Төлебай мырза, Тәшти саудагер, Мәнтен молда не қыларын білмеді. Қып-қызыл болды. Қызарғанда большевик болып қызарған жоқ, тек сасық қарындарындағы арам қандары беттеріне келді.

Орыстар «Алаштарға» ала көздерімен «әдемілеп» қарал қойды. Найзамның дәл тиғенін біліп, қыбым қанып, қағазға қол қойдым»<sup>1</sup>.

Бұл ұзактау үзіндіні келтірген уақытта «жан беріп, жан алатын» тұста Сәкен өзінің дүшпандарын мұқату, яғни алашшылдарды қасындағыларға жаман атты етіп көрсету үшін тактикалық жүріс жасап, «жалған сөйлеуіне» тура келген. Алашордашылдардың бар мақсаты орыстардан қа-

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғак кешу, 1960, 221-222-беттер.

зак даласын тазалау, кетіру деп түсіндірген. Оған орыстар сенген, сөйтіп актар лагерінің өзіне жік түсіруге тырысқан.

Әрине, жаны мұрнының ұшына келгендे пенде не демейді дегенге бағар болсақ та, Сәкеннің «Алаш» партиясының бағдарламасы жобасына жазылғанды білмеді, Ә. Бекейхановтың орыстарға іш тартып отыратынын білмейтін еді деуге тіпті болмайды. Шалыс баспайтын пенде жоқ екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Тарихи құбылыстарда, келелі істерді атқаруда ортаға ой салар көсемдігімен, жөн сілтер, жолбасшылығымен ерекшеленетін Бекейхановтай тұлғаның болуы занды құбылыс. Осы тұрғыдан алып қарағанда XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи жағдайлардағы қоғамның професті элементтерін, мемлекет туралы ұғым түсінігін, бағыт-бағдарын Ә. Бекейхановтың мақалаларынан көптеп табуға болады. Бұл мәселе біздің жұмысымыздың алдына арнайы койылған міндет болмағанмен, оның ең негізгі жақтарын қарастыра кеткеніміз орынды.

Қанына қызбайтын қайраткер болмайтыны әмбеге аян. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Әлихан Бекейханов өз ұлтының мәдениетті, өркенді, жан-жақты сауатты болуын ойлағандықтан өздері әбден бейімделген орыс және дамыған батыс елдерін үлгі тұта сөйлегені орынды да шығар.

Ә. Бекейханов мақалаларында «Біздің Россияда» деген сөздер көніл үшін ғана емес, белгілі мәнге де ие. «Біздің Россия патшалығы, яғни біздің патшалық сияқты патшалықта не болса, закон арқылы болады, законсыз жалғыз қылышқ түспейді»<sup>1</sup> дегенді көпшік қою деуге келе қояр ма екен.

Қыр баласының (Әлихан Бекейханов – К. А.) «Біз Стамбулды алсақ, дүние жүзіндегі адам баласына сүйіспен-шілік, татулық, құрдастығына жол ашамыз. Осындай адам баласына бірдей-ақ жол шығарып, адам баласына біздің орыс жұрты көсем болады-ау деймін. «Біздің орыс жұртынан ешкім кемшілік, зорлық күтпес. Біз Стамбул менікі дегенде осыны бетімізге ұстай жүріп іс қыламыз»<sup>2</sup> –

<sup>1</sup> Қыр баласы. Тағы соғыс, «Қазак» газеті, 1914, №54, 71.

<sup>2</sup> Қыр баласы. «Трубецкой лекциясы», «Қазак» газеті, 1915, 96.

дегендерге зер салған кісі біраз жэйтқа қанығар. Ал «Россияның Стамбулды аламыз дейтіні де жөн. Православия дініндегі жүртқа Ая София мешіті мақсуд. Екіншісі, Россия сұзы қатпайтын мұхитка құмар. Бұ да жөн»<sup>1</sup> деген тұстарын қалай түсінбекпіз? Осындаіларды оқып-біліп жүрген Сәкен қандай пікірде болмак?

Алаштың көсемі Ә. Бекейхановтың «батысшылдығы» жөнінде Санжар Асфендияров 1933 жылы марксизм институтының қазақ филиалында өткен дискуссияда сөйлемен сөзінде мынадай естелік айтқан: «... Алашорда лидерлерінің «батысшылдығы», «турікшілігі» жөнінде де басын ашатын нәрсе барышылық. Менің есімде, 1912 жылдың күзінде Петербургтағы қазақ, татар, өзбек студенттері арасында Балкан соғысына байланысты Түркияны қолдаған үлкен қозғалыс болды. Болгар студенттері бізben жұдырыктасудың сәл алдында тұрды. Сол кездері болып тұрған бас қосулардың бірінде Бекейхановқа «біз Түркияға барамыз, нағыз ұлтжандылықтың белгісі осы болмак» сияқты ойларымызды айттық. Ол Түркия құлағалы тұр, оған ешқандай да үміт артудың қажеті жоқ дегенді айттып, бізді батысқа бағыттады»<sup>2</sup>, – дегені көп жайдан хабар беруге жарайтыны даусыз.

Сәкен Сейфуллиннің алаш азamatтары ішінен Әлихан Бекейхановқа тиіс сөйлеуі, қағытып отыруы кейінгі таптық көзқарастың салқыны екенін байқау қын емес. Оны кейір зерттеушілер Әлихан Бекейхановтың ұлтжандылығын Сәкен айрықша айыптайды деп түсіндіруге ыңғайланын, кінәлі етуге тырысуы, әрине, біржакты түсінік.

Кезінде нағыз ұлтжанды Ахмет Байтұрсыновтай азamatтың ұлтын сүюдегі түпсіз тереңдігін Сәкен Сейфуллиндей түйсінген, түсіндірген, сол үшін аса төнкерісшілдерден сөз естіген кім бар??!

Осындаі тұрғыдан келгенде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басынан елім деп егілген, етігімен су кешкен Әлихан Бекейхановтың «бостандықты туғызған мен емес, орыс ерлері. Мен олардың жолында жолдастықта жүрген кісімін. Тәнір жарылқасынды соларға бұрын айтуға керек»<sup>3</sup>, –

<sup>1</sup> Қыр баласы. «Стамбул һөм қылилар», «Қазак» газеті, 1915, №117.

<sup>2</sup> Қараныз. Ә. Бекейханов. Шығармалар. Алғы сөз, 17-бет.

<sup>3</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғак кешу. 1927, 71-бет.

дегені де есте фой. Уақытша өкіметті құттықтап телеграмма салған кәдешілдігін Қазан төңкерісінен кейін Ресейде өзді-өзі атысып, шабысып жатқанда «Бізде большевиктерге қарсы амал қылатын болған соң біздің милиция жасаймыз деген ісімізді өздеріне көмек көріп, атты қазактар қару-жарақ жағына қарасса деген үмітіміз бар. 5 желтоқсанда Орынборда атты қазактардың да съезі болмақшы. Екі съезд уақыты бірге болған соң қару-жарақ жайынан да, қалай милиция жасап, қалай тәртіптеу туралы да атты қазак съезі мен қазақ-қырғыз съезіне келген адамдар ақылдасар»<sup>3</sup> дегендерін әрине Сәкен құптай қоймаған.

Сәкендердің алаш қозғалысы аумағына сыймайтын сыңайлары уақыт өткен сайын анық біліне бастауы, Қазан төңкерісі тұсында интернационализм идеясына берілу процесі айқындалған соң, әсіресе Алашорда үкіметі басшыларының әр қылы одақ іздестіріп, Алаш автономиясын таныту, мойыннату жөніндегі қадамдарын толық қабылдай алмауы, азамат соғысының басталуы, Совдептердің уақытша құлауы, төңкерішілердің тұтқынға алынып, атаман Анненковтың ажак вагонында өліммен «ойнаулары» әрине Сәкен-нің көзқарасына ықпал жасағаны даусыз.

Осы туралы академик М. Қозыбаевтың мына пікіріне қосылmasқа болмайды. «Алаш қозғалысы – казақ қауымындағы отаршылыққа қарсы бағытталған, прогресске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс. Ал «Алаш» партиясының негізін қалаған үркердей топтың, «Алашорданың» басынан аяғына дейін жүргізген саясаты дұрыс еді. Сәкендердікі қате еді деп айтуда бола ма? Алаш жетекшілерінің 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі позициясын Тұrap, Сәкен, т.б. тұсінбеді деп кінәлау қыын. Тұrap, Сәкен, Жұсілбек, Бейімбет дүркіреп көтерілген қалың халықпен болды, оның трагедиясын көзімен көрді. Олар отаршылдыққа қарсы шыққан қалың елмен болды. Ол большевиктік үгіттін нәтижесі емес еді. Ол атадан балаға мұра болған жол еді. Ал Қазан төңкерісінен кейін Ресей коғамы екіге бөлініп, қарама-қарсы тұрып, екі ұдай атыскан,

<sup>3</sup> Ә. Бекейханов. Шығармалар, 1994, 240-бет.

шабысып жатқан уақытта әділдік тек актар жағында болды деп айту қыны. Егер Анненков келіп, орыс-қазағын қырып, әйелін қорлап, қызын зорлап, малын талап, қанжығалап жатса, ал Алаш Калединмен, Колчакпен бірлесіп жатса, сонда Колчактың ажал вагонына отырған Сәкен «Алашты» қалай аялауы керек?»<sup>1</sup> деген ой толғамдары шындыққа негізделгені сөзсіз.

Алаш қозғалысының кейбір кайраткерлерімен Сәкеннің қарым-қатынасын кейде қинала әңгімелеге тұра келсе, ал Ахмет Байтұрсынов туралы көңілдене пікір айтарымыз анық. «Тар жол, тайғақ кешуде» Ахмет аты жіңінен аталғанмен Сәкеннің ашына да таусыла айтқан ойы, орынсыз қаралап атау ниеті жоқтың касы. Ахан жөніндегі ішкі ілтипаты әр түста қылаң беріп қалып отыратындығын байқаймыз.

Ахмет Байтұрсыновтың алаш азаматтары ішінде тарихи дамуды түсініп, совет жағына шығуы, алаш қозғалысы на қатысқандарға кешірім, амнистия алып беріп, республиканы басқаратын революциялық комитет бастығының орынбасары болуы, қазақ елі, жері үшін үкімет алдында зор мәселелер көтеріп, Қазақстан пайдасына шешуі, әсіресе қазақ зиялыштарының тағдыры жөнінде айрықша қам жеуі Сәкенге белгілі болатын.

Қандай да бір жынын-той болмасын, сол тойды үйлемдас-тыруда, әдетте, сол той иесінің жанашырлары, ел үшін еңбек етер дос-жараптары, жақындары жүретіні жазылмаған зан. Осы тұрғыдан алдың қарағанда, Орынбор каласының Свердлов атындағы орталық клубта Ахмет Байтұрсыновтың торқалы тойының құрметіне арналған жиынды 1923 жылы 28 қаңтарда Сәкеннің басқарып, жүргізіп отыруы және онда айтқан сезін ертеңіне газетке мақала қылып беруі айрықша ескерерлік жай екені даусыз<sup>2</sup>.

Қазан төңкерісінен кейінгі кезенде тәкаппар, тапшыл Сәкенді Ахметке илдірген қандай құдіретті күш?!

**Бұл жауапты өмір жолдарындағы ұқсастықтардан**

<sup>1</sup> М. Қозыбаев. «Ғасыр қасіретін арқалаган арыстар». «Егемен Қазақстан» 12.08.94 .

<sup>2</sup> Манап Шамиль. Ахмет Байтұрсынұлы елуғе толды. «Еңбекші қазақ» газеті. 30.01.1992 немесе «Бес арыс», 1992, 180-185-беттер.

гөрі ұлтқа, ұлттық санаға деген парасатты көзқарастан, құрескерлік машиқтан іздеген дұрыс сияқты.

Ахмет Байтұрсыновтың ғалым-лингвисттің, қазақ алфавитін жүйелеуі, оку құралдарын жасаудағы еңбегі ерекше. Өмір бойы ана тілінің жоғын жоқтау, ана тілін таза сақтау, әрі қарай дамыту, қазақ байларын ұлт тілінде оқыту керектігі үшін құрес жүргізу халқымыздың болашағын ойлағандығынан екені сөзсіз. Ана тіліміздің мәртебесін биіктетуге бар білімі мен қабилетін, дарынын аямай сарп еткен Ахмет Байтұрсынов болса, сол бір аумалы-төкпелі заманда ұлттық тіліміздің тағдыры үшін арпалысқандардың бірі Сәкен Сейфуллин болғанын және Ахмет үлгісін бүгінгілерге түсіндіріп, ұрпаққа мұрат етпекке талпынғаны еш күмән тудырмайды.

Осы уақытқа дейін әдейі жасырып келген, көпшілік білмейтін Ахмет Байтұрсыновтың В. И. Ленинге 1920 жылды 17 мамырда жазған хатына назар аударайық, өйткені онда қазақ зиялышарының рөлі, атқарар қызметі жайында, олар жөнінде қандай қиястықтар болып жатқаны ашық та батыл айтылған.

Қазақстандағы ұлт алакөздігі мен сенімсіздікті жою үшін «орыс ұлтының пролетариаты жаңадан құлдыққа түсіруші мырзалар емес, оларды азат етушілер екенін дәлелдеуге және іс жүзінде көрсетуге тиіс<sup>1</sup> екенін жалпы талаптың өзегі етеді де, қазақ зиялышарының Қазақстан үшін қанша пайдасы барын баса көрсетеді. «Қазақ зиялышарының ішінде халық толық сенетін белгілі бір бөлігі бар. Қазіргі жаңа басшылар солардың айтқанына құлақ салса, қазактың енбекші бұқараасымен тез табысады, ал революция кезінде зиялыштар большевиктердің сонынан ермеген болса, бұл олардың өз халқын азат етуге қарсы болғандығынан емес<sup>2</sup> деп талай дәлелдер келтіреді де, Ахаң алаш қозғалысының басынан өткен тауқыметті қысқаша түйіндей қайталап, өзара сенімге жетудің арналы жолдарын іздестіреді. Қазактар нені қалайды және кеңес өкіметі

<sup>1</sup> Қазақстан тарихы. Хрестоматия. Құрастырған академик М. Қ. Қозыбаев, профессор I. Қозыбаев. «Атамұра» баспасы, 1994, 101-бет.

<sup>2</sup> Қазақстан тарихы. Хрестоматия. Құрастырған академик М. Қ. Қозыбаев, профессор I. Қозыбаев. «Атамұра» баспасы, 1994, 101-бет.

одан нені талап етеді деген замана сауалын қояды да, өзінің негізгі ойын жеті баппен баяндайды. «Шет аймақтарда сүттен ақ, судан таза интернационалистер жок немесе мұлде аз. Өздерін интернационалистер деп атایтындардың көбі, шынына келгенде, ұлтшылдар, империалистер» деп қадай-қадай айтып, «Қазақстанды басқару үшін нағыз идеялы коммунистер»<sup>2</sup> мен зиялыштарды таңдау керектігіне назар аударады. Ал зиялыштар заман жүктеген үлкен міндетті абыраймен атқара алатынына сенеді. Сондықтан қазактың есті азаматтары осы жолдың қолайлы да пайдалы екендігін ұқпады деп ешкім айта алмайды. Осыны үкімет басында отырғандар ішінде алғашқылардың бірі болып түсінген Сәкен Сейфуллин болды.

Орынбордың орталық клубында Ахаңың елу жылдығына арналған салтанатты жиналысты Қазақ АССР Халық Комиссарлары Советінің Төрағасы Сәкен Сейфуллин ашып: мәдениетті елдерде мүшел той жасау дәстүрі бар, содан біз де үйренейік, «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртты, арын бірге жоқтады. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл»<sup>3</sup> деп бастағанын Смағұл Садуақасов «Ақаңың алдында» деген баяндамасымен жалғастырды. «Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айғайшысы емес, олардың шоқпаршысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай, қазактыға сүйетін адаптацияның адал жүрек таза ұлтшыл. Қалай болса да жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына «Оқу һәм тіл құралдарымен» қылған қызметі таудай»<sup>4</sup> деген ойы қалың елге жетті. Осыны кешірмес кінәдай санаган төңкерісшілер де табылды. Олар үшін алаш көсемдерінің біріне жасалып жатқан құрмет мейлінше сорақы қылыш

<sup>1</sup> Бұл да сонда, 102-бет.

<sup>2</sup> А. Шамиль. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды. «Еңбекші қазақ» газеті, 30.01.1923 немесе «Бес арыс» жинағы. Жалын, 1992, 180-бет.

<sup>3</sup> Бұл да сонда, 181-бет.

былып көрінді. Мақала шыққаннан кейін төңкерісшілдік екпіні басылмаған ойлардың сілемі Ә. Әйтиевтің «Степная правда» газетінде жарияланған «Фактические поправки», Сәбит Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер» деген мақалаларынан көрініп, кейін жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтардай солакайлықпен жазылған дөрекі де содырлы жазбалар көбейіп кетті.

Әрине, Сәкен де қарап қалмады. Әбдірахман Әйтиевтің сынына «Тағы да Ахмет туралы. Әйтиевке жауап» деген мақаламен жауап берді. Сәкен өзінің қазақ тілінде жазған мақаласына орыс тілінде ескертпе, сын жазған Әйтиевтің өзін сынға ала отырып, Әйтиевтің «Алашты жасағандардың бірі Ахметтің өзі емес пе?» – дегеніне Сәкен: «Рас, Әтиев жолдас рас. Олардың ішінде шенкүмар, жалған ұлтшылдар болды. Ахмет, әйтеуір қазаққа қызмет қыламын деп солармен бірге болды, Ахметтің ұлтқа қызмет қылмақ болып коммунист партиясына кіргенін Манап Шамиль (Сәкеннің бүркеншік аты) жолдас дұрыс деп біледі және басқаларға да солай қылуды мәслихат қылады»<sup>1</sup> – дегеніне Сәкен: «Ахметтің коммунист партиясына ере алмай шығып қалуына ұлкен себеп – өзінің шын нәзік жанды ұлтшылдығы» себеп болды деп кесіп айтуы, большевиктік ұран тұтанып тұрган уақытта Ахметтің бұл қайраткерлігі өзі үшін емес, елі үшін, ұлтының қамы үшін тыным таппай шарқ ұрган жанның адал ниеті екенін тәптіштей түсіндіруі ғибрат аларлық қадам еді.

Жалпы өмірде болған жағдайды түйсіну бар, түйсінуді түсіну бар. Осындағы түйсінуді – пайымдау, түсінуді – зеректік, түсіндіруді – шеберлік дейтін болсақ, Сәкеннің Ахмет туралы пікірінен өмірде, яғни күнделікті тіршілікте жиі кездесе бермейтін гажап қасиетті көреміз.

Сәкенді Ахаңа айрықша иілдірген проблеманың бірі қазақ тілінің тағдыры еді. Жаңа заман орнағанымен қазақ тілі бұрынғысындағы қаға берісте қала беруі Сәкеннің де жанын жеп жүрген-ди. 1923 жылы өткен XII съезден кейін Сәкен қазақ тілінде іс жүргізу қажеттігі жөнінде мақала жазып, іс

<sup>1</sup> Манап Шамиль. Тағы да Ахмет туралы. Әтиевке жауап. 04. 02. 1923. Бұл да сонда, 182-бет.

басындағы азаматтарға арнағы хат жазып, ұлкен науқанды өзі ашты. Сонда Ахан ойларын мықтап ескерді. Билігі бар зиялды қауымға түсіндірді. Тіл мәселесі жиырмасыншы жылдарда ғана емес, күні бүгінге дейін мәнін жоймай келе жатқан ең өзекті мәселе екенін көріп отырмыз гой.

Сәкенше айтқанда, «Қазақстандағы қазіргі піскен бір зор тарихи мәселе – мекемелерде кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу ісі. Өзінің білетін тілінде сөйлесіп, бұйрықжарлықтарды білетін тілінде оқып, тыңдап, жазатын арыздарын сол өзінің білетін тілінде жазбаған соң, жергілікті еңбекшіл халық қөнілдегідей бұрынғы тілі һәм өзі үстем болып қалған халықпен катар отырып істей алмайды»<sup>1</sup> – деуі қарапайым халықтың тағдырына алаңдаушылығы екені сөзсіз.

Ұлттық тіл, оның келешегі туралы өткір де батыл ой-ұсыныстар Сәкен қаламынан там-түмдап емес, түйдектүйдегімен жазылғанын тоғызы мақаласынан оқимыз. Эрине, сол кезде мынау бір керемет мән берерлік жай екен деуден гөрі керегар пікірде болғандар да аз болмаған. Заманның қай кезі болмасын, өмірдің өзекті мәселесі сез бола қалған жағдайда өзінің білімсіздігін, не халқына жаны ашымастығын «анғармайтын анқаулар мен жатып ішер жалқаулар» кері тартатыны белгілі. Сондай тұстарда Сәкен: «Ынтасыз іске, қөнілсіз іске сансыз бөгет, сансыз уайым табуға болады. Бірақ біздің айтуымызша бұл іске бөгеттің көптігі басқа себептерден. Себептің ең алды – іс басындағы адамдардың бұл іске шындалп кіріскең ниеттерінің жоқтығы, ынталарының жоқтығы. Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреулері қазақ тілі туралы қатты кірісуге: «біреу ұлтшыл деп атайды...» деп бой тартады. Бірақ ол күлық, бұл коммунистік қылыш емес, ол жарамсақтық, жағымпаздық»<sup>2</sup>, – деп абын да болса ақиқатты айта білуінің өзі бүтінгі азаматтарға үлгі болса иғі.

Сонымен Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда Сәкен ұлт тіліне байланысты ой-тұжырымдарын Ахмет Байтұрсыновтың «Ұлтты сактайдын ең соңғы қамал – тіл» – деген даналық қағидаларынан ербіткенін, сол арқылы бір-біріне ілтишательнің күшті болғандығын, айрықша қадірлегенін анғармау ағаттық болар еді.

Ахаңа тәкәппар тапшыл Сәкенді құштар еткен құдіретті құштың бірі ұлттық тілге деген қамқорлық екені даусыз. Екінші, Ахандай ұлы агартушыны кеңестің пайдалы ісіне тарту талабы де қатарласа жүргені белгілі. Өкінішке қарай, осы саясат сол кезде құштарлықпен қолдаушыларды көп таба бермеді. Тапшылдық қөзқарас өз дегенін жасады.

Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеcінде Ахмет Байтұрсыновтың атын атап, түрін түстеп, артық сөз айтпайды.

«Аттың сырды шапқанда білінеді, достың сырды сасқанда білінеді» – деп аталарамыз тек айтпаса керек. Ахмет Байтұрсыновтың жаңа түсінік жағына шыға алмай елі үшін шыбын жаңы шырқырағанда қызыл сұнқар Сәкеннің қол ұшын беруі, ерен еңбегін танып, арлы азаматтығын сыйлауы нағыз зерделінің ісі. Аңы шындықтардың, тереңдегі сырлардың бір құпиясы осындай. Осыны дұрыстап ұға білмесек, біреу мен біреуді шатастырып, тарихты ыластап алу оп-онай. Елі үшін асыл ойларын, аскар арманын, азапты ғұмырын арнаған ардактылар заманың қын кезінде-ақ бір-бірін бағалап кеткеніне айрықша мән берейік.

Сонысымен де олар ұлылығын ұрпаққа дәлелдеп тұрғандай.

Сәкен мен Ахмет Байтұрсынов қарым-қатынасын айтқан уақытта бір мәселені қатты ескеру шарт. Ә. Әйтиевтің орыс тілінде қарсы жазған мақаласына айрықша мән берілді де, Қазақстан коммунистерінің III конференциясында А. Оразбаева Сәкенді ұлтшыл деп айыптаپ, алаш зиялышына қол ұшын беріп келе жатқанын дәлелге келтірді. Оны Мәскеудін өкілі Партияның Орталық Комитетінің хатшысы Е. Ярославский қостады. Сәкеннің «Азия-Европаға» атты елеңін «маркстік» сынға алды. Әділетсіз сынға конференцияға қатысқан оншақты қазақ коммунистері ресми мәлімдемемен қарсы шығып, қазақ қызметкерлерінің арасына жарықшак түсे бастағанының арғы бастауында Ахаңа көретілген құрмет жатқан болатын. Ал бұл сол кезде күсырылып келе жатқан идеологиялық қысымның Сәкен сезген алғашқы дүмпуі еді.

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Шығармалар, 1963, 5-том, 400-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда. 410-бет.

«Тар жол, тайғақ кешудің» алғашқы тараулары осы кезде жазылып, «Қызыл Қазақстан» журналының бетінде жариялана бастағанын ескерер болсақ, онда Сәкеннің таптық позиция дегенге айрықша қарауыл қоймасқа шамасы қалмағының көрү онша қындыққа түспейді. Кітап 1927 жылы шықканға дейін идеологиялық толқындар «Еңбекші қазақ» және «Ақ жол» газеттеріндегі айтыс-тартыс мақалаларымен толыса түскені, әсіресе «қазақта төңкерісшіл, тапшыл ақын-жазушылар бар ма? Болса кімдер? Тапшыл ақындар жоқ болса, себеп не? Қашан болады? Тоғыз қабат тас үйді, қаңғыр-күнгір зауытты, әуені шарықтаған аэропланды жырлағанша казақтын қара лашық үйін, жер ошағын, майсыз арбасын, бақырауық түйесін жырлаған жақсы»<sup>1</sup> деген ой онды-солды айтылып, жазылып жатты. Осындай жәйттар Сәкеннің қаламына тапшылдық екпін бітіру, бояуды қалыңырақ жағу қажеттігін еріксіз танғанын жоққа шығара алмасақ керек.

«Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссе сінде қазақ оқығандары мен зиялыштарына байланысты айтылатын ойлар қаншама тарихи деректерге негізделсе де Сәкен қаламының тізгінің тартпай баяндағанын, суреттегенін көріп, сезіп отырамыз. Оған 1925 жылдан «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болған Смағұл Сәдуақасовтың іс әрекетінің «шапағаты» да тиген сияқты. 1925 жылы Мәскеуден «Қазақстанға келісімен «Қара жер» деген поэмамда «Еңбекші қазақ» редакторы Смағұлға бердім. Смағұл поэмамды алып, қалтасында екі айдай сақтап, соғбалап баспауға айналды. Әрі-беріден соң қалжың-мазакқа айналдырыды. Аздан соң «Советстан» атты поэма жаздым. Мұны әкеліп Смағұлға тағы да бердім, Смағұл бұрынғыдай құлмеді, бірақ «баспаймын» деді. Поэмамды өзіме қайтармай алып қалды. «Қызыл» тақырыпты жазудан тыйылдым. Еш нәрсеге араласпайтын тұрмысқа көштім. Редактор, оку комиссары Смағұл бұрынғысынан танбады. Ұлтшыл жазушылардың жазғандарын газет-журналдарға құмартып басатын, ақшаны соларға төгетін болды. Біздердікін баспайтын, бассада зордың күнінен басатын болды. Мен

<sup>1</sup> Тікен. Көркем әдебиет туралы. «Акжол» газеті. 1985. №555-558.

өлкелік комитеттің бөліміне арыз бердім. Ұйымдастыру бөлімінің орынбасары Ж. Исаұлина шақтым. Сонымен тіпті алаш жазушыларымен бірдей көрсे ырза болар едім»<sup>1</sup> – деуі «Тар жол, тайғақ кешудің» қандай жағдайда жазылғанын анғартады да, кейбір бояулардың алабажақ, сөзі ашылау болуына себепкер шығар деген ойды еріксіз көлендедетіді. «Малын алдырмағандардың есебі толық» де-гендей мұндай теперішті көрмегендерге бәрі де оңай, өзінен езі бола қалатындаі көрінетіні де жоқ емес.

Ал 1936 жылы роман-эссеін қайтадан қарап, көптеген түзетулер мен толықтыру қосқанда Сәкенге, сөз жоқ, Өлкелік партия комитетінің Мәдениет және Насихат бөлімдері мен Қазақстан марксизм-ленинизм институты бірлесіп «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанның теориялық майданындағы құрестің міндеттері туралы» 1932 жылы 10 қаңтарда алған зымиян хаты мейлінше қатты әсер еткені сөзсіз. Өйткені, онда алаш қозғалысына қатысқандар түгелімен кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдар, ал қайсы-бірі анасының құрсағында жатқан уақытта ұлтшылдық дертіне шалдыққандар деп есептелсін деп көрсетілген болатын.

Социализм жеңген сайын таптық құрес күшейе түседі дейтін Сталиннің теориялық қисыны әсіресе «Тар жол, тайғақ кешуде» айрықша ескерілетін жай екенін енді айтып жатудың өзі орынсыз. Өйткені, Сәкен 1935-36 жылдары «Қызыл сұнқарлар» атты революциялық драмасын жаңа редакциямен сахнаға шығарғанда, аузы-мұрны қисаймастан орыс пролетариатына үлгі-өнеге көрсететін қазақтан қандай революционер шыға қоймақ, қазакқа ондай жетекшілік рөл қашан бітіп еді деген ойлар орысша да, қазақша да жазылып, Сәкеннің коммунистік идеология алдында «құнәһәр» болып қалғаны бар. Сондықтан «Тар жол, тайғақ кешудің» 1936 жылғы басылымының тұздығы ашылау болып шықпасқа шаrasы қалмаған еді.

Міне, осы жайларды ескергенде Сәкеннің алаш азаматтары жеңіндегі айтар-жазары тарихи шындық деңгейін-

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Менің қателерім туралы. «Еңбекші қазак» газеті. 02.09. 1929.

де көрінгенмен сөз қолданысы мен бояу жағуында азды-көпті қысастық танытуы әбден мүмкін. Олай болмаған жағдайда кешегі алашшылдарды мадақтап жатыр, объективті түрде насиҳат етіп отыр деп айтудан ешкім тартына қоймайтын еді. Басқадан гөрі Сәкен мұндай құқайды көп көрді, 1937 жылы «Это своеобразная вражеская энциклопедия» деп тапқандар болғаны белгілі.

Жалпы өмірде болсын, өзінің осы «Тар жол, тайғак кешу» роман-эссеінде болсын (1927) Сәкен Сейфуллин тарих алдында да, алаш азаматтары алдында да өзінің адамгершілік, азаматтық қасиетімен ерекшеленген. Оны Мұхтар Әуезовтің тілімен айтсақ: «Шыны қайда, өзі қайда екенін білдірмейтін, жаза баспайтын, кедір-бұдырысыз тақтақ жолдың ақыны Сәкен емес. Оның шындығы қозып, жанып отыратын, ішіне тығынған буы білініп тұрган барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан мұның жолы – әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдышы бар, ері бар шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы»<sup>1</sup> – деген пікірі дәлелдей түссе керек.

Тарихтың дауылды кездегі қай сәті болмасын, күні бүгінге дейін беймәлім болып келген, тереңде жатқан құпиялардың бірі – Сәкен Сейфуллиннің алаш азаматтарына деген қөзқарастарындағы бүгінгі уақыт талабы күтпеген риясыз тазалығы. Біздің бұл ойымызды Сәкен Сейфуллиннің романды жазу мақсатынан бастап, шығарманың ен бойы дәлелдей түседі.

Енді осы кең тынысты тарихи шығарманың дүниеге келу мақсатына зер салсақ, Сәкен Сейфуллин шығарманың беташарында: «Максұт – 1916-17-18-19 жылдардағы тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің, революцияның Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынан баспа жүзінде із қалдыру»<sup>2</sup> деп жазған-ды. Ал осы жолдар соңғы басылымдарда «әйтеуір із қалдыру болды» деп қысқаша қайырылып жүр. «Мұнда талай кісілердің аттары атала-ды. Тарихи қозғалыстың өзім көрген, білген оқиғаларын жазған сон, әрине, кісілердің аттары кірмese болмайды.

<sup>1</sup> М. Әуезов. Шығармалар, 1985, 17-том, 48-49-беттер.

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғак кешу, 1927, 3-бет.

Мақсат біреуді көтеру, біреуді жамандау емес. Зор қозғалыстың, зор өзгерістің әр кезінде әртүрлі пікір, әртүрлі әрекет болған. Ол – тіршіліктің, тарихтың ісі.

Бұл кітапта «Алаш» туралы әңгімелер айтылғанда, әлгі айтқандай, сол Алашордада болғандарды айыптаңын инетімен айтылып отырған жок»<sup>1</sup> дегені түсіндіруді қажет етпейді.

Романның бірінші басылымының (1927) 68-бетінде «Совет өкіметі заманында», ал соңғы басылымының (1977) 69-бетіндегі «Совет үшін құресте» деген тарауында Әлихан Бекейханұлының Семейге келуі жөніндегі айырмашылықты баяндап өттік, сонда «Бекейханұлы Сібір съезіне келді, Омбыға келді, Семейге келді, баяндамалар жасады. Оқыған мырзалар, оқып жүрген мырза болам деушілер Бекейханның жолын тосып, қарсы алды» – десе, ал осы жолдар соңғы басылымдарында анықтаушы теңеулер беріліп «Бекейханұлы Сібір съезіне келді, Семейге келді, баяндамалар жасады. Оқыған ұлтшыл мырзалар, оқып жүрген мырза болам деуші **бай** ниетті ұлдар

Бекейханұлының жолын тосып, қарсы алды. Омбыда, Семейде Бекейханұлын **байышыл-ұлтшылдар**, саудагерлер құрметтеп жатты»<sup>2</sup> деп өзгерілген. «Уш жұз» партиясы мен «Алаш» азаматтарының арасындағы қарым-қатынас кереметтей «тәтті» болмағаны көпшілік оқырманға аян.

Әсіресе «Уш жұздегілер» «Алаш» басшыларын «орыстан қатын алған», «балалары орыс», «дін бұзған», «сары орыстың бәрі орыс» деп сөгіп, буынсыз жерге пышак ұрғандай дөрекі сөйлеп жатқан сәттерінде Сәкен Сейфуллин «уш жұздіктерге» бүйрекі бұрылмай, пенделікке салынбай, ақиқатты айтуды жөн санап, әділ төрелігін айтқан.

Сәкен Сейфуллин «Уш жұздің» жігіттерінің «Бекейханды және кейбір «Алаш» көсемдерін мінегендеге «орыстан қатын алған», «балалары орыс», «дін бұзған» дегендері үлкен шатасқандық. Өз жолын өзі анық білмегендік. Әрине, ол уақытта бәріміз де сара жолды қолмен сипалап жүрген кезіміз еді. Бірақ сонда да әлгіндей сөздер

<sup>1</sup> Бұл да сонда, 1927, 68-бет.

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. «Тар жол, тайғақ кешу», бесінші басылым, 1988, 69-бет.

тым оғаш шыққан қате. Бізді сырттан билеп, партиясына жазып алған Шәймерденге мұны айтып мен хат жаздым. Және бұл партияның беті мен әдісі осылай болатын болса, біз қосыла алмайтынымызды айттым.

Менін хатыма жауап болған жоқ, «Үш жүз» бастықтары «алаш» көкжалдарына керексіз сөздерді айтып, қазақша боктай берді<sup>1</sup> дегеніне айрықша мән берген абзал. 1927 жылы осындағы ескерту жасаған Сәкен 1936 жылы ол тізгіннен айырылып қалып, өзі де сөз бояуын өзгертіп алған тұстары да жоқ емес.

Ұлттық мұдделері бір болғанмен бағыттары бөлек зиялыштардың бір-біріне айтқандары кінәмшіл көнілге кірбің ұлатары хак. Бірақ бұндай тұстарда майдалыққа салынып, тырнақ астынан кір іздеуден гөрі аталарымыздың «ашыққан ұры, ашынған тілді болады» деген даналық сөзді осындағы жайттарға байланысты айтқандығын еске алсақ жетіп жатыр.

Ал түптеп келгенде, «Тар жол, тайғақ кешу» романының 1927 жылғы бірінші басылымы мұсіркеуді, женілдегенді тіпті де тілемейді. Оған негіз – роман-эссеңін соңғы басылымдарында Сәкен тарапынан айтылатын артық-ауыз сөздердің бірінші 1927 жылғы басылымында болмауы.

Мәселен, 1918 жылдың қаңтар айында Орынборды большевиктер алып, Бекейханұлы, Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Омарұлдары Семейге аттанғанда, не болмаса, 1913 жылдан шыққан «Қазак» газетінің иесіз қалғандай күйге түсіп, Әбділхамит Жұндібайұлының басқарған тұсында да Сәкен Сейфуллин алаш азаматтарының атын атап, на-мыстарына тиерліктеі сөз айтпайды. Ал Мағжан Жұмабаев жөнінде шамданарлық жайттар тіпті де кездеспейді.

Сәкен Сейфуллин романының бірінші басылымындағы (1927) аса мән берерлік тағы бір жай, ол – бірігіп те, жекелей де түскен Элихан Бекейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамбетұлы, Жанша Досмұхамбетұлы, Мірзағазы Есполұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, тіпті батыс алашорда басшыларын бір кітапта екі рет көсілте жариялауы және Ақмоланың имамы,

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, бірінші басылым, 1927, 104-бет.

Рақымжанмен бірге түскен Сағынайдың Нұрмамбетінің суреттері. Қазак зиялдырының елге сінірген еңбектеріне қарай қалың жүртшылыққа таныстырудың, «объективті» насиҳаттың түрі екенін қазір алғыс сезіммен айтуға тиіс шығармыз.

Дауылды кезеңнің шындығын көзben көріп, өзі арасқан оқиғалардың тарихи деректерінің жанды болары роман-эсседен анық сезіледі, оның өміршендігіне негіз болып жарқырай түсіune себепкер болады.

Сонымен «Тар жол, тайғақ кешуде» баяндалған оқиғалар арқылы алаш қозғалысының өзекті мәселелерін суыртпақташ шығарғанда ең негізгілеріне ғана назар аударуға мұршамыз келген сияқты. Қазақ елінің автономия алуы, тендердікке қолы жетуі жолындағы ізденістердің әр қылыш өнірден өрбігендігін, бүкіл алаш қозғалысына саналы қадам дарытатын үйімдік орталық, яғни алаш партиясының құрылуы жай-күйін қазақ халқының жаңа дәүірдегі ұлы көсемі Әлихан Бекейханов пен данышпан кеменгері Ахмет Байтұрсынов арқылы көрсетіп, Сәкен Сейфуллиннің көзқарасын, қарым-қатынасын шынайы қалпында танытуға тырыстық, өйткені бұл мәселелердің шындығы қазіргі кезде айрықша қажет екендігін уақыт көрсетіп отыр.

Коммунистік идеологияның киястығына ұшыраған «Тар жол тайғақ кешудің» 1927 жылғы басылымын қайтадан қалпына келтіріп қалың окушы қауымға ұсынсақ, кейбір қыңыр пікірлер сабасына өзінен өзі түседі. Әрине, мүмкіндік болса, академиялық басылым жасалса нұр үстіне нұр болар еді.

## ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫҢ КӨРКЕМ ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛУЫ

«Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссе сінің алғашқы идеясы Сәкеннің «Габдолда тірі екен» деген мақаласынан (1920) бастау алып, «Октябрь төңкерісінің құрбандары» (қараша, 1922) деген мақаласымен жалғасады. Құншығыста партизандар қатарында болған Абдолла Асылбековты, төңкеріс кезінде құрбан болған Шәймерден Әлжанұлы, Бәкен Серікбайұлы, Ыңқақ Қебекұлы, Әділбек Майкетұлы, Нұргайын Бекмұхамедұлы, Хәкім Маназарұлы, Нұргали Құлжанұлы, Аманкелді Иманұлы, тағы басқаларды атайды. Бәкен Серікбайұлының Колчак түрмесінде хал үстінде жатып, Сәкенге «біз өлсек те сен тірі қалсан жақсы болар еді. Сен газетке, кітапқа жазып, біздің не үшін, кім үшін өлгенімізді айттар едің!»<sup>1</sup> дегені есіме түскені және «Ардақты, естен кетпес жолдастар! Сендер өздерің өлсендер де қасиетті есімдерің өлмес! Қасиетті тілектерің өлмес! Топырағың женіл болсын бауырларым!.. Ендігі тірі жүрген жолдастардың міндеті – осы айтылған шаһиттердің есімдерін ұмытылмайтын қылу. Ол үшін Қазақстанда кейбір школға, мектеп, медресселерге, оқуханаларға, көшелерге осы айтылған ерлердің есімдерін қою керек. Бұған құллі Қазақстандағы жолдастар кірісу керек. Сөйтсек біздің мойынымыздың борыш, жолдастық ақы ақталауды»<sup>2</sup> деп жазған және оны орындауға белсене кірісіп, 1923-26 жылдары «Қызыл Қазақстан» журналының бірнеше сандарында «Тар жол, тайғақ кешудің» үзінділерін жариялады. Бұл қолға қару орнына қалам ұстауға мүмкіндік туғанда орындала бастаған алғашқы азаматтық парыз еді.

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Шығармалар, 1962, 4-том, 204-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 1963, 5-том, 298-бет.

Сонымен қатар роман-эссе де суреттеген өмір көріністерін ескерер болсақ, онда 1917 жылы жазып, 1918 жылы мамырда Ақмола жастарының сахнасына шығарған «Бақыт жолына» пьесасының оқиғасы 1916 жылғы патша жарлығына байланысты қазақ даласында болған зорлық-зомбылықты әшкерелейтінін, ал 1920 жылы жазып, 1922 жылы кітап етіп шығарған «Қызыл сұнқарлар» драмасының негізгі сюжеті контрреволюциялық төңкерісте қолға түсken совдепшилдердің, жаңа дәуір қаһармандарының абақтыда отырып халықтың келешегі туралы ойлаған арман-тілектері баяндалатынын жадымыздан шығармасақ, онда Сәкеннің шығармашылық тұрғыдан «Тар жол, тайғақ кешуді» жазуға дайындалып, іштей толғанып жүргенін байқаймыз.

«Каждый большой писатель находит свою тему. Бальзак ищет ее в обществе, Диккенс – в семье, Достоевский – в индивидуальных переживаниях личности»<sup>1</sup> – десе, Сәкен Сейфуллиннің жазушылық тағдырына дүниенің астан-кестені шығып жатқан төңкеріс дәуірі бұйырыпты. Поэзиясында да бұл бағыт басым жатқаны өтірік емес. Демек, жаңа заманның ықпалы Сәкендей алып суретшіні өз іріміне тарта білді.

Сәкеннің бақыты ма, әлде соры ма, ол еңбекші көпшіліктің сөзін сөйлеймін, кешегі құл-құтан болғандарға бақытты заман орнатамыз, билікке қолын жеткіземіз деген коммунистік идеологияның жақтаушысы ғана емес, жаршысы, ұраншысына айналды. Оны ешкімнен жасырған жоқ, теріс жолға түстім-ау деп ойлаған жоқ, зор сенім мен қайраткерлік көрсетті. Сонын айрықша белгілерінің бірі – «Тар жол, тайғақ кешу» атты роман-эссе екені қазақ әдебиеті тарихында ғана емес, бүкіл азаматтық тарихында халықтың ұғымтал жадында айшықталған белгілі.

Азаматтық парызды орындау мақсатымен қаламды қолға алған Сәкен «Ұлы өзгеріс», «Ұлы асу» деген аттар ойыма келіп еді. Көзben көргендерім кітапта көбірек айтылған сон, «Тар жол, тайғақ кешу» деген атты лайықтырақ таптым<sup>2</sup> –

<sup>1</sup> Цейтлин А. Г. Труд писателя. М., 1968, стр. 342.

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. Қызылорда, 1927, 3-бет.

деп өз шығармасына тақырып табуға сонша қиналмағанын аңгартады. Әйткені, өмір шындығын және ойындағы бірнеше тақырыпты талғап, таңдалғанын байқаймыз. Өз басынан өткенді жазу оңай болып көрінгенмен, орындалуы оңай емес. Солай бола тұрсада тақырып тандау да, шығарманың идеялық нысанасын айқындауда шешуші себепкер болады. Ғабит Мұсіреповше айтсак: «Тар жол, тайғақ кешу» – бұған дейінгі, бұдан кейін де ешкім жаза алмайтын тақырып. Ол – Революция кезінде революцияның алдында қазақ халқына енген тап тартысы, әр түрлі партиялардың бағытын, бет алысын анықтап берген кітап»<sup>1</sup> – дегенін есте тұтқан абзал.

Сәкен өткен өткелден, аскан асудан талай азаматтар өтті емес пе? Оның ішінде алаш қозғалысына қатысқандар бар емес пе? Қаламы қалыптасқан алып ақын-жазушылардың дауылды, жауынды кезең жайлы қалам тартпауының себебі не?

Алаш азаматтарының бұндай тарихи шырғармаға қалам тартпауының бір себебі жаңадан қалыптаса бастаған идеологияның қырын қабағынан болса, екінші, алаш қозғалысының ұлттық мұддесі бүгінгі күн тұрғысынан дұрыс болғанмен, жалпы қазақ съездерінде қаралып, дұрыс шешімін тапқан кейбір мәселелер жөнінде Сәкен Сейфуллиннің өзінше көзқарасы барлығынан болса керек. Тапшылдар, төңкөрісшілер ұлттық тұрғыдан жазылғанға жабыса кеткен уақытта сол кездегі қоғамдық күштер мен әкімшілік әпербақандықтың мүмкіндігін де жоққа шыгармау керек. Ол әрқашанда тиімді бола бермесі анық.

Орыстың әдебиеттану ғылымында өз орны бар А. Г. Цейтлин тақырып тандаудағы жазушы шеберлігі жөнінде: «Отыскать свою тему может лишь тот писатель, которому она подсказывается всей совокупностью его жизненного опыта»<sup>2</sup> – дегені М. Горькийдің «тема – это идея, которая зародилась в опыте автора, подсказывается ему жизнью, но гнездится вместилище его впечатлений не оформленно в

<sup>1</sup> Мұсірепов. Дәстүр мен жаңашылдық. «Сөзстан» альманагы 8-кітап, «Жалын», 1987, 4-бет.

<sup>2</sup> Цейтлин А. Г. Труд писателя. М., 1968, стр. 343-бет.

образах, возбуждает в нем позыв к работе ее оформления», – деген пікірімен өзектесіп жатса, оның белгілі бір тенденцияда жазылуы туралы академик жазушы, зерттеуші З. Қабдолотовтың: «Сүреткер белгілі бір қоғамда өмір сүреді, белгілі бір қоғамдық коллективтің мұддесіне ортақтасады, сондықтан оның творчествосында да белгілі қоғамдық мән және мазмұн бар. Бұл даусыз шындық! Жалғыз-ақ, осы шындықты әр көзқарастың өкілі әр түрлі түсінуі ықтимал»<sup>1</sup>, – дегені әсіреке «Тар жол, тайғақ кешуге» арнап айтылған сияқты.

Сәкен Сейфуллиннің осы роман-эссесінің тақырыбының өзінен-ақ дәлдікті аңғарған ғалым Рымғали Нұргалиев: «Романның «Тар жол, тайғақ кешу» деген аты авторлық идеяны ашуда образдық, символдық роль атқарса, жеке тарауларға берілген аттарда саяси, көркемдік дәлдік бар»<sup>2</sup> деп біледі.

Сондықтан да болар «Тар жол, тайғақ кешудей» өміршешең романның аты күні бүгінге дейін қанатты сөздей жиі қолданылады.

Аталмыш роман-эссеңің тақырыбын дөп тапқан автор, көп қаламгерлер басынан өткізетін шығарма фабуласындағы қыншылыққа да кезікпеген. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Бай фабуланың қайнар көзінің бірі – тарих дейтін болсақ, роман-эссеңің тарихилығы соған айқын дәлел. Бұл – бір.

Екінші бір себебі, «Самым широким источником фабулы является современная писателю действительность, бытовой уклад и отдельные реалии, свидетелем которых он является.

Чрезвычайно полезно, в основу положить факт действительной жизни» – деген тұжырымға қуат берген тарихи оқигалардың басы-қасында автордың болуы дер едік.

Ушинші, «Особое значение для создания фабулы имеют публикации газетной хроники и судебных процессов, по большой части помещаемых на страницах той же газеты»<sup>3</sup> –

<sup>1</sup> 3. Қабдолов. Сез өнері. 1992, 14-бет.

<sup>2</sup> Р. Нұргалиев. Қазак революциялық поэзиясы, 1987, 102-бет.

<sup>3</sup> Цейтлин. А. Г. Труд писателя. М., 1968, 345-бет.

яғни бұл да автордың шығармасына мол пайдаланынған материал екені даусыз.

Енді осы жайларды рет-ретімен шығарма арқауынан шығарып алып отырсақ, көркемдік шарттарының орындалуын анық аңғарап едік.

Бай фабуланың қайнар көзінің бірі – тарих, екіншісі – тарихи оқиғаның бел ортасында сол автордың болуы десек, оны ел-жүртқа жеткізу үшін жазушының шеберлік қажеттілігін көреміз.

Сол бір жиырмасыншы жылдарда әдебиетке көркем шежіре болып түскен шығарманы дүниеге әкелудегі мақсатын Сәкен жасырмадан: «тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің, революцияның Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынаң баспа жүзінде із қалдыруды»<sup>3</sup> көздегені еш уақытта әбестейтін қылыш емес.

Бай фабуланың үшінші кезі мерзімді баспасөз болса, жазушы өз шығармасында газет материалдарын орынды пайдалана білген. Сәкен Сейфуллиннің деректерді молынан алған негізгі газеті – «Қазақ».

Сөздің ынғайы келгенде айта кетейік, бүгінгі таңда алаш қозғалысының ақиқатын анықтауда да, тарихын тара-зылауда да көпшілік ғалымдардың сүйенері де, негізге алары да осы «Қазақ» газеті екені рас<sup>1</sup>.

Жазушының баспасөзден келтірген материалдары – алаш қозғалысын ұйымдастырушылардың жолдаған телеграмма тексі, жазған хаты, қалың қөпшілікке арнаған мақалалары, көсемсөздері, бірінші, екінші съездердің қаулы-қарапы, алаш азаматтарының большевиктер мен «Үш жүз» партиялары, олардың жеке өкілдері туралы көзқарасын көрсететін деректер.

Сонымен қатар Сәкеннің өзінің қарақан басынан өткен оқиғалардың бәрі курес жолына өзі бастап апарғаны да белгілі, алайда адалдықты аяқ асты еткен, жағымпаздықпен күн кешкен Сәкенді тарих білмейді. Соңдықтан өз қолынан шыққандардың бәріне де жауапты боларын сезген, білген, тарих сотына тұсуге мүмкіндігі барын бір сәтке ұмытпаған қаламгер.

<sup>1</sup> Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1927, 3-бет.

<sup>2</sup> Қараныз. Ә. Әбдімановтың «Қазақ» газеті деген монографиясы, 1993.

«Халық өмірінде терең із қалдырыған оқиғалар болады, олардың жаңғырығы көпкө дейін үзілмей, санадан берік орын алады, әдебиетке де көркем шежіре болып түседі»<sup>1</sup> – деген пікірді ғалым Рахманқұл Бердібаев Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романына байланысты айтқан.

Қазан төңкерісіне дейін ақындығымен танылып келген Сәкен Сейфуллиннің ұлы өзгеріс, тарихи қозғалыстың ізі сұымай жатып-ақ тартысы мол тарихи шығармаса қалам жебеуінің өзі үлкен батылдық екені сөзсіз.

Автордың сөз етіп отырған шығармасының бір ең басты арқауы сол кездегі қазак зиялыштарына қатысты екенін сезген, сондықтан оған үлкен мән беріп, жауапкершілікпен қараған. Себебі, қазак интеллигентиясына қатысты тарихи қозғалыстың ұрымтал сәтті-сәтсіз кезінен сөз толғаған «Тар жол, тайғақ кешу» 1927 жылы жеке кітап болып шыққанда қазак қауымы аман-есен, зиялыштарының төрт көзі түгел екенін ескерсек, Сәкеннің тарих алдында жауап беруге даяр екендігін көреміз, анық аңғарамыз.

Сондықтан болар, Сәкен Сейфуллиннің қаламдас, өкшелес інісі Ғабит Мұсірепов «Тар жол, тайғақ кешу» бұған дейін де, бұдан кейін де ешкім жаза алмайтын тақырып. Сәкен көрген-білген материалдармен біз қарулаңып, енді қайтадан ешқайсымыз оралып жаза алмас едік»<sup>2</sup> дегені әшейін айта салған пікір емес. Бүгінгі күні Сәкен өнерпаздығын әнгімелегендеге ақиқаттың ауылы, тарихи шындықтың шырайы осы шығармаға байланысты ашылады десек артық болмайды.

Академик З. Қабдолотовтың «әдеби шығарма туралы әңгімені тақырыптан бастаған жөн. Өйткені, тақырып – өнер туындысының іргетасы» деп табады да «Жазушының шындық болмыстан таңдал, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбыльстарының тобын тақырып дер едік»<sup>3</sup> дегенінен көз жазбаған абзал.

<sup>1</sup> Р. Бердібаев. «Роман және заман», 1965, 8-бет.

<sup>2</sup> Г. Мұсірепов. Дәстүр мен жаңашылдық «Сөзстан» альманағы, 1987, 8-кітап, 4-бет.

<sup>3</sup> З. Қабдолов. Сөз өнері, 1992, 147, 149-беттер.

Осындай құнарлы, терең ой саларлық пікірлердің негізінде біз Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романындағы ұлы өзгеріс, тарихи көзқарастан хабардар ететін көркем шығармалардағы тарихи деректерді оқигалар ағымына қарай салыстыра баяндап, көркемдік шындықтың ажарын келтіру қажет деп білеміз.

Роман-эссеңің көркемдік нышандарын әңгімеледен бұрын шығарма оқылып болғаннан кейін оқушы жадында айрықша жатталып қалатын жайларға шолу жасаған абзal, ейткені көркем дүниенің эстетикалық әсері мен танымдық сипатын масштабты көлемде де аңғарып алуудың үлкен қажеттігі бар.

Кітаптың соңғы беті жабылғанда оқушының ең алғаш сезінетіні – бүкіл қазак даласының майдан алаңына айналғандығы. Майдан тек қолына қару ұстағандардың арасындаға емес, санада, идеология саласында болып, өліспей беріспейтін күйге жеткенін сеземіз, көреміз.

Россия империясының отаршылдық саясаты шынбайға батқаны сонша, Кенесары көтерілісінен кейін рухани ұжданы божырап, белі үзілгендей күй кешкен қазақ халқы 1916 жылы «Әйтеуір өлеңді екенбіз» деп дүр сілкінуі, түгел болмағанмен ер-азаматының атқа қонуы, оған ұйымдық сипат берер күштің болмауы, «билік дәмін» татып қалғандардың шен-шекпенге сатылып, елді қан қақсатулары, алаш қозғалысы қауырт өріс ала бастағанда әр қылы төңкерістер топаланына кездесуі, әке баладан, бала атадан безіп ақ пен қызылдың қырқысы, қазақ даласының соғыс алаңына айналып, аяқ асты болуы, 1921 жылғы аштықпен қосып есептегендеге сегіз жұз мындағы қазақтың қырылуы, осындай қиямет-қайымға кезіккен елді қалай аман алып қалудың амалын іздестірген Алашорда үкіметінің, сәттісәтсіз қадамдары, басшылары мен көсемдерінің алас ұруы, кейіннен орасан зор қайғы-қасірет әкелген жаңа өкімет-совдептердің ашылып құлауы, қайтадан ұзак ұақытқа орнауы, тендік, бостандыққа қолымыз жетеді деп дәмеленген енбекші көпшіліктің алдануы, большевиктік үгіттің күшейіп, жалған интернационализм туының көтөрілуі «Тар жол, тайғақ кешуді» оқып шықканнан кейін ой жүзінде болса да көз алдына елестемей қоймайды. Осы

тұрғыдан алғанда шығарманың тарихи сипаты өзінен өзі айқындалып шыға келеді.

Орыс империясындағы толып жатқан саяси күштер мен партияларды, әсіресе кадеттер мен коммунистерді, меньшевик, эсерлерді былай қойғанда қазақ халқының жоғын жоқтایтын, мұнын мұндастын «Алаш» партиясымен қатар социалистік типтегі «Үш жұз» партиясының болғандығын, олардың арасында елге ықпал етудің екі түрлі амал-айласы қолданылып, басшыларының талай айтыс-тартысқа түскенін, қазақ зиялышарының тығырықтан шығар жол іздегенін, бірақ, дегеніне жетуге пролетарлық жалаумен келген төңкерістер жол бермегенін оқып білеміз. Осы тұрғыдан келгенде «Тар жол, тайғақ кешудің» саяси сауат ашу сипаты көрінбей қалмайды.

Роман-эсседегі көп құбылыстың ортасынан кең жазира-да жалғыз өсken шынардай болып Сәкен образы айрықша көзге түседі. Жалпы көріністен дараланып шығу үшін автор өз басынан өткенді жүйелеп емес, хронологиялық тәртіппен айтып беру арқылы-ақ көздеген мақсатына жеткен. 1922 жылы Қоңыр, 1928 жылы Нәзір айтқандай, Сәкен өзін көрсетемін деген ойымен емес, өзінше көрініп мақтандып қалу үшін емес, оқиғалардың даму барысымен осындай көркем бейнеге көтерілгенін өзі де сезбей қалған. Өйткені, оқиғалардың тоғысы автор қиялышан тыс болған құбылыстар. Әшейінгі баяндау тәсілінің өзі эстетикалық сипатқа ие боларын «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесінен анық көреміз. Эсселік тәсілдің өзі осы тұста шешуші демегенмен, тұтас көркем дүние жасауға көтеннек жағдай жасайтындығын анғартады.

Расында да, Омбыдағы оқытушылар семинариясын бітіріп, келіп, Бұғылыдағы жаңадан ашылатын мектепке мұғалім болып тағайындалған Сәкен күн көрістің қамымен Бұқілресейлік мал санағын жүргізуге келісім береді. Шабыра жайлauына барып ырғалып-жырғалып отырған елдін рухани байлығымен танысып, қазақ қыздарының мұнды гимні болған «Әупілдек» әнін естіп, оны орындаушы Қабибаны суреттеуі, Қанжығалы еліне келгенде патша жарлығынан дүрліккен елді көруі, Ақпан төңкерісінен кейін саясат майданына араласуы, «Жас қазак» ұйымын

ашып, «Тіршілік» газетін шығаруы, алаш басшыларының ықпалында болған Ақмола облыстық қазақ комитетімен тіл табыса алмауы, қоғамдық даму жайындағы түсінікталғамдарының өзгешелігі, айтыс-тартыстары, Қазан төңкерісі тұсында жарлы-жақыбайларға бақытты заман орнатамыз деп дауылдатып, дүйлдатып келген совдепияға іш тартуы, біраздан кейін соның белсенді қайраткеріне, жыршы-ұраншысына айналуы, бай-манап, қулақтарды ауыздықтауға кірісе бастағанда контрреволюциялық көтеріліске ұшырап, абақтыға жабылуы сияқты өмір өткелдері біраз адамның басынан өткенімен Сәкендей суреттеп бергені некен-саяқ, қазақ ішінде тіпті жоқ деп айтсада болғандай.

Ал Колчак түрмесіне түсіп, 500 шақырымдағы Қызылжарға жаяу-жалпы айдалу, одан қантар-ақпан айларында Сібірдің сақылдаған сары аязында атаман Анненковтың ажал вагонында 47 күн «серуендеу», о дүниедегі тамұқты бұ дүниеде көзімен көріп, тәнімен сезуі, яғни:

*Қараңғы, сұық зынданды  
Жатақ қылды тәніміз.  
Қылыштың жүзі, мылтықтың,  
Аузында болды жсанымыз.*

*Бір шұңқыр су, түйір наң,  
Үйреншікті ас болды.  
Күл, көмір, қиқым, тоң-төсек,  
Жастығымыз тас болды.*

*Қол аяқта көк шынжыр,  
Жыланша жсалап, жаралап.  
Жауыздардың тозагын,  
Көрдік, қорлық азабын, –*

деген күйді кешуі, Омбының сүзек жайлаған лагерінде 6-7 жолдастарынан өлідей айырылып, қашып шығуы, Колчак қылышы жаландаған өлкемен Омбы – Татарка – Славгород – Кереку – Баянауыл – Сарыадырға дейін қашқын кейпінде көктемнің көк салпағында 800 шақырымы жыртық шұлықты етікпен жаяулатып өтүі, еліне жетуі, онан екі ай

---

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1960, 315-316-беттер.

Үдере көшкен тама-тарақты елімен Бетпақдаланы кесіп, – Шу өзеніне қарық бола жаздап азаттық орнаған Әулие-атаға жетуі өмір бойы естен кетпейтін көрініс. Сол қасірет сокпактарының қақ ортасынан Сәкеннің сом тұлғасын көру бір шығарма үшін аздық ететін көркемдік табыс емес. Осындай киямет қайымды елемей бір күндік айғай шу үшін сомдап соғылған көркем дуниеге шоқпар ала жүгіру, жүқалап айтқанда, жетеліліктің белгісі бола койmas.

Жалғыз Сәкен ғана емес, оның Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікбаев, Захар Катченко, Жұмабай Нуркин сынды қанды көйлек жолдастарының да көркем бейнелері әр түстен көлеңдейтінін де ұмытпаған абзal. Сонымен қатар алаш қозғалысына қатысқандардың көркем бейнесі тасада қалмай-ды. Роман-эсседен әрқайсы әр қылыш кияппатта көркем шығарма әдісімен бейнелегендігін көреміз.

Сонымен «Тар жол, тайғақ кешуді» ойша шолғанда окушының жадында өшпес із қалдыратын жалпы панораманы баяндау арқылы ішіне кіріп, эстетикалық талдау жасай алсақ құдайдың бергені болар еді. Тарихи шындық негізінде жазылған шығарманың жанрлық сипаты әр алуан пікір туғызып келгендікten құжат пен суреттеудің, баяндау мен бейнелеудің, мәлімет пен пернелеудің ара жігін ажырату да оңайға түсे қоймасы белгілі. Алайда «Тар жол, тайғақ кешудің» окушы қызығып, құмарланып, саналанып оқытын көркем шығарма екендігін көрсету ләзім.

Ойланбаған адамға, тарихи шындықтың көркем шындыққа айналуы десек те, көркем шығармадағы тарихи шындық десек те, екеуінің негізі бір сияқты болып көрінуі мүмкін. Біздіңше осы жерде тарихи шындықтың көркем шындыққа айналуы процесін қадағалайтын категория екенин ескерсек, онда ғылымның эстетика саласына бармасқа амалымыз жоқ. Ал көркем шығармадағы тарихи шындық дейтін болсақ, онда өмірде болған шындықты негізге алу шарт. Өйткені, көркем шығармадағы өмір көріністерінің тарихтағы шындыққа қаншалықты алыс-жақын екендігін анықтау, құжаттар негізінде шындықтың өзі сюжеттік желіге айналып кете баратын сәттерін қадағалау арқылы өмір мен өнердің тоғысар сәттерін бағдарлай алсақ, ел елерлік, құныға оқырлық шығарманың қалай дүниеге келу жайын суыртпактап шығару сонда қын бола койmas.

Көркемдік те, тарихи өзгеріс, деректер де, шындық та өмірдің өз көрінісіндей болса деген мақсатпен Сәкен қолына қалам алған, жанрлық, жаңалық ашқан, алайда қазактың жазба әдебиетінің сол кездегі өнерпаздық қауқарына лайық дengейінде қаламгерлік танытқан.

Бұл жөнінде С. Қирабаев «Тар жол, тайғақ кешуді» жа- зарда Сәкен оған жанрдың қатып қалған формалары түрғысынан емес, дәуір талабы түрғысынан қарағаны айқын»<sup>1</sup> – деп біледі.

Прозаның қай түрі болса да «Тар жол, тайғақ кешуден» еркін бой көрсетті және тарихи негізді қатаң сақтап отыруға тиісті болды. Сондықтан бүгінгі өскен қазак әдебиеттандырылымында дәл анықтамасы табылмай келе жатқан ұлы туынды өзінің алдына қойған мақсатты әр салада жарқыратат көрсеткен шығарма болып, халық санасынан берік орын алғанын ескере отырып және алдындағы баяндауларда роман-эссе деген атауды әдейі қолдануымыздың себебін ашу үшін осы ұлы шығарманың жанрын алдымен әңгімелеп алған жөн сияқты.

Қоғамның әр килем саласындағы міндеттерді тұтас бірліктіре атқарған «Тар жол, тайғақ кешудің» жанрлық табиғатын тану күні бүгінге дейін айқындалмай келе жатар. Өйткені, өмір туғызыған, оның бүгінгі шындығына жауап берген шығарманың шығармашылық кескін-келбеті жайында академик М. Қаратеев бастаған әдебиетшілердің көпшілігі тарихи-мемуарлық роман деп атап келеді. Ал Б. Кенжебаев пен Ш. Елеуkenов оны очерктер циклі десе, Т. Кәкішев роман-хроника деп біледі. Ал Қ. Әбдіқадыровтың «қазақ даласында болған төңкерістің справочнигі» дегені бар. Оның бәрін бір атауга сыйдыру да қажет емес шығар, өйткені өмірдің өзінен ойып алынған туындының өз сыр-сипатымен әлі талайларды ойландырып-толғандырып сөзсіз.

«Тар жол, тайғақ кешудің» оқиғасы бірнеше шығармага арқау болары сөзсіз, осындай кең құлаштылығын ескеріп «роман» екендігіне әзір ешкім күмән келтіре қойған жоқ. Ал Б. Кенжебаев пен Ш. Елеуkenовтің «очерктер

---

<sup>1</sup> С. Қирабаев. Сәкен Сейфуллин, 1962, 249-бет.

циклі» деген пікірі мансұқтауға жатпайтын ой болғанымен, шығарманың жалпы табиғатынан тумайтыны тағы белгілі. Бұл пікір туралы 1962 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде, кейін «Сәкен Сейфуллин» атты монографиясының «Революциялық құрестің шежіресі» атты тарауында С. Қирабаев «Тарихи-документтік, мемуарлық роман деген орынды деп ойлаймыз»<sup>1</sup>, – деп тұжырым жасаған болатын. Сәкеннің өзі роман оқигасына тікелей араласып отырған соң «мемуарлық» қасиеті бардай көрінгенмен газет-журналдардан, архивтен алынған деректердің молдығы ол ауқымда қалдырмайды.

Эссе – «прозаическое сочинение небольшого объема и свободной композиции, трактующее частную тему и представляющее попытку передать индивидуальные впечатления и соображения. Внося индивидуализирующие тенденции в различные жанры не обязательно только литературные, считая аргументы и термины разных дисциплин, эссе могут иметь философский, историко-биографический, публицистический, литературно-критический и беллестристический характер»<sup>2</sup> деген анықтама Үлкен совет энциклопедиясында толығынан сақталғанмен, эссенің табиғаты еркін болатындығына «выражающее индивидуальные впечатления и соображения по конкретному или вопросу заведомо не претендующее на определяющую или исчерпывающую трактовку предмета. Как правило, эссе предполагает новое, субъективно окрашенное слово»<sup>3</sup> деген қосымша косуы эссенің эстетикалық табиғатын толтыра түсіп, анықтаманың ғылыми негізін қоюлатары сөзсіз.

«Тар жол, тайғақ кешүге» осы ғылыми эстетикалық анықтама тұрғысынан қарайтын болсақ, ең негізгі талаптарға толық жауап беретіндігін анық көреміз. «Сочинение небольшого объема и свободной композиций» деген шартқа келетін болсақ Сәкеннің көрген-білген, кездескен оқигаларының үзік-үзік болуынан қашсак та құтыла алмаймыз, оның бәрін

<sup>1</sup> С. Қирабаев. Сәкен Сейфуллин, 1962.

<sup>2</sup> Краткая литературная энциклопедия. 1975, 9-том, 961-бет.

<sup>3</sup> Большая советская энциклопедия, 1978, 30-том, 252-бет.

Сәкеннің қарақан басы ғана біріктіріп тұр, сондықтан да шығармада ойдым-ойдым суреттер көп.

Ал «индивидуальные впечатления или соображения» келер болсақ, онда «Тар жол, тайғақ кешудің» тұла бойы осыған тұнып тұрганы анық. Ал «не претендующее на определяющую или исчерпывающую трактовку предмета» дегені бұл шығарманың еркін жазылуынан, тарихи деректерді бұрмаламай баяндап, ой түюінен және оны әсірелеп, боямалап өзінше көрсетуге ұмтылмайтындығынан көреміз. Ал сипатына келер болсақ, «беллестрический характер» құшті екені еш дау тудырмайды, ейткені таза көркемдік шартымен кетуге тарихи деректер мен, газет-журналдар мағлұматы жол бермейді. Міне, сондықтан осындай замана дауын арқалаған ауқымды да кесек шығарма – «Тар жол, тайғақ кешуді» роман-эссе деп атаса орынды болар-ау деген ой көкейге орала береді.

Осы орайда академик Ә.Х. Марғұланның жазушы М. Сәрсекеевпен кездескенде айтқан бір ойын дәл осы арада еске алғанның артықтығы жоқ.

«Деректі шығарманы жазу оп-онай деп ойлайды кейбіреулер. Ал ол әдебиеттің өте қыын жанрларының бірі. Себебі, деректі шығармада екі-ақ қаһарман болады: бірі – автордың өзі, дәлірек айтқанда, оның дүние танымы, білгірлігі, жазып отырған тақырыпқа көзқарасы; екіншісі – шындық! Иә, иә, деректі шығармада тарихи шежіре тәрізді, шындықтан ешқайда ауытқуға болмайды»<sup>1</sup> дегені еленбей қалатын ойлар емес.

«Тар жол, тайғақ кешудің» эсселік сипаты жайындағы ойларды енді романға бұратын болсақ, онда шығарма сюжеттің желісі айналып-үйіріліп автор, яғни Сәкен Төнірегінен шықпайтынын көреміз. Әрине, көркем образ жасау үшін кейіпкердің барлық болмысын қамтитын ұзак-сонар суреттеулер кездеслегенмен ойдым-ойдым миниатюраларға кезігіп, Сәкен қаламгерлігінің ұшқырлығын ғана емес, шеберлігін де танып отырамыз. Автордың өзі негізгі кейіпкерге айналғандықтан шығарманың композициялық тұтастығын, сюжеттік желісін нық сақтап отыруы оған

<sup>1</sup> М. Сәрсекеев. Құғындалған. «Сәтбаев», «Шабыт» баспасы, 1994, 17 бет.

романдық қасиет дарытады. Соңдықтан «роман-эссе» деңгейде ғылыми тұрғыдан зандастырақ артық болмас еді, өйткені ол қазақ әдебиетшілерін жанрлық ізденістердегі әрі тарт, бері тарттан құтқарап ма деп ойлаймын.

Қазақ прозасы көркем очерк пен әңгімен өрбіп, кейінде ғана жанрлық ішкі түрлерімен толыса бастады. Расын айту керек, прозаның алғашқы туындыларында психологиялық талдаулар, көркем образ, типтік суреттеулер жетіспей жатты. Олай болған себебі, біріншіден, көп жазушылардың көркемдік шеберлігі белгілі деңгейге қотеріле қоймаған балғын күш болса, екіншіден, қазақ әдебиетінің проза жанрында «атадан балаға» дегендей, мирас болып келе жатқан дәстүр де аз еді. Сонымен қатар талай ыланымен негізі жаңа қалана бастаған жаңа заманды насиҳаттаудың, орнықтырудың жөн-жосығы жас ақын-жазушыларға түсініксіз болса да, идеологиялық талаптың тепкісі қатты болатын. Соңдықтан тапшыл үгіт-насиҳатқа септігі тиетін шығармаларға өкіметтік қамқорлық жасалып жатты.

20-жылдардың екінші жартысынан байлай қарай жас кадрлардың қанаты қатайып, қатары молығуы, іріктелуі, ұйымдастырылған жаңылардың әдебиеттің әр жанрында ізденістер күшіне түседі. Оның ішінде прозаның да зор қадам жасағандығы айқын аңғарылады. Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы қазақ прозасының дамуы жолындағы этапты белестердің бірі болғандығы да содан. Өйткені, «Тар жол, тайғақ кешу» уақыт сынына төтеп берген, шындықты мөлдірете суреттеген, заман ағымының оңы мен солын, жарығы мен көленкесін, ойы мен қырын сарапқа салып, окушыны толғандыратын туынды.

«Тар жол, тайғақ кешу» – қазақ халқының тарихында әлеуметтік мәні үлкен мәселелерді жинақтау принципімен шешуге талаптанған шығарма. «Бақытсыз Жамал» мен «Қамар сұлу», «Шұғаның белгісі» атты шығармалар әйел тенденциясында қоғамдық пікір туғызып, шығар жолды бере алмай, сыршыл реализмнің дәстүрін сактап жатса, Сәкеннің бұл шығармасы басқаша көркемдік әдістің, кейіннен социалистік реализм деп аталған тәсілдің тапшылдық тар аумағында жазылғанын аңғармау аңғалдық болар еді. Әлі буыны қата қоймаған жаңаны орнықтыру

принципі көркемдік нанымдылық пен шешімін түгелдей таптағанымен жарқын болашаққа деген сенімнің зор екендігі анық сезілетіні сөзсіз.

Жаңа қоғам мен ескі қоғам арасында «кімді-кім жеңеді?» деген мәселе әлі түбекейлі шешіле қоймаган уақытта халықта тарихтан хабар беріп, уақыт талқысын түсіндіретін, алға басқан қадамының айқын бағытын анғартатын публицистикалық сазы қалың роман-эссені өмірдің өзі тудырганын анғармасқа болмас. Элеуметтік күрделі оқиғаларды қамтыған роман-эссенің шын көркем шығармалар қатарынан орын алатын қасиеті де осында.

Мемуарлық сипаты қалың сакталған роман-эссе өз окушысын баурап алғып, халықтық шығармаға айналғаны тегін емес, «Еңбекші қазак» газеті «Тар жол, тайғақ кешуді» таныстыру мақсатымен жарияланған бір мақаласында «Бұл күнге шейін қазақша шыққан кітаптардың ең көрнектісі. Оның материалдары келешек тарихшыға аса қымбат болуында дау жоқ. Бұл жағынан Сәкен жолдастың еңбегі – қымбат еңбек»<sup>1</sup> деп жазса, 1929 жылы 15 сентябрьде Әбділдә Тәжібаев шығарманың көркемдік қасиетіне, элеуметтік мәніне тоқтала келіп, «жаңа өрбіп келе жатқан жастарға жол басшылығы мол туынды» деп білді.

Роман-эссенің көркемдік шарттарына толық жауап беретіндігіне тартымды да сұсту фабуласы ғана емес, жекелеген оқиғалардың жанды суреттелуі, деректердің қызықты қиуласуы ғана емес, адам образын жасауға талаптанған және көшпілік жағдайда ол мақсатына жеткен тарауларынан анық көреміз, құмарлана оқимыз.

Біздің бұл зерттеуіміз роман-эссенің жазылу тарихы, әр алуан басылымдарын салыстырып, өзекті арнамен айтуды көздеңдіктен Сәкеннің өзі көптеген өзгеріс жасап отырганын көрсете кеткен орынды деп білеміз. Мәселен, 1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының №3 санында жарияланған «1918 жылы Ақмолада совет үкіметінің құлауы» деген тарауында Сәкен өзін пәтеріне келіп тұтқынға алған сәттегі ауа райын, ереуілдеген атты жандайшаптарды, елендеген қала көрінісін: «Күн ашық, жылы еді.

<sup>1</sup> «Еңбекші қазак», 21. 06. 1928.

Шаңқылдан, жаңғырып анда-санда атылған мылтықтың дауысы қак тулакқа тиген сабаудың дауысындей. Ерсілі-карылы шапқан атты кісілердің дүбірі, эр жерде шулаған, ереуілдеп самбырлаған жұрттың дауысына қосылып қала-ны сәйгел тиген сиyrға ұқсатты»<sup>1</sup> – деген суретпен бас-талған.

Ал осы тарау 1927 жылы шыққан кітапта едәуір кеңей-тіліп, толықтырылып берілген, өзінің тұтқынға алынғанға дейінгі сәтін де біршама баяндай жазған.

«Тұн ортасына дейін жазу жазып отырып, кеш жатып, кешірек тұрдым. Жатқан пәтерім Мұқымбай деген сартың жесір катынынікі еді. Жуынып болып шай ішіп отырғанымда, жатқан үйімнің бір кішкене баласы жүгіріп кіріп келді.

– Қазак-орыстар станицада жиналысып жатыр. Бәрі қы-лыш-мылтық асынып алышты. Бір тобы Совдепке кетті.

«Совдепті ұстаймыз» – дейді. «Омбыда, Қызылжарда Совдеп құлапты дейді...» – деді.

– Не дейді? Бар, біліп кел, – деп баланы қайта жібердім. Бала жүгіріп кетіп, тез кайтып келді.

– Совдепті барып қамап, есіктерінің алдында тұр. Совдепке барып отырған Бочак, Павловтарды ұстап әкетті. Енді бір топ аттылар Кубриннің үйіндегі қызыл әскерлерді қамап тұр»<sup>2</sup> – деген жайлар баяндалыпты. Роман-эссенің 1936, 1960, 1977, 1988 жылдардағы басылымдары осы бірінші 1927 басылым негізінде, яғни кеңейтілген түрінде басылған. Бірақ сейлем мағынасында пәлендей өзгеріс болмаған-мен кейбір сөздерге соңғы басылымдарында қalam ұшы тиғен, кісі аттарын алып тастаған тұстары бар. Бұндай жәйтке арнайы мән беріп, әңгімелемегенмен адам аттарының өзгеріске түсірі роман-эссенің әлі айтары аз емес екенін аңғартқандай. Мысалы, Шүкен Тіналин (1927, 192-бет) кейінгі басылымда Біләл Тінәлин (1977, 143-бет), Шәріп Ялымовты, 1924 және 1927 жылдары, тіпті 1936, 1960 жыл-ғы басылымдарда аты аталған кісінің кейін литоның өкілі не редактор қаламының ұшымен сыза салған жайлар жиі

<sup>1</sup> «Қызыл Қазақстан», 1924, №3, 152, 153-беттер

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1927, 192-бет.

кездеседі. Сәкеннің авторлық құқын аяқ асты еткендеріне не дерінді білмей қайран каласын. Олар өздерінше Сәкеннің «қатесін» түзетпек болып «аюдың жақсылығын» істеп отырған жоқ па екенбіз деп те ойланбаған.

Роман-эссеңің «Совет үшін құресте» деген тарауының «Көніл» деген бөлімшесінде «Бірлік» жастарының 1918 жылы 20 сәуірде алған қаулысын келтіреді де, 1924, 1927 жылдары «Міне, осы ант уәделерін мықтап ұстаған. Және Семей жастарының өкілі Мұқтар Әуезұлы Совет үкіметіне қарсы болған» (1927, 188-бет) деп жазып, 1936 жылы шығарғанда сол кездегі идеологиялық қысымды ескере отырып былай «толықтырады». «Міне, ана «Алашшыл» жастар осы «ант-уәделерін» мықтап ұстаған. Және Семей жастарының өкілі Мұхтар Әуезұлы Совет үкіметіне қарсы болған» деп жазғанда «ана алашшыл жастар» деп 1936 жылы да, онан кейін үшінші 1960 жылғы басылымында ешкімнен именбей жариялаганмен, 1977 және 1988 жылдардағы басылымдарда Мұхтар Әуезовтің есімі алынып тасталған. Мұны айтқанда Мұхана әдейі айналып соғу үшін емес, жалпы мұра мәселесіне кешегі кезде женіл-желпі қарап, оймызыға келгенді істегенімізді көрсете кету қажет деп білдік.

Әрине, осы мысалдардың өзі-ақ «Тар жол, тайғақ кешудің» әр басылымының өз тарихы, өз қасіреті бар екендігін анғартса керек.

Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеңінде кіріскеңде көркемдік шартын сақтайды. 1916 жылғы санаққа шығу жәйін әңгімелегендеге көркем прозаның айлаамалдарын толық қолданады. Әсіресе қазір халықтық әнге айналып кеткен «Әупілдек» хикаясын барынша тартымды да ажарлы суреттейді.

Сәкен 1916 жылы мамыр айында елмен етене араласқан кезінде «ел іші – өнер кеніші» деген ұлағатты қағиданы дәлелдей, нақтылай түсетін оқиғаға тап болған.

«Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеңінің бірінші бөлімінде Шабырада, яғни қазір Ақмола облысының Атбасар, Астрахан, Макин және Алексеев аудандарының түйісер тұсындағы 12 болыс елге мал санағын алуға барады. «Бұл ел – бай, Бай ел – күйлі» деуіне қарағанда Сәкен бастаған санақ комиссиясы біраз аялдаған сияқты.

Шабырадағы елдің санаған алып болып, аттануға ниеттеніп жатқанда «Болыс пен тілмаш, старшын бір-екі күн жатуымызды сұраган соң, бір-екі күнге тоқтадық. Қара сабаның жанды құмар қылатын тәтті, мес ісі анқыған сары қымызы. Бағлан тоқтының еті. Таза ауа, көк орай шалғын, сиңсіған бай бейбіт ел кімді айналдырмайды»<sup>1</sup> – дейді.

«Өзін қоршаған өмірден әрқашан тың құпиялар іздең, айрықша әсер алу, көз алдындағы құбылыстарды ерекше сезіну, нәзік түйсіну, сезінген-түйсінген шындығына бейтарап қала алмай, тербеле тебірене, көкірегінде көл-көсір сыр ұялату, – бәрінен бұрын ақынға тән қасиет»<sup>2</sup> – деген тұжырымға сүйенер болсақ, суреткерге тән осы ерекшелік автордың жан тебірентер «Әупілдек» әнін суреттеуінен байқалады.

Жерінің көркіне елінің бақыуаттылығы нәр берген, сылаңдаған сұлулары әр берген Шабырадағы кешкі ойын-сауықта орындалған «Әупілдек» әні Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеінің тартымды тарауы. «Әупілдек» әнін бұрын-сонды естіп жүрсе де осы кештен кейін Сәкеннің санасында, эстетикалық танымында адам тағдырымен тамырласып жатқан көркемдік дүниесінің өшпес із қалдыруының сыры неде деген саул еріксіз өзінен өзі қойылады.

ХХ ғасырдың басында қазак зиялышары қыз мұны, қыз зарына ерекше қарағанның өзінде де, мұнды қыздардың атымен аталатын зарлы өлеңдердің сол кезде дүниеге көптеп келгені, соны жаны нәзік, сезімтал Сәкеннің талай естігені кім-кімге де аян болар. Солай бола тұрса да Сәкеннің ән мен қызды, «Әупілдек» пен Қабибаны қабаттастыра суреттеуі қандай көркем шығармаға болса да ажар бітіретінін анғармаянған болар еді. Сәкен көрген-білгенді хабарлап қоюдан гөрі роман-эсседе суреттеп жеткізуге айрықша құмартқан, сөйтіп өзінін жазушылық қолтаңбасын анғартып тастап отырған. Мұндай машық пен онтайлы сэттер шығармада өте көп кездесетінін ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Міне, соның нақты ұлгісі осы әнмен қызға арналған «Әупілдек» тарауы.

<sup>1</sup> Сәкен Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1927, 6-бет

<sup>2</sup> З. Қабдолов. Сөз өнері 1992, 12-бет

«Көкпенбек болып жайнаған жаз. Жаздың барқыттай жұмсақ кеші. Неше түрлі, кілем, түсініз, перде ұстаған, безеген отау. Арқаның жұтынған, көлбендеғен сұлулары. Бәрі қосылғанда кімді мас қылмас, кімді балқытпас. Түрлі ойын ойналып жатыр. Ойынның шарты – өлеңмен. Домбыра қолдан қолға көшеді.

Бір кезде Байсейіт екеуіміздің арамыздағы қыз ән салды. Орта бойлы, қап-қара көзді, қара торы жастау қыз. Жасы не 15, не 16, көп болса 16–17 жаста.

– Қабиба домбырамен айтсын, домбырамен! – деді жиналғандар. Өзге қыздар домбырамен айтқан жоқ еді.

Қабиба қолына домбыраны алды. Дуылдап отырган жұрт теп-тегіс тына қалды. Жас қызы ұшатын лашынша сәл жөнделіп, қозғалып қойды. Мен де қозғалып, Қабибаның орын кеңейттім, Қабиба маған қарап жымып;

– Отыра беріңіз бұрынғыдай, – деді.

– Кәне, кәне, шырағым бөгелме, ана қасында отырган жігіт лебізінді естісін, – десті.

Қабиба домбыраны даңылдата бұрап, күйге келтіріп алды да, әдемі сүйріктей саусактары лашынның қакқан қанатындаған ойнап, пернелерді сыйдыртып, екінші қолының саусактары күміс табақта алтын бұршақ атқылағандай домбыраны шертіп, қағып-қағып жіберді.

Кеудесін қозғап, ілгері керінкіреп тастан Қабиба домбырамен бірге шырқап қоя берді. Үйдегі лық толған жұрт тым-тырыс. Барлығының көзі Қабибада. Сылдыраған әдемі дауыспен Қабиба шырқады. Әннің, дауыстың ырғағына домбыраны билетті. Жаз күні жырлаған бозторғай мың құбылтып, құйқылжытып көкке қарай өрлейді. Бозторғайдың жыры маужыраған жер мен көкті тербетеді. Міне, тап сол бозторғай Қабиба сұлу даусын көкке өрлетті, Отырған жұрт әнге сұқтанды. Әдемі дауыс иесі Қабибаға сұқтанды. «Тағы да, тағы да» деп жұрт дабырлады. Тағы да үш-төрт әнге салды. Тебіреніп отырып «Әупілдекті» айтты. Енді Қабибаның әнінен басқа ән естігіміз келмеді. Ойын қызды, жұрт Қабиба әнінің эсерімен желпініп, әуеленіп алды»<sup>1</sup> – деген суреттеуді әдейі тұтас келтіріп отырмыз.

<sup>1</sup> Сәкен Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1977, 11-бет.

Біріншіден, Сәкен қаламының ұшқыр да оралымды, сөзбен қандай сурет салуға да құдіреті жететіндігін көрсету болса, екіншіден, осы картинаны көз алдымызға түгел елестете алатындаі көркемдік бояуы мен іс-әрекет барын көреміз. Ушіншіден, Сәкен осы роман-эссенің өн бойында талай рет көркемдік нақышына келтіре суреттейтін, көзге көрсете баяндайтын талай оқиғаларды жазушылық түргыдан құмарта жазғанын байқаймыз.

Олардағы сөз бен бояу әрқашанда сезіммен, көніл күйімен астасып, окушыны еріксіз баурап алады. Ал мұндаі қасиет шебер қаламгердің қолынан шыққан ажарлы шығармаларға ғана тән болады. Қалың көпшілік Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуін» ең әуелі терең тарихилығы үшін, саналандырған қасиеті үшін, сонан кейін шын көркем шығарма жасап бергені үшін қастерлейді, қадірлейді дейтіндеріміздің бір сырьы осындаі көркем полатноларға байланысты.

Алдын ала ескертетін бір жай, жазушы Сәкен өзінің роман-эссесін жазып отырғанда тарихи шындықты дәлелдейтін құжат пен деректерді, әсіресе газеттерде жарияланған мақалаларды келтіргенде тұсалған атша сезінетін тұстары ете көп. Сондай жайлардан босап кеткен шакта қаламды еркін сілтеп, талай тартымды хикаяларды шертіп-шертіп жібереді. Тіпті қиял қысқан кездерде тарихи оқиғалардың өзіне сыйзықтап отырып әп-әдемі бояулар жағып, роман-эссенің көркемдік қуатын күшеттіп отыратын сәттері аз емес.

Сәкен «Әупілдек» эпизодын суреттеген уақытта әннің тарихынан ғөрі әнді орындаушының сырына көп мән берген «Әупілдек» әнін нақышына келтіре орындаған әнші Қабибаның тіпті образ деңгейіне көтеріліп бара жатқанын анғарғандаімыз. Егер Сәкен әнші қыздың образын жасау мақсатын қөздесе Қабиба біздін сүйікті кейіпкерімізге айналып кетеріне шұбә келтіру қыын.

«Тар жол, тайғақ кешу» романының 1927 жылғы алғашқы басылымын қараған кезде ән тарихының негізі орындаушыда жатқан сияқты. Осы төніректе бұрын-сонды сөз болған болжамдардың қисындылығын да таратадаған орынды болмак.

Шығарманың бірінші басылымында ойын-сауықтың басталуы, Қабибаның төгілдіре ән салуынан кейін Сәкеннің қасындағы татар жігіті Ғалымжанның қазақ болмағанына, ең болмаса қазақ ішінде өспегеніне өкінумен «Әупілдек» жөніндегі әңгіме аяқталады.

Ал осы тарихи туындысын автор 1936 жылы қайта толықтырған тұста, ойын-сауыктан кейінгі ән әсерін оқушысына сездіріп қоймай, осы әннің аты болған «Әупілдек» көлінің де, оны орындаушы Қабибаның да бар сырын оқушының көз алдына елестетіп, есінде ұзак сақталатындей әсерлі етіп суреттеген.

Шығарманың бірінші 1927 жылғы басылымында Қабибаның өнді орында шеберлігін «Боз торғайдың жырын тыңдайсың. Жалғыз сен емес, бозторғайдың жырын жер мен көк те тыңдайды. Боз торғайдың жыры маужыраған жер мен көкті тербетеді... Міне, тап сол боз торғай Қабиба»<sup>1</sup> деген көріністі Сәкен 1936 жылы әлдекайда дамытып ең бір лирикалық бетке айналдырған.

1936 жылы: «Аққудың сыңқылдаған сұлу, мұңлы үні сыйбызының күйіндей естіледі. Оның үні көл үстін сыңғырлатып сызылып, қалтырап әдемі толқындалып естіледі»<sup>2</sup> – деген суреттеулермен жалғастыра келіп: «Менің де қосқан жырларымның әрбір үзінділері киялымға келіп тізбектеліп жатты»<sup>3</sup> – деп «Әупілдек» әннің әсерімен өзі жазған алты шумақ өлеңін келтірген.

Әрине көркемдік тұрғыдан жетілу, тоғысу жағынан келер болсақ, 1936 жылғы редакция «Тар жол, тайғақ кешудің» оқушыға жетер арналарын кеңітіп, мол тынысты шығарманы шындағы түскені сөзсіз. Сондыктан да калың оқушыға осы редакциясы совет заманында саяси тұрғысымен қатар көркемдік жағынан да айрықша қолайлы болды. Өркендер келе жатқан қазақ прозасының кестелі қоржынына түсер олжаның ажарлы болуын, сез жок, Сәкен қалады және аянбай еңбек етті. Соның бір көрінісі осы «Әупілдек», Қабибаға арнаған беттері.

<sup>1</sup> Сәкен Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1927, 9-бет

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 1927, 13-бет

<sup>3</sup> Бұл да сонда.

Енді осы проблемаға пенделік көзбен де қараған оғаш бола қоймас. 1916 жылы кездескен Қабибадай сұлуды араға он бір жыл өткен соң, яғни 1927 жылғы бірінші басылымында онша көріне қоймаған аруды 1936 жылы үстемелей суреттеудің қандай сыры бар? Біздіңше, біріншіден, өз шығармасына көркемдік сипатты көбірек дарыту мақсатын көздесе, екіншіден, сұлулықты, ажарлылықты, әсемдікті айрықша ардақтайтын Сәкен Қабибаның шын сипатын көркем образ деңгейінде көрсетуге талаптанғаны ерсі қызық емес. Т. Кекішевтің «Сәкен аялаған арулар»<sup>1</sup> атты эссе сінде Қабиба – Сәкен байланыстарының жаңа бір арқауы болар детальдардың шеті көрінеді. Оны «Сарыарқа» журналында Сәния Әбен келіні «Шабырадағы «Әупілдек» әні», немесе «Тар жол, тайғақ кешу» романындағы «Қабиба қызы хақындағы дерек» дегенде қызық жайлар бар.

Сәния Қабибаны 1955 жылдан бері біліп, талай сөйлескен. Ел-жүргіт «Сылқым кемпір» деп атайдын Қабибаның 1955 жылғы кескінімен де таныс болайық.

«Байыптағ қараған адамға жасы елуден асып (ол кісі 1901 жылы туған), егде тартқанына қарамастан аққұба өнінің қаны таймаған, көзінің оты мейірленіп тұрады екен. Шетін күміс шатырамен өрнектеп киген ақ шәйі кимешек жарасым тауып, көрік берген. Аппак жұмыр екі білегінде нағыз зергер арнап сокқан өрнекті қос білезік, он саусағында әрқайсысы құнан қойға бергісіз жүзік»<sup>2</sup> киген «кемпірді» көзге елестетіп көрудің өзі Сәкенді еріксіз еске түсірсе керек.

Осы суреттемедегі қызықты деректерді сол журналдың 89–90-беттерінде «Әупілдек» деген атпен жарияланған мақаланың түсіндірмесі және 17 шумақ өлең жалғастырып, жаңа шығармага арқау болғандай. 1916 жылы Шабырада болған ойын-сауық тарқар кезде Қабибаның Сәкенге:

– «Әупілдек» әнін ұмытып қалсаңыз ертең біздің үйге келініз, әрі қонақ болыңыз, әрі ән үйреніп кетініз, – деген қуақы сөзді екі шумақ өлеңмен:

<sup>1</sup> «Жалын» журналы, 1994, № 7-8, 96-171-беттер.

<sup>2</sup> Сәния Әбен келіні. Шабырадағы «Әупілдек» әні, «Сарыарқа» 1994, № 3, 75-бет

*Кең маңдай жарасқандай шешен жаққа  
Дуаннан келе қапсыз біздің баққа.  
Қар да лаулап жсанады, – дейді халық, –  
Ертегімен еш қытай ебін тапса.*

*Қоштаспай кете берем ақын Аға,  
Атып келеді рауандап таң да жаңа.  
Қарлығаш қанатындаи сұлу әнге,  
Құмартасаңыз ашылар ой мен сана,<sup>1</sup> –*

дегені әсем әннің әуеніне оралып қалған ақын жанды се-зімтал Сәкеннің жүргегіне, қымыздай еліткен қызылығы жай отын тастап кетпеді ме екен?! Олай болуы да әбден мүмкін-ау, өйткені: «Күні бойы өзін байсалды» ұстап, үл-кен мәдениеттілік танытып, тәкәппарлау отырған Сәкен Қабибаның мына екі шумағына қыпзылықтан ыңғайсызда-нып қалады да тек: «Қарындас, құрметіңізге рақмет, күн көтерілгенше қош!» – деуінде біраз мән жатса керек. Қалай болғанда да Сәкен тек саяси-әлеуметтік деректерді, тенкерең шындықтарын «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссе-сіне ықтиатты және анық та адал түсіріп отырумен қатар өзі кездескен адамдарды, қызықтырын, аруларды көркем әдебиет әлеміне әкеліп суреттеуден іргесін аулақ салмағанын көреміз. Ал мұнын өзі саяси-әлеуметтік негізі қалың шығарманың реалистік арнасын жұқартпау үшін, окушыны сендіре тұсу үшін өмірде болғандарды сол күйінде аты-жөнін өзгертпей жазуды мақсат тұтқанын көрсетеді.

Сонымен бір ғана көріністі дамыта суреттеу арқылы «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссенің негізгі сюжеттік арқауын ажарлаған өмір шындықтарын көп табамыз да, оның әрқайсысына мән бере қарау екендігін үғамыз, өйткені бұл шығарма көп қыртысты тарихи да көркем дүние, әдебиет коржынындағы асыл қор.

Әрине, көркем шығармада пенделік сипаты бар көрініс-тердің жан жадыратар сәттері көп болады. Алайда осы «Тар жол, тайғақ кешудің» көркемдік қасиетін арттыра тұсу

<sup>1</sup> Сәния Эбен келіні. Шабырадағы «Әупілдек» әні, «Сарыарқа» журналы. 1994, № 3, 75-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 76-бет.

үшін Сәкен талай айла-тәсілге барған және оның берін тек ез жаңынан шығара бермеген.

Сәкен Сейфуллин шығармашылығы, әсіресе «Тар жол, тайғақ кешу» роман-әссеңінің тарихын жіті бақылайтын болсақ, талай қызық құбылыстарға тап боламыз. Бір сәт сезім пернесіне кол тигенде өлең туып, артынан оның әңгіме-хикаяға не публицистикалық мақалаға айналып жатқанын талай байқаймыз. Ал осы процестің бір көрінісі Сәкеннің үлкен шығармаларынан да байқалады. Оған кейінірек кезде жазылған «Жер қазандар», «Айша», «Жемістер», «Біздің тұрмыс» атты хикаяттарын (повесть) былай қойғанда «Тар жол, тайғақ кешу» идеясы туып, жазбау мүмкіндігінен айырылғанға дейін Сәкеннің «Бақыт жолына» және «Қызыл сұнқарлар» атты пьесалар жазып, қазак сахнасына шығарғанына және «Бандыны қуған Хамит» атты динамикасы күшті әңгімесін жазғанына ойлана көз тастасақ роман-әссеңдегі оқиғалардың басқа жанрларда ертерек жазылып, суретtelгенін көрер едік.

Сәкен 1916 жылғы патша жарлығының қазақ даласына қаншама зобалаң әкелгенін «Тар жол, тайғақ кешуде» талай-талай суреттермен көрсетеді, соның алғашқы елесі «Бақыт жолына» пьесасындағы негізгі шиеленістен, әке мен бала арасындағы тартыстан өрбі отырып, қоғамдық өмірде орын алып жатқан жайларды сынайды.

1917 жылдың күзінде «Бақыт жолына» атты пьесасы жазылғаны, 1918 жылдың маусым айында Ақмола жастарының үш күндік сауық кешінің репертуарына айналғаны және оның сюжеттік желісі 1916 жылғы жарлық кезіндегі оқиғаны шынайы қалпында көрсетуге бағытталғанының едәуір мәні бар. Терлікбай кенже ұлы Телжанды майданың қара жұмысынан алып қалу үшін жалғыз қызы Мұслиманы Нөкербай болысқа тоқалдыққа беріп, тыл жұмыстарына әкетуден алып қалмақ болады. Параның мұндай да түрі болғанын көреміз, өйткені зұлымдықта шек жоқ. Алайда жана кезенде ер жеткен Ермек әке шешіміне қарсы шығып, зұлымдардың жоспарын жүзеге асырмай тастайды. Қарындастын сүйгенине – Біржанға қосып, бақыт жолына шығарып салады.

Әлеуметтік мәселені өзек ете отырып әр кейіпкерді дара-

лап көрсетуге, драмалық тартысты өрістетуге мүмкіндік беретін оқиғаны алу арқылы Сәкен қазақ әдебиетіне жаңа шығарма сыйласа, казақ драматургиясының негізіне өзінің алғашқы кірпішін қаласа, екінші жағынан болашақта жазылар «Тар жол, тайғақ кешудің» бір желісін тартып қойғаны еш дау тұдырмаса керек.

Осы пьесада Сәкеннің әшкерелейтіні, сынайтыны – қазақ жастарын қара жұмысқа алу жарлығымен қазаққа көптен бері орыс шенеуніктері сіңіріп келе жатқан жаман әдettің, яғни пара алушын жөн-жосықсыз, тежеусіз сипат алғандығын суреттеу. Мұны біз роман-эссенің алғашқы тарауынан оқып, жарлықтың алғашқы хабарының өзі Сәкенді де, ел жүртты да қатты әбігерге салғанын көреміз.

– «Япрай, мынау бір жаман уақыға еken! Әскер жұмысына кісі керек болған соң, қазақтан алайын дегені ғой, – дедім.

Әрине, әскердің қара жұмысы дегенге ешкім нанбайды.

– Бұл әшейін алдаған іс қой. Солдаттың нағаз өзі ғой бұл. Ой, құдай-ай, бұл не деген сұмдық?! Ой, пірім-ай, – десті. Жұрт тіпті үрейленді<sup>1</sup> дегенді алғашқы хабардың дүмпүі десек, патша жарлығы шындық екені әбден мәлім болған тұста қазақ елінің мұндай қорлыққа шыдамасының бір белгісін анық көреміз. Дер кезінде басшылық жасайтындар болса, қазақ жігіттері көтерілуге әзір екені байқалады.

«Қазақ әбден ереуілдеп, атқа мініп алған, гу-гу сез. Топ-топ жиналыс, жүрттың аузында солдатқа қазақты алу әнгімесі, қазақтың оған «бармауға тиісті» екендігі. Қиғаш сез айтқанды дұшпан көреді. Жұрт әбден көтерілген. Көзіне орыс көрінсе, жүндей тұтпек. Бәрі қолдарына түкіреді<sup>2</sup> деп далада болып жатқан құбылысты сұсты етіп суреттеуі қала жағдайына, яғни патша жарлығының орыс жүртшылығына да тигізіп жатқан кесірін көрсете кетеді. «Ақмола үрейленген. «Қазақтар қалаға келіп, қаланы шауып, талап алмақ» дейді деген сез жайылған. Қаланың тұрғыын орыстарында үрей жоқ»<sup>3</sup> деген баяндаулардың көркемдік әсері жоқ деп ешкім айта қойmas.

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1960, 27–28-беттер.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 35-бет.

<sup>3</sup> Бұл да сонда.

Ел ішінің осындай күйге тұскенін әркім өз пайдасына шығарып жатқанын көрген уақытта, Сәкеннің қаламы есіресе парапорларға аңы уу төгеді, арам пиғылдарын шындал сөгеді, аңына әшкелейді.

«Ел шабылуда Ұлықтардан ынсал кеткен. Кім ақшаны көп берсе, соның баласын қалдырады. Нашардың жылауы күшнейеді. Оларға жәрдем қылар, болысар кісі жоқ. Бар малын кулардың құлқынына тықты. Ардан, ұяттан безіп, қиянаттың, жауыздықтың дәуірі ашықтан ашық жүрді»<sup>1</sup> дегендерді жай ғана баянда деп айта алмасақ керек. Осындайда көзбен көрген шындықты Сәкеннің «Бақыт жолына» пьесасына әшкелегіш арқау қылуы, ақшаны қойып адаммен пара алуға көшкен қорқауларды суреттеуі, сөз жоқ, іштей бір-бірімен қабысып жатқан әлеуметтік проблема екенін анғартады.

«Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеі мен «Бақыт жолына» пьесасын өмірлік материалына, тарихи шындығына қарай бауырластырыған уақытта «Қызыл сұнқарлар» атты төңкерісшіл драманың бүкіл сюжеттік желісі кейін жазылған роман-эсседе тарамдатыла, тереңдетіле суреттелгенін көреміз. Әрі-беріден соң 1920 жылы жазылған «Қызыл сұнқарлар» роман-эссеін жазудың алғашқы себепкери болған жоқ па екен деген ой да келеді. Қалай болғанда да дауылды дәуірдің адамдарын тарихи шындық негізінде көрсетуге қадам жасаған Сәкен екені белгілі. Сондықтан 1922 жылы «Шолпан» журналында жарияланған сынның төңкерісшіл образына айрықша шүйлігі тегін емес. «Жазушының адам танымайтындығынан бар кісі бір-ақ кісі болып кеткен, сөйлемтіп қойған граммафон секілді, бәрі Сейфуллиннің бір-ақ қалыбына соғылған жансыз адамдар»<sup>2</sup> деген сынның өтеуін «Тар жол, тайғақ кешу» романымен қайтарғысы келмеді ме екен деген ой келеді. Сондықтан «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеіндегі Сәкен бейнесі, еңбекші жұртшылық үшін жанын беруге даяр төңкерісші образы, драмадағы Еркебұланның жан-жақты суретtelіп, толыққанды образға айналуы тарихи деректермен, өмір

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1960, 50-бет.

<sup>2</sup> Қоңыр «Қызыл сұнқарларға сын». «Шолпан» журналы, № 2-3, 1922

шындығымен жарасымдық табуы қазақ әдебиеті үшін олжадаулының даусызы.

Әрине, «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссеңі әлеуметтік тұрғыдан бағалау көзір белгілі арнаға түскенімен, Нәзір Төрекұловтың 1928 жылғы ойының, яғни «Сәкен өзін мақтапты. Сәкен баяғы Сәкен. Сәкен өзінің ту баста таңдал түскен жо-лында»<sup>1</sup> деген сөзінен ұзап кете алмай жүргендер де жоқ емес. Сәкен өзін ғана емес, өзгелерді де тарихи шындық деңгейінде әңгімелеп, қажетті жерінде образ деңгейіне көтеріп, көркем шындық жасағандығын көрмеу әбестік болар еді.

Осы өміршең шығарманың соңғы бетін оқып шығып, ойша шолған уақытта кітап авторының, яғни Сәкен Сейфуллин образының қастерлене соғылғанын, көркем бейнеленгенін көреміз. Ол оқушының таныс-бейтанысы болып куанған-шаттанған тұста қалың көшпіліктің көңілін көтеріп тастаса, азап-бейнет, қорлық-зорлық көрген шакта аяушылық сезімін тудыратыны, төңкеріс жолындағы еңбегінің акталғаны, әр оқига тұсында көрінетін мінез-машығы, ар-ұжданның асқактығы, табандылығы мен шыншылдығы кімді болсада өзіне тілеулемес ететіні сөзсіз. Қазақтың жаңа әдебиетінде алғаш жасалған революционер бейнесі екеніне ешкім дау айта алмаса керек. Соңдықтан «Қызыл сұнқарлардағы» Еркебұланның «Тар жол, тайғақ кешудегі» Сәкенмен бауырласа табысуы, сейтіп көркем образға айналуы тарихи шындықтың бір көрінісі болып оқырман жадында қалады. Алғашкы сәті 1919 жылын орайланып, 1920 жылдың желтоқсанында жазылған «қызыл сұнқарлар» атты революцияшыл драмасындағы Еркебұлан, Лозовой, Жағыпарлар «Тар жол, тайғақ кешуде» Бәкен Серікбаев, Абдолла Асылбеков, Жұмабай Нұркин, Захар Катченко, Жанайдар Садуакасов, Шәймерден Элжанов, Мұқан Әйтпенов, Сабыр Шарипов сынды талай революционерлердің тартымды да жарқын бейнесін суреттеу арқылы толысып, қазақ әдебиетіне жаңа адамның түр-тұлғасын алып келді де, көркемдік жаңалық ашты.

<sup>1</sup> Н. Төрекұлов. «Тар жол, тайғақ кешу» туралы бір-екі сөз «Еңбекші қазақ» газеті, 24.12.1928.

Сәкеннің Еркебұланына дейін төңкерісші бейнесі біздің әдебиетте болған емес.

Автор атаман Анненковтың ажал вагонына, Колчактың түрмесіне түскен орыс, қазақ революционерлерінің ой-арманын бір арнаға, ягни кедей-кепшітердің бақытты заманға жетуіне бағыттай біліп, іс-әрекет үстінде, азапбейнетті көру барысында өсіріп отырады. Ақмола совдепшілерінің басынан өткен тарихи шындықты қалың қырманның жаны аштындаі көркем өрбітеді Еркебұланды езінің портреті етіп суреттеп, жарқыратып көрсеткені сонша, кейін ол Сәкен деген есімнің синониміне айналып кетті. Еркебұлан образының Габит Мұсіреповтың «Кездеспей кеткен бір бейне» атты қара сөзбелі жазған поэмасында өрелене түсуіне «Тар жол, тайғақ кешудегі» оқиғалардың септігі тигені сөзсіз.

Қазан төңкерісі дүниенің астан-кестеңін шығарып, әлі қалыптаса қоймаған өтпелі кезеңіндегі адамның образы жасалып, үлгі-өнегеге айналуы көркем шығарма үшін аз олжа емес. Сондыктан дәуір шындығын, оның қозғаушы күші – кезең ерлерін көркем шығарманың арқауына айналдырып, шынайы оқиғаларды даму барысында көрсету, келешекке үміт арту, жаңа адамның енді-енді ғана туып, қалыптасып келе жатқан бейнесін жасауға ұмтылу, әсіресе «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесіне тән болғанын ешкім жокқа шығара алмайды.

Роман-эсседе жасалған автор бейнесімен қатар, оның идеялық бағыт-бағдары ғана емес, айбынды позициясы да көрініп отырады. Образ берін пікірді көркем шығарма арқылы көрсету үшін едәуір шеберлік керек екендігі өзінен өзі түсінікті. Мәселен, төңкерісші бейнесі қым-куыт уақыт шындығынан өрбіп-өсіп жатса, онтайлы бейнеленуді қаламаса, жайшылықта, бейбіт өмірде Сәкен оларды жұмысшы қалпында көрсетіп жататын, кейде жұмысшыреволюционерге айналдырып жіберетін тұстары да жок емес. Роман-эссенің қоғамдық-әлеуметтік мән-мағынасын оқиғаға араласқан адамдардың кәсіби қалпы, мінез-құлқы, іс-әрекеті арқылы тарамдатып жататын сәттер көп. Сондыктан тарихи деректер мен құжаттарды негізге алып жазылған шығармада саналы түрде бірінен бірін өсіріп, образ жасауға

талпыну тәсілін, көркемдік шартын байқаймыз. Ойдым-ойым оқиғалардың өзінен жасалған образдардың толымды ия толымсызы жайларына көніл аударғанда роман-эссеңің көркемдік табиғатын түсінеміз, сонда ғана оның жанрын ерекшеліктері ескеріліп, окушының жүргегіне жетер соқпақтардың әр қылыш екендігі көрініп жатады.

«Тар жол, тайғақ кешу» басынан аяғына дейін өрбіп отыратын тұтас сюжеттік желімен дамымайды. Мемуарлы сипатты эссе болғандықтан да автордың әнгімесіне, баяндауына бейімделе жазылғаны сөзсіз. Сәкен өзінің Омбы семинариясын 1916 жылы бітіріп келгеннен бастап, 1919 жылдың күзіне дейін көрген-білгенін, бастан кешкен жайларын суреттейді. Окушы жүртшылық революция алдындағы қазақ ауылдың хал-жайы, тұрмыс күйімен, 1916 жылғы халықтың ұлт-азаттық көтерілісінің тууымен, 1917 жылғы ақпан революциясы, қос өкімет, Керенский, Колчак үстемдігі тұсындағы оқиғалармен танысады. Автор өзінің өмірбаянына кең көлемді әлеуметтік оқиғаларды қоса отырып баяндайды. Осы шығарманың басты кейіпкері мен сюжет дамуы барысында кездесіп отыратын азын-аулақ жұмысшылардың төңкеріс жолына түсіune себеп болған әлеуметтік күштің тегеуріні де көрініп қалып отырады.

Адам баласында болатын күйініш-сүйініш, ерлік-ездік мінездердің көп жайы роман-эсседе жазушының өз түсігі, қабылдауы арқылы беріледі. Бұл, бір жағынан, төңкерісшіл, большевик Сәкеннің өз образын айқындаі түссе, екінші жағынан, киыншылықты басынан бірге кешкен ер достары мен жұмысшылар бейнесін толықтыра түсудің амалы еді.

«Қызылжарда қазақ жұмыскерлері үйимдасып құралданып, саясат, әлеумет майданына шыққаны белгілі. Жиналып жүретін штабтары бай Өсербайдың үйі. Бұлардың кейбіреуі қызыл гвардияға жазылған. Оған жетекші «Ұш жүз» партиясының белсенді мүшелері Ыскак Көбекұлы, Кәрім Сөтешұлы мен Шәймерден Әлжанұлдары. Көбекұлы тіпті сол қазақ жұмыскерлері гвардиясының командири. Осындай қоғамдық сапырылыс кезінде Қызылжарда контрреволюциялық төңкеріс болады.

...Қызылжардың байлары, әсіресе мұсылмандардың байлары, «Алашорданың» құйыршықтары «қала алынды»

деп бір үйге жиналған. Куанып бірін-бірі құттықтап, «Көбекұлын іздеу керек!... Көбекұлын құрту керек!» деп қауқылдаш отырған. Сөйтіп отырғанда, Көбекұлы бастап, қазақ жұмыскерлері «Алашорда» құйырышықтарының үстіне жетіп барған. Іздеп отырған Көбекұлы мылтығын үнірейтіп үйге кіріп келген. «Алашордашылар» орында-рында тас болып қатып қалған»<sup>1</sup> деген көрініс деталь ғана емес, жұмысшының тегеурінді бейнесін де анғартқандай болады.

Сәкеннің роман-эссеін оқу барысында, негізінен, өзі және жолдастары бастан кешкен күрес шындығын ғана көріп қоймай, сонымен қатар Совдеп мушелерінің зауыт, өндіріс жұмысшыларынан шығып, олармен байланыс жасал отырғанын, шамалары келгенінше бір-біріне көмектесіп, тізе қоса қымылдағанын көреміз.

«Нілді, Спасскі, Қарағанды заводтарымен қатынасымыз жиіленип, байланысымыз қүшейді. Заводтарда да Совдеп құрылды. Заводтардан уездік Совдепке өкілдер жиі келе бастады. Біздің Совдептің мушелері де заводтарға барып келіп тұрды. Совдептің қазақ мушелерінен Тұрысбек Мыңбайұлын заводқа жіберіп алдық. Арын Малдыбайұлын жіберіп алдық. Спасск, Нілді, Қарағанды заводтарының жұмыскерлер Совдепінен біздің уездік Совдепке өкілдер келді. Иштерінде жолдас Найман мен Орынбек Бекұлы бар»<sup>2</sup> дегендегі Сәкеннің жұмысшы әuletіне арқа сүйегендігін көрсеткендей. Жазушы революцияға араласқан жұмысшы бауырларын қызыға әңгімелейді, олардың өмір жолынан нақты мағлұмат беруге құлышынып отырады.

Абдолла Омбыдағы съезге барып қатып келе жатқанда көрген-білгендерін «Жас қазак» үйымына былай деп хабарлаған:

«Қызылжардағы біраз жұмыскерлер қолдарына мылтық алып жараптанған, бұлардың бастығы Ысқақ Көбекұлы, бұлар тіпті жақсы екен. Онан соң Омбы жұмыскерлері де жақсы. Жиырма шақты қазақ жұмыскері әскерге тіле-ніп жақында кіріпті, көзі ашық бастықтарын көрдім, Угар

<sup>1</sup> С. Сейфуллин Тар жол, тайғақ кешу, 1960, 177-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 181-бет.

Жәнібекұлы, Мұхаметқали Тәтімұлы, Зікірие Мүкей-ұлы...»<sup>1</sup> дегенін естігеннен кейін Сәкен өзінің тұсіндірмесін жасайды.

«Бұлар – қазақ жұмыскерлерінің кәдімгі өзімізге белгілі, ең алдымен, бір қолымен қызыл ту қөтерген, бір қолымен пулемет қөтерген шын батырлар. Бұлардың ішіндегі Угар Жәнібекұлы 1912 жылғы жер-дүниеге мәлім сібірдегі Лена заводындағы жұмыскерлер атылуында (Ленинский растрелде) болған жігіт. Міне, шын батырлар осы қызыл әскерлер болып еңбекші тап үшін оқса қарсы шыққандар»<sup>2</sup>, – деп жұмысшылардың аргы-бергісін хабарлап, үлгі ету ниетін сездіріп отырған.

«Тар жол, тайғақ кешуді» құмартып оқымайтын адам аз. Олар бұл күрделі еңбекке өзінің әділ бағасын әр кез беріп отырған. Сыншы Е. Алдыонғаров 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Сәкен өзінің басынан кешкенін, өз өмірбаянын алып жазады, үш-төрт жылдан бері «Тар жол, тайғақ кешуді» өзінің төңкерісшіл болып жүрген уақытымен, сондағы жолдастарымен бірге істеген тартыстарынан бастап жазып жүр. Бұлай жазу әдебиет занында дұрыс нәрсе. Төңкерісші романтизмге (социальная романтика) бұл түгел қосылады»<sup>3</sup> – деп жазғаны «Тар жол, тайғақ кешудің» кітап болып шықпай жатып Қазакстаның түкпір-түкпіріндегі еңбекші, жұмысшылардың қалай қабылдарының қарылғашы еди.

Роман-эссе шыққаннан кейін Қарсақпай, Риддер жұмысшылары «осының жалғасын Сәкен жазса екен» деген тілек білдіріп, талап қойғаны тағы бар. Бұл роман-эсседе жұмысшылардың пәлендей нақты образы жасалмағанмен, шығарманы оқу барысында тұтқында отырған революционерлердің өздері жұмысшылар екенін, олардың да зауыт, фабрикада жұмыс істегенін, кейінгі кезде қара халықтың бақыты үшін қолдарына қару алып революция жолына түскенін анық аңғарамыз. Олар қандай қыын жағдайда отырса да, өздерінен алыстағы жаны басқа, тәні

<sup>1</sup> Бұл да сонда, 181-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 181-бет.

<sup>3</sup> «Еңбекші Қазақ» газеті. 03. 12. 1926.

басқа, бірақ алдарына қойған мақсат, мұдделері бір жұмышыларды ойлауы, «олардың халдері не болып жатыр екен» деп күрсінүлері ынтымактастықтың белгісіндей.

Сәкен Сейфуллин жұмысшы образын жасау үшін өндіріс тақырыбын тек күрес майданы деп қарамай, басқа құбылыстармен байланыстырып, әр түрлі қырларына да алғыр көзін тігіп отырған. «Жер қазандар» повесінде жұмысшы бейнесін махаббатпен ұштастырып, жанды тербелер нәзіктігін, әсемдігін, көңілге жел беріп, жігер үялатар құш-құдіретін келістіре суреттеуі де осыдан. Оқушы қауымға еңбек пен махаббаттың адам өмірінен алар орны зор, маңызды фактор екенін «тұсі суық, тәні шойын, жалаңаша» пенделердің тірлігінен-ак көріп, әдебиетке осы салада жаңалық әкелген Сәкеннің қаламгерлігіне өкпелеуге болмайды және жұмысшы-тәңкерісшінің бейнесін жасауға құштар болды деп құсталаудың орны жок. Олай болмаған күнде «Тар жол, тайғақ кешудің» қазақ әдебиетінде проза жанрының, әсіреле романның өсіп-өркендеуіне қосқан орасан зор үлесін кемітіп алар едік.

Сәкенде шын қаламгер ретінде таныта алатын және туу, өсіп-өркендеу дәүірін басынан атқарып келе жатқан қазақ прозасына оның қаншалықты үлес қосқанын айқындал беретін, ешкімнен жеңілдік жасауды тілемейтін, өз тағдыры үшін өзі күрсеге алатын айбынды шығармаларының ішінде «Тар жол, тайғақ кешудің» орны бір тәбе екенін айрықша атая орынды. Осы роман-эсседе жасаған бейнелермен қатар Хамит, Нияз, Айша, Гайнилардың қазақ әдебиетінің образдар галереясында жарқырап тұрған, оны Сәкеннің биік көркемдік шеберлікпен жасағаны тасада қалмауға тиіс. Сәкеннің қара сөзге қаламының ынғайлы болғандығын талай прозалық шығармаларынан тамашаласақ та, Ш. Айманов атындағы казақфильмнің толыққанды шығармасы – «Даладағы құғын» фильмі «Бандыны құған Хамит» әңгімесі негізінде жасалғаны тегін емес. Өйткені, әңгіме сюжетінің қоюлығы, оқиға динамикасы, өмір көріністерін шынайы қалпында, іс-әрекет үстінде, өрісті даму барысында суреттей білу машығы қаламы шын төсөлген жазушыға тән сипат. Ал ол әңгіме 1922 жылы жазылғаны, кейін «Тар жол, тайғақ кешуде» ұтымды тәсіл ретінде талай пайдаланғанын

ескерсек, онда күнделікті өмір көрінісін, яғни бандылар мен күрескен милиция қызметкерлерінің қасіретке толы тірлігін окушыға қуатты эстетикалық әсермен, жанды іс-әрекетпен қаһарман психологиясын терең ашып көрсетуінде үлкен шеберліктің дабы жатқаны байқалады. Сәкен қаламынан келешекте осындай кесек шығармалардың талайы шығарына окушының сенімі күшіне түсіп, роман-эссе мен табысқанына қуанады.

Сәкен шығармаларының идеялық-эстетикалық нысанаына жіті назар аударған уақытта көркемдік шеберлікті ұстарту жолындағы ізденистерінің «Тар жол, тайғақ кешуде» үстемелей түскені айдан анық.

Сәкен прозасында еленуге тиісті бір өзгешелік – оның шығармаларында публицистикалық саздың қалың болатындығы. Мұны біз оның өлеңдері мен поэмаларынан ғана емес, прозасынан да айқын көреміз. «Тар жол, тайғақ кешудің» өне бойы тұнып тұрган көркем публицистика екеніне ешкім дау айтпайды. Қазақ даласында болған ұлы езгерістердің шын мәніндегі көркемдік көрініс табуына публицистика өзінің зор септігін тигізген. Міне, сондықтан да, автор роман-эссе де келелі оқығаларды қуып кетпей, сюжеттік желіні тарамдатпай-ақ, шығарманың логикалық дамуын өсу жолымен алып шығуы, өскен жазушылық мәдениетті танытады.

Сәкен прозасын оқығанда жазушының өзіндік қолтаңбасын танытып отыратын жазу мәнері, сөйлеу машиғы, көркемдік тәсілдерді қолдану амалы өзіне еріксіз назар аудартады. Ең алдымен сюжеттік желіні тартқанда Сейфуллин бейнелер мен кейіпкерлердің әрекет ететін көркем сахнасын жасауға ерекше мән беріп, оқығаны өрбітуге қажетті жағдайларды баяндарда сөз бояуына тарлық жасамай кесек көрсетіп отырады. Бұл жағынан алғанда уақыт мерзімін барынша ықшамдау машиғы ұтымды да әсерлі екенін көреміз.

Сәкен портретті бірден жасауды ұнатқан жазушы. Оқиғаға араласатын кейіпкерлердің қайсысының болсада әуелі істейтін ісіне сай түр-келбеті жасалады да, нақты қимылдар үстінде олардың ішкі дүниесі ашылады. «Шұніректеу табиғи көзді, қыр мұрынды, кең жаурынды, сом, сұлу денесі

серіппелі көк темірден құйып жасалғандай, салалы саусағы қыран бүркіттің түрлілі саусағындағы<sup>1</sup> Хамиттің портреті енгезер, жалпақ, алаканды, сінірлі қолдары темірдей тиетін банды Құдряға парапар келетіндегі келбетте жасалуы болашақ айқастың табиги түрде өтетіндігінен хабар берсе, екінші жағынан, олардың шын қасіретке толы алыс-жұлыстарының іә өлу, іә өлтіру үшін ғана қымылдаудың көркемдік мотивировкасын логикалық түйінге жеткізіп, өмірге құштарлықтан туған эстетикалық әсерінің қүштілігі окушының иланбасқа шарасын қалдырмайды. Накты іс-әрекет үстінде кейіпкер портреті бұрынғыдан гөрі толыса түсіп, көркем тұлға өзінің жанды бейнесімен көрінеді.

«Тар жол, тайғақ кешуде» пейзаждардың да үлкен роль атқарғанын көреміз. Көктемнің көк салпағында жұлығы тесілген етікпен келе жатқан қашқын қүйі, Баянауылдың көз тартар әдемі көрінісі, жарым көңілді онан ары сыздата түсетін суренсіз Бетпақ даланың сиқы, меніреу дүниенің жер бетіндегі белгісі сияқты шошақ молалардың сұсты суреттері, бірінен кейін бірі алмасып жатады. Сәкеннің шебер қаламынан кәстерленіп шыққан тамаша пейзаждар негізі тұлғалардың ішкі дүниесін ашуға, психологиялық өзгерістердің үздікісін өрбуіне бағындырылып, шығарманың әсерлілігін қүшейтіп отырады.

Роман-әсseedе детальдарды, штрихтарды ойнату арқылы картина жасау тәсілі жиі қолданылады. Оны Сәкен ғротескілік түрғыда сықак-ажуаға баарда пайдаланатын көрінеді.

Сондықтан «Тар жол, тайғақ кешудің» жанрлық табиғаты көркемдік «зандалығына» бағынбауымен қоймай, окушыны еріксіз матайтын қасиеті мен сәттері жиі кездесетінін байқаймыз.

Кейде көздеңен көркемдік мақсатына жету үшін болмашы детальды ойнатып, есте қалар көріністі ғротеск тәсілімен орындағы салатыны «Алашорданың» Әли-хан, Айдар-хан, Әлім-хандары Әбдірахманды ертіп алып, дүрілдетіп Челябинге барады. «Мемлекет кенесі» Челябинде болмайтын

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Бес томдық шығармалар жинағы. Өнгімелер мен повестер. Үшінші том, 1987, 33-бет.

болған сон, учредительное собрание комитетіне көрініп, жәрдем алуға Самараға келді. «Хандар» бір әдемі номерге түсті. Бұлар сол жерде «Күнбатыс Алашордасынан» келген Ж. Досмұқанбетұлына, Х. Досмұқанбетұлына, Уәлит-хан Танашұлына қосылады. Және бұларға Түркістанда Эргаш экесінен қашып жүрген Мұстафа Шоқайұлы келіп қосылды.

«Алашорданың» әкелген ақшасы көп. Оның үстінеге учредительное собрание комитетінен екі миллион сом алды. Самардың арақ-сыра сататын әдемі үйлері, рестораны бұлардың әмірінде, «Алашорда» кеңестерін сол әдемі үйлердің (ресторанның) бөлмелерінде құратын болды. Столдарының үстінде атты әскердей болып, самсал бөтелкелер тұратын болды. «Хандардың» кеңеске салған сөздерінің екпіні, алдарындағы стол үстінде тұрған «атты әскердің санына» қарай болатын болды. Бөтелкенің дүмп еткен күші мен сөздері шешілетін болды. Бөтелкенің түбімен қаулылары бекінетін болды»<sup>1</sup> деп әсірелегені әрине атақты қайраткерлер туралы естір құлаққа, көрер көзге келісіп тұрмасада көркемдік жағынан нағымды.

Өзі роман-эссе жазып отырған қаламгер тек хабарлау мен публицистік баяндаулармен ғана шектелсө әрі келіспес еді, әрі окушы зерігіп кетер еді. «Атты әскердей самсаған бөтелкелердің» суреттелеуі өмір шындығынан алыс емес, ейткені дастарқан басындағылардың бәрі де орыс окуын тамамдаған, талай қабылдауларда болып жүрген зиялды азаматтар ғой.

Алаш азаматтарын әнгімелеген уақытта Сәкен әрқашан таптық қарауылды қатты қойып, ыңғайы келген жерде мысқылдай суреттеу тәсіліне көбірек беріліп кететін кезі де жоқ емес. Әрине пенделік тұрғыдан оны сөкеттеуге болғанымен, көркем шығарманың «жандануы» үшін, окушыны уысында ұсташа үшін қажеттігі анғарылмай қалмайды. Мұндай тәсілдің де өміршешек екендігін кейін өркендерген прозамыз талай дәлелдеген болатын.

Роман-эссені оқып отырғанда қанша саяси-әлеуметтік шындық болсада окушының назарын өзіне еріксіз тартып алатын қызықты оқиғалар көп. Солардың бірі – Мұстафа

---

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғак кешу, 1960, 242-бет.

Шоқаевтың Қоқанда жүргенде басынан өткендері. Сәкен бұл көріністі өзі жазбаған. Мұстафа Шоқаевтың «Сарыарқа» газетінде 1918 жылы 24 (11) ақпанда «Хат» деген атпен жариялаған суреттемесін пайдаланған. Сәкен оны мейлінше орынды және шығарманың көркемдік арқауын ширата түсін тиімді пайдалана білген. Және бұл суреттеме Сәкеннің айтайын, окушыға әжуалап жеткізейін деген ойына дөп келген, сондықтан роман-эссенің «төл» эпизоды болып жүре бергендейктен окушының көбі Сәкен қаламынан тұғандай қабылдайды. Сонымен қатар Мұстафа қаламының көркемдік шарттарын орындауға жарайтын оралымды да бояулы екенін көрмеу аңғырттық болар еді. Әрі-беріден соң Мұстафа – өзінің басынан өткен оқигадан тамаша тартымды шығарма жазып шығар еді-ау деген ой еріксіз көлеңдейді.

1918 жылы 31 қаңтарда большевиктер Қоқанға шабуыл жасап, ондагы автономияның берекесін қашырады. Оған басшы болғандар ауыл-қыстактарды паналап, жылыстай қашуға мәжбүр болған. Соның бірі – Қоқан автономиясының министрі Мұстафа Шоқаев. Оның «Сарыарқада» жарияланған «Хатын» келтірерден бұрын Сәкен окушының қабылдау қабілетін дайындау үшін өз жанынан біраз шындықты кулана баяндайды.

«Большевик солдаттың құр дәрілеп атқан мылтығының дауысымен «Алашорда» тәрізді байшыл автономиялы үкіметтер быт-шыт болып, қаша жөнелген қызық құндер болды. Тынышбайұлы, Шоқайұлы, Ақайұлдары жасаған Қоқан автономия үкіметі солайша тырағайлады. Отты үріп қалса, быт-шыт болып ұшатын жылқы тезегінің құліндей бытырап ұша бастады. Шірік салынды тасыған дарияға бөгет бола алар ма?.. Құр дәрі мылтық дауысынан қаша жөнеліп, әр бұттаны паналап жүргендегі «министрлердің» суретін өздерінің бір әңгімесінен көрейік» деп Сәкен «Сарыарқадағы» жарияланған «Хатты» келтіреді. Қай қыстактан шығып, қай қыстакқа паналяғанын Мұстафа ұзынсонар баяндай келіп, Мұсахан қажының оқыған баласы Омарханға кезікken кезін былай суреттейді.

«Жолдасым – атты, мен – жаяу; сарттар мінуге көлік бермеді. Үстімдегі киген киімдерім – сарт киімдері: аяқта кебіс, мәсі, үсте ала шапан, баста қазандай ақ сәлде.

Құмбастыға келген жерде қару-жарақ асынған жиырма шақты сарттар келіп мені тап беріп ұстай алды.

- Э, сен кімсің?
- Мұсылманмын.
- Қай мұсылмансың?
- Қазақпыш.
- Қазақ қашаннан бояқ мұсылман?
- Әлімсақтан бері мұсылман.
- Сол қазақтың мұсылмандығына біздің шәгіміз бар?
- Сендердің шәктерің болса, біздің қазақтың да шәді бар.

– Шәді немене? Қане айтың?

– Шәді шеше іммелер диніне (ол «шеш кіме динін» маған бастан-аяқ түгел айтқызып шықты. Құдай бақ беріп, жас құнімде жаттап алғандарымның ұмытылмағаны мұндай абырой болар ма?)

Осындай тергеу қылып болған соң менің мұсылман екен-дігімे сарттар анық сенгендей болса да, онымен қоймай, түс-түстен анталап, ол жер, бұл жерлерді шүқылап, мұсылман-шылықтың онан ғөрі көзге көрінетін «нысанасын» іздей бастады. Сол уақытта қасымдағы менімен бір жетіден бері таныс жолдасым Омархан төре ат үстінде маңқылып, тамаша қылып тұрганнан басқа ешбір жәрдем көрсете алмады. Ол бүкіл Ферғанаға атақты бір ишанның баласы бір ауыз болыс сөз айтпай, атын борбайға бір салып «шу» деп жүріп кетеді<sup>1</sup>. Омарханның бұл қылығы Мұстафаның ажалына себепкер бола жаздайды.

«Екі қолым артыма танулы, екі көзім байлаулы. Мой-нымда қара қайыстан тұзак. Ажалды құтіп» отырған кезінде бір таныс кез келіп, құтқарып жіберіпті. Одан кейін де талай қындықтар көріп, «тоғыз жұз тоқсан сомға жолдас жалдап, «қырғыз-казак қайдасын» деп, қарлы таулар асып жөнеп кеттім. Және сарттарға сол арада «қош» айттым. Көргендерім көп еді. Өзім осы құні көшпелі салтқа түсіп, ат үсті болғанымнан орнығып отырып, толықтырып жазуға уақытим жоқ, шырақтарым»<sup>2</sup> деген сөзben хат аяқталады.

---

<sup>1</sup> С.Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. 1977. 114-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 116-бет.

Сөгөн Сәкен «Міне Қоқан министрі Шоқайұлы мырзаның хаты. Қоқанға барып, қокып министр болып отырганда жалпы өзбектер мен жалпы қазақ халқының «тілегі бойынша» отырдық деген «ердің» жайы осы<sup>1</sup> дегенді профессор Б. Кенжебаев кейінгі бір зерттеуінде баяндаған еді.

Сәкен Мұстафаның басынан өткен эпизодты енді Қонырқожа Хожықов пен Мұхамеджан Тынышбаевтың көргендеріне жалғастырып «Тұн тау ішінде» деген сатиralық суреттемеге айналдырыды, шын көркемдікке қажетті сөз боюларын таба білді.

«Тұн. Жаңбыр құйып түр. Көзге туртсе көрмейтін қапкара тұн. Қалың құзды тау іші. Екі министр әр тасқа бір соқтығады, әр шұқырға бір жығылады. Аттары да сенделді. Көйлекке шейін сорғалап су өтті. Су болмаған түк қалмады. Екі министр сүмірейіп әбден көк иық болды. Жаңбыр сұпсұық, сылп-сылп етеді. Етектен, тоқымнан сорғалап ат бауырынан ағады. Көк пен жер тұп-тұтас қараңғы. Жаңы құрғыр тәтті. Министрлер қараңғы түкпір іздейді. Аттарын ұстап, тастың ығына бүрісіп отырады. Жаңбыр сұы сылп-сылп етеді. Етектен сорғалап жерге ағады. Екеуі де өзді-өзі аттарының алқымында, тастың ығында бүрісіп-бүрісіп отар. Бір мезгілде Қонырқожа ақырын;

– Мұқаметжан! – деді.

Мұқаметжан ақырын өлімсіреген үнмен.

– Ә, ә, – деді. Қонырқожа ақырын:

– Енді министр боласын ба? – деді. Мұхаметжан кейіп:

– Не дейді? Осының-ақ ойыны қалмайды екен?.. – деді» деген картинаны Сәкен сөзбен өрнектеп, романға, жалпы көркем шығармаға қажетті шарттар екенін еш уақытта ұмытпайды. Өйткені, тарихи деректі көркемдік шындыққа айналдырудың бірі осылай тарамдалуга тиіс екенін Сәкен қатты ұққан. Әлгіндей көріністі өзі сөз бояуымен жеткізгеніне қарамастан Сәкен «міне кішкене сурет осындаі, бұл әңгімені Қарақожаның өзі айтып еді»<sup>2</sup> деп болған құбылысты көркем құбылысқа айналдыруға талаптанғанын ескертіп қояды. Сол тұста тарихи шындықтың көркем шындыққа айналуы

<sup>1</sup> Бұл да сонда, 117-бет.

<sup>2</sup> С.Сейфуллин. Тар жол, тайғак кешу, 1977, 118-бет.

жандың, оқушыны еріксіз өзіне тартып отырғандығын көзбен көргендей боламыз.

Жалпы «Тар жол, тайғақ кешудің» қай тұсын, қай кезеңін алып қарамайық, Сәкен оны тарихи деректердің қоймасына айналдыруды мақсат етпей, әрқашан да оқушының әдеби талғамын, эстетикалық қажеттігін ойластырып отырған. Әрине, Совдеп құлап, төңкерісшілердің көбі қолға түсіп, түрмеде зарығып отыруы, тергеуден өтуі, Қызылжарға қыс ішінде айдалуы, Сібірдің сақылдаған сары аязында атаман Анненковтың ажал вагонына тиелуі, жеті қат жер астында болатын тозакты тәнімен сезуі, донғалақ үстіндегі тамұқта 47 құн біресе ыстыққа қақталып, біресе сұыққа тоңғаны, сайып келгенде, адам баласының басынан өтетін қиямет-қайымды Сәкен және оның жолдастары көруі тек қаламмен жазуға онай дүние. Оқушыны жалықтырып алмау үшін шындық пен көркемдіктің жігін білдірмей қабыстыра білу, сөз жоқ, қаламгерден хас шеберлікті талап етері сөзсіз. Осындай өрелі эстетикалық талаптың биігіне шыға білген «Тар жол, тайғақ кешудің» халықтық туындыға айналуы обден заңды еді.

Тартымды шығарманың бір жері суретпен толысып, бір жері тарихи деректермен дәйектеліп жатқанына назар аударып, мән берген оқушы болған емес. Олар тарих пен әдебиетті тұтас бір дүниедей, өмірдің өзіндей қабылдағаны 1927–29 жылдарда Сәкенге жеткен хат-хабарлардан-ақ белгілі болған-ды.

Осы мазмұндалған оқигалар жайында Нәзір Төреқұлов сынына қайтарған жауабында «Алашорда министрлерінің қашқанын несіне жазған деп шамданады... Әрине, Сәкен «Тар жол, тайғақ кешуді» жазбаса талай «батырдың» жанына жағар еді. «Алашорда» министрлері Тынышбайұлдарының қашқандарын суреттемесе талай білімпаздарға жағар еді»,<sup>1</sup> – деп Сәкеннің кекесін айтуы көркемдік сипаты бар тараулардың айрықша әсерлі болғанын көрсетсе, екінші жағынан, тарихи шындықты оқушыға қалай жеткізуін тиісті жөн-жосығын аңғартқандай. Әрине, бір эпизод қана емес, бүкіл роман-эссеңін бойында осындай көркемдік

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1977, 382-бет.

нақыштары өте жі кездеседі, сондыктан «Тар жол, тайғақ кешу» өзінің әр дәүірдегі окушысымен әрі тарих, әрі көркем шығарма болып табыса беретіні осыдан. Ешкім еш уақытта енжар қала алмайды.

Өз заманының шежіресіне айналған шығарманың бар оқиғаларын бір енбекте айтып тауысу қызын болғандықтан, жаңадан қосылғандарға назар аударған орынды.

Сәкеннің қазак прозасын өркендетуге қосқан үлесін айтқанда 1927 жылғы басылымда жоқ, 1936 жылғыда бар біраз суреттерге тоқтай кетсек, жазушы қаламының қалай шеберлене түскенінен хабардар боламыз. Жайлана отырып жазылған біраз оқиғалар көркемдік нақышына жетіп, иі қанғандықты байқатады.

Сәкен роман-эссені кітап етіп шығарарда: «Бұл «Тар жол, тайғақ кешу» әңгімесінің бас жағы бұрын «Қызыл Қазақстан» журналына бөлшектеніп басылған еді. Сол басылғандарды жиып, жөндеп, тағы қосып жазып кітап қылдым, бірақ уақыттың тарлығынан асығыс жазылды. Сөзді шеберлеп түзеп, тізіп отыруға уақыт жоқ болды...»<sup>1</sup> деп ашық айтты да, роман-эссенің 421-бетінде «Ақыры бар. 1926 жыл. 17 априль. Қызыл-Орда. Сәкен» деп қол қоюмен аяқтады.

Осы арада екі жайға назар аударған жөн сияқты. Асығыс жазылды, шеберлеп отыруға уақыт болмады дегені оқиғаларды жүйелеу, құжаттарды сұрыптау, артық-кемін сұлып тастауға мүмкіндіктің болмағанымен, қатар сез саптауда, сөйлем құрауда кейбір сілтілер кездесетінін ескерткені, шығарманы жазған уақытта көркемдік шарттарын түгел сактап отыру қажеттігін емеурінен білдіргені деп ұққанымыз абзал.

Сондыктан Сәкен сөйлемдеріндегі етістіктердің молдығы іс-эрекеттің қарқындылығы, үстемелігі ғана емес, асығыс қаламының дабындей көрінетін тұстарына көз жұмып қарауға болмайды. Оның біразын 1936 жылды түзеткен, сонда да артық-ауыс ашы да тұшы сездер кездесіп қалып отырады. Кейде төтесінен тартып, синонимдер іздеуге бара бермегендігі Сәкеннің сөйлеу мәнерінен көреміз де,

<sup>1</sup> Сәкен Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1927, 3-бет.

жазушы синтаксисінің өз ерекшелігі, қолтаңбасы ретінде қабылдаймыз.

Ал роман-эссеңің «жалғасы бар» деген ескерпесін екінішпен еске алмасқа амал жоқ. Расында, бұл бөлімде 1916–1919 жылдардың аралығындағы Қазақстан шындығы қамтылады. Тегінде, Сәкен замысылында өзінің бүкіл республикалық саҳнаға шыққан, Ақмола уездік атқару комитетінің тәрағасы орынбасарлығынан Қазақ АССР соғеттерінің бірінші құрылтай съезінде Орталық Атқару Комитетінің (КирЦИК) Президиум мүшесі болып, Қазақстан баспасөз саласын дамыту ісін қолға алғаны, өнгені қойғанда «Ұшқын» газетін «Еңбекші қазаққа» айналдырып, «Қызыл Қазақстан» журналын қоса басқарғаны, Халық Комиссарлары Кеңесінің Тәрағасы болып елге қызмет сіңіріп, талай ұлы жиындарда дау-дамай ортасында қазақ халқының жоғын жоктауы, әсіресе «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деп орыс отаршылары еріксіз таңған «қырғыз» атауын өзгертуге, сол кездің өзінде де босағадан қарап, төрге өмешегін үзген қазақ тіліне жанашыр болып, кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізейік деген ең пәрменді науқанды сонау 1923 жылы бастап, мемлекеттік тіл деп декрет алдыруы, осы тұста талай саясаткерлермен тұс шайысуы, жұлдыздары жараспауы, 1925 жылдың майында И.В. Сталинмен дидарласқаннан кейін Қазақстанға қайтып оралуы сияқты кезеңді де мәнді оқиғалардың екінші кітаптан орын алуға тиісті екенін ойша шамалауға болғандай. Өкініштің үлкені сол, бұл кезде қазақтың жаңа мәдениеті өркен жаюға бағдар алғанын ескерер болсақ, онда С.Мұқановтың «Есек жылдарындағы» қою оқиғаның бел ортасында Сәкен жүріп, өз қолымен талай игі істерді тындырығанын көрер едік. Амал не, роман-эссеңің жалғасы әзірге таптырмай отыр. Тегінде, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мұрагатында жатқан жоқ па екен деген ой көлендей береді. Еміс-еміс естеліктерге қарағанда, Сәкен екінші кітапты жазып жүргенге ұксайтын мағлұматтар да жоқ емес. Қалай болғанда да елі үшін құрбан болған ұлы дарынның артындағы жетелі ұрпағы қарымды қаламгердің қолынан шыққан дүниелерге ұқыптылық танытатын шығар деген үмітпен жүреміз.

1936 жылы кітапты қайта өндеу қажеттігі туған кезде роман-эссеңің көркемдік жағын үлкен шеберлікпен то-лықтырғаны анық байқалады. Ол – «Әупілдек» көлінің кө-рінісі, «Тұлым» деп аталатын бөлімдегі паң Нұрмағамбет, Бетпақтан Шу асадағы елді-мекендердің тұрмыс-тіршілігі, бақуаттылығы, жер, су ерекшелігі, тіпті Бетпақты басып Шуды қыстап, Сары-су өзенің жайлайтын елдерді тарата сипаттауы, әрі-беріден соң жер ерекшелігіне қарай есетін шөптерді де елеусіз қалдырмауы жайлана отырып жазғанда қаншама көркемдік бояуы табылатынын көреміз. Осыған қоса Бетпақта арып-ашып, бой тасалап келе жатқан басты кейіпкерге тілеулемес окушының оны-мұнныны ойлап аландаған сәтінде жүзіне еріксіз күлкі үйрілдіретін «Шоқай болыс» хикаясы, жомарттың жолын қысқартатын жоқтық-ай дегізерлік «Ашай» әңгімесі, тандамай-талғамай небір жақсы мен жайсандаудың жағасына жармасар ажалдың, баласын алғаннан кейінгі қайғыдан қажыған Ықылас бей-несі, роман-эссеңі көркемдік жағынан әрлендіре түсетін ажарлы образдар 1936 жылғы «Тар жол, тайғау кешуге» тыңнан қосылып, окушы куанышын көбейте түседі.

Алаш азаматтарына қатысты тұстарында сол кездің дүмпуімен автор ащылау айтып, бояуды қалындан тұске-нін олардан мұлдем безушілік деп түсінбеген орынды болар. Егер сол кезде Сәкен осылай жазып кетпегендеге асыл ағалар мен ардагерлеріміздің тарихтағы ізін қай жерден іздер едік дегенді де естен шығармайық.

Роман-эссеңің толықтырылған тұстарына арнайы тоқ-талуға екі түрлі себеп бар.

Біріншіден, өміршең шығарма «Тар жол, тайғақ ке-шудің» әр жылдардағы әр түрлі нұсқаларын салыстырып, өзгешеліктерін анықтау болса, екіншіден, роман-эссесі-нін соңғы басылымдары бойынша барлау жасап, ой түйген ғалымдар коммунистік идеология соқпағымен авторды құ-респекер етіп көрсету мақсатына көп назар аударып келгенін анғартуды жөн көрдік. Әрине бұл жерде көркемдігіне тіпті мән бермеген екен деген түсінік тумаса керек. Себебі көр-кем шығарманың ажарлы жағын әр уақытта сөз еткен болып отырып, саяси оқиғалардан көз жазбай келгеніміз өтірік емес. Біздің бұл жерде айтқалы отырған ойымыз – біздің

алдымыздағы зерттеушілер осы роман-эссеңің көркемдігіне зер салғанмен, Сәкеннің азаткерлік тәңкөрісшілдігіне қарай ойыса бергенін, ал кейбір кезде атусті шолумен шектелгенін айтпай кетуге болмас.

«Аттың жалы, түйенің қомында» жүріп жазатын әдет артта қалған тұста көркемдікке әр беретін толықтырулардың қайсыбіріне назар аударып, талдау жасағанның артықтығы жоқ, өйткені олар роман-эссеңің тартымдылығын да, ажарлығын да арттыра түсірген.

Сәкен Бетпақ арқылы Түркістан асарда Бетпақ далада кездескен көріністерді шеберлікпен суреттеген. Соның бірі – Шоқай «болыс». Осы Шоқай «болысты» оқып отырып ебін тауып, еркелей билетіндердің ел еркесіне айналып, кейін аты аңыз болып қаларын бұрын-соңды аңдағандықтан Сәкен Шоқай образын жасауға құшырлана кіріскені байқалады. Сол бейне арқылы алдағанға да, алданғанға да Сәкен ортақ сипат дарытып, юморлық сәттерді бейнелеуге шебер екендігін байқатты. Қазақ психологиясын, қыр құлығын женіл юмормен суреттеп, окушыны жылы сезімге бөлейді. Аңқауланған құдың қандай болатынын көреміз.

«Күн салқын еді. Түрсіз Бетпақ бүгін тым сұрғылт еді»,<sup>1</sup> – деп бастауы окушы жүргегіне жылышық дарыта қоюы екіталай. Адамның ойы тұрмак, бойын көтертпейтін табиғат суренсіздігін Шоқай «болыстың» іс-қылышымен ажарлаған тұста сұсту жаратылыстың өзі хас шеберге көніп, окушы жүзіне үйірілген күлкі арқылы жандана туседі. Автор Шоқай «болысты» кездестіргендегі кейпін окушыға: «Төрдегі ширатылған кісіден біз төменірек отырдық. Ол бізben асықпай ғана ширатылып, жоғарыдан төмен қарап амандасты. Сұлу мен Ақберген бір-біріне жымындал қарап сейлеседі. Мен төрдегі кісіге қараймын. Устінде қоныр күпі, жағасы тұлқінің пұшпағы. Басында ескілеу, кірлеу тұлқі тымақ. Өзі шарта жүгініп отыр. Мен бетіне қадала қарасам, тұсін сұбытып, ширатылып, көріне маңғазданып, сәл қозғалып, көзін жұмып қояды. Кейде, тіпті, көзін едәуір жұмып отырады.

Мен ішімнен: «Мынау не пәле тағы да? Бұл Бетпақта мұндай да «Тәнір пұты» болады еken-ay! деп қоям.

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. «Тар жол, тайғақ кешу», 1977, 359-бет.

– Бұл кісі кім? – дедім.

Ақберген бетін жұқалау құлімдепі:

– Бұл кісі біздің әкемізбен бір туысқан кісі, еститін шығарсыз, болыс... Шоқай деген кісі. Бұл кісіні болыстық-ка бекіткен бұйрығын әнеуқұні мен Ақмоладан алып келіп едім.

Бұл кісіні болыстыққа бекіткен қағазын жаңа ғана өз қолына табыс қылып отыр едім. Мына ойып отырғаным бұл болыстың мөрі еді!»<sup>1</sup> – дейді.

Осыған дейін «болыстың» мән-жайын түсінбей таңтамаша болып отырған Сәкен, әрқайсысы үш-төрт үйден тұратын санаулы ғана ауылдың «болысының» жай-жапсарын енді түсінгендей болады. Жігіттердің қулық жасап, «санқау» болысты түсіргілері келіп отырғанын сезеді. Әрқайсысының түсінігі де, есебі де өз ішінде.

Қара танымайтын Шоқай үшін тіпті орыс тілінде куәлендірген мөрі бар қағаз зор мәртебе болып қоймай. Шоқайдың «болыстық» дәрежесін Бетпақтағы елге бұрынғыдан бетер айғактай түскендей. Қайрак тастан «Шоқай болыс» деп жазылған дөңгелек мөр жасап, әлекке түскен Ақберген де қулығымен олжасыз емес. Шоқай «болыс» Ақберген қулығының қарымын кәнігі сарап болыстардай жаман-жәутік тоқтымен емес, тайыншадай семіз қара қоңыр құнан қоймен қайтарған. Бұл жерде автор, біріншіден, «болыстың» мәрттігін көрсетсе, екіншіден, құнан қойының анызға айналарын іштей сезген есепқойлығының үстінен түскен. Оны мезгілсіз келген қонактарға сойып тастаған Ақберген арқылы, қонағын құдайдай сыйлаған қазактың ұлттық психологиясын асқан шеберлікпен нағымды суреттеген.

Оқушы көкейіндегі сұрақты автор да дөп басқан.

«Шоқай кеткен соң Сұлу екеуіміз күліп, Ақбергенді жауапқа алдық:

Мен: – Эй, бұл не деген адам? Сойған семіз қойды шын сол берді ме? Бұл ұят емес пе? Және әкеммен бір туысқан адам дейсің ғой? Өзінің үйінің адамдарының бәрі де өзіндей ғой шамасы? Ә, солай ма? Баласы да өзінің сыңары ғой,

<sup>1</sup> Бұл да сонда, 359–360-беттер.

сірә? Бірақ сенің мынауың тіпті өзге елден ұят емес пе? – дедім. Ақберген мен Сұлу:

– Оның несі ұят! Өзі әжептәуір бай. Сен жемесен де бәрібір біреу жейді оны. Онан да естіп ойын қылып, кісінің өзі жегені жақсы. Бәрібір ол естіп жаратылған соң, естіп кетеді, – десті»<sup>1</sup>.

Шоқай өзінің «болыстығын» сөз жүзінде ғана емес, орайын келтіріп іс жүзіне асыратын амалды талай қолданған жан. Оны ауыл арасы да біледі және әзіл-қалжыңмен қабылдап, шынайы болысқа көрсетілер сый-сияптағай болмағанмен ырымын жасап жататынын автор:

« – Нак осы «болыстықтың» соған тиетін пайдасы жоқ па осы? – дедім Ақберген мен Сұлуға.

– Ойбай, ол «Мен болыспын, менің алымым, сыбағам қайда?» деп, жазғытұрым уақытта үйлерден семіз жылқының қазыларын, семіз қойлардың жамбастарын жинал алып жүреді, – деді екеуі.

– Былтыр менің көзімше Алтыбайдың үйіне келіп; «Менің сыбағам қайда?» деп отырып алды. Соңсоң Алтыбайдың сары қатыны «Болыстың сыбағасы» деп бір семіз қос қазысын алып шығып, Шоқайдың атының қанжығасына байладап берді. «Болыс, семіз қазыны қанжығасына байладап берген соң, атына мініп, әрі жағалап кетті.

– Міні, мен «болыс болғалы» Алтыбайдың үйі жыл сайын жазғытұрым естіп сыбағамды беріп отырады. Ал бұл үйдің маған қойған сыбағасы қайда деп, басқа үйлерден де алып жүрді, – деді.

– Жұрт бере ме мұның үйтіп сұрағанына? – дедім.

– Жұрттың көбі әйтеуір береді... Мұның «болыспын» дегенін қызық көріп, ойын қылып еркелетіп қоя береді мұны, – деді Ақберген...»<sup>2</sup>

Сәкен роман-эссеңдегі Шоқай образы аумалы-тәкпелі заманда болыстықтан береке қаша бастаған сәтін көрсете мазақтаудың бір амалы болса, екінші жағынан, ел қыын-қыстау кезде көңіл көтеру үшін «есепті» ойынның өзін рухани азық еткенін аңғартады. Сол арқылы қазақ халқының психологиясынан хабар береді.

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1977, 364-бет.

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1977, 364–365-беттер.

Автор осы Шоқай образы арқылы жөнін тауып еркелей білетін адамды, еркелете алатын қазақи пигыл-ниетті зіл-сіз юмормен жеткізіп, өзінің қаламгерлік шеберлігі әбден ұшталғандығын танытады.

«Тар жол, тайғақ кешуді» оқыған жұрттың көркемдік талғамында ұзак сақталар образдардың алдыңғы легінде қазақи қалпы мен Шоқай есте қалары сезсіз. Бұған Шолоховтың Дед Шукарін сабактастырып жіберсек, зілсіз юмор арқылы жасалатын халықтық характерлердің шет пүш-пағын көргендей боламыз. Шоқай Шу бойындағы таматарактыларға әбден таныс тарихта болған адам екенін де естен шығармайық. Сонда өмірде болған құбылыстың өзі ешбір авторлық қиялсыз роман-эссенің эстетикалық қуатын арттыра түскенін көреміз, өйткені жұрт осындай көріністің өзінен-ақ шын көркем шығарма оқып отырмын деген пигылдан айнымайды.

«Романдағы барлық негізгі сюжетті ақынның өзі бастап кешкен, не өзі көзімен көрген, не өзі естіген оқығалар жүйесі құрайтындықтан өміrbаяндық, тіпті мемуарлық сипаты бар»<sup>1</sup> – деген Р. Нұргалиев пікірін нақтылай түсетін Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесіне арқау болған образдың бірі Шоқай «болысқа» тоқталғанда жазушы қаламының жүрдек, бояуы қалың екенін байқаймыз. Өзі жүзбе-жұз кездесіп, әңгімелескен кейіпкерінің бірі Ашай бейнесіне көз тастай кеткеннің артықтығы жоқ, өйткені жазушы шеберлігін суыртпактай шығаруға жәрдемдеседі.

Сәкеннің Ашайға кездескенге дейін ел ішінен естіген әңгімелері оған кездесу құмарлығын өсіре түскенін көреміз. «...Ашайдың қызыл тазысы кеше бір қызыл тұлкі алыпты... Ашай бір шошқа алыпты... Ашай былтыр жау түсіргенде жаудың мылтығын алып қалған екен... Ашай он шақты жауды өзі түсірген ғой... Әуелі біреуін үйінің жанында андаусызыда атынан жұлып алып, үндетпей ұрып, қол-аяғын байлап, қатынына құзеттіріп қойып, өзі жаудың мылтығын алып, жаудың атына мініп, өзге жауды қуып түсірген ғой...»<sup>2</sup> –

<sup>1</sup> Р. Нұргалиев. «Қазақ революциялық поэзиясы» Алматы, Мектеп», 1987, 102-бет.

<sup>2</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1977, 365-бет.

дегендерді Бетпактың ұзақ жолдарында талай естіген Сәкен құмарлығын окушылар да бөліскендей дәрежеге жеткізе суреттейді. Сондықтан Ашай әңгімесін мөлдірете баяндауға автор да ықыласты, өйткені Ашаймен бірге болған күндері «халық айтса қалт айтпайды» деген аталы сөзге өзінің де, окушының да көзін жеткізеді.

Ашайдың бойындағы мергендей, қобыз берінде ынтымалы болып көрінеді. Оны Сәкен: «Ашай менімен танысуға әдей келгендей! ...Енді жақын болайық, дос болайық! Ертең біздің ауылға кел, біздің отауды өз үйіндей көр! – деп Ашай мені ауылына шақырып кетті»<sup>1</sup> – дейді.

Жоғын жасырып, барымен базар етуге тырысқан Ашай бойындағы намысқойлықты да Сәкен сезімталдықпен туғандағы оның залалсыз өтірігінің өзін: «Кү кедейлік-ай, талай ердің қажырын мұқатып, талайдың көнілін назаландырып, талайдың қанатын қырықтың-ау»<sup>2</sup> – деп жалпыға ортақ қасіретті Ашайдың жадау тұрмысы арқылы аңғартады. Түзге шықса батырлықты, серілікті рухани азық еткен жандардың далалық кейіпін анық көргендей боламыз.

Сәкен өзінің роман-эссе сінімінде кездескен адамдардың бәрін образға айналдырамын деп әуре болмайды. Қайсы-бірін атап, жалпы тізімнің ішіне сіңіріп жібереді, ал енді өзіне айрықша ұнағандары мен іс-әрекеттері арқылы көрінгендерді шығарманың кейіпкеріне айналдырып, тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырудың амал-тәсілдерін ойластырып отырады. Сөйтіп роман-эссенің әлеуметтік мән-манызын арттырып, окушыны еріксіз тартатын шығармаға айналдыру мақсатына жете біледі.

Көркем шығарма жасау үшін бір сәтте ептең болса да әсірелеуге, ойдан шығаруға ұмтылғанымен шындықтан шығындал алыс кетпейді. Соның өзінде окушыға тартымды да әсерлі сәттерді, көріністерді, детальдарды көбірек суреттеуге ұмтылады.

Сәкен өзінің шығармаларында кейіпкер атынан сурет-

<sup>1</sup> Бұл да сонда, 366-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 367-бет.

теу, портреттеудің ең тиімді жолын таба білген жазушы. Оны «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссе сіндегі де көп қолданған. Соның бірі – Ашайдан естіген Ықылас күйіші жайы.

Ықыласты Сәкен Ашайдың айтуы бойынша былайша суреттейді. «Ықылас өзі қапсағай ұзынша бойлы, қараторы, қыр мұрынды, шұнғыл кара көзді, ұзынша қара сақалды, сіңір денелі ашық кісі екен. ...Өзі құлмейтін адам сияқты. Беті тіпті ашаң, жақ сүйектерінің, маңдай сүйектерінің қырлары білініп тұрады. Қолының саусактары ұзын, тарамыс сіңірлі екен. Денесі де тарамыс қапсағай ұзынша екен»<sup>1</sup>.

Сәкен жасаған портреттің шынайылығы болар, жазушы, композитор Илия Жақанов өзінің «Ықылас» романын жазғанда: «Сәкен жасаған портретті негізге алдым»<sup>2</sup> – дейді.

Ашайдың аузынан естіген әнгімені автор өзі ғана көз алдына елестетіп қоймайды, оқушысын да қатты әсерлендіріп, Ықыластың бейнесін көз алдыңызға көлендедетеді. Бұл жерде Ықыласпен кездескенін жеңіл-желпі шолып өтпей, Сәкенге әсер етерлік деңгейде әнгімелеген. Ашайдың да қобыз тартатыны, тіпті домбыраға да Ықылас күйлерін салатыны, образ деңгейіне көтеріле береді. Автор естіген әнгіменің әсері арқылы Ашайдың хикаяшыл жан екендігін сездіреді де, оқушыға қажетті көркемдік нақыштарын онтайлы табады. Сонда Сәкен – Ашай – Ықылас болып жалғасып, оқушының көркемдік танымына әсер етеді.

«Ықылас қобызын алып, қылыш жөндей, шайырлап алып, ақырын ырғап сыза бастады. Ықаңның ұзын саусактарының ұшынан ыңыранған мұңлы күй сарнай бастады... Еніреген, күніренген күй көктен күйіліп отырған сияқты. Менің жүргегім лұпілдеп, бұқіл жұлын тұтам шымырлап кетті. Үйде отарған жұрттың бері де қатып қалды. Күй еніреп, сұнқылдап жылаған сияқты болып зарлады. Әлден уақытта есімді жиып алып, көзімнің астымен ақырын карасам, қобыздың құлағы Ықыластың сүйекті шықшытына қатты жабысып қалған екен. Ықыластың оң қолы қобызды есіп еніретіп отыр екен де, еніреген қобыз күйімен бірге өзінің шұнғыл кө-

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1977, 369–370-беттер

<sup>2</sup> И. Жақанов «Ықылас», 1993, 3-бет.

зінен жас тарамданып ағып, сақалынан тамшылап отыр екен. Менің де жүргім елжіреп кетті. Сәтбайға қарасам о да тәмен қарап, жылап отар екен. ...Біраздан кейін Ықылас ексітіп кеп қобызын тоқтатты. Бірсыныраға шейін жұрт есін жия алмай отырды...» – деді Ашай»<sup>1</sup> – деген суретті хабарламаның эстетикалық әсері тіптен де құшты.

Суреттеудің жанама түрі, яғни өзі естіп әсерленген құбылысты қалып окушыға өсіре жеткізе білу қаншама қаламгерлік шеберлікті талап етері белгілі ғой. Сәкен Ашайдың әңгімесін сол естіген жерінде стенограммаға түсіріп алмағаны рас. Олай болса өзінің бір кезде әсерлене тыңдаған әңгімесінің ыстық лебін, айту мәнерін, бояу нақышын көп жыл өткеннен кейін алғашқы естіген күйінде жеткізе білу қалыптасқан қалам дабын анғартумен бірге жаңадан қанаттанып келе жатқан қазақ прозасы үшін аз олжа емес екенін анық анғартады.

Әрине, тарихи шындықтың көркем шындыққа айналу жайына «Тар жол, тайғақ кешуден» талай мысалдар келтіріп, дәлелдей тұсу онша қындыққа түспейді. Өйткені кез келген оқиғаны тарихи деректермен ажарлап, әрбір кісі атының ғұмырнамасын жасап, бейнесі қөрінгенін шығармадан сұыртпакташ шығарып алуға болады. Алайда біз қадау-қадау қызықты жайлар арқылы жалпы роман-эссе-нің эстетикалық қуатын анғарту мақсатын көздегендіктен, әрбір шындықтың көркемдік түрғыдан логикалық даму процестерінің ізіне түсіп, індете беруді айрықша қажеттілік деп санамадық, өйткені, «теңіз сұнының дәмі тамшыдан-ақ білінеді».

Әрине, «Тар жол, тайғақ кешудің» көркемдік қуатын әңгімелеген уақытта ондай тартымсыз көріністер, мәнсіз деректер жоқ, бәрі де керемет деп ешкім айта алмайды. Алаш қозғалысының ұлы мақсатына ден қойып, іш тартқанымен, жеке-дара азаматтардың, қайсыбір басшылардың іс-қылышын көрсететін арзан да дәмсіз дерек-мағлұматтарды кейде шамадан асырып жібергенде, әсіресе газеттерден келтіретін, бірақ тап сол тұста ойнамайтын, автор позициясына керек болғанмен көркем шығарманың тәніне сіңі-

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1977, 370-бет.

се қоймайтын мақала-мәліметтер роман-эссеңің қайбір тарауларын әлсіретіп тастанының да жоққа шығаруға болмайды. Шығарманың көркемдік сипатынан гөрі тарихи-лығына нұқсан тигізетін жансыз мағлұматтардың оқушыға кері әсер етер сәттері бары белгілі. Алайда бұл жайлар «Сәкен Сейфуллиннің негізгі шығармасы аталып келген «Тар жол, тайғақ кешу» романы таза тарих үшін керек болғанмен, қазақ әдебиетінің игіліктері қатарына қосыла қояр ма екен?»<sup>1</sup> деген қаскөй сауалдарға негіз бола алмайды, тарихи-көркемдік шындықтар растамайды, қоштамайды.

«Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесі – қазактың төңкөрісшіл, реализм бағытымен дамыған әдебиетінің ғана емес, бүкіл сөз өнерінің ұлы да кезеңді, этапты шығармасы болып тарих бетінен жарқырап келгені сияқты, бұдан былай да тұлғалана түсірі ешбір шұбә тудырмайды.

«Тар жол, тайғақ кешудің» көркемдік сипатына арналған тараудың бас жағында әңгімеленген, яғни оның жанрлық қырына қысқаша болса да тағы бір оралып, ой түйген орынды сияқты.

Жалпы жұрт қолданып келе жатқан «тарихи-мемуарлық роман» анықтamasы бұл атақты шығарманың бүкіл «жан-дүниесін» қамтитындей болып көрінгенімен, оның хроникалық қасиетін қаға берісте қалдыратын сияқты. Ал «очерктер циклі» деп тапқан Б. Кенжебаев пен Ш. Елеуеконовтің де ойының әбестейтін ештеңесі жоқ, өйткені Сәкен тарихи деректер мен оқигаларды шындыққа негіздей отырып, очерк амалын қолдана жазатын сәттері аз емес. Тіпті, қайсыбірі өзінің ішкі көркемдік заңдылығымен дөнгелене шығып, публицистикалық желісінен айырылмайтын тұстарда бұл авторлардың пікірін санаттан шығарып тастамау керек. Ал кейбір тұста новелла, әңгіме шарттары да сақталады. Мұндай кезде шығарманың көркемдік арқауы ширап, үзік-үзік деректер мен ойлар оқушы жадында мықтап сақталып қалуына жағдай жасайды, әрі-беріден соң композициялық жүйеліліктің жетіспей жатқанын сездірмейге себепші болатын тұсын да байқаймыз. Бұлардың

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиеті» газеті. 11. 09. 1992.

бәрі желілі сюжетке құрылып, бір машиқта суреттегелтін шығармада кездеспейтіндікten осы ұлы туындыны «роман-эссе» деген атап орынды шығар деп ойладап, сол терминді енбектің ұзына бойына пайдаланып отырдық. Қалай болғанда да, оқушы жүртшылыққа жазушы, қаламгер Сәкеннің бұл шығармада қандай көркемдік әдіс-тәсіл қолданғанының мәні болғанымен, әдебиет тарихы, жанрлардың қалыптасып жетілу процесі үшін зерттеушілер анықтай, шындаған беретін күрделі проблема екені даусыз. Әмір оқигаларының диалектикалық зандаудығы қандай күйде болғанын сөз өнерімен көрсете білуден қуатты қүш аз екенін ескерер болсақ, онда «Тар жол, тайғақ кешу» шындықтың шырайын шығарған көркем туынды – роман-эссе. Оған қажетті барлық көркемдік компоненттерді шығарманың өн бойынан мол табамыз, өйткені негізгі кейіпкері – жаңа заманның қызыл сұңқары бола білген дауылпаз ақын Сәкеннің өзі бола білуі, бүкіл шығарманың өзекті арқауы Сәкен сөзі, Сәкен іс-әрекеті, Сәкеннің ойлау-толғауы мен тұжырым-қорытындысы арқылы көрініп жатуы оған композициялық тұгастық дарытып, эстетикалық қүш-куат бергені даусыз. Сондықтан тарихи шындық ажарлы сөз бояуларымен әр үрпаққа жетіп, сол кездің таным-білігі деңгейінде ойландырып толғандыра береді. Өйткені әр заманның өз базары, өз нарқы болары жалғыз өмірдің ғана емес, шын өнердің де бұлжымас заңы!

## ТАЛАНТТАР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

F.МҰСІРЕПОВ, Т.КӘКІШЕВ

Қазақ тілінің қадір-қасиетін, көркем сөздің ғажайып құдіретін Одақ көлемінде, әлемдік деңгейде танытып кеткен, халқымыздың алып ойшылдарының бірі, зергер жазушымыз – **Ғабит Мұсірепов**. Қашанда шындықтың бетіне тура қарап, уақыттың қөкейтесті сауалдарына қайраткерлік зердемен парасат биігінен жауап беретін пайымды пікір қозғар еді.

Тағы бір таң қаларлық, әрі сүйсінерлік жай сол - ұлken суреткердің көптеген батыл тұжырымдары мен жаңашыл көзқарастары атышулы тоқырау дәүірінің тасы өрге домалап тұрған кездерінде айтылғанына қарамастан, қазіргі қайта құру идеяларымен толық үндеседі.

«Өткен күннің бәрі тарих» дегенді анық ұқпағаныммен, тап осы жолғыдай етene сезіне қойған кезім аз болар. Себебі менің қолымда «жанды» документ, яғни қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мұсірепов екеуіміздің үш сағатқа созылған сұхбатымыздың магнитофонға жазылған сөзі бар. Ол сұхбат алдын ала уәделесіп, әбден ойластырылып, 1974 жылы 25 шілдеде өткізілген еді. Сол кезде де, бұгін де оның мән-мағынасы зор екенін сезгеніммен, Габенің «уақыт келеді ғой әлі» деген ойынан аса алмап едік.

«Жұлдыз» журналы «басамыз» деген де, марқұм Жайсанбек Молдағалиевтің М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының колективі дайындал жатқан жинаққа қоспақ болғанда да «Ғабит сейлеген сезіне дейін баспасөз бетіне бастыратын болыпты» деген сөзге қалдырмаңдар мені» дегеннен кейін тосылған едік.

Енді кешеуілдетуде еш мағына жоқ екендігін сезіп, сол сұхбатты қалың окушыға ұсынып отырмын. Адал да өрелі ойлар тұнығынан еркін сусындауларынызға тілектеспін.

## **Тұрсынбек Қәкішев: Қадірлі, Ғабе!**

Был, 1974 жылы қазақ әдебиетінің ұлы жазушыларына арналған жиындар етіп жатыр ғой. Әнеу күні Илияс Жансұғировтың тойын өткіздік. Содан кейін университетте Сәкеннің 80 жылдық тойы өтті. Ол, әрине, қалалық жиналыс емес, университет-коллективтің Сәкенге арнаған жиыны. Сонда өзінің естелік айттынызы.

Сол айтқан естеліктеріңізге жүртшылық құлақтанып қалыпты. Сол жиында магнитофонымыз дұрыс жұмыс істемей, жазып ала алмадық Енді, әрине, ол өткен дүниені қалпына қайта түсіру киын, дегенмен де сол жиналыста сөйлеген сөздерінізді, айтқан естелігіңізді бүгін суыртпақтап шығарып алсақ деген едім. Сонымен қатар, жалғыз Сәкен емес, сіздің творчествоңызға байланысты да біраз саудалдар туатыны сөзсіз. Осы жағдайларға байланысты сізben дидарласып отырымыз. Сіздің Сәкен жайлы пікірлерінізді, өз творчествоңыз туралы ойларыңызды білгіміз келеді.

Әрине, Сәкеннің, Илиастың, Бейімбеттің бір жылдың төлі болуы қазақ әдебиеті классиктерінің молдығын көрсетеді ғой. Алайда, үшеуі үш жылда туса, сөз мерекесі, әдебиет мейрамы ұзара түсер ме еді деген ой келеді. Әрине, үшеуінің бір жылда туғанын енді түзету киын, бірақ дегенмен де біздің әдебиетіміздің танылуында, әдебиетіміздің халықаралық денгейге шығуында осындаи классиктеріміздің үлесі мол ғой. Сондықтан осы әңгімемізді классиктерімізге, оның ішінде Сәкенге байланыстырып өткізсек деп едім. Мен бірнеше сұраптар дайындалған келдім. Сіздің пікіріңізді білгім келеді.

Мысалы ғой, Сәкен жөнінде қазір пікір айтқан адамдар аз емес. Сәкеннің әдебиетіміздегі орны, мәдениетіміздің, халқымыздың тарихындағы орны жөнінде пікірлер көп айтылып, көп жазылды. Сіздің пікірлеріңіздің, жазған мақалаларыңыздың, айтқан ойларыңыздың барлығы да окушы жүртшылықтың көнілінде, кітапханасында. Солай бола тұрса да, тағы да бір рет Сәкеннің қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетіндегі орны қандай? Соңғы кездің көзқарасымен қалай түйіндеуге болады? Сәкеннің қазақ мәдениетіндегі, әдебиетіндегі, халқының тарихындағы орны жайында түйінді пікіріңізді анық айтып берсеңіз екен.

**Ғабит Мұсірепов:** Сәкеннің қазақ әдебиеті мен қазақ совет мәдениетінің, жалпы халық ағарту жұмыстарының жаңа беталыс табуындағы орны ерекше ғой. Сәкен алғашкы кезде Жаңа әдебиет, жаңа мәдениет дегенниң бағытын жапа-жалғыз белгілеген адамымыз деуге болады.

Біздін зерттеушілерде бір ескерілмей жүрген жағдайлар бар. Сәкен революция туын көтеріп шыққанда Сәкеннің қасында қаншама жазушылар бар еді, қанша қалам кайраткерлері, қанша халық ағарту жағындағы әлеумет қайраткерлері бар еді? Дәл Сәкен «Жасасын Совет» деп атқа мінгенде ондай жолдастары аз болатын.

Жүртқа мәлім ғой, бүкіл қазақ интеллигенциясының ол дәуірде 90 проценті ұлтшылдық бағытта жүретүғын. Кейін олардың бізге келіп қосылғаны жоқ емес, бар. Бірақ ол дәуірде Сәкенге жолдас болғандары жоқ.

Сәкенді біз совет әдебиетінің негізін қалаушы деп айтатын болсақ, ең алдымен Сәкеннің сол майданды жалғыз басқарып, совет ұранын жалғыз көтергендігін ескеруіміз керек.

Шындығына қарағанда, «Қазак», «Ақжол», «Сарыарқа», «Абай», «Сана», «Шолпан» журналдарының айналасы лықсып толып отырған бұрынғы ескі интеллигенция еді ғой. Оның барлығының да бағыты тап сол дәуірде совет құрылышының бағытымен ұштасып жатпайтүғын. Көпшілігі негізі қаланып жатқан жаңа құрылышқа қарсы болып отыратұғын.

Сол кезде Сәкен, әйтеір шамасы келгенше, жалғыз да болса қызыл туды қолдан түсірген жоқ. Сәкеннің өзі үлкен ақын. Әсіресе, жазғанынан гөрі өзінің жаңы үлкен ақын адам болатүғын. Сөйте тұрып, сондай жалғыздығына қарамастан, Сәкен бұрылмастан, айналмастан бәріміздің өсуімізге, бүгінгі Совет әдебиеті деп саналатын үлкен әдебиеттің балаң кезінде соның бағытын аудармай, бұлжытпай жаңа дәуірге қарай бейімдеп басқарып отырды.

Сәкен жалғыз және сол жалғыздығына қарамай үлкен орын алған кісі. Сондықтан мен Сәкенді басқалардан ерекше бағалаймын.

Қаншама өссек те, ол кезде жаңа туып келе жатқан қазак әдебиетінің кадрлары түбегейлі әзірлікпен келген, дүниетану жағынан белгілі көзқарасы қалыптасып болған жандар емес қой. Сонысына қарамай, Сәкен бізді дұрыс жолға, дұрыс бағытқа бастап кетті деп ойлаймын.

Сол бағыт, сол Сәкеннің берген үлгі-өнегесі біздің совет әдебиетінің тез өркендеп кетуіне үлкен бағыт, кәдүілгі орыс халқы айтатын, путевка берді. Бізде ондай путевка деген-нің дәл мағынасы шыға бермейді. **Сәкеннің жалғыз жүріп алысқан, жүріп келе жатқан революциялық дәүірдің бағытын** (Мен әдебиет-мәдениет майданындағы бағытын айтамын) жалғыз өзі берік ұстап, жалғыз өзі мой-нына алған, жас кадрлар жинап, болашактың жолын, бағытын сызып кеткендей адам көремін.

**T.K.** Кейінгі сұраптардың ішінде ондай сауалдарым бар еді. Алдын алып қойдыңыз. Ендігі бір мәселе Сәкенде алғаш көргеніңді айттып беріңізші. Алдымен Сәкеннің өзін көрдіңіз бе, алде данқын естідіңіз бе? Революция жо-лындағы ер-азаматтың, іс-әрекетінің сізге жасаған әсері қандай болғанын баянdap беріңізші.

**F.M.** Мен елде 20-жылдары ауыл кенесінің хатшысы дегендей, волисполкомның мүшесі дегендей, одан басқа да әр түрлі қызмет істеп, баяғы, қолға газет түсіп қалса, оқып жүретін жастардың бірі едім. Ие, 21 жылды Пресногоркеуде жоғары бастауыш училище бітірдім. Бұрын молдадан екі-үш жыл оқығаным бар.

Кейіннен біздің үлкен атақты жазушыларымыз болып кеткен Илияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбиттер бұл кезде Сәкенмен қол ұстасып, жұмыс істескен болмайтұғын. Ұлтшыл интеллигенттер бір жағынан тұтас қалын, барлық баспасөзді, газетті менгеріп кетуіне шамасы келетін дәрежеде болса, Сәкенмен бірге қол ұстасып апара қоятұғын жазушылар, совет жазушылары дейміз ғой осы күні, ол кезде шыға койған жоқты. Сондықтан да, **Сәкеннің орны, тағы да қайталап айтамын, бөлек орын, ерекше орын, біздің мәдениетіміздің дұрыс бағыт алып кетуі жағынан қарағанда.**

**T.K.** Сәкенде алғаш кездестіруіміз, көруіміз жайында: Алдымен Сәкеннің даңқын естідіңіз бе, иә болмаса өзін көрдіңіз бе? Осы жайында алғашқы әсеріңізді айттып берсеңіз.

**Ф.М. Сәкен** деген ақын, революцияны өз қолымен жасасқан. Ақмолада Советтің туын өз қолымен көтерген. Халық Комиссарлары Советінің председателі, халықтың аса бір қамқор адамы деген даңқ қазақ халқына кең жайылып жататын. Мен де солай алдымен даңқын естідім.

Сонан соң 1923 жылы күзде мен Орынборға окуға келдім. Рабфакқа, Орынбордағы оқу ісіне араласу Сәкеннің екінші бір қызметі сияқты екен. Сәбит рабфакқа бір жыл бұрын келіп түскен.

Сол отыз баланы анда-мұнда ересектер мектебіне, «опытно-показательная школа» дейтін он жылдық мектепке, Рабфакқа, Қазақ институтына бөліп-бөліп орналастыруда Сәкен оқу жұмысын басқаратын адамдай қатынасты. Сол отыз шакты баланың бәрі де окуға қабылдандық.

Сәбит 22-жылы Рабфакқа түскен соң, Сәкенмен жақындастып кетіпті. Сәкеннің Орынбордағы Деевская, 5 дейтін үйінің бір бөлмесінде тұрады екен Сәбит. Сәбит пен бірге қыс ортасына дейін мен де сол үйде тұрдым.

**Буденныйдың мұртындай қайырып тастаған мұртты, қара толқынды келген шашты, өзі аққұба, көз қығы өрекше, денесі сом, ерекк ішіндегі аса бір сымбатты адам еді.** Мен Сәкеннің олендерінен кейде ырғақ жағынан болсын, ой мен түр жағынан болсын кемшілік таба аламын осы кезде. Бірақ Сәкеннің кісілік жаратылышында бір кемшілік жоқ деп ойлаймын.

Ол шай үстінде көп әнгіме айтатын, өзі домбыра шертетін. Сәкеннің шайы деген 2-3 сағатқа созылады. Ол кезде арак ішу деген жоқ қазақ арасында, темекі тарту аз. Кем болса он-он бес кісі Сәкеннің айналасына жиналадар еді. Оның үшеу-төртеуі Қарсақпайдың, Қарағандының жұмыскері. 1912 жылы Лена оқиғасына қатынасқан Угар Жәнібеков сияқты, сосын өзі окуға түсіріп, өзі өсіріп келе жатқан бірталай жұмысшы жастар, ел жастары Сәкеннің үйінде тұратын, ал тұрмағандарының өзі де Сәкеннің мойнындағы асыранды балаларындай көп болатұғын.

Сәкеннің кескініне қарап, оның ақын екендігіне сенетін едік. Сәкен жиырма сегіз жасында Совнарком председателі болған гой.

**Енді қарасақ, Сәкеннен біз сегіз жас кіші екенбіз, бірақ сол кезде ол бізге таудай, ұлы адамдай көрінетін.**

**Өйткені әрбір ісінде елдің қамы аңғарылатын.** Өзінде көп аралайтын. Әсіресе, Орал өніріне көп барып жүрді. Орынборға жақын маңайдан окушылар экеліп, ел тіршіліктерінен көп әңгіме айтып жүретүғын. Сол кездегі Сәкеннің жазғанынан Орынборға қарайтын елдердің біразының тіршілігі қандай екенін көресіз.

**Т.К. Сәкеннің сізге тікелей тиғен жәрдемі бар ма?**

**F.M. Бірінші,** Сәкен мені рабфакқа түсірді. Екінші, мен 1924 жылы партияға түсемін деп арыз бергенімде, Сәкен менін рекомендаторым болды. Сәкен арқылы мен Әліби Жанкелдинмен таныстым. Бір адам болса да революцияға дейінгі стажы бар адам керек болатын ол кезде. Әлекен маган рекомендация берді.

Ол кезде партияға рекомендация беруге 5 кісі керек еді. Сәкен мені сол кезде КазПИ-дің ректоры болған Баймен Алманов деген кісімен таныстырды. Ол да ескі коммунист еді. Маган рекомендация берді.

Тағы бір жайды еске алуға болады. Қаракұм деген жерде 30-шы жылы аудандардың ортасындағы жер таласы болып, Әліби Жанкелдин, Сәкен, мен, тағы біраз адам сонда бардық. Сол кезде біз Арапда бір вагонда тұрдық. Әрқайсымыздың бөлек купеміз болушы еді.

Сәкен бәрімізден ерте тұрып, қыдырып кетеді. Қунде танертен Ташкентке қарай Москва поеззы өтеді. Содан газет алып келетін еді Сәкен. Бір күні, мен тұрған жоқ едім әлі, купемді ашып, Сәкен менің бетіме «Литературная газетаны» «оқы» деп тастай берді. Өзі шығып кетті. Газетті жалма-жан алып қарасам, Маяковский қайтыс болған екен.

Маяковскийдің өліміне Сәкен қатты қайғырды. Өзінің де Маяковскийше жазған кездері бар той. Ешкімге айтып жарияламаса да, Маяковскийді өзіне арқа тұтатын.

**T.K. Маяковскиймен екеуі дос болыпты деген әңгіме бар той.**

**F.M. Маяковскиймен** Сәкен көп кездескен сияқты. Сол газетте Маяковскийдің «товарищ правительство, моя лодка разбилось о быт, к чему теперь вспоминать бед и обид» деген жолдары бар еді. Соны Сәкен қайта-қайта еске алып, жазушылар арасындағы жағдайларды көбірек айтып кетті. Содан кейін біз жүк машинамен жолсыз Қаракұмға жүріп кеттік.

**Т.К. Қаракүм деген қай жер сонда?**

**F.M. Бұл – Шалқар мен Үрғызың ортасында Жезқазғанның күнбатыс солтүстік жағында.**

**Т.К. Ақтөбе мен Жезқазғанның екі ортасында, еken fой.**

**F.M. Иә, сол маңай. Сол жолда Сәкен ылғи тоқтаған жерде мені қасына ертіп, даланы кезіп кетуші еді. Әсіресе, Маяковскийдің өлімі Сәкенге үлкен бір ой салған сияқты. Ол Маяковскийдің ақындығының басқаларға ұқсамайтын ерекшелігін көбірек айтатын. Сол сапардағы екі нәрсе есімде қалыпты. Біреуі – «Сәкеннің досы көп. Сәкеннің жолдасы көп дейді жұрт. Шындал қарасам, менің жолдасым да, досым да, тіпті қайда барсам да толып жатыр. Бірақ солардың ішінде бір сырласым жоқ еken» – деді. Мұнайып айтқандай болды.**

**Т.К. «Сыр сандықты» жазған кездегі көңіл күйлерінен әлі айыға алмай жүрген тұсы ғой?**

**F.M. Иә, сол «Сыр сандық», айтпақшы, содан кейін жазылды ма еken?**

**Т.К. Алдында жазылды.**

**F.M. Э, солай ма?.. Әйтеуір, «Сыр сандықтың» эсерін сол далада көбірек айтып жүрді. Ол кезде мен жаңа ғана жаза бастаған кезім еді. Сонда сырласуға, иә болмаса, ең берісі ашылып сөйлесуге болатын жастардың бірі шығар деп үміттенуі де мүмкін. Мен оны солай үміттеніп еді деп айта алмаймын. Өйткені, Сәкеннің аты Сәкен.**

**Т.К. Сәкен сіздің «Тулаған толқында» атты шығарма-цызды оқыған шығар?**

**F.M. Оқыды.**

**Т.К. Сәкен тұсінігіндегі сұлулықтың сыры қандай еді?**

**F.M. Сәкен айтатын: «Кейбіреулер қиялындағы сұлу әйел бейнесін өзі ойша жасап алады да, сосын оны өмірде кездестіре алмай, әуре болады да жүреді. Бірақ мен білетін, мен сүйетін әйелдің белі, көзі, мұрны, бойы, аяқ-қолы менің өз ойымда ғана болуы мүмкін», – деп. «Өз ойымда жасалған» деген жоқ, «өз ойымда ғана болуы мүмкін», – деді.**

Кеше «Иностранный литература» журналында Петрарка туралы үлкен зерттеу шықты. Авторы есімде жоқ, поляк жазушысы болу керек. Сол Петрарка бір бейнені өзі ойдан жасап, соған өзі ғашық болып кеткен. Петрарканың 300-

400 өлеңі бар. Соның барлығы бір адамға, бір ғана әйелге жазылған. Тарихта мұндай аңыздар бола береді. Өзі салған суретке, өзі тастан қашаған мүсінге өзі құмартып ғашық болып жүретін көркемөнер қайраткерлері бар ғой.

**Т.К.** Сөзінді бөлгенге ғафу етерсіз. Сіздің «Кездеспей кеткен бір бейне» атты шығармаңызда, сұлулықтың символы ретінде, осы айтып отырған ойлардың дамытылған формасында.

**F.M.** Соның ұшқыны ғой.

**T.K.** Соны Сәкенге байланыстырған уақытта.

**F.M.** Мен шамам келгенше, «Кездеспей кеткен бір бейнеде» «Ақлиманың бейнесін Сәкеннің өзі толықтыраң ма еді» деген ойда болдым. Сәкен бір-ак рет көріп қалады да аныктай, бейнелей алмайды, бірақ. Сәкен оны өз ойымен есіріп, өндеп, әдемілеп, нағыз ғашық болатын қыз етіп алған ғой. Мен сол тұрғыда жазып едім оны.

**T.K.** Сұлулықты, ажарлылықты, ақылдылықты қастерлеу жөніндегі ойларыңызды мына соңғы жазып жатқан повесіңіздегі Ұлпан бейнесімен байланыстыра кетсеніз.

**F.M.** Жазушы болған соң еліміздің тарихына байланысты нәрселерді қарастыра жүресің ғой. Менде шешілмей жүрген бір жұмбак бар. Мынау жиырма екі болыс Қаракесек елінің ұраны – «Қарқабат». Қарқабат – әйел аты Біржан-Сарамен айтысқанда. «Сал Біржан салды әнге Қарқабаттап», – дейді. Біржан ұлы жүзге келіп айтысқанда, арғынның ақыны болып айтысады ғой. Ол өзі – Нұралы Керей. Мынау мен жазып отырған Есеней – сол Қожағұл, кәдуілгі Біржанның атасы ғой. Өтеп деген адамның жерін тартып алған. Сол Біржан Арғынның атынан айтысқа түскенде сиынатын аруағы, шақырған ұраны – Қарқабат – әйел. Екінші, Қытай жерінде он екі болыс Абақ керей бар дейді. Сондағы Абақ деген кісі де әйел. Ал мынау орта жүзде Айбике, Нұрымбике, Күнкөке, Сүйінбике деген елдер бар, соның барлығы үлкен-үлкен руларға қойылған әйелдің аты. Сәкеннің елі – Енең деп аталауды.

**T.K.** Иә, солай...

**F.M.** «Енең деген – «әжен»» деген сөз ғой. Сонда бұлар Қыз Жібек немесе Баян сұлу сияқты сұлулығымен атағы шыққан әйелдер емес, болмаса матриархаттан келе жатқан

сарқыншак емес. Кәдуілгі патриархальды феодалдық дәуірде елді билеп кеткен әйелдер.

Мен алып отырган Ұлпан деген кісі біздің елден шықкан, өмірде болған адам. Зираты біздің ауылымыздан екі шақырым жерде еді. Бірақ, ол менің көрген кісім емес, сондықтан анау әйелдерден желі тартып барып, бейне жасауға тиістімін ғой. Сол елге егін салдырған деген даңқы қалған, шөп шаптырған, қыстау салдырған. Есенейдің, бай Есенейдің малын бүкіл ел болып, жалғыз соның аузына қарап, кара қазанына қарап ши болып қалғанда, солардың 15-20 жылдық сибебін бөліп беріп, елді ел қылған адам дейді Ұлпанды.

Мен қазак елінің бір ақылды әйелінің бейнесін жаса-мақпын. Басқа елде өзінің көрікті әйелін де, ақылды әйелін де, басқа әйелін де бейнелеп жүр ғой. Мынау Ұлпан сондай әйелдің бейнесі болар деп жаза бастаған едім. Мұнан кейін де тағы бір әйел суреттеледі, соны бейнелегендеге де мен сонау Сәкеннің алыстағы әсерінен нәр аламын ғой деп ойлаймын. Кейде сол әйелді сипаттағанда, мінез-құлқын жазғанда, Сәкеннің «Шіркін-ай», сондай әйел болар ма еді? – дейтүғын бір арманды өкініштері есімде қалған сияқты, ылғи көз алдында тұрады

**Т.К.** Олай болса, Сәкеннің, Сіздің сұлулық жөніндегі көзқарастарыныздың барлық жиынтығы «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан» арқылы сыртқа шығып жатқан сияқты ғой, тегі.

**F.M.** Солай деуге де болады.

**Т.К.** Енді Сәкеннің өзіне қарай қайтадан бір оралсақ қайтеді? Сәкен ҚазАПП-ты құрған уақытта соның жетекшісі, алғашқы ұйымдастыруышы болды ғой. Совнаркомнан түскеннен кейін Москвадан «Кузницаның» өкілі, РААП-тың өкілі болып келді. Сондағы алған әсерініз, қазақтың совет жазушыларын ұйымдастырудагы Сәкеннің іс-әрекеттері қандай болды?

**F.M.** Мұнда бір өте нәзік жағдайлар бар. Сәкен ұлтшылдық ықпалында жүрген адамдарды оңай тәрбиелеп аламын деп ойламаған кісі. Сондықтан, әдебиеттен, мәдениеттен жаңа беталысты тезірек ұғынып, қолға алып кететін алдымен жастар болуы керек деп үміт артқан сияқты.

ҚазАПП-ты алғаш ұйымдастырған кезде мен ол маңайда болған жоқпын. Оқып жүрген кезім. Сонда Сәбит, Асқар Тоқмагамбетов, Тайыр Жароков, баяғы Қалмақан Әбді-қадыров, Елжас Бекенов, Әбдірахман Айсарин, Әбділда Тәжібаев секілді жеті-сегіз адамды бірден жастардан жи-напты.

Бұл кезде Мағжанға қарсылық қатты қүшейіп тұрған кез, оның да әлі бізге мойын бұра қойған кезі емес. Ол Жамбылдың кезі емес. Ол «Мен тоқсанмен біргемін» дер кезі емес. Әріректе, әлі шалқақ жатқан кезі Мағжанның.

Сосын біраз әдебиетшілер «Қазақстан» баспасының айналасында болды. Таңкентте шығатын газет-журналдың айналасындағылар ҚазАПП-тың бағытына түп-түгел қарсы. ҚазАПП-тың бағыты түгіл, жалпы қазак әдебиетінің өсіп-еркендеу жолына қарсы «Орыс жазушылары олай қылған екен деп, біз де былай қыла салмауымыз керек» деп сіресіп жатқан кезі ғой. Және олардың өзі білім жағынан Сәкен-нен артық болмаса кем емес, қалай дегенмен, тең. Оларды тәрбиелеймін деп Сәкен әуре болмай, әуелі жастардан жазушы жинаған. Эрине, келе-келе бұл жастардың ішінен де кішкене теріс азулар шығып кетті. Жалпы, осы өзімізден басқаны ішке кіргізбейік дегендегі бағыттар болып, солақайлық жасалды. Мысалы ҚазАПП-қа Бейімбет пен Ілиясты тартпау сияқты, бұл әрине жақсылық емес қой. Бірақ Сәкен, мен білетін Сәкен, Бейімбетпенен, Ілияспенен дос адам еді. Оларды қатты бағалайтын адам еді. Сол кезде де солақайлық қүшейіп, Сәкенге «Сіз енді ақсақал болып, үйде отырыңыз» деген сынай байқалатын.

**Т.К. Қалғаның өзіміз жөндеп аламыз деп қой, баяғы.**

**Ф.М. Иә, қалғаның өзіміз істеп аламыз деп біраз адамды маңайларына жолатпай жүрді.**

**Т.К. Қайыпназаровтардың тұсы ғой.**

**Ғ:М. Қайыпназаровтардың тұсы. Баяғы Әбдірахман Байділдин болды. Солақайлық жағынан біздің Сәкен де ешкімге есесін жібере қоймайтығын. Бірақ сол тұста «Жыл құсы» дейтін альманахты, «Әдебиет майданы» журналын шығаруда Сәкен басшы, көсем болды.**

**Т.К. Тағы да бір топ сұраптарым бар. Ол көбіне Сәкеннің қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлігіне байланысты.**

1923 жылы Сіз Сәбенмен екеуініз Сәкеннің үйінде жатқан уақыттарыңызыда Мемлекет басшысы ретінде біраз айттыңыз ғой әлгінде.

Жалпы халықтық тұрғыдан келген уақытта, қазақ мәдениетін, қазақ елін, шаруашылығын көтеру тұрғысынан келген уақытта өзініз білетін Сәкеннің арманды ойлары, жүзеге аспай қалған жоспарлары бар ма? Жоқ болмаса солардың көбін өзі біраз атқарып, деңдеп тастанды ма? Осы жөніндегі ойларыңыз қандай?

**F.M. Сәкен** адам ретінде, мемлекет басшысы ретінде, менінше, ешкімге жақсылықтан басқа еш нәрсе ойламайтын. Бұл сол кездегі, менің жас кезімдегі әсерім емес, кейін де талай әңгімелерде, талай істерде байқалған. Сәкеннің табиғаты ғой деп ойлаймын.

**Сәкенді «анаған қарсы болды, мынаған қарсы болды»** дейді ғой. Бұның көвшілігі Сәкеннің атымен жасалған істер. Сондай қолайсыз жағдайларды, әсіресе мына жікшілдік жағындағыны, Сәкенге таңып жіберіп, Сәкен көбінесе содан күйіп жүретін.

Мен оны Совнарком кезінде «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болғанда көріп, біліп жүрдім. Сол лауазымдарына қарамай, оқу істеріне қатты араласып отыратын адам еді. Әлгі, 1922 жылғы ашаршылық кездерінде Сәкен едің жайына көбірек назар аударатын, әңгімесінің көвшілігі соған арналатын.

Ол кезде Сәкен Қазак автономиялық республикасының Совнарком председателі ғой. Біздің рабфакқа жаңа түсken кезіміз. Сәкеннің айтқан әңгімесіне құлақ қойып, зер салып тыңдағанымыз болмаса, анықтап сұрауга шамамыз келмейтін. Сол тұста сайлау деген де жиі болып тұратын: болыс сайлауы, ВЦИК-тің сайлауы, КазЦИК-тің сайлауы, Советтердің сайлауы.

**Әлгіндегі әңгімелер үстінде өзінің Ленинге жолық-қанын, Қремльге тоқтаусыз кіре беретінін, Ленинмен қалай сойлесетінін көбірек айтатын еді.**

Менің байқауымша, ол Ленинге 3-4 рет кірген, 3-4 мәжілісте болған сияқты сезілетін еді. Съезд уақытында Совнарком председателінің президиумда болулары да мүмкін. Онда болмаса, съезд үстіндегі жүріс-тұрыстарда

сейлесуі, не өзінің кабинетінде Лениннің Сәкенді қабылдауы даусыз ғой деп ойлаймын. Ленин жайын сұрай қою бізге ол кезде тіпті ретке келмейтін шаруа ғой. Соны біз анықтай алмай кеттік. Білсе, естігені бар, әлгі Қаскей Өтекін білер, құлағында не қалды екен, өйткені ол «Енбекші қазақ» газетінің секретары болатын.

**Т.К.** Әнеукүні университетте естелік айтқан уақытта Лениннің мінезін аңғартатын бір детальды: «Осылай емес пе?», – деп басын қисайтып, бір сұрақ қоятын әдетін айттып едініз.

**F.M.** Ондай жайларды Сәкен көп айтатын. Өзіне бір рет Ленин «Ты же поэт» деп қалғаны бар деп айтатұғын еді.

**Т.К.** Оны қандай жағдайда айтты екен?

**F.M.** Ондай әңгімелерде Лениннің айтқан негізгі, салмақты мәселелерін бізге айта қоймауы мүмкін. Бірақ сол жеке кездесу кездерінде, әсіресе салынайын деп жатқан Қекшетау жолы әңгіме болған сияқты. Кейін оны «Жер қазғандарда» жазды. Осы төңіректе бір әңгіме болғаны анық. Кең байтақ қазақ даласының қарым-қатынасы жоқ, бір облыска бару үшін қашама күндер кететінін айттып, темір жол салу жағын тездедуді өтінген жайы бар сияқты. Сол кезде Ленин: – «Оны тез жасайтын ақша қайда, ты же поэт, саған ол оңай көрінеді, ал біздің қалтамыз бос отыр ғой», – деп айтқан сияқты.

**Т.К.** Қаражат мәселесіне, Ленинмен кездесуіне байланысты мынадай бір жай менің есіме түсіп отыр. Архив документтеріне қарап отырганда, қаражат өзі қашанда жетпей жатады ғой.

**Біздің республикамыздың жол қатынасын жақсарту мақсатында Сәкен аэроплан алу, теміржолды өркендету мәселесін қатты қөтерген.**

Ал сонымен қатар, ең бір айырықша, ақшаны көп тілеген және элеумет ыждаштын талап еткен мәселе – оқу-ағарту саласы. Сәкеннің айтатыны бар ғой: «Қазақ халқы енді бір жиырма жылдың ішінде мәдениетті елдердің қатарына қосылуы керек», – деп, мүмкін, осыған қажетті каражаттар жөнінде, осы мақсаттар деңгейінде болған әңгіме шығар.

**F.M.** Сәкеннің аэроплан сатып алу керек деген екі-үш мақаласы бар ғой. Сәкен теміржолды, экспресті, аэропланды

жазғанда да біздің еліміздің, жеріміздің сонша шашылып, бытырап жатқанын еске алған. Мәдениетті елдердің катарына тез жету үшін теміржол, аэроплан керек дейтін ойлары оның Ленинге байланысты да айтатын әңгімелерінің бір үлкен саласы болатын.

**Баяғыда қызыл отау керуені деген жүргізілді ғой. Оны біз қазір Әліби Жанкелдин атына байланыстырамыз.** Әлекен тек сол қызыл отаудың, сол керуеннің бастығы ғана. Оны шығарып жүрген, елге спектакль апарындар, оку апарындар, білім апарындар деген идеяның көбі Сәкеннен таралған болатын. Сәкеннің керуені қайтып келгенде қатты наразылық айтқаны бар: «Спектакль беріндегі деп те кісі қостық, пьеса да, әншілер де, домбырашылар да бердік, соның барлығын пайдалана алмай, әншейін өлең айтудан басқа жағын келістіре алмай келді», – деп.

**Мен білсем, Сәкен өзі республикалық ЧК-ның сауатсыздықты жою жөніндегі комиссиясының бастығы болатын.**

**Т.К.** Ол жөнінде жазған макалалары өте көп. Сосын, өзінің ағартушылық, мұғалімдік парызы да бар ғой мойнында.

**F.M.** Ол өзі 1916 жылы мұғалімдік семинарияны бітірген, енді бала оқытам дегенде қозғалысқа қатысып кеткен адам ғой. Содан соң ол қайтып бастауыш мектепке оралған кісі емес, сабак берген кісі емес. Кейін, осы Алматының өзінде Сәкен сабак бермей отыруына да болатын еді, бірақ сол әртіннен келе жатқан әлгі халық ағарту қызметкерлерінің парызы болуы керек, осы КазПИ-де, анда-мұнда сабак беріп жүрді.

**Т.К.** Осыған байланысты менде тағы да бір сұраптар туып отыр. 1922 жылдан бастап Сәкен қазақ тілін кеңсе тіліне айналдыру мәселесін көп көтерді. Ана тілі арқылы халықты өкімет ісіне жақыннату, сот тілі арқылы елді еркендешту, жеткізу мәселесіне Сәкеннің көзқарасы қандай еді?

**F.M.** Сәкен қазақтың тілі дегенге қатты қарайтын кісі еді. Ол елдің конституциясының бірінші пунктінде «Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі» деп жазу керек деп

сейлейтін. Ал біріміз орысшалап, біріміз қазақшалап, «шала молда дін бұзар» болып отырсақ, ел өз бетінен өзі дұрыс ойланып, өз сана-сезімімен түсінбесе, өз ісін өзі орнықты істей алмайды. Елдіктің негізігі белгісі – тілінде. Осы мағынада ол көп сөйлейтін, көп жазатын да еді.

Ол кезде көптеген қазақ аудандарында кенсе, оку-ағарту істері – барлығы қазақ тілінде жүретін.

**Сәкен тілдің жеке ғана сөйлесу үшін, жеке ғана қызмет атқару үшін керекті нәрсе деп ұғынбайтын.** Тілдің өзі көп салалы. Жалғыз әдебиет тілі ғана емес, мемлекеттік, яғни кәдуілгі кенселік тіл, заң тілі, әскер тілі, сонымен бірге ауыл шаруашылық, өндірістік дүние жағындағы тілі болуы керек дейтін.

Менің алғашқы басылып шыққан нәрсем – «Американ бидайығы» деген кішкентай кітапша. Білмеймін, неше бет екені есімде жоқ. Сонда «сен маманмын деп маманша да жазасың, бірақ сенің тілің жақсы екен, шаруа адамдары түсіне алады екен, олардың басын шатастырмасын», – деп еді. Мактаған түрі солай болушы еді ол кісінің.

**Демек, ол тілге, тілдің осуіне мемлекеттік қолемде кен қараған кісі. Онысы кейде өзіне зиян болып жүрді. Кейбіреулер әдейі бұрмалады ғой.**

**Т.К. Тоғыз** мақала жазды ғой ол тіл жөнінде. Айтпақшы, осы кезде Би-агаң қабырға газетіне жарияланған Сіздің «Тулаған толқынданы» оқитын еді ғой. Элгі «Американ бидайығынан» туып жатқан ойлар ғой.

**F.M. Би-агаң** деген кісі бір қызық адам еді. Жазушылардың бір түрлі болмай, әртүрлі болғаны жақсы. Екі Сәкен болса бір жерге сыймас еді, екеуі қызық та болмас еді.

Би-агаң Сәкенге мұлде ұқсамайтын. Оның мінезі – азырақ тұйықтау деуге келе ме, немесе қақ-сокта жұмысы жоқтығына қарап, тұйық көреміз бе, ол өзі кәдуілгі ішінен ойланып, ішінен тексеріп жүретін адам болатын.

Ол кезде мен «Еңбекші қазакта» корректор болып істейтінмін. Оқып жүріп сөйтетінбіз, ақша тауып, күн көрек. Сол кезде, әйтеуір, Бейімбет араламаған институт болмайтын.

Бейімбет жиналыстарда, президиумға да отырмайды, келгенін де ешкімге білдіртпейді. Талай жиналыстарда әшешійін топтың бір шенінде отыра беретін еді.

Әрбір жиналыста бірдене оқылмай, бірдене айтылмай қоймайды ғой студенттер арасында. Соны Бейімбет ертеңіне ұстап алатын сияқты еді маған. Осы Тайыр (Тайыр КазИНО дейтін институтта оқытын) содан тауып алды, білдініз бе? Мені рабфактан тауып алды.

**Т.К.** «Біздің Би-аган» деген естелігінде айтып отырсыз ба?

**F.M.** Иә, өзінің жазғандарын да бастан-аяқ білесіндер ғой. Әйтеуір, осы қазақтың тілі, психологиясы дегенге боямаламай жазуға келгенде Бейімбет ерекше адам. Сосын, қазақ жазушыларында, осы Советтік Қазақстанның тұган құнінен бастап қаламы қолынан түскенше жазып кеткен өмірі – осы бүгінгі өмір ғой.

**Т.К.** Советтік өмірдің шежіресін жасап кетті ғой.

**F.M.** Иә, шежіресін жасаған адам. Төрелікке, бірдемені басқаруға жоламайтын адам еді.

**Т.К.** Сізге «бастық сен бол, жұмысын атқаратын мен болайын» деп жүргені содан екен ғой.

**F.M.** Мен бастық болып келгенімде партбилетім әлі қолға да тиғен жоқ еді. Кандидаттықтан мүшелікке аударылғанмын. Сол кезде мені баспаның бас редакторы етіп бекітті.

Бейімбет сол баспада қызмет істеп отырғанда, менің кенсе қызметіне араласқан бірінші қызметім ғой бұл. Шынында, келе-сала бас редактор болу тіпті ойыма да, миыма да сыймай қойды. Баяғы рабфактан кейін бірінші кездесуім еді. Би-агана сонша жалындым. «Сіз барда менің тіпті ретім келмейді» деп. Әйтеуір мойнына арқан салудан басқаның бәрі істелді. Бейімбет көнбей қойды. Ол керемет қарапайым, еңбекші адам еді ғой.

**Т.К.** Бейімбет екеуініз бірігіп «Аманкелді» пьесасын жаздыныздар. 1936 жылы «Социалистическая Алма-Ата» дейтін газетте (Қазіргі «Вечерняя Алма-Ата») орысша повесть жаздыныздар ғой деймін.

**F.M.** Иә, иә.

**Т.К.** Оған себеп болған жағдай не?

**F.M.** 32-жылы біздің Қазақстанда бір ауыр жылдар болды ғой. Сонда...

**Т.К.** Әлгі «Бесеудің хатын» айтасыз ба?

**F.M.** Сол «Бесеудің хатының» ішінде мен де бармын. Бізді быт-шыт қылып, онда-мұнда куды ғой. Мені алты айға елдегі кемшілікті түзеп кел, жәрдем бер деп. Батпакқара ауданына жіберді.

**Т.К.** Кемшіліктерді көре біледі екенсіз, енді түзетіс дегені ғой.

**F.M.** Шолақсай деген жерде Помголдың тарысы бар. Сонда Аманкелдінің әйелі қыс бойы, байғұс түйемен тары тасиды екен. Баарда 120 шақырым жерге мініп баратын көрінеді, қайтарда жаяу келеді, түйені жетелеп. Әбден қалжыраған екен.

«Қыс бойы тасыдым, үйде ауру кемпірім бар. Бір жолға қалайын», – деп рұқсат сұрап келді. Мен енді өлкенің үәкілімін ғой. Райкомға айтып, босаттырып бердім.

Сол жолы Аманкелдінің әйелімен жолығып, жай-күйлерін сұрастырып, Аманкелдінің жайын біліп келіп едім. Мен ол кезде пьеса жаза алатын жайым бар деп ойламадым.

Би-агаңмен өте жақын араласып, достасып кеткен адам едік. Аманкелді жөнінде естіген-білгенімді айттым. Өзі де сол Қостанай жігіті ғой, оның да құлағында біраз әңгіме бар екен. Сол жылы күзде Аманкелді жөнінде пьеса жаздық.

Сонан соң, 1936 жылы Москвада бірінші онкүндік болды ғой. Сонда Сталин біздің басшыларға «Сендердің Чапаевтарың бар ғой» деген көрінеді. Ол кезде Чапаев киносы шығып, жер-көкті дубірлетіп жатқан. Біздің адамдар: «Бар», – деп Әліби Жанкелдинді атапты. Ол да онкүндікке барған топтың ішінде екен. Сонда Сталин: «Жоқ, ол емес, анау әлгі Тургайский комиссар, Тургайский» деп бір-екі рет қайталайды. Сейтіп есіне түскенде «Иманов», – дейді.

**Т.К.** Сонда Сталин Аманкелдіні білетін болған-ау.

**F.M.** Қалайша білгенін айта алмаймын, бірақ білген. Біз сол арада Всеғолов Ивановты тауып алышп, «Ленфильм-мен» шарт жасадық. Жұрт он құндіктен елге қайтты. Ал біз Бейімбет екеуміз Батпаққара жағына, Аманкелдінің еліне кеттік. Содан соң Бейімбет екеуіміз жазған очерк 14-15 санға басылды.

**Т.К.** «Социалистическая Алма-Атада» ғой.

**F.M.** «Социалистік Қазақстанда», «Казахстанская правада» басылды, білдіңіз бе?! 37-жылы басылды. Сол кезде 37-жылдың «науқаны» басталды. Сонын үзіліп қалды ол.

**T.K.** Осыған байланысты бір сұрағым бар. Сол кездегі газеттерде жазылды. Сіз бір жиналыста Бейімбет мәселе-сіне байланысты сөйлеп: «Егер Бейімбет жау болса, мен де жау шығармын», – депсіз. Соны таратада баяндап берсеңіз.

**F.M.** Ол енді болған нақты факт. Партия жиналысында айтылды. Осы мына Қара Қастекте күллі әртістер, «Лен-фильмнің» адамдары жаз бойы «Аманкелді» фильмін түсіріп жатқан. Бейімбет ұсталардан бір-екі жеті бұрын Мирзоян маган: «Сәкен мен Илияс ұсталып кетті. Енді, міне, Бейімбет те ұсталайын деп отыр. Материал көп...» – деп қынжыла айтты. Сонда мен Мирзояннан: «Онда мына фильмді қайтеміз?..» – деп сұрадым. «Түсіре берсін фильмді. Бір амалы табылар, ол фильм керек қой», – деді ол. Айтқандай-ақ Бейімбетті Қара Қастектен ұстап әкетті ғой.

Оны естіген соң Жазушылар одағында партия жиналысы болды. «Мына Бейімбет ұсталды. Сәкен ұсталды. Бейімбеттің достары бар» деп, қырағылық көрсетіп, атымды атамаса да, тие-тисе сөйлеп жатыр. Мен партия жиналысында айттым. «Бейімбет ұсталыпты, мен де естідім. Бірақ Бейімбет халық жауы емес, Бейімбет халық жауы болса, мен де халық жауымын». Бұл менің батырлық істейін деп айтқаным емес. Бейімбеттің тазалығына, қақ-соқпен жұмысы жоқтығына біржола сенген сөзім.

**T.K.** Дегенмен, өзінізде батырлықтың бір белгілері бар-ау. «Ұлпандағы» түрікпен Мұсіреповтен қалған болар, сірә?

**F.M.** Атадан балаға мінездер аудысатыны табиғи нәрсе ғой. Бірақ, сол тіпті жастықтың әсері болуы да мүмкін.

**T.K.** Әйтсе де, Фабе, «Бесеудің хатының» ішінде болдыңыз. Одан мына оқиға. Бұлар корқақтың қолынан келмейтін іс. Айтпақшы, «Бесеудің хаты» Сәкен, Илияс, Бейімбеттерге қалай әсер етті?

**F.M.** «Бесеудің хатынан» кейін, Сәкен маган ерекше көңіл танытты. Сәкен мені алақанына салып алардай қуанды.

**T.K.** Әйткені ол кезде өзі «Қызыл атты» жазып жүрді ғой.

**F.M.** «Қызыл атты» Мирзоян келген соң жазды.

**Т.К.** Оған дейін де жазды.

**F.M.** Бірақ кейін жарияланды.

**Т.К.** Алғашқы тараулары «Лениншіл жаста» 32-жылдың күзінде басылды.

**F.M.** Солай ма? Әйтеуір біздің сол мәлімдемемізге Сәкен: «Егер шындықты айта алмасақ, жазушы болып не керек, адалын айт, адалынан өлсөң арманың бар ма», – деді. Солай бағалады ол кісі.

Бейімбет «Әй, осы бірдемеге ұрынып қалмасаң жарап еді. Жай белгілі, жағдай киын», – деді. Ол солай дейтүғын.

Ал Илияс мұрны қолағаштай, қабағы қалың, денелі, құлмейтін кісі сияқты болғанымен, іштей юморист, қалжынбас болатын.

Илиястың бір-екі өте қызықты хаты бар еді. Мен Батпаққарада жүргенде, сүзек болып ауырып қалдым. Сонда Илияс: «Сен болсаң, курортқа кеттің, елге барып жатырсың. Біз мұнда іштен тынып отырмыз. Меніңше, сенің сүзек болып жатқаныңың өзі курорт», – деп жазыпты.

«Бесеудің хатын» Крайкомның бюросында қарап, бәрі мақтаган болды. «Жақсы қаулы аламыз. Сіздерге көніл аударамыз, пәлен-түген» деп Голощекин сөйлеген.

Бір-екі күннен кейін Илияс кез болды. «Көніл аударамыз депті. Құтты болсын көніл аударатыны». Солай сөйлесетін ол.

Бұлар бір ерекше адамдар еді өздері. Үшеуінің бір-біріне ұқсастығы жоқ, бірақ ой түптерінде барлығының саятын жері бір.

**T.K.** Енді осыған байланысты тағы бір сұрақ қоймақтын. Осы соңғы кезде, біздің кейбір әдебиетшілер арасында Сәкенді қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі деген деңгейде әңгімелеп, көптің бірі ретінде көрсетсек қайтеді дейтін сынай бар сияқты.

1957-1958 жылдары, «Қазақ ССР тарихы», «Қазақ совет әдебиет тарихының очеркі» жасалған кезде, сонын Сәкеннің 70 жылдық тойында жасаған баяндамасында Сәбит Мұқанов «Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен Сейфуллин» деуіміз керек деген пікірді нығызданап айтқан болатын. Сол тұжырым біздің әдебиеттану ғылымында қалыптасып еді. Қазір соңғы кезде көшпіліктің бірі деген

сияқты ойларды айтқысы келетін әдебиетшілер солай деп жазып жүргендер де бар.

**F.M.** Ол дұрыс емес. Әдебиетке біреу ерте қатынасты, біреу кеш қатынасты. Сәкеннен артық жазушы болып шыққандары да бар.

Сөйте тұра ол кезде Сәкен қазақ совет әдебиетінің туын көтеріп шыққанда қасында болғаны әлгі жастарғаған гой.

Ал туған жылдары бір екенін бәрінің, бәрі сексенге келеді екен, сондықтан бұлар бәрі бірге жасады деуге болмайды гой.

Бейімбеттің «Шұғасы» 16 жылы жазылған мысалы, Торайғыровтың 15-16 жылдары жазғандары бар. Иә, «Қамар сұлулары» 16 жылы ма немене, бәйге алған шығармалардың біреуі ғой. Мына Мамановтардың бәйгесін алған шығарма.

Бірақ ол кезде бұлардың бірде-бірінің басы қосылып, Сәкенмен бірге үзенгілес аттанғаны жоқ, білдініз бе?! Сондықтан Сәкенге, оның орнына тарлық жасамай-ақ қойған жөн.

**Әр нәрсенің алдымен бағыты ғой, ең маңызды нәрсе. Ал сол бағытты, біздің қазақ совет әдебиетінің бағытын сілтерде Сәкен жапа-жалғыз білдіңіз бе?!**

Біреуінің кейінірек қосылуы, біреуінің Сәкеннен анағұрлым төрөн жазушы болып шығуы қай әдебиетте де бар нәрсе ғой. Олар Сәкениң ана иті ісіне ортақтаса алмайды, совет әдебиетінің бірден-бір нұсқаушысы, бағыттаушысы болғандығына олардың қатынасы бола алған жоқ ол кезде.

Былай ғой енді, біз де жетпістен астық. Кейде бізді де қосып жібереді, ол совет әдебиетінің негізін қалаушылардың қатарына. Ол біздің жасымызға көрсетілген құрмет және біздің арамызда 5-10 жыл үзік бар. Сәкениң қасына еруге.

Демек, мұнда Сәкенге әдебиеттің бағытын бағдарлау жағынан ең жақын тұратын адам – Сәбит, білдініз бе? Өйткені сол 22 жылдан бастап ұрандауы Сәкенменен бірге.

«Жыл құсы» альманахын шығаруда, «Әдебиет майданы» журналын шығаруда Сәбиттің еңбегі мол. Сәкениң қол астында еңбек етті деп ойлаймын мен. Шынында да, солай, сондықтан Сәкенге ең жақын тұрған адам – Сәбит.

**T.K.** Сәкен қолбасшы болды да, Сәбең оның жауынгер генералының міндетін атқарды ғой.

**F.M.** Бұл арада бірін-біріне теңейміз, бірінен-бірі кем емес деген бірдемені өткізейін дейді ғой. Бұл немене, совет үкіметін біреу жасасқан болса, келесі адам оның істерін қостасып, қол ұстасып аттанған болса, соның бірінен-бірі кем болып санаға ма екен? Саналмайды ғой.

**Мұнда әдебиетті жасаушы бар, басқарушы бар, идеялық бағыт беруші бар, бұл кезде Сәкен байғұс жапа-жалғыз.**

**T.K.** Әлгінде Сәбен жөнінде де әнгіме болып қалды ғой. Сәбен 20-жылдан партия мүшесі, өмір бойы, жамбасы жерге тиғенше совет әдебиетінің туын көтеріп өткен адам. Көптеген құнды шығармалар берген жазушы. Сәбеннің дүниеден өткеніне бір жарым жылдай болып қалды, ал Сәбенді есте қалдыру шаралары, ескерткіш салу, музей ашу мәселелері мардымды емес, осы жөнінде қарын ашарлық істер болып жатыр. Осылай себеп не?

**F.M.** Бұл да жаңағы өзің айтып отырғанның бір саласы, бір көрінісі. Соның әсері ғой деймін. Осы құнғіғалымдарымыз болсын, әдебиетшілершіз болсын, бір уыс қазакты батысқа, онтүстікке бөліп алу деген бір пәле ауру шықты ғой. Сондықтан Сәбит шығармаларының азды-көпті кемшілігін пайдаланып, кішкене кемітіңкіреп ұстая беталысы жоқ емес осы кезде. Оны байқап журмін.

Осы жайды Илияска байланыстырғанда оны осы ұлы жүздің ақыны деп елеп, соны кішкене өзінің дәрежесінен де көтеріңкіреп, өресі жететін жердің бәріне де апарып, өзгелерді аз-кем одан төменірек қойылары келетіндегі жоқ емес. Ол дұрыс емес.

Кімді болсын, Сәкенді болсын, Бейімбет, Илиясты болсын жеке-жеке бөліп-бөліп алып, баяғы ескі ауылдың әдетінше ұранға айналдыру дұрыс емес, әрине.

**Баяғы «Аққошқар Сайдалының заманында» деген сияқты бөліп-бөліп алып, сіздің орта жүзден біздің кіші жүздің ақыны құшті демек қой. Бұл бір жаман мінездер. Бізді біріктірудің орнына ыдыратудың әрекеттері болып шығады тұптің түбінде.**

Бір жақ Сәкенді жалғыз көтеріп жатса әулиеміз осы деп, екінші жақ Илиясты көтеріп жатса оған қарсы, әрине, бұл біріктіру емес, қайта ыдырату.

Бұларды ешбір жүзге бөліп алуға, ешбір руга бөліп алуға болмайды. Естерінде бар ма, баяғыда Гурьевтің бір жігіті «Біздін Хамит» деп элсін-элсін айта берген соң, мен бір жиналыста ептең басып қойып ем: «Неге сенікі болады ол, Қазақстанның Хамиті болуы керек», – деп.

Бұларды баяғы жүзге бөлу де кате, бірінен-бірін асырамыз деп талаптану да кате. Әрқайсысы өз орнында үлкен жазушылар бұлар. Әрқайсысының мінездемесі өзіне толық жетеді, білдініз бе?

Ал енді әлгі основоположник деген мәселе – ол өз алдына бір мәселе. Основоположник болған адам міндетті түрде ұлы ақын ия ұлы прозаик болу керек деген мағына тумайды ғой. Ол көбіне идеялық бағытты аңғартады.

**Сонау шытырман заманда, ұлтшылдықтың шылқылдан тұрған кезінде:** «Жоқ, біз бұл жақта, ескі бағытта қалмаймыз. Жаңа бағытқа көшеміз. Біздің бағыт мынау» деп қолына ту көтеріп шыққан кісі – Сәкен. **Оны сол мағынасында основоположник деуіміз керек.**

Ал енді әдебиеттің өсуі бар, баспаңдақтап өседі ғой ол. Сол тұқса Илияс та кіреді, сол тұқса Бейімбет те, Сәбит те және Мұхтар да кіреді. Олардың жалғасы есебінде бір онжылдық ішіне бәріміз де кіреміз. Біз де кіреміз, алайда, әрқайсысымыз өз алдымызда, өз дәрежемізде жазушымыз.

**Т.К.** Әдебиеттің қызықтылығының өзі де сонда ғой. Әркімнің әр түрлі қолтанбасы болғаны, келбеті барлығы қандай ғанибет.

**F.M.** Иә-иә. Екі Толстой болса біреуі артық болар еді. Шолохов Шолоховтығымен құнды.

**Т.К.** Ендігі бір сұрағым, Фабе, мына Сәкентану ілімінің қазіргі даму барысы жөнінде ой-пікіріңіз қандай? Сәкенді зерттеу, Сәкенді насиҳаттау жөніндегі істеріміз қазір көніл толтырарлық па... Көніл толтырса қандай табысымен, толтырмаса қандай кемшілігімен дегендей...

**F.M.** Сырт жағынан қарағанда Сәкен жайында бірнеше еңбектер жазылып қалған екен өзі. Оның ішінде сенің «Жизнь замечательных людей» сериясында шыққан кітabyң тексеруі піскен енбек сияқты. Мен көп нәрселерді өте терең ұғынғаныңды байқаймын. Бұл жайында энеукүні сендердегі жиналыста айттым ғой деймін. Бұл документальды жақтан дау туғызбайтын, барынша зер сала қараған нәрселердің

айналасында екен. Точная науканың материалында жақсы шыққан.

Сонымен бірге, көп зерттеулердің, көп жазылатын мақалалардың негізінде баспадан шыққан, біреулер айтқан пікірлердің ізі жатады, соны төніректеп жүру көбірек сияқты. Басқа енбектерден мен соны байқаймын.

**Т.К. Сәкен шығармаларының мазмұнын айту, солардың қадір-қасиетін бірі-бірімізден ауыстыра...**

**F.M. Иә. Ауыстыра беру бар сияқты. Тіпті үлкен деп танылып жүрген енбектерде де сондай жақтар көп. Атын атамай-ақ қояйын, Сәкен туралы үлкен-үлкен енбек жазған дегенинің өзінде де, әсіресе сондай енбектерде жұртқа белгілі нәрселерді, айтылған нәрселерді қайтадан баяғы ежіктей айтып беру сияқты жайлар көп. Сәкенді творчестволық жақтан тексеру әлі аяқталмаған ғой деп ойлаймын.**

Мұнда бір жай бар. Илияс, Бейімбет, Сәкен үшеуі енді пісіп келе жатқан кезінде 43, жасында кетті ғой өмірден. Қырық пен елудің арасы жазушылардың толығатын кезі, белгілі бір прозаик не ақын болып танылатын шағы. Оған олардың бірде-бірі жеткен жоқ. Бұл үшеуінің ішінде проза саласында өзін-өзі толығырақ көрсете алатын Бейімбет, поэзияда Илияс деп білемін.

Ал Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешу» өзіндік ерекшелігі бар ғажайып нәрсе. Мемуар, көркем проза жанрлары араласып келген, сейте тұра бұл өзі біртұтас дүние. Екінші бір адам «Тар жол тайғақ кешуді» қайта жазып шыға алмайды. Бұл бір дәүірдің танба басатын жеріне таңба басып, мөр басатын жеріне мөр басқандай әсер етеді. Ендігі уақытта зерттеушілер Сәкеннің ақындық жағын бажайлап тексерулері керек кой деп ойлаймын. Мысалы, «Экспресс», «Советстан» – бұл Сәкенде Маяковскийден келе жатқан сала, ар жағында Сәкен футуризм де бар ғой өзі, сол кейін есе келе «Советстанға», «Экспресске» жалғасқан. Ал Сәкеннің «Кекшетауы» ешкімнің поэмасынан кем емес, өте сұлу жазылған дүние.

Содан соң «Сыр сандықты ашып кара, ашып қара сырласым», сонсын әлгі «Шіркін тауық шыр айналар, жеміс болса қолында» бар ғой, бұл Сәкеннің бір бағыты.

Ал «Домбырада», «Асау тұлпарда» келетін елдік ескі поэзиялық бір сарыны бар тағы. Сол жағын өз алдына,

басқаларын өз алдына таза әдебиеттік, ғылымдық көз-қараспен бір тексеріп шығу керек сияқты. Сондайларын насиҳаттау керек, олардың ішінде тіпті эстрадаға шығатын нәрселері бар Сәкеннің.

Ешбір жазушы бір жазғанда шығармасын бастан-аяқ ойдағыдай шығармау мүмкін. Бұлар тәжірибесі, көргені, ойлары енді қалыптасатын кездерінде тұрып қалды ғой.

Мысалы, Бейімбетпен бірге «Қызыл жалау» романы кетті. Мен оны бір жерде жазғаным бар. Соңғы тарауын түзет деп Сәкен айтып еді. Бұл сонымен кетті.

Сәкеннің «Бақыт жолында» «Қызыл сұнқарлар» дейтін шығармалары біздің советтік драматургияның алды деуге болады. Бұған қоса революцияшыл поэзиясы бар. Ал «Тар жол тайғақ кешудің» өзі революцияшыл роман. Ол үш жанрда Сәкен еңбек етті. Сол уақытта «былай болу керек, олай болу керек» дей қойған Сәкеннен басқа жазушымыз жоқ біздің. Кейін бәріміздің ой-санамыз, біліміміз толықкан сайын, Сәкен бастаған шаруаны кеңейтіп, тереңдептік әкеттік. Мысалы, Мұхтар основоположник деп аталмаса бір кемшілік туа ма оған? Білдіңіз бе?! Оны ыдыратпау керек.

**Т.К.** Бой салыстыратын әдет шығып қалды ғой осы күні.

**F.M.** Сол күрғырды, бой салыстыру дегенді кішкене терендете ұғынсақ, ол бір ұлken пәле.

**Т.К.** Пәле болып тұр ғой.

**F.M.** Ол жершілдік дейтініміздің, жікшілдік дейтіні-міздің тамырлас жатқан пәлесінің біреуі сол. Бірақ оған қарамау керек.

Демек, Сәкенді шын зерттеймін деген адам, ол жөнінде енбегін шамасы келгенше толық етіп беруі керек. Оны зерттей білуі керек. Ал Илиястың поэзиясынан үйренетін көп нәрсе әлі бар.

Кешегі жиналыста Илиясты мақтадық-мақтадық, бірақ Илиястың ішіне кірген ешкім жоқ қой әлі. Меніңше, Олжас ете жақсы баяндама жасады, бірақ ол Илиястың ішіне кірген баяндама емес, ол сырты, білдің бе? Қолға түскен орысшадан алды ғой енді ол. Содан алды да, сонын әдемі тілменен, белгілі нысанага қарай айтып берді. Ал Илиястың поэзиясынан үйренетін көп нәрсе әлі бар.

**Т.К.** Әрине, Бұлардың қайсысы болса да дәстүр жасап кетті ғой.

**F.M.** Дәстүр жасап кетті. Әңгіменің бар түйіні де, бар сөлі де осында.

**Т.К.** Сонын, Ғабе, мынадай пікірлер ойға оралып отыр. Абайтану ілімін жасадық. Сәкентану аяқталып келеді. Ілиястану, Бейімбеттану басталып келе жатыр. Осыған кей уақытта тек зерттеу жұмыстары ғана емес, басқа салалар да, мысалы, көркем шығарманың өзі де катынасуы керек. Мысалы, Абайтанудың биік өресін көтеріп Мұханың «Абай жолы» эпопеясы тұр ғой.

**F.M. Эрине,**

**Т.К.** Осындай салада Сіз Сәкен жөнінде «Кездеспей кеткен бір бейнені» жазып, окушы жұртшылықтың кітапханасына ұсындыңыз.

**F.M.** Ол енді бір-ақ саласы оның.

**Т.К.** Онда тағы да қандай ойыңыз бар?

**F.M.** Өкінішке орай, араласа алмаймын ғой деймін оған. Мен со тегінде, ішкі сырластық сияқты бағытта бола берермін деп ойлаймын. Менің араласқан адамдарым көп, біреуінен анасын, біреуінен мынасын ұнатып ала берем ғой баяғы. Әркімнің творчестволық қолтаңбасы деген нәрселер әрбір фразада, әрбір подтексте бірденелерді бейнелеуде, яки сөзбен тенеуде жатады. Міне. зерттеушілер соған зер салулары керек.

Маған Илиястың поэзиясы қатты ұнайды. Баяғыда «Талпак танауды» алғаш жазғанымда, Илиястың «Сары атан төрт табан, күмді үйіріп, наң илеген» деген жерлердің ұнатып едім. Тамаша емес пе?! Ол өзі ауылдың, даланың бейнесін жасағанда ғажап келтіретін.

Әдебиет дегендің идеясы анау, адамдары мынау дейміз ғой. Мұның негізі ішінде жатады.

**Т.К.** Әнеукүні университетте сөйлеген сөзінізде Сәкен жайында пьеса жазамын, киносценарий жазамын дегендей ойыңыз бар еді. Сол қандай деңгейде?

**F.M.** Сәкен туралы осы бұл күнге дейін қомақты, салмақты ештеңе жаза алмағаным, кішкене өкінішім де жоқ емес. Ол қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы, бастаушы деген ой ғана емес, жалпы өзінің зор адамгершілігі, іштей көп нәрсені ойлап, көп нәрсеге

**толғана жүретіндігі жағынан сол кісі көрінбеді-ау деген ойдамын. Сондай ой Бейімбет пен Ілияс жайында да бар.**

Сәкенге және басқаларға байланысты бір фильм жасауға келісім берді. Осы жылы құзге дейін соның ең аз дегендегі бірінші нұсқасын беремін гой деген ойдамын.

Мұның идеясы – Сәкен сияқты революционер адамдардың елді тезірек аяқтандырып, ел қатарына косу іс-әрекетінен туады. Бірақ ар жағы Лениннің 24 сағатта деген жарлығымен сабактасып жатады. Сол 24 сағатта деген идеяны мен уақыттың, сол кездегі дәуірдің негізгі идеясы, асығудың, тездетудің, тезірек ел болудың ұраны етіп алмақшымын.

**Т.К.** Сонда мұның сюжеті жалпылама емес, бір кезең, бір уақыттың, бір күннің оқиғасына ғана құрылмақшы ма?

**F.M.** Бір кезең, бір сәтті ғана аламын. Сол кезде Лениннің 24 сағатта дегеніне барлығы да сыйып түрған сияқты. Оку, өнер елдін ел болуы, өзінің тілін өркендетуі, мәдениетін жасау, барлығын да тездету, енді ескі ауылша отыруға болмайды деген идея – сол кездегі барлық істің ұраны гой деймін. Сонда Сәкен негізгі кейіпкер.

**Т.К.** Өте жақсы болады екен.

**F.M.** Ол кезде РСФСР Совнаркомында орынбасар болып отырған Рысқұлов бар. Оны да ала кетейін деп едім. Әлі де ойымда бар. Бірақ ол кісі туралы менің құлағыма тиген, оқыған, көрген нәрселерім әлі тексереп түсетін жайлар бар. Бір кітап шығыпты деп естідім, бірақ көрген жоқпын.

**Т.К.** Рысқұлов жөнінде ме? Мен де көрген жоқпын.

**F.M.** Сондай бір кітап бар сияқты. Не басылып жатқан, не басылайын деп жатқан болуы керек. Олар не айтар екен деп, соған да қарайлап отырған жайым бар. Қалай болғанда да Еркебұлан сол фильмнің негізгі кейіпкері болады.

**Т.К.** Мұнда Еркебұлан болып атала ма, жоқ, болмаса Сәкен бола ма?

**F.M.** Мұнда Еркебұлан болып аталуы мүмкін, бірақ Совнаркомның председателі. Ал «Кездеспей кеткен бір бейнеден» келе жатқан ат, оны енді ретіне қарай көреміз гой, бірақ идеясы Сәкен жайында.

**Т.К.** Сәкеннің өз атымен аталғаны дұрыс қой.

**F.M.** Әдебиетке сия береді ол. Негізінде Совнаркомның председателі Сәкен Сейфуллиннің бейнесі көрсетіледі.

**Т.К.** Сөз әлпетіңізге қарағанда сценарийдің нобайы түсіп қалған сияқты ғой.

**F.M.** Аздаған андай, мұндайлар бар. Манағы айтып отырған Көкшетау жолы, Көкшетау-Қызылжар жолы, сол кездегі халық ағарту істері, тіл-әдебиет мәселелері бар, ол кездің шындығы – Поволжьедегі ашаршылық та бар. Ол ана «24 сағатта» айтылған еді ғой.

Сол Сәкеннің, мен көрген Совнарком Сәкеннің жайласып, шіреніп отырған уақытын білген емеспін. Анда мұнда шапқылап жүретін.

**Т.К.** Төрағасы болып керіліп отырын Сәкенді көрген жоқсыз ғой, әйтеуір ол кезде.

**F.M.** Көрген емеспін.

**Т.К.** Жұмыс істеп отырған, ел қамын жеп жүрген азаматтың кейіп ғой.

**F.M.** Ол өзі қатаң тәртіптің адамы еді. Орынбордағы Деевская, 5 деген пәтерінде өзінің екі бөлмесі болатын. Ол екі бөлмесіне жан кірмейтін. Жұмасына бір рет Сәкеннің елге барып келгенін газеттен оқитын едік. Талай мәселелерді қозғап келетін.

**Т.К.** Манадан бері әнгіме Сәкен жөнінде ғана емес, Сіздің творчествоңыз төнірегінде де болып отыр ғой. Бірімен-бірі байланысып жатқан дүние. Дәстүрлі сұрақтар болушы еді. Сіз «Ұлпанды» қашан бітіресіз? Ал одан кейін «Оянған өлкенің» екінші кітабы қайда деген сұрақ тағы бар.

**F.M.** Менің жазайын дегенім «Оянған өлкенің» екінші кітабы еді. Мынау «Ұлпан» соның бірінші тарауы сияқты. Шағын көлемде бір повесть жазып, арнаға түссем бе деп едім, көптен бері үзіліс жасап алғаным бар ғой менің. Очеркке, әнгімеге аудықтан кезім бар. Сонын бір бүйірде драматургия жүреді. Кино жүреді бір жағында. Менің өзім үшін, жанрға жанр араласып кетсе, қын болып қалады.

**Т.К.** Алдымен бір саланы бітріп алыш барып, содан кейін екінші салаға көшеді екенсіз ғой.

**F.M.** Иә, мысалы «Қозы Қөрпеш» пен «Ақан серіні» жазған кезде мен бір де әнгіме жаза алмас едім. Бір жанрдан бір жанрга аудысдың психологиялық жай-күйі әркімде әр түрлі болады ғой. Шығарма жазғанда кісі стилистикалық бір бағытта болуы керек. «Оянған өлкенің» баяғы бірінші

кітабының стилін табу үшін, яғни сол стиліме оралу үшін «Ұлпанның» маган көп пайдасы болайын деп тұр. «Ұлпан» 10-15 күнде бітеді, екі бөлімі «Жұлдыз» журналының 6-7 сандарында шығады да, соңғы бөлімі 10-15 күннің мөлшерінде біткелі тұр. Содан соң әлгі киносценарийді бітіремін.

**Т.К.** «Ұлпаныңыз» әдемі дүние. Мен басынан аяғына дейін бір-ақ күнде оқып шықтым. Әуезов атындағы институтқа барғанымда Оразғұл Нұрмагамбетова «Жұлдызың» алтыншы немірін қолына алып отыр екен. Мен әңгімелей бастап ем, «Жоқ, айтпа, айтпа, ары қарай айтудың қажеті жоқ, қызығы болмай қалады, онан да оқып ала-йын», – деді.

Сондай құштарланағы жатқан адамдарды көп кездесірдім. «Жазушы» баспасының директоры Әбілмәжін Жұмабаев: «Осы күнге дейін шабыстан танбаған мұндай көремет шығармаларды қадірлеуіміз керек қой», – деді.

Айтпақшы, Ғаббасты да кездестірдім, орысша жолма-жол аударма жасап жатырмын деді. Қазірдің өзінде жарияланған жарты дүниенің өзі қалың оқырман жұртшылығының арасында үлкен әңгіме туғызып жатыр.

**F.M.** Кездескен адамдар ылғи солай деп айтып жатыр.

**T.K.** Сондай әдемі дүние болып жатыр. Енді осыны...

**F.M.** Жаман болмас деймін.

**T.K.** Журналдағы жігіттер «аяқ жағы бітпей жатыр әлі. Кешіктіретін ыңғайымыз бар» дегендегі жайды байқатады. Соны кешіктірмегеніңіз дұрыс болар еді.

**F.M.** Кешіктірмегенде, энеукүні мына жеңгең екі айдай ауырып қалды. Бір ай ауруханада жатты. Сонын 26 күн санаторийде болды. Оның үстіне биылғы жаз ыстық болды ғой өзі. Ыстықта күшенип жазасын. Алғашқы екі бөлімін 20-22 күнде жазып тастанап едім. Мына кісі ауырып қалғанда, қалт тұрдым да қалдым.

**T.K.** Габе, Сіздің шығарманызды оқып отырганымызда бір артық сөз кездестірмейміз, сол сөйлеммен бір бунақты алып тастанасақ, кеміп қалатын сияқты болып көрініп тұрады. Осындай стильтік дәрежеге жеткенде, Сіз көп түзетесіз бе, жоқ болмаса бірден жазасыз ба?

**F.M.** Мен егер бір бетті жазып шықкан болсам, оны енді қайтып түзетпеймін. Бірақ осы бетті жазып шығу үшін 3-4

бетті бұлдіремін. Менің бір бетім өзіме оңайға түспейді, ең кемі 3-4 бет жазылып барып, содан бір бет шығады.

**Т.К.** Сонда оны қайтадан түзетіп, тазартып жазып отырасыз ба?

**F.M.** Қайта жазамын.

**T.K.** Ал алғашқы қолжазбаларының сақталған ма?

**F.M.** Қалады жыртылып-жыртылып.

**T.K.** Расымен жыртып тастайсыз ба?

**F.M.** Жыртып тастаймын.

**T.K.** Апыр-ай көп байлық қой ол. Оның ішінде талай дүниелер кетеді ғой?

**F.M.** Кетеді. Соны жинайын деп талап етіп едім, жинауға реті келмей қойды. Сонын, мынандай, сыртына жазылатын кезі де болады, өйтептіні-бүтептіні болады. Әйтеуір мен бір бетті өмірде таза жазып шыға алмаймын. Екінші рет таза бет шықса, үлкен табыс. Мен үстінен түзетуді білмеймін. Бір-екі жолы сыйыспай тұрса, қайтадан көшіріп жазамын.

**T.K.** Ойбай-ая, онымен уақытыныңдың бәрі кетеді ғой?

**F.M.** Оның пайдасы көп. Үстінен түзетсөн болмайды. Біздің жігіттерде бір түсінбестік бар, амандық болса, жазайын деп жүрмін.

Әр тілдің өзінің заны бар. Біздің казақ тілі маган қоныр дауысты адамның үні сияқты естіледі. Қазақ тілінің кәдүілгі дауысты дыбыстары бар ғой, соған обал жасамау керек. «Боп» «кең» дегендер «Боп қалды», «кең қалды» дегендер, тілімізге келтіріп отырған зияндық десең, де болады.

**Әрбір тілдің тілі, оның сұлулық дүниесі дауысты дыбыстарды толық пайдалануында, қысқартып пайдалануда емес.**

**T.K.** Таза әдеби тілді қолданғанды ұнатасыз ғой.

**F.M.** Иә, «Райкомтұғын», «сосын» дейтін сияқты сөздерді естігенде, төбе шашым тік тұрады.

Тілді ауылға бөлмеу керек, тілді жүзге бөлмеу керек. Қазақтың тілі ортақ тіл, ортақ байлығымыз. Қай жерде, қандай жақсы мағынада пайдаланылады, сол біздің ауылдың тілі болуы керек. Осы күні біздің қазақтың балаларының көпшілігі орыс мектебінде оқиды. Қазақ тілін соңынан үйренеді. Бәріміздің де балаларымыз сондай.

Прозада да ритмика бар, бір сөзді орнынан алып, былай қойсан, сол әдемі құрылған фразаңың өзі бұзылып кетеді.

Сол сөздердің өзінен құраған сөйлемнің иін келтіру керек. Бұл ешкімнің мен әбден шештім деген мәселесі емес. Мен сөз құрастырғанда нені жақсы көретінімді ғана айтып отырын.

**Т.К.** Сонсын, тағы бір мәселе. Сіздің шығармаларыңыздың бәрі де әдемі, сұлу болып келеді де, ал орысша аударған уақытында ажары солғындан кетеді.

**F.M.** Е, солай болады. Пушкинді Абай аударғанда қандай, болмаса басқалар аударғанда қандай.

**Т.К.** Олай болғанда орыстың бір үлкен жазушыларымен достас, пікірлес болып көрмейсіз бе?

**F.M.** Шығармаларымның көбін мен өзім аудартпаймын, журналдар аудартады. Өздері аудармашы тауып, менен тек рұқсат сұрайды. Ал «Оянған өлкені» Дудинцев қайта аударып жазып шығып еді былтыр. Оның бұрынғылардан анағұрлым толық, анағұрлым жақын. Бірақ енді Дудинцевтің аударуы маған қынға түсті. Жолма-жол аударма жасаган жігітті екі рет Москваға жіберіп алушыма тұра келді. Сонда барып, түсіндіріп отыру үшін. Бұл қиын ғой.

**Т.К.** Ол шықты ма?

**F.M.** Шықты. Дудинцевтің аударуымен.

**Т.К.** Өзіміздің Қазақстан басты ма?

**F.M.** Жоқ. Москва басты.

**Т.К.** Моквада ма? Ендеше, оны қолыма түсіре алмадым.

**F.M.** Оның аудармасы жақсы. Ал мына «Ұлпанды» Белянинов аударамын деп жүр. Өзі жақсы жігіт.

**Т.К.** Белянинов жақсы жігіт болғанмен, бірақ жақсы жазушы ма?

**F.M.** Кім білсін енді?

**Т.К.** «Кездеспей кеткен бір бейнені» аударды ғой.

**F.M.** Иә, ол шыққан жоқ.

**Т.К.** Шықпады дейсіз. Енді оған тағы мына «Ұлпанды» беретін болсаңыз, сонда не болмақ?

**F.M.** Журнал сұрайды.

**Т.К.** Басқа бір жігіттерді тапқан абзал. Москвада жақсы таныстарыңыз болса, солармен байланысқан жөн. Ғабе, тағы бір мәселе бар. Ол тарихқа байланысты. Біздің қазақ әдебиетінде шықпай, жарияланбай жатқан біраз дарындар бар...

**F.M. Мысалы?**

**T.K. Мысалы дейсіз бе?** Орыс әдебиетінде Иван Буниннің 9 томдығы, Марина Цветаеваның, Гиппиус, Мережковский, Бальмонт т.б. кітаптары шықты. Осылардың көбі шетелде өмірін өткізіп, сүйектері сонда қалған адамдар ғой. Ал енді біздің әдебиетімізде де әр түрлі себеппен әдеби мұрасы халыққа жетпей жатқан тұлғалар бар. Мәселен, Шәкәрімнің, Мағжанның, Жұсіпбек Аймауытовтың шығармаларына бір қозғай салатында жағдайды ойластырса қайтеді.

**F.M. Оған қозғау салынбай жүрген жоқ.** Бір кезде мен, Одакта отырғанда Мағжан Жұмабаевтың, Жұсіпбек Аймауытовтың мәселелерін қойып, тіпті комиссия да құрғанбыз. Ірікеп алуға, жауапты бір редколлегия құрып, түсіндірмелермен, алғы сөздермен басқымыз келіп еді. Оған тиісті жоғарғы орындар ризашылық та берген. Соны енді жүзеге асыруға келгенде, баяғы өзіміздің тарапымыздан, жазушылардың тарапынан көлденен тұрушулыар көп болды, яғни жазушыларымыздың бір жағы басамыз десе, енді бір жағы құбыжық көріп, қарсы шықты. Сонымен бөгеліп қалған бір жағдай бар.

**Екінші жағдай,** сондай жаңалықтың хабарын естіп, соның абырой-атағын ала қояйық деп, осы Сіздің КазГУ-дің жігіттері даурықтырып жіберді. Жоғарғы жақ бір қаулы алса, солардың дегенімен алғандай етіп көрсетпекке тырысты. Сол бір қырсық болды.

Одан соң Аймауытов туралы бір шала, шикі нәрсе бар. Мен өзім сенбеймін оған. Аймауытов 1932 жылдары мына Сарысуда ма, басқа жерде ме, «көтеріліндер» деп хат жазған дейді. Сол хат біздің қолда дейді. Тиісті бір мекеме айтады. Сол хаттың көшірмесімен аудармасы бар да, түпнұсқасы жоқ. Аудармага қарағанда, тіпті соның хаты болғанда да, кешірілмейтін күнә емес еді. Оны сот актады, реабилитация болды. Шындал келгенде, мен ол хатпен айналыстым, сол хатты Аймауытов жазды деп ойламаймын. Мен Жазушылар одағында отырғанда соның түпнұсқасын таптырып ала алмадым.

**T.K. Фабрикация болуы мүмкін ғой.**

**F.M. Мен солай ма деймін.** Өйткені бір кезде оның көтеріліндер деп жазған хаты бар деп айтқан адамдар

соның ізіменен барып, сұрастырығанда, ондай хат жоқ деген еді тиісті орган дейтүгін жеріміз. Артынан сол хат сонда болып шыкты. Одан бері неше бастық өзгерді ғой. Сол екі арада фабрикация да болған шығар, фальсификация да болған шығар деймін. Хаттың түпнұсқасын көрсем, мен, мысалы Аймауытовтың жазуын таныр едім....

**Т.К.** Ахмет Байтұрсынов мұрасы, оқулықтары жөнінде не дейсіз?

**F.M.** Бұған ғалымдарымыз қарсы.

**T.K.** Тілшілердің өздері ме?

**F.M.** Тілшілер қарсы. Әйткені шындал алғанда, тілшілердің пайдаланып отырған есімдік, етістіктері, негізгі терминдердің барлығы Ахметтікі ғой. Ахметтің өзіне қайтарып берсен, оларға не қалады? Сонын, бұл оның соңғы жазған кітабы болатын. Оның қолжазбасын өзімнің қолымнан алып кеткен. Кітаптың аты – «Қазақ тілінің теориясы».

**T.K.** Жарық көрмеген бе?

**F.M.** Жарық көрмеген. Мен 28-жылы күзде Қызылордаға бас редактор болып келдім. Сонда қолжазба Мемлекеттік қауіпсіздік мекемесінде еken. Соның Шығыс бөлімінің бастығы Әбдірахман Бегишев деген жігітке Сәбит жіберіпті. Маған дейін баспаның бас редакторы. Сәбит қой. Бір қуні сол Бегишев келіп өзі айтты. «Маған жіберген сондай бір қолжазба бар. Менің оны шеше алатын жайым жоқ, өздеріңе жіберейін», – деп. Ол менің таныс жігітім емес еді. Телефон соғып, «Жіберіңіз», – дедім. Содан олар қолжазбаны маған әкеліп берді. Сосын мен ол қолжазбамен таныстым Қолжазба, қәдімгі ғылыми енбек. Төрт жұз беттен астам. Соны біз басу-баспаудың амалын шеше алмай қойдық. Сол кезде Ахмет бір ұсталып шыққан.

**T.K.** Жиырма тоғызынышы жылы ғой...

**F.M.** Иә, иә. Сонын аяғында, менен сол қолжазбаны Сапарбеков сұратып алды. Ол сол кезде Крайкомның үгітнасихат жөніндегі секретары болатын. Оқып шығып «жақсы еken, бірақ басуға болмайды», – деді. Екі жылдан соң Ахмет қайтадан ұсталып кетті ғой. Кейін материалды Мемлекет қауіпсіздік мекемесі қайтарып алды.

**T.K.** Ал енді осы мекемеде жатқан архив дүниелері көп. Сәкеннің, Бейімбеттің, Илиястың, тағы басқа да

көптеген адамдардың дүниелері. Солардың ешқайсысын қайтармайды, сонына түсіп көрдім. Жазушылар одағы, мәдени мекемелер болып, соларды қайтаратын жағдай жасауға болмай ма? Біз шаршадық, ол тарапқа бара-бара.

**F.M.** Меніңше, қайтарып алуға болареді. Ол қолжазбалар, кітаптар неге керек оларға. Ғылыми-әдеби қолжазба ғой, кінәлайтын документ болса, мәселе басқа. Айтып отырымын ғой. Бейімбеттің «Қызыл жалау» романының қолжазбасы сонда, тағы бір пьесасы, либреттосы кетті. Олардың аты менің бір жазғанымда болу керек. Солардың енді ешкімге керегі жоқ, кінәлайтын документ емес. Соларды біздің жігіттерден ізіне түсіп, сұрап алғып жүрген кісі жоқ кой деймін.

**T.K.** Мен талай рет талпынып ем, бірақ жолатпады ғой маңына.

**F.M.** Сендерге енді частное лицо деп берілмейді ғой. Мысалы, Мұхтардың материалдарын алдыру қыын емес. Мына музейі бар, оған сұрап алу қыын болмайды. Ішінде саяси бірденелер болмаса, олардікі қайтарылуға тиіс. Әдебиет музейін құрамыз, үй салдырып береміз деп жүр ғой. Сонда алдыруға болар, әзірге сонда жатқанының өзі теріс болmas.

**T.K** Соғын, Ғабе, мынадай тағы бір сұрақ ойға оралады. Отыз екінші жылы Алашордаға ұлтшылдық қозғалысқа байланысты үлкен жиналыс болды. Оған дейінгі зерттеулерде, әдебиетте Октябрь революциясына дейінгі ұлтшылдық қозғалыстың етеген онды ролі болды деген көзқарас айтылушы еді ғой. Сол жиналыстан кейін, тіпті олар шешесінен туғаннан бастап ұлтшыл болды деп та-нылып суретtelіп жүр. Осы көзқарас күні бүгінге дейін сакталып келеді. Бұл жөнінде пікіріңіз қандай?

**F.M.** Байқайсың ба, патшалық құрылыш тұсында қазак даласы өзінің мәдениеті, әдебиеті, тұрмысы жағынан оқшаулықта болды.

Вельяминов-Зернов, Алекторовтардың материалдарын оқығанда, өзгені былай қойғанда, солардың өздерінде үстірттік анғарылады. Демек, бұл елдің ішкі дүниесінің жасырылып жатқан жері болған. Соңан соң Алтынсарин, Шокан сияқты адамдар бұл елдің ішкі дүниесін ашып, бәрін жарқыратып береді. Олай емес, былай деп ашады. Елдің

ішкі жағдайын сипаттаудағы әлгіндей үстірттіктер қазак интеллигенциясында оқшауланудың орын алтына белгілі бір дәрежеде ықпал етпей қалған жоқ. Осы жағдай «Қазак» газетінің айналасындағылар кейде ұлтшылдықты айтам деп көбіне-көп демократиялық нәрселерді соғып отырады. Сұлтанмахмұттың «Социализм» деген мақаласын білесің ғой.

**Т.К. Иә, білем.**

**Ф.М. Соның ішінде социализмнен ештеңе жоқ қой.** Идеясы бар сияқты басында, бірақ ешнәрсөні анықтай алмаған. Сол сияқты изолированная интеллигенцияның көпшілігі басқа партиялардың әсіресе коммунистік магына-дағы ықпалдарда болған жоқ қой. Интеллигенцияның көпшілігі ол кезде байлар табынан, дәулетті топтан шықты. Тіпті сол Сәкен де кедейліктен барып оқыған жоқ. Білдініз бе?! Ол орта шаруаның баласы, байдың баласы емес. Сол кезде шамасы келгендер оқыды. Соңсaн «осы біздің елден біреу неге оқымайды?» – деп намыспен оқытқандар да бар. «Мынау адам болады, сол барсын деп» оқытқандар болды.

Әр кезде эр заманның алдында ақын тұрады, ақынның алдында заманы тұрады, соны бірден түсіне кету онай нәрсе емес. Мәжит Дәүлетбаев Петропавлдың мешаны ғой, ол үшін совет өкіметі ме, басқа өкімет пе, оған түк есеп емес еді. Көп адамдар бірге қосылғанымен, жаңа идеяларды бірден түсініп кете алған жоқ. Ешкім де тұғанда молда болып та, батырақ болып та тумайды, өсе келе, белгілі көзқарасты берік ұстай алатын дәрежеге жетеді. Ал бізде жаман солақайлықтың зияны сол болды, басынан-ақ «идейный» болуды талап етті. Мен Бейімбет пен Ілиясты азапқа салды дегенде сондайларды ангартамын. Сол жаман, солақайлық ұзак жасады. Мысалы, «Мен тоқсанмен біргемін» дейтін Мағжан да бізге жақындан қалған кісі еді. Сол кезде оған іші жылыған адам болмады ғой. Ал Жұсіпбектің «Картқожасы» – біздің прозада жұмысшы адам жайындағы бірінші әңгіме. Сонын «Ақбілек», мысалы, керемет нәрсе еді. Сол дүниелер қазір қайда екенін білмеймін. Жұсіпбек бұдан басқа да он шакты пьеса жазды. «Ревизорды» аударды. Сонын оны «Мұхтар, осыны сен редакциялап бер театрға» – деп Жүргеновтің уақытында тапсырған болатынбыз. Жұсіпбектің аудармасы

жаман емес еді, бірақ Мұхтардың қолы тиді. Сол аударма бәлкім, Мұхтардың музейінен табылып қалар. Сонын аты-жөні есіндегі жоқ, бір автордың «Исатай-Махамбеті» болуы керек. Мұхтардың музейінде.

**Т.К. Илияс Жансүгіровтің бе?**

**F.M. Жоқ.** Ол да болуы керек. Ол кейін ғой. Одан бұрын, ана Ақтебенің бір ағартушысы жазып, «Қаракөзбен» бірге ол да бәйге алған. Аты аузыма түспей жатыр.

**Т.К. «Шернияз» деген пьеса болған.**

**F.M. «Шернияз»** Аймауытовтікі еді ғой. Ал «Исатай-Махамбеттің» авторы ауырып, қайтыс болды ертерек. Мұхтар екеуі 1922 жылы бәйгені бірге алған екен. Мұхтар – «Қарақозге», анау «Исатай-Махамбетке».

**Т.К.** 25-ші жылы шығар, театр ашылар қарсаңында. Сонын осы күнгі Абай қыстауының қасында Мұхтар ауылының жері бар.

**Т.К. Әуез Қожаның.**

**F.M. Әуез Қожаның.** Оны 22-жылы алып, сол жылы қыстаған екен. Бұл кездे Мұхтар партия мүшесі Семейде губисполком болғаны бар. КазЦИК-те секретарь да болған уақыты бар оның. 1945 жылы Абайдың жұз жылдығына барғанда, біз он шакты күн сол арада қалып қойдық. Өзінің қыстауына апарып көрсетті. Үйлерінің орны жатыр. Керемет жақсы жер екен. Ат тұратын қорасын да көрсетіп еді.

**Т.К. Ғабе,** осы ойды түйіндең уақытта, әлі де кедергіге кездесіп жатқан адамдардың мұрасы жөнінде қандай шаралар қолданымыз керек деп ойлайсыз?

**F.M. Бұл енді әлгідей біреулер көлденең асылып, біреулері қарсы айтып, шиелендіріп қойған мәселелер ғой. Жазушылар одағы болып, академия болып, ең алдымен Орталық Комитеттің алдына мәселе қойылуы керек. Орыс әдебиетінде мұндай тұлғалар аз ба. Олардың бәрі де қазір кешірім алып, кейбіреулері актап жатыр. Бұл мәселелерді түгелдей әділ бағалап, орынды тұрде көтерсе, шешуге болады. Бұл мәселені көтерген уақытта алдымен олардың шығармаларын басуға келетінін-келмейтінін анықтап, күні бұрын ірікten алып басу керектігін, оған алғысөз, соңғысөз түсіндірме берілу керектігін, әсіресе әлгі ұлтшылдық сыйайдағы шығармаларының басылмау керектігін айтып**

көтерсе, осы күні тыңдайды ғой деп ойлаймын. Анада әдемі-әдемі иіліп келіп еді. «Союз сүйтейін деп жатыр екен», – деп жазушылардың бір тобы ойбай салған соң кедергі болып қалған еді. Мысалы әлгі:

«Ертеде бар екен қалың Найман,  
Қытайга қалың Найман қанат жайған.  
Қалың Найман ішінде Баганалы  
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан», –

деп келетін нәрсе бар ғой. Қобызын қосқан, қобызы бәйгеден келген. Сонымен тоқтатып, аяғын кесіп тастаса. Мысалы аяғында: «Шіркін-ай, кер заманды құл қылар ем, бата алсам Баганалы Қойлыбайдан», – дейді ғой сонында. Ал енді мұны шын тексерген адамға, осы кер заманның өзі революцияның алды екен. Қөрдің бе? Соны кейін жариялаған дейді. Кейін жариялаған соң, баяғы біздін заман сөз болып тұр.

**Т.К.** Бұрып жіберуге болады ғой.

**F.M.** Бола береді, иә. Сол сияқты нәрселер бар. Расын айтайын, солардың шығармаларын жүзеге асыруға жоғары жақтан үзілді-кесілді қарсылық жоқ, болған емес. Ал ғылым иесі адамдарға ғалымдарымыз қарсы, әлгіндей ақын-жазушыларға ақын-жазушыларымыз қарсы болды.

**Т.К.** Өзіміз екен ғой аяқтан тартып жатқан?

**F.M.** Өзіміз, өзіміз.

**Т.К.** Тарих әділетсіз емес, кезінде өзі айтады ғой.

**F.M.** Тарих, әрине өзі айтады. Біржола ұмытылып кетпейді ғой енді. Дүниеде бір ой айтылу киын, айтылған ой өлмейді. Бірде болмаса, бірде шығады. Ал қазір жағдайымыз осы. Әрине, университет көтерсе де теріс болмайды. Академия көтерсе де теріс болмайды. Союз көтерсе де теріс болмайды, бірақ жеке адамдардың араласуын енді тоқтату керек.

**Т.К.** Шаршадыңыз-ау Ғабе? Біраз шаршаттық-ау деймін тегі.

**F.M.** Шаршau екі жаққа да ортақ нәрсе ғой.

**Т.К.** Көп-көп раҳмет. Бұл біздің ғана жай кездесуіміз болып қоймас. Бұл запись институттың дүиесі, т.б. реті

келетіндей жағдай болса, халыққа керекті сыр шертісу болды ғой деп ойлаймын.

**F.M. Рахмет, рахмет.**

**T.K.** Сіздің творчестволық табысыныздың мол болып, әсіресе денсаулығыныздың мықты бола беруіне, билярдыңызды мықтап ойнай беруінізге, біздің әдебиетімізге жаңа туындылар әкеле беруінізге тілектекстік білдірем.

**F.M. Рахмет.** Бірақ келесі кездескенде мені бас салып ұстап алмай, бір кішкене әзірленуге мүмкіндік бересіңдер. Ал жарайды, жолдас. Жолаушы жүріп бара жатыр екенсің, жақсы материалдар тауып қайт. Сол жерлерде Сәкеннің айналасында болған адамдар бар. Жолың болсын!

*1974 жыл, 25 шілде, сағат 11-14<sup>30</sup>  
Ескірмейді естелік. Алматы.  
«Жазушы», 1994 жыл.*

## **СӘКЕННИҚ ТАРИХТАҒЫ ОРНЫ ХАҚЫНДА**

*С.Сейфуллиннің тұғанына  
100 жыл толуына орай*

**Т.КӘКІШЕВ**

Тарих әр қайраткерге өз бағасын беріп, тиісті орнына отырғызды дегенде әр кезеңде айтылған, жасылған ой-пікірлер ескерілетінін естен шығармайық. Әр пендениң көкейінде әрқылы ой-пікір болғанымен, айтылар кезі, сәті және айттар адамы болмақ. Сол мемлін деп өрекпү, әрине, дұрыс емес, ал менен басқа біреу болуга тиіс дегенге сеніп қалу орынсыз. Хан айтқанды қара айтады, бірақ аудының дуасы жоқ демей, өтпелі замандағы аумалы-тәкпелі көңіл-күй тұсында ағынан жарылып айтқан ойдың еш әбестігі жоқ.

Қазір Сәкеннің басы саудада. Қысыр есебі барлар тарта сейлеп, тұқырта беруге ұмтылуда. Оның нақты көрінісі кешегі Сәкен Сейфуллин атындағы Ақмола педагогика институтының бүгін жал-құйрықсыз Ақмола университеті болып сымпиып шыға келуі дер ем.

Сәкен көзі тірісінде де, қайтып оралғаннан кейін де оңайлықпен «өмір сұрген» қайраткер емес. Тарих соқпағынан талай қиястықты көріп келеді.

Сонымен кеңес құлады, партия тарады, коммунистік идеология мансұқталып жатыр. Тарихтағы жаңа бет – кеңес заманы дегеннің серкесі де, еркесі де, жыршысы да, жаршысы да болған Сәкенді қайтеміз? Оның тарихтағы орны қайсы? Қандай ісін қадірлейміз, қандай әрекетін мансұқтаймыз? Тірісінде аты аңызға айналып, бір халықтың мақтанышы болған Сырбай Мәуленовше айтқанда:

*Өлімге жан екенсің қия алмайтын,  
Өлеңнің құшагына сия алмайтын.*

*Қазақты қөргің келсе міне осы деп,  
Көрсөтсө жер жүзінә ұялмайтын.*

Яғни, еліміздің елдігінің ақындығының, ақыл-парасаты мен сұлуулығының белгісіндегі болған Сәкенді сөзге қалдырып, ырду-дырду бола береміз бе, әлде белгілі бір тоқтамға келеміз бе?

Мениңше биылғы жүз жылдық мүшел тойында желдің етіне, оқтың алдына Сәкен мен Сәбітті шығарып, кенесті құрғандардың бәрінің өтеуіне бермек ниеттен безуге, адаплануға тиіспіз. Тарих ондай зорлыққа жол бере алмайды. Әділетін айтатындар қашанда болса табылады.

Біз Сәкеннің идеологиялық кредитосын бүгінгі танымбілік тұрғысынан емес, қалыптасу барысы деңгейінде көрсетсек қана қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлігін, өнерпаздық дарынын, ақындық жаңашылдығын, азаматтық келбетін тұтас қамти аламыз. Сонда тұлғалы тұтастықты көріп, кезеңдік пікірді айтып, жазып жүргендердікі әшейінгі желді күнгі тозаң екенін ұғамыз.

Қазір «эмоцияға, қызбалыққа беріледі, қайдағыны өзі ойлап табады» деген жалтарма сөз шықты, қысындыны елемеудің айласы шықты. Осыншама борасындағы айтқандарымның әшейінгі жел сөз еместігіне дәлел келтірейін.

Сәкеннің маркстік, яғни, коммунистік көзқарасы, іс-әрекеті жөнінде асыра айтылмаса, кем айтылған жок. Оны қазбалап жатпай, бүгінгі ой құбылысына көз салайық. «Қазақ әдебиеті» газеті 1992 жылы «Қазакта ұлттық әдебиет бар ма? Қазак совет әдебиеті деп жүргеніміз қандай әдебиет?» деген сауалдарға жауап ұйымдастырғанда «Қазақ совет әдебиетінің классиктері қатарында айтылып келген. С. Мұқанов, С. Сейфуллин, Г. Мұстафин шығармашылығын енді қалай бағалауымыз керек? С. Сейфуллиннің негізгі шығармасы аталағын келген «**Тар жол тайғақ кешу**» романы таза тарих үшін керек болғанымен қазақ әдебиетінің игіліктері қатарына қосыла қояр ма?» деген (11.09.92) содырлы ойлар айтылса, 1994 жылы «Жұлдыз» журналындағы мақалада «ұлттық ақын ұғымын айқындал, орнықтыру үшін ұлтсыз ақындар – советшіл одакшыл, партияшыл батырақтар, көлгір интернационал белсенді ақындар жасаған «қазақ совет әдебиеті» деген қампифан дөкейді қайта сарапқа, тарих таразысына тартуға міндеттіміз».

Бүгінге дейін «Алыптар тобын» құрап келген Сәкен, *Бейімбет, Илияс, Сәбит, Габит, Габиден* қатарлы қаламгерлер ретінде өз үлестерінің шама-шарқына қарай тиісті орнын, бағасын ала береді. Бұрынғыдан әспеттеліп, «негізін қалаушылар» ретінде оқулықтан оқулыққа жөнкіле алмас, өйткені, сол құрғыр «негіз дегеннің өзі – негіzsіз болып шыкты («Жұлдыз» №5-6, 1994, 187-бет) дегендердің айтары айқын ғой. М. Базарбаевтың «**Біз Сәкенді қалай танимыз**» деген бұланқұйрық ой-пікірлері, әсіресе, совет заманын «өлтіре даттап», Сәкенге ептең «іші жылуы» бұл проблеманы шешуге себебі тие қоюы қын. Мұндай жағдай тарихшылар арасында да кездесіп жатыр.

Әрине, бұл мәселенің жан-жакты шешімін табуға тиістіміз. Қазақстанның жақсы болсын, жаман болсын социализмнің заманында жасағанын, ойсыраған олқылықтармен қатар тамаша жетістіктерге жеткенін ешкім жокқа шығара алмайтын болса, онда социалистік реализм рухында жасалған әдебиеттен, оның ұлы өкілдерінен, негізін қалаушылардан қашсаң да құтыла алмайтындығымызды қазір анық ұғуға міндеттіміз.

Көзі тірісінде де, ақталғаннан кейін де Сәкен Сейфуллин төнірекіндегі әңгіме толастап көрген емес. Бұл оның бақыты да, соры да. Бақыты болатыны – оның мұрасы, іс-әрекеті архивке тапсырылмай, күні бүгінге дейін мемлекеттік-әлеуметтік тірлігімізге араласып жатуында, әлі күнге дейін оның айтқан ой-пікірінің, тарихи деректерінің дәйектілігі мен пәрменділігінде, бір сөзben айтқанда, Сәкеннің қеудесінде жаны, қолында қаламы бар парасатты пенде ретінде өзімізбен араласып жүргендігінде.

Ал соры болатыны – ылғи қанқу сөздің ортасында болатындығы. Ол көлденен қек аттының да, азулы арыстаннның да, ештеңеден хабары жоқ наданнның да, өткендерін ұгатын зияллының да, тұрақсыз қеудемсоқтың да, аскан ғұламаның да аузында бірде макталып, бірде датталып жатуында. Соған қарағанда, Сәбитпен екеуінің «тұзы жеңілдеу» болды ма еken деп те қалғандайсың. Олай дейін десен, жасап кеткен істері ірі, ауқымды, кесек. Аузын бағып аяғын санап баспай, елім, халқым үшін қолымнан келгеннің бәрін ар әмірімен адад орындаимын деп талпынған жанның айбатты келбетін

көреміз. Осы жолда ол талай қуанды, шаттанды қастық көрді, сүрініп құлады, қайта тұрып ілгері жүрді көвшілікке бакыт сыйламаққа талпынды. Жасап жүргенім біреугі обал, біреуге саяап болады деп ойлаған емес. Еңбекші елдің арманы ғана болды көкейіндегі.

«Дүниенің құлдық шынжырын қиратып, әділдік, теңдік іздеген, еркіндік, кеңдік іздеген сендерге арналды бұл әндер» деп ұрандар тақан Сәкен өзінің құрбы-құрдастарын «Кел, жігіттер, болындар ер» деп жігерлендіріп:

*Азамат, жүнжіме, жүрме бос,  
Қол ұстас, бірігіп тізе қос,  
Ту ұстап дүштанга барайық,  
Теңдіктің ұранын салайық  
Тізесін батырган залымнан,  
Күн туды – біз теңдік алайық! –*

деген ұлы мақсатын ашық айтты, жазды. Біз бұл ұрандарды осы уақытқа дейін бір жақты ғана түсіндіріп келдік. Сол түсінік әрбір пенденің көкейінен әлі кете қойған жоқ. *Оның негізі – бай мен кедейді* айтыстыру, шабыстыру, таптық күресті ұшықтыру деп қана білдік. Ал осы жолдарға бүгін зер салып бір қарайықшы.

Сәкен десек, ең алдымен, «Жас қазақ марсельезасы» мен «Тар жол тайғак кешу» еске түседі. Жұз рет, мың рет, бұл шығармалар Қазан төңкерісіне арналған, соның жоғын жоқтап, табысына қуанған дүниелер. Бұл төңкеріс қазақты, әсіресе кедейді жарылқайды деп Сәкеннің имандай сенгені, жанығып еңбек еткені рас. Коммунистік идеология тұсында таптық күреске назарды мықтап аудардықта ұлттық таным-білікті, ұлттық қажеттікі елей берmedік. Әйтпесе Сәкеннің ерлікке шақырган жігіттеріне, жүнжімеуге ұндең азаматтарына ең алдымен айтқаны,

«Қызыл ту – шылауын» деп түсіндірғені:

*Патшадан әділдік жоқ еді,  
Ұлықтар нарақор тоқ еді,  
Бұқара халықты кем тұтқан  
Жек көрген, итімен тең тұтқан,  
Қоспаған санына адамдық  
Айламен ұстаган надан гып, –*

деген Әнұранның екінші шумағында қандай мән бар деп ойладық па?! «Өзгеден кем халық» деп айтып салғанын түсіндік пе? Мен Сәкенді сол кезде қазақ пен отаршылдық арасына жік салайын, ұлттық намысты ту қылып көтерейін деп отыр деуден аулақпын. Өз елінің езілгенін, қаналғанын, корлық-зорлық көргенін, тұщы етіне абын таяқтың тигенін ұмыта алмаған жаннның Қазан төңкерісі арқылы әділдік, тенденция, бостандыққа жетуге талаптанғанын енді аңғармасқа болмайды. Бұл тілекті алашордашылар да айтты, жазды, әрекет жасады, тіпті, Ресейдің советтен басқа әртүрлі үкіметтерімен байланыс арқылы казақты жақсылыққа жеткізбек болғаны өтірік емес.

Қазақтың әуелде алашордашылдарының да, төңкерішілерініңде тілегі біреу, бірақ сүйенгендері басқа болды. Ал олар темір жолдың релісіндегі басы қосылмайтын идеологиялар соңында еді. Міне, қазақтың оқығандарының мақсаты бір болса да, жүрер жолдары айырым, басқа болуы осыдан. Академик М. Қозыбаевтың тарихи шындықтарға негізделген мына ойын естен шығаруға болмайды.

«Алаш» қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогрессе ұмтылған жалпы халықтық-демократиялық қозғалыс. Ал «Алаш» партиясының негізін қалаған үркердегі топтың, «Алашорданың» басына-аяғына дейін жүргізген саясаты дұрыс еді, Сәкендердің қате еді деп айтуға бола ма? Алаш жетекшілерінің 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі позициясын Тұрар, Сәкен, т.б. түсінбеді деп кінәлау киын. Тұрар, Сәкен, Жұсіпбек, Бейімбет дүркірей көтерілген қалың халықпен болды, оның трагедиясын көзімен көрді. Олар отаршылдыққа қарсы шапқан қалың елмен болды. Ол большевиктік үгіттің нәтижесі емес еді. Ол атадан балаға мұра болған жол еді. Ал Қазан төңкерісінен кейін Ресей қоғамы екіге бөлініп, карама-қарсы тұрып, екі ұдай атысып, шабысып жатқан уақытта әділдік тек актар жағында болды деп айту киын. Егер Анненков келіп, орыс-қазағын қырып, әйелін корлап, қызын зорлап, малын талап, қанжығалап жатса, ал «Алаш» осы Калединмен, Колчакпен бірлесіп жатса, сонда Колчактың ажал вагонында отырған Сәкен «Алашты» қалай аялауы керек? (Е. Қ. 12.08.94.) дегендерді мықтап ойластырған абзал. Құр даурықканнан ештеңе өнбейді, қайта тарихымыз ылайланып, бұлінеді.

Қазақстанда құғын-сүргін басталмай тұрған кезде, 1926 жылы 17 сәуірде соңғы нүктесі қойылып, 1927 жылы көктемде жеке кітап болып шыққан «Тар жол тайғақ кешуде...» талай кісілердің аттары аталды. Мақсат біреуді қөтеру біреуді жамандau емес. Зор қозғалыстың, зор өзгерістің әр кезінде әртүрлі пікір, әртүрлі әрекет болған. Ол – тіршіліктің, тарихтың ісі.

«Бұл кітапта «Алаш» туралы көп әңгімелер айтылды, тарихи мағлұмат ретінде баспа жүзінде шықсын деген оймен айтылды. Кітаптың көп жерлері тарихи мағұлмат болуға жарап деп білдім» дегендерді Сәкен жайма-шуақ қунде баяндағанда алаш қозғалысына қатысқандардың Нәзірден басқа бірде-біреуі қарсы шығып дау айтпауы, түзету жасамауы қалай Қазактың сорпа бетіне шыққандарының, әсіресе, алаш қозғалысы жетекшілерінің фотосуреттері түгел жарияланғаны, елге таныстырылғаны неліктен? Сәкен соның бәрі кейін сот документі болсын деп күні бүгін әдейі ойлағандықтан ба?

«Тар жол тайғақ кешудің» көркемдігіне көңілі толмагандар кейінгі кезде де табылған, бірақ оны әдебиет әлемінен аластау керек деген ой ешуақытта қаперде болған емес. Қазіргі үкілі білгіштердің қазақшаны дұрыс білмей жатып көркемдікті танып, тарихи деректерді оңтайлы туғсінеді дегенге көпшілікті сендіре қою өте қыын. Өйткені, «Тар жол тайғақ кешу» өзіндік ерекшелігі бар ғажайып нәрсе. Мемуар, көркем проза жанрлары араласып келген, сейте тұра бұл өзі біртұтас дүние.

Екінші бір адам «Тар жол тайғақ кешуді» қайта жазып шыға алмайды. Бұл бір дәуірдің таңба басатын жеріне таңба басып, мөр басатын жеріне мөр басқан шығарма» (F. Мұсірепов).

Мен Сәкенді құлан-таза актаудан аулақпын. Коммунизм идеяларының жаршысы болғандар халыққа қастандық жасауышылар емес. Олардың трагедиясы, соры сол идеяны насиҳаттаушылардың қара дүрсін түсіндірмелеріне имандай ұбып, ойланбауы Сәкеннің табандылығы, құбыла білмейтіндігі, етірік айтпайтын шыншылдығы, адалдығы сияқты қасиеттері себепші болғандығын айырықша баса айту керек. Кеше ғана кенес деп өзеурегендердің бүгінгі

сөз әлпетінен шошып, «мұндайлар қай қоғамды болса да оңдырmas» демеске амалың қалмайды.

Сонымен, Сәкен өзінің көзқарасы, іс-әрекеті үшін әрқашан да тарих алдында толық жауап бере алатын ұлы тұлға, социалистік дең атаплан заманның *ардагер азаматы*. Осы қасиеттер оның қоғамдық мемлекеттік, өнерпаздық қайраткерлерінен жарқырап көрінеді, енбекші елдің рухани қосемі, жаңа заманның жыршысы, жаршысы ретінде халық құрметіне бөленеді.

Қоғам қайраткері болу үшін ешқандай қаулы-карап, бұйрық-жарлық керек емес. Елге деген ақ көнілінді жарқырата түсетін, халыққа таныттын нақты іс-әрекет, пасатты ақыл-ой ғана керек және олардың бәрі бақай есептегендей адал болуға тиіс. Ақындық, жазушылық, өнерпаздық қоғам қайраткерлігіне бір табан жақын болғанымен, қолына қалам алғып, ән айтқанның беріне мұндай әлеуметтік бақыт қона бермейді. Оны Сәкендер өресімен өлшегенде ғана мактан тұтар ұлың болғаны үшін табиғатқа, құдайға рахмет айтуға тиісті боласың.

Ал мемлекет қайраткері болуда кездейсоқтық көп болғанымен саналылықтың орны айырықша бөлек. Сәкен халық комиссарлары кеңесі төрағасының орындығын айырықша қадірлеп, қос қолдан ұстаган жан емес. Оның бар арманы – жаңадан орнап жатқан қоғамның қай тесігін бітесем, қай кетігіне кірпіш болып қалансам, мәдениетті, өркениетті елдің катарына қазакты қалай қоссам деген мақсат еді. Оның мемлекеттік қайраткерлігі 1922-1925 жылдар аралығында өткенін, оның қандай жылдар екенін естен шығармаған абзат. Сәкенді 1928 жылғы комплекске-тәркілеуге, онаң кейінгі зорлықшыл колхоздастыруға, отаршылдар үшін жасалған индустриялауға, 1932-33 жылғы аштық-жалаңаштыққа, 1930, 1937, 1938 жылдардағы казақ зиялышарын құрту науқандарына еш араластыра алмаймыз. Бұл кезеңді көзімен өткериң, қолымен істеген, белсene араласып жүрген қайраткерлердің кайсыбірі мадақталып, көбі ың-шыңсыз, дау-дамайсыз тыныш жата беруі, социализмнің зорлық-зомбылығына да, табыс-жетістігіне де тек *Сәкен мен Сәбит* жауап беруге «*тиістігі*» деу еш рабайға сыймайтын жай.

Сәкен Қазақстан үкіметін басқарған уақытта бірнеше ігі істерге мұрындық болды. 1923 жылы «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген айбатты макала жазып, орыс тарихында, тілінде қырғыз, Киргизия болып келген «елдің 1925 жылы Қазақстан» аталғаны рас болса, онда Сәкен ұлтжандығының үлесі жоқ деп кім айта алады? Тағы сол жылы, қолына билік әбден тиіп, оның күшін мықтап сезген кезде. Сәкен қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріп кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу жайында «Еңбекши қазақ» газетіне тоғыз макала жазғанын, Халком төрағасы ретінде талайларға бұйрық бергенін, тиісті қаражат тапқаңын, жалтақтап жан-жаққа үркे қарағандармен жуз шайысқанын, КирЦИК-тің шешуші жиналысын да тізеге салып орындарқанын кім жоққа шығарар екен?

«Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреуі қазақ тілі туралы қатты кірісуге біреу «ұлтшыл» деп айтады деп бой тартады. Бірак ол – қулық, бұл коммунистік қылық емес, ол жарамсақтық, жағымпаздық. Кейбір сасық, жалмауыз демагог өзін «жақсы коммунист екен» деп айтсын деп қазақ тілін кеңсеге кіргіземін деп жүрген белсенді адамдарды анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл дер, одан сескенбеу керек» дегенді Сәкеннен басқа кім айтыпты, кім жазыпты? Сәкен ой-пікірінің жанды, тірі екендігі осыдан-ақ көрінеді.

Қазакты өркениетті елдердің қатарына қосуға талаптанғандар, тілегендер өте көп қой. Бірақ «Енді бір жынырма жылдың ішінде қазақ өнерлі халықтардың қатарына кіруі керек. Қазаққа оку бұрын бір мәрте керек болса енді мың мәрте керек. Окүсyz қазақтың болашақтағы құні қараңғы. Елдің атқа мінген бастықтары оку ісіне жәрдем қылмасаң – кейін жас буынның мың лағынеті айтылады... Ісіңмен, күшіңмен, тіліңмен болса да оку ісіне жәрдем қылмасаң – кейінгі жас буынның қолы жағаңда кетеді» деген жан сезін айтқан мемлекет қайраткерлері қазақтың арғы-бергі тарихында көп пе? Бар мектептерін жаптырып, елді бөгде тілде мәнгүрттендіргендерді қалай ұмытамыз, сондайларға қалай жүргегіміз жібімек. Сәкеннің тірлігі де осында, ол әлі күрес майданында.

Әрине, бұл ұлт қамындағы мемлекеттік қайраткерлік болса, жалпыға бірдей салада да Сәкен бастаған иғі істер

толып жатыр. Жұмысшылар жасағын құрау үшін өндіріс орындарын, әсіресе, Екібастұз сиякты алыптарды көбейту, завод-фабрикаға жақындау жайындағы ойы бір тәбе.

Қазактың ата-кәсібі болып табылатын мал шаруашылығын асылдандыру, кооперациялық негізде дамыту жайындағы ойын бүгін жатсына коймасақ керек. Сәкеннің қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлігі бір-бірімен астасып, бірін-бірі толықтырып жатқанына, сөзі мен ісінің арасында алшактық болмағанына тарих күә. Бұл – *Сәкен азаматтығының ең бір ажарлы, жарқын, сирек бітімді келбеті*. Сәкен осымен-ақ қазақ тарихында жарқырап көрінері сөссіз. Бұл тұрғыда әрідегілерді былай қойғанда кеңестік заманда жасаған қайраткерлердің қай-қайсысымен болса да иық тірестіріп катар тұра алатыны, айырықша қадір-құрметке бөлене алатыны даусыз.

Сәкеннің өзі тенденс, әсіресе, өзімен құрдас *Тұrap Рысқұлов пен Сұлтанбек Қожановтан ерекшелігі* – жұрт мойындаған, тарих растаған ұлы ақындығы, өте қуатты реформаторлығы. Өлеңді, қара сөзді, мақаланы дарындымын деген қазактың көбі жазған, бірақ олардың Сәкендей жарқырап дара көрінгені сирек, аз. Сәкеннің ақындығына, жаңа заманға лайықты жаңашылдығына *Тұrap да, Сұлтанбекте, Смағұл да, Ахмет пен Мағжан да* шүбә келтірген емес. Олар идеялық жағынан әрқиылғы ойда болғанымен, бір-біріне артық-кем пікір айтқанымен ірі талант екендігін жоққа шығарған емес. Ұлы дарындарымызды жан-жақты зерттеген уақытта олардың бойына сыйымды, еңбегіне татыр теңеулерді азаматтық жауапкершілікпен айтқан орынды. Бірақ ұлттық «қасиетіміз» бой салыстырып, ой жарыстырып, бір кебісті бір кебіске сұғып отыруға дағдыланғандықтан көзді жұмып жіберетін сәттер, әсіресе, соңғы кезде көбейіп, данғазаны қүшейтіп барады. Осыдан сақтанған дұрыс.

Сәкеннің ақындығы жөніне келгенде түйіп айттар тұжырым: ұлы ақын, басын тауға, тасқа да ұрған керемет жаңашыл, төңкерісшіл дауылпаз ақын. Қазактың жаңа жазба әдебиетіне негіз қалаған Абайдың жаңашылдық рухы, әсіресе, Сәкенге жұқкан, Сәкенде күшті, сондықтан ол қазақ әдебиеті дамуындағы социалистік реализм деп

atalatын кезеңнің, дәуірдің *бастауышы серкесі* болды. Мұны Сәкен ешкімнен сұрап алған жоқ өзінің құдай берген ұлы таланттымен тарихтан тартып алды. Тілейік мейлі, тілемейік мейлі, Сәкен қазак-совет әдебиеті деп аталатын бағыттың негізін қалаушы болды, соның ұраншысы, жаршысы болды. Ол қате болған күннің өзінде де тарихи құбылыс екенін қысыр тілеулердің өзі жоққа шығара алмайды, диалектика зандалығын өзгертуге ешкімнің дәрмені жеткен емес, жетпейді де...

Сөзіне жаупты, бағаға сараң Ғабит Мұсіреповтың Сәкен «жана әдебиет, жана мәдениет дегеннің бағытын жапа-жалғыз белгілеген адамымыз деуге болады. Сәкенді біз совет әдебиеттің негізін қалаушы деп айтатын болсак, ең алдымен Сәкеннің сол майданды жалғыз басқарып, совет ұранын жалғыз көтергендігін ескеруіміз керек. Сәкен ұлтшылдық ықпалында жүрген адамдарды оңай тәрбиелеп алымын деп ойламаған кісі. Сондықтан әдебиеттегі, мәдениеттегі жаңа бет алысты тезірек ұғынып, қолға алып келген жастар болуы керек деп үміт артқан сияқты. Сәкен қазак совет әдебиеттің туын көтеріп шыққанда, қасында болғаны әлгі жастар. Сәкеннің өзі үлкен ақын. Әсіресе, жазғанынан гөрі өзінің жаны үлкен ақын адам болатұғын... Тұла бойы тұнып тұрган ақындық еді, қара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған жан еді.

Мен Сәкеннің өлеңдерінен кейде ырғак жағынан болсын, ой мен түр жағынан болсын кемшілік таба алымын осы кезде, бірақ Сәкеннің кіслік жаратылысында бір кемшілік жоқ деп ойлаймын. Сондықтан мен Сәкенді басқалардан ерекше бағалаймын» («Жалын», №5, 1988) дегенін ілтипатқа алу елдіктің де, парасаттылықтың да белгісі болмақ.

Сәкеннің бұдан да басқа өнерпаздығы толып жатыр. Халықтық «Көкшетау «әні, жігіт өлең «Тау ішінде», жан табірентерлік «Ақсақ киік «сынды әндерді шығарған сазгерлігі, Затаевичке тартып берген домбырашылығы, бабына келтіріп ән салатындығы, ешуақытта өтірік айта білмеген шыншылдығы, ешкімнің ала жібін аттамаған адалдығы, айтқан сөзіне берік, табандылығы, «адам ретінде, мемлекет басшысы ретінде, ешкімге жақсылықтан басқа ешнәрсе ойламайтындығы» (F. Мұсірепов), мәрт мінезі,

кең пейілі сияқты қасиеттерді Сәкеннің өн бойынан да, парасатты қайраткерлігінен де көреміз. «Шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық, жалқы емес, тұтас бітімді жоталы тұлғадан туатын, бүтіндігі бар сезімдер Оның шыншылдығы қозып-жанып отыратын, буы білініп тұрған барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Үлдиы бар, өрі бар шын өмір жолы, ыстық қанды Нагыз Ақындығынан» да (М. Әуезов) көреміз. Сондықтан Сәкеннің қазақ халқының тарихындағы, әдебиеті мен мәдениетіндеңі ерекше биік орнына дақ түсірмей, қараулық жасамай, адамгершілк, азаматтық өреден көрінуге тиіспіз. *Мұны саналы да, санасыз да, басшы да, қосшы да мықтап ұғып, асылдарымызды орны-жөнімен ардақтап, құрметтей білейік.*

«Халық Кеңесі»,  
№143, 28.09.1994 жыл.

## ДАЛА ДАУЫЛПАЗЫ

*Серік ҚИРАБАЕВ, академик*

Сәкен Сейфуллин!

Қазақ халқының аса бір мақтаныш ете аузына алатын есімі бұл! Туған халқымыздың игі тамаша қасиет-сипаттарын, ұлттық мінез-құлқымыздың жарқын көріністерін бүгін әркім-ақ осы бір азаматтың бойынан тауып, сүйсінгендей, мейірленгендей.

Сәкен дала дауылпазы. Ол бүкіл Россияны дүр сілкін-дірген Октябрь дауылы мүлгіп жатқан даланы да орнынан көтеріп оятқанда бостандық, бақыт үшін күрестін алдыңғы шебінде болды. Жана жолдың киындығы оны қайыстырмады қайта ол желге қарсы бетін түзеп, өршелене қанат қаққан қыранша қарыса түсті.

Шақырындар, арттағы ұйықтаған, именшек бақыт жолын білмейтін бауырларынды!

Шақырындар, арттағы құлдықта жүрген бауырларынды?  
Қосындар дауыстарынды!

Күшті дауыстар мен қызу ән жаңғыртсын дүниені!

Жаңғыртындар, жаңартындар ескі дүниені қиратты ер жастар!

Күш артынан артына бұрыла жар салған жалынды ақынның осы күшті әні құні бүгінге дейін әркімнің ак құлағында.

Сәкен Сейфуллин қазақ совет әдебиетінің іргетасын қалаушысы есебінде бар жанрда қалам тербеді, От, әрі жалынды ақын, әрі кең тынысты прозаик, әрі шебер драматург, әрі білгір әдебиет сыншысы. Сәкен - қазақ әдебиетіндегі «Тар жол тайғак кешу» сияқты кең құлашты дүрмекті оқиғалы тұнғыш романның авторы. Сондықтан қай жанрда болсын біз ең алдымен аузымызға Сәкен атын аламыз.

Сәкен – ақын Сәкен – революционер, азамат, патриот. Оның есімімен қатар аталатын, тіпті бөлінбес біртұтас ұғымға айналған осы сөздерді тудырған социалистік рево-

люция. Сәкеннің ақындық, азamatтық өмірі – осы халықтың сыпаттардың жиынтығы. Азamat ақынның орыс достарының бірі, белгілі жазушы Галина Серебрякова мұны әдемі айтты: «Алатай тәрізді соншама ғажап және алып тауды мен бұл дүниеде көрген емеспін. Қазақстанда барлығы да шетсіз-шексіз, ұланғайыр және бай құнарлы жері мен мыңғырған мал отары да, таусылмас қазынасы мен арқырап ақкан өзендері де, сені сұлулығымен таңқалдырған таулары да, ең бастысы, табиғат дарынды аямай берген адамдары да – бәрі ғажайып.

Мен Сәкен Сейфуллинді осы Қазақстанның кішкентай бір бөлігі деп ұқтым. Және өз халқы мен еліне жан-тәнімен берілген үлкен азamat екенін білдім», – деп жазды ол.

Я, ол туған халқының бір бөлігі еді, ұшқыны еді. Сондықтан да қазақ көргің келсе, Сәкенді көр, оның ер мінезі мен сыршыл сезімталдығын білгің келсе Сәкенге бар, қазақ өнерін танығың, түсінгің келсе, Сәкенді тында, оқы дер едік.

Ол туған халқымен бірге есті, бірге жаңарды.

Ол патша үкіметі құласымен-ақ революцияның от-жалынына араласып әлеуметтік күрестің жуан ортасында жүрді. «Ер қаруы – бес қару», дегендейін, Сәкен күрес үстінде ақын қаламы мен жауынгер мылтығын қоса ұстады. Мылтығымен оқ атса» қаламымен өлең боратты. Дауыл көтеріп, төтеп тұрған далада тез тараған алғашқы абындауыс – Сәкен өлеңдері еді.

*Азamat, жұнжіме жүрме бос.*

*Қол ұстас, бірігіп тізе қос,  
Ту ұстап дұшпанга барайық,  
Теңдіктің ұранын салайық,  
Тізесін батырган залымнан*

Күн түдү – біз теңдік алайық! – деп жар салды бұл өлеңдер. Ән болып тарады. Ауылды күнірентіп күреске үндеді.

Ақынның өз басы дұшпан тұтқыннанда жатқанда оның өлеңдері ауылына жетіп, шаруаларды күреске үгіттеп жатты.

Сәкен өмірі – жаңарып, түлеп өскен туған халқының өмірі. Оның қызметінің өлшемі – халыққа пайдалы болу. Сондықтан Сәкен бар тіршілігін, жан-тәнін, ерік, санасын еліміздің жарқын болашағы жолына жұмсады.

Сәкен тап мүдделерінің түйіскен шағында атқа мініп, бар өмірін құреске арнады. Туған халқына тұзу жолдан бұрып әкетуге тырысқан ұлтшылдықпен аянбай жүлкысты. Ұлы орыс халқымен қол ұстаса отырып жаңа қоғам орнатуға бет алған жас қазак республикасының басшы қызметін атқарды.

Екі қоғамдық құрылыштың бетпе-бет келген кезеңдегі аяусыз қурестер Сәкеннен революцияға тән тенденцияллықты талап етті. Ақынның бүкіл творчестволық мұрасына тән жауға мейірімсіздік ымыраға келмейтін қарыспалық пролеприат құресі жолына жан тәнімен берілуішілік қасиеттері осы заман тенденциясынан туған еді. Оның шығармаларын оқысаң Сәкеннің іштей ылғи біреумен айттысып, сөз жарыстырып отырғанын көресің. Табиғатты жырласа да, еңбекке деген жаңаша көзқарас пен техника жаңалықтарын тамашаласа да, советтік құрылыштың табыстарын мадақтаса да, ол өзіне қарсы жақтың позициясын сыйнап шенеп өз тенденциясын аша түседі. Осының бәрі көркемдік творчестводағы ұлтшылдықпен жарыс талас еді. Ұлтшыл ақындардың туған даласын өлікке теңеген қара жамылған күнгірт бейнеде көрсеткен өлеңдеріне қарама-қарсы Сәкен жаңаған даланың жарқын көріністерін бейнеледі. Паровоз бен автомобиль даусының қыр қазағын үйқыдан оятқанын суреттейді.

Революция мүддесіне қалтқысыз берілуден туған творчестволық принциптер әдеби шығарманың эсерлілігі мен үгітшілігі үшін құрес дүшпанды аямай әшкерелеу, жаңалықты бар дауысымен жыр етіп мадақтау ұраны заман талапарының дәрежесінде болудан туған барлық мақсат мұраттар Сәкенді ұлы орыс ақыны Владимир Маяковский жолына алып келді. Осы жайлар революцияның екі көрнекті ақынын табыстыруды, туыстыруды.

Советтік заманның жаңаша бейнесін жасау сияқты қазақ поэзиясы үшін тың проблеманы көтеру және оны тапқырлықпен шешу міндетін де Сәкен осы талмай іздену нәтижесінде атқарды. Қазақтың асау тұлпарының шабысы өлшем бола алмай қалған қоғам дамуының жедел қарқынына лайық образ экспресс екенін ұқты ол. Үрғалып, баяу қозғалған қазақ көшінің жүрісіне өлшеусіз қарқын косқан жаңа заманының екпінді ақын қиялын ұштады. «Советстан» поэмасы Сәкеннің осы ізденуінің сәтті бастамасы болса, «Альбатрос» шыны еді. Мұнда революциялық қурестерден қажымай, талмай өткен совет халқы оның бастаушысы

Коммунистік партия мен ұлы Ленин үлкен теніздерде желге қарсы қарыса ұшқан дауылпаз құс – Альбатрос бейнесінде суреттеледі.

Сәкеннің өлеңдерінің лирикалық кейіпкерін тудырган да осы заман, аталған жайлар. Бұл кейіпкердің аты – күрескер ақын. Қай өлеңді оқысақ та, қай әнді тыңдасақ та халық камында тынбай күресіп жүрген қажырлы тұлғаны көреміз. Оның бойы толған күш. Қайраты тасқын судай, айбаты күркіреген бұлтты аспандай, екпіні асау тұлпардай, серпіні тас түлек сұңқардай, қиялы шексіз, талабы үлкен. Ол:

*Қырысыздың қырына жетейік,  
Өлшеуі жсоқ көк мұхиттан өтейік.  
Аспандагы алыс қызыл жұлдызды  
Жерге әкеліп, жердің көркі етейік!  
Шешілмеген ескі жұмбақ шешейік!  
Жерді, аспанды тынбай жұзіп кешейік.  
Сансыз қыын бөгеттерді жолдагы  
Қиратайық, уатайық, кесейік.  
Асуы жсоқ асуладардан асайық,  
Ашылмаган тас қақпаны ашайық,  
Болмагады болдырайық дүниеge,  
Жаңа тұрмыс қара жерге жасайық! – деп жар салады.*

Сәкеннің лирикалық кейіпкері – жалан құрестің ғана адамы емес, сонымен бірге адамгершілік сипаты, сыр-сезімі мол, ұлы жүргегі бар, адамзатты, өмірді беріле сүйген ақын. Оның үнемі алабұртып, алып ұша бермей, бәсексіп сыр айттар шағы да болады. «Қолында жемін барда топырлап» маңынды босатпайтын, «жем таусыла жалт беретін» тауықтарға наразы болып, сыр сандығын актарар дос аңсайтыны тағы бар.

Сәкен бойындағы сезім сұлуплығы ақынның өзі шексіз сүйген өмірдің әсемділігінен, байтақ қазақ даласының сыры мен шындығынан туған еді. Ол осы әсемдікті бұзушыларды жек көрді. Ақку мен бала кийкке атылған оқ ақын ұғымында сұлуплыққа атылғандай еді. Мұның бері Сәкеннің гуманистік ой-пікірлерін, өмір танымын аша түседі.

Сәкен – эстетикалық талғамы құшті ақын. «Аққудың айрылышы», «Сыр сандық» және басқа өлеңдері осыны байқатады. Ол ән-күйді, сұлу табиғатты мейлінше сүйген, шабыттана жырлаган «Көкшетау» поэмасы – осының айғағы. Көкшениң көркем табиғатын, алуан түсті таулары мен айнадай жарқыраған күміс көлдерін, қарағайлы ну орманын, көлдегі құстарына шейін әсем түсініп, әсем

жырлаған Сәкен шығармасы халық жаттап алған, өлмес мұралардың бірі.

Сәкеннің орыс әдебиетімен, Маяковский дәстүрімен байланысы ұлттық поэзияның шенберін кеңейтуге, ерісін молайтуға, сөйтіп жаңа заман талаптарына жауап берे аларлық жаңашыл поэзия жасауына негіз болды.

Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен творчествосы – тек қазактың ұлттық мәдениетінің ғана емес, бүкіл советтік көп ұлтты мәдениеттің мақтанышы, лениндік ұлт саясатының жемісі. Сәкеннің ақындық, революцияшылдық жолын кезінде біздің туысқан халықтар әдебиетшілерінің кебі-ақ үлгі тұтты. Жазба әдебиеті революциядан кейін туып, тек Октябрь әсерімен қолына қалам ұстаған. Қыргыздың алғашқы әдебиетші жастарына тигізген Сәкен әсерін қыргыз әдебиетінің бүгінгі ақсақалы Аалы Тоқамбаев аса бір ілтипатпен еске алады. Ол өзін Сәкеннің шәкірті са-найды. Қыргызстандағы ұлтшылдық ағымға қарсы курс үстінде ол Сәкен жолын, оның үлгісін, құрес тәжірибесін пайдаланғанын мақтан етеді. Туысқан карақалпақ әдебиетшілерінің Сәкенге деген сезімін Ж.Аймыраев та жылы әңгімелейді. Сәкен өзбектің революционер ақыны Хамза Ҳақим – Заде Ниязимен қатар, әдебиетінің класигі Ғалымжан Ибрагимовпен достық қатынаста болған. Бұларды да табыстырған әрқайсының өз халқы алдында атқарған ұлы қызметі еди.

«Ең бір шешуші кезеңдерде халық мұддесінен шыққан, сол жолдағы қыншылықтан қорықпаған адам – шын батыр» деген Юлиус Футчик. Сәкеннің туған халқымен ара қатынасын белгілеген осы сыпаттары. Елі оны еніреген ер деп ұқты. Ол қазақ халқының ұлттық қаһарманының біріне айналды. Сәкен туралы ел арасында қаншама ақыз, жыр өлең әңгімелер туды. Бүгінгі жазушыларымыздың кебі-ақ Сәкен есімін қызыға атап оның жарқын бейнесін жасауға талаптануда. Сәбит Мұқанов пен С.Талжановтың әзірге жарық көрген еңбектері – Сәкен туралы әдебиеттің алғашқы қарлығаштары. Жеке адамға табынушылық кезінің әрекеттері де Сәкенді халық қиялынан, ойынан өшіре алған жоқ. Қайта қыншылық «Сәкен», «халық», «ақын», «ер» деген ұғымдарды біріктіре тұсты. Бұл – тұтас ұғым, белінбес сөздер. Сәкен, туған халқының өр ақыны, далада туған революция дауыллазы.

«Қазақ әдебиеті» газеті  
23 май, сенбі, 1964 ж. N23.

С. Сейфуллиннің тұганына  
100 жыл толуына орай

Гағы ҚАЙЫРБЕКОВ

Иә, мейлі 100 болсын, мейлі 1000 болсын, бір халықтың, бір ұлттың мәңгілік ағасы болып қалатын адамдар болады.

Ол – сол халықтың есімі секілді, оны айтсаң халық, халықты айтсаң ол әрқашан еске түседі.

**Сәкен Сейфуллин** біз үшін осындай. Мысалы, **Абай аға**, **Ахан** (Ахмет Байтұрсынов), **Сәкен аға**, **Би аға** (Бейімбет Майлін), **Мұқан**, **Сәбен**, **Ғабекең** десек, оларды кеміткендік болмайды, бірақ халықтық әрекет, мінез, істелген іс, өзімен тағдырлас ұлдарды айырықша сыйлау үшін бе екен, анық болжай қыын, өйткені халық сыры тұңғылық сырғой, оны түгел білу қыын жұмыс.

**Сәкен Сейфуллин** туралы оның өз ғұмырында халық құрметін көзі тірісінде-ақ көріп ұлгерген. Қысқа уақытта ұзак қадірін ол естіп, біліп кетті. Оның өзге қайраткерлерден айырмасы, негізінен осы. Оның емін-еркін, ерке тәкәппар болып көрінуінде де жаратылыстағы тектілік, парасаттылық, биіктікten басқа тағы да осындай елге, мемлекетке сінірген еңбегінің де үлкен қанағат, артықшылық жағдайын іштен мойындағандығынан еді. Жұрттың көзіне ол асқақ, тым биіктікте болып көрінетіні, айбындылығы эсте де жасанды емес, барынша табиғи қасиет-жаратылыс пен өмірдегі зор еңбек екеуі қосылып жасаған мінез еді ол. Адамдарды өзіне табындыратын ерекше дарын, қабылетпен қоса, осы күнгі біз айтып жүрген әруактылық, тәнірге үқсас жұмбак құдіретті айырықша айтып өтуіміз керек.

Осының барлығы қосылып «Сәкен аға» дегізетін, барлық ұрпаққа солай сініретін зандаудылықты айтады.

Сәкен туралы жоғарыда айттым, көзінің тірісінде де оның жазғанына пәлен жыл деген секілді тойларының

тұсында халық атынан да, замандас ірі жазушылар атынан да адал пікірлер айтылды. Ол сол кезден ешқандай әмірші-көсемінің, уақытша құдайсымактардың атынан айтқан жок, тек Сәкенді айтты, оның көсемдігі сонда-ақ көрінген еді. Ал кейін ширек ғасырдан соң Сәкен аты қайта жарқыраганда да – ол сондағы халық көңіліндегі тұғырдан тұспегендігі тағы көрінді. Халық тағы да, енді шамасы біржолата «Сәкен аға» деуге көшті. Сөйтіп «Сәкен аға» деген атау ұрпақтан-ұрпаққа көшетін болды, мейлі кейінгі немере, шебере, шөпшегі қаптаған қазақтың жас мөлшеріне қарамастан бәрі де «Сәкен аға» деп кететін болады.

Мениң бұл қысқа сөзімде Сәкеннің сан салалы қызметі мен қайраткерлігінің ең алдында, яғни «Сәкен – ақын», «Сәкен – публицист-мемуарист», «Сәкен – драматург», «Сәкен – публицист-айтыскер», «Сәкен – саясаткер», «Сәкен – революционер» деген секілді атаулы жағдайлар ежелгі шындықтардан ала бөлек тұрганында, «Сәкен аға» деген сөздің төнірегінде аялдағанымда осындай мән бар. Өйткені мен – ақынмын ғой, ақынға осындай төте жол керек, әйтпесе сөз көбейіп кетеді. «Сәкен аға» деген тақырыптан соң немесе соның тармағы секілді келесі сөз тағы да жоғарыда айтқандай, Сәкен туралы ең қымбат, ең көркем дүниелер – оның қазақ әдебиетінің классиктері – *Сәбит Мұқанов*, *Ғабит Мұсірепов*, *Ғабиден Мұстафин* секілді онымен қадірлескен, аз ғұмырда көп тәлім-тәрбие алған замандас інілерінің жазғандары. Сәкен мемуарлық-тарихи әдебиетті өзінің атақты «Тар жол тайғақ кешуінде» бастады да, кейін Сәбит Мұқанов соған жалғас «Өмір мектебін» жазды. Онда Сәкен туралы көп мағлұмат бар. Ғабит Мұсірепов өзінің ең таңдаулы повестерінің шыны «Кездеспей кеткен бір бейнені» түгелдей Сәкенге арнады Ғабиден Мұстафин де «Көз көргенінде» Сәкенді аз суреттеген жок. Қысқасы, Совет заманының алғашқы дәуіріндегі қазақ тарихының ең ірі тұлғасы, негізгі тірері – Сәкен Сейфуллин екенінде ешкімнің дауы жок, ол болған күнде кейінгі бейшара саясаткерлердің қанқу сөздері ғана. Алтын Сәкеннің жүзіне қолмен шашқан шаң ғана. Ол бір сұрткеннен қалмайды.

**«Сәкен аға», содан соң «Әдебиеттегі Сәкен бейнесі»** дегеннен кейінгі сөз – **«Сәкеннің халық арасындағы аңыз тұлғасы»** деген тақырыпша бар. Ол – Сәкеннің адам біткендегі бет әлпette асқан сұлулығы, көркемдігі, соған байланысты әйелдер қауымының ортақ мойындауы, ол жолдағы хикаялар жалғаса береді. Олардың бәрі де – бірі өтірік, бірі шын болса да – Сәкенге жарасымдылық, лайықтылық әрекеттерден тұрады. **Сәкеннің сұлулығының, сүйкімділігінің бір ерекшелігі әшейіндегі өлеңге ортақ сұлулық емес, оның қазақылық сұлулығы болатын.** Небір Еуропаның көркем жігіттеріне, мысалы Байронға козі үйренген зиялыштар Сәкенді көргенде: Азияда, әсіресе, қазақта осындай әсемдік болады екен-ау! – деп таңырқағандары рас қой. Оның үстіне ол зор сом тұлғалы арыстырымен де сонау дала батырларының ең соңғысындай болып елестейтін. Осыған қоса оның мөлдіреген бадана көзі, аппақ жүзі, қара шашы еркектен гөрі де әйелдің інзік сұлулығын елестетер еді. Сәкенге қараудан жалықкан адам бар ма екен? Жоқ. Бұл да Сәкеннің қайталанбастырынын күесі. «Сәкенді атқан екен» деген сөздің өзі – бәрімізге де аққуды атқан екен дегендей естіледі. Көзі қызып атқан адамға ішінен мың рет нәлет айтып, «*ет жүргегің қан жылайды*». «*O, жауыз жалған, бетпақ дүние*» дегің келеді.

Сәкеннің енді ішкі жан сұлулығына келсек – оның ең алдымен кең жүрегі, жақсылықшыл, қайрымшылдығын айту керек. Сәкен Совнарком болғанда көп қазаққа жақсылық жасаған. Сәбит пен Ғабит өз пәтерінде жатып оқыған, үйі кәдімгі мейманханаға үқсайды екен. Сәкен көркемдік, әсемдіктің жыршысы, соның шебері болған. Оның анық ақындығын танытқан «Аққудың айырылуды» мен «Көкшетау» поэмасы. Кейін ол өзінің ақындығын заман, күрес, жана өмір тақырыбына үлкен тыныс, кең құлашқа жеткіземін деп, оған күрес, үтігі құралындық сипат берді.

Оның формаларын, өлеңдік құрылыш-куатын дамытты. «*Қызыл ат*» секілді поэма және В.Маяковский үлгісін осы тұста жазған өлеңдерінен әбден көруге болады. Иә,

жалпы ол кезендеңі жаңа совет әдебиетінің классиктері деп танылғандар Горький мен Маяковский болатын. Қазақ совет әдебиетінің осы тұрғыда негізін қалаушы социалистік реализмнің Қазақстандағы туын қадауышы Сәкен Сейфуллин еді. Советтік идеямен ол тудырған империализм, күлт мәселесі – бәрі де құйргегеннен кейін қазіргі кезде сол жасаған наරсенің бәрін түгелдей мансұқ *етіп барамыз да, сол тұста Сәкенниң де бар қадіріне колеңке түсіре бастадық*. Адамзат өмірін бір мұхитқа тенесек, әр үақыт кезеңі, заманаудар сол мұхиттың аумалы-төкпелі толқынына ұқсайды ғой. Ол толқында айнымай, қозғалмай қалатын ештеңе жоқ. Біздін қазақ, негізінен, «әйде шап, әйде қираттың» жүрты. Ол оған өзінің тарихынан жүққан мінез. Өйткені ғасырлар бойы «жаяшапты», «жаяу келдіге» үйренгендейктен.

Сондықтан, ала құйын пікірлер, кірлеу, ластау секілді жаман әрекеттер Сәкен секілді халықтың өзін, барлығын дәлелдейтін мақтаныштарына, әулиелеріне жоламауы керек. Сәкенді жамандап немесе кемсітушілер нағыз құдай ататын адамдар. Өйткені ол қасиеттілердің өзі өлсе де, аруактары тірі. Бар жақсылығымызды қайта тірілтіп еске алғанда ең басында тұратындардың бірі – Сәкен Сейфуллин еді. Сәкен өз тұсында орыстың ең жақсы деген адамдарымен, жазушы, саясаткерлерімен жолдас, дос болған, олардан дәрежесі де, беделі де ешқашан кем болмаған. Өйткені, ол жалғыз өзі бүкіл бір халықты, ұлтты жоқтапаған, соның айырбасы, орнын толтыратын адам еді. Әкімшілікте де ә дегенде бірінші совнарком болатыны сондықтан. Иә, эрине, Сәкен осындай ірі тұлға болғандықтан, оның көзі тірісінде де, кейін де жаулары да тым іріден барып соқты. Бұл қашанда тарихи зандаудың еді. Ал адамның жауы да өзіне лайық болады.

Ал Сәкенмен жау болдым, қастастым дегеннің өзі қандай мактандың еді. Олар соны білген. Оқта-тексте Сәкен-нің атағы көмескі тартып, солғында қалатыны – сол дәрежелі жаулардың қырсығы еді. Ал жай халық оның себебін іздел жатпайды. Халықтың өз жақсысын іздемейтіні, болыспайтыны, дауыс көтермейтіндігі – қазақ үшін

ең ауыр қасірет. «Өлсө қайтейін, жазығы бар шығар» – деп қалғып отыра береді. Әне, сол мінезді отаршыл қанды кол жауыздар қаншама уақыт бойы пайдаланып келді десенізші! Бізге, қазақка дербестік, егемендіктің ең керегі осы жерде. Әлгіндей «сабазым бар еді, тар құнға сақтаған, ел десе еңіреген ерлерім бар, соларға тимендер!» – дейтін санаға елді жеткізуіміз керек. Осы құнғі арғы асыл атабабаларымыздың рухын тірілту жиын, естелік тойлары сол үшін, сол үлгі, тәрбие үшін керек. Ал: «Осы той көбейіп кетті, мына тар заманда не керегі бар?» дейтіндердің арғы түкпірінде казақел болмасын, басы бірікпесін, осы мәңгүрттігінен құтқармау керек деген зымиян пікірдің ұштығы жатыр. Оған: «Иә, бәсе-ау» деп қосыла кететін біздің қулар да жетеді.

Иә, Сәкен туралы ойлансаң, осылай өткен-кеткен, болашағың еске түседі. Ол оның ала бөлек ірілігі, арыстандылығы.

Сәкен туралы мен көп айтпайын, көзім көрген жоқ, маған оны көргендей етіп әсер қалдырған адам – Габит Мұсірепов. Ол оны ғажап жақсы көріп, алдындағы адамдықтың, кісліктиң сирек үлгісі деп танып, соған елікте, мәңгі сүйсініп кеткен кісі екеніне менің көзім талай жетті. Габең табиғатындағы, тұмысындағы ерекше қасиеттерімен қатар, көп нәрсені Сәкеннен үйренгендігі көрініп тұратын. Сәкеннің мықтылықтан пайда болған заңды тәкәппарлығы мен адамдарға өте нәзік сезіммен, оймен, сынмен қарап, іштей қорытынды шығарып қоятын әдеті Габенде де болатын. Ал серілігі, аңшылығы, мергендігі, ұқыпты тазалығы, кербез мінезі, «иіс май, одеколонын бірдей жағып» дегендейлері, бәрі-бәрісі Сәкен де болған жайлар еді деседі. Жай біз секілділер осындағы кіслерге әйтеуір бірдемесімен жақындағысы келетін әдет бар.

Менің, тіпті балан, кітапқа да жастай құмар кезім еді. Торғай кітапханасы орнына көшіп, жұртында жерге көміліп, «изять» етілген кітаптар қалғанда мен ол шұқырдан қазып алған кітаптарының ең алғашқысы – Сәкен Сейфуллиннің «Айшасы» мен Сәбит Мұқановтың «Теміртас» кітабы еді. Оны мен талай рет айтқанмын. Екінші бір жақындығым «Тар жол тайғақ кешу» кітабының ең соңғы бетінде

Қалмұхамбет Танкин деген кісінің аты аталады. Сәкен: «*АЗАП ВАГОНЫНАН*» қашып шығып, Бетпақдаланы басып, Әулие ата қаласына келгенде Қалмұхамбет деген арғын шалдың үйінде екі ай жаттым. Өзі бір аңқылдаған, ак көніл кісі еді, – дейтіні бар. Сол Қалмұхамбет (Қалмеш) мениң атам – әкемнің экесі – Сәрсенбайдың туған інісі еді Алпысыншы жылы өзін әрен іздел табатын бұл шалдың әuletі – барлық тұқымы сол Әулие атада туып, өскенде Қалең өте дәулетті кісі болған, оның үйін кейін компескелеп, осы күнге дейін «облзагс» мекемесі болып келді, әдемі көп бөлмелі қызыл темір шатырлы үйді бұзамыз дегенде мен араша түсіп «*Ол үйге Сәкен тоқтаган, сол көшениң атын Сәкенге беріп, үйді сактаңдар*», – деп мақала жазғамын. Қазір білмеймін, бар ма, жоқ па? Ал шынында да Сәкен тегін үйге түспейді ғой. Атам да жақсы болған екен деп мактанатыным рас.

Сәкенің інісі – Мәжит Сейфолла баласымен, оның балаларымен сыйлас, құрметтес болып келемін. Сәкен алғаш ақталғанда Гүлбарам шешемізben араласып, дәм татысып жүрдік. Гүлекен аса сұлу емес еді, бірақ енгезердей зор, бар бітімі әдеміліктен гөрі ақылдың, сабырдың ұясындаи, біртүрлі орнықтылық танытатын кескіні бар еді, кәдімгі казақтың жуан тұғыр бәйбішесіне ұқсар еді. Тегінде Сәкен сұлулар мінезін жақсы біletін кісі – уақытша кімді, түпкілікті кімді ұстайтынын анғару қын емес.

*Габең сабаз «Сұлу айелдің өзіңде емес, өзгеде болғаны жақсы»* – деуші еді. Осынысымен де сол Сәкенге ұқсайтын.

Сәкен Сейфуллин – мен адаммын, мен казакпын дегеннің бәрінің арманы, идеалы болуымен етті. Оның өзге классиктерімізден гөрі бір артықшылығы оның өмір жолы, өнегесі, ерекше еңбегі жөнінде орыс тілінде профессор Тұрсынбек Кәкішевтің «*Сәкен Сейфуллин*» деген атпен «*Тамаша адамдар өмірі*» сериясымен қалың кітaby шықты. Біздің бір үлкен кемшілігіміз – осыншама көп ғажайып перзенттерді тұғызамыз да, оларды өзге халықтарға таныстыра алмаймыз, аударып шығара алмаймыз. Қашанда халықтың ұлылығын одан шықкан ұлылар таныстырса керек. **Оқимын, білемін деген кісіге Тұрсынбек кітaby**

көп мәлімет беретін абыройлы еңбек. Сәкеннің орыс әлеміне екінші белгілі болу жағдайы – орыстың атақты білімпаз жазушы эйелі – Галина Серебрякованың кітабы. Онда ол Сәкен туралы тамаша білгілікпен, аса бір ыстық көнілмен, шұғылалы көңілмен жазады. Тіпті оның респрессияға ұшырау, айдалу себебінің негізінде де: «Сәкенмен дос болған» – деген кінә да қосымша болған екен.

Міне, осынау екі жағдай өзгелерден ғорі (Бейімбет, Илияс) біршама таныс болуга орыстарға жол ашқан. Біздің ендігі ен үлкен бір міндет – осы қазақ сабаздарын алдымен өз ұрпақтарымызға танытып, оқыту, үлгі тұтындыру бір болса, екінші мақсат – орыс және басқа тілдер арқылы дүчиеге таныстыру болмақ. Аз сөз деп тұрып көп мәселенің басын шалдым-ау деймін.

Біз Сәкенді оның мерейтойларының тұсында ғана емес, ылғи да өз көкірегімізде оның бейнесін сақтап, көңіл айнасында ылғи да көріп отыруымыз қажет. Ол Сәкен ғана үшін емес-ау, өзің үшін, онымен салыстырып, тіршілігіннің, арыңының алдында есеп беру, халықты сую дәрежендей тексеру үшін қажет.

«Халық кеңесі» №141,  
24 қыркүйек, сенбі, 1994 ж.

## АҚЫНДАРДЫҢ АҚҚУЫ

Сырбай МӘУЛЕНОВ

Сәкен, Сәкен!  
Осы есіммен,  
Тебіреніп бүгін мен,  
Келем Сәкен көшесімен,  
Келем Сәкен жырымен.

Алатаудың заңғарына,  
Ақша бұлттар асылып,  
Алматының албарында  
Ақ бұлақтар шашылып,

Секіреді ақ аспанға,  
Ағылып ақ тиін бол,  
Жабысады ағаштарға  
Аппақ бүршік түйін бол.  
Сен ойлаған ақ күн туды,  
Қайдасың, сен, ақыным!

Сарыарқаның сандал тауы  
Сағыныштан сарылып,  
Сарыарқаның самал таңы,  
Қызыл аттай сабылып.  
Келе жатыр көк жиектен,  
Қызыл жалау сұнқар бұлт.

Көмкерілген көк жібекпен  
Көтеріп бір сыр сандық.  
Сол сандықта бір сыр жатыр  
Өзің айтқан термеде

Сол сандықта бір сым жатыр,  
Өзің таққан пернеге.

«Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара сырласым.  
Сым пернені басып қара,  
Басып қара жырласын».

Болдың қайда бақ талантты  
Тұып қайта ақ күнің,  
Бір керіліп қақ қанатты,  
Сұлу сырлы аққым.

*Колжазба*

### **СӘКЕН АҒА КІМ? – ДЕСЕН**

*Кәкімбек САЛЫҚОВ*

Кей ақынды,  
Тым көтерсек заңғар қып,  
Бір өлеңін ел білмесін аңғардық.  
Кей ақынның  
Әр сезіне ел ғашық  
Ал, есімін ардақтауға аз бардық.

Сәкен десен...  
Төрінде күн атқандай,  
Ақбоз аты кісінеген сәт қандай?!  
Сұңқар шалқып,  
Аққу қаздар әндептіп,  
Тау ішінде тосар аңсан ақ мандай.

Сәкен десен...  
Өнденеді Сарыарқа,  
Өзгереді Атырау, Алтай – бар алқа.  
Жалт қарайды ақ бөкені Бетпақтың,  
Жанарымен жердің жүзін жаңартса.

Сәкен сырын ұқпау достым, – мол қайғы,  
Онсыз қазак

Өнер көші толмайды.  
Ақ Сұңқарға тіл тигізген адамдар,  
Барлық ақын ар, намысын қорлайды.

Түсінбесен түгел ұққан халық бар,  
Күдіктенсен...  
Арыстарым анықтар.  
Ардақтады Илияс пен Бейімбет,  
Сүйді оны  
Мағжан, Мұхтар – алыштар

Кең даланың  
Сәкен алғыр қыраны,  
Ол – дауылпаз тәбе, төрде тұрағы.  
Үзенгілес ақындар бар – десек те,  
Өзгелерден асып тұрар бір әні.

Сәкен – деген Ақындықтың төресі,  
Ол – асқар шың көз жеткізбес төбесі.  
Үзенгілес ақындар бар – десек те,  
Азаматтық өресі.

Аз емес қой  
Сәкен ашқан жаңалық,  
Бүркей алмас атын көшпе ала бұлт.  
Мандайына симай кеткен қазақтың,  
Ол – Сәкен ғой – дара туған нар алып.

Жасқантты ма,  
Өрде дабыл қаққаны,  
Күйдірді ме найзағайдың қаққаны.  
Сескетті ме періштедей пәк, таза,  
«Оқжетпестей» өктемдігі тақтағы.

Иә, солай...  
Жаңылыс жоқ. Тақтағы,  
Совнарком да болып тілек ақтады.  
Әр қадамы  
Бар қазаққа жақса да,  
Ақынды атқыш арсыздарға жақпады.

Тар кезеңде ол қолдауды таппады,  
Құласа да қырандығын сақтады  
Беу, ағайын!  
Тіл тигізбе Сәкенге,  
Жетер... Жетер...  
Еш кінәсіз атқаны.  
Жетер... Жетер...  
«Жау» – деп лақап таққаны,  
Жетер... жетер... жылпостардың сатқаны  
Енді бүгін көгілдір ту астында,  
Алла жар боп,  
Сәкенді елім актады.

Сәкен нағыз тән, тұғырдың иесі,  
Ұлан-ғайыр оның алар үлесі.  
Дәмеленбе,  
Дәндеме сен жұғар – деп,  
Ақ сұнқарға қара құстың қүйесі

Көрсетсе де  
Жеңіл келер атақ бой.  
Абзал жанға бос абалау шатақ қой.  
Сәкен, Илияс, Бейімбеттің өлімі,  
Алты алашқа естен кетпес апат қой.

Беу, білгірім!  
Бола берме деддалда,  
Шық тасадан, аш бетінді кең залда.  
Сәкен сенің мазағына көнбейді,  
Жер бетінде қазақ – деген ел барда.

Жетер... Жетер...  
Ойланайық, тоқтайық,  
Еткізбейік ардақтыға жоқты айып.  
Есі барлар жөн түзейік бас қосып,  
Тағым етіп ардагерді жоқтайық.

Кешпес едім,  
Беу, достым-ай, өзгені,

Ас берейік қыздырмасын сез демі.  
Сәкен, Илияс, Бейімбетті еске алып,  
Істық жасты сүртісейік көздегі

Содан кейін...  
Той шалқысын думандап,  
Жорғаңды әкел,  
Жүйрігінді жылмаңдат.  
Жүре білсең тіл тигізбе ақынға,  
Жүргегімнен ұсынамын гул-мандал.

Желмен кетсін,  
Жерден кетсін пәлен де.  
Мен де тұрам ауызбірлік мәремде.  
Мактанайық Сәкен бар деп қазақта,  
Паш етейік атын бүкіл әлемге.

Мың толқысам,  
Токтау еттім бір қайтып,  
Осынау сезді отыр – деме кімге айтып.  
Қазактың ірілері,  
Абайдың інілері,  
Сәкен, Илияс, Бейімбетті еске алып,  
Отырайық «Уш арысты» бірге айтып.

Арылайық алауыздық ескіден,  
Дербестіктің жүгі алда көп кілен.  
Сәкен – деген қазақтың ақ сұңқары,  
Сәкен тойын – бірлік тойы – деп білем.

*Тойда оқылған өлең, Алғабас жайлайуы.  
1994 жыл, 29 қыркүйек*

## СЫРЛЫ СӘКЕН, ЖЫРЛЫ СӘКЕН

H.TAUKIN

Адамзат табиғаттың тал бойынан жаралып, сол он сегіз мың ғалам тіршілігінің иесі жетілдірген аса күрделі де асқан кеменгер дәрежесіне көтерілді, бұғынгі таңғажайып еркениетті тудырды. Сейте тұра, әлі күнге табиғат анасынан алшақтай алмайды. Өйткені, қандай данышпан болса да ол – туған жерінің бір бөлшегі, сол жер ананың өзінен нәр алып, сол жерге кіндігінен берік байланған, тіпті, ақын санасына дейін табиғаттың әсем көркімен бірге құлпырып, бірге гүлдеп толыспақ. Әсіресе, әсерленгіш дарынмен туатын жандар өзі жарагалған жердің көркімен тығыз байланысты өседі. Арқада ақының ақындар, сал-серілер, дәүлескер күйшілер мен айтулы әншілердің көп болуы сол ақиқаттың бір көрінісі дер едік.

Жер үстіндегі бар сұлулықты бір бойына жинап алған Сарыарқа аймағын ойша шолып шық та, өз заманында сәнділіктің символына айналған Сәкеннің іші-сыртына үңіл. Қандай ғажайып ұқастық. Сардар ақынның жан сұлулығы мен тән сұлулығы, көрік пен көңіл байлығы, осынау сиқырлы сымбаттан жарагалған. Сарыарқадан алғандай емес пе! Екеуін ажыратып алғысыз. Немесе, Сәкен өзге өнірде жарагалмауға тиіс, тек қана Сарыарқада тууы тиіс тәрізді. Осыны керісінше айтсақ – Сәкендей сері ұл жаратпаса, Сарыарқа сәнді Арқа болмас еді. Міне, адам мен туған жердің астасып кетуіне дәлеліміз осы.

Дарын иелері туған жердің қасиетін осылай түсініп, осылай карайтын болсақ, Сәкен туған сәнді аймақ ертеден өнер дарыған жер екенін көреміз. Яғни, ақын дүниеге келген

Жанаарқа өнірі ежелден талантқа бай екенін байқаймыз. Сондай өнерге құйқалы өнір, салиқалы аймақ Сәкен сынды ақынның дүниеге келу қамын ертеден жасағандай әсер аласын. Өнер иелері қор жинаған киелі жерде ғана аса іpi тұлғалар туары хақ екенін ойлайсын.

Біз журналымыздың осы санын түгелімен Жаңаарқа өніріне арнағанда, сол қасиетті жердің асылдарын даралап көрсетуді мақсат тұттық.

Иә, осынау бойына өнер тұнған аймакта бүгін де Сәкеннен жұққан жұқана, ел жүргегінде қалған өнер дәні бар сиякты. Сол асыл дәндер жетіліп шыққан сайын, жұртшылық бір тамсанып қалады. Журналымыз өнерге талпынған Сәкен үрпактары жайлы сол сырды шертелді.

Яғни, сардар ақынның жұз жылдық мерейтойы қарсаңында ол туған өнірді бір тебірентіп, бір тербелтіп, өнерлілерді бір екшеп қоюды жөн көрдік. Сонда осынау аймаққа біткен жемісті алып бәйтеректің маңы ну орман екенін көреміз. Ертеден бері қарай үзілмей келе жатқан дарын дәстүрін байқаймыз.

Осындай тебіреніп отырған тұста, екі аяғымен жер бас-  
кан, басы жұмыр пенделердің алыштар тарапына жасаған  
оғаш істері ойға оралады. Ол – казақ әдебиетінде (сондай-  
бір советтік дәүір әдебиеті делинетін кезенде) уш бәйтерек  
атанған Сәкен, Бейімбет, Илияс сиякты ардагерлердің 90  
жылдық торқалы тойы аталаған өту қарсаны еді. Сол тұста  
жершілдік, жікшілдік қауалап кетті (бұрын да әр кезде төбе  
көрсетіп тұратын керітартпа құбылыс қой). Сол шақта  
әр жерде баяндама жасаған әдебиетшілер, Ілекенің  
жерлестері (біреуі тіпті үлкен аренадағы жазушы) әдебиес-  
тімізде қалыптасып кеткен қағиданы (канонды) бұзып,  
әрқиылды дәлелсұмактармен карта араластырған пысық-  
тардың қолындағы жылмандастып (перетосовка), Илияс  
Жансүгіров бірінші орында тұруы керек, бірінші аталауды  
керек деп. Сәкенді кейін ысырды. Сол білгіштерден Ілекен  
соны сұраған болар ма?!

Бір жыл туған төл, бұл – үш аяулы жан иық тірессе катар жүрген шағында тату-тәтті өмір кешкенің, бірін-бірі қадыр-

құрмет тұтқанын аға үрпак, оларды көзі көргендер айтып отырады. Сол қатар жүріп, әдебиет майданында ересен еңбек еткен шактарында ұшеуінің аталу реті қалыптасып қағазға түсkenін архив материалдарынан, әдеби сындардан сол тұста жасалған баяндамалардан көріп, біздің де көңілімізге солай қалыптасқан қасиетті ағалардың, аты-жөні әлгіндей әдепсіздердің әрекетіне душар боладық. Олар үш алыштың творчествоның екшеп, анау артық, мынау кем деген бағасымақтарын теорияландыруға әрекеттенді.

Біз аға үрпакқа мұндай көз алартатын әдебиеттегі ревизионизмге түбегейлі қарсымыз. Әр дәүір өз кезеңіндегі ішкі-сиртқы жағдаяттарын жалғастыра отырып, таланттардың тегеурінін өлшеп-пішіп отырып, өз кесімін, өлшемін өзі шығарып, өзі қорытындылап тастүйін етіп кетеді. Замана әділдігі, халықтың қалауы сол. Оған кейіннен келіп өңеш жырта өзеуереудің қажеті жоқ. Әлгі заман үкімі, халық қалауы ол талант иелерінің творчествоның да, қауым алдындағы өзге қасиеттерін де, адам ретіндегі жеке басының әрекшеліктерін де таразыға салады. Ол таразыдан шет қалар дүние жоқ. Сондықтан да өз кезінде қалыптасқан әдебиет канонын бұзуға біздің хақымыз жоқ.

Тура сол торқалы той тұсында әлгідегі ревизионизмнің әсері ме екен, бір сырласым, жетісулық үлкен ақын бірде маған «Ілияспен салыстырғанда Сәкен ақын емес қой» дегені бар. Жарылып кете жаздадым. Мендерді сезім жершілдіктен бөлек, әуелі ағалардың атына айтылған дәлелсіз жаланың күйігі еді. Әрине, біз Ілекеннің құдіретті, төгілмелі поэзиясының алдында бас иеміз. Тек ол ғана ма екен, одан рухани азық аламыз. Тіпті, Ілекеннің лекілдеген жер жолдарының, тасқынды дастандарының қазақ поэзиясы ойсырап олқы соғып тұратының да білеміз. Ал оны, сол биік дәрежеде мойындау Сәкеннің сәнді поэзиясын темендете ала ма?! Жоқ. Өйткені, екеуі қазақ жыр әлеміндегі қатар тұрған, жарасымды келіскең екі шокы. Әр қайсының өз сұлулығы, өз өрнегі, өз мазмұны, өз әрекшелігі бар. Ол жайлы зерттеушілер бар мүмкіндігінше айтып жатыр, жазып жатыр. Біз ол монографиялық дәлелдерді қайталауға

Ұрынып, мақаламызды ұзак сонарга сала алмаймыз. Дегенмен, қысқа болса да ойға оралған әдебиеттік айғақтарды білдіре кетелік.

*Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, сырласым.  
Сым пернени басып қара,  
Басып қара, жырласын.*

Осы шумақты тудырған адам ақын ба, ақын емес пе! Тек көзін жұмып, құлағын басқан адам ғана үндей алмас. Ал құлағы бар адам құмарлана қабылдар, көзі бар адам құныға оқыр. Жыр сүйгіш қауымды құмартқызып, құнықтырып қою тек ерекше талант иесінің, құдіретті ақынның ғана қолынан келері хак. Мынадай өлеңді талғампаз поэзияның сыңғыраған үнділігін, сиқырлы сымбатын ғана қалайтын символистер де дау айта алмай таңдана қабылдар. Сырт сұлулығына ішкі мазмұны қандай сай келген.

Софыстан кейінгі жаралы жылдар болатын. Ел бойына батпандал енген жан жарасын жаңада сезініп, үрейден уайымға ауысқан шақ. Жиын болған жерде жауынгердің майданнан жазған өлең-хаты әндептің айттылады да үлкендер көз жасын төгіп отырады. Сол шақтағы бір кеште біздің ауылға жақында ғана келген мұғалім бір дастанды әуенде үнмен жырлай жөнелді. Бүкіл жиылған жұрт аузын аша ұйып тыңдауда. Гажап, біз – сол кездегі окушы балалар естіп көрмеген көркем туынды. Қайран қалғанымыз сондай, әлгі мұғалімнен дастанды жазып алдық. Көркем дүние тез жатталады ғой, жазып алу үстінде-ак көкейімізге тоқылып жатты. Кейіннен сол поэмани өзіміз сауық-кештерде шырқап айтып жүрдік. Сарыарқаның бір шалғайындағы біздің ауылға жеткен сол құдіретті жыр. С.Сейфуллиннің атақты «Көкшетау» поэмасының «Бурабай» атты бір бөлігі екен. «Ақбас бура» дастаны деп аталып, ойын-тойда айтылып жүрді.

Міне, ақынның құдіреттілігі осы болса керек. Оның поэзиясы әлемді қаталдығымен тіріреткен, совет елін сом темірмен құрсал тастаған Сталиннің бұғауын бұзып өтіп,

Сәкен есімінен бейхабар ұрпаққа жетті. Не деген тегеурінді творчество. Ақынның атын атауға тыым салынған елдің сауық-кештерінде салтанаттың иесі болды. Бұл жалаң беделмен келген құрмет емес, бұл шығарманың шынайы шеберлігі берген ішкі тегеурінді қүштің еріксіз мойындарар құдіреті. Мұндай поэзияны ұстап тұrap бұғау жок.

Эрине, бұдан әрі әлгі «ақын емес» деген жандармен айтысудың қажеті жоқ. Дегенмен, ойға оралып тұрған көркемдіктің символында «Аққудың айрылуы», «Ақсақ киік» сияқты ғажайыптарды қалай айтпай кетерсін.

Қазіргі дәуірде әлгі іспетті басы жұмыр пенделер «революционер деген лақаппен алға шығып жүр еді, енді қайтер екен?!» деген сықсима сынды көлденендетіп жүр. Иә, Сәкен ақындығына қоса (тұнғыш өлеңдер жинағы революциядан бұрын жарық көрді) құрескер, халықтың тағдыры үшін тар қапасты кешіп өткен кайраткер, Октябрь революциясы жайлы қалай ойласаң олай ойла, бірақ Сәкеннің құрескерлігін жоққа шығара алмайсың. Ол шыққан күн сияқты, басқаша жасай алмайсың, солай мәңгілікке қалады. Халқының тағдыры үшін қресті, замана зіліне селкос қарамады, жұлқынып алға шықты. Рас күресу тәсілін талқыға саларсыздар. Ол өз еріктерінізде. «Алаш қатарында болуы керек еді, тағы басқа» дерсіздер. Алаштың аты жақсы, ниеттері – халықтың қамы, оған дау жоқ. Бірақ іс шығатын мұмкіндік қолдарында болмады. Ал Сәкен қалаған құрес жолы заман ағымы тудырған занды бақыт. Селге қарсы жұзу құрескерлік емес, көzsіз батырлық қана, өзі селге қарық болады, сонына ергендерді де сейтеді. Ал заман логикасын пайдаланып, занды дамып бара жатқан қоғам құбылысын сезініп, содан өз халқы үшін қолайлы жол іздеу нағыз құрескердің ісі. Сәкен солай істеді. Сталиннің сойқан әрекетінің ішінде жүріп-ак, халқының рухани қажетін өтеп жатты, жаңа заман әдебиетін қалыптастырып, теориялық, тәжірибелік жағынан жан-жақты еңбек етті. Өзі қырқылып түскенге дейін сол құрескерлік қуатынан таймады. Сондықтан ақынның бұл қасиетіне де Сәкенді қайткенде де кемітпек болғандардың тісі батпайды.

Ойын күдік қармаған әлгі пенделер кешегі құні, бес алып ортамызға қайта оралған тұста «Сәкен енді қайтер екен, қай орынға жылжыр екен» деп тағы сығыр көзденіп сыйсия қалды. Бірақ Сәкен есімі қынбады. Сол баяғы бәйтерек күйінде жайқала берді. Өйткені, бұлар бір халықтың бірегей ұлдары еді. Бірін-бірі толықтырып тұратын, бірінсіз бірі солғындау көрінетін қазак әдебиеті әлеміне әр беретін тау шыңдары еді. Оны біз Сәкеннің 1923 жылы Ахмет Байтұрсыновтың мүшел тойы кезеңіндегі жасаған баяндамасынан анық кереміз. Олар жиырмасыншы жылдары қатар жүріп-ақ қазак халқының қалаулылары болған. Алғашқы қазак үкіметі мүшесінің бірі – ұлы Ақаң болса, келесі жылы сол үкіметтің басында Сәкен отырды. Көздері тірі кездे сондай болса, бүгінде туған халқына қайта оралған альптар әр қайсысы өзді-өзінің орнында жарасымдылық тапқан.

Өнер егіз болатыны белгілі. Сәкеннің ақындық, жазушылық, ғалымдық қасиеттеріне қоса әншілік, композиторлық таланты да қатар дамыған. Оның тамаша әндерін бүгінде кім білмейді. Ол әндерсіз ойын-той өте ме! Сол өміршен әндер репрессия жылдарының қысымынан жаңылмай шалдықпай шықты. Халқы бар жерде әлі де шырқала бермек.

Осы өнер Александр Затаевич жинап бастырған «Қазақ халқының 1000 әні» кітабында да көрсетіледі. Білікті композитор-фольклорист Сәкеннің ақындығын, өзге де қасиеттерін айта келіп әнші, домбырашы екенін баса көрсетеді. Ол Сәкеннен «Тока», «Терісқақпай», қүйлерін, «Шаш сипар», «Сәуітбектің зары», «Күн мен ай», «Толғай» сияқты ән-әуендерін жазып алған. С.Сейфуллин Затаевичке осы игілікті ісін жүзеге асыру жолында көп көмек көрсетіп, қамқоршылық жасаған. Бұл да ақынның өз халқының өнері жолындағы жан-жақты жүргізген жұмысының айғағы.

Жоғарыда айтылған жаңсақ пікір иелері көбінесе Сәкен өлеңдерінің жаңашылдығына жармасады. «Түсінігі қыын, қазак поэзиясына жат» дегендерді айтады. Рас, жананың бәрі бірден дүниеге келген бетінде өзінен бүрынғы

өнер үлгісімен жымдастып тұра қалмайды. Жаңа бағыт, жаңа серпін, сөз жоқ, бұрынғы қалыптасқан жағдайдан ерекше, оқшау көзге түседі. Онсыз жаңалықта болmas еді. Өркениеттің дамуы сондай өзгешеліктер арқылы атқарылуы тиіс. Жаңа үлгі ғана өнерді ілгері жетелейді.

Сәкен өзінің ішкі-сырткы бітім-болмысымен жаңалықты ала туған жан еді десек қателеспейміз. Оның өзі де, сөзі де үлгі, өнеге (мода). Бұрынғының аясында қалса біз таныған Сәкен болmas еді. Сондықтан да оның жаңашылдығын (новаторлығын) біз әдебиетіміздің даму барысында Сәкендік құбылыс деп қараймыз.

Данышпан Абай да қазактың ескі жырына жаңа жазба әдебиетінің мазмұнын берумен бірге, өлеңнің сырткы түрін (формасын) өзгерту жолында да көп еңбек етті. Әрине, данышпандықтың таным, талғамында шек шок, сондықтан болар Абай өлеңнің өзі тапқан әрбір жаңа түрін оқырманына, тындаушысына қабылдату үшін әрқайсысына арнайы ән шығарып, музыкамен мойындарып отырды. «Серіз аяқ», («Бойы бұлған»), «Қор болды жаным», т.б. өлеңдері ырғақ, бунақ, тармақ жағынан қазақ өлең үлгісінде бұрын-сонды болмаған жаңашылдықтың перзенттері. Олар ән әуендерімен қабылданып, жаңа өлең үлгісі екені одан кейін ғана танылған.

Поэзиязыдағы Сәкеннің кейбір жаңалықтары әнге телінген. «Жолдастар», «Жас қазақ марсельезасы», «Біздің жақта» тағы сол сияқты өзге де ән-өлеңдері соның дәлелі. Бірақ, ол поэзиядағы өз жаңалығын халқы толық мойындарлықтай насхатка үлгере алмай кетті. Ең алдымен қарбалас жұмыстар үстінде уақыты да болмауы хақ. Негізгі дәлелі ғұмырын келте етіп, уақытсыз үзіп жіберуі сол жаңалықтардың аяқталмай қалуына соқты. Әрине, бүгіндеңі Сәкен ағаны қадір тұтатын композитор ұрпақтары бұл міндепті жүзеге асыруды ескерер, іліп әкетер деп дәмеленеміз.

С.Сейфуллиннің қазақ поэзиясына енгізген жаңалығын түбекейлі зерттеп, оның сырларын ашып, оқырман қауымға кеңінен насхаттау сияқты құрделі іс – Сәкентану ілімімен

айналысып жүрген ғалымдардың да кешеуілдетіп келе жатқан осал тұсы. Олар ең алдымен сол жаңалықтардың сырлы өзгешеліктерін өздері толық игеріп, түсініп, ішкі иірімдеріне қанықса, сонда ғана оны қалың көпке насхаттау, жаңашылдық үлгіні мойындуту жағы да оңай болар еді.

Көбіне Сәкен орыс поэзиясына еліктеді деп оның жаңалықтарын Маяковскийге тели салады. Кейде тіпті сол жаңашылдықта орыстардағы дайекпін үйқасы (тоникалық поэзия құрылымы бар деген пікір де байқалып қалады). Қазақ өлеңінің құрылышынан тоникалық үйқас іздеу соңғы кездерде де әр жерден жалт беріп жүр. Бұл дегеніңіз барып тұрған әбестік (абсурд).

Қазақ поэзиясындағы дауысты, дауыссыз дыбыстары жымдастып жататын берік үйқас екпін үйқасынан өте құрделі. Сол сияқты ырғақ заңдылығы да аса берік сақталатын құбылыс. Тармақтағы буындардың өзгеруі арқылы ғана жаңа форма жасалады. Онда да бунак заңдылығы өзгермейді, ол тармақтағы ырғақ арқылы қайталанып отырады. Ал бунак 2,3,4 буыннан тұрады. Кейбір теорияшылар 5 буынды бунакты қөрсетеді. Бірақ ол 2 буынды және 3 буынды бунактардың қосындысы (Аймалап+ бетті сүйеді).

Теориялық қарумен жаракталмаған жай көз көре алмайтын, кейбір жастар интуициямен сезсе де анығын ажыратса алмайтын адам бойындағы толып жатқан халықтың өзіндік өзгешелігінің бір аңғарылымы жағынан нәзік, тұрақтылығы жағынан атомның бөлшектенбейтін, ең кіші бөлігіндегі берік белгісінің бірі осы өлең өлшеміндегі – бунак. Оны бөлшектесе атом жарылышындағы халықтың өлең өнері қирап, өркені өскен белгілі бір поэзия дүниесінің құрылым жүйесі талқандалып, (қазақ поэзиясы) деген атақ жойылып кетеді.

Екінші жағынан қазақ поэзиясынан тоникалық құбылыс іздеу – тағы да сол орысқа еліктеп, онда барды қайткенде де бізден табамын деп әуре болушылық. Сейтіп, екі халықтың арасындағы халықтық ерекшелігін танытатын шекараның бірі осы өлең құрылымын тегістеп (стирание) жібергісі келгендей. Ол – өкімзорлық. Табиғатында бойына

бітпегенді көлденеңнен әкеліп тану – денеге біткен залалды ісік тәрізді қатер алмай тынбайтын ауру бейнелі зардап. Яғни іргелі халықты жойып жіберу сияқты кесел осында жатыр. Поэзиясыз халық бола ма? Оның ішінде академик В.В.Радлов ақын халық атандаған, өлеңсіз сөйлемейтін қазақты поэзиясыз тану мүмкін емес қой.

Осыны түбекейлі ажыратып алып, енді Сәкен жырларындағы жаңалыққа қайта ойыссак мұнда да жоғарыда айтқандай қазақ өлеңіндегі бунақ берік сақталғанын көреміз. Мысал келтірейік:

Жер де, көк те

Жазбенен мәз.

Сұнқылдайды

Ақку мен қаз.

Гүл шашады,

Күледі жаз, –

Жас сұлудай оянған.

Жаздың сұлу

Күй мен сәні,

Күш тасытар

Мың түрлі әні.

Шын жас сұлу

Жаздың тәні:

Шырай емес боянған.

Сыртқы бейнесі сатылап жазылатын осы өлеңді бір қараған адам «Маяковскийше екен» дейді, «жаңаша екен» дейді. «Қой мынаны түсініп болмас» деп үстірт өте шығуы да мүмкін. Эйтеуір шошына қарайды да ішіне үңілмейді. Жоғарыда айтылған жат пікірлер де содан туып жатыр.

Ал енді келтірілген мысалдың сыртқы құрылымына көз салайық. Сөз жоқ, авторының сырт келбетін сәнді, модалы ұстайтындығына ұқсан өзгеден ерекшеленіп тұр. Құрылымы қандай десек, әуелі қарағанда жеті тармақты еki шумак. Эр шумактың 2,4,6 тармақтары үйқасады және осы шумактардың соңғы тармақтары үйқастырылған (оянған, боянған). Шумақтардың алты тармағы әрқайсы 4 буынды

бунақтан тұрады да, ең соңғы жетінші тармағы 4 буынды бунақ пен 3 буынды бунақтан тізілген.

Енді осы жаңашыл өлең шумақтарын кәдүілгі қазақ өлеңінің үлгісімен жазып көрелік:

Жер де, кек те жазбенен мәз.	a-8
Санқылдайды акқу мен қаз.	a-8
Гүл шашады, қүледі жаз,—	a-8
Жас сұлудай оянған.	ә-7
Жаздың сұлу құй мен сәні,	6-7
Күш тасытар мың түрлі әні.	6-8
Шын жас сұлу – жаздың тәні:	6-8
Шырай емес боянған	ә-7

Сегіз буынды өлең қазакта бар, жеті-сегіз буынды болып келетін өлең де бар. Мұнда сол занылық сәл ғана өзгерген 8-8-8-7. Ал бунақ сол қүйінде қалып тұр. Осыған біз неге оқырана қараймыз? Сырттай сәнді болсын деп сатылап жазғанын жатырқап қана жүр екенбіз ғой. Олай болса жоғарыда Сәкен өлеңі тарапына айтылған кінәсымаш та жала болып шықты.

Міне, біз қанша жылдан бері Сәкен-Сәкен деп жазып келеміз, бірақ әлі де оның творчествосына терең бойлап бармаппсыз. Сөйтіп, жеңіл ауыздылардың жала жабуына, бет алды білгішсінуіне жол беріп жүрміз. Ұлы ақынның жүз жылдық мерейтойы қарсанын ертерек бастап, әңгімені әріден қозғап жатқанымыз – ғалымдарымызды тағы толғандырайық, оларға ой-тұрткі жасайық деген игі мақсат. Бізді бұл тарапында жұртшылық та қолдар деген берік сенімдеміз.

Ардагер ақыннымыздың тоқсан жылдығын атап өтер қарсаңдағыдай алабұртқан алакөздікке жол бермеу үшін де алдымен айтып қалғанымыз орынды болар деп те ойладық. Ал, ағайындар, журналымыздың беті Сәкен ағаның творчествосы жайлы ашық, ұлы ақынның дәрежесіне сай боларлық туындымен ат салысыныздар.

«Сарыарқа» журналы, №3, 1994 жыл.

## АҚЫН МҰРАЖАЙЫ

*Роза Имангалиқызы АСЫЛБЕКОВА,  
С. Сейфуллин мұраҗайының директоры*

*Ақын Сәкен!  
Жазуышы Сәкен!  
Агартушы Сәкен!  
Ғалым Сәкен!*

Осыған қазақ жүртіның «Қазан төңкерісінен» кейін басқа қоғамдық формацияға көшуіне байланысты яғни «ұжымдастыру», «өндірістендіру» науқанынан бастау алып, социализмге қарай нық қадам жасаған кезеңдердегі уақыт тудырған «Қоғам қайраткері» деген атты қоссак, бүгінде аймандағы ардагер ағамыздың «Ел басы» деген құрметті атағына еріксіз мойын ұснарымыз ақиқат. Аталарымыздың «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп іс-әрекетімен, ұлгі-өнегесімен, тәлім-тәрбиесімен ерекшеленген азаматқа бұдан артық берер бағасы болмаса керек.

Ия, қанша кемелденгісі келгенімен созылмалы дертке ұшыраған «социализмнің» «коммунизмге» жетпей желкесі үзілді дей тұрсақ та, «қазанымызды» төңкерілмей «тұрганда діні белек, пиғылы жат, пейілі алдамшы орыс алпауыттарынан құтылудың бір ғана жолы. Ақ патшаның тағынан тайып, қара тобыр халықтың бостандыққа ұмтылған сәтінен жылт еткен үміт отын көрген зерек Сәкен елімізге ғасырлар бойы еркіндік аңсаған ата-бабалар армандарының орындалар уақытының туганын бәлкім, сезген болар. Бұған дәлел – С.Сейфуллиниң 1914 жылы жазған «Нұра» елеңінде:

*Сағынып Нұра мен келдім,  
Бұрынғы иең байгүсің  
Айырылған сенен көп елдің*

*Жатырсың көрмей қайғысын  
Мекен болдың бір уақыт  
Көшіп жүрген қазақ  
Айырылып сенен бейбақыт  
Сорлылар қалды мазаққа! –*

деп орыс империясының қазақ жерін отарлау саясатына назаланады. Жас ақынның елі үшін, туған халқы үшін жанының шырқырай күйзелуі оның сол тұстағы саяси-қоғамдық өмірге көзқарасының қалыптасуына ықпал жасап, болашақ құреспекерлік жолын айқындағанды. Сондықтан болар ол:

*Айтпасаңда білем мен,  
Ішіндеңі сырыңды  
Қайғыдастың бүгін сен,  
Айттайсың бірақ шыныңды  
Хош Нұра тағы көргеніше  
Есендік берсін бір құдай  
Енді қайтіп келгеніше  
Ескі иең жүрер құр жылай  
Бұрынғыдан қайғылы  
Құстарыңда сайрайды.  
Қолдан келер еш не жоқ,  
Жүрек от бол қайнайды! –*

деп іштей болса да қарсылық білдіреді.

Одан кейін, яғни 1917 жылдың акпанында патша тақтан құлап, жер-дүниені дүр сілкіндірген ұлы дүрмектің арты Қазан төңкөрісіне ұласып, пролетариаттың көсемі Ленин идеясына имандай сенген ақ жүрек Сәкен, туған халқының болашағын сол сара жолдан көргендігі айдай анық және сол саражолдан ауытқымай жаңа қоғам құруға жанын сала ат салысқандығы да баршамызға аян.

Ықылым заманнан түрмис-салты, тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрпы қалыптасқан көшпелі елдің өмірін астан-кестеңін шығарған жаңа заманды қалың жұртшылық қабылдамай, шошина қарағандығын, соның салдарынан түсінбеушіліктің болғандығын, тіпті жер-жерлерде наразылық туып, қандастарымыздың ереуілділігін кеменгер Сәкен білмеді емес, білді. Сірә солақай саясатшылардың бұлдіргі

іс-эрекеттеріне тойтарыс бере алмай, өзі имандай сенген коммунистік партияның алған бағыт-бағдарламасына түсіне алмай, талай таңды көз ілмей атырган да шығар? Қалай десек те, туған халқының алдында қоңлі кіршікіз, ниеті ақ, ары таза есіл Сәкеннің сыры бізге беймәлім, өзімен кетті. Алайда, қыршын кетсе де, қайран елінің жарқын құніне деген сенімі бүгінде толығымен акталды. Өзі шексіз сүйіп еткен кен байтақ Қазак елі, Ата жұрты аты алты алашқа мәшіүр *Сәкендей ұлының 100 жылдық торқалы тойын тойлағалы жастыр. Солардың ішінде Ақмоладагы Сәкен Сейфуллин мұражайы да бар. Өйткені, Ақмола Сәкеннің саяси Отаны. Оның жастық шағы, азамат болып қалыптасуы, алғашқы әдеби шығармаларын жазып, қоғам және мемлекет қайраткері ретінде танылуы осы қаладан басталған. Сондықтан да, азаматтың гасырлық осынау тойы біз үшін өте қымбат.*

Қазак ССР Министрлер Кеңесінің 1988 жылдың 20-шы ақпанындағы шешімі бойынша Ақмолада Сәкен Сейфуллин мұражайы ашылған болатын. Бұл мұражай қазақ халқының сүйікті ұлдарының қатарынан құрметті орын алған ақын, жазушы, публицист, мемлекет және қоғам қайраткеріне арналған тарихи ескерткіш. Мұражайдағы қайбір зат болмасын С.Сейфуллиннің шығармасына тікелей қатысты, өзіндік сыры бар құнды дүниелер. Олар ардагер азаматтың өмір сүрген, көркем шығармаларын тудырған уақыт келбетін көз алдымызға әкеледі.

Қаламыздың XIX ғасырдың сәулет өнерінің сакталып қалған жүрнәғы іспеттес ағаштан қызып, әшекейленіп салынған еңселі ақын мұражайы – Октябрь мен Революция көшесінің қылышында орналасқан. Мұражай ұйымдастырылған жылдың кезеңінен бастап Сәкен Сейфуллиннің сирек кездесетін кітаптарын, фотосуреттерін, құжаттар мен мұрағат материалдарының фото және ксерокөшірмелерін, тұтынған заттарын жинастыруда тәжірибеліз аз болса да шамалы мерзім ішінде тың деректерді іздестіріп Мәскеудегі кинофотоқұжаттар мұрагатында, Алматыдағы мемлекеттік мұрағатта, мұражайларда, Сәкен ұстаздық қызмет атқарған республикамыздың бүрынғы астанасы – Қызылордада, Ташкент қаласында, туған жері

**Жезқазғанда (Жанаарқа, Ағадыр аудандары), өзі жырына қосқан Көкшетауда болдық.**

Әлі көзі тірі, Сәкенді көрген азаматтармен кездестік. *Нәтижесінде мұражайдың негізгі қорында 1552, ал қосымша гылыми қорда 2222 құжастар мен экспонаттар тіркелген*. Бұл материалдарды табу оңайға түсken жоқ, себебі, 1937 жылы Сәкен Сейфуллин «халық жауы» деген жаламен ұсталғанда үйінен қолжазбаларын, хаттарын, кітаптарын, жиһаз-мұліктерін, басқа да тұтынған заттарында алып кеткен. Біз де ол жөнінде хаттаманың (протокол) көшірмесі сақталған.

Ақынның заты түгілі атын атаудың өзінен қорқатын сонау алмағайып кезеңде көптеген дүниелердің қолды болғаны өкінішті-ақ, әйтседе кейбіреулерінің сақталып қалуы қөнілге медет. *Мәселен – мұражайдың 1936 жылдары киген костюмі, 1934 жылды Өзбек достары сыйлаган тақиясы, шапаны, Америкада ем алғанда сатып алған чемоданы, жолга шыққанда қолға ұстайтын саквояжы, отбасының ұстаган ыдыс-аяқтары, екі кілемші төсөніш, қабырға сағаты бар. Бұдан басқа құнды зат – Сәкеннің өзі жасақан ақ керуеті. Бұл керуетті 1926 жылды Қызылордада тұрған кезінде алғандығы туралы өзінің болашақ жары Гүлбаһрам Батырбековага жазған хаты бізде сақтаулы. Мұражайды Сәкеннің Гүлбаһрамга жазған 10 хаты бар, оларды бізге ақын өмірін зерттеуши ғалым, профессор, жерлесіміз Тұрсынбек Кәкішев табыс еткенді.*

Кезінде Гүлбаһрам апай 1958 жылы акталғанға дейін аман-есен оралар деген үмітін үзбей Сәкеннің ұстаган біраз заттарын көзінің қараышында сақтап келіпті. Тіпті кейін, мұражай ашыла қалса, соған бермекші болып өзінің екі бөлмелі пәтерінде ұстаган. Өкінішке орай ол кісінің көзі тірісінде мұражай ашылу бұйырмады. Гүлбаһрам апай 1973 жылы дүниеден өткенде ардакты, ағамыздың сол заттары түгелдей дерлік Алматы мұражай корына өткізіліпті. Соның 10 шақтысы атап айтқанда:

*Гүлбаһрам апайдың салғызған Сәкеннің майлы бояулы портреті, визит карточкасы, саквояжы бізге берілді. Ал орталық мұражайдың ақынның бас киімі, мойын шалмасы, иіс май құйған құтысы, алтын қол сағаты, аяқ киімі сақтаулы.*

1990 жылдың желтоқсан айында аруақты ағамыздың туған інісі Мәжиттің әйелі Әмина апай, қыздары Рымжан жолдасымен, София, Бағдат мұражай үйіне келіп тағым етті. Көп жариялана қоймаған сирек фотосуреттер мен Мәжиттің жекелеген заттарын тапсырды. Бұгінде есімі әйгілі ардағымыздың өміріне қатысты бағалы, құнды деректер әдебиеттік, мұрагаттық материалдар барышылық. Олардың біразы мұражай қорына жинақталуда. Ал, көпшілігі, атап айтқанда Сәкеннің өмірін, шығармашылығын, адамгершілік, азamatтық қасиеттерін бейнелейтін Сәбит Мұқановтың, Серік Қирабаевтың, Тұрсынбек Кәкішевтің, Сейділ Талжановтың, басқа да белгілі ақын-жазушыларымыздың енбектері, замандастарының, Сәкенді көрген адамдардың естеліктері жинақталып, экспозицияға қойылған.

Мұражай құрылғаннан бергі мерзімі ішінде қызметкерлеріміз айтартықтай ауқымды істер тындырды. Қасиетті шаңырағымызға келген 100 мындағы құдайы қонақтарымызға танымы мен тағылымы мол мәдени қызмет көрсетіп кәсіпорындар мен мекемелерде, институттары мен техникумдарда, кәсіптік-техникалық училищелер мен мектептерде, ауыл-ауылдарда С.Сейфуллиннің өмірі және шығармашылығы туралы 400-ден астам лекция оқып, көптеген көмелер үйымдастырды.

Атқарылған ұлафатты істеріміздің ішінде – мұражайымыздың беделі мен мерейін өсірген «Достық» атты әдеби қонақжайымыздың жұмысы.

Әдеби қонақжайымыздың белсенді мүшесі әрі рухани қамқоршысы, мұражайымыздың жандануына ат салысып жүрген жанашыры, белгілі ақын, жазушы, «Сарыарқа» журналының бас редакторы Нұрғожа Оразовтың тікелей басшылығымен «Сәкен біздің мақтандышымыз», «Абай поэзиясы» поэзия көгінде жарқ етіп көрініп, мезгілсіз сөнген қазақ қыздарының алғашқы қарлығашы – ақын Шолпан Иманбаева, жерлесіміз, қаламы қарымды белгілі жазушы Илияс Есенберлиннің 75 жылдығына орай оның өмірі мен шығармашылығы, Мағжан Жұмабаевтың поэзиясы, «Александр Затаевич – композитор, этнограф», «В.Маяковский және біздің заман» туралы тақырыпта көптеген әсерлі де қызықты кездесу кештері өткізілді.

Қорыта айтқанда, мұражай қызметкерлері ақынның өміріне қатысты деректер жинау жұмыстарын үздіксіз жалғастыру үстінде.

Сонымен жалған жаланың жазықсыз құрбаны болған, алайда сол азғана ғұмырының ішінде сүйікті елінің, туган халқының –

*Ақын Сәкені !  
Ән Сәкені !  
Саз Сәкені !  
Сән Сәкені !*

Әсем Сәкені – өзінің ғасырлық мерейтойын Тәуелсіздік таңының арайлы шапағының нұрына малындыра қарсы алуда.

*Тойымыз торқалы, еліміз ерікті, халқымыз ынтымақты, тірлігіміз берекелі болсын, агайын!*

«Сарыарқа» журналы.  
1994 жыл. №3.

## ҚҰПИЯНЫҢ КІЛТІ КІМДЕ?

(тәгдір)

*Куаныш АХМЕТОВ,  
«Қазақ әдебиетінің» тілшісі*

1990 жылдың ақпанның 9-ында «Казахстанская правда» газетінде Қарағанды қаласында тұратын Иван Николаевич Мудров ақсақалдың 1938-1939 жылдары халқымыздың аяулы ұлы Сәкен Сейфуллинмен бірге Магаданда айдауда болғандығы жайлары әңгімесі жарық көрді. Мудров былай дейді:

«...Магаданнан 600 шақырым жерден Горький атындағы кенішке бізді әр машинаға 40 адамнан отырғызып, 9 машинамен жеткізді. Келе салысымен дереу жұмысқа салды. Бір аптадан өткен соң біздің бригадиріміз Мостовой маған: «Мудров, мұнда сенің жазушы жерлесің бар», - деді. Осыдан кейін біздер таныстық. Ол өзінің фамилиясы Сейфуллин екендігін, Алматыда тұрғандығын айтты. Белгілі жазушы болған. Біз жиі-жі кездесіп әңгімелесіп жүрдік.

Мен кейіннен Сейфуллиннің суреттерін көргенде оны бірден таныдым. Айырмашылығы лагерьде мұртын қырғызып тастаған. Бейнесі әлі күнге көз алдымда. Орта бойлы сымбатты жігіт еді. Кейінірек, әбден жұдеп-жадады ғой. Орыс тіліндегі өте таза сөйлейтін. Оның орысша саутылығына Мостовойдың өзі қызыға қарайтын. 1939 жылдың қысында аяқ астынан Сейфуллин қашып кетті, – деді Мостовой. Сол үшін бригадирді отырғызып койды. Көктемде, 1940 жылдың көкегінде, құмды шайып жатқанда Сейфуллиннің денесі табылды. Оны маған Мостовой хабарлады. Бұл кезде мен ерікті адам едім.

*Сәкен Сейфуллинді арнайы бригадир жерледі. ...Табытқа салынған жоқ. Аяғына фамилиясы мен туған және қайтыс болған уақыты жазылған тақтайша байланды. Мен кенішті және оған жақын мандағы Сейфуллин зиратын жақсы*

білемін. Ешқандай белгі болмаса да таба алатындығыма сенімдімін... Менімен бірге Горький атындағы кеңіште С. Сейфуллиннің болғанына еш күмәнім жоқ. Өтірік айтудың маған қажеті қанша?»

Осыдан соң белгілі жазушы «Қазақ әдебиеті» газетінің сол кездегі бас редакторының орынбасары Оралхан Бекей тосын деректерді зерттеумен шамасы жеткенше айналысты. Бұл шаруадан нақты мағұлмат беретін тағы бір мақаладан («Қазақ әдебиеті», 15.02.1991 ж.) үзінді келтірейік:

«...Мудровты тауып алып, сөйлесуді мақсат тұтып Қарағандыға аттандық. Келісімен ол кісімен жолыбып, үйінде болып әңгімелесіп, айтқандарын түгелдей диктафон таспасына түсіріп алдық. И.Н. Мудровпен жолықтай тұрғанда ойымыздың сан-саққа жүгіргені рас. Өйткені мұндай нық сенімде Сәкеннің жерленгенін өз көзіммен көрдім деу, егер өтірік болса – жүйкесі ауру, не бас пайдасын көздеғен жанның іci, ал егер шын болса, онда бүкіл казактың алғысына, қадір-құрметіне бөлөнетін адам деп ойладық.

Жүздесіп, әңгімелесу барысында Иван Николаевичтің ақыл-есі түзу (сонау айдауда жүргендегі кезінде бірге болған адамдардың аты-жөнін, уақытын, жер аттарын әлі де жатқа біледі), ешқандай атақ-даңқ іздел жүрмеген адам екеніне анық көзміз жетті. Жетпістен асып, денсаулығы нашарлаған (әрең жүріп-тұрады) Иван Николаевич біз Сәкен жөнінде келдік дегенде көз жасына ие бола алмай қатты жылады. «Сәкендей асыл азаматтың сүйегі өз топырағына әкелінбей қала ма, шындық ашылмай кете ме деп жүрмін. Менің ең басты қайғым осы. Сендердің ондай азаматты іздел жүргендеріңе раҳмет» – деп егілген еді. «Ақшасын тауып мені апарыңдаршы, ақынның жерленген орнын айсыз қаранғыда табар едім. Әлі күнге көз алдында тұр» – деп қатты өтінген болатын...»

Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің барлық құжаттарында Сәкен Сейфуллин 1938 жылдың ақпанының 25-де Алматы қаласында атылған деп үзілді-кесілді атап көрсетіліп келе жатыр. КСРО Жоғарғы Сотының эскери коллегиясының 1957 жылғы наурыздың 21-дегі 44-025644/56 санды шешімінде де ақынның жазаланған күні ретінде осы уақыт көрсетілген. 955729 санды Сәкенге байланысты «қылмысты» істен де тергеудің МХК-нің Алматыдағы Ішкі түрмесінде жүргізілгендерін көреміз.

Жалпы, ақынның ұсталып, қамалғаннан кейінгі тағдырына байланысты МХК-нің «Сәкен Сейфуллин 1938 жылдың ақпанының 25-де атылды» деген анықтамасының аясынан алшақ түсіп жатқан деректер жетіп артылады. Со-лардың басты-бастыларына токталып өткеніміз жөн шығар.

Ақмоладағы ақын мұражайына 1957 жылы маусымның 12-де Алматы қаласындағы Фрунзе аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің (АХАТ) I-ФІО сериялы 205690 санды қаза куәлігі (свидетельство о смерти) сактаулы тұр. Онда «Сәкен Сейфуллин (Садвакас) умер 09.10.1939 года» деп жазылған. Мөр басылып, кол қойылған осындай ресми құжатқа кім не алып, не қоса алады? Жауапты қағаз жайдан-жай жазыла қоймайды. АХАТ еліміздің айтулы азаматының тарихи тұлғаларының бірінің ақырғы демі бітетін мезетін айқындайтын қаза куәлігін толтырғанда қажетті деректерді аспаннан алған жоқ, олар МХК-нен алғандығы сөзсіз. Осы куәліктеп көрсетілген уақыт мұндай құжаттың бар екендігінен мүлдем хабары жоқ. *Мудров ақсақалдың айтқанына дәл келіп тұрган жоқ па? Бұл кездейсоқтық па, әлде басқаша бір сыр бар ма?* Әзірге бұл сұрақтарға жауап жоқ. Бәрі құпия құрсағында жатыр...

1993 жылдың қысы. Жаңа жыл қарсаны. Жезқазған-нан іссапарға таң ата машинамен шыққанмен ұзакжолдың бойында көлігіміздің тұмсығы сансыз аққалалардың бірінен соң біріне тіреліп, Жарық темір жол станциясына (1937 жылға дейін Сәкен деп аталған – Қ.А.) таяқ тастам жер қалғанда күн де ұясына қонып, аласұрган ақ боран алдымызды аштырмай, жол жиегіндегі «Бұрма» кеншарына бұрылуымызға тұра келді.

Біз кеншар директоры *Марат Ахметовтің* үйінде облыстық прокуратура қызметкері *Манат Мұшановқа* жолықтық. Ол да біз сияқты ақ боранның астында ұзак жол жүріп, жаңа ғана осы үйіне кіріп отыр екен. Жылы үйде Мұраттың жұбайы – Дәмештің шын көнілмен құйған қою шайын рахаттана іше отырып, әңгіме үстінде қыстың ұзак түнінің әжептәуір бөлігінің қалай өтіп кеткендігін де байқамай қалыптыз.

«Бұрма» кешегі қасірет мекені Карлагтың «Алжир «(Ақмолинский лагерь жен изменников родины) деп аталған 26-шы нұктесінің ең негізгі бөлімшесі болған жер.

*Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлін, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, Темірбек Жүргенов, Ұзақбай Құлымбетов сиякты халқымыздың қайраткер ұлдарының әйелдері Гүлбаһрам, Күнжамал, Құләндам, Әзиза, Дәмеш, Айыш аналарымыздың отбасы-ошақ қасынан бала-шағаларынан тірідей айырылып анырап жүріп қой баққан өнірі осы.*

*Ақмола – Қараганды даласында,  
Қой бағам Батық, Жарық арасында.  
Сақтаймын оң көзімдей баққан қойды,  
Ешбір ой қойдан басқа болмай қойды.  
Алыста жылай-жылай бала қалды,  
Жүрген жер Ақмола мен Қараганды  
Қайран ел сені көрер күн бар ма екен,  
Мұңымды алыс-жсақын тыңдар ма екен.*

Бұл Құләндам Қожановың көзі жұмылғанша азапты өмірін ұмыта алмай, қамырып отырып айтатын әні «Батық, Жарық арасында» деген тіркес аяулы анамыздың сол кездегі қыстағы осы «Бұрманың» тұсында болған-ау деген тұжырым туғызады. Өйткені, «Бұрма» Жарықтан – 8, Батықтан – 25 шақырым жерде, екеуінің ортасында орналасқан. Не керек, қайраткер ағаларымыздың жұбайларының әрқайсысы осы төніректе он жылдай азапты өмірлерін өткізсе де, олардың накты тұрақтарын айқындауды ойлап жүрген ешкім жок. Әлі күнге дейін Күнжамал анамыздан басқаларының жүрттары белгісіз.

1990 жылдың күзінде «Купка» деген жерді ізден «Батық» кеңшарына келгенмін. Осы «Купкада» Күнжамал Майлінаның қой баққандығын көптеген дәлел-деректер айқындаиды. Шаруамды біліп, көмекке құлшына кіріскең ауыл басшыларына риза болдым. Кеңшар директоры Жағыпар Әлімханов – белгілі сазгер. Ауылдық кеңес төрағасы Марат Шапкин – дарынды ақын. Жанары нәзік басшылар жайбаракат қалмады. Соғыс жылдарында лагерьде бақауыл болған Трофимов деген орыс шалының көрсетуінен қой қорасының, жертөлесінің орындары жермен жексен болып кеткен Күнжамал анамыздың жұртын да таптық. Таспен шегенделген құдық жартылай ғана көміліпті. Құл үйіндісінің көлемі әжептеуір. Бойымызды мұнды сезім билеп, жанарларымыздың жас үйірліп, аяулы анамыздың

тоғыз жыл айдалада аңырап жүріп жаққан отының күлін қайта-қайта алақанымызбен сипалай бердік, сипалай бердік.

Сол жолы кеңшар басшылары осынау әрі қасыретті, әрі қасиетті жүртқа, Құнжамал анамыздың әруағына бағыштап бір белгі орнатпаққа пәтуаласып еді. Одан бергі уақытта кеңшар тарады. Бірақ замана қыспағы жуанды жіңішкеертіп, жіңішкені үзіп, қаншама қынышылық әкеліп жатса да, Жағыпардай азаматтар жер басып жүргенде бұл істің орайы келетіндігіне сенім мол.

«Алжир» деген атының өзі-ақ көнілінді мұнға толтырып, көзіне жас үйілдіретін мекенде, оның ішінде «Батық, Жарық арасында» отырып, 1937 жылдан басталған халқымыздың қаймағын қалқып әкеткен, қайғы қасіреті мен ойран-опаты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан»кем түсे қоймайтын кезеңді еске алмау мүмкін емес. Сондыктан болар, Манат, Марат үшеуіміздің әңгімелеріміздің арнасы да елім деп еніреген агаларымыздың өмір жолдарына қарай ойыса береді. Әсіресе, осы өнірге қапталдас жатқан Қарашибілкте кіндігі кесіліп, тал бесікте тербетілген, іргеде тұрған Иманак тауының бектерін тайға мініп тасырлатқан, өндіріс өрістей бастаған. Өспенде орысша сауатын ашқан Сәкен аға өміріне байланысты сан сырдың санлаулашына санамыздың жеткенінше үңіліп, талай деректің дұдамал тұстарын көңіл көзілдірігінен өткізгендей болдық. Манат ағамызы қалтасынан қойын кітапшасын алып, Сәкен Сейфуллиннің 1938 жылы Қызылжар (Петропавл) түрмесінен жолдаған «Көкшеге сәлем» атты өлеңі екен деп, мына төрт шумак өлеңді оқып берді:

Сәлем айт Көкшетаудың биігіне,  
Бауырында еркін өскен киігіне.  
Күшімен кереметтің шөгіп қалған,  
Сәлем айт Ақбұраның сүйегіне

Сәлем айт Оқжетпесттің биігіне  
Бауырында мекен еткен киігіне  
Ішімде ат басындаі алтын кетті,  
Өртеніп халық жасуы күйігіне.

Елімді сатқаным жоқ, сатпаймында,  
Халқыма оқ атқаным жоқ, атпаймында,  
Жүргенім әділетпен бәріңе аян,  
Бұл жсолдан қайтпаймын деп айтпаймын да

*Шын жау деп халқым мені ойламасын,  
Байқасын сабырменен істің артын.  
Сенемін әділетпен тексерер деп,  
Коммунист партиясы күш-қуатым.*

Өлең Сәкен шығармаларының сарынына (стиліне) келді. Тұнерген тұрме түнегінен шыққан өршіл ұл, туған жерге деген мөлдір махаббат пен ақиқатқа деген шексіз сенім Сейфуллин жырларына тән адуын арын мен озбырлық отынан көкіректі кеулеген жалынға оранып қалған. Көкше еңірінде өскен Манат ағамыздың құлағына жастайынан сіңген мәліметке сүйенсек, бұл өлеңнің түп-нұсқасы соғыстан бұрын Көкшетау облысындағы «Колхозстрой» тресін басқарған Дінисламов деген ағамыздың қолында болған. Манат ағамыздың өзі оны соғыс жылдары Көкшетау облыстық сотының төрағасы қызметін атқарған Әлімжан Баймұқановтың аузынан жазып алышты. Дінисламовтың Көкше жағында тұратын Сара есімді жалғыз қызы бар көрінеді. Өлеңнің түпнұсқасы сақталған қойса, сол Сарада болуға тиіс...

«Көкшеге сәлем» де ойланған адамның санасында сансыз сұрап туындалады. Алматыда тергеліп, Алматыда атылғаны рас болса, Сәкен Қызылжар түрмесіне қалай келген? Ұған да жауап жоқ. Алайда бүгінде жасы 87-ге қарабаған Қаражал қаласында тұратын *Омар Бексұлтанұлы* ақсақалдың өзіміз арнайы ізден барғанда айтқан әңгімесі «Көкшеге сәлем» төнірегіндегі деректерді толықтыра, жандандыра түседі. Омекенің әңгімесін қысқартып келтірейік:

«1937 жылы қарашаның 20-да байдың баласы, халық жауы деген жаламен Ақмолада ұсталдым. Сол жылы желтоқсанның аяғында 300-дей адамды қүзетпен жаяу айдал, Қызылжарға экеліп, 16-шы түрмеге қамады. Онда Кулен атты жасы жетпістен асқан ақмолалық қартпен бір камерада отырдым. Біздерді Сібірге жібереді деп естідік. 1938 жылдың басында тұтқындарды сапқа тұрғызып вокзал аланына экелді. Онда жылы вагонда кімді қайда жіберуді шешетін қызыл жағалы лауазымды адамдардан тұратын үлкен комиссия отырды. Сәкенді бұрыннан танитын едім, сол жерде сапта тұрғандардың арасынан көрдім. Көзбен көрісіп ыммен амандастық. Жалғыз мен емес, көпшілік қазақ Сейфуллинді бірден таныды. Оларды Сібір жаққа

жүретін жабық жүк вагондарына мінгізіп жатты. Мені ашарық, Сібірге жарамайды деп, Мәскеу маңындағы Рыбинск электр станциясының күрылышына жіберді. Кулен ақсақалды кәрі деп ешқайда алмады. Атын білмеймін. Өзім 1947 жылы лагерьден босадым».

Бұған не дейміз? Осы әңгімені Омар ақсақал Сәкен актапаннан бері талай адамға айтып кетеді. Бірақ мәселе тубіріне тереңірек үнілуге ешкімде де мүмкіндік жоқ...

Шет аудандық «Заман» газетінің редакторы, жазушы Кәмел Жүністегі өрімдей жас кезінде 1960 жылы («Есеп») «Елін сүйген ерлер партиясы» мүшесі ретінде ұлтшыл деген айыппен саяси лагерьге қамалып, Сібір сыйынан өткен азамат. Бұл қазақтың басына не тауқымет түспеген, сол кезеңде ол 1928 жылы бай ретінде ұсталып (ағылшындардан кейін Жолымбет алтын кенине иелік еткен), содан соңғы 33 жыл ғұмырын Колыма-Печорा-Сахалин-Абакан-Тайшеттердің саяси лагерьлерінде өткізген түп негізі көкшетаулық Құнанбай Бейсенұлы ақсақалға түрмеде кезігіпті. Бұқіл «саясилар» Бабай деп құрметтейтін Құнекенің беделінің шарапаты торға түскен сары ауыз балапандай Кәмелге де аз тимеген. Кәмелдің Құнанбай Бейсенұлы жайлы тебірене жазған мақалалары ақсақалдың суреттерінен қоса «Жас алаш «және бұрынғы Жезқазған облыстық «Сарыарқа» газеттерінде жарияланды. «Тайшеттегі бір лагерьден Сейфолланың Сәкенін көрдім, бұрын Ақмоладан білетін едім, тілдесуге мүмкіндік болмады, оны тез басқа жаққа ауыстырып әкетті – деген Құнекенің сөзі әлі күнге құлағымда тұр, – дейді, Кәмел. Бұл деректің де Сәкен тағдырына байланысты әңгімелерді толықтыра түсетіндігі сөзсіз.

1992 жылдың жазында И.Н. Мудровтың мағұлматы негізінде Оралхан ойға алған шаруаны сол кездегі Жезқазған облыстық Кеңесінің төрағасы Шәріпбек Шардарбековтің шапағатымен іске асыруға мүмкіндік туды. Жезқазғанда жасақталған экспедиция 82 жастағы Мудровты алғып, Магадан облысындағы Горький кенішінде болып қайтты. Елу жылдан астам уақыт өтсе де айдауда мерг болғандардың қорымын қарағандылық ақсақал жаңылмай тапты. Жер бедері өзгерген. Қорым тұрған бұрынғы алаңқайды бүгінде қалың ағаш басып кеткен. Жетпіс бес қабірдің ішнен біреуін

«мынау Сәкендікі» деп нақпа-нақ айта алмай әбден налыған. Мудров жылап жіберді. Мәңгі тоң құрсауында жатқан көп қабірлерден Мудровтың нобайы бойынша бір қабірді айтудың өзіне бірнеше күн уақыт кетті. Бәрі шындық. Өліктің аяғына атын-жөні туған, өлген жылдары жазылған тақтайша байланған. Бірақ Сәкен емес. Ізденисті әрі қарай жалғастыруға қыспағы қатты мына заман қолбайлау болды. Барлық қабірді ашып, тексеріп шығу үшін орасан зор көлемде қаражат керек. Мудровтың дерегін магадандық Лазуткин, Ленинград облысының Луга қаласында тұратын Ведерников сияқты азаматтар қосымша растап отыр. Олар 1939-1940 жылдары Горький алтын кенішінде белгілі қазак ақынының отырғандығын білетіндіктерін, тек оның аты-жөнін ұмытып қалғандықтарын айтады.

Мудров 1937 жылы Қарағандыдағы N34 шахтада болған апарттан соң халық жауы деп айыпталып, Қызылжар түрмесінде отырған. Содан Колымага жөнелтілген. Ол сол Горький кенішінде Сейфуллиннің өз қолымен жазған арызының арқасында акталғандығын айтады. Ақының осы бұлтартпас қолтаңбасы табылса, Сәкеннің Колыма қойнауында ақырғы демі үзілгендігі даусыз анықталады деген үмітпен жүргізілген іздестіру жұмыстары да су аяғы құрдымнан бір-ақ шығарды. МХК хабарына қарағанда, Мудровтың ісі мүлдем жойылып кеткен. Қандай себеппен екендігі, әрине, белгісіз.

Біз Сәкеннің түрмедегі тағдырына, оның ақырғы демі үзілген сәтіне байланысты өзімізге жақсы таныс, шамашарқымызша саралтап-саралаған деректердің біразын қалың оқырмандар алдына жайып салып отырмыз. Осылардың өзі-ак бұл мәселенің төнірегінде Колыманың сірескен тонынан да қалың құпия жатыр-ау деген ойға жетелейді, көнілге сейілмес күдік пен күмән ұлатады. Ал МХК болса, Сәкен Сейфуллин 1938 ақпанның 25-де Алматыда атылды деп, бет қаратпайтын адудынды анықтамасын алға тарта береді. Сәкенмен тағдырлас басқа арыстарымыздың ақтық демі үзілген сәттеріне байланысты дәл осылар сияқты әңгімелер жоққа тән. Аңыз бен ақиқаттың ара жігін ажыратар бізге белгісіз құпияның кілті кімде?

Астана қаласы.  
«Қазақ әдебиеті» газеті,  
22 қаңтар 1999 жыл.

## **КІЛТІ ЖОҚ ҚҰПИЯ...**

**Рымжан Мәжитқызы СЕЙФУЛЛИНА,  
Карпық ҚҰСАЙЫНОВ**

### *Aшық хат орайында*

«Сәкен Сейфуллин 1938 жылы ақпанның 25-де атылды» деген анықтамасының аясынан алшак түсіп жатқан деректер жетіп артылады.

Бұл - белгілі журналист Куаныш Ахметов мырзаның «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Құпияның кілті кімде?» атты макаласындағы пікір (22 қантар, 1999 ж.) Сол «...жетіп артылып жатқан деректерге» қосымша біраз жағдайларды айтсак деп едік.

Иван Николаевич Мудров ақсақалдың Сәкен ағаны білетіндігі туралы газеттер бетінде жарияланған, Жазушылар одағына хабарлаған жэйттері туралы біз де естіп, біліп жүргеміз. Содан 1990 жылдың тамыз айында ол кісіні әдейі іздеп Қарағандыға бардық. Қасымызда белгілі сазгер, сол кездегі «Батық» кеңшарының директоры Жағыпар Әлімханов бар. Ол жігіт Сәкенге аталас туыс, Сәкен ағаның алтыншы атасы Мырзамбеттен – Күшікбай, Естемес, Ескене, Досқана, Балапан, Тәстен, Таймас, Дулат атты сегіз ұл тұған Ескенеден – Сәкен аға, Досқанадан – Жағыпар. Біз Иван Николаевичтің үйіне кешкі сағат 5-6-ның шамасында келдік. Ол үй жанында 4-5 көршілермен далада отыр екен. Біз Сәкен ағаның осындағы туыстары боламыз деген соң, ол кісі бір түрлі қобалжып, тебіреніп сөйлеп кетті. Сөзін бөлмей, үйіп тындағық. Сөздің жалпы мазмұны сол Қ. Ахметов жазғанға келеді, оған дейін де біраз жазылған. Содан кейін әр түрлі сұрақтар беріп, кейбір жағдайларды анықтадық. Әңгіме ұзак, сұрақтарымыз да аз болған жоқ. Соның кейбіреулерін келтірейік.

Мысалы, «Сіз Сәкенмен 1939-1940 жылдары бірге болдым дейсіз, ал ресми өкімет мекемесінің ол кісі «1938 жылы ақпанның 25-де атылды, үкім орындалды» деген анықтамасы бар ғой, сонда қалай болғаны» – дедік Иван Николаевич селк етіп, дірілдеп, қатты ашуланып кетті де: Олар қашан шындықты айтып еді, бәрін қолдан жасады ғой, әйтпесе, соншама халық жауы қайдан шықты?» – деді. Ол кісінің өні мұлде өзгеріп, беті жыбырлап, аяқ-қолдары дірілдеп, таяғын маңдайына тіреп отырып қалды. Біз үнсіз отырмыз, ол кісінің мына күйі бізді де тұнжыратып жіберді. Әлден уақытта өзіне-өзі келіп: «...балалар, мен сендерге шын айтып отырмын, сендерді түсінемін, бірақ мен Сәкенмен бірге болғаным рас.

– Мен Сәкенді қалай ұмытамын. Мүмкіндік болғанда кездесіп, әңгімелесіп тұратынбыз. Орыс тілінде өте таза, әдемі сөйлейтін еді. Оның үстіне сүйкімділігі қандай! Менің шағын арызыымды өзі жазып берген. Біраз уақыт Сәкен жоқ болып кетті. Ол қашып кеткен шығар деген сөз шықты. Апрель айында қар ери бастаған. Содан, эстакаданың астындағы қар кеткенде бір адамның денесі табылды. *Мен бірден таныдым – Сәкен!* Ешбір өзгермеген. Егіліп жылап жүріп бір қазақ жігіті екеуміз, жалпы қорымның шетінен шұңқыр қазып, Сәкенді жерледік. Бір аяқ, бір колына аты-жөнін, қойған күні жазылған тақтайша байладық. Ол жерді мен өмірде ұмытпаймын», – деді – Ал сіз өзіңіз қандай айыппен ұсталдыныз? – деген сұрапқа: «Мен Қарағандыда 34-шахтада ауысым (смена) инженері болып істейтінмін. Бір смена аяқталған соң, лаваны екінші сменаға тапсырарда, лава төбесінің біраз жері жарылып, құлайтындей болып көрінді. Мен смена бастығына осы жерді көрсетіп, мына жерді тіреуге бөрене болмай қалды, сен ағаш келісімен ең алдымен осы жерді тіре немесе кілет сал (ағаштарды төрт бұрыштаған айқастырып, төбеге дейін қалап шығу) дедім. Солай келісіп мен сменаны тапсырып шығып кеттім. Енді 16 сағатын кейін мен жұмысқа келмекшімін. Бірақ мені 12 сағаттан кейін үйден ұстап әкетті. Ештеңе білмеймін. Екі ай бойы тергеу. Сондагы айтатындары «Кенес өкіметіне неге қарсысын, қандай шетелдік барлаушылармен байланыстысын, шахта жұмыскерін неге өлтірдің» т.б. толып

жатқан жалалар. Ақыры көрсетпеген қорлығы жоқ, хатта-маларына қол қойғызып алды. Кейін сот болғанда бір-ақ білдім. Баяғы лаваның тәбесіндегі жарылып тұрған жер құлап, екі адамды басып қалған. Оны тіреп қауіпті тоқтатуға анау смена бастығының мүмкіндігі болмаған, себебі лавага ағаш жеткізілмеген. Ол шындықты айтқан. Содан айыпты деп мені ұстаған. Бар айыбым осы, – деді. Бірақ, 1940 жылдың екінші жартысында мен акталым, ерікті болып бос жүрдік. Содан біраз ақша табайық, елге киініп, олжамен барайық деп, сол жерде жұмысқа бір топ адам қалдық. Тамақ тоқ, жалақы жақсы. Сөйтіп жүргенде соғыс басталды, елге қайтсақ әскерге алатын болды, ал мұнда Сібірге жұмыскер керек, содан өзіміз еркімізben сонда қалып жұмыс істей бердік. 1941 жылдың жазында Сейфуллин де акталды, бірақ ол кезде ол өліп қалған еді. Біз бір-бірімізге қарап, Иван Николаевичтің осы сөзін күдікпен қабылдадық. Себебі Сәкендей көрнекті адам акталса, бір хабар елге қалай жетпек деген ойлар келді. Көп әңгіменің қысқаша түйіні осы. Келесі жазда Жезқазған облысынан арнайы комиссия күрілген, Иван Николаевичті алып, ішінде Сәкен Сейфуллин атындағы кеңшардың директоры Шәкізада Әбілдин, журналист Аппаз Қаражігітов бар, 7 адам Магаданға барып қайтты. Олар туралы біраз жазылды, нәтижесі белгілі Сәкеннің сүйегі табылған жоқ.

Сәкен ағаның бұл жерде атылмай, тірідей айдауга кеткені туралы тағы бір дерек.

«1991 жылдың март айының бір күндері республикалық радиодан бізді елең еткізген бір хабар берілді. Хабарда белгілі бір радиожурналист Торғай облысы, Арқалық ауданы, Қайыңды кеңшарының тұрғыны Мырсалық Исмайлов ақсақалдың Сәкен туралы әңгімесін таспаға жазып алған екен. Сол ақсақалдың сөзі бойынша Сәкенмен лагерьде Құлымбетов, Жансүгіров, Майлин бәрі бірге болған. Сәкен есі ауысынқырап, дауыстап әр нәрсені айтып жүреді екен. Бір күні жоқ болып кетеді. Содан Құлымбетов ақсақал іздестіріп, сұрау салып, өліп жатқан Сәкеннің денесін тауып алады, бірақ жерлеуге қатыса алмайды. Сол Мырсалық ақсақалға хат жазып мынадай жауап алдық. Хат мәтінін ешбір өзгеріссіз толық келтіріп отырмыз».

**«Қарагым, Рымжан! Сенің жазған хатыңды алдым.**  
Мен қазір 88 жастамын. Қозім көрмейді, құлагым естімейді. Өзім 18 жыл түрмеде отырып келдім. Менің Сәкен туралы білетіндігім төмендегідей: Алматыда 1937 жылдың декабрь айынан бастап 1938 жылдың март айына дейін ГПУ-дің «сосновый парктиң» астындағы түрмесіне отырыбық, 1938 жылдың март айында ату жазасына бұйырылыбық, Атылды деп хабарлады. Бірақ біздерді (Сәкен тірі) жасық машинамен, жасық поезден Игарка деген жерге апарды. Одан Бодайбо деген жерге апарды. Солопкіге апарды. 1942-нің аяғы 1943 жылдың басында соллагерьде Илияс Жансүгіров өлді. Өлген адамдар көп болды. Қебі өлген жерінде қалды. Сәкенді, мен бір орыс жігітімен, шұқыр ойып көмдік. Содан кейін мен ол жерден кетіп, бізді қайтадан Бодайбога әкелді. Бейімбет Майлін Бодайбода қалды. Ол жерде отравление болады деп, ол жерді улаған. Ол жерге бару қауіпті. Ол кісінің сүйегін тауып алу мүмкін емес.

**Сәкеннің еңбектерін толық шыгарып, иғлігіне ұсынсандар үлкен ганибет сол гой. Менің ақылым: Сәкеннің сүйегін іздең текке дуре болмаңдар, табу өте қыын.**

**Сәулем Рымжан! Үлкен талабың бар еken, орындалуы екі талай, өздерің шешіңдер. Сау бол, бақытты бол! Үйшінде тегіс сәлем.**

**Тілектестік ниетпен Исмайлов Мырсалық ақсақал.  
7. 04. 1991 жыл».**

Міне, Мырсалық ақсақалдың бізге қайтарған жауабы, ешбір өзгеріссіз (үтір, нүктесіне дейін) толық келтіріп отырмыз. Хаттың тұпнұсқасы сактаулы.

Бұдан кейін сол жылы тамыз айында Қарағанды облысы, Нұра ауданы «Балықтықөл» кеңшарында Сәкенмен айдауда бірге болған бір кісі бар деп естіп, сол кісіні іздең бардық. Апарған Сәкеннің аталастысы, сол кезде Ортау кеңшарының директоры Дәрібаев Қару деген жігіт. Ол Әлиев Сейіт деген ақсақал. Сол жылы 87-де еken. Біз жөнімізді айтқан соң әуелі көнілі бұзылып, біраз жылап алды. Айтқан әңгімесі мынау: «1938 жылы Ақмола маңындағы бір ұжымшарда комсомол ұйымының хатшысы болып істегенмін. Сайланғанымға 5-6

айдай уақыт болған. Бір күні қазан айының аяғына таман қызметте отырған жерімде тұтқынға алды. Ешқандай сөз жоқ абақтыға әкеліп қамап қойды. Күндіз-түні жауап алу, ұрып-сөғу, сен шпионсың, шыныңды айт, Кеңес өкіметін қалай құлатпақшы болдыңдар деген жала сұраптар. Шынымды айтсам, ол кезде шпион деген сөздің не екенін де білмейтінмін.

Содан 1938 жылдың наурыз айында сот болып, «саяси қылмыскер, 25-жылға сottалсын» деген үкіммен айдалып кете бардым. Содан Қыыр Солтүстіктегі, бір қалаға әкелді. Осы жерде сottалғандарды жинап, әр түрлі лагерлерге бөледі екен, карентін қылып 30-40 күн ұстайды екен. Сол карентінде Сәкенмен бір айдай бір палатканың ішінде жаттық. Бізben бірге Ақмоланың обкомының бір хатшысы, тағы басқа біраз жоғары қызметтер атқарған ересек кісілер болды» Мен сықылды жастар оншақты адамбыз, барлығы 30-ға тарта болдық. Сәкен ағаны алғаш күннен-ақ таныдым, бала күнімде Ақмолада талай көргенмін. Оның үстіне Сәкеннің аты ол кезде аңызға айналып кеткен үлкен адам ғой. Сол палаткада аштық пен суықты көріп жаттық. Сөйлесу өте сирек. Қебісі үндемейді. Байқағаным үлкендер өте аз ұйықтайды. Азғантай әңгімелері де сол палаткадағы адамдар ұйықтағаннан кейін болады.

Бір күні таңғы сағат 3-4 кезінде оянып кетсем, Сәкен аға және 2-3 ересек кісі төрде ақырын әңгімелесіп отыр екен. Сонда мынаны естідім:

– Ештең түсіне алмадық қой. Біз азды-көпті біраз қызметтер атқардық, көп жерлерде сөйледік, жазғанымыз да бар. Бір жерден қателесуіміз мүмкін ғой. Ал мынау Сейіт не бұлдіре қойды екен, жігіт жас қой, оған да 25 жыл беріпті. Өкіметке бір бәле келді ғой деймін, әйтпесе үлкен-кіші бәрі қалай халық жауы болып кетті? Сәкен аға осыны айтып, тоқтап қалды. Екі-үш күннен соң бізді бөліп-бөліп жан-жаққа таратты. Содан кейін Сәкен ағаны кергенім жоқ. Бірақ бір лагерьден бір лагерьге адамдар ауысып келіп жатады. Солардың бірінен 1943 жылдың жазында «Сәкен қыста қайтыс болды» деп естідім, ал қай жерде, қалай болғанын сұрамадым. Лагерьдегі адамдар бір-бірінен көп әңгіме сұрамайды. Бас изесіп амандастып, сараңғана

сейлесіп тоқтатынбыз. Мен Сәкен аға туралы білетінім осы», – деп ақсақал әңгімесін тоқтатты.

Міне, Сәкен ағаны 1938-1943 жылдары көрдік, бірге болдық деген үш қарияның әңгімесінің қықаша мазмұны осындай. Бұл кісілердің әңгімесін жоққа шығаруға ешбір кисын жоқ. Бәрі де абзал қариялар. Және Сәкен туралы өтірікке барады деуге негіз жоқ. Сол Куаныш Ахметов мырзаның «Құпияның кілті кімде» деген сұрағы мәнгі қалар. Оған жауап айта алады деген буыннан қалған адам ете аз. Бірақ өмірде талай құпиялар ашылып жатыр ғой, мүмкін бұл құпия да ашылар. Ал ақиқатына келгенде Сәкен ағаны қорған, жоқтаған адам аз болған жоқ. Халық жүргегінде мәнгі үйып қалған тұлға.

Сәкен ағаның аман қалғызы інісі Мәжит Сейфуллин де, ізденген жоқ. Бірақ ол кісі бұл өмірден сонша түнілген, адамға сенімі қалмаған, бәріне көніп, ішінен тынған адам» еді. Кезінде Сәкеннен қаншама жақсылық қөрген кейін өзі де талай жақсылық қөрсеткен адамдарының өзі сатқындық жасап, теріс қарап кеткенін қөрген. Бізге, балаларының өзіне көп білгенін айтапай кетті. Өз басы, 1955 жылға дейін тиісті мекеменің құрығында болды.

Сәкен туралы ақиқатты барынша беріле іздеңген есіл азамат. Орыншайық Үйдырысов еді. (Алматы облыстық милиция бөлімінің кадр бөлімін басқарған), ойындағысын орындаі алмай кетті. Ол азаматтың ізденісін қолдаған Жанатбек Құсманғалиев, Мәсімхан Бейсебаевтар болды. Осының нәтижесінде Сәкенді тергеп, қорлаған Иванов қызметінен босатылып, шенінен айырылды. Оған әрі қарай жаза қолдануға болады екен, бірақ Сәкен ағаны жоқтап куушы болмады. Сәкен ағаның қамқоршылығын қөрген екі кісі ақсақал жазушы бас тартты. Сонымен, Орыншайық амалсыз бармағын тістеп тоқтап қалды.

Егер сол кезде Жазушылар одағында Оралхан Бекеев сықылды бір табанды адам қолдағанда (Сәкен ағаның денесін іздеуге арнайы комиссия құрғызып, Магаданға жіберуге бірден-бір себепші болған, үнемі қадағалап отырған осы марқұм Орекен еді). Иванов қасқөй жазаланатын да еді... Не керек, әңгіме осылай тоқтады. Біздің қолымыздан келгені экеміздің басына 1987 жылы құлпытас

көйғанда, сол жерге Сейфекене, Сәкенге, Мәлікке де ес-керткіш тас қойдық. Әтуақтары бірге болсын деп туған жері Қараашілікten топырак әкеліп салдық. Жыл сайын көктемде әлгі туған топырағы жайылған жерде арқаның боз көдесі, бетегесі, қызғалдақ, сарғалдақ гүлдері түрленіп өсіп, жайқалып тұрады. Соның өзі бізге қуаныш. Ал 31-мамырда Алматыда қабылданған рәсім бойынша Талғар ауданындағы «Жаңалық», «Боралдай» селосына барамыз. 1938 жылы атылған саяси құрбандардың сүйегі осында деп айтылып жүргеніне де 10 жылдан асты.

Сәкен аға 43 жасында кетті. Ақталғанына да биыл 43 жыл толады. Өмір деген осы. Ол кісінің жоқтығына көз жетті, көніл сенді. Оған көндік. Көне алмайтын жағдай – кейбіреулердің Сәкеннің әруағын қорлап, табалауы. Сәкен ұлт мұддесін ойламапты-мыс, Қазан төңкерісіне қатысыпты, жаңа қоғамды жырлапты, т.с.с. Егер қазіргі жазушылар ұлт мұддесін Сәкендей ойласа, басын өлімге байласа халық оларды да көрер еді ғой. Сәкендей халқының азаматы болу қолынан келсе көрсетпей ме өздерін? Қазір ак қашып, қызыл қуып, атыс-шабыс болып жатқан заман емес қой.

«Қазақ әдебиеті»,  
№43, 22.10.1999 ж.

## ҚҰПИЯНЫҢ КІЛТІ ҮШ ӘРІПТЕ

Уәш (Әбдуәли) АСАТҰЛЫ,  
Респубикалық дәрежедегі зейнеткер

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1999 жылғы қантар айының 22-сі күнгі 4-санында Астана қаласындағы тілшісі Қуаныш Ахметовтің «Құпияның кілті кімде» атты мақаласы жариялануы менің көптен ойымда жүрген пікірімді жазуыма тұрткі болды. Ол халқымыздың бір тұма аяулы перзенті Сәкен Сейфуллинің өмірі мен өлімі жазылған әңгіме. Осыған байланысты 1991 жылдың акпан айында осы газеттің бетінде басылған Оралхан Бекеевтің мақаласын оқыған болатынмын. Мен де сол кезде осы әңгіме жайлы жазбақшы болып талпынып, күнделікгі кү тіршіліктен қол тимеп еді. Ендігі айтпағым Сәкенмен әлденеше рет кездесіп, танысып, қарым-қатынаста болған адамның оны соңғы рет Солтүстік қыыр шығыстағы облысына айдалып бара жатқанда кездестіргені жайлы болмақ. Мәселе былай болған екен.

Жетісуға әйгілі Сауытбек Ұсаұлы ақынның туған жиені болып келетін Смайыл Қалипанов ақсақалмен сонау 1967 жылы жаздың бір шуақты күнінде кең отырып әңгімелесудің сәті түскен еді. Сол кезде мен Шу өнірінде атасы Бармақ, Сауытбек, Қылышбай, Орақбай сияқты ақын-жырауладың өлең-жырларын жұмыс арасында ел аузынан жинап, жазып алып жүретін едім. (Ол жинағандарымнан кейін – 1991 жылы «Шу өнірінің саңлақтары» атты жинақ кітап шығардым) Ол кезде Смайыл жасы 70-тен асса да, ширақ, жүрісі жинақы адам еді. Бүгін арамызда жоқ осы ақ көңіл, әңгімешіл, суырып салма ақын Смайылдың жазықсыз жаламен мерт болған қазақтың адал перзенті Сәкен туралы айтқан әңгімесі есімде.

Смайыл Сәкенмен төрт рет кездескен екен.

– Алғаш Сәкенмен кездескенім 1925 жылдың жаз айы болатын деп бастады әңгімесін Смайыл қария. – Ол кезде мен ауданың мал дайындау мекемесінде мал дайындаушы бол жұмыс істейтінмін.

Бірде, қасында 3-4 кісі бар, Шу өнірінің онтүстік шығысындағы Жайсаң жайлауының Сарыбұлак, Тарылған, Жамбылсай деп аталатын аймақтарындағы елдерден ірлі-уакты 50 шакты мал дайындалап келе жатқан болатынбыз. Жайлаудың түсे берісіндегі Жадыраның белінен асып, тасқайнарға жеткенімізде алдымыздан қос қөрінді. Айналасында 3-4 түйе, 4-5 жылқы жайылып жүр. Бұл не қылған жолаушылар екен деген оймен ат басын соларға қарай бұрдық. Жақындалап келіп біреуін сөзге тартып жөн сұрағанда, олардың Әулиеата жақтан келе жатқанын, бет алыстарының Алматы екені белгілі болды. Қостың басшысы Сәкен екен. Мен оның атын естігенімде-ақ бірден ой түсіп, реті келсе әңгімелесіп қалайын дедім. Сол кездерде оның «Тар жол тайғақ кешу» романының тараулары газет-журналдарға жарияланып жүрген еді. Қолыма түскенін қызыға оқып жинап жүретінмін. Отыздың үстіне жаңа шыққан менің өлеңге деген құмарлығым зор еді. Ауыл арасындағы ойын-сауық тойларында әзіл айтыстарға да қатынасатынын. Әр түрлі тақырыптарға өлең де жазатынын. Сондықтан да Сәкенмен сөйлесуге ниетім қатты ауды. Қойын дәптерімде жүретін өлендерімді оқып беріп, ақыл-кеңесін тыңдайын дедім. Қасыма Естай деген жігітті алып қалып, басқасын ілгері жібердім. Сәкен қостан шеткерірек бұлақ жағасындағы сазда ұйықтап жатыр екен. Көп ұзамай ұйқысынан оянып, бұлақ сұына беті-қолын жуып, біз отырған дастархан басына келіп жайғасты. Шай үстінде жайымды сарандай сұрады да, аздап мағлұмдар болған соң, одан ары тәптіштемеді. Шайдан соң сай-жыраларды жағалап, қыдырып кетті. Осыны пайдаланып, соңынан қуып-жетіп әңгімеге тарттым. Оның романының тарауларын оқығанымды, біраз өлеңдерін жатқа білетінімді айттым. Осыдан бірер жыл бұрын ақындар айтысына қатысып, Қазақстанның сол кездегі астанасы болған Қызылорда қаласына дейін барғанымды да айттым. Сәкен менің әңгімелерімді көңіл қойып, ынтыға тыңдады.

Сөз арасында: «Смайыл, үстімдегі киімдерді көріп шошып кете жаздаған шығарсың. Ұзақ жол тоздырып жіберді» – деп құлді. Біраз өлеңдерімді тындалап, жағдайымды сұрап хабардар болған соң: «Білімің аз екен, оқысаң, ізденсең, бойыңдағы ақындық таланттыңды дамытсан, жақсы ақын болайын деп түрған жігітсің. Әлі де кеш емес. Бұлай жүре бермей оқы, білімінді көтер», – деген мазмұндас көп ақыл-кенестерін айтты. Әңгіме сонында, ізет білдіріп, қонақ етейін деген ұсынысъима қарсылық жасамады. Естайды дереу жұмсал, айдан келе жатқан малдан бір кебе қозы алдырып сойдырдым. Жақын жердегі ауылдан қымыз, т.б. дастарқан мәзірін алдырттым. Қостарын жаңа, суаты мол, қалың сазды жерге қондырып, сый-құрмет көрсетіп сыйладым. Дастарқан басында нелер әңгімелер шертілді. Фотоаппараты бар екен, Естай екеуімізді суретке тұсіріп алды.

– Қаратаудан бері қарай жатқан қалың бейнеткер, момын халық көрінеді, – деді Сәкен сөз арасында. – Алыпқашты сөзі, өсек-өтірігі жок, мейманостығы мол екен, – дей келіп: Смайыл, байқауымша сен осы елдің еті тірі жігіттерінің бірі екенсің. Сый-құрметіне раҳмет. Ризамын. Еліне менен сәлем айт. Жолың түссе Алматыға кел, – деп арқамнан қақты. Келесі күні мезгіл бесіннен ауып салқын түсे бастаған кезде Сәкендер қостарын артып жүріп кетті.

Арада екі жылдай өткен. Жұмыс бабымен Алматыға бара қалдым. Сәкеннің қызмет істейтін мекемесін сұрастырып жүріп, тауып кабинетіне кіріп сәлемдестім. Ұмытпалты. Жылы жүз білдіріп, қарсы алды. Отбасымның амандығын, ел-ішінің хал-жағдайын сұрады. Қасында сол кездегі өкімет басшыларының бірі Қабылбек Сармолдаев отыр екен. Біраз отырып әңгімелестік.

Бұдан соң тағы да екі жылдай уақыт өтті. Ауылда асыра сілтеудің сарқыншағы жойыла қоймаған кез. Нагашым ақын Сауытбекті жергілікті шаш ал десе, бас алатын, жандайшап, шолақ белсенділер құғынға салып мазасын ала берді. Ол мені Сәкенмен біраздан бері таныс екенімді білгендіктен, оның атына арыз жазып, Алматыға барып келуге жүмсады. Әрі біраз өлеңдерін қағазға тұсіріп, Сәкеннің атына мынандай өлең-хат жазып берді:

*Қойыпты атымызды Алтыбек деп,  
Алтауында атты тай жоқ,  
мінгенге ертеп,  
Екі кіші бағады елдің малын  
Соныменен күн көреміз еттеп-еттеп.  
Мал бақтырган байлардың атын  
мініп,  
Ұялып көпшіліктен жүреміз  
шеттеп.*

*Тартып алды бар малды,  
Шулады қатын баламыз  
Асыра сілтеу мына тұр,  
Қырылып қалсақ аштықтан,  
Адамды қайдан табамыз  
Барлық байлыш өлеңім,  
Алдыңа барсын өнерім,  
Сәкен інім сәлем ал, тисін маган көмегін...*

Алматыға келген соң Сәкеннің кеңессіне кірдім. Қабылдау бөлмесінде отырган әйел: «Жұмысынызды айтыңыз, мен кіріп айтып шығайын» – деген соң, жалма-жан қағаз қарандаш алып:

*Уа Сәкен! Әдейі ізден келдім  
Шудан,  
Адамбыз малды бағып дүние қуган.  
Әкелдім аманат сөз арнап сізге,  
Болған соң негізіміз бірге туган.  
Әкелдім нағашымның  
тапсырмасын,  
Тоқтаттым сізге келіп аттың басын,  
Өлеңді өлеңменен сізге өткіздім,  
Кұрбымыңың жақтырарын –  
жақтырмасын.  
Бұл күнде заготскот қызметім,  
Атқарып өкіметтің бір міндеттін,  
Бір жауап айтады деп сізге  
келдім,*

Уақытым жоқ ұзак мерзім кідіретін – деп жазып, Сауытбектің арызына қоса, жаңағы әйелге бердім. Әйел біраздан соң қайтып шықты да,

Сізге кірсін деп жатыр, – деді.

Мен Сәкеннің кабинетіне кірдім. Сәкен орнынан тұрып, қолын беріп, жылы жүзбен амандастып мені ұмытпағанын айтып, ел жағдайын егжей-тегжейлі сұрады. Сауытбектің хатын оқып шығып, қолынан келгенше көмегін беретінін айтты. Бұл 1931 жылдың сәуір айы болатын. Сол жылдың күзіне қарай Сәкенмен хат алдым. Ол арап әрпімен жазылған екен. Хатты өлеңмен жазыпты:

*Мінеді ұзатылса қызың қарага,  
Мал багып жүрген жансың айдалада  
Жұз жылқы, бес жұз қойың бар болса да,  
Артында көшө қалсаң ізі қала ма?  
Смайл адамысың сахараңың,  
Шаһардан келіп-кетіп баһар алғын,  
Өнерді бойындағы елге бермей,  
Мал багып жүргеніңе қападармын,  
Демеймін, бекер әуре келісіңді,  
Білемін шылығы қөп ел ішінде  
Ізденип ілім-білім дәмін татсаң,  
Болар ең тәуір жігіт келісімді.  
Далаң ас-ауқатты ізден жүрсің,  
Күте алмай бақшадағы жемесіңді,*

Сәкен, Алматы, 1931 жыл, 10 қыркүйек

Бұл хатты көзімнің қарашығындай көпке дейін сақтап жүрдім. 1933 жылдың күзінде жаламен 8 жылға сотталып, арызданып жүріп, мерзімімнен бұрын ақталып, 1938 жылдың аяғына таман елге оралсам, «халық жауы» деген шығып, ел іші дүрілдеп жатыр екен. Қиянаттың қорлығын басымнан өткізіп келгендіктен тағы бір пәлеге ұшырармын деген оймен Сәкеннің өлең хатын, басқа да жазған өлең-жырларымды құрым киізге орап, кораның бұрышына көміп тастадым. Кейін жақсылықтың нышанын көріп, жеке басқа табынушылықтың зардабы әшкөрлене бастаған кезде қайтадан қазып алдым. Сыз тигендіктен қағаз дымқылданып өше бастапты. Содан соң оны басқа қағазға көшірдім.

Сәкенмен келесі кездесуім 1933 жылдың жазында өзім сottалар алдында болды. Жұмыс бабымен Алматыға баратынымды білген нағашы Сауытбек тағы біраз жазған өлендерін Сәкенге алып баруды тапсырды. Сол кездегі жағдайға байланысты болу керек, бұл жолы Сәкен бұдан бұрынғы кездесулердей емес, өзін сақ ұстагандай кейіп білдіріп шешіліп сөйлемеді. Маған әлде неге үрейленгендей боп көрінеді. Сауытбектің өлендерінің біразын оқып шықты да, жақсы басуға болады» деп мениң көзімше бір қара торы жігітке тапсырды «Осы жылдың аяғына таман кітап етіп бастырып шығарамыз», – деді қоштасарда.

Сәкенмен ең соңғы кездесуім өзім түрмеде жүргенде болды. Мен ол кезде Забайкал темір жолына қарасты, Хабаровскіге жақын Ледяная деген стансада, мал емдейтін санитар боп жұмыс істейтінмін Дәрігеріміз Морозов деген орыс жігіті еді. Ол бір күні мені шақырып алып: «Стансаға бір состав пойыз келді. Соны дезинфекциялайсыз. Дайындалыңыз», – деді. Дәрі-дәрмектерім мен «саймандарымды алып станса басына келдім. Онда екі қызыл вагон тұр екен. Айналасын қарулы солдаттар қоршап алыпты. Әрбір екінші солдаттың жетегінде бір-бір арсылдаған шынжырлаулы ит. Вагондарды дәрілеп, бірінен-біріне өтіп жүргенде, вагон жанында солдаттар қоршап тұрған бір топ адамның арасынан Сәкенді тани кеттім. Анықтап, жақындаған келіп қарасам, онымен бірге Ораз Жандосов, Қабылбек Сармолдаев, Құлымбетовтер де тұр екен. Соңғы үшеуін Алматыға келіп-кетіп жүргенде бір-екі рет көрген болатынын. Усті-бастары күйе-күйе, кір-кір. Қабактары салыңы, иттер жан-жақтан абалап үріп, мазаларын алып тұр. Сәкенмен бірауыз тіл қатып сөйлесуге мүмкіндік болмады. Солдаттар жақыннатпады. Алыстан ғана басымызды изесіп, қабағымызбен ғана амандастық. Дезинфекция жасау 4-5 сағатқа созылды. Мұнан кейін пойыз шығыска қарай жүріп кетті.

Бұл әңгімені айтқан Смайыл кария жасы 80-ге таяп қайтыс болды.

Мениң бұл мақаланы неге жазып отырғаным белгілі. Сәкен Сейфуллиннің қайда атылып, қайда жерлегені жөнінде алып-қашты әңгімелер көп. Смайыл ақсақалдың

мына әңгімесі жоғарыда аталған мақалада айтылған Қ. Ахметовтың мақаласында аттары көрсетілген И.М. Мудров, Құнанбай Бейсенұлы айтқандай, Қыры Шығыста опат болмады ма екен деген ой туады. Ал үш әріптің ресми берген құжатына келетін болсақ, оған сенім аз. Сенім болмайтыны И.Н. Мудровтың үш әріптегі ісі мүлдем жойылып кеткен. Ал ол істің Сәкеннің өз қолымен И.Н. Мудровтың атынан жазған арызы болған. Міне, осыған қарап мен Сәкеннің өмірінің соңғы сәттерін үш әріп біледі, бірақ оны мұқият жасырып отыр деп ойлаймын.

*Төле би ауылы, Шу ауданы, Жамбыл облысы.  
«Қазақ батырлары», №4. 2000 жыл, 2-бет.*

Зияда ИЖАНОВ,  
КР мұрагат ісі және құжасттанды  
жөніндегі ақпарат орталығының қызметкери

1937 жылы Сәкен Сейфуллинге қазақ жазушысы ретінде троцкийшіл көзқараста болды. 1928 жылдан бастап ұлттыл-контрреволюцияшыл топпен бірлесіп Қазақстанда Кенес үкіметіне қарсы ұлттыл-буржуазияшыл, терроршыл-төңкерісшіл және зиянкес тап жауларының үйымына кірді, үйымға жаңадан мүшелер тартты. БК(б)П басшылары мен Кенес үкіметіне қарсы террорлық актілерді дайындауға қатысты деген айыптар тағылды. Онымен коса Сейфуллин «қылмысын» қоюлату үшін Тоғжанов, Құлымбетов, Садуақасов, Жансүгіров, Кенжиннің тергеу протоколдарының көшірмелерінде Сәкен ісі негізге алынды.

«Сәкен халық жауы болды» дейтін газет-журналдарда жарияланған үкімінен басқаны білмейтін жұртшылық ақынның тұтқынға алынуы, айыпталуы оның «Мениң қателерім туралы» деген («Каз правда» N76.2.IX 1929 г.) мақаласына байланысты болды десе, екінші біреулері Сәкен Кенестердің XI съезінде қатысқаннан кейін И.В.Сталинге, В.М.Молотовқа, В.В.Куйбышевке Қазақстандағы келенсіз жағдайларды айтуды болды дейді. Үшіншілері, Қазақстан кадрларын жою жоспары ерте-ақ жасалғанын айтады. Ол (Сәкен) И.В.Сталинге өзін Қазақстанин алдырып, Мәскеуден Коммунистік академияға қабылдауға өтініш жасағанда, И.В.Сталин «Устроить в Комакадемию легко, но Вам именно теперь и нужно работать в Казахстане. Если положение там таково, то Вам советую оттуда не бежать, а наоборот работать», – деп оны әдейі зұлымдықпен шығарып салып, жалған кенес берді, дейді. Бізше, бұл үш пікірдің де өздерінше дәлелдері жеткілікті. Өйткені жоғарыда

аталған мақалада Қазақстанда 1922 жылы құрылған екі топтың барын, оларды кімдердің басқаратынын, олардың өзара дүрдарараз пікірін айтуы себеп болуы ғажап емес дейтін. Пікір айтушышардың мұндай долбар жасауы Қазақ республикасында кадрларды жаппай қырып-жою, күгін-сүргінге ұшырату жоспарларының Партия орталық комитетінің нұсқауымен жасалып жатқандығын білмегендігінің салдары еді.

Сондай нұсқау бойынша жазықсыз тұтқындалып, атылғандардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Тауда ақынның тағдырына қатысты жоғарыдағы пікірлердің дүдемал әңгімелерді жоққа шығаратын, әрі оның жалған, зансыз жасалған құжаттармен өмірінің қылғандығына көз жеткізетін дерек қолымызға түсті. Ол Алматы облыстық мемлекеттік мұрағатында жарты ғасырға жуық сакталған. С.Сейфуллинді айыптау жөніндегі тергеу ісі бойынша Алматы облыстық прокурор, мемлекеттік әділет кеңесшісі Р.Мухамедьяровтың қатынасы. (Алматы ОММ. 408-кор. 2-тізімдеме, 564 a.ic)

Бұл анықтама мен қатынас С.Сейфуллинге жүргізілген тергеу сол кездегі қолданыста болған РСФСР қылмыстық істерді жүргізу нормаларының өрескел бұрманланғанына және ен бастысы дауылпаз ақынның көзін жою үшін шүғыл түрде зансыз, жалған құжаттар дайындалғанына, тергеу дөрекі жүргізілгендейдін көз жеткізді.

Мұндай ойымызды қолдағы құжат былай дәлелдейді: Біріншіден, әу баста 1937 жылдың 24 қыркүйегінде қолдарында тұтқындау жөнінде қаулы болмаса да, С.Сейфуллинді Қазақ ССР ішкі істер халық комиссариаты 3-бөлім бастығының көмекшісі Сергей Александрович Коновалов, қызметкері Владимир Семенович Курусь тұтқындалап, үй мүлкіне хаттау жүргізген. (Караңыз, аталған істің 3 п.) Ал тұтқындау жөніндегі қаулыны мұнан бір күн кейін, яғни 1937 жылдың 25 қыркүйегі күні Қазақ ССР ішкі істер халық комиссариаты 4-бөлімінің қызметкерлері Садыков пен Катков шығарған. Сол күні бұл қаулыны Қазақ ССР ішкі істер халық комиссарының орынбасары П.Володъко бекіткен. Екінші бір жасалған құжат «Сейфуллин өз кінәсін өзі мойындағы» деп ақын тұтқындалған күннің ертеңіне,

яғни 1937 жылы 25 қыркүйекте жасалған хаттама. Оның жалғандығына дәлел ретінде сол кезде Қазақ КСР ішкі істер халық комиссариаты 4-бөлімнің тергеушісі Баймурзиннің 1937 жылғы 6 қазанда Сәкен Сейфуллин туралы жасаған актісіндегі сөзді қан-сөлі өзгөргемеген қалпында ұсынамыз.

«... Составлен настоящий акт в том, что сего числа в 6 час. 30 минут утра на допросе арестованный Сейфуллин Сакен в течение 10 суток ведет себя перед следствием не тактично. Набросил оскорбление на органы НКВД, распространял антисоветскую клевету, что якобы все жены арестованных арестованы и высланы и в том числе Сейфуллина. Пытался избить меня, выхватил стул и пытался ударить меня, но мною стул был отнят». (Қараңыз, атальған істің 4-беті).

Атальғыш мекеменің екінші қызметкері Серембаевтың 1937 жылы 7 қазанда жасаған осы мазмұнды актісі жоғарыдағы ойымызды одан эрі былай толықтырады: «Обвиняемый Сейфуллин на допросе упорно отрицал дачу правдивых показаний, Сейфуллин приостановил писание и начал рвать свои показания, где я захватил показание и отобрал, а он стал ругать меня и по адресу НКВД и пытался ударить головой стену, я не допускал». (Қараңыз, атальған істің 4-п.).

Серембаев С.Сейфуллинге тек акті жасаумен тынбады. 1937 жылғы 8 қазанда Қазақ ССР НКВД-ның 4 бөлімінің бөлімше бастығы Ивановқа С.Сейфуллин 13 тәулік бойы өзін қылмыстымын деп санамады. «Халық жауысын» деп айтқаным үшін маған ұрысты және «Вы ничего не знаете, если Вам дают деньги на хлеб и отдых в сутки три часа, больше Вам ничего не надо. Вы не знаете сущности за что мы казахские работники сидим и за что боремся и т.д.» (бұл да сол паракта) деген сөздерді айтты деп рапорт тапсырды. Бұл екі тергеушінің сөзі Сәкен 25 қыркүйекте «қылмысын мойындағы» деген құжаттың жалған екендігін нақты дәлелдеп тұр. Қайта 15 тәулік бойы Сәкеннің демалуына, есін жилюына мұрша бермес-тен күні-түні кезектесіп жүргізген тергеулер кезінде өзін қылмыстымын деп санау былай тұрсын, қайта өзінің негіzsіз тұтқындалғанын, контрреволюциялық үйімда болмағандығын, контрреволюциялық тақырыпта шығарма жаз-

бағандығын немесе әңгіме жүргізбегендігін дәлелдеген. НКВД органдының заңды бұрмалап, қазақ зиялышарының отбасын ойрандап, абақтыға жауып жатқандығын әшке-релеген. Амал не, С.Сейфуллиннің бұл дәлелдемелері іске тіркелмегендігі анықтамада айқын көрсетілген.

Осы екі тергеушілер актілеріндегі «орындықты ала жүгірді», «жазып отырған қағазын жыртты», «басын қабырғаға соққысы келді» деген сөздерімен өздерінің Сәкеннің жанын жарапал, ар-намысын таптап отырғанын сезбеген. Кімнен, қандай адамнан жауап алып отырғанын жете ту-сінбеген. Әйтпесе, «арымнан жаным садаға» дейтін Сәкен мемлекетке, елге қастандық жасадым деп қалай жалған жаза алады? Халқымның көсегесін көгерtedі, оны бакытты етеді деп имандай сеніп Кенес үкіметін құру үшін ажал вагонына да тұскен. Сәкенге біздің осы сөздеріміз ауыр тиді-ау деп ойланар еді ғой, деген ой келеді бізге.

Халқымызда «ханның басын хан алады» деген аталы сөз бар. Бұл өлімнің өзі өз теңімен болғаны жөн дегенді көздесе керек. Осы сөз ойға оралғанда кезінде Қазақстанның Халық комиссарлары кенесінің төрағасы болған Сәкен, халқының сүйікті ұлы, аяулысы атанған. Сәкен өзінен жауапты ең болмаса лауазымды тергеуші де алмады-ау деп күйінген, қорланған-ау деген ой да қылаң береді. Әйткені оның жанын жарапал, ар-намысын таптап, қорлап отырған тергеу-шілер өз ойындағыдай емес. Мұны ол қорлық деп санады. Баймурзин мен Серембаев Сәкенді сындыра алмаған-нан кейін, бұл екеуі де өз қандасына қолдары батпады деп ойлаған болуы керек, енді Сәкеннен жауап алуды Қазақ ССР ішкі істер халық комиссарының орынбасары П. Володзько және осы комиссариаттың 4-бөліміне қарасты 2-бөлімшесінің бастығы В. И. Иванов (карағандылық) пен оның көмекшісі В. В. Ивановтың өздері жүргізді. Олар 1937 жылдың 20 қараша және 11 желтоқсан күндері Сәкеннен жауап алдып, дегеніне жетті. Асau тұлпарды жуасытты. Қызыл сұңқардың топшысын сындырыды. «Не жазсандар да қол қойып беремін», – дегенге келтірді. Сейтіп, Сәкен тұтқынға алынғаннан кейін 70 тәулік өткенде «кінәлімін» деп «мойындағы» дейтін хаттама жазылған.

Сәкеннің мұндай шараға бармасқа амалы қалмады. Азап-акырет, жан түршіктірелік қинау күн санап артты. Жүдеді.

Қиналды. Мұндай қорытынды жасауымызға С. Сейфуллин жөнінде Баймурзиннің арада 19 жыл өткен соңғы 12 маусым 1956 жылы берген анықтамасындағы мына сөздер негіз қалады:

«С первого дня мне молодому работнику бросились в глаза исключительно напряженное положение в наркомате, так как тогда проводилось массовая операция по изъятию «врагов народа» В практике следственной работы я и другие молодые работники встретились с фактами беззакония и лица допускающие нарушения поощрялись. Как правило первое время с каждым арестованным работали несколько человек по конвеерной системе до тех пор, пока арестованный не станет давать признавательные показания о своей «преступной деятельности», причем арестованного ставили в угол, не отпускали на отдых и на обед и т.д.

По делу Сейфуллина я прямого отношения не имел. Меня использовали тогда на отдельных поручениях, и в качестве подменщика следрвателей, За время ведения следствия по делу Сейфуллина я имел возможность встретиться с ним на несколько часов один-два раза, когда он не признавался. В этих встречах с ним я убеждался, что он имел исключительно усталый вид, видимо его ставили в угол и не отпускали во время на отдых. Тогда Сейфуллин высказывал жалобы на не правильное ведение следствия по его делу.

Во время ночного допроса отовсюду можно было слышать шум, крик, оскорблениия следователей по адресу обвиняемых». (Қараныз, аталған істің 6-7п.).

С.Сейфуллинге жасалған, заңсыз құжат жасау жоғарыдағылармен тынған жоқ. Ақынды тергеу және істің қорытындысын шығару В.В.Ивановтың құзырына көшкеннен кейін де жалғасты. Оның дәлелі мынау: В.Иванов 1937 жылғы 19 желтоқсанда РСФСР қылмысты істер процестерін жүргізуідің 206 бабына сүйеніп, С.Сейфуллинді тергеудің аяқталғандығы туралы хаттама жасады. Ертеңіне, яғни 1937 жылғы 20 желтоқсанда айыптау қорытындысын шығарды. 1937 жылғы 22 желтоқсанда ішкі және шекаралық әскерлердің әскери прокуроры Соколов В.Ивановтың С.Сейфуллиннің тергеу жұмысын аяқтағандығы жөніндегі

корытындысын бекітті. Ақынды сотқа тарту жөнінде ол қаулы шығарды.

Ал СССР Жоғарғы сотының әскери коллегиясы С.Сейфуллиннің тағдырын 1938 жылғы 25 ақпанда бас аяғы 25 минут талқылап, Сәкеннің дәлелдеріне, дәйектемелеріне құлақ аспастан, РСФСР қылмыс заңының 58-бабының 2,7,8,11 тармақтары бойынша ату жазасына үкім шығарды. С.Сейфуллиннің жанын алуға асыққандар үкімді сол күні орындады.

Алайда, Сәкенге ұзыннан өші, қысқадан кегі кеткендей өшіккен В.В.Иванов тергеуді аяқтап, хаттама жасап, оны прокурор Соколовқа бекіттіріп, сотқа тарту жөнінде қаулы шығартып алғаннан кейін де әскери коллегияның шешімі шыққанша 1938 жылдың 11,17,19,31 қантары мен 10 ақпан күндері С.Сейфуллиннің жанын қинаап, тағы да тергеуді жалғастырды.

Заңды көрер көзге бұрмалады. Ол Сәкеннің жарық дүниедегі аз ғұмырын біле тұра ақынның қалған санаулы сағаттарын азаппен, жанын қинаумен өткізуіді мақсат еткен болса керек. В.Иванов Сәкен тағдырын ойыншыққа айналдырды. Жалған жалаларды тағы да еріксіз мойындатты.

Жалған жала дегеннен шығады, қолдағы анықтама С.Сейфуллиннің жанын алуға өтірік құжаттар жасауға, қылмысты істерді жүргізуін тәртібін бұрмалауға тікелей қатысқан, әрі басты кінәлі адам 4-бөлім бастығы В.В. Иванов (қарағандылық) екенін баса көрсетеді. Бірақ ол 1956 жылғы 26 шілдедегі түсініктемесінде: «Сейфуллин ісін аяқтауда тек техникалық жұмыстарды атқардым» (қараңыз, аталған істің 6 п.) дегендегі ынғай танытқан. Қолымен істеген қылмысты мойнымен көтеруге жалтарған.

Бұл жоғарыда қазак зияллыарын құғынға ұшырату, олардың көзін жою Мәскеуден жоспарланған деген ойдың ұшығын көрсеткен едік. Олай дейтініміз – орталық Сәкеннің жанын алуға тікелей қатысқан және Қазақстандағы басқа да басшыларды қансоқта жасаған жоғарыда аталған В.Ивановты Қыыр Шығыс өлкесіне, В.С.Курусьті Минскіге қызметке ауыстырыған. Шамасы бұл екеуі мұндағы істі «абыройлы» атқарған болуы керек. Ал С.А.Коновалов пен В.В.Ивановты Қазақстанда қалдырыпты. Олардың әлі

де қажеті болған сияқты. Ал Володзько «біреуге ор қазба, ор қазсан терең қаз, өзің тұсуге жақсы» дегенге ұшырап, 1939 жылы социалистік заңдылықты бұзғаны үшін сотталағы кетті.

Анықтамада С.А. Коноваловтың Алматы облыстық совет атқару комитетінің ішкі істер басқармасының бастығы, ал В.В.Иванов Фрунзе аудандық милиция бөлімінің бастығы қызметін атқарып жүргендіктері көрсетілген. Реті келгенде айта кетейік, облыстық партия комитетінің хатшысы М.Б. Бейсебаевқа 1958 жылғы 16 сәуірде С. Сейфуллинге қатысты біз сүйеніп отырған анықтаманы жолдаған қатынасында облыстық прокурор Р.Мухамедьяровтың: Иванов Владимира Васильевич являлся одним из активных участников фальсификации доказательств по делу Сейфуллина С. и он провел по делу основные следственные действия». И поэтому считаю что, о невозможности использования Иванова в органах милиции, как лица допустившего грубые нарушения социалистической законности, – деген сөзі ерлікпен тең. Өйткені Я. Мұхамедьяров С. Сейфуллин тағдырын жан жүргімен сезінген. Ақынның жаңын алуға заңсыз әрекет жасағандарға күйінген.

Жасыратын несі бар, ол кезді Хрущевтік жылымық кезең деп жуып-шайғанымызбен, органның құш-қуаты бұрынғы қалпынан әлі де бәсендемеген уақыт болатын. Сол кезеңде бұндай батыл тұжырым айтуға екінің бірі бара алмайтыны белгілі. Бірлі-жарым зерттеушілерге болмаса, жалпы жұртшылыққа белгісіз болып келген дерек бойынша С.Сейфуллинге қатысты мәселені біршама жіктедік деп ойлаймыз. Бірак өкінішке қарай мұндай мәселені тәптіштеудің қажеті жоқ, іс бітті, өтті, кетті. Бұндай іске қатысушылардың аты-жөнін қазбалап көрсету пайда бермейді, араздық туғызады деушілер аз емес. Елімізге бірлік, тыныштық ауадай қажет. Оны бізде қуаттаймыз, «жара үстіне шиқан шығару», тиісті органның қызметіне топырақ шашу оймызыда жоқ.

**Бірақ ойланайықшы, ағайын, осындай шырылдан шындықты бүркемелеуден нендей пайда тауып жүрміз? Бүркемелеуден кезінде етек алған заңсыздықтарды үйімдастырушылардың әрекеті, қылмыстары**

жарияланбай келеді. 1937-1938 жылдардағы құғын-сүргінге ұшыраған халқымыздың мәндайына біткен қаймақтарының тағдыры дәл осы біз айтқан Сәкениң тағдырындай емес деп кім қуәлік ете алады? Ондай опасыздар олардың отбасын талқандады. Өмірінің өркенін қиды. Сол үшін марапатталды. Ешбір қылмыс жасамағандай, алшандап өмір сүрді. Сонда корытындысында кім пайда көрді, кім зиян шекті?

Біздің түсінігімізше, қылмыс жасағандарды, опасыздарды бүркемелеу келешек тарихқа зиян. Шырылдаған шындықты айқара ашу, акты ақ, қараны қара деп көрсету жөн. Неге десеніз, адам санасына ерте не кеш болсын, мен о дүниелік болсам да артым дау-дамайсыз болмайды екен-ау деген ұғым түсетіні сөзсіз. Осы ұғымды есіне түсірген әрбір жан мұндай пасықтан бойын аулақ салады. Өз үрпағына адалдықты, тазалықты үйретіп өтеді.

Олай болса, шырылдаған шындықты ашудан, жариялаудан ұтылмаймыз Бұл шындықты бүгінгі күні біз ашпағанмен, келешек үрпақ ашатыны сөзсіз.

«Егемен Қазақстан»  
30 қаңтар 2002 жыл. N19-22.

## ДӘЛДІК КЕРЕК, ӘДІЛДІК КЕРЕК

*Серік ТҮРФЫНБЕКҰЛЫ, Астанадагы  
С. Сейфуллин мұражайының директоры*

Қазақ әдебиетінің айнасы болған, болуга тиісті де басылымдардың бірі – «Жұлдыз» журналының 2002 жылғы №1 саны акпанның сонына қарай оқырман қолына тиді. Алғашқы бетінде бас редактордың «Жұлдыз» 80» деген такырыппен арнау сөзі басылыпты – «Устіміздегі 2002 жылы «Жұлдыз» журналы сексен жасқа толғалы отыр» деп бастапты бас редактор өзінің арнау сөзін. Бұнан ері XX ғасырдың қызығаша шолу жасай келіп, журнал алғашқыда «Шолпан», сонсоң «Тан» болып - шыққан делінген, одан кейін «Жаңа әдебиет», «Әдебиет майданы», «Майдан», «Әдебиет және искусство» болып, әр жылдары әр түрлі аталып келіп, кейін «Жұлдыз» деген атпен шығып келе жатқаны айтылған. Бас редактор арнау сөзінің сонын «Сексен жыл!... «Жұлдыз» – бүкіл қазақ әдебиетінің, яғни, алаш рухының мерейлі көрінісі. Жаса, «Жұлдыз»! деп аяктапты.

Жеке бастың қалауы емес, тарихтың шындығына жүгінсек, «Жұлдыз» журналының жарық көре бастаганына әлі 80 жыл тола койған жоқ. Бұл мәселеге мән беру қажет деп білеміз. Себебі: 1. «Шолпан» журналының қазіргі «Жұлдыз» журналына мүлде қатысы жоқ. «Шолпан» журналы 1922 жылдың қазанынан 1923 жылдың мамыр айына дейін **Түркістан Орталық партия комитетінің органды болып** Ташкентте жарық көрді. Ал қазіргі «Жұлдыз» журналы алғаш рет «Жаңа әдебиет» деген атпен 1928 жылдың 1 қаңтарында жарық көрген кезден бастап соңғы кезге дейін **Қазақстан Жазушылар Одағының** (бұрын «ұйымның» деп аталған) **журналы** ретінде жарық көріп келді. «Шолпан»

журналы негізінен саясат, шаруашылық, білім мәселелерін көтеріп, ішінара ғана әдебиетке көніл бөлсе, «Жұлдыз» негізінен әдебиет пен мәдениет мәселелеріне арналған журнал болды.

2. «Таң» журналы 1925 жылдың наурызынан бастап Семей губкомы атқару комитетінің саяси, шаруашылық, мәдени журналы ретінде жарық көрді. Ал «Жұлдыз» журналы болса, қайталап айтамыз, әу бастан Жазушылар одағының (ұйымының) журналы ретінде соңғы кезге дейін жарық көріп келеді.

3. Рас, «Шолпан», «Таң» журналдары толымды-толымды әдеби-көркем дүниелер басып тұрды. Алайда, әдеби-көркем дүниелер басылғаны үшін ғана «Шолпан», «Таң» журналдары мен бүгінгі «Жұлдыз» журналын бір басылым деп есептеу дұрыс бола қоймас. Онда, мұндай принцип бойынша әдеби туындылардың небір тамаша үлгілерін басқан «Айқап» (1911-1915), «Садак» (1915-1918), «Абай» (1918), «Сана» (1923-1924) журналдарын да келесі бір бас редактор «Жұлдыздың» алғашқы басылымы деп есептемесіне кім кепіл?

4. Соңғы уәж қазіргі «Жұлдыз» журналы қашан және қалай жарық көріп еді деген мәселеге орай. Тарихтан белгілі, 1928 жылға дейін Сәкен Сейфуллиннің жетекшілігімен «Жыл құсы» атты әдеби альманах жарық көрді. Осы альманах, тағы да сол Сәкен Сейфуллиннің жетекшілігімен, 1928 жылдан бастап Қазақстан Жазушылары бірлестігінің (ҚазАПП) органы ретінде «Жаңа әдебиет» деген атпен дербес журнал болып жарық көре бастады

Мұнан әрі әртүрлі тарихи ахуалға байланысты «Жаңа әдебиет» (1928-1932), «Әдебиет майданы» (1932-1938), «Әдебиет және искусство» (1939-1941), «Майдан» (1944-1945), «Әдебиет және искусство» (1945-1956) деген атпен жарық көрсе, 1957 жылдан бастап «Жұлдыз» деген атпен шығып келеді.

Айырықша мән беретін жағдай, әр түрлі аталғанына қарамастан «Жұлдыз» журналының бірінші бетінде 1999 жылға дейін «1928 жылдан шыға бастады» деп жазылып отырған. Ал, 1999 жылдың «қаңтарынан бастап, ешқандай қисын дәлелсіз «1922 жылдан шыға бастады» деп өзгертіліп көрсетілген. Бұл қалай?

Осы мәселені менің сөз етуімнің қисыны бар деп ой-лаймын. Тіптен, бұл мәселені мен көтеруге тиіспін деп есептеймін.

Астанадағы Сәкен Сейфуллиннің мұражайына бас-көз болып қызмет атқарып жүрмін. Қандай жолды таңдаса да туған елінің бақытынан басқа мұраты болмаған Сәкен Сейфуллиннің сан-сала еңбектерінің бірі ретінде «Жұлдыз» журналына алғашқыда «қіндік әке», соңсaн бас редактор (1932-1934) болғанын келімді-кетімді жүртшылыққа мактан етіп айтамыз. Әрине, оның ұлт мұддесі үшін қоғамдық-саяси жұмыстардан бастап, мәдени-рухани салаларға дейін бел шеше араласқан басқа да алуан арналы өміршеш істері жүртшылыққа жақсы мәлім. Сөйткен Сәкеннің есіл енбегі еш етіліп жатса, оны еш етуге тырысуши сол журналдың бүгінгі бас редакторы, қазіргі қазақ көркем сезінің даусызы ірі тұлғасы Мұхтар Мағауин болса қалай қолға қалам алмассын?! Ол аздай-ақ Сәкеннің өзі қамкоршы әрі редактор болған журналдың бетінде тағы да сол Мұхтар Мағауин «Алматының атаулы көшелерінің бәріне кеуде, мұсіндер койылған. Әлбетте, бақайынан бұтына дейін, қанды қолмен қоса көрсетуге лайық. Құр кеуде. Сірә, іші куыс. Басы да куыс. Сырты ғана жылтырап тұр. Анызға айналған құрыш-болат балшабектер Виноградов, Емелев, Фурманов. Сейфуллин...» – деп шетінен тізіп берді.

Бұған менің айтарым:

Сәкен қаншалықты коммунистік идеяның күрескери болғанмен, оның бар мақсаты, асыл мұраты – туған халқына қалтқысыз қызмет ету. Сол идеяда жүріп-ақ ол алаштың. Ахаң сияқты ардагерлерімен араласа жүріп ұлтына, жұртына деген түпкі мақсат-мұддені негізге алды. Сол жолда, «Қазақты қазақ дейік – қатені тұзетейік», «Кенселерде іс қағаздары қазақ тілінде жүргізілсін» деп болашақ үрпаққа ұранды үн қатты.

Келе-келе сол өзінің қалтқысыз сенген партиясынан да құдік алып, бүкіл қоғамдық істерден кол үзіп қалған кездері де болды. Голощекиннің қанды қасабына карсылық көрсетіп, елді жаппай ашаршылық жайлаганда «Қызыл ат» деген поэма жазып, сол кездегі солақай сыншылардан соққы да көрді.

Соған қарамастан тағы да М. Мағаун: «Бас жандайшап-төңкерісшіл ақын... Ал айтыңыздарды сүйенетін, көтеретін несі қалды. Ортадан жоғары төрт-бес өлең, одан басқасы түгел орыс революциясын дәріптеу, жаңа тәртіпті насиҳаттау, алаштың азаматтарын каралау (М. Мағаун. «Тамыздан соңғы әңгімелер» «Жұлдыз», 2001, N8, 2-49-беттер) – деп қиянат-ғайбат сөздер айтып жатса, имандай шыным, азамат ретінде, ақын ретінде ұлтымның мен де бір перзенті ретінде үндемей отыра алмадым.

«Өлімге жан екенсің қия алмайтын,  
Өлеңнің құшагына сыя алмайтын,  
«Қазағың қане?» – десе, «Мінеки! – деп,  
Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын», –

дегенді Сырбай Мәуленов бекер жазбаған шығар. Кеше коммунистік кезеңде Сәкен бейнесі тым асыра мақталған дегенге келісеміз, бірақ бүгінгі заман Сәкен соншама даттауымен келіспейміз. Әсіресе, дәл сол системаның құрбаны болған ақынды көрінде де тыныш жатқызбау артықтау. Қалай дегендे де Сәкен - Сәкен. «Күләштің әнін берсін, Сәкеннің сәнін берсін» – осылай бата да айтылады. Аты батаға енген адамды енді қанша жерден «Бас жандайшап – төңкерісшіл ақын» десеніз де халық санасына сіңіп ұлгерген ұғымды өзгерту қолдан келе қойmas.

Эрине, М.Мағауннің әр құбылысқа сын көзімен қарапаға, бір кездегі қасаң қалыпқа салынған кеткен ұғымдардан айнымай қалу, айырылмай қалу жөнсіз екендігін ұғындыруға шақыруын қолдамау қын. Біздікі тек дәлдікке, әділдікке көбірек сүйінсек дегендік қана.

Мениң мұнымды Мұқаң – Мұхтар Мағаун дұрыс түсінеді деп сенемін.

«Егемен Қазақстан» №50,  
5 наурыз, сейсенбі, 2002 жыл.

## СӘКЕН САЛЫСҚАН ҮЙЛЕР

Рымжан Мәжитқызы *СЕЙФУЛЛИНА*

Тұған аға (біз – әкем, шешем, бәріміз Сәкенді тұған аға дейміз) туралы бірдене жазғым келіп қолыма қалам алсам, ойым сан жаққа кетеді. Өз басым ол кісіні аз ғана білсем де әке-шешемнің айтқаны қаншама көп еді. Сәкенді көрген, бірге болған адамдардың, тіпті үйінде жатып өкіған Сәбит, Фабит ағалардың айтқаны қаншама еді. Сәкен аға ақталғаннан кейінгі жылдары ол кіслермен ондай жиі болмаса да әртүрлі жиындарда, басқосуларда кездесіп жүрдік. 1964 жылдың күздінде әкемді пенсияға шығарды. Содан әкеміз зерігіп күні бойы үйде отыратын болды. Сәкен ақталып, көңіліміз көтеріліп, тұрмысымыз енді жақсарып келе жатқан сықылды еді. Әкем Литфондта директор болып қызмет істейтін, құтпеген жерде пенсияға барасын депті. Оның өзінің үлкен астары бар. Әкемнің көңілін аулап жиі барып әңгімелесіп жүрдік. Сондай әңгімелердің бірінде, – Папа, осы Қарашибілкten тұған жерінен қалай, кайда көштіңдер, кейінгі қоныстарың қай жер болды? – деп сұрадым. Сонда әкем былай деп әңгімелеп беріп еді.

– 1929 жылы көктемде Сәкен аз уақытқа елге келді. Үйде 2-3 күн болып хал-жайды білгеннен кейін сол мандағы жақын ағайындарды жинатып алды. Тап сол кезде, - байлардың малын алады екен, жерді, малды кедейлерге бөліп беріп, өздерін жер аударады екен деген сұық сөз ел арасында шыға бастаған. Бірақ әзірге ел іші тыныштық, әркім бұрынғыдан өзінше күн кешіп жатқан.

Ол кезде біздің ағайындардың ішіндегі ен ауқаттылары. Мұстапа, Мақажан ауылдары. Бұл кіслер біздің үлкен әкеміз. Оспанмен бірге тұған. Оспан 24 жасында қайтыс болған, сонда әкеміз Сейфолла бесікте, ал апасы Шәрбән 4 жаста, ал Тахауи деген інісі іште қалған. Бұл балалар, шешесі,

бәрі қолда бар мүлкімен, шабындық жері, қыстауымен Мақажанның қарауында болған.

Біздің от басының ағайындар ішіндегі ең кедейі болуы, сол үлкен әкеміз Оспанның ерте өліп, Сейфекеңнің жетім есkenінен. Сәкен Әулие-Атага жүрерде мінерге ат таба алмағанда, ат бермеген де осы бай ағайындар. Сол сапарда қанша күйзеліп, ағайындарға қатты ренжіп кетсе де 1920 жылы Әулие-Атадан қайтып келгенде сол бай ағайындардың еш қайсысына да теріс қараған жоқ. Әрине, олар енді Сәкеннің мінуіне де, жегуіне де қос-қос аттан тізіп берді. Осы ағайындардың ішіндегі ең дәулеттісі, ең айбынды, абырайлысы Мұстапа еді. Мұстапа өлгенде 40 күн жоқтау айтып жылапты. Сол ұзақ жоқтаудың көбін Жамал шешем кейде айтып отыратын еді. Оның бір аузы әкемнің айтуы бойынша былай болатын:

*Мұстапа Мақажанмен парлас еді,  
Есігін ұышпан ашып бармас еді,  
Үш жұздің баласына маглұм болған,  
Мұстапа тасты кескен алмас еді.*

Сол Мұстапа, Мақажанның балалары бар, әкейдің маңындағы бір ауыл болып отыратын орташа шаруалы ағайындарға Сәкен сол жолы мынаны айтты: – Тұыскандар, қазақ елі ғасырлар бойы көшіп-конып мал ұстаумен өмір сүріп келеді. Мына орнап жатқан жаңа заманда енді олай болмайды. Малды азайтып, егін салып отырықшы елге айналу керек, ол үшін қанша қимағанмен қазіргі қыстауларыңды тастан анау жайлайға, егін өсіруге жайлы жерге қыстау салу керек. Ол анау Иманақ тауының арғы беті, Ақмола жақ, шұрайлы сулы жер көп. Осыны бәрінізге қатты тапсырамын. Бұрынғыдай көп малдан енді пайда жоқ, көп кешікпей-ақ оған өз көздерін жетеді. Енді бұрынғыдай мал жағдайымен көшіп-конып жүру болмайды, егін салып отырықшы елге айналу керек – деді. Отырған жұрт Сәкенді үндемей тыңдады. Бірер үлкен адамдар ғана тіл қатты.

– Сәкенжан, үкімет адамысың, білесің ғой, ал бірақ ен жатқан дала, өзін-өзі сактап жүрген қой мен жылқы. Егін салуға үйренбеген адамбыз, әзір құрал-сайман да жоқ, бұл бір қиын жұмыс қой. Ауылдағы болыс та ағайының сактап

жүр ғой, сен үкімет басшысы болдың тым болмаса бізді, өз ағайындарыңды сақтарсың. Біз малдан айрылып ауыл бола аламыз ба, жан сақтай алмаймыз ғой, – деді

– Сәкен ашуланғанда беті күренденіп бір түрлі өзгере бастайтын еді. Ондайда ойна келгенін тұра айтып тастайтын. Жанағы үлкен кісілер әлгі бай ағайындарымыздың ауылынан болатын.

– Айтқанға түсінбесең отыр малыңның құйрығын ұстап. Ал сіздер менің әкемнің ауылындағы ағайындар, биыл жайлауға көшкенде жер шолып, егін, қыстау салатын жерлеріндегі белгілеп келесі жазда, егін салысымен қыстау салып алуға қамданыңыздар. Биыл жаз, қыс егінге қажетті құрал-сайман, қажетті астық-тұқым дайындалап алыңыздар. Басқалары өзі білсін, – деді.

Сонымен ағайындар тарқады. Сәкен ауылда тағы он шақты күн болып, барлық адамдарға жағдайды түсіндіріп, келесі жылы көктем шығысымен жоғарыда айтқанды істеуге көндіріп кетті. Сол жылы жаз, күз келесі жылы егін салумен, көшудің қамын ойластырумен өтті. Егінге соқа, тырма, күш-көлік, басқа да сайман, жабдықтар жинақталды. Тұқым сатып алынды. Кірпіш құятын қалып, құрылышқа қажетті ағаш, есік, терезе сықылды заттар дайындалды. Сонымен 1930 жылдың көктемі шығысымен сәуірдің орта кезінде әкеміз бастаған алғашқы көш Иманақты бетке алып жүріп кетті.

Көш арада үш қонып Иманақ тауының арғы бетіндегі «Бестоган» қорығынан солтүстікке қарай «Өржігіт» қайқаңының алдындағы қыратқа тоқтады. Өткен жазда жайлауда болғанда әкеміз қасында Әзімхан, Атабай, Тәлік (казіргі Рымбектің экесі) Уәйіс бар 5 кісі, келесі жылы үйді осы жерге саламыз деп оба түрғызып белгілеп қойған. Қырат жайыла ылдиланып төмендеп, шөбі қалың, шүйгін кең алқапқа айналады. Ортасында суы мол, сынғырлап ағып жатқан мөлдір бұлақ. Ол қыста да қатпайды. Бұлақ суының ылғалы жеткен жер жылдың үш маусымында бірдей көкпеңбек болып тұрады және жақын жақсы жайылым, қыс корық, тебін. Ал үйлер қыраттың үстінен салынды, себебі, оған қыста қар аз түседі. Бұрынғы адамдар жер жайын, табиғат құбылысын жақсы білген ғой. Біздің әкеміз ауылдағы

Үлкендермен ақылдастып әбден өлшеп-пішіп қыстауды осы «Өржігіт» қайқаңының алдындағы қыратқа саламыз деп шешкен. Шығыста қозы көш жерде Алшағыр тауы тұр. Бұл басына бүркіт ұялайтын Иманақтай құзды, жар-тасты, биік тау емес. Бірақ архар көп болатын, жаз киік қаптап кетеді. Бауыры қоңыр салыңын, жаз жайлайға қолайлыш.

Ал егін «Бестоған» қорығына салынды. Бұл қыста қар қалың түсетін, жазда ондаған бұлақтарынан су атқылап тұратын, қар суы мол жиналып жайылатын бір шұрайлы елке. Бұрын қалай аталғанын білмеймін, кейін Сейфекеңнің Бестоғаны атанды. Оның себебі, сол Сейфекең егін салған 1930 жылдан бастап осы жерге тоған салып, су байлаған. Сонымен егінді суарған. Кейін осы Бестоғаннан оңтүстікке қарай төмен Киров атындағы колхоз ұйымдастырылды. Қазір ол ауыл Сәкен атындағы кеңшардың Киров бөлімшесі (Қазір 40 шақты шаруа қожалықтары).

Қарашилікте Сейфекең ауылы атанаң 9 отбасы қыстайтын. Сол ауыл тайлы-таяғы қалмай түгелдей көшіп келіп бүкіл жаз бойы үй салып, күздік соядра үйлерін бітіріп кіріп алды. Ай жарымнан артық уақыт егін алуға кетті. Бұл ауыл алғашқы жылдары Сейфекеңнің жаңа қыстауы аталаң жүрді де, кейін 1937 жылы әкемізді ұстап әкеткен соң Тоғыз үй атанды. Сол 9 үй мына отбасылары болатын:

1. Сейфекеңнің үйі.
2. Токин Хамит, Уәйіс екеуінің үйі (бұл кісілер Арқаның атақты күйшісі Сайдалы Сары тоқаның немерелері Сары Тоқадан – Әбу, Әбүден – Хамит, Уәйіс)
3. Ақмағамбет.
4. Әзімхан (Сәкен ағаның «Тар жол тайғақ кешу» романында Әзімхан туралы біраз мәлімет бар, Сәкен екеуі өте сыйласқан, жақын болған. Ақмағамбет екеуі бірге туысқан, бірақ еншілері бөлек, екеуі екі үй болған.
5. Дәнеш.
6. Бәжек.
7. Тәлік (үлкен әкеміз Оспаннан – Сейфолла, Тахауи деген 2 ұл, Шәрбән атты қызы қалғаны жоғарыда айтылдығой, Тәлік сол Тахаидің баласы)
8. Атабай, Сатай (еншілері бөлінбеген бірге туган агайындар. Сатай Сәкен ағаны 1919 жылы күзде Сейфекеңмен

бірге Шуға көшіп кеткен ауылдарға апарып салған. «Тар жол тайғақ кешуде» Сатай да аталады). Шешесі Болған әже Сеифекенің де Сәкеннің де кіндігін кескен.

9. Әденбай – жоғарыда аталған Дәнештің экесінің ағасы, қарт кісі.

Міне, осы 9 үй кейін колхозға да бірге кірді.

1932 жылы күзге таман біздер – әке-шешем, Мәлік, мен үй-іштеріміз бен Алматыға көшкенде, басқа 8 отбасы жылап-сыйкатп бізді Жарыққа дейін әкеліп салды. 1930 жылдың жазы біздің ауыл үшін өте қауырт, қызу жұмысты жаз болды. Менің есімде ерекше қалғаны – Сәкен сол жаз ауылға келіп бұрынғы айтқаны іске асып жатқанына өте қуанышты еді. Сол жылғы жаз айында Сәкен аға Қазақстан өлкелік партия комитетінің тапсырған шаруасымен Шет ауданында болды. Қоянды жәрменкесінде бір жұмадай болып, құрылым салып жатқан экесінің аулына келді. Сәкен ел аралап жүргеннің өзінде жұмысы сондай көп болатын еді. Бір сәт түскі немесе кешкі ас үстінде ағайын-туғандармен, көршілердің арасында әңгімелесіп, сұрактарына жауап беріп, кейде әзіл-қалжың айтып отыратын. Мен Сәкен ағаның қасында үйде-түзде бірге жүргенде байқағаным, ол кісінің түнгі 3-4 сағат үйқыдан басқа бар тыныс, демалысы осындай сәттер еді. Басқа уақыттың бәрінде Сәкен жұмыс үстінде болатын. Жұмыстың басқа түрінен қолы босаса жазуға отыратын. Сол жазда ауыл Есен өзенінің бойындағы жайлауда отырған. Бұл құрылымсқа жақын жер. Таң ата ауылдағы барлық қөлікке мініп ауыл адамдары құрылымсқа келеді. Сәкен аға бірге келеді. Сол бірге болған 25-30 күннің ішінде Сәкен аға барлық құрылым жұмысын ауыл адамдарымен бірдей атқарды. Білегін сыбанып, балтырын түріп балшық құйысты, кірпіш қаласты. Ауыр сырғыктарды көтеріп үй төбесінде әперіп жүрді. Ауылдың барлық ұлken-кішілери жабылып қүніне бір үйдің қабырғасын көтереміз. Осы жұмыстардың бәрін Сәкен аға жарқылдап жүріп көппен бірге істеді. Орталарында Сәкеннің журуі ауыл адамдарын бір түрлі қайраттандырып, рухтандырып жіберді. Сәкен кешеғана Совнаркомның төрагасы болды ғой. Соны билетін ауыл адамдары, таңдайларын қағып: «орыстардың ұлықтары» да осы біздің Сәкенжандай қара жұмыс істей ме екен, - деп

айтып жүрді. Оны естіген Әзімхан: «ұлықтың да ұлығы бар той, біздің Сәкен «ұлық болсаң кішік бол» дегеннің нағыз езі ғой. Сендердің үйлерінді салып беріп, үйлеріне бір қона алмай да кетіп қалады ғой, – деді. Сәкен ағаның жақсы көретін адамдары – етікші Шөкенов Ахметбек (Әзімханның ағасы), кәртайыңқырап қалған Сатайдың үйлерін салғанда Сәкен ерен қымылдады. Сонда жүзінен күлкі кетпейді. Аз ғана үзілісте әңгіме-дүкен. Сәкен ағаның бізге үнемі айтатыны жаңа қоғамның жаңа өмірдің ерекшелігі, адамның бас бостандығы, бұрынғыдан бай-кедейдің болмайтыны, ауыл мәдениетінің өсуі, оқыған, маман, хат таныған адамдардың көп болатындығы. Ауылдарда жаңа мектептер көбейеді, дәрігерлер болады, т.б. сол сияқты өмір жаңалықтары. Шынында да Сәкен ағаның айтқандары айна-қатесіз болды ғой, не керек... Бұл бір естен кетпес күндер еді. Бұрын сонды елге келіп-кетіп жүргенде ауыл адамдары Сәкен ағамен тап осындай етene жақын бола алмаған шығар деймін.

Сәкен аға тыныссыз еңбектің адамы еді. Қолға алған жұмысына өте тиянақты, барынша беріліп атқаратын. Асқа да, шөлге де бәрімізден төзімді болатын. Сол жылы көп ауылдар осылай отырықшыланған бастаған. Елге кооператив те шыққан. Мысалы, кооператив біздің ауылға көк соқа, сүт тартатын сепаратор мәшинесін таратқан. Осының бәрі жаңа өмірдің тартуы дейтін Сәкен аға. Белгілі «Сепаратор» деген өлеңі осы сапарда жазылған.

Тоғыз үйдің қабырғасы түгел қаланып, тәбесі жабылып, қора-қопсылары дайын болды, егін де алынып аяқталып қалды. Содан кейін қазан айының басында Сәкен аға қасына мені ертіп Алматыға атпен кайтты. Мұнын өзі ұлken әңгіме. Қарашибілкten кейінгі біздің қыстауымыз сол «Өржігіт» қайқаңында. Үйлердің орны жақсы сақталған, әлі бар – деп әкем сөзін аяқтады.

Содан 1967 жылы әке-шешем бәріміз елге қонаққа келгенде әкеме баяғы Сәкен аға кешірген, егін салған жердегі 9 үй қыстауларыныңды көрсет деп сүрадым. Әкем мені өте жақсы көретін еді, екі айтқызбай тілегімді орындалап тұратын. Оның өзіндік себебі де бар.

Біз әке-шешемізден 6 агайындымыз – 3 ұл, 3 қыз. Қыз балаларының үлкені мен. Өзімді көтеріп, дәріптеп айтып

отырған жоқпын. Сол Сәкен аға тұтқындалып кеткен каралы жылдарда да, кейін заман түзелген жарқын құндерде де әкем жалғыздықты, қындықты аз көрген жоқ. Мынау кешегі Сәкеннің інісі ғой, жазықсыз жапа шекті ғой, енді аз да болса көмектесейік деп мұсіркеген адам болмады десем кателеспеймін. Тек Ғабиден аға ғана жақсылық көрсетті. Өзі Жазушылар одағының 1-хатшысы болып сайланған соң, менің әкемді сол одактың әдебиет корының төрағалығына қызметке қойды. Сәкеннен кейінгі уақыттағы әкемнің бір жарқын, сәулелі жылдары сол кез еді. Үйдің іші әбден жудеген, көңіл басылған, тек жан сақтап кана отырған балалы-шағалы адамға бұл үлкен жақсылық еді.

Осы уақыттың бәрінде, әкемнің көзі жұмылғанша се-німді серігі, үлкенді-кішілі шаруасын ақылдасып жәрдемін көрсететін адамы мен болдым. Шешемнің орны өз алдына. Аға-інілерім еркелеу, сінілілерім жас. Сондай жағдайда әкешешемнің қас-қабағына қарап, қолдан келген азды-көпті жәрдемді жастайымнан көрсетіп жүрген мен едім. Әкем мені сол үшін өте жақсы көретін, бағалайтын.

Бұл жолы да менің айтқанымды орындаپ ауылдағы басшыларға барып бір мәшине сұрап алып, қасына ауыл адамдарын ертіп бізді сол қыстауына алып барды «Өржігіт» қайқаңының алдындағы қыстаудың орны жатқан қыратқа келіп тоқтадық. Қолмен санағандай 9 үйдің орны жатыр, кейбіреулерінің қабырғалары да жартылай сақталған. Әкем жол үстінде әртүрлі бұрынғы өткен әңгімелерді айтып көнілді, жадыранқы келген. Баяғы Сәкен қабырғасын қаласқан әкесінің үйінің орнына келгенде кенеттен мәшинеден түсіп, буыны босап, денесі дірілдеп көзінен жас парлай бастады. Сөйлей алмай, тұтығып, ықылық атып, өксіп жылап тұрып қалды. Қасына ерген біз, ауыл адамдары, бәрі еріксіз жылап қоя берді. Әкемнің ойына сол өткен 1930 жылғы жаз, әкесінен, Сәкенмен бірге үй салып жүрген қызық құндері, ағайындары ақырында олардан ешкім жоқ, жалғыз өзінің қалғаны түсіп кетті ғой деймін. Әкесі Сейфекенді де сол «Бестоғанның» маңында 1937 жылғы қазан айында даладан ұстап әкеткен ғой. Ол кісі де, ағалары Сәкен, Мәлік ешқайсысы жоқ, ол өз алдына, тіпті қай топырақтың астында жатқандары да белгісіз ғой. Ал сол кісілермен жүріп салған

қыстауы міне, орнын көріп тұр. Осы жағдайдың бәрі қандай қатты адамды болса да толқытпай ма?..

Біраз тұрып әкем өз-әзіне келді. Көз жасын тыып, бойын түзеп алды. Содан кейін үйлердің орнын арапап жүріп, мынау Уәйістің, мынау Атабай, Сатайдың үйі деп түгел айтып берді. Шынында бұл бір әдемі жер екен. Қыстаудан онтүстік батысқа қарай 10 шақырымдай жерде осы маңға әйгілі атақты Сұлукөл жатыр. Сұлукөл десе дегендей екен. Суы мөп-мөлдір, құрақты, көз жетер жер көкпеңбек айдын, көл үсті жыптыраған құс, акқу-қаздар, үйректің неше тұқымы, қасқалдақ, қызығыш. Ауыл адамдарының айттынша көктемгі сәуір, мамыр айларында Сұлукөлге келіп үялайтын құстың санында, түрінде есеп жок. Әсіресе акку, қаз, қаптап қалқыған көлдің әдемілігін айтып жеткізу қын. Осы жердің бәріндегі Сәкен аға болған ғой. Атақты «Аққудың айырылуын» осы көлдің жағасында жазбағанына кім кепіл. Оны да зерттеп жүрмін.

Сонымен 9 үйде, Сұлукөлдің жағасында болып, әкемнің тағы көп әңгімелерін тыңдал ауылға қайттық. Сонғы рет бұл жерде 1989 жылы әкем қайтқан соң 2 жылдан кейін шешемді, сіңілілерімді алып барып қайттым. Апарған Жанаарқа ауданының I-ші хатшысы Сәкен Әбішев. Қасымызда сол кісінің үй-іші, Рымбек туысым және Сәкен кеңшарының бас агрономы Кенжеғара. Бұл жолы жолды бастаған шешем екеуіміз болдық. Бұрынғы жоктарға әкем қосылды. Орнында қалған, бұрынғы қундерден көп жағдайды білетін шешем екеуіміз ғой. Өлген артынан адам өлмейді деген рас екен, біз жүріп жатырмыз.

Сол 9 үй ауыл алғашында біздің әке-шешеміз Алматыға көшкен соң 1 жыл қыстап, келесі жылы аштық басталғанда тарай бастаған екен. Содан аман қалғандары колхозға ұйымдасқан. Кейін Сәкен аға ақталған соң сол колхоздың негізінде Иманақ тауының бауырындағы Ынтымақ селосында Сәкен-ағаның атындағы кеңшар ұйымдасты. Кеңшар жыл санап өсіп, кеңейіп көркейе бастанды. Орталығында II-жылдық мектеп, емхана, аурухана, мәдениет үйі, әмбебап дүкен, бала-бақша тағы басқа көптеген мәдени, түрмистік қажеттен құрылыстар бой көтерді. Аудан мен екі араға асфальт жол салынды. Кеңшардың егін, мал шаруашылығы да аудан, облыс көлемінде жақсы көрсеткіштеріне ие болды. Асыл тұқымды ірі қара фермасы құрылды.

Сөйтіп жап-жақсы өркендер келе жатқан кеңшар сабындағы бұзылып, соңғы 3-4 жылда 40 бөлініп, ұсақ, жеке меншік шаруашылықтарға айналып кетті. Мәдени тұрмыстық мекемелер иесіз қалды, көбісі жабылды. Асыл тұқымды мал фермасынан ештеңе қалған жоқ. Жекеменшік иесіне жақсы болған шығар, бірақ бұрынғы ұжымдағы қарапайым еңбекші адам, әсіресе зейнеткерлер, мұғалімдер, дәрігерлер, кеңшардың тарағанынан еш пайда көріп отырған жоқ. Бұрынғы сүттей ұйып, жұмысты жабыла істеп әркім тиісті жалақысын алғып, мәдени, тұрмыстық қажетін бірге көріп отырған адамдар жаңа бір күйге тап болды. Басараздық көбейді, атаға, руға бөліну етек алды. Осының бәрін көріп тағы да Сәкен ағаның тағдыры туралы ойланамын.

Совет өкіметін орнатуға қандай күресті. Ол өкімет құлады. Жекеменішті таратып, мал бағу ғана емес, енді отырықшылыққа бас қосып күш біріктіріп ұжымдық шаруашылыққа жұмылдырды. Шаруашылықтың осындағы жаңа түрін жасау керек деп алдымен өз ауылын, әкесін, ата мекенін тастатып жаңа жұртқа көшірді. Бұрынғыдай бай, кедей болмау керек, ортақ меншік және елдің бәрі тең болуы керек деп, шаруашылықтың меншіктің жаңа түрін ұйымдастыруға қатысты. Шығармаларында соны насихаттады.

Міне, енді сол еңбегінің бәрі еш болды, қазір Сәкен құрған колхозы да, атына койған совхозы да жоқ. Осының бәрі Сәкен ағаның үлкен трагедиясы емес пе! Қазір әруағы да тыныш жатқан жоқ шығар деймін. Бір жағынан 100-жылдық мерейтойы үлкен қуаныш, бүкіл халықтың тойы секілді, екінші жағынан қарапайым халықты бақытты қыламын деген арманы, өмірін сарп еткен, еңбегі далаға кеткен сыйылды. Бұл қайғы емес пе!

Қайран туған аға, қайтейін! Қазір сенің халық бақыты үшін құрсіп тәңкеріске қатысқаныңды, революционер болғаныңды, Ленинді, Октябрьді мадақтап, Социалистан, Советстан, Альбатрос, Асаяу тұлпар, Қызыл сұнқар деп жаңа өмірге қуанып, шығармаларынды жаңаша жазғаныңды да кінәғып, қате деп қарайтындар бар сыйылды. Не деген бақытсыз едің!

*Рымжан Мажитқызы Сейфуллина  
«Халық кеңесі» №130 (746) жұма,  
9 қыркүйек, 1994 жыл.*

## МЕНИҚ СӘКЕНІМ

Жайық БЕКТҰРОВ

«Менің Сәкенім» тақырыбы таусылмайтын ұзақ еңбек желісі.

Сондыктан бұл тақырыпқа мен тек үзік-үзік естелік кана айтпақпын. 1920 жылдың күздінде алғаш Қазақ автономиялық Республикасы құрылғанда оның халық Комиссарлары Кеңесі төрағалығына мәскеулік В. А. Радус-Зенькович, одан кейін осы күні аты-жөні көп айтыла бермейтін М. Мырзагалиев сайланып, одан кейін 1922 жылдың аяғынан 1925 жылдың басына дейін Сәкен Сейфуллин болды. Міне, осы кезде Сәкеннің атағы аспанға шықты. Бұған алдымен оның ақындығы «Асау тұлпар», «Домбыра» атты өлеңдер жинақтарының басылып, журналдарда «Тар жол тайғак кешу» романының тараулары шыға бастауы себеп болды. Патшаның ақ ескерінің, оның Сібірдегі қылышынан қан тамған Колчак үкіметінің қазақ даласын қанға бояп ойрандағаны мәлім. Міне, осы тұста болашақ мемлекет қайраткері С. Сейфуллин Колчактың вагонына душар болып, Сібірден Сарыарқаға жаяу жол шекті. Бұрын патшаны, ханды, аға сұлтанды басына көтеріп, дәріптеп қалған дала халқы осындай жолмен мемлекет басына келген бостандық жолында күрескен Сәкеннің атағын аспанға көтеріп жіберді. Бұл даңқ ол өзі сталиндік репрессияға ұшырағаннан кейін де өзіне көленеке түсірген жоқ.

Сәкеннің осындай даңқына біздің де жастық шағымыз дөп келді. Сәкен Омбының оқытушылар семинариясын бітіргеннен кейін, 1916 жылы осы күнгі Қарағанды облысының Нұра ауданында, әйгілі Тәуекехан ұрпағының топырағын, дәлірек айтқанда Тәуkenің алтыншы ұрпағы Сұлтан Абылаевтың үйінде мұғалім болды. Сұлтан Абылаев Шоқан Уәлихановтың тетелес қарындасты Бәдіғұл апамыздың

оқымысты ұлы Сұлтан, Сәкеннің әкесі Сейфолламен тұстас кісі, әрі жерлес. Сондықтан да ол жас оқытушы Сәкенді 1916 жылы өз үйінде өзінің баласы Галымтайдың үйінде оқытушы етіп ұстаған. Бұл мектеп Нұраның бір қылтасында ашылған. Ол «Жіңішке» мектебі деп аталған Бәдіғұл тоқсанға келіп, отызынышы жылдарға қарай қайтыс болды. Ал Сұлтан өзі ұзак уақыт Ақмолада тұрып жиырмасыншы жылдардың аяғына қарай екі көзінен бірдей айырьпып, ақыры 1963 жылы Қарағандыда аштан өлді.

Сәкеннің 1916-17 жылдары жазған өлеңдерінің кейбірінің астында «С.А. ауылы» дейтін белгі бар. Мұны I. Жансүгіров пен С. Сейфуллиннің орыс тілінде 1973 жылы басылған бір томдығына берген түсініктемеде М. Қаратаев, С. Қирабаев андамай «Сарыарқа» ауылы депті. Бұл жансақтық. Ұлан байтак Сарыарқада мұндай ауыл болуға тиіс емес. Бұл жайды мен 1974 жылы «Простор» журналының төртінші санында жарияланған мақаламда айттым. Бәдіғұл мен Сұлтанның суреттерін де жарияладым. Сәкеннің 1916 жылы осы Сұлтан ауылында жазған «Сәулем» атты өлеңі сол кісінің жиені сұлу Рахимаға арналған. Рахима осы бертінде қайтыс болды, оған кезінде ертедегі қазақ зиялыштарының бірі Хайретден Болғанбаев үйленген болатын. Сәкен Ақмоладағы алғашқы Совдеп жұмысына осы Тәуке ханның төртінші ұрпағы, Ақмоланың бүрынғы аға сұлтаны Қоңырқұлжаның әлгі Нұра бойындағы ауылынан аттанған болатын. Бұл ауылдың орнында қазір Қарағанды облысының «Энтуазист» совхозы тұр. Ақмолаға небәрі 50-60 шақырым.

Сәкеннің осы оқытушы болған «Жіңішке» мектебінің Жанаарқа аудандарынан қысы-жазы аттылы жаяу дегендей, ол кез үшін сонау жер түбіндегі Омбыға бес-алты жыл бойы барып-келіп жүрді. Бұл қандай бейнет, қандай ерлік, қандай төзімділік! Міне осы жолсапарда Сәкен ылғына біздің орманды сұлу алқабымызды басып өтіп жүріп, осы аймаққа оның мейманdos еліне, сұлу Нұра бойына қызыққан, атақты әншілеріне, өнерпаздарына тағзым еткен. Сонда да 1926-28 жылдары атақты «Кекшетау» дастанын жазғанда элі ешкім ескі тақырыпқа, әсіреле өткен дәуірдің әгілі адамдары туралы қалам тартуға батыңқырамай тұрған шақта Сәкен ағамыз Біржан-салды, Ақан серіні, Балуан-шолақты, Үкілі

Ыбырайды, Қажымұқанды олардың өз маңызына қарай сүйсіне жазды. Кезінде Шаляпинді тындаған Сәкен – «егер енерлі елде туса, Үкілі Ыбырай алмас еді Шаляпинді қапталына» деп те жазды.

Башқұрттың әнші қызының Мәскеудің үлкен театрында Ақан серінің «Сырымбетін» асқақтата айтқанын мақтан етті. Міне, осының бәрі өнірдің масаты кілемдей көкмайса жерінде аунап өскен біздің жүргегімізге балшекердей құйылады. Кезінде әндері аспандарғы бозторғайдың үніндей болған ақындардың ат-атағы сұлу ормандарымыздың үстінде калықтап тұрды. Сол үшін де біз Сәкенді көрмей тұрып-ақ жақсы көрдік.

Мен жас шағымнан осылайша көзіме, көкіргіме ұялаган Сәкенді алғаш рет 1932 жылдың жазында Алматыда оның өз үйінде көрдім. Сол жылы өзінің Новосибирь қатасынан жазған «Комбайнстрой» атты Сәкеннің кейінгі өлеңдеріне еліктеген, болмашы бір өлеңім әріп қателері көп болса да «Социалды Қазақстан» газетінде басылды. Соны сылтау етіп Жанаарқа ауданының өзіммен бірге оқитын Габбас Әбділдин дейтін денсаулығы дімкестеу бір жас жігіт мені Виноградов-Карл Маркс көшелері муйісіндегі Сәкен ағамыздың үйіне алып барды. Өлеңім де болмашы ғана еді. Әрі ол кезде біз әдепті едік. Сонда да мен Сәкен ағамызға өлең жайлы тіл қатуға бата алмадым. Көп кешікпей Л. И. Мирзоян жолдастың қолымен өлкелік комсомол комитетіне жауапты қызметке бекітілдім. Біздің мекемеміз де үкімет үйінде болды. Қазақстанның алғашқы куллі көрнекті қайраткерлерімен бір есіктен кіріп-шығып жүрдік. Бір асханадан ас іштік, бір дүкеннен тамақ алдық. Сондықтанда үлкен ағаларымыздың бәрін көрдік. Қебісінің қасында да жүрдік, үйлерінде де болдық. Қайырымды мұбэрәк қолдарынан көмек те алдық.

Міне, осы кезде, атап айтқанда 1934 жылдың жазында Қазақстан өткелі комитетінің арнаулы қаулысымен республикалық әтаптың және шығыс аймақтарына бес-бес кісіден екі арнаулы мемлекеттік бригада шығарылды. Бұл бригадалар Голощекин тұсында ашаршылыққа ұшыраған шалғайдарғы аудандарға үкімет тарапынан көмек көрсетуге жіберілген. Шығыс аймақтарға жіберілген бригаданы Қазақстан орталық комитетінің алғашқы төрағасы Сейітқали

Мендешев ақсақал басқарды. Құрамында бес адам болды. Олармен мен өзім, белгілі педагог аудармашы Молдағали Жолдыбасев, «Қазақстан халық шаруашылығы журналының редакторы К. Павлов еді. Біз Сарыарқада екі ай жүрдік. Мен Абыралы ауданын тексеріп шықтым.

Осы ұзақ сапардан оралғаннан кейін Сәкеннің көршісі Молдағали ағамыз үйіне шақырды. Баласы жок кісі еді. Мені жақсы көретін. Эйелі поляк еді. Молдағали ағамыз Сәкеннің көптенгі көршісі, әрі досытын. Сол 1934 жылы күзде Молданың үйіне барғанда, аулада жүрген Сәкен ағамызға тағыда бір сәлем бердім. Көрікті сұңғақ адам. Оны біз көшеде көбінесе үкімет үйінде қызмет істейтін өзінің көптенгі достары Өтекин Әлкей мен Қаскейдің қастарынан жиі көретінбіз. Оларда сері, әнші ертеде оқыған зиялды кісілер болатын. Сәкен ағамыз Голошекин тұсында біраз жабығып қалғанымен республика басшылығына Л.И. Мирзоян келгеннен былай Сәкенді жана басшы қайта көріп, аялап ұстады. 1933 жылдың басында осында қазақ театрының шаңырақ көтеруінің жеті жылдығына орай «Еңлік-Кебек» пьесасынан үзінді қойылғанда да театрда көрген едім. Ойын басталғанша театрдың шағын фойесінде сол кездің дағдысы бойынша жүрт екі-екіден дөңгелене серуендер жүргенде, Мұхтар ағамыз Сәкенді қолтықтап жүрді. Біз бір бүйірде тұрып, атакты ағаларымызға көзіміз тоймай, қызыға қараймыз. Міне, осы көріністің, осы әсердің бері менің жүргегімде мәңгі сақталып қалды.

Бұлайша журекке қонған бейне, сұлу тұлға өз өмірінің күре тамырындағы әлі күнге менің бойыма мықты тірек болып келеді. Кейін Сәкен, Илияс, Бейімбет ағаларымыз жазықсыз атылып кеткенде ішімізге шоқ түсті. Сәкен өзі жазған жапан түзден ақсақ киіктей көбіміз есіп келе жатып, өшіп қалдық. Әшпек түгіл жоғалып та кеттік. Өзіміз Ақаң (Байтұрсынов), Сәкен, Илияс, Мағжан атылған Алматының ішкі түрмесінде азап шегіп, ыстық картсерде теріміз сыпырылып, қанымыз шығып жатқанда осы ұлы ағалардың бейнелері көзімізге елестеп тұрды. Осы елес оларға деген біздің ыстық махаббатымыз қанқұйлы тергеушілеріміздің қаламына да мықты ілікті. Қазір сол арпалыстағы сұрау-жауаптардың көшірмесі қолымда тұр. Сонда мен А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Қожанов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин халық

жаулары емес, қайта олар қазақ халқының қамқоршылары, мәдениет, әдебиеттің өркендетушілері деп өлімге бас байлас, шынымды айтып тайсалмай жауап беріппін. Мұны мен бүгін өзіме зор мақтаныш тұтамын.

Сібірден қайта оралғаннан кейін де Сәкен ағамыздың өмірі, еңбегі қаламымнан түскен жоқ. Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймауытов, бәрі-бәрі менің өз дәрежемдегі әрқиылды еңбектеріме берік арқау болып келеді. Жұсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» повесінің басты кейіпкері Қартқожа бір кезде менің өз ұстаздарымның бірі болды. Осы күн Алматының бір үйінде осы кісімен бірге түскен суретім де бар. Сейтқали Менделешев ақсақалдың қасында көп болғанымда ол кісі мені баласындай жақсы көріп, 1934 жылдың кысына қарай Мәскеу, Саратов, Орал қалаларында бірге болғанымда Сейтақаң мені өз қасына алып, әдейілеп суретке түсірді.

Мен сол жылдары Ілияс Жансүгіров ағамызды да ертіп, әйгілі ақынға Шымкенттің қорғасын зауытын да аралаттым. Сәкен, Ілияс, С. Менделешев жайлы естеліктерім әртүрлі газеттерде жарияланып келеді. Сәкен туралы естелігім «Сәкеннің соңғы сәттері» деген тақырыппен «Жалын» журналының 1988 жылғы 3-4 сандарында қысқартылып басылды. Мұны жұрт осы күні көбінде менің атымды атамай Сәкеннің жұбайы Гүлбаһрамның естелігі деп атап жүр. Көркем туындының не екенін білетін зерделі жұрт мұндай шығарманың қалай жазылатынын біледі ғой. Сөйтсе де ескерте кетейін, қысқартылып, біраз сейлемдері бұзылыңқырап шыққан осы еңбегімде Гулбаһрам женгемізден алған бірер ғана деректерім бар, өзгесі өз басымнан кешкен, Сәкен өмірін көнілімे жүгірте білген өз есерлерім ғой.

Осы күн Сәкен жайлы жазатындар, жазып жүргендер көп. Қалың-қалың кітаптар да бар, бірақ соның көбісінде (Т. Қекішевтен өзгелерінде) жан толқытатын Сәкен, Ілияс, Ахмет, Мағжан және басқалар жайлы, олардың қараңғы тас қапаста залымдардың қолынан қалайша оққа ұшқандығын бейнелейтін, қан мен көз жасы аралас туындылар әлі жоқ. Жазушылардың көбісі тек жұрт аузынан естіген, әрқиыл қағаз беттеріне түскен деректерді бір-біріне тіркестіріп,

әртүрлі кітаптар, құлаш-құлаш макалалар жазумен келеді. Сәкеннің осы жыырда Жезқазған қаласында, Жанаарқа ауданында өткен ұлан-асыр тойларында баяндамашылар, ақындар Сәкеннің әр қырынан сөз сейлеп, өлеңдер оқып жатты. Өлең оқуға қатысушылар мұны «мұшәйра» деп атап, алды машина, арты магнитофон тәрізді сыйлықтар алып жатты. Аға-інілеріміз сөге көрмесін, сөйтсе де бұл ретте өз ойымды айта кетейін, жаңағы «мұшәйрада» оқылған өлеңдердің бәрін жинағанда Сәкендердің бір күнгі, бір түнгі азабын көзге елестете алмайды. **Будан 250 жыл бұрын өткен немістің атақты философы Гердер «бір адамның өмірі дүниенің бар алтынынан қымбат»** деп еді. Ендеше біздің топ-топ ақындарымыздың азалы адамдарға арналған өлеңдері олардың бір түнгі азабының құнын етей алатын емес. Артық айтсам кешірім сұраймын.

Сәкен, Илияс, Бейімбет, Ахмет, Жұсіпбек, Магжан, Міржақып, Әлихан, Нығымет, Жанайдар, Әбілхайыр, Темірбек, Мирасбек, Садықбек басқа да азбал ағалардың қасиетті кегін өзімше көп жоқтадым. Осы еңбегімнің нәтижесінде 1967 жылы Омбы қаласының Декабристер көшесіндегі бұрынғы оқытушылар семинариясы үйі алдында. С. Сейфуллин мен М. Нұрмаков ағаларымызға ескерткіш тақта ашылды, оған өзім қатысып сөз сөйлемдім. Қазақстаннан менен басқа бұл тарихи рәсімге ешкім келмеді. Тек С.Мұқанов, Ә. Марғұлан, мәдениет министрі I. Омаров қана хат-телеграммалар жолдады. Мен осы хаттарды жұртшылыққа оқып бердім. Омбыда бұдан кейінде бірнеше рет болдым. Осы еңбегінің ақырында өткен ғасырда Омбы кадет корпусында оқыған Шоқан ағамызға да сол корпустың алдында, казақтың аяулы ұлына ескерткіш тақта орнатуға тікелей дәнекер болдым. Мұны мен өзімнің ұзак, тек жемісі гүлденіп көзіне көріне қоймаған өмірімнің биік бір сатысы деп санаймын. Менің Сәкен жайлы ұзак жылдардағы еңбегімді атақты жазушымыз, Сәкеннің ең жақын серік достарының бірі Сәбит Мұқанов жақсы білетін еді. Ал өзінің қайтыс боларынан аз-ақ бұрын маған ұзак хат жазды. Бұл сонау оның 30-шы жылдардан бері жазған хаттарының ең соңғысы болды. Хаттың аяғында «1973 жыл 17 ақпан, Алматы делінген» Осы хаттан үзінді келтірейін «Сені мен бала жігіт кезінен білемін ғой. Содан бері санама берік

орнаған ұғым – сенің әділет жолынан таймауың, әрдайым сенімінді сатпауың, өз пікірінде тұрақты болуың Маркстің бір қызы: «Әке шындық деген не» деп сұрапты-мыс. Сонда әкесі: «Ол – дәлелдеуді керек қылатын нәрсе» депті-мыс. Сол айтқандай, дәлелдей алмаған шындық – шындық емес, дәлелдемегендер көріп келеді, дәлелдемегендер өліп кетеді. **Осының бір дәлелі Сәкен. Ол өліп кеткен адам.** Меніңше шындықты одан артық қоқсеп, одан артық іздеген кісі жоқ. Ақыры өзі таптым деген шындықтың оғынан өзі қаза тапты. Қандай трагедия десеңізші! Көңіліне алма, сен де сондай шерменденің бірісің. Мен сені адал жан деп санаймын. Осы бағытыңнан эне бір жылдары жазықсыз жазаланған күндерде де таймадың. Оған дәлел алыс сапардан орала бүгінгі істерге белсене кіріспін кетуің. Қажырлы, жігерлі адам екенсің. Осы бетіңмен жорта бер. Ол үшін саулық, бақыт тілеймін. Достық және ағалық көңілден Сәбит» – деп жазыпты.

Ақмола Сәкен Сейфуллиннің нағыз рухани отаны, ейткені бұл қала, бұл аймақ оның алғаш елеулі қоғамдық өмірге, ақынды қиялға қанат қаққан берік тұғыры. Сәкен осында алғаш жаңа сипаттағы мемлекеттік ұйым құрды, «Тіршілік» атты жаңа газет шығарды, «Бақыт жолында», «Қызыл сұнқарлар» атты пьесалар жазып, оны сахнаға шығарды. Сәкен осы қалада абақтыға жабылып, өлім қатеріне ұшырады. Содан ол өзінің А.Асылбеков, Ж.Нұркин, З. Катченко сынды жауынгер серіктерімен бірге қақаған қыс ішінде қол-аяқтары бұғауланып, Қызылжарға, Омбыға жаяу тұтқынға қуылды. Сәкеннің әйгілі «Тар жол тайғақ кешуінің» естен кетпес беттері. Ақмола аймағының шежіресі.

1964 жылы С. Сейфуллиннің туғанына 70 жыл толу мерекесінің зор салтанатты жиыны Ақмоланың тың игерушілер сарайында өтті. Бұған Сәкеннің әдебиеттегі ең жақын серігі, жазушы С. Мұқанов, Сәкеннің зайыбы Гүлбаһрам, Сәкеннің жауынгерлік достары З.П. Катченко, ақмолалық жазушы А. Дусовицкий, кезінде Сәкеннің алдын көрген ақын-жазушылар Х. Жұмалиев, С. Талжанов, осы жолдардың авторы мына мен, жазушылар С. Омаров, Т. Кәкішев және басқалар қатысты.

1967 жылдың желтоқсанының бас кезінде Ақмоланың 2500 адам сыйытын тың игерушілер сарайында Сәбит Мұ-

қановтың «Сәкен Сейфуллин» атты пьесасы орыс тілінде қойылды. Жұртшылық саҳна төрінен Сәкен бейнесін қызу құттықтады. Сәкеннің жарқын бейнесін ақмолалық әртіс Геннадий Понамарев ойнады. Сол жолы мен ақмолалық Ә. Имағамбетов, Ф. Халитова, Молдахмет Досаев, тағы басқалар, жазушы Сәбит ағамызды ертіп Ереймен өнірін араладық. Сол серуен туралы Ақмола газетінде менің «Сәкен жолында Сәбитпен сапар» атты көлемді жол-сапарлық очеркім жарияланды, Сәкен өміріне арналған спектакльдік қойылымға Сәкеннің жұбайы Гүлбаһрам, Сәбиттің жұбайы Мәриям қатысты. Өзінің даңқты сүйікті ерінің ұмытылmas бейнесін орыс артисінің сипаттауында сахнадан көргенде ағыл-тегіл ботадай боздал жылаған еді. Бұл көрініс біздің бәріміздің де көзімізге жас іріктіріп еді. Осының артынша мен Омбы қаласына барып Сәкеннің ескерткіш тақтасын ашудың суыртпағын қидым. Міне, сол салтанаттан С.Сейфуллиннің жұбайы Гүлбаһрамға Омбыдан хат жаздым.

Енді сөзімнің аяғын 1967 жылы 21 желтоқсанда Омбыдан Сәкеннің жұбайы Гүлбаһрам апайға жазған хатынның үзінділерімен бітірейін: «16 желтоқсан күні Омбыға кеттім. Әуелі Алматыдағы қызық тойдан кейін біраз ауырып та қалдым. Бұл Сәкен ағамыздың өте бір ерекше еткен екінші тойы болды. Сіздің бұл көнілді кеште жылауыңыз маган қатты әсер етті. Сол күндері асахнада Сәкенді елестеткен орыстың жас жігітіне жұрт қандай ықылас білдірді. Өзіміз қандай құшақтадық! Осы күн Сәкен өзі тірі болса, халық оған қандай құрмет көрсетер еді дедік. Екі жылдан бері Омбымен екі арада біздің бір жас жігітімізді жүргізіп (А. Сатаев). Сәкен ағаға ескерткіш тақта орнатуға қозғау салып едік. Сол тілек бұрнағы күні іске асты. Мені сот мерекеге шақырган еді. Алматыдан Сәбит қайныңызды бас етіп, көп кісі шақыртқан екен. Олардан ешкім келе қоймады. Сәбит хат жіберді, Ілияс Омаров, Ә. Марғұлан телеграммалар жіберді. Ә. Шәріповпен телефон арқылы сөйлесіп Жазушылар одағынан мен қатыстым. Құттықтау айттым, алғыс білдірдім. Ескі семинария үйі алдында Сәкен мен Нығмет екеуіне бір ескерткіш тақта орнатылды. Үлкен митингі етті. Бұл 1967 жылғы 19 желтоқсан күні газетке жазылды, радиода оқылды, көшпелі

телевидение, кино суретке түсірді. Біраз адамға Сәкеннің кішкене значогін апaryп бердім. Ана жылдан сакталып жүргендері еді. Бір медальды ана жолы Ақмола газетіне бердім. Әнеугі Ақмола артисі Ген. Понамарев Сәкендер көрген кісілермен сейлесемін деп соның алдында Омбыға келіп қайтқан екен. В.И. Иванов дейтін кісімен сөйлесіпті, сол үшінде әнеугі спектакльдің бағдарламасының үстінде қуанышты сез жазып сол Ивановка жіберіпті. Кеше сол шалдың үйінде болып едім. Соңда оқып көрдім. Иванов Сәкенмен бірге оқыған адам. Омбының Сәкен ағай білетін жазушы Ф.Березовскийдің үйінде болдым. Қазақстанның 15 жылдығында сол кісіге шапан, значок берілген екен. Осы кісі Сәкен ағамыздың хатшысы болмады ма екен? Соның сіз білмейсіз бе? Жалпы менің анада өзінізге айтқан сезімді еске ұстаныз: Сәкен жайлы өзініз білетін деректерді біреуге айтып жаздыра беріңіз. Иә, жаңағы музей шапанына Сәкен значогын кадап кеттік. Омбыдағы бізге тілекtes адамдар арасында өзімше біраз үгіт-насихат жүргізендеймін. Соның бірі – туғи Шоканға да ескерткіш тақта орнатылумен тынар деген ойдамын. Аталарымыз, ағаларымыз басқан тас-топыракты басып, Сәкендер оқыған, жатқан, ас ішкен бөлмелерге кіріп, көnlім қатты толқулы. Омбының ескі әдемі үйлерінің тас кірпіштерінен біздің қазақ даласының малының майы, жанының қаны сіңіп тұргандай көріне береді. Құн мұнда да жылы Қырбық қар, сәл ғана ысқырық аяз. Жел жоқ. Көnілде осындай. Мына бір газетті жіберіп отырмын. Төртінші бетіне көз саларсыз. Келе жатқан жаңа жылда денсаулық тілеймін. Құрметпен қайныңыз Жайық» Бұл хаттың көшірмесін маған осы беріде Ақмоладағы Сәкен мұражайының қызметкери жіберді.

«Менің Сәкенім» дейтін тақырып мен үшін ұшан-теңіз. Соның кейбір үзінділерін жүртшылыққа ұсынып отырмын. Сәкеннің аруағы кейінгі үрпақты желеп-жебесін деп тілейміз. Сәкен өз тұсының ұлы да, құлы да болған абзал азамат. Оның бар тілегі өз халқының жетілуі еді. Тек бұл жолда нелер тар жол, тайғақ кешуге, бұрыс қалтарыстарға ұшыраған, ақырында содан жазықсыз опат болған адамдардың бірі де біздің аяулы Сәкеніміз.

«Арқа ажары»,  
IV 108. 15 қазан 1994 жыл

## МАЗМҰНЫ

Сәкен тарих төрінде .....	5
Оқжетпес .....	15
Сәкен әдебиетші ғалым .....	32
Сәкеннің ұлтжандылығы .....	64
Көркем шығармадағы тарихи шындық .....	142
«Тар жол, тайғақ кешу» және алаш қозғалысының өзекті мәселелері .....	154
Тарихи шындықтың көркем шындыққа айналуы .....	198
Таланттар туралы толғай .....	249
Сәкеннің тарихтағы орны хақында. <i>C. Сейфуллиннің</i> <i>тұганына 100 жыл толуына орай</i> .....	285
Дала дауылпазы .....	296
Сәкен аға. <i>C. Сейфуллиннің тұганына</i> <i>100 жыл толуына орай</i> .....	301
Ақындардың аккуы .....	308
Сәкен аға кім? – десең .....	309
Сырлы Сәкен, жырлы Сәкен .....	313
Ақын мұражайы .....	323
Құпияның кілті кімде? .....	329
Кілті жоқ құпия .....	337
Құпияның кілті үш әріпте .....	344
Тамүқ .....	351
Дәлдік керек, әділдік керек .....	359
Сәкен салысқан үйлер .....	363
Менің Сәкенім .....	372

Кітапты шығаруға жауапты –  
«Қазығұрт» баспасы ЖШС-нің президенті –  
**Темірғали Муратбекұлы КӨПБАЕВ**

**Сәкен (СӘДУАҚАС) СЕЙФУЛЛИН**

**Көптөмдық шығармалар жинағы**

**Он үшінші том**

Редакторы Шерхан ТАЛАП

Суретшісі Нұран АЙЫМБЕТ

Техникалық редакторы Дариқо ОМАРҒАЛИЕВА

Беттеген Мәншүк ШЕЛЕКБАЕВА

ИБ № 396

Басуға 22.07.2013 жылы қол қойылды.

Офсеттік басылым. Қалыбы 84x108 1/32.

Шартты баспа табағы 20,16 б.т.

Таралымы: мемлекеттік тапсырыс бойынша 2000 дана,  
баспаның тапсырысы бойынша 20 дана. Тапсырыс № 927.

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында беттелді.

«Қазығұрт» баспасы, 050009,  
Алматы қаласы, Абай даңғылы 143, 522-кенсе.  
Телефон (факс): 8(727) 394-42-86

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан  
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: grik-dauir81@mail.ru

ISBN 978-9965-22-452-2



9 789965 224522